

Жәди ШӘКЕНҰЛЫ

ҚАРАЛЫ КӨШ

тарихи роман

«ТҰРАН» баспасы
Алматы – 2010

УДК 821.512. 122

ББК 84 Қаз 7- 4

Ш 34

Бісмилләһір-Рахманір-Рахим!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Шәкенұлы Жәди.

Ш 34 Қаралы көш: тарихи роман. Алматы, Тұран баспасы, 2010. – 404 бет

ISBN 978-601-280-082-1

Жер шарындағы ең ұзақ көштің бұйдасын ұстаған қазақтардың Алтайдан басталған көш керуені Үндістан, Пәкістан арқылы Түркияға жеткені, одан бүгінгі Еуропа қазақтарын қалыптастырғаны бәрімізге аян. Десе де, осы көштің қалай басталғаны, оның қандай қанды жолдарды басып өткені жайында аса көп біле бермейміз. Ендеше, қолыңыздағы «Қаралы көш» кітабы сол тарихи шындықтың терең қатпарына үңіліп, тағдыр тауқыметіне ұшыраған қазақ халқының қанды көші туралы көркем шежіре шертеді. Әсіресе, көш тізгінін ұстаған Елісхан Әліпұлының басынан кешкен трагедиялы тарихы кімді болса да бей-жай қалдырмай, оқырманын сан қилы оқиғалармен қызықтырып отырады.

Кітапқа үңілген әрқандай жанның жазушының өз кітабы жайында: «Осы кітапты тебіренбей оқыған адамның қазақтығына күмәнім бар» дегеніне еріксіз иланып, көзіне жас алатындығына шүбә жоқ.

УДК 821.512. 122

ББК 84 Қаз 7- 4

ISBN 978-601-280-082-1

Шәкенұлы Ж. , 2010

Бірінші тарау

ҚЫРҒЫН

– Аллаһу акбар, Аллаһу акбар...

Үй іші ерте шақырылған азан даусынан оянып кетті. Күндегі әдеті бойынша ерінің дәрет суын жылытып бермегеніне өзін кінәлі сезінген Мәмила бәйбіше былшықтанған көзін тез-тез уқалап, бобырай шашыраған шаштарын кимешегінің астына жасыра сыртқа беттеді.

Даланың қою қараңғылығы әлі де сырылып үлгермепті. Шығыстағы Ақарқа тауының өркештенген шоқылары ғана қарауытып көрінеді.

Таңғы шайдың дастарқанын жайып жатып, күйеуінің қызыл шырайлы нұрлы өңінің солғындығына имене қарады:

– Бүгін тым ерте ояныпсыз ғой, – деп күбірге жақын тіл қатты.

– Жаман түс көрдім. Түсімнен шошып ояндым. Сендерді үркітпейін дедім. Алла өзі сақтасын, үйдің желкесіндегі жартас тұтасымен қопарылып, көшкіндей домалап, үйді басып келе жатыр екен. Кеудемді зорға көтердім.

Әліптің алғашқы сөзі осы болды.

Ерінің ұсақ-түйекке желп етпейтін қорғасын мінезін білетін Мәмиланың аққұбаша өңі қуарып, жүрегі дір ете түсті. Қоңырқай көздеріне құйылған салқын мұңды күлкіге жеңдірмек болып:

– Ой, сабазым-ай, түс түлкінің боғы емес пе, – деп қинала жымыды. Онысы Әліпке жымығаннан гөрі жылауға бейім тұрғандай көрінді. Әліп дөңгеленген отты жанарын алты қанат ақ үйдің өрнекті босағасына қадап, мұртын ширатып аз отырды да:

– Қонақтар оянса, шайға шақыр, – деп жұмсақ әмір етті.

Көп ұзамай Жаябай мен Жұбанған сәлем бере кірді. Өзі отырған аю терісінен бәйбішесіне қарай сәл ғана сырылған Әліп екі қарияның сәлемін алып, жүдеу кескіндеріне аялай қарады:

– Бүгін мені не қытай, не сарт шабады. Түсімде қара жартас ауылды басып қалды. Шайларыңызды ішіп, тезірек қозғалғандарыңыз жөн болар ма екен, – деді тікесінен.

Екі қарт Әліптің қамығыңқы жүзіне үдірейе қарасты.

– Қой, қой, шырағым, жаманға жорыма. Қопарылған жартас олжа шығар. ИншАллаһ, жақсылық болсын, жақсылық болсын! – деп сол иығына түкірінді Жұбанған қария.

Орнынан жеңіл қозғалған Мәмила бәйбіше төр жақтағы сандықтың бірінен ішіне әлдене түйілген орамалды алып, Жұбанғанның алдына тастай берді.

– Олжа болсын дейік, айтқаныңыз келсін, ата, – деп ақырын ғана күрсінді. Көңілсіз таңның күбір-сыбырынан көрші үйлердің түңлігі де ерте ашылды.

Екінші әйелі Ділдежан шай жиылмай мұздаған ет пен қымыз көтеріп кірді. Алдына қойылған сырлы аяқтағы қымызды сарқа көтерген Әліптің ауыр тыныстап есікке қарағаны сол еді, екі немересін жетектеп келе жатқан келіні Зүбәйданы көрді. Атасына иіліп сәлем беріп жатқанда Өнерхан мен Әнуархан қатарласа жүгіріп, аталарының тізесіне мініп үлгерді.

– Қарғаларым-ай, сендерді де ерте оятып жібердік-ау, – деп Елісханның екі ұлының торсықтай маңдайларынан кезек иіскеген Әліптің сарайы ашылып, сәтке болса да тынысы кеңі қалды.

Сосын аттанғалы жатқан екі қарияға:

– Жау жағадан алды екен деп сасатын дәнеңе жоқ. Алланың басқа салғанына көнеміз де көтереміз. Көрмей жүрген қытай мен сарт емес, олардан қашып қайда барамыз. Жолдарыңыз болсын, жұрттарыңызды иен тастамаңыздар, Алтайдан жақсы деп Баркөлге келдік, енді Баркөлден артық жер таба алмаспыз, – дегенді айтты.

Ел іргесі сөгіліп, тыныштық кете бастаған аласапыран күндерден алаңдаған қос қария жасы кіші болса да өздері асқар таудай көретін Әліптен ақыл сұрай келіп еді. Қанша қобалжып отырса да, осы өлкеден қозғала қоймайтын берік байламын байқап, жеңілдеп қайтты.

Оларға айтарын айтса да, алақызған көңілі орнығып отыруға мұрша бермеді. Атын ерттеп жатқан жылқышысы Сіләмға:

– Сен де азық-түлігінді алып, ауылдан тезірек кет, сырттағы малды көзде. Қазірше мұнда келмей-ақ қой, – деп оны да асықтырды.

Түйенің шомына жасырған мылтықтарын киізге орап, атына өңгеріп, Сілеусін тауына қарай аяңдады. Құралды жасырып, шилеуіт сорда жатқан түйелерін үй маңына қайырмақ болды.

Дала төсінен жүгіріп өткен жұмсақ самалға кеудесін тосып, құт мекеннің жұпар ауасына көкірегін толтыра дем алған ол ат үстінде әртүрлі ойға кетті.

Алтайдан ауған аталарының Баркөлдің түңкелі қойнауына бауыр басқанына да жарты ғасырдан асыпты. Алтын жұмыртқа табатын самұрықтың ұясындай осы мекен жаман болған жоқ. Бірақ неге екені белгісіз, ағынды суы аз болғанымен төгілетін қаны көптей көріне бастағанына да біраз болды.

Әкесі Жамысбай көз жұмырында оны жанына шақырып алып:

– Қарағым, озбайтын өмір жоқ, тозбайтын темір жоқ. Аттың жалы, түйенің қомында есейсек те, басымызды иетін қара жер біреу ғана. Аталарымыз Алтайдан ауып, Сыр бойына дейін босқан еді. Онан Арқа мен Алатауды айналып келіп, сол киелі жерге керегемізді қайта жайғанбыз. Менің кіндік қанымның Алтайда тамғанын да жақсы білесің, ал енді дәмім таусылса Баркөлде қалмақпын. Бұл да Алланың жазған жазу, сызған сызығы болар. Бірақ мынау есінде болсын, мейлі шығыстағы Бәйтік, Қаптық, Бұлғын, Қобда жері болсын, терістіктегі Алтай, Тарбағатай даласы болсын, осы Баркөл өңірі болсын, бәрі де – ата-бабаларымыздың бізге енші етіп кеткен даласы. Басқаны айтпай-ақ қояйын, шығысындағы Аратүрік деген жердің аты да талайды ұқтырып тұрған жоқ па. Түрік елі қуатты мемлекет болған ежелгі заманда Шығыс Түрік, Батыс Түрік деген екі елге бөлініпті дейтін аңыз бар.

Сол екі түріктің шекарасы Аратүрік атасқан деуші еді. Атадан қалған жердің алалығы болмайды. Сендерді жаман жерде қалдырып бара жатырмын деп айта алмаймын. Бірақ оң жағыңа қарасаң, ордалы жыландай көзі қысық қытай бар, сол жағыңа қараса, тілін қарға шоқығандай шүлдірлеген сарт бар, арт жағыңда атаңнан жаулығын үзбеген, Құдайын қойнына тыққан қалмақ бар. Оларға да сену қиын. Сол үшін алдында адал жүрегің, Алла деген сенімің болсын. Қожамберген інің батыр болғанымен аңғалдығы басымдау. Жолында тұрған жар мен суды аңғара бермейді. Әттең, Қожақын жас, қайтейін, Тоқтар кенжеңе бірдеңе дей алмаймын. Елге де, жерге де ие болсаң, сен ие боларсың деп әдейі айтып отырмын. Аға-ініңнің о жар мінезі болса кешіріммен қара. Біріңе-бірің сүйеуші бол. Оларды жебей жүр... – деп демі сығылғанына қарамай, үнін үзіп-үзіп, ұзақ өсиет айтқан болатын.

Соны айтқан әкесінің сүйегі Көксерке тауының етегінде, Сарбұлақтың бойында жатыр. Аңғарлы әке әрнені тұспалдап айтса керек. Айтқанының бәрі шын екен. Содан бері бұлар бірде қытайға, бірде ұйғырға, енді бірде моңғолға шатылып келеді. Ағасы Қайса он жылдың алдында моңғолдар қуған малды айырып аламын деп жау қолында кетіп, із-тозсыз жоғалды.

Әкеден қалған билік тасын қолынан шығарғысы келмеген Қожамберген Әліптің ел басқаруына сырттай бойұсынғанымен, іштей иілгісі келмейді.

«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алыпты» дегендей, ұйғыр мен дүңген бірігіп қытайға қарсы шыққанда Әліп те мұсылмандар жағынан табылған еді. Оны мұсылмандыққа емес, әділдікке бет бұруым деп білген бірбеткей, дойыр мінез дала көкжалы өзін ел мен жердің қорғаушысы санап күреске аттанған болатын. Атадан қалған зәңгілігімен¹ емес, жауға деген айбатымен, досқа деген мейірімімен атақ-даңқы шыққан. Сол үшін де Шынжаң өлкесін уысында ұстаған Жин Шурын оң көзірі ретіндегі Баймолла сынды беделді қазақ арқылы оны алдына шақыртқан болатын.

Десе де, айласын асырғысы келген қытай ұлығы Әліпті бірден қабылдай қоймады. Бір-екі күн қонақүйге қондырып, аңысын аңдады. Қала құшағына екпіндеп енген қыр қазағын жуасытудың бір жолы осы деп ойласа керек.

Алайда ол жауының жуасымақ түгілі, байлаудағы жыртқыштай долыра түсетіндігін білмейтін еді. Тіпті оның Баркөлден өзі қарсы шығып, армиясын қынадай қырған ұлығының шақыруын қабыл алып, именбей жетіп келгеніне іштей таң-тамаша болған.

Алдына тағзым жасай кірген Әліпке бірден суық ызбармен қараған Шынжаң билеушісі:

– Шығысты шулатқан Әліп деген сіз бе едіңіз? Менің алдыма қай бетіңізбен кіріп тұрсыз? – деп дүрсе қоя берді.

Әліп Жин Шурынның атжақты бет пішініне, қытайға бергісіз кесек тұлғасына қызыға қарап, жыландыкіндей тереңнен жылтыраған отсыз жанарына мысқылмен қадалды:

¹ зәңгі – манчжур заманындағы ауылнай дәрежелі мансап

– Біз – мұсылмандар, біріншіден Аллаға, екіншіден патшаға құрмет жасаған халықпыз. Алдыңызға өзім келіп кіргенім жоқ. Сіздің шақырған қонағыңыз боламын. Шақырылған қонақ пен ел ісі үшін келген елшіге қалай қарау – сіздің ұлықтығыңызға сын!

Әліптің «біз мұсылманбыз» деген сөзі Жин Шурынның шиқанын тырнап алды.

Жин Шурын билік басына шыққаннан кейін, алман-салық күн сайын көбейе түсті. Алтын-күміс, апиын тектес бағалы заттармен көмейін толтыруды ғана ойлап, қара халық күйзеліске тап болды. Міне, осындай қиын кезеңде қытай басқаруына наразы болған Құмылдағы ұйғырлар хандық мұрагерлік жолын тірілтуді ойлап, қытай әкімиятынан бөлініп, өзін-өзі басқаратын дербес ел болғысы келді. Ұрпақтық төрелік Бешір бекзадаға келгенде олар Жин Шурыннан іргесін аулаққа салып, оны адам ғұрлы көрмеді. Өздерінің билік көлемін он екі таулық, бес қала деп есептеді. Сөйтіп жүргенде Бешірдің қол астына Қожанияз деген пысық жігіт келіп қосылды. Әскери өнерге жетік, тілді-жақты әрі мергендігі арқылы көзге түскен Қожаниязды бірден қала базарын басқаратын бектік мансапқа тағайындады. Бешірдің бекзада ғана емес, хандық лауазымдағы «уаң»² атағын алып ықпал күшін зорайта бастағанына қатты алаңдаған Жин Шурын оған қайта-қайта елші жіберіп, бағынуын сұрады. Бұған көне қоймаған Бешір Қожаниязды басшылық еткен арнайы әскери қосын жасақтап, қорғаныс күйіне өте бастаған еді.

1931 жылға келгенде Жин Шурын өзінің жақын туысы Жаң Гохуа дегенді бір жағы Қытай, бір жағы Моңғолия болып келетін маңызды сауда түйіні Аратүрік ауданындағы Шопұл кеден бекетіне салық бастығы етіп жібереді.

Жин Шурын әртүрлі салық кірісі де аса жоғары осы жерде өзінің сауда және әскери қуатын нығайтып, Құмылдағы ұйғырларды ауыздықтайтын артқы шеп құруды да мақсат етіп еді.

Мұнда келген Жаң Гохуа қолына қарулы қосын ұстап, қарыны тойған соң ойына келгенін істеді. Ұйғырдың бір сұлуына көзі түсіп, соны аламын деген қиғылық шығарды. «Кәпірге қыз бермейміз» деген мұсылман ұйғырларының атқанын атып, шапқанын шапты. Амалсыз қалған ұйғырлар оны алдауға кірісті. «Қызымызды береміз, дабыралы той жасаймыз» деп, «қыз ұзату дайындығына» кіріседі. Ұйғырларды әбден қорқыттым деп астамсыған қытай салықшысына қарсы қарулы көтеріліс бір түнде-ақ бұрқ ете түседі де, «күйеу бала» бастаған көп шерік қанға боялады. Он екі тау, бес қаладағы ұйғыр диқандарын шарпыған бұл көтеріліске алғашында Садық Қормал, кейіннен Қожанияз жетекшілік етеді. Өздерін жойып жібермекші болып арт-артынан келген қытай әскерлерін қырып салады. Бұл аз болғандай, Гансу, Чиңхай жақтан көмекке келген дүңген генерал Ма Жүңиың оларды қолдап-қуаттап,

² уаң – «патша» деген мағынаны білдіргенімен, бұл арада жергілікті халықты дара билеуші сұлтан ретінде қолданылып отыр.

қалың атты жасағымен Құмылға кіреді. Қытайлардың тізесі қатты батып, қан жылап отырған қазақ ауылдары да қарап қалған жоқ.

Әліп, Әйембет бастаған елдің басты адамдары көмекші қосындар аттандырады.

Әліп осының бәрін әдейі бетіне басқандай кірпік қақпастан бедірейе қарап, «біз мұсылмандар» деп алыстан орағытып отырған сияқты. Оның көздерінен ұшқындай шашыраған қып-қызыл шоқтың бір кесегі жүрегіне ыршып түскендей болған қытай ұлығы секіріп кетті. Қаны бетіне шапши қызара долырып:

– Сонда сен сенген Қожанияз шанту³ мен қаңғыбас дүңген Ма Жұңиың да патшаны құрметтеуді білетін болғаны ма? Мұсылман болсандар тыныштықты сүйсеңдер керек еді ғой. Ел мен жерді бүлдіріп, мемлекет армиясын қынадай қырып отырып беттерің бүлк етпейді екен, ә! – деді терісіне сыймай, тебіне айқайлап.

– Біз біреудің жеріне басып кіргеміз жоқ. Өз жерімізде отырмыз. Өз жерін қорғау, намысын таптатпау – ерлердің парызы. Тыныш жатқан жыланның құйрығын кім басқанын өзіңіз де аңғарып отырсыз. Аратүрікке барған қытай ұлығыңыз ұйғыр қызын тартып аламын демесе, Қожанияз да тыныш жатпас па еді?! Онымен қоймай, таудың қойны-қонышында отырған бейуаз қазақты қырмаған болсаңыздар, олардың көтерілісшілерге қосылып несі бар еді!?

– Тоқтат!

Өзін ашуға жеңдірген Жин Шурын алдындағы үстелді қойып қалды. Мойын тамырлары білеуленіп, шарасынан шыға аларған көздеріне қан толды. Қарашығында буырқанған есуас от ойнап, екі езуі көпіршіп шыға келді. Оның Әліпті шақыртудағы бір ойы – ұйғырлар мен дүңгендер бірігіп, көтеріліс өрті бүкіл мұсылман халықтарын шарпу қаупі төнгенде қазақтарды олардан бөліп алу еді. Егерде қазақтар түгел атқа қонса, оларды тоқтату тіптен қиын. Бүкіл Солтүстік Шынжаң қозғалады деуге болады. Солтүстік Шынжаңдағы қазақтар қозғалса, бір жағы орысқа, бір жағы моңғолға арқа сүйеген ұлы таулардың қойны-қонышы өртке оранады деген сөз. Онда Жин Шурынның өзі өлердей қызығатын Шынжаңның табиғи байлығын былай қойып, байтақ даласын уысынан шығарып алу қатері төнеді. Мүбәда қазақтар айтқанына көніп, айдағанына жүретін болса оларды ұйғырларға қарсы қойып, өз ұпайын түгендеудің орайын оп-оңай тауып алады. Бұлай болғанда мұсылман халықтарды бір-бірімен қырқыстырып, топалаңнан тоқаш іздейді. Екі қарғаны таластырса, үшінші құзғынға жем түседі. Ал мына көкжал сол тұзақты баспақ түгілі, маңына жуитын емес. Ажалмен ойнағысы келгендей тағылық танытып, өзіне қарсы шауып отыр.

Жин Шурын сонда да айбатты сесінен айырылғысы келмей:

– Сізді ел асқан қиқар, алған бетінен қайтпайтын тоңмойын, сыңар езу деп жамандағанда сенбеуші едім. Мына бейнеңізге қарағанда істемеген жамандығы қалмаған, нағыз қаныпезердің өзі сияқтысыз. Сіздің үстіңізден

³ шанту – ұйғырларды кемсіткен сөз.

келіп түскен арыздың өзі бір сандық. Керек десеніз, көбін жазған «қандасым, қаным-жақыным» деп жүрген өз туыстарыңыз. Қаншама елді қанқақсаттыңыз, қаншама бейуаз бұқара мен керуен тоғанақтарын тонадыңыз. Сол қылмыстарыңыздың өзі-ақ бір басыңызды қалай бір жайлы етуге жетіп артылады. Сіз қасарысқанның қалай болатынын менен жақсы білсеңіз керек еді. Қасарысқандар пайда тапса, кешегі Қылаң мен Зуқа қайда? Жантайлақ қайда? – деп барып тоқтады.

«Бір басылсаң енді басыларсың-ау» деп Әліпке тәкаппар, менмендікпен кекірейе қарады. Әсіресе, қытай ұлығының билігінен қашып Қобда жерін паналаған Қылаңның басын кесіп алып, Алтайға әкелген қанды оқиға мен қара халыққа қамқор болып, үкіметке салық тапсырудан бас тартып, қытай армиясын қырып салған Зуканың басының алынғандығын тауып айттым деп ойлады. Шіңгілдегі Жантайлақтың басының алынуы да ұлықтарға бағынбаған өз басбұзарлығынан деп білетін ол «сен де солардың кебінін киме!» деп сес көрсете айбарланды.

Әліп мырс етті. Жин Шурын түгілі, кезінде «кәрі жияңжүн» атанған Шынжаңның бұрынғы билеуші генералы Яң Зышыңның алдына да жасқанбай кіріп, зәңгілік шенінің үстіне үкірдайлық⁴ мансап қостырып алған Әліптің ештеңеден именер түрі жоқ. «Сені қойып, кәрі жияңжүн да жылы қабақ танытқан болатын» деген сөзді айтпаса да, көмекейінде тұрды. Сұсты жүзінен суық ызғар есіп, қарсыласына қаймықпай қарады:

– Жұрт айтқанның бәрі шын бола ма, тақсыр! Егер олардың айтқаны шын болса сізді де жауыз, асқан қытайшыл, мұсылмандарды өлердей жек көреді, тау-тастың көзден таса қуыс-қуысына апиын салғызып, оны саудалайды, алман-салықты күн сайын ауырлатады дейді. Бірақ біз оған сенгіміз келмейді. Ал елі үшін күресіп жан қиған Қылаң, Зуқа, Жантайлақтарға келсек, менің жаным олардан артық емес. Өмірі ерлікпен өткен шаһиттерге теңегеніңізге жасығаным жоқ, қайта марқайып қалдым. Ел мен жердің жоғын жоқтап, басымды берсем арманым болмас еді!

«Қазақ деген халық қатты тиіскен сайын долырып отыратын жыртқыш сияқты екен-ау. Орайы келсе тарпа бас салудан тайынбайтын түрі бар. Басқасын былай қойғанда, менің Баркөлдегі қытайларға арнайы тапсырыспен апиын еккізіп отырғанымды да қазбалап отырғанын көрмеймісің. Мұндай даланың жабайысымен салғыласа бергенше, оны алдай салғаным жөн шығар. Өздерін батыр санайтын өркеуде халықты алдап жүріп жылымға түсіргеннен басқа амал жоқ» деген ойға келген Жин Шурын шылым орап, бір қауым үнсіз отырып қалды. Сосын бозара шұбалған көк түтіннің арасынан оны жаңа көргендей төне қарады. Жіпселенген көзін сығырайта, тісінің ағын көрсетті. Екі езуін құлағына жиыра, ыржиған рай танытты.

*үкірдай – манжур заманындағы мансап.

Мұнысы Әліптің есіне қойға атылғалы тұрған аш қасқырды салды. Әсіресе, темекімен сүрленген орсақ тістерінің ар жағында қатқан қанның дағымен боялған түпсіз аран жатқандай көрінді.

– Бәсе, бәсе! – деп кеңкілдеді қытай ұлығы, – батыр дегенде осындай тентек мінез болса керек. Әйтпегенде шығысты шулатқан Әліп батыр атанар ма едіңіз. Салғыласып қайтеміз. Онан да біріміз аға, біріміз іні болып, әңгіменің шынына көшейік.

Бұл жолы Әліп те үндемеді. Өзін қораш санап отырған қытай ұлығының жарты шелектей шанағын байқап, іштей мүжілді. Оның үндемеуін екінші қармағымды қаба бастағаны деп ойлаған Жин Шурын екі езуі көпіршіп есе сөйледі:

– Біз Шың Шысайды жетекші еткен Шығыс Шынжаңдағы бүлікшілерді жазалаушы қосын аттандырғалы жатырмыз, олар ертең-ақ ат төбеліндей сарт пен дүңгендердің күлін көкке ұшырып, табанымен таптап өте шығады. Кеңес Одағы да әскери көмегін көрсеткелі отыр. Аз қазақ қосақ арасында кетпесін деп сені әдейі шақырып, ескерту жасап отырмын. Қазір сартқа да, дүңгенге де сенбеймін. Ел тынышталған соң Құмыл аймағына орынбасар уәлилікке тағайындайтын сенімді адам керек. Әрине, бүлікшілерді тыныштандыруға көмектескендердің еңбегі де еленбей қалмайды.

Осыны айтқан Жин Шурын темекісін құшырлана сорып-сорып жіберіп, Әліптен көзін алмастан сөзін жалғады. Әліптің өзгеріссіз бет пішінінен өз сөзіне қалай қарайтынына жіп таға алмай дал болып отырса да, ойынан жаңылған жоқ.

– Өз басым қазақтарды жақсы көремін. Кемшілік кімде болмайды. Бәріміз де пендеміз, сарт пен дүңгенге ілесіп мемлекет армиясына қарсы оқ атқан екенсіңдер, тәубеға келсеңдер, бәрі де кешіріледі. Мына жүгіріп жүрген Баймолла, ана Алтайдағы Шәріпхан – ел үшін туған ерлер. Өз елінің амандығы үшін ел мен үкімет арасына алтын көпір болып жүрген жоқ па. Екеуі өз ауылына да неше барып, неше келді. Ойлап жүргені – біздің қамымыз емес, сендердің қамдарың. Маған емес, сол екеуіне сәйкесіп жұмыс істесеңдер, ұтпасандар ұтылмас едіңдер...

Морт мінезді жандар кейде ұзақ мылжынды сүймейді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ғана білгісі келеді. Әліп те сөздің ақыр-аяғына дейін күткісі келмей, төтесінен тартты:

– Тоқетерін айтыңызшы, маған не істе дейсіз?

Жин Шурынның сорайған жақтарына жабысқан тозыңқы бет терісі езуіне қарай қатпарлана жиырылып, екі азуындағы орсақ тістері тағы да көрініп қалды. Әліпті тұзаққа дәл түсірдім деген жеңіл жеңіспен марсия күлді:

– Сен сөзіңнің басында, біріншіден, Алланы, екіншіден, патшаны сыйлаймыз дедің. Менікі – патшаның сөзі. Сен патша үшін жұмыс істейсің. Сенде ақша, атақ – бәрі болады. Сарт пен дүңгеннің дүрбелеңші армиясына бірлікте қарсы тұрамыз. Ел мен жердің сырын жақсы білесің, мемлекет армиясына жол бастап жауды жоюға көмектессең, еңбегің еленіп, мәртебең өседі. Балаңның баласына жететін байлық пен мансап сыйлаймыз.

Әліп сылқ-сылқ күлді. Дөңгеленген көздеріне төне біткен қою қастары мандайына қарай көтеріліп, тебінгідей құлақтары жатағандана қалды.

– Қызық екен, қызық! Мені шақырған бұйымтайыңыз осы ма?!

Жин Шурын қапелімде не дерін білмеді.

Не құптағанын, не қарсы болғанын аңғара алмай жақ сүйектері қозғалақтап, түйенікіндей дүрдік еріндерін сылп еткізіп, айналасына қарады.

Шынжаң әміршісін бейшаралық халден аудармашысы құтқарды:

– Бұйымтайыңыз осы болса, қызығып қалдым, ойланып көрейін дегендей болды, – деп сөзді мүлдемге жұмсартып жіберді.

Жин Шурынның ит сілікпесінен зорға шыққан Әліп қарымжысын Баймолладан алды:

– Мені шырғаға тартқан бала құстай қылып Дихуаға* алдап-сулап әкелгендегі сыйың осы ма? Мен ел мен жер үшін күрескенде мансап үшін күресіп жүрдім бе? Менде бәрі бар, өзімдікі өзіме жетеді. Қол қусырып үйренген құлсың ғой. Құлдық саған жарасады. Өлкелік үкіметке сыйлық деп алғызған алтын-күмістің бәрін саған қалдырдым. Кепкен көңінді жібіт. Мүмкін төрелеріңнің алды-артын тығындағаныңа керек болар. Мен кеттім! – деп қатты-қатты сөйледі.

Оның ашу кернеген ызғарлы жүзіне қаймыға қараған Баймолла оң-солын ойлап болғанша, Әліп өзін қорғап келген жасақтар тобына қосылып, атына мініп үлгерді. «Баркөл қайдасың» деп суыт жүріп кетті.

Ләм-мим дей алмай сұрланып қалған Баймолла өзін тірі бауыздап кеткендей қатты қорланды. Әсіресе, «қол қусырып үйренген құлсың ғой, кепкен көңінді жібіт» дегені сүйегін кеміріп барады. Өзінің Қобық жерінде моңғолдар арасында жалшылықпен күн өткізген балалық дәуірі сүркейлі бейнесімен көз алдынан бір шұбырып өтті. Сол жалшылықпен жүріп моңғол, манжур, қытай тілдерін жетік біліп алған еді. Кейіннен Жәке би меркіт баласы болғандығы үшін өз бауырына тартып адам қылған. Мәми би, Жеңісхан гүң* секілді Алтай ұлықтарының да көзіне түсіп, елі үшін еңбек еткен. Жин Шурын заманына келгенде көп тілділігінің арқасында Дихуаға келіп, мансапқа отырған. Жин Шурын Баймолла мен Шәріпханды шығыс Шынжаңдағы көтерілісшілерді тоқтатуға Құмыл, Баркөл өңіріне неше мәрте жіберген болса да, ұйғырларға дәрмені жетпеген олар «соғыстың өрті тұтанып тұрғанда аз қазақты аман алып қалсақ та жетеді» деп ойлаған еді. Сөйтіп, үкімет пен халықты жарастыру мақсатында Әліпті ебін тауып ертіп келіп, Жин Шурынның құзырына кіргізген болатын. Ендігі естіген сөзі мынау. «Қап!» деп бармағын тістеді ол.

* * *

«Жығылғанға жұдырық» дегендей, Әліптің Дихуаға кеткен хабарын естіген Қожанияз өз жасақтарын бастап келіп, Мори жағынан Сөрлікке қарай асатын қара кезеңде оның жолын тосып жатыпты. Құралды жасақтың үстінен түскен бейқам жолаушыларды Қожанияз қолы тарпа бас салды.

– Сен сатқын, қытайға сатылдың ба? Бүкіл мұсылман қауымы бірігіп қытайларды қуып шығып, ата-бабамыздың ақ мекенін босатып аламыз ба деп толарсақтан қан кешіп жүрсек, сен алтын-күмісінді артып алып Дихуадағы ұлықтармен тіл біріктірдің. Көрсетерміз саған! – деп тілге де келтірмей байлап-матап, Құмылға қарай ала жөнеледі. Әліпті ғана ұстап қоймай, Баркөлдiң көл жағасындағы бiр бөлiм елдi де Сөрлiк, Қойлыққа қарай айдады. «Сақаудың қолына түспе, саңыраудың астына түспе» дегендi халық осындайға қаратып айтса керек. Мүмкiн Жин Шурынның өзiн шырғалап Дихуаға шақыруында да осындай бiр өрттi тұтандырудың iшкi есебi бар шығар. Ел iргесi бұзылып, халық күйзелiске ұшырай бастаған соң, елдiң мұң-зарын естiмек болып көтерiлiсшiлер мен үкiмет арасында бейбiт бiтiм жасамақшы шығар деп үмiттенген Шынжаңның иесi, мемлекеттiң өкiлi Жин Шурындыкi анау. Қозғалысты бастауын бастаса да ендi басын қайда соғарын бiлмей мәңгiрiп жүрген халық қормалы, көтерiлiс көсемi Қожанияздыкi мынау. Ендi қайтедi?! Әлiп әр екi жақ үшiн де өзiн ақтап шырылдағысы, құшағына құлай салғысы келмейдi. Күрестiң бағыты дұрыс болғанымен, болашағы бұлдыр. Көтерiлiс жетекшiлерiнiң көбi саудагерлерден шыққандықтан бiр күнi елдi сатып, саптастарын тақырға отырғызып кетуi де әбден мүмкiн. Оған қарағанда бас-аяғы жиналып бiрауыздылыққа келсе, ержүрек қазақ азаматтарынан үлкен үмiт күтуге болады. Осының бәрiн шабыстыра ойлаған Әлiп әлi де болса iстiң соңын күткен едi.

Бiрақ артындағы елi ерiн жау қолына берiп қойғандай намыстанып, бұдан қатты алаңдады. «Саудагер сарттың мақсаты көтерiлiс емес, өз құлқынын толтырып ұпайын түгендеу ғой. Жегендi жек көрсе байқап көрейiк» десiп, Қожанияздың қолына бiр мың қой, жүздей жылқы айдап әкелiп бердi. «Бадырақ көз, мен саған тиiспейiн, сен маған тиiспе» деп Әлiптi зорға босатты. Соның өзiнде Қожанияз жағы барғандардың ат-көлiгiн түгел сыпырып алып, Әлiптi боз биеге жайдақ мiнгiзiп, қорлағандай қып қоя берген.

Бұрын жауы қытай болса, ендi сарт та дұшпанға айналды. Бұл аз болғандай, Әлiптi Қожанияз ала жөнелгенде iнiсi Қожамбергеннiң ауылы басын аулаққа салып, Моңғолияға қарай қаша көшiптi.

Әлiп «алдымен ағайынның басын қоссам, сарт пен қытайды артынан көрермiн» деген ниетпен Қожамберген ауылын көшiрiп әкелуге iнiсi Қожақын, ұлы Елiсхан бастаған ауылдың атқа мiнер атпал азаматтарын аттандырған болатын.

«Әкемнiң өлерде айтқан өсиеттерi осының бәрiн меңзеген екен-ау» деп түйдi Әлiп. Бiрақ ол ел iшiндегi үкiмет тыңшыларының Жин Шурынға шауып барып: «Әлiп Дихуадан бара сала Қожаниязбен тағы да тiл бiрiктiрдi. Әуел десенiз Қожанияздың үкiметке қарсы армиясына бiр мың қой, екi жүз ат берiп, Дихуаға шабуылға өтуге дайындалып жатыр» деп хабар жеткiзгенiн бiлмейтiн едi. Жин Шурын мұның анық-қанығын Баймолладан сұрағанда алдыңғы жолы аузы күйiп, Әлiпке деген өкпесi қара қазандай болған ол «мен де солай естiдiм» деп амалсыз бас шұлғыған болатын.

Көп ойлармен келе жатқан Әліп қалың жыңғылды, шилі қойнаудан суырылып жатаған қоңыр адырларға, одан әрі Сілеусін тауына қарай беттеп келе жатқанын білді.

Шарбы бұлттар қалықтаған мөп-мөлдір аспанға тәкаппарлана бой созып жатқан нар өркешті Сілеусін тауының биігіне көз салған сайын есіне немере ағасы Кәрміш түседі. Аңшылық, құсбегілігімен аты шыққан оның есімін Алтай, Баркөл тегіс білетін. Елге үрей, малға апат әкелетін жабайы аңды жуасыту Кәрміштің кәнігі әдеті болатын. Атқан оғы жерге түспей сақасы алшысынан түсіп тұрған сол заманда осы қоңыр таулардан алты сілеусінді бір жолда соққанын қариялар тамсана әңгімелеуші еді. Содан бастап атағы жұртқа жайылып, бұл тауды да Сілеусін атаған. Амал не, сол ағасының ғұмыры қысқа болды.

Қасына Қареке деген қағушысын ертіп, құс салып жүріп, Қаптық пен Көксеркенің арасында Шонжыдан Қалқаға сауда апара жатқан кірешілердің үстінен түседі. Аңшылардың әдемі аттары мен қанжығасындағы қалың олжасына қызықты ма, әлде өздерінің жасырын әкетіп бара жатқан заңсыз тауарларын көріп қойып үкіметке мәлімдейді деп қорықты ма, кірешілер Кәрмішті атып тастап, қарсыласқан Қарекені жаралап, қолға түсіреді. Жаумай жасын түскендей болған ел Кәрмішті кім өлтіргенін білмей, қан жылап отырғанда Қареке жау қолынан қашып шығып, мән-жайды айтады.

Сүйекті жерлемей үйіне сақтаған Әліп жендеттерді жазалап беру жөнінде Баркөл әкімдігінің есігін тоздырып қана қоймай, өлке орталығы Дихуаға да неше рет арызданады. Қазақтың мұң-зарын шыбын шаққан құрлы көрмеген Жин Шурын үкіметі істі сұраусыз қалдырады. Бұған кектенген Әліп ақыры атқа қонады. Баркөлден өтетін керуен жолын торып, қарақшыларды іздейді. Үшінші жыл дегенде сексен түйелі кірені бастап Кәрміштің ақжал атына мінген, төбесінде тоқпақтай айдары бар, моңғолдың Жалаң кешіл деген бай кірекеші қаперсіз алдынан шығады. Ағаның кегі, бір- неше жылғы сарпалдан жанын жегідей жеп қаны қарайған Әліп қарсы оқ атқан керуенбасын қасқа мандайдан басып қалады. Қалғандарын Адубай мен Тотия жайратады. Керуен тоғанақтарын ауылындағы аш-арықтар мен Кәрміштің бала-шағасына үлестіріп береді. Моңғол жағынан келген қуғыншыны Адубай бастаған батырлар екі күн соғысып қырып салады.

Бірақ бұл іс сұраусыз қалмады. Әліп «сексен түйелі керуенді тонапты» деген хабар өлке орталығына жетіп үлгерді. Жин Шурынның Әліпке төнгенде: «Қаншама бұқараны тонадыңыз, қаншама елді қан қақсаттыңыз» дегені осыны меңзегені еді. Кейіннен аудан сақшысының тергеуінен: «Өз елімді, өз жерімді, өз отанымның шекарасын қорғадым» деген жалғыз ауыз жауаппен құтылып еді. Үкімет жағы қылмысты одан әрі тереңдете қуастырмақшы болып, қанды қақпанын даярлай бастағанда Қожанияз бастаған диқандар көтерілісі туып, байтал түгілі бас қайғы болған қытай жағының Әліпті қудалауға шамасы келмей қалған.

Міне, сол үшін де Сілеусіннің қоңыр адырлары көзге оттай басылады. Ағасы Кәрміш алып денесін көсіліп жайбарақат жатқан сияқты: «Рахмет, інім, кегімді алып бердің, бірақ өзіңе абай бол, абай бол!».

Осы үн дәл құлағының түбінен жаңғырыққандай болған Әліп түйе жүн күпісінің омырауын ашып, кеудесін самалға тосты. Құралды таудың ұсақ үңгірлерінің біріне жасырып, түйелерді қайырмақтай бастағаны сол еді, қалың жыңғылдың арасында жайлақ таймен шауып келе жатқан баласы Шәріпханның төбесі көрінді.

Атынан түсіп, тайдың тізгінін ұстады. Домалай түскен Шәріпхан ботадай боздап, әкесін бас салып, күпісінің өңіріне тұмсығын тығып, сөзін айта алмай өксіп-өксіп кемсендейді.

– Балам, не болды? Неден қорықтың?

Әліп оң алақанын жердің борбас топырағына ұрып, баланың жүрегін аптады.

– Айтшы, не болды?

– Жау... Жау...

– Қайдағы жау?

– Ауылды жау басып қалды. Әке, тез қашып кетіңізші.

– Ол қандай жау?

– Қытайдың сарыала шерігі. Түстері тым суық. Бүкіл ауылды қоршап алып, тірі жанды тырп еткізбей отыр. Сізді тез келсін деп шақырып жатыр. Бармаңыз оларға.

– Балам, қорықпа. Келгендердің арасында біз танитын адам бар ма екен?

– Сіз танитын «тамыр қытай» дейтін біреу бар екен.

– Жу Сына ма?

– Иә, иә, соның дәл өзі.

– Ол алдыңғы күні ғана келіп кетіп еді ғой, бөтен ештеңе айтпаған сияқты еді.

– Әке, ол жақсы адам емес. Жауды сол бастап келген сияқты. Бәрін көрсетіп жүр. Оған сенбеңіз. Барсаңыз өлтіреді. Әуелі әскердің біреуі таңертең аттанған Жаябай атаның жирен қасқа атын тұлдап мініп жүр дейді.

– Қорыққанға қос көрінеді деген. Соған ұқсатқан шығар.

– Әке, қайтсе де бармаңыз. Олар жаман адамдар, қырады ғой.

– Жылама, жыламашы. Көз жасын көлдете беру жақсы ырым емес. Сен жігіт емессің бе? Ер жігіт бәріне сабырмен, шыдаммен қарауы керек. Адам адамнан қорқа ма? Қорықпайды. Адам Алладан ғана қорқады. Егер Алланың ырыздық несібесі таусылып тұрса, қашқанмен құтылмайсың. Қытайға керегі – елдің иесі болған менмін. Бала-шаға, қатын-қалаш, шал-шауқанды не қылар дейсің. Мені керек қылып тұрса барайын. Қиын қылғанда басымды алатын шығар. Мен бармасам, ауылдағыларға зәбір тигізіп жүрер.

– Әке, тілімді алыңызшы, бармаңызшы, кетіңізші.

Шәріпхан еңіреп жіберді. Көзінен бұршақтай мөлдір тамшылар бірін-бірі қуалай домалап жатыр. Әліп ойланып қалды. Өзінің бауыр етінен жаралмаса да, баланың шыбын жаны шырқырап, жүрегімен езіліп тұрғанын білді.

Балапанын жылан жұтқалы жатқан анаторғайдай тынымсыз шырылдайды. «Қарғам-ай, сені өзімнен тумады деп қалай күнәлі болайын» деп іштей күбірледі. Шәріпханды қалай бала қылып алғаны көз алдынан бір шұбырып өтті.

Ел Баркөлге ерте бауыр басқанымен, баяғыда Бөке ауған заманнан аман қалған Гансу-Чинхайдың жеріне қанық қазақтар көп еді. Солардың жол көрсетуімен бұл өңірдің қазағы ішкі қытайға сауда істеу, керуен жөнелту, аң аулау жолымен сирек те болса барып тұратын. Сондай сапардың бірінде қартайған жездесі, бүгінде құдасы Қауан бастатқан біраз жігіттер Гансу-Чинхай өлкесінің қытай ауылдарының біріне өткен еді.

Жол бойы қаздың балапанындай тізілген алты баласы бар қытай қатын шашын жайып, зар илеп отыр екен. Балаларына беретін тамағы болмаған соң үш баласын сатып, қалған баласын аман алып қалу ойының барын айтады. Қауан бастаған топқа «балаларымды сатып ала көріңізші» деп жалынады. Қауан үш баланың бағасын сұрайды да, үшеуін бірдей сатып алатын ниет білдіріп, ақша және астық береді. Бірақ ең кенжесін ғана алады да, қалған екеуін шешесіне қайтарады. Шешесі Қауанның етігін сүйіп, рахмет айтады. Қауан ауылға келгенде алдынан шыққан Әліп бұйымтайы ретінде осы баланы сұрап алады.

Әліптің баланы алуының да өзіндік есебі бар. Үлкен бәйбішесі Мәмила Елісханнан кейін екі қыз тауып, одан кейін бала көтермеді. Екінші әйелі Ділдәжанның пұшпағы қанамады. Үшінші әйелі Шәрбанды алғанына біраз жыл болса да, ол да бала көтермей кешеуілдей берген. Шәріпханды әкелгеннен кейін Шәрбан іркес-тіркес екі ұл тапты. Бірінің атын Сетерхан, екіншісінің атын Әлемхан қойды. Ырымшыл ауыл Шәріпханды ақжолтай санап, алақанына салды.

Шәріпханды молдаға оқуға беріп еді, аз күнде-ақ Құран танып шыға келді. Қол-аяғы жеңіл, сүйкімді бала болды. Есіктен емес, үйдің жабығынан кіргізіп алған оны туған балаларынан кем көрмеді.

Он төрттен он беске қарағанында «отау иесіне» балап кіші әйелі Шәрбанның сіңілісіне құда түсіп, қалыңдық та айттырып қойды.

Әліп Шәріпханның басынан мейірлене сипап, маңдайынан иіскеді:

– Балам, түйелерге ие бол. Бірер жаман жағдай бола қалса, Елісхан ағанды табарсың. Қазірше ауылдың маңын басушы болма. Алла сақтар, ал бара ғой.

Шәріпхан өзінен алыстап бара жатқан әкесінің ат үстіндегі мығым тұлғасына қимай қарап, көз жасын селдетіп қала берді.

Әліп көрген түсінің тегін еместігін сезіп келеді. Оның үстіне ауылға таяп қалғанда аты сүрініп кетіп, әлденеден секем алған жүрегі қобалжи қалды. Сонда да неге болса да бекіген раймен атын борбайлата ұрып, шоқыта жөнелді. Сілеусін жақтан келе жатқан адамға сайдың аузындағы ауылдың қыбыр-жыбыры алақандағыдай көрінеді. Төбе-төбенің басын иелеген қалың шерікті байқап, бір сәт тізгінін іркіп, сәл кідіріп, «қап» деп бармағын тістеді. «Жасақты күні жау келмейді, жабдықты күні дос келмейді. Әлгі Жу Сынаның алдыңғы күнгі келісі тегін болмады ғой. Ауылда бас көтерер еркектің

жоқтығын біліп, мыналарды әдейі бастап келген екен-ау. Өкінгенмен амал жоқ, тәуекел». Атына қамшы басып, ауылға тебіне жақындады.

Оны таныған шеріктер тұс-тұсынан қару кезеп, баспалай бұғып жатыр.

Әліптің үлкен үйіне түскені сол еді, алдынан жылай шыққан Мәмила:

– Ойбай-ау, неге келдің? Шәріпхан айтпады ма. Мылтықтың аузына кеуденді тосқаның қай батырлығың! – деп көз жасын көлдетті. Әліпті күтіп тұрған Чың Пишу да тез жетіп келді:

– Әліп мырза, жақсы келдің. Ауылыңа қонақ келіп жатса, жалғыз басың сопайып қайда кеткенсің. Әлде алтын-күмісің мен қару-жарағыңды тығып, бізден қашқалақтап жүрсің бе?

Әліп оның беліне маузер қыстырып әскери сұспен шекірейе қарағанын жақатпаса да:

– Шақырылмаған қонақ болған соң білмей жатырмыз ғой. Қазақтың дастарқаны қашан да ашық. Аспаны қандай болса, мінезі де сондай, – деді жайбарақат рай танытып.

– А, солай ма, Әліп мырза. Аспаннан кейде қар жауады, кейде нөсер құяды. Тіпті кейде жасын ойнап, жай түседі. Ондай кереметтерің де бар шығар.

Сопакша басын бір жағына қисайтып, мықынын таянған Чың Пишу тауып айттым ба дегендей қарқылдай күліп айналасына қарады. Темекімен ысталған қара қожалақ тістері араның жүзіндей арса-арса көрінді.

– Аспаннан жауған жауын жердің ырысы үшін. Қатал қыстың артынан күлімдеген көктем мен жадыраған жаз келеді. Көктен пәле жауды дегенді естімеппіз, пәленің бәрі жерден өрбиді.

– Аспанның ар жағында не бар, Әліп мырза?

– Аспанның ар жағында Алла бар.

– Ә, сенің Аллаң аспанның ар жағында ма? Жоқ, жоқ, жаңылып тұрсың. Дәл қазір сенің Құдайың қарсы алдында тұр. Анау шек-шеті жоқ көк аспанның ар жағынан мейір күткенше, менің табанымды жалай бер.

Әліптің қызыл шырайлы өңі күп-күрең болып, қаны басына бір-ақ көтерілді. Өзін-өзі сабырға әзер жеңдірді. Тұлыбына сыймай жарылып кете жаздаса да, сабырмен сөйлеуге тырысты:

– Қазақ – қонағын Құдайындай сыйлайтын халық. «Өзілің жарасса атаңмен ойна» деген мәтел үшін артық-ауыс сөзге де кешіріммен қараймыз. Қалжыңды қояйық. Үйге кірейік. Үйге кіріңіз, дастарқанға отырайық.

– Қазірше үйге кірмеймін. Сенің қандай қонақасы әзірлейтініңді көрейін.

– Қонақта ес бар ма, май берсе де жей береді деген.

– Біз ондай қонақ емеспіз. Не жеп, не қоямыз – оны өзіміз шешеміз. Күтушілікке жиырма-отыз жігітіңді шақыр. Әскердің қонақасы үшін бес жүз қой әкел. Сосын сөйлесеміз, анау кім еді? – ол әлденені есіне түсіре алмағандай жалтақтап еді, аудармашы қытай құлағына сыбырлады, – ә, ана інің Қожақын, балаң Елісхан, оның жанында жүретін Қалимақұл, Асқабыл, Тотия, Тұрды, Қуанышбай – бәрі келсін, оларға сыйлығымыз бар. Ауылына қонақ келіп жатқанда қайда жүр олар?

Әліп қарсыласының жай әріптес емес, қанын ішіне тартып келген нағыз дұшпаны екенін бірден білді. Көрнеуде айтқанына көніп, айдағанына мақұл болып күнді батырсам-ау деген ойға келді.

– Тақсыр, айтқаныңыздың бәрі болсын. Жігіттерден кім бар еді, шақырыңдар. Апырай-ә, ешкім жоқ па? Онда өзім барайын.

Әліптің әр қимылын қалт жібермей бағып тұрған Чың Пишу :

– Жоқ, сен ешқайда бармайсың! Саған ең үлкен сыйлық ұсынамыз. Басқаларды жіберіп малынды алдыр, жігіттеріңді жина. Еркек болса тезірек келсін! – деп бұйыра сөйледі.

Жан-жаққа жүгірген балалар Құндызбайдың ауылынан елуді еңсеріп қалған Қырықбай деген кісіні шақырып келді.

– Сіз тезірек атқа қоныңыз. Мына кәпірлердің түрі жаман. Алдырар күні жаздырар деп кездігін өндіршегімізге тақап отыр. Бұрымсайдағы бойлақ қойдан қанша еркек қой шықса, соншасын бері айдасын. Мыналар ел ішінен алты-жеті адамның атын атап шақырып отыр. Олардың бәрі жетіп келіп жүрмесін. Сырттан оқ атамыз деп ауылдағы бала-шағаны қырғызып алмайық. Жол-жөнекей Құмбұлақтағы елге соқ. Мүмкін болса Асқабылдың жанымда болып, ақыл қосқаны жөн болар еді.

Жай сөздерін естіртіп, қалғандарын көмескілеп айтқандықтан Әліпті бағып тұрған аудармашы ештеңе аңғара алмай қалды. Сонда да Әліптің алдына келіп:

– Жіберген адамдарың тез келе ме, жоқ па, тез келмей сайтан қулыққа бассаң дәм-тұзың бітті дей бер, – деп әкіреңдеді. Манағыдай емес, бұларға бойы үйрене бастаған Әліп те онша қобалжи қоймады.

– Бәрін шақыртып жатырмын. Бәрі келеді. Жоғын артынан табамыз. Бірақ сіздерге бір сұрағым бар. Менің кінәм не, мына ел-жұртымның кінәсі не? Егер қылмыскер мен болсам, қатын-баламды шулатпай, мені байлап әкете бермейсіңдер ме? – деді. Чың Пишудың өңі сұрланып кетті.

– Ха-ха-ха, жазығым не деуін. Түк білмегенсуін қара, Қожанияз бен Ма Жұңиыңға қосылып, мемлекет армиясына қарсы оқ атқан кім? Қытай мен Моңғолияның арасындағы сауда керуенін тонаған кім? Жин Шурынның алдына барып, бәріне бас шұлғып келіп, келе салып сартқа қосылып, оның кертартпа қосынына бір мың қой, екі жүз ат берген кім? Білмек болсаң, біз бүгін осының бәрінің есебін алғалы келіп отырмыз.

– Мұның бәріне жауап беруіме әбден болады. Бірақ бұл арада емес, мені Жин Шурынның алдына алып бар. Сонда бәрін айтып беремін.

– Бұдан бұрын да әккі қулығыңа басып, жалтарып келгенсің. Дәл осы жолы айтқаның бола қоймас, кеш қалдың. Қазақтарды бастап Тасбастау, Ақөртең, Житайзы жерінде үкімет әскерінің қанын судай шашқаныңды ұмытып қалдың ба? Соның бәрінің қан-қарызын қайтарып алатын кез жетті!

– Мен соғыссам өзімді қорғау үшін, елімнің, жерімнің намысын тапталпау үшін күрестім. Менікі – әлсіздің қорғану үшін жасаған амалы. Ал сенің армияң – сырттан келген шапқыншы күш. Жерімізді таптады, еліміздің ар-намысын аяққа басты. Дінімізді қорлады. Салтымызды мазақ еткісі келді. Өзінің ата-бабасынан қалған ежелгі жерінде күн көрісін әзер айырып отырған халықты

салық төлеуге мәжбүрледіндер. Бір қорлыққа ұшырап алдарыңа дәт айтып барсақ, құлақтарыңа қыстырмадыңдар. Сендердің адамдарың өлсе құны жоқталады екен. Біздің адамдар қынадай қырылып жатса да бүйректерің бүлк етпейді. Хан қатыгез болса, халықтан береке кетеді. Хан жауыз болса, халық қарсылық білдіреді. Біздікі – әділеттік үшін күрес. Сендердікі – зорлықты шапқыншылық!

– Тапқан екенсің, жап аузыңды! Сен немененен арқаланып сүйрелендеп тұрсың. Тіліңді желкеңнен суырып алайын ба!? Жер де, ел де мемлекеттікі. Мемлекеттің иесі – патша. Бәріміз соған бағынамыз. Сен секілді даланың жабайыларын жуасытатын жалғыз-ақ нәрсе бар. Ол – мынау! – осыны айтқан Чың Пишу жан құралын жұлып алып Әліпке оқтады, – білдің бе, танысың ба?

– Ата ғой, ата ғой. Мені атқаныңмен, халқымды атып түгете алмайсың. Мен өлгенмен, қазақтың тағы бір қатыны ұл табады.

– Дәл бүгін бәріңді атып тастау менің қолымда.

– Судың да сұрауы бар. Қара халықты қынадай қыратын болсаң ертең өз ұлықтарың-ақ тақымыңа қылбұрау салар. Баланың ойыншығындай шошаңдатпа андағыңды!

– Сенімен мылжындасып әбден шаршадым. Әлгі адамдарың келе ме, жоқ па? Мал қайда? Оны күтіп отыратын уақытым жоқ. Мен өлкенің бұйрығын орындаушымын. Онда біраз қазақтың басының есебі жазылған. Әкел бұйрықты!

Осыны айтқан Чың Пишу артына қолын созып еді, хатшыларының бірі болса керек, қара былғарыдан тігілген жеңіл сөмкеден бір жапырақ қағазды оның қолына ұстата берді.

– Білмек болсаң, бұл – өлкенің бұйрығы! Міне, мынау – Жин Шурынның қолы.

Әліп қытайша жазылған жазуларды танымаса да, қағаздың бір жақ шетіне сызылған өз басын бейнелеген суреттің аяғындағы қызыл крест белгісін көріп, сілейіп қалды.

Осы кезде бұлардың үстіне Асқабылды ертіп, қалың қой айдап Қырықбай келді.

Асқабылды көріп әрең есін жиған Әліп:

– Құдай-ау, Құдай, мына кәпірлерге жем қылатын болдың-ау. Сені қайдан шақырдым. Қаныңа ортақ болатын болдым ғой. Қайтейін енді. Арманда кетер ме екенбіз, – деп күйзеле күңіренді.

Асқабыл саса қойған жоқ. Сабырлы жүзінен неге болса да тәуекел етіп, үлкен бекіммен келгені білінеді.

– Сабыр, сабыр, Әлеке. Алла басқа салып тұрса қашып құтылмақ жоқ. Кәпірлерге керегі біз шығармыз, сөйлесейік. Ажалымыз жетіп тұрса оған да көнерміз. Қатын-балаға тиіспесе болды ғой.

Әліптің шаралы жанары жасаурап, зор тұлғасы шөгіп бара жатқандай көрінді. Көкірегін қарс айыра күрсініп:

– Қанша дегенмен кәпір ғой. Сұрқы жаман. Менің басыммен кетсе қуанар едім. Зұлымдар сені де, ауылды да қырып сала ма деп қорқып тұрмын.

Басқаны былай қойғанда, күнәсіз сәбилердің, шиеттей балалардың не жазығы бар?! Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді деп, аузына қан толғыр Құты деген әңгүдік бірнеше айдан бері: «Жау шапты, жау шапты! Қан басты, қан басты!» деп еліре айғайлап жүр деп еді. Сол жарместің құлағына шайтан лағнет сыбырлап кеткен шығар. Қайтейін, қан басып тұр, қан басып тұр! – Әліптің екі иығы солқылдап, жерге отыра кетті.

– Мұны білгенде қол қусырып жетіп келмей, қарсыласып өлер едім ғой. Енді қайттім?! Басқа ел хабар тапты ма? Үстімізге түсіп қырғынға ұшырап жүрмесін!

Өмір-бақи Әліптің иығының түскенін көрмеген Асқабылдың өңі де бозарып кетті. Ұрты бүлкілдеп, иектері дірілдеп, ашу-ызадан қалш-қалш етеді. Әйтсе де, түк сездіргісі келмей, қоңыр үнін бұзбастан:

– Бәрі хабар тапты. Бірақ сенің тапсырмаң бойынша ешкім оқ атпасын деп тапсырып кетіп едім. Бекер-ақ өйтіппін. Өзім бас болып мына кәпірлерді қоршауға алып, әкесін танытпас па едік. Енді бәрі кеш. Өкінгенмен орнына келетін іс жоқ. Оданда енді не істейміз, соны ақылдасайық. Бүйтіп бүгілме. Елге бас болатын сен егілсең, мен егілсем қолында сынық темірдің қылауы жоқ қатын-бала қайтеді. Ақыл қосайық. Бекіт беліңді! – деді.

Әліптің Асқабылды шақыртуы да қысылтаянда айтатын осындай ақылы үшін еді. Асса Баркөлге, қала берді тасбикеге сөзі өтетін, ауыл-аймақ түгел сыйлайтын «қараби» аты бар болатын. Әліп айналасына айбат болса, Асқабыл ақыл болып бір құстың қос қанатындай көрінуші еді. Келелі кеңестер мен күрмеуі күрделі істерді шешуде дәйім Әліптің қасынан табылатын. Енді, міне, екеуі де үңірейген мылтықтың аузында, қас дұшпанның қатыгездігінің құрығына ілініп, канат-құйрығы қырқылып отыр. Әліп сәл де болса есін жиғандай болды.

– Басқасы емес, тұқымынды тұздай құртамын деген қара ниеттілігі қабырғамды қайыстырып тұрғаны болмаса, өз басым бәріне де дайынмын ғой. Қапияда бас салғанын көрмеймісің. Күн кешкіріп, көлеңке көбейсе тағы бір тырбынып қалар едік, әттең...

Азғана уақыт ішінде тіл қайырысып үлгерген олардың сөзін Чың Пишу бөліп жіберді:

– Асқабыл деген сен бе? Қалған қарақшы қазақтар қайда? Олар бізден қашқанымен, бәрібір құтыла алмайды.

Асқабыл төменшіктей, ақырын ғана тіл қатты:

– Басқалар Қаптыққа көшкен елді қайырып келеміз деп сонда кеткен. Бір-екі күнде келіп қалады. Күтсеңіз бәрін алдырамыз.

Чың Пишу шоқ басып алғандай баж ете түсті:

– Күту! Ақымақ адамды тапқан екенсіңдер. Бос сөзді қойыңдар. Бәрін алдырып, дәл қазір алақаныма салыңдар. Әйтпесе бәріңді де қырып саламын.

– Тым құрыса, таңға дейін күткендерің жөн болар еді. Біреуіміз барып бар адамдарды тездеп жинап келер едік.

– Оған уақыт жоқ. Енді бір сағат уақыт беремін. Сол жетеді. Өңкей жабайылар. Атқа мініп үкімет әскеріне қарсы оқ атсаңдар, жерден өнгендей

жинала қаласындар. Ал бетпе-бет біз келсек, бұралқы итше құйрықтарыңды бұттарыңа қысып тау-тастың қуысына сіңіп, жарқанатша жасырынып қаласындар. Даланы тазарту үшін сендерді қырып-жойып жоғалтқаннан басқа амал жоқ.

Шерік бастығының өзінің жұмсақ сөзіне илігер түрі болмаған соң, Асқабыл да қаттырақ сөйлегісі келді:

– Мырза, байқап сөйлеңіз. Үкімет әскеріне оқ атсақ, оны өздеріңнің халыққа жасаған зорлық-зомбылықтарыңнан көріндер. Біз тыныш жатқан қытай ауылын басып алып, олардың қатын-баласына қоқаңдап көргеміз жоқ. Қатын-баланың не жазығы бар. Еркек пен еркек ерлерше сөйлесетін болар. Саған керегі Әліп екеуміздің басымыз болса, оны кес те әкете бер. Елімді қорлама, жерімді қорлама. Халқыма тіл тигізбе!

– Халық, ха-ха-ха, қандай халық! Тау-тасты сағалап, малдың соңынан еріп, хайуанша күн кешіп жүрген жабайылар да халық есептеле ме?

– Өшір үніңді! Біз қалай болғанда да өз жерімізде өмір сүріп жатырмыз. Анығында қаңғыбас бұралқы ит біз емес, дәл сендерсіңдер. Біздің жерімізді жаулағандарыңмен қоймай тұнығымызды лайлап, туырлығымызды ұлтарак қылмақсындар. Жерімізді жұдырықтай жүрегіміздің үстіне сақтайтынымызды білгендерің жөн. Мықты болсаңдар екі жақта жасағымызды жинайық. Тұрысатын жерлеріңді айтындар. Жекпе-жекте кімнің кім екенін сонда байқаймыз!

– Ойдөйт деген. Жабайылар тағы да өз мінезіне басты. Олар шайнаудан, тістеуден тайынбайды. Бірақ сөйте тұра жайған тор, құрылған қақпаннан құтыла алмайды. Біз бүгін Әліп екеуіңді ғана емес, бала-шағаларыңды түгел қырамыз. Ертең Қожақын, Елісхандарды өлтіреміз. Әрбір қытайдың қасықтап төгілген қаны үшін әрбір қара басты қазақтың қанын шөміштеп ұрттаймыз, ұқтың ба?!

Чың Пишу енді сөйлегісі келмегендей соңғы сөзін ақырып айтты.

Әліп Асқабылдың етегінен тартып:

– Кәпірлерді алдағаннан басқа амал жоқ, ақырын сөйлесейік, – деп күбір етті. Сөйтті де:

– Чың бастық. Шақырған адамдарыңызды тезірек келсін деген хабар айтып жібергенбіз. Азырақ күтіңіз. Рұқсат болса, біз намаз оқып алайық, – деді.

– Оқысаңдар тез оқындар. Құдайларыңа жалбарына беріңдер. Егер мені сұрай қалса, сәлем айтындар.

Әншейінде болса шығыстан көтерілген күн лезде-ақ батыс қырқалардың бауырына сіңіп жоқ болатын еді. Тап бүгін арқандаулы тұрғандай жылжымай-ақ қойды. Күзгі шақ болса да жалынымен шарпып шақырайып тұр.

Әліп пен Асқабыл өзін бақылаған қытай жасақтарының көзінше дәрет алып, намазға беттеді. Күбір-күбір сөйлесіп келеді:

Әліптің үні жарықшақтана шықты:

– Асеке, тіріде істеген қиянатым болса, артық айтқан сөзім болса кешір. Егер мен өліп, сен аман қалсаң, арттағы елге, қатын-балаға бас-көз бол. Басыма Құран оқып тұруды ұмытпаңдар. Алланың құлы, Мұхаммедтің

үмбетіміз десек те пендеміз ғой. Мен үшін, мен жасаған ағаттықтар үшін ел-жұртымнан кешірім сұрарсың. Ағайынның басын қосып, ел етсем деп ем, басы бірікпеді. Біріккені сол, өзіме жау болғандары көбейді. Арманда кетіп барамын. Қайсыбірін айтайын. Адамның жаны мұрнының ұшына келгенде қай-қайдағы есіне түседі екен. Кімнің ала жібін аттадым екен дегенде аз ғұмырым көз алдымнан бір шұбырып өтті. Әсіресе, баяғыдағы Айшария кемпірдің қарғысы құлағымның түбінде қайта-қайта жаңғырып тұрып алды. Жалған-ай, қас-қаққанша зымырап өте шыққан күндерде есеп жоқ екен-ау.

Осыларды айтқан оның ойына өтіп кеткен сол бір оқиға қайта оралды.

Ердің де, жердің де кіндігі саналатын Алтайдан алыстағандардың оны еске алмайтыны, бір барып қайтқысы келмейтіні жоқ шығар. Ата-бабасының қасиетті күлтөгері болған сол далаға Әліп те бірнеше рет соққан.

Соның бірі Алтайдың Ақаралындағы ақша тасбикенің бір баласы Мәмила зәңгіге амандаса баруы еді. Кезінде ағайынның алалығымен айырылысып кеткен туыстардың кейде алыстан кісінесіп табысатын әдеті бар ғой. Барған елі Жамысбай балаларын ыстық құшағына қысқан. Мәмила зәңгі іні жолындағы Әліпті алақанына салып күтіп, аттанарында қалауы бойынша астындағы қара атын түсіп берген болатын.

Мақпал қара ат түйедей тұлғасымен ғана емес, жорға жүрісімен де, сүліктей қара сымбатымен де көргеннің көз жауын алатын. Әліптің тақымын толтырып, Баркөлдегі ағайынның арасына көңілі марқайып оралған.

Қанаттас отыратын моңғол мен қазақтың жер таласынан қалса, бір-бірінің маңдайға басар жүйрік-жорғасын ұрлап кететін ежелгі әдеті бар емес пе. Қара аттың атақ-даңқына алыста жатып мас болған Қобданың бергі бетіндегі торғауыттың Сәмітін төресі сенімді жортуылшысы Бембені атқа қондырады. Әрі оған қадағалай тапсырып:

– Әліппен әріптестігіміз ұзақ болса да есесін жібермей келе жатқан жауым еді. Баяғыда Бәйтікке таласқанда да жердің ұлтанды бөлігін бауырына басып қалған. Қара атты қайтсең де қолға түсіресің, – деп шегелейді.

Күзеті мықты, аяғы кісендеулі қара атты әкету Бембеге оңай тимесе керек. Ел торуылдап жүріп қазақтың Әлшәй жырындысымен достасады. Жердің тесігін жамаған екі қу дегендеріне жетіп, қара ат ұрланады. Неге екенін кім білсін, көзіне мың жылқы емес, бір ғана қара аты көрінетін Әліп қатты ашуланады. Өз мықтыларын іске салады. Ақыры кісенді біреуге сатып жатқан жерінен Әлшәй ұсталады. Бірақ Әлшәй шынын айтпайды. Тұлыбына сыймай долданған Әліп:

– Мынаны кісендеп асып қойыңдар да астына иттің боғын тұтатыңдар! – деп әмір етеді.

Таудың тұнығын ішіп, мал мен аңның сүбелісін ғана жеп үйренген ер тұлғалы, көкжал Әлшәйға бұл қорлық өлімнен қатты батса керек. Бар даусымен айқай салады:

– Ей, Әліп, сен елдің иесі болғанда, мен тентегімін. Тентек неге қарақшы болады. Қарыны ашқан соң. Менің қарыным неге ашты? Есағасы Мажанның малын бағамын деп қайыршы болдым. Көгенкөз балаларым аш қалған соң

жаутаңдатпайын деп атқа қондым. Бергенді сұрап алдым. Бермегенді жырып әкеттім. Қара атты мен шығарып бердім. Сәмітін төренің Бембе жортуылшысы хақымды жемеді. Қобдадан мал айдатып қайтарды. Өкінішке қарай, қара ат төреге де бұйырмапты. Бара сала тышқаншықтан өлген екен. Естиін деп отырғаның осы ма?

Мал ашуы – жан ашуы. Оның үстіне: «бауырыңдағы еліңе ие бола алмадың, аш-арық болдық» дейтін ағайынның ащы наласы жанын күйдіріп барады. Ел-жұртқа бас алқамын, иесімін деп жүрген адамның бетіне салық, сүйегіне таңба боларлық ауыр сөз. Әліп екі сөзге келмей Әлшәйды ертіп, Мажан байдың ауылына шапты. Үкімет жағы Әліпті құртамыз деп ел ішінен арыз жиғанда соған бірінші болып бармақ басқан Мажан екенін де білетін. Келе салып дүрсе қоя берді:

– Айғыр екеш айғыр да құтты болса бауырына құлын тоқтайды. Ақ ордаңда қазы-қарта май асап, қара лашықтағы малшыңа ие болмай не бітіріп жатырсың. Құлыңның қақысын неге жейсің? Малшың малшы емес, қарақшы болып барымта жасаса оны неге тыймайсың?!

Мән-жайды білген Мажан:

– Тақсыр, жаздық, жаңылдық, кешіріңіз. Енді бұл сұмды үкімет жамбылына қаматасыз ба? Не істейсіз? – деп кішірейеді.

– Тентектің жазасын өзі берсін деп саған әкелдім.

– Үрерге иті, сығарға биті жоқ бұл бейшараға не билік жүрсін. Билік өзіңізден, үкірдай!

– Мен айтсам былай – біріншіден, елге ие болып отырған үкірдайдың маңдайға басар атын ұрлағаны үшін бір тоғыз кестім. Екіншіден, малшының қақысын жеп қана қоймай, оны жалаңаш қалдырып жұртқа тастағаны үшін, еліне иелік етпеді деген тағы бір тоғызды саған кестім. Үшіншіден, қара аттың басы қырық қой. Осы үш кесімді жүз елу қора малы бар есағасы ауылына төлетесің бе, жоқ жалғыз төлейсің бе, ол жағын өзің шеш! Ал шеше алмасаң, Әлшәйды аудан жамбылына өз қолыңмен тапсырып бер. Түрменің түбіне таста!

Мажан басына түскен сынның ауыр екенін әрі одан құтыла алмасын білді. Өз қойынан бір жүз жиырма тұяқты арқан салып бөліп берді. Әліп Әлшәйды шақырып:

– Мұның қырық тұяғы – сенің еңбегіңнің бодауы. Екінші рет ұрлық істегеніңді көрмейін. Ал сексен тұяғын сен сияқты аш-арықтардың ұрлық істемеуі үшін кедей-кепшік, жетім-жесірлерге үлестіріп беремін, – деп жолға түскен.

Аттанып бара жатқаны сол еді. Олардың артынан біреу айқайлап шауып келе жатты. Жақындағанда байқады. Ақ шылауышы желбіреп, екпіндеп келе жатқан Мажанның шешесі Айшария екен. Көзінің алдында бұршақтай мені бар қара кемпірдің өңі сұп-сұр болып кетіпті. Әжім жиектеген шүңірек көздерін Әліпке қадап, кетік тістерінің арасынан сүйір тілі жылтыңдап:

– Жаумай жасыл түскірлер, ел аман, жұрт тынышта ауылымды құба қалмақша шауып, қай басынғандарың бұл! Мажан екеуіңді тапқанша,

қасқырдың күшігін тапсамшы. Ана қырық қоймен Әлшәйдің көні жібігенін көрермін. Алдыңдағы алап малымды өзіме тастап кет. Атың жоғалса бір тулақ емес пе, оны мен ұрлаған жоқпын. Мықты болсаң Әлшәй ұрынды сүндетке қайта отырғыз, – деп ысылдай, ызбарлы тіл қатты. Малдың алдын орай шауып, атынан түсіп, мықынын таянып тұра қалды.

Әліп ләм-мим деген жоқ. Жігіттеріне: «Малдың жартысын кемпірге қалдырыңдар» деді де, жүріп кетті. Кетіп бара жатқан Әліптің артынан бір уыс топырақ шашқан кемпір:

– Әліп, Мажан екеуің де көктемейсіңдер, көктемейсіңдер, көктемейсіңдер! Әй, Әліп, екі аяғың салбырап көктен түскен жоқсың. Сені де мен секілді ана тапқан. Сол анаңды сыйламадың ғой. Сүтімді көкке саудым, – деп қарғанды. Жерден бір уыс көк шөпті жұлып алып, батуға таяп бара жатқан кешкі күннің шапағына зәрлене қарап: – Көк шөптей жұлын, көктей орыл! – деп қала берген.

Қазір де сол бір қарғыс күні кешегідей-ақ Әліптің құлағында жаңғырығып тұр. «Пендешілікке беріліп аз мал үшін сол кемпірдің қарғысын неге алдым екен десеңші!?!». Оның ойын Асқабыл бөлді:

– Алланың жазғанынан асып қайда барамыз. Бәріміз де пендеміз. Көңіліңді ауыртқан жерім болса кешір, не деймін. Қайдағыны қайдан айтып кеттік. «Үмітсіз – шайтан» демеуші ме еді.

Екеуі күбірлесе үйге кіріп, намазға ұйыды. Бесін намазының алғашқы сүннеті аяқтамай жатып сондарынан кірген Чың Пишу:

– Ой, мыналар әлі болмаған ба?! Енді еркеліктің керегі жоқ, бұлар уақытты өткізу үшін әдейі отыр. Тұрғызыңдар! – деп жендеттеріне әмір етті. Есікте тұрған әскерлер екеуінің желкелерінен сүйреп тұрғызды.

– Намаз оқып болмадық қой! – Әліптің қызыл шырайлы өңі қап-қара болып түтігіп кетті.

– Оқығандарыңмен Құдайларыңнан қайыр жоқ. Қазіргі сендердің Құдайларың – мына, бізбіз! Егер аяғымызды сүйіп, «сұлу қыздарымызды сендерге беріп құда болайық!» – десеңдер, онда ойланамыз. Ондай болғанда өз салттарың бойынша алдарыңа тартылатын біздің сарықасқа шошқамыздың батасын жасайтын боласыңдар.

Әскербасы тауып айттым ба дегендей қарқылдай күлді.

– Үйт, арамнан болған антұрған! – Әліптің түкірігі Чың Пишудың бетіне былш ете түсті. – Оңбай кет, сен кәпір!

– Қырыңдар, қырыңдар, түгел!

Чың Пишудың шәбеленген үні ащы шықты. Тапаншасын суырып алып, көкке қарай атып-атып жіберді.

Әліп оттың басындағы құманды жұлып алып, өзіне төніп келе жатқан бірінші әскерді құлақ шекеден періп жіберді. Бүкіл ауылды құрсаулап тұрған жендеттер әміршінің үнімен қырғынды бастап кетті.

Асқабыл да қонышындағы пышағын суырып алып, жанына жетіп келіп, өзін найзалағалы жатқан бір шерікті қорқыратып үлгерді.

Әліп пен Асқабылдың тосын қарсылығын байқаған Чың Пишу киіз үйдің есігінде тұрып тапаншасын басып-басып жіберді. Кеуделерін басқан екеуі

ышқына құлап бара жатты. Әлде біреуінің: «Лә-ә илләһә илла Алла, Мухаммад-расул-Алла...» деп иман айтқан үні қорқырай барып үзіліп қалды.

Мәмиланың ойбайлаған үніне қатын-баланың бақырған, жылаған, шыңғырған үндері қосылып, қып-қызыл қандар шаңыраққа шапшыды. Үй-үйдің бәрінде найзалаған, атқан әскерлердің «са, са!»-лап атойлаған үні естіледі.

– Ойбай, кәпірлер қырып жатыр, қашыңдар, қа-шың-дар, тауға қарай.

Қашып бара жатқан бір баланың басы домалап түсті. Бір жас келіншектің иықтан шауып түсірілген қолы жаны шықпай, саусақтары жыбыр-жыбыр етеді. Тағы бір кемпірдің ішегі шұбатылып жығылып жатыр.

– Тұқымың тұздай құрығыр кәпірлер-ай!

Енді бір шерік екіқабат әйелдің ішін жарып жіберіп, баласын тірідей суырып алып, найзаға шаншып елеурей айқайлайды.

Үйдегілердің көбін қылыштап шауып, найзаға түйреп өлтірсе, сырттағы жеткізбей қашқандарға ғана оқ атып жатқан түрі бар. Мылтық үні сирек естіледі.

– Қасықтай қанымызды, шыбындай жанымызды қиыңдар. Мені өлтірсеңдер де, балаларымды аман қалдырыңдар!

Оны тыңдайтын құлақ жоқ. Баланы найзаның ұшына іліп алып көкке лақтырып жіберіп, түсіп келе жатқан мүрдеге найзаның ұшын қайта тоса қойып, мәз болып жүр бірнеше шерік.

Төбе-төбенің басына орналастырылған қытай мергендері қашқанның бәрін құтқармай қырып жатыр.

– Қу Құдай, ұрпақсыз кететін болдық қой.

– Құлындарым-ай, алдымен мені өлтірмей, сендердің түптеріңе жетті-ау.

– Қош елім, қош, қо-ш!

– Әттең, бас көтерер еркектердің бірде-біреуі болмағанын қарашы, қатын-баланы қырған кәпірлердің сазайын беретін!

Қарғап-сілеу, өкіну, боқтау, кіжіну, шыңғыру, аһ ұру... қырғынға ұшыраған елдің аянышты үні ет асымға жалғасты.

Бәрін қырып болдық-ау дегенде Чың Пишу өзі бас болып, Әліптің үлкен үйінің сандықтарынан бастап ақтарып тонауға кірісті. Кейбір қыз-қатындардың жүзік, білезіктерін шығара алмағанда қолдарын қылышпен шауып-шауып тастап шығарып жатыр.

Дала қан сасыды. Иттер ұлып, ауылдан аулаққа қашты. Өртенген үйлерден көтерілген қып-қызыл жалынның тілі аспанға қарай сүйрелендеп, қара қошқыл түтін будақтады. Күздің күні сұрғылт тартып, қырат-қыратта сүркейлі жел азынады.

* * *

Қаптықтан қайтқан сайдың тасындай қалың батырлар дүркірей желе жортып келеді. Алда Қожақын мен Елісхан қатарласып, аттарының тізгінін еркін қоя берген. Қожақынды жанасалаған Елісхан:

– Кіші аға, өткен күні жаман түс көрдім. Тұтас ауылды өрт шалып әйелім мен балаларым өрттің ішінде шыр-шыр етеді. Қолымды созайын десем жетпейді. Жаманға жорығым келмеді, – деді. Қожақын ат үстінде інісіне жамбастай бұрылып:

– Онсыз да өрттің ішінде жүрген жоқпыз ба. Бір жағымыз – қытай, бір жағымыз – сарт пен дүңген. Енді олар аз болғандай моңғолдармен де қажасып отырмыз. Байқайсың ба, биылғы моңғол жағына көшіп барғандарды олар кейін кумай отыр. Жин Шурын үкіметінің Кеңес Одағымен сауда келісімі бар. Моңғол елі де кеңестіктермен әмпей-жәмпей болса керек. Осы жайындағы әңгімеге келгенде Сармолданың да білмейтіні жоқ. Осының аты рас Сармолда екеніне де күмәнім бар. Бекер адам Кеңес Одағынан қашып келмейді ғой. Соның айтуынша, Қытайдағы қазақтардың бөлініп-жарылуына Кеңес Одағы Моңғолия арқылы да ықпал жасайтын көрінеді. Кеңестіктердің де ең жек көретіні қазақтар дейді. Өткен жылы өте үлкен ашаршылық болып, неше он мыңдаған қазақтар аштан өліпті. Ондағы қазақтардың күшейіп, белді орынға шықпауы үшін Шынжаң қазақтарын тұқыржылатып басып отыруға әуес болса керек. Ал енді алды-артыңды аңғар да көр. Бәрі өрт емей немене. Сол өрттің ішінде қолымызға шоқ ұстап ойнап жүрміз. Түсті кім көрмейді. Түсіміз түгіл өңімізде су кешіп жалынға оранып жүрміз. Оттың ортасында шыжғырылып жатамыз. Неше күндей алыс жол қалжыратқан да шығар. Алла жеткізсе балашағамызбен көрісетін сәт те алыс емес. Оттай лаулаған ыстық көңілмен қауышамыз, – деді қоңырқай көздерінде күлкі ойнап.

Өзі өнеге тұтып, ақылына ұйып жүретін ағасының айтқаны Елісханды сергітіп жіберді. Көз алдына жары Зүбәйда, балалары Өнерхан мен Әнуархан келді. Әсіресе, тілі енді-енді шығып, аяғын апыл-тапыл басып жүрген Әнуарханның қызықты қылықтары тәп-тәтті елестейді.

– Әке, әке, шен қайда баяшың?

– Мен алысқа, анау таулардың ар жағына аталардың ауылына барамын.

– Мен де баямын, мені атқа мінгізші.

– Кейін жігіт болғанда барасың. Қайтып келген соң атқа мінгізіп ойнатамын.

– Теж келешің бе?

– Иә, тез келемін.

– Мен апамның қойнына жатамын, ә.

– Иә, атаңның да қойнына жат, апамның да қойнына жат, шешеннің де қойнына жат. Ақылды бала деген.

– Шен келгенде кімнің қойнына жаташың?

Әнуарханның қылығы есіне түскен Елісхан ат үстінде миығынан жымыды. Оның әр қылығын қалт жібермей келе жатқан ағасы Қожақын:

– Жылағанды сұрама, күлгенді сұра деген, неге күлдің? – деп інісіне кулана бұрылды.

– Жай, әншейін, баламның қылығы есіме түсіп.

– Сен де осындай балажан ба едің.

– Неге екенін білмеймін, Әнуарханның қылығы есіме түсе береді. Мені сағынып жүр ғой деймін.

Бұлардың сөзін естіп қалған Қапсемет деген жігіт құйрық тістесе жақындап:

– Ой аға, Елісхан баласын сағынып келе жатыр дейсіз бе, балалардың шешесін сағынып келеді емес пе, – деді қутыңдап.

Әзілді құлағы шалғандар ду күлді. Елісхан әдетте қалжың сөзге көп араласпаса да, бұл жолы қарымжысын жібергісі келмеді.

– Адамға жақсы жар, Алла берген ұрпақтан артық не бақыт болсын. Айтпағандарың болмаса үйге жақындап бәрінің де қабақтарың ашыла бастаған түрі бар, – деді, кесек денесін артындағыларға бұрып.

Әңгімемен жол қысқарғанына ма, әлде ауылға таяған сайын аттары да жүрісті бола бастады ма, топты жігіттер көңілдене ән салып, даланың құйқасын түтіп, шұбала шауып барады.

Жүргіншілер Құлыншәрінің бір ағынына келгенде тізгін ірікті. Аттарының белін босатып, беті-қолдарын жуып, намаз оқитындары сәждеге бас қойып жатты.

Оңаша төбеде отырған Қожақын мен Қуанышбай сонадайда сайды құлдап келе жатқан қосар атты екеуді көріп, солай елеңдеді.

– Әке-ау, бұлары кім? – деп таңырқаса бастағандары сол еді, олар да жетіп үлгерді.

Тасбике арасына сіңіп, өткен жылы Мажан шания мәнсабын аларда түтін толтыру үшін сол ауылға кірген Тоймыл деген азамат екен. Қасына бір жас жігіт ертіп алыпты.

Аман-сәлемнен кейін қойнынан бір хат алып шығып:

– Бұл – Шәріпхан төренің хаты. Әліп үкірдайға тез жеткіз деген бұйрықпен келе жатыр едік. Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығады деп, сіздердің жолыққандарыңыз мұндай жақсы болар ма. Мори жаққа ауып барған елге ондағылар алакөзбен қарап отыр. Көп ұзамай біз де Бәйтiк жаққа көшетiн шығармыз. Аманат иесiне тез жетсе екен. Жолда аялдамайтын шығарсыздар, – деді. Сосын Елісханға қарап:

– Өздерiңдi сағынып жүрмін. Ауыл-ауылдың арасы тоймен жалғасып, әсем ән мен тәтгi күйге құмартқан қайран күндерiмiз-ай. Шынымен-ақ алыста қалғаны ма, Елісхан жан. Балалар ержетiп келе жатқан шығар. Алла жақсы күндерде жүздесуге жазсын! – деп мұңая қоштасты.

Қожақын, Елісхан тобы Құлыншәріні өрлей, Арбалының жонына шыққаны сол еді, көз ұшынан мұнартқан қою шаң көрінді.

Бұл кезде Әліп ауылының қан-жынына бөккен қытай қосыны умақ-шумағымен Мориға бет алып бара жатқан болатын. Қытай шолғыншылары қазақтарды бұрын көріп қойды.

Олар бұтаның арасында қашып жүрген жерінен тірідей қолға түсірген Шәріпханды да өздерімен бірге алып келе жатыр еді. Чың Пишу оған сес көрсетіп:

– Анау көрінген қараң-құранды көрдің бе. Олар – қазақтар, қазақтар – біздің жауымыз. Сені сол қазақтар ішкі жақтағы қытай жерінен ұрлап алған. Сенің

ұлтың қазақ емес, қытай, білдің бе, жауыңнан кек алатын сәт туды. Оларды шырғалап шақыр. Әсіресе, ішінде Елісхан жауыз болса, соны алдымен шақыр. «Аға, менмін ғой, тез келіңіз» де. Қалғанын өзіміз көріп аламыз, мүбәда бізді алдасаң не сатқындық жасасаң, жүрегіңді тірідей суырып аламын, ұқтың ба?! – деп әкіреңдеді.

Чың Пишу қазақ тілін білетін екі шерікті шақырып алып:

– Сендер үстілеріңе қазақтардың киімін киіп, мынаны ортаға алыңдар. Сосын қазақтарды шырғалап, татырға таман түсіріңдер. Жабайылардың әуселесін көрейік! – дегенді айтты.

Будақ-будақ шаңнан секем алған Қожақын мен Елісхан жолдан бұрылып, қыратқа шығып дүрбі тартты. Қожақын:

– Менің көзім жақсы көрмей тұр ма. Дүрбім тұманданып анық көре алмай тұрған сияқтымын. Шаң шыққан жерден үш адам шығып бері келе жатыр, қарашы, – деп дүрбіні Елісханға ұсынды.

Елісхан бір қауым үнсіз қарап тұрып:

– Иә, иә, үш адам. Үш адам болғанда ортадағысы бала ғой. Үшеуі неге ұйлығып келеді. Үй, анау ортадағысы Шәріпхан сияқты. Бұлар қайдан жүр?

Осыны айтқан Елісхан дүрбіні Қуанышбайға ұстата салды да, атына мінді. Әлгі үшеуіне қарай тұра шапты. Аралық бір шақырымдай қалғанда Шәріпхан бар дауысымен айқай салды:

– Аға, а-ға, ары қаш, ары қаш, бұлар жау, бұлар жау қытайлар. Сізді алдап шақырмақшы. Ауылды түгел қырып кетті. Қаш, аға, қаш, бұлар жау!

Сөйткенше болған жоқ, қасындағы екеудің мылтығы тарс-тұрс ете түсті. Қайта қайырыла шапқан Елісханның аты омақаса жығылып, өзі анадай жерге ұшып кетті. Қытай шеріктері айналаны қоршап жақындап қалған екен. Оқ жауып кетті. Ат үстінен қытайларға оқ жаудырған Қожақын Елісханға қарай тұра шауып, қосарындағы атты көлденең тарта берді. Қуанышбайдың да мылтығы сайрай бастады.

Тұрғы-тұрғыны иелеген қазақ жігіттерінің бәрі де атып жатыр.

Қазақ қолы небәрі жиырма екі жігіт, қытай шерігі бес жүздің үстінде. Бес жігітті атысқа қалдырған Қожақын қалғандарын шегіндіріп, келесі биікті иелеп отырды. Бесеуі сайға түсіп қаша шегінгенде қазақтарды қаштыға балаған қытай шерігі екінші қамалдың тосқауылына ұшырады. Осылайша біресе оңға, біресе солға шегініп атыс жасаған қазақ қолы талайлаған шерікті жамсатты. Ақыры күн ұясына кіре атыс тоқтады.

Мақсатына жете алмаған Чың Пишу тобы көп жасағынан айырылды. Жер тепкілеген ол Шәріпханды алдырып, ұшқатқа таңдырды. Екі сөзге келмей бұғананың астынан пышақ жүгіртті де, шырқырай жылап, тыпырши айғайлаған баланың жүрегін тірідей суырып алды. Оның алақанында шоршыған бір кесек қан жерге домалап кетті.

– Сатқынның жүрегі де қолға тұрмайды екен ғой, – деді Чың Пишу Шәріптің бозғылдана сөніп бара жатқан жанарына зәрлене қарап.

Қара адырда көрер таңды көз ілмей атырған көп жігіт жерге жарық түсе жаудың зым-зия жоғалғанына қайран қалды. Кеше ғана жарқырап тұрған

күннің райы мүлдемге күреңітіп, қырқаларды кезген суық ызғар беймаза түнде бел шешпеген азаматтарды тоңазытып жіберді. Аттарын тебітіп төбе-төбеге қарай шапқыласты. Жан баласы көрінбейді.

– Әккі жаудың айласы болмасын, – деді Қожақын.

– Айналаның бәріне дүрбі тарттым. Жан баласы жоқ сияқты, – деді Елісхан.

– Төрт тамда қамалып өскен сужүрек қытайларда қан сасыған далада түнейтін қандай күдірет болсын. Баяғыда қашып кеткен болар, – деді Қуанышбай.

Қуанышбайдың айтқаны шын болды. Өлігін жинастыруға шамасы келмеген Чың Пишу қолы Мориға қарай зытып беріпті.

Қожақынның бастауымен атыс болған жерге келген олардың көзіне алдымен көрінгені үшқатқа таңулы Шәріпханның өлі денесі болды. Кеуде тұсынан аққан қан киіміне қап-қара болып қатып қалыпты.

Елісхан аттан домалап түсті:

– Қарағым-ай, қайтейін, қайтейін, қорлықпен өлдің-ау. Жаудың оғына байланып тұрып ағаладың ғой, қайтейін қарғам, қайтейін! Шоқтай иірілген жігіттердің жұбатуға шамасы келмей қабырғасы қайысып үнсіз тұрып қалды.

Қожақын алдымен тіл қатты:

– Қой, Елісхан, көз жасыңды құрғат, тұр былай! Ол Шәріпханның аяғынан құшақтаған Елісханның қолын босатып жіберді де, баланың кергішін, арқанын пышақпен қиып, мәйітті жерге түсірді. Қан-қан болып жатқан жүректі кеуде қуысына салды. Өлген шеріктің бірінің жейдесін дар-дар айырды да жағын, қолын таңып, өбектеп Елісханның алдына өңгерді. Көз жасы бұршақтаған Елісхан өзін-өзі ширатып, ат үстінде тік отырды.

Көргіліктің көкесі алда екен. Ауылға жеттік-ау деп төбе-төбеге шыға келгенде алдымен ұлыған иттер шалынды көздеріне. Онан соң қамыңқы, үрейлі жанарларға қанжоса болған ауылдың сұмдық бейнесі көрінгенде бір сәт тізгіндерін іркіп аңырып қалды. Не болғандарын білмей аттарынан домалай түсіп, сұлап жатқан өліктерге жүгірді. Өлгендерді құшақтай сілкілеп, зарлана өксіген, бақырған азалы үндер қоңыр адырларды күңіrentіп жіберді.

Бұлардың үстіне Қалимақұл, Тұрдылар да келген еді. Бірін-бірі құшақтап зар еңіреген еркектердің үні қара жердің өзін қалтыратып, сай-сүйекті сырқыратты.

Елісхан әкесінің өлі денесін құшақтап бір еңіресе, екі шешесінің, әйелінің, балаларының мүрдесін көріп ет-бауыры езіліп, бордай үгітілді. Қанға шыланған балаларын бас салып:

– Қарғаларым-ай, өмірге келмей жатып, жан үзетін тәңірге не жазып едіңдер. Сұм қытай, жауыз кәпірлер-ай. Екі дүниеде де қолдарым жағаларыңда кетсін, енді қайттім, құлындарым-ай, сендерге қорған бола алмадым-ау. Енді менің алдымнан «балам» деп шығатын қормал әке қайда? «Құлыным-ау» деп шақыратын аяулы анам-ау, шынымен-ақ келмеске кеткендерің бе? «Мырзам» деп алдымнан жайраңдап шығатын жан жарым, сен неге үнсіз жатырсың! «Әке, қашан келесің» деп едің Әнуарханым. Әкең келді ғой. Орныңнан неге

тұрмайсың? Неге әке деп шақырмайсың? Мені енді кім «әке» дейді? Тәңірім-ау, бәрінен бірдей айырылатындай не жазып едім саған?! – деп зар иледі.

Өзекті өртер ащы жылаудың қаншаға созылғанын ешкім аңғара алмады. Жұрт күндей күркіреген үннен бастарын көтеріп, естерін жиғандай болды. Көздерінен от шаша айқайлай сөйлеп тұрған Қожақын екен:

– Ау, халқым, бауырларым, бастарыңды көтеріңдер. Қайғыны қайратқа айналдырыңдар. Жылай бергенмен өлгендер қайтып келмейді. Езіліп еңірегенше орнынан тұр, қайратыңды жи. Қанға қан, жанға жан аламыз. Қытайдан кек аламыз. Жазықсыз бір адам үшін он қытайдың қанын ішпесем шешемнен ұл боп тумай кетейін. Еркекпін дегендерің – еріңдер соңымнан!

Қабырғасы қанмен қайысқан топ еңсесін көтеріп алды. Мең-зең ұйқыдан ояғандай көздері жалын шашып:

– Кек аламыз, кек аламыз, жанымыз бұлардан артық емес! – деп айқайласты.

Қожақынның бастауымен отыз екі жігіт атқа қонып, отқа оранған бір кесек болат шардай бар екпінмен жау соңына қарай түйдектеле шапты.

Қалимақұл, Елісхан, Тұрды, Мейірімхан бастаған бір топ азамат қабір қазып, өлгендерді жерлеуге кірісті. Олардың үстіне Қайсаның балалары Мұқай, Мінән, Өтейхан және Жақсыбайлар келді.

Көз жастарын көл қылған қазалы топ өліктерді аударып-төңкеріп, түгендей бастады. Әліп пен Асқабыл бірін-бірі құшақтай құлапты. Қаралы қауым екі арыстың құшағын зорға айырды.

Қырылған адамдарды жерлеуде молдалардың насихаты бойынша «шаһидтерді құлаған жерлеріне киімшең қою керек» деп ұйғарылды. Адамы ең көп қырылған Әліп ауылы отырған сайдың аузындағы қой қораның көлеміндей жерге ұзынынан қабір қазылып, адамдарды қатарынан жатқызды. Әліп пен Асқабылды қатар жерледі.

Жұрт қалың өліктің арасынан күні таяп отырған екіқабат Ташбаланы тірідей тауып алды. Қарынын айқастыра шапқан қылыш сыртқы көк етін сөгіп кетіпті де, қансырап жығылып қалған екен. Оны көргенде Елісхан бас болып өшкені жанып, өлгені тірілгендей жұбанып қалды. Енді бір жерден Бақас дегеннің төрт жасар ұлы Дәлелханды шешесінің өлігінің астынан тауып алды. Жылқышының жалғыз ұлы Құмар да қой жайып жүріп қашып тығылған жерінен аман оралды. Өлгендердің ішінде Әліптің кіші әйелі Шәрбан мен екі баласы жоқ. Ал Бақастың тағы бір ұлы, Мәтікір және Жансары дейтін қыз үшеуінің сүйегі табылмады. Жұрт оларды да тірі кетті деп білді.

Барлық өлгендерді санағанда бір жүз он жеті адамның шаһит болғаны анық болды. Өліктер жерленіп болғанда:

– Батпақтыда бейсауат із байқалыпты. Жетектеген қалың түйесі бар дейді. Жүрісіне қарағанда қазақтардың қанды қырғынынан олжа тапқан құржалық қытайлар сияқты, – деген хабар келді.

Мұхаметбай, Қалимақұлдар атқа мініп:

– Ташбаланың айтқаны рас болса, олардың шеріктерге қосылып елді қырған құржалық қытайлар екенінде шүбә жоқ. Аттанындар. Солар болса жауыздардың қанын судай шашайық! – десті.

Жау тіленген жігіттер дүркірей шауып, жаңағылар айтқан ізге түсті. Көп ұзамай олар сегіз түйе жүгімен қашып бара жатқан қытайлардың қарасын көріп қалды. Бұларды бұрын байқаса керек. Олар да бытырай қашты.

Екі түйені жетектеген біреуі қара адырдың тасасына сіңіп құтылып кетпек болып еді, Қалимақұл бастаған жігіттер қуып жетті. Бұл «тамыр қытай» аталған Жу Сынаның дәл өзі екен. Құтылмасын білген ол атынан домалай түсіп:

– Тамырды мен өлтірген жоқпын. Менің кінәм жоқ. Мен емеспін, – деп тоңқандады.

Қалимақұл мылтығының шақпағын шарт-шұрт қайырып, ақыра тіл қатты:

– Қырғынды жүргізген кім, айт жаныңның барында?!

– Чың Пишу! Шығыс бағыттағы әскери бас қолбасшы Шың Шысайдың орынбасары әрі полк командирі Чың мырза.

– Иттің атын Бөрібасар қояды деп, қанішкіш жендеттердің атын неменеге әспеттеп тұрсың, иттің баласы!

– Тамырдың қатыны мен екі баласын...

– Тамыр деуін сұмпайының. Сен Әліптің тамыры емес, тажалы болған жоқсың ба? Шеріктер қайда бара жатыр, қай жерлерге тоқтайды?

– Дихуаға бара жатыр.

– Әйелі мен екі баланы кім апара жатыр?

– Ли Тұңлиң.

– Баркөлдегі құржалық қытайлардан сенен басқа кім-кімдер әскерге қосылып халықты қырғындады?

– Көмірліктегі қытайлар да бар.

– Бұны несіне көкітіп отырсыз, доңыздай қорсылдатып! – деп кіжіне арт жақтан келген Тұрды Қалимақұлдың қол ишарасына қарамай, Жу Сынаны жалғыз тал оқпен жайратып салды. Отыз екі жігітті бастап жаудың соңынан кеткен Қожақындар қалың мал айдап аз күнде қайта оралды. Шері тарқамаған ол:

– Екі күн соғысып арт жағындағы мал айдағандарын ғана жайраттық. Қалғандары Дихуаға ілініп кетті. Шәрбан мен екі баланы айыруға дәрменіміз жетпеді, – деп бармағын тістеді.

Осы кезде:

– Көмірліктегі қытайлардан біздің мал мен дүние-мүлікті танығандар бар екен. Жауды бастап келіп, елді қырғындауға белсене кіріскен солардың тобы екен, – деген хабар жетті.

Онсыз да қаны қарайған жігіттер тобы тегіс атқа мінді. Топ алдына Елісханның өзі шықты.

– Біз бұларды аяғанмен, бұлар бізді аямады. Тұмсығына қан қатырып ескерту бермесек, ертеңгі елдің желкесіне шығып алады. Қанға қан. Кәпірлердің өз істегенін өзіне істейік! – деп айқай салды.

– Мұхаммед, Мұхаммед, Жәнібек, Жәнібек! – деген үндер күндей күркіреді.

Қалың болат тұяқ жер құйқасын түтіп, тонаушы қытайлардың тобына қарай түйіле шапқан қазақ қолы кең қойнаууды дүбірлетіп барады. Өз қылмыстары өздеріне аян болған әлсіз жаудың болмашы қарсылығын елең құрлы көрмей, барымташы қытайларды қызыл қанға бояды. Көмірліктің кен өңіріне жасырынған бір тобын түтін салып, үңгірдің аузын бітеп, ыстап өлтірді.

Жауын жайратып, тоналған малдың бір бөлімін қайтарып келе жатқан көңілді топтың ішінен біреуі Елісханнан:

– Кегің қайтқан шығар? – деп еді, ол қабағын ашпаған күйі:

– Жоқ, өзегім әлі қанға толып тұр. Әттең, осы қырғынға жендеттерін аттандырған Жин Шурын мен әскер бастап келіп тасадан оқ атқан Шың Шысай залымның қанын ұрттасам шөлім қанар ма еді! – деді тістеніп.

Мұқым бір елге айбат, көрік болған ақ орданың орнында шошайып үш-ақ адам қалды. Қожақын, Ташбала, Елісхан. Жылай-жылай көз жасы да сарқылады екен. Бірақ кеуденің жалыны, көкірекке кіріп алған қып-қызыл шок сөнер емес. Сөнгенді былай қойып, өзекті өртеп, жүректі шыжғырып, аузыңнан аппақ жалын бұрқырайды.

Қожақын мен Елісхан бірін-бірі жұбатып, қырғын жайын сөз қылып отырғанда, «Әліп үкірдайға тез жеткіз» деген Тоймылдың хаты есіне түскен Қожақын қалтасын ақтарды. Тоза бастаған қағаздың бүктеуін ашып оқып еді: «Әліп үкірдай, ауа райы бұзылды. Қатты дауылды нөсер болады. Сақ бол!» деген жалғыз ауыз сөз жазылған Шәріпхан төренің хаты екен.

– Қап, қап, дер уағында үлгермей қалған екен ғой, әттеген-ай! – деп өкінді Қожақын. Онсызда жүрегін қайғы-мұң кемірген Елісханның сөйлеуге дәрмені жетпеді. Қырғынға ұшыраған ауылдың қанды жұртын өз көзімен көрсе де ештеңеге де сенгісі келмейді.

– Әке, әке, қашан келешің?

Елісхан баласына қолын созған күйінде түсінен шошып оянады. Қан жапқан мүрделерді көреді. Әкесінің өлі денесі тік тұрып, айналасын сипалап басын іздеп жүр.

– Басым қайда? Басымды тауып беріңдер!

– Әке, басыңыз міне, оны қалай жалғаймын?

– Жоқ, маған өз басымның керегі жоқ. Маған керегі мені өлтірген кәпірлердің басы.

– Әке, әке...

Қан! Тағы да қып-қызыл қан!

* * *

Шәрбан есін жиғанда өзін түйенің үстінен көрді. Қытай шеріктерінің қолына тұтқын болып түскенін білді. Айналасын сипалап еді, екі баласы да осында екен. Көз алдынан кешегі қырғын, ұлар-шу болып қанға бөккен адамдар бейнесі кетер емес.

Қытай шеріктері елді найзалап, қылыштай бастағанда Шәрбан екі баласын екі қолтығына көтеріп алып, кірерге тесік таппай шырылдады:

– Әпкетай-ай, мына екі құлынымды қайттім. Айналайын, күніштерім-ай, енді қайтейін, тым құрыса осылар аман қалса етті. Енді қайттім, әпке. Енді қайттім?

Шәрбан балапанын жылан жұтқалы тұрған әлсіз қарлығаштай шыжақ қақты.

Қапелімде не істерін білмей дағдарған Ділдәжанның көзіне жаңадан басылып босағаға жиналған киіз теңдер түсті. Жалма-жан киіздің арасын ашты да, екі бала мен Шәрбанды соған жатқызып орай қойды. Үстіне тоқым тулақ, жүн-жұрқа бірдемелерді тастай салды.

Шәрбан қорқынышты түс көріп жатқан сияқты. Кеше ғана тұрманы түгел, қаймағы бұзылмаған қасиетті ауылы аспан құлап, жер жарылғандай сүркей сұмдықтың құшағына кірген.

– Са, са! – деп қанға құныққан жендеттердің үніне ақтық демі үзілер сәттегі арпалысты үндер, шала бауыздалып жаны шықпай ыңырсығандар, ащы шыңғырғандар қосылып құлақты тұндырады. Шәрбанның басы зеңіп, көзі қарауытып кетті.

Олар киіздің арасында қанша жатқандарын білмейді. Есі кетіп жан шыққанда айнала тынышталғандай болып еді. Енді бірде үйге кірген әлдекімдердің керек-жарақты ақтарып, бұлаңшылық жасап жатқанын білді. Соның бірі кесек киізді аяғымен тепкілеп:

– Қазақтардың алтын-күмісі мынаған ораулы жатпасын. Ішін ашшы, – деді. Сол-ақ екен, қарулы қол киізді жұлып алды. Ішіндегі қатын мен баланы көргенде өздері шалқасынан түсе жаздады. Сасқалақтап мылтықтарын оқтаса қалды.

– Қатын, қатын, бала, бала, мұнда тірі адамдар бар екен! – деп айқай салды. Жақын маңда жүрген Ли Тұңлиң бірінші болып есіктен кірді. Қасқырдан қашқан еліктің лағындай дір-дір етіп, ақ киізге оранып отырған әдемі келіншекті, бауырындағы ақ сазандай екі ұлын көрді. Ли Тұңлиңның сұлу әйел десе емешегі үзіліп тұратын әдеті болушы еді. Аққұба өңді, қастары қиылған, қаршыға төс тамаша мүсін қор қызындай елестеді. Ол әйел затының кейбірінің күлгенде, кейбірінің жылағанда сұлу, сүйкімді көрінетінін білетін еді. Бірақ дәл мынандай өмір мен өлім арпалысында жасаураған жанары ботаныкіндей мөлдіреп, сұлулығын одан әрі асыра түскен періштені бірінші көруі. Шарасы жасқа толып, үрейге қамалса да иіріміне тартып тұрған тұңғиық жанардың көліне сүңгіп кеткендей сезінді өзін. Орсاق тістерінің арасынан шұбала тамуға айналған сілекейін сылп еткізіп тез жинап алды да:

– Өлтірмеңдер, түйеге артып алып жүріңдер, егерде айырылып қалсаңдар көргілікті көрсетемін! – деп айбаттанды. Сосын сөзін қайта жалғап: – бірде-біреуің албаты соқтығушы болмаңдар. Қазірше менің олжам болғанымен, барғаннан кейін бастықтарға сыйлыққа тартылады, – дегенді қосып қойды.

Шеріктер үшеуін дедектетіп далаға алып шықты. Киіздің арасында жатып, көзі қараңғылыққа үйреніп қалған Шәрбан бір сәт күннің ащы сәулесінен

имене ештеңені көрмей қалды. Көзін жұдырығының сыртымен уқалап-уқалап жіберіп қарап еді, шаңырағы ортасына түсіп өртеніп жатқан үйлерді, қанға батып үйме-жүйме құлап жатқан адамдарды көрді. Қатты бір шыңғырып барып, есінен танып кетті.

Содан бері бірде есі бар, бірде есі жоқ күйде түйенің ырғағында келе жатқанын ғана аңғарды. Бір тәуірі, екі ұлы да жанында екен, біреуі – төрт жастағы Сетерхан, біреуі – бір жарым жастағы Әлемхан.

Неше күн жүргені белгісіз, олар ақыры Дихуа қаласына келді. Шәрбан өзін-өзі өлтіру байламына келсе де көздері жәудіреген екі баласын қимады. Әсіресе, кішкенесі омырау сүтімен ғана қоректенетін еді. Оларды оңаша үйге түсірген Ли Тұңлиң бір күні күле кіріп:

– Сен жақсы әйелсің. Мен жақсы әйелдерді жақсы көремін, – деп емексіткен көңілін білдіргісі келді. Оның ойынша, дәрменсіз әйел айтқанына көніп, айдағанына жүру керек еді. Бірақ Ли Тұңлиңді қызықтырған мөп-мөлдір жанарлардан белгісіз оттар шашырады. Маржандай тістері көрініп, оның ар жағынан жіңішке, тым қатқыл үндер шықты:

– Сен жауымсың. Жауымның алдында басымды имеймін. Өлтірсең – басым міне. Жақындама маған!

– Қой, қой, шырағым. Торға түскен қоянның көжегіндей түріңмен бұлқынғаның қайткенің, саған тамақ керек, киім керек, менде бәрі бар. Керек десең Әліп көрсетпеген байлықты көрсетемін мен саған.

– Мен байлық үшін емес, арым үшін өмір сүремін. Аулақ жүр, қанқұйлы жендет кәпір!

– Сен өзінді емес, балаларыңды ойла! – осыны айтқан Ли Тұңлиң Әлемханның томпиған беттерін ақырын ғана шымшып жатыр еді, Шәрбан оның қолын қағып жіберді.

– Тигізбе арам қолыңды!

– Мына қаншықтың шәбелене үргенін қарай көр. Ой, бейшара, сені атқызбай аман қалдырсам, жақсылықты білсең етті. Андағы күшіктеріңнің күні не болады, соны ойласаңшы.

– Біздің жанымыз қырылған елден артық емес, аулақ жүр менен!

– Кімнің жеңерін көрерміз. Тайынша тулап ыңыршақ шақпас болар, қатынның ашуы қазан қайнатқаннан асып қайда барушы еді. Мен сияқты ұлық тірі қалдырып оң көзін салғанына қуанса нетті. Қарақшы қазақтарға қарата қолға ұстайтын көзір үшін керек дегенім болмаса қазір-ақ жаныңды суырып алатын едім.

Кәрлене айқайлаған Ли Тұңлиң аудармашысын ертіп, есікті қатты жауып шығып кетті.

Жүрегі езіліп, жаны күйзеліп тұрса да жауына көз жасын көрсеткісі келмеген Шәрбан ол шыға бере егілді-ай келіп:

– Құдай-ау, Құдай, не жаздық саған. Басқаны былай қойғанда, шиеттей балаларымның не жазығы бар еді? Неден сорландым, Құдай!

Зарын, мұңын, қайғы-қуанышын, жан наласын көз жасымен тарқататын әйел затының қасиетіне жеңілгенімен, жылау арқылы ештеңеден жеңілдей

алмады Шәрбан. Оның көз жасында кешегі гүл-гүл жайнаған өмірі, ауылдағы бақытты шақтары, қырылғандарға деген аза, жауыздарға деген лағынет, құлындарына деген көкірегін жарып шыққан күйінушілік – бәрі-бәрі бар еді. Шешесінің бетіне жаутаңдай қараған балалары да бірге жылады. «Жылаңдар, жылаңдар, өмір қанша жылатады екен, өлім ғана бізді жылаудан құтқара алады» – көз жасын тиып, тас мүсінше мелшиген Шәрбан балаларын уатпаған қалпында осылай ойлады.

Сол күннен бастап өзіне әкелген тамақтан татып та қоймады. Оның тандырға айналған омырауын сора-сора түк шығара алмай сілесі қатқанша жылаған Әлемханды да өзімен бірге ала кеткісі келген шығар.

Сұлу дидары солып, шаштары бобырап, ұсқынсыз күйге түсті. Оны қорқытқан, алдаған сөздердің бірде-бірі әсер ете алмады. Көзін бір ноқаттан алмай, меңірейді де отырды. Есік күзеткендер:

– Жынданып кетті, жынданып кетті, – деп күбірлесті.

Ол жынданбапты, ешкім жоқта Сетерханды бауырына басып:

– Сен қазақсың, сенің атың – Сетерхан, әкеңнің аты – Әліп. Елісхан деген ағаң бар. Өзің жақсы көретін Күләнда әпкеңді ұмытпаған шығарсың. Күләнда әпке, – дегендерді қанша қайталағанын өзі де білмейді. Өң мен түстің арасында жатып, сан рет қайталайды:

– Құлыным, айтшы, Күләнда әпке деші. Елісхан аға деші.

– Күләнда әпке, Күләнда әпкем қайда, Елісхан аға, Елісхан аға...

* * *

Қырғыннан он сегіз күн өткенде дөң басында отырған Елісханға әлдекім шауып келеді.

– Сүйінші, сүйінші, аға!

О, ғажап, құлағы не естіп тұр. Сүйінші сұрайтын күндер өлген жоқ па еді? Бұл ненің сүйіншісі. Мүмкін, мүмкін әйелі?.. Жоқ, балалары? Жоқ, жоқ, оларды өз қолымен жерлеген. Мүмкін үшінші шешесі Шәрбан мен бауырлары табылған шығар. Иә, Құдайым, солай болса екен. Сетерхан ағалап келе жатпасын. Құлыным, қарғам!

Елісхан келушінің бетіне аңырая қарады. Әкесінің ағасы Қайсаның Әтейханы қой көздері күлімдеп, өзіне тесіліп тұр.

– Сүйінші, аға, сүйінші!

– Ала ғой сүйіншіңді, бір тай атадым. Айта ғой, тез айтсаңшы.

– Жеңгем босанды. Ташбала жеңгем аман босанып, бір ұл туды.

– О, Тәңірім. Шүкір, шүкір, тәубе, тәубе! Біз өлмеген екенбіз ғой. Біз өлмейді екенбіз ғой. Елісханның көздеріне жас толды. Бұл жас қуаныштың, толқудың жасы еді. Бірақ төгілмеді, айдынында көлкіп тұр, толқып тұр.

– Менің тағы бір бауырым бар. Елісхан ағам берген тайды сол бауырыма беремін, – деп ауылға қарай шауып бара жатқан Әтейханның ту сыртынан қуана қарап, орнынан тұрды. Еңсесін басқан ауыр жүктің жартысы сырылып

түскендей жеңілдеп қалды. Сүркейлі сезінген дүниеге, қазбауыр бұлттардың астындағы қаражон қырқаларға шуақтана қарады.

Қарнын жау тіліп кеткен Ташбала жеңгесі аман-есен босанып, басы бақырдай ұл тауыпты. Үлкендер баланың атын «Додахан» деп қойды. Бұл «додадан аман қалған бала» дегендері еді. Әтейхан, Мінәндар оны еркелетіп «Томық» атап кетті.

Додахан өмірге келгеннен кейін Елісханның айналаға деген көзқарасы мүлдем өзгерді. Еңсесін көтеріп мұңлы, жүдеу күйінен арылғысы келіп ел ісіне қайта араласа бастады. Әке мұратын жалғап, елі мен жеріне ие болуды ойлады.

Әкесі бастаған көп шаһидтің жетісін, қырқын берді. Тұтас дүниесін өрт шалып, ішек-бауыры езіліп жатса да кеудесін тік ұстап, қайғысын білдірмеуге тырысты.

«Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дейтін ақсақалдардың ақылы бойынша інісі Шәріпханға атастырған Зәйіпті жесірі ретінде өзіне қаратты. Жаңа шаңырақтың түтіні түтей бастағанда бүкіл ауыл болып қуанды.

Алыс-жуықтан ат терлетіп келген ағайын біреу атын, біреу атанын жетектеп келіп, ортайған отарды малға қайта толтыра бастады. Әрі Елісханға басу айтып:

– Әкең Әліп ер еді, дүниеден сол ерлігімен, иілмеген қалпында кетті. Жиырма екіден жиырма үшке шығасың. Бала емес, азаматсың. Бордай үгітіліп, тозаңдай тозар болсаң езсің. Әкеңнің артын қолға ала бастапсың, жарайды. Еркек деген осылай болу керек. Әліп өлген жоқ, сен тірісің. Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Өлгендер қайтып келмейді, тірі адамға тірлік керек. Су сүзілмейді, ұрпақ үзілмейді. Жассың, ертеңің алда, – деген адал көңілдерін білдірді. Елісхан аттанғалы тұрған ақсақалдар тобына:

– Рахмет, рас, әкем өлген жоқ. Әкемнің көзін көрген сіздер тірісіздер. Ақ ниеттеріңізге Алла жар болсын. Жас дейсіздер, рас, сіздерге қарағанда бала екенім де өтірік емес. Ал мына қанқұйлы күндерде тіпті де тез есейіп, қартайып кеткендей көріндім. Абылай он сегізінде Шарыштың басын алған екен. Батыр бабам Ер Жәнібек он алтыда жауға шауыпты. Соларды ойласам жас емес сияқтымын. Арманым көп, дәрменім аз. Мұсылман халықтарының қанын судай шашқан Жин Шурын мен Шың Шысайды ойласам ұйқым келмейді. Менің әке-шешем мен балаларым көп құрбанның бірі ғана. Бұл жауыздар да мұнымен тынбайды. Әлі талай адамның қанын ішеді. Бұл жендеттер тірі тұрғанда қазаққа күн жоқ. Өттең, қолыма бір түсер ме еді... Өткен өтті, кеткен қайтып келмейді десек те, өткеннің сабағын ұмытпайық. Сақ болайық, қойға дәнiккен қасқырлар қораға қайта шаппайды деуге болмайды. Біздің түбімізге жететін – берекесіздік. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ, ешкім де ала алмайды. Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарағанымыз жөн. Кәпірмен дос болсаң, беліңде балтаң болсын деген сөз тегін айтылмаған. Кәпірлерге сенім жоқ, – деген ойларын айтты.

Іштей күбірлескен ұлы кәрілер: «Иә, Алла, бізді де бекер жаратпаған екенсің. Ел мен жерім деп еміренетін Елісхандай ерді бергеніңе мың тәубе.

Қазақтың қара шұнақ ұлдарының жолын аша көр, Алла!– деп беттерін сипап, аттарына қонды.

Бұл 1932 жылдың қараша айы болатын.

Екінші тарау

ТАЙТАЛАС

Жин Шурын билігі тұсында өлкелік үкімет кеңсесінің меңгерушісі және Шығыс Шынжаң көтерілісшілерін жаныштау мақсатындағы әскери қосынның бас қолбасшысы болған Шың Шысай 1932 жылдың қазанында өлкелік армияның бас қолбасшылығына тағайындалған еді.

Мешіннен тауыққа аунаған 1933 жыл қоразша қоқылдап келді. 12 сәуірде Дихуада саяси дүрбелең туып, Жин Шурын еріксіз тақтан түсуге мәжбүр болды. Қолында қомақты әскери күші бар Шың Шысай орайды пайдаланып өлкелік үкіметтің уақыттық әміршілігіне қол жеткізді. Әрі барлық әскери билікті де өз шеңгеліне алды.

Бүкіл Шынжаңды жеке дара билеуге әрекеттенген ол коммунистік қызыл қытайлармен соғысып, бір реткі ауыр жеңіліске ұшыраған Жияң Жиеші жетекшілігіндегі Гоминдаңның Нанжиң үкіметінен қайыр күткеннен көрі көршілес отырған Кеңес Одағына иек артуды жөн санады.

Дихуада көңілді көктем басталғаннан кейінгі мамырдың алғашқы күндерінің бірінде Кеңес Одағының Шынжаңда тұратын бас консулы Золоткинді қонаққа шақырды. Аласапыран күйге түскен Шынжаң жағдайын өз уысынан шығарып алмау туралы қожасының тапсырмасын көкейіне мықтап шегелеген Золоткин нөкерлерін ертіп, Шың Шысаймен қуана көрісті. Тіпті оны бірден қошеметтеп:

– Атақ-данқыңызды ерте естіп, жасы алпысты алқымдап қалған қартаң адам ба десем, жап-жас жігіт екенсіз ғой, – деп сөз бастады.

– Рахмет, рахмет, келгеніңізге ерекше қуаныштымын. Сіздей үлкен елдің ұлығы біздің құжырамызға бас сұққаны үшін бақыттымын. Биыл отыз алты жасқа келдім. Бала десеніз, бала-ақ болайын. Балаңызбын дейін десем, сіз де қартайып тұрған жоқ екенсіз. Әлі де қыздар көз салатындай көркіңіз бар екен. Жаратсаңыз ініңіз болайын.

Әзілмен басталған танысу екі арадағы бөгетті бірден алып тастап, ағытыла әңгімелесуге жол ашып берді. Қонақасыға дайындалған ас мәзірі көздің жауын алады. Даяшылар зыр жүгіріп қонақтардың асты-үстіне түсіп жүр. Көңілді дастарқанның әредік үзілісінде Шың Шысай Золоткинді кітапханасын көруге ұсыныс етті.

Төрт қабырғасы кітапқа толы кең бөлмені көргенде консул таңданысын жасыра алмады.

– Шың мырза, сізді жап-жас жігіт екен ғой деп бір таңқалып едім, кітапханаңызды көріп екінші рет таңданып отырмын. Жаңылмасам, сіз Жапонияда білім алған боларсыз?

– Иә, дәл айттыңыз. Он сегіз жасымда Лияуниң өлкесінің Кайюан деген жерінде қатардағы жауынгер едім. 1917 жылы Жапонияға алғашқы рет барып Токияда білім алдым. Кейіннен тағы да білімімді жетілдірудің орайы туып, Жапонияның құрлық армия университетіне оқуға түстім. Оқуымды сәтті аяқтап, елге оралғаннан кейін Нанжинде әскери қызметтер атқардым. Полковник шеніндегі штаб офицеріне дейін көтерілдім. 1930 жылы Жин Шурынның қажетіне орай Шынжаңға келген едім.

– Ә, солай ма, көрініп тұр, оқығандығыңыз.

Төр алдындағы кең үстелге таяған Золоткиннің көзіне үстел үстінде жатқан Маркс пен Энгельстің «Капитал» деген еңбегі мен «Коммунистік партияның жарнамасы» оттай басыла кетті. Кітапқа еппен еңкейген Золоткин:

– Сіз білесіз, қазір сіздердің Нанжиң үкіметі Жаң Кайшының жетекшілігінде коммунистермен соғысып жатыр. Ал сіз болсаңыз... – деп Шың Шысайға қарады. Шетелдіктердің көбі Жияң Жиешіні Жаң Кайшы дейтін. Золоткин де солай атады.

Міне, бұл Шың Шысайдың күткені еді. Жин Шурын заманында жасалған «Кеңес Одағы-Шынжаң сауда келісім-шартына» орай бұдан бұрынғы кездесулерде әңгіменің көбі екі елдің экономикалық мәселелері төңірегінде ғана өрбитін еді. Осы ретте де Шынжаң сыртқы істер мекемесінің бастығы Чын Дилиді Кеңес консулына қайта-қайта кіргізіп, сауда істерін одан әрі тереңдету мақсатында кеңес құрған болса да, одан әріге бара алмаған болатын. Ішкі мақсаты үшін құрылған тұзақты дәп басқан Золоткин сұрағына жауап күтіп өзіне күлімдей қарап тұр.

– Бағана жаратсаңыз ініңіз болайын дегенді тектен-текке айта салғамын жоқ. Інісі ағасынан сыр жасырмас болар. Сізге жүрек сөзімді айтар болсам, мен коммунистік идеяны жақтаймын. Елдеріңіздің жүріп отырған сара жолына да ерекше қызығамын. Бірақ Нанжиң үкіметіне бағынышты болғанымыз себепті, орталықтың ортақтығынан қашу тіптен қиын. Тіпті әлімізден асып бара жатсақ басымызға пәле тауып алуымыз да ғажап емес. Осы жағынан сіздің ағалық ақылыңызға зәрумін.

– Ә, солай ма, ойыңыз неткен терең еді. Нағыз философ адам екенсіз. Жасыңызда Конфуцийді көп оқығаныңыз көрініп тұр. Біз сіз түгілі, Жаң Кайшы мырзаға да коммунистік идеяны қабылдау туралы талай рет айтқанбыз, бірақ... – өзінің әлгіндегі бірер стакан арақтың қызуымен тым шешіліп бара жатқанын аңғара қойған консул сөзін үзіп жіберді. «Жаң Кайшы біздің идеяны қалап кетпегені үшін біз коммунистік қытайларға астыртын көмек беріп, гоминдаңдықтармен тіресуіне мүмкіндік тудырып отырмыз», – дегенін айтпай қалды, – тамағын сәл қырнап алып сөзін қайта жалғады, – бірақ Жаң Кайшы мырза оған қалай қарайды. Біз толық білмейміз. Мүмкін болашақта ол кісі де коммунистік идеяны қуаттайтын шығар.

Консул сөзін тағы да үзді. Мұнысы өзінше дипломатиялық сақтық танытқаны еді. Өзінің сөйлегенінен көрі қарсы жағын сөйлеткісі келіп:

– Сізге осы жұмыстың құлағын ұстатып отырған Жаң Кайшы мырза ғой. Ол кісінің идеясын біз емес, сіз жақсы білерсіз, – деп әуелгі сөз ауанынан жалтарып кетті.

Өзін бірден ұнатып қалған Золоткиннің ыстық көңілін суытқысы келмеген Шың Шысай қастарында өз адамдары

да жоқ оңаша орайды қолдан жібергісі келмеді. Бүкпесіз сөйледі:

– Жаң Кайшы мырзамен ескі таныстығымыз бар дос-жар адамдар едік. Кейін отбасылық жағдайымның қиын кезеңдерінде оқу оқып, білім алуыма да қаржылай көмектесіп отырды. Университет бітіріп келгеннен кейін де ол кісінің қол астында офицерлік шенмен әскери қызмет өтедім. Бірақ неге екенін білмеймін, уақыт өте келе маған салқын қарайтын болды. Бәлкім өзімнен асып кете ме деген іштарлығы да болған шығар. Қол астындағы өзі өсіруге тиісті кадрларды көбінесе «оңтүстіктікі», «солтүстіктікі» деп алалап отыратын. Кейде ақылмен ойлайтын істерді кеңінен толғанбай, сезімге беріліп, жеңілтектікпен шешкісі келетін сәттері де бар. Дәл осы қалпында еліміздің болашағы қалай болады, оны да бірдеңе дей алмаймыз. Қазірде Шынжаң жағдайын тыныштандырып, мемлекеттің іргетасын сақтауға бар күшімді салсам да маған аса үлкен сенім білдіріп отырған жоқ. Егерде менің коммунистік идеяны жақтайтынымды білсе, қолдағанды қойып, тезірек құртуды ойлауы да мүмкін. Егерде біздің еліміз сіздердің елдеріңіз басып отырған жолды басса халқымыздың болашағы үшін өте жақсы болар еді.

Осыны айтқан Шың Шысай лажсыздықпен күйзеліс танытқандай қатты күрсініп, төмен қарады. Оның шын ақтарылғанына көзі жеткен консул да өз көзқарасын жасырғысы келмеді:

– Егер сіз коммунистік идеяда берік тұратындығыңызға сенім білдірсеңіз, Кеңес Одағы сізге бірден-бір сүйеуші бола алады. Мен Орталық партия комитетіне сіздің мәселеніз туралы ұсыныс хат жолдаймын. Әрине, олардың қарсы болмасын да білемін. Өзіңізге не керек екенін жасырмай айтсаңыз болғаны. Сіз жағыңызда болатындығымызға кәміл сеніңіз.

Шың Шысайдың төбесі көкке екі-ақ елі жетпей тұрды. Күтушілерін шақырып, кітапхана үстеліне шағын дастарқан жайғызып үлгерді. Золоткинге қымбат бағалы арақтан тағы бір стаканды толтыра құйып:

– Коммунистік идея үшін біреу ішейікші, – деді.

Консул қарқылдап күлді:

– Інім, қу екенсің, қу екенсің. Құтылдырмадың.

Қолындағы стаканды сарқа тартып, Шың Шысай ұсынған қақталған Пекин үйрегінің санын құшырлана мүжіді.

– Дәмді, өте дәмді. Пекин үйрегі дәмді екен.

– Ініңіз аман болса, бұдан да дәмді нәрселерден ауыз тигізеді.

Бұл жолы екеуі де жарыса күлді. Шың Шысай күткен екінші орайлы сәт келді:

– Шынжаңның жері күрделі, басқаруы тым қиын. Әсіресе, жақыннан бері қарай Шығыс Шынжаңда ұйғырлар мен қазақтар көтеріліп мазамызды алып жатыр. Оларды жайпай салу түк емес. Дегенмен де Ма Жұңиың деген дүңгеннің қорлығы әбден өтті. Ол бізге баяғыдан жау болып келіп еді. Сізден несін жасырайын. Жақында Жаң Кайшының қол астында істейтін бір досым телеграмма жолдапты. Соның мәліметіне қарағанда Жаң Кайшы мырза Шынжаң мәселесін тыныштандырып, өзінің айтқанына көніп, айдағанына жүретін басшыны қою үшін бір-біріне жау болып келген Ма Жұңиың мен Жаң Пиюанды бірігуге шақырған көрінеді. Екеуі бірігіп кетсе, әрине, менің ішкі-сыртқы сырымды білетін ең үлкен жауым да солар болады. Менің айым оңымнан туып ерте ме, кеш пе, олардың көзі жойылатын болса, Шынжаңда маған қарсы тұрарлық қуат ешкімде болмас еді.

– Жаңағы айтқан ұйғырлар мен қазақтар ше?

– Ұйғырлардың басшысы – Қожанияз деген. Жалпы, бұл халықты бағындыру аса қиын емес. Негізінен өзіне-өзін салсаң, ақша мен мансапты көлденең тартсаң, көп жағдайда бірінің басын бірі алудан, бірін-бірі сата салудан тайынып кетпейді. Оларға айбардан көрі алдап-арбаудың өнімі өтімді болады. Ал қазақтарға келсек... – Шың Шысай түйткіліксіп қалды, – өте тағы, жауыз халық. Жақында сол Қожаниязға көмек берген, біздің талай шерігімізді қынадай қырған Әліп деген қарақшы қазақ өз жазасын алды. Әлі де құтырынып жүргендері өте көп. Олар да қайда барады дейсіз...

– Інім, қазақты тым жеңіл санама. Бұл халық қан көрген сайын егесіп, елеуреп отырады. Оларды да күшпен алғаннан көрі алдап-арбап құрту керек. Қазақтар мәселесі туралы кеңестіктердің тәжірибесі өте мол, – консул бір сәт езуінен жымыды, – ең бастысы, өзін-өзіне салу керек. Кеңес Одағынан дүңген мен ұйғыр әкеліп беремін деп айта алмаймын. Бірақ қазақтарды бастықтыруда еңбек сіңірген аға-бауырын аямайтын ақымақтары көп, қолыңа соның ең маманданған бірін тигізсем болды, талай қазақтың басын допша тебер едің.

Керегінді дәл таптым-ау деп Шың Шысайға мәз бола қараған консул кенет жүзін салқындыққа ауыстырып:

– Сен аға деген соң, өзінді жақсы көрген соң сырымды ақтарып жатырмын. Екеуіміздің екі мемлекеттің өкілі екенімізді есімізден шығарып алмайық. Және де аузыңа ие бол. Айналанды таза ұста. Іштен шыққан жаудың іріткені қиын болады. Сыртқы жау ғой қиын емес, – дегендерді шегелей тапсырды.

Золоткин қонақасыдан көңілді қайтты. Аттанарында қонағының қоржынын қымбат бағалы заттар мен алтын-күміске сықай толтырған Шың Шысай:

– Қалағаныңыз болса кез келген уақытта тартынбай алып тұрыңыз. Бізге тапсырар бұйымтайыңыз болса қай-қашанда сіз үшін қызмет етуге дайынбыз, – деді.

– Ойбай-ау, біз – коммунистер, пара алмаймыз ғой. Мұның не? Жә, жә, жарайды, інімнің сыйлығы деп қабылдайын. Кеңес Одағының Дихуадағы консулының есігі өзіңізге әр дәйім ашық тұратынын сіз де ұмытпаңыз, – деп төменшіктеген консулдың көкшіл көздері күлмің қағып, сап-сары шаштары тіпті деп жарқырай түскендей көрінді.

Алайда ол өзінің бөктеріншегіндегі сыйлықтың бір жүз он жеті адамы қынадай қырылған қазақтың қанмен жуылған ауылынан бұлап алынғанын білмейтін еді.

* * *

– Ка сылиң⁵ кәпірлерге қарсы жиһадқа шығып, қасиетті соғыс жүргізеді екен.

– Оның ішінде Жырық батыр деген бар дейді. Жауға аттанарда шапанын киіп, басына ақ сәлдесін орап, «лә илләһ илла Алла» деп иман калимасын айтып, қолына хазірет Қалидан қалған арабтың қайқы қылышын ұстап жауға шауып барып, араласа кетіп, қылышын оңға бір сермесе қырық елу адамның басы, солға бір сермесе тағы сондай адамның басы допша домалап түседі екен. Сөйтіп, сүтпісірім уақытта жау қанша көп болса да түгелдей жойылады. Анау Жырық батырды айтсаңшы, өзіне жау жағынан қанша қылыш шабылса да қара тасқа шапқанмен бірдей, қылыштың жүзі майырылып қалады екен. Атса оқ өтпейді, атқан оқ жерге домалап түсіп жатады. Бұл Алланың ерекше бір жаратқан адамы болса керек.

– Тағы бір Машың дейтін үлкен оқымысты бар екен. Оқитынының бәрі сиқыр дұға екен. Оның үлкендігі ат басындай ылғи дұға жазылған кітабы бар дейді. Ол сиқыр дұғасын оқырда алдымен зәмзәм қосқан суға шомылып, ғұсыл алады екен. Сосын жүзін құбылаға қаратып, жылқының жал-құйрығын не пұшпақ терісін алдына қойып, оған сиқыр дұғасын оқып, бір-екі рет үшкірсе болды, әлгі пұшпақ кісінеп, бір ер-тоқымды ат болып түрегеледі екен. Машың қолын жауға қарай бір сермесе болды, қарсыласқан дұшпанның ішіне шауып жетіп, жаудың адамдары ер-тоқымды атты ұстаймыз деп жабыла ұмтылғанда бомба болып атылып, жан-жағындағының бәрін жайратады екен. Алдыңғы сиқыр дұғасына жау қырылып бітпесе, ертоқымды аттың іші толған бомба екендігін жау сезіп қалып, ондайға екінші рет жуымайтын болғанда амалын өзгертіп, түйенің шудасы мен бас терісін алғызып сиқыр дұғасын тағы оқып, бірнеше қайта үшкірсе, бір ақ інген боздап шыға келеді екен. Тағы да Машың жауға қарсы қол сермесе болды, ақ інген боздаған бойы жаудың ішіне кіре жығылып, тағы да бомба болып атылып, жаудың қалғанын қырады екен.

– Ақырзаман таяғанда жерден Мәді шығады, көктен Қайса түседі деуші еді, ақырзаман таяп қалғаны ма?!

– Ақырзаман бізге емес, кәпірлерге келетін болғаны ғой.

– Кәпірлер мұсылмандарға ойына келгенін істеп, әлінен әбден асып еді, сазайын бір тартатын болды деші...

– Біздің де көз жасымызды көретін күн туған-ау. Бұнына да тәубе!

– Сондай бір керемет иелері болмаса бұл кәпірлерге басқа зауал жоқ. Алла зауалын бергірлер, қырылса тезірек қырылса екен.

⁵ Сылиң – әскери жетекші

Ел іші гу-гу. Әрнеге шошынды болып қалған қазақтар не істерін білмей дағдарып тұрғанда бояу сатушы болып ел ішін есекпен аралап жүрген бір ұйғыр Елісханның қолына тілкімдей қағаз ұстатып кетті.

Хатта мынадай сөздер бар екен:

«Құрметлік Елісхан жанаблары, сізге Алланың шапағаты жаусын. Марқұм әкеңіздің жаны жәннатта, топырағы торқа болсын. Ол таза мұсылман еді, кәпірлерге қарсы күресіп өлген нағыз шаһид болды. Иллаһим, жаны жұмақта болады деп сенеміз.

Біз сізге Алланың елшісі – Мұхаммедтің ақ туын ұстаушы ретінде мынаны ұқтырамыз. Шынжаңдағы мұсылман халықтарының тілектері бойынша біздің жер қайыстырған қалың армиямыз кәпірлерді жазалау үшін жиһад жорығына аттанғалы отыр. Әрине, сіздің әкеңіз сияқты жазықсыз қырылған талай мұсылманның кегі үшін қытайлардың қанын судай шашамыз. Шың Шысайдың көзін жоғалтып, мұсылман мемлекетін құрамыз. Сізді қазақ бауырларды ілестіріп, біздің күресімізге қосылып, кәпірлерден бірлікте кек алуға шақырамыз.

Мұхаммедтің ақ туының астында көрісейік! Дініміз үшін өлсек шаһидпіз, тірі қалсақ қазымыз.

Мемлекет армиясы отыз алтыншы дивизиясының командирі Ма Жұңиың».

Елісхан хатты бір емес, бірнеше рет оқыды. Ауылдағы атқа мінер жақындарының басын қосып:

– Ма Жұңиың маған хат жазыпты. Әкемнің тірі күнінде де Ма Жұңиың мен Қожанияз кезек елші жіберіп, қытайларға талай рет соғыс ашса да онысынан ештеңе өндіре алмағандарын білесіздер. Бірдеме өндіргенді қойып, Қожанияздың кеселінен басымызға бұлт үйіріліп, қытайдың қырғынына ұшырадық. Дәл қазір бізге дос жоқ. Біздің ата жауымыз қытай болса, ірге жауымыз – сарт пен моңғол. Алыстағы дүңген аспаннан түскендей жетіп келіп бізді құтқарады дегенге сенгім келмейді. Сол үшін менің ойым – ойынның ақырын бағу. Бірақ тыныш жатпаймыз. Қырғыннан кейінгі қытайлармен соғыста қолымызға түскен қару-жарақ біраз адамға жетеді. Сол үшін жасақ топтап, күшімізді нығайтамыз. Еруліге қарулы дегендей, қандай жағдай болғанда да дайын болғанымыз жөн, – дегенді айтты.

Бұл пікірді бірінші қостаған Қожақын болды:

– Біз кімге сенеміз, алхамдуллаһи бір Аллаға ғана сенеміз. Пенде баласынан сенеріміз қалған жоқ. Десе де, дүңген жеңсе онымен одақтасуды, Шың Шысай жеңсе, бәрібір онымен жауласуды жалғастырудан басқа амалымыз жоқ, – деген пікірін білдірді.

Ережеп молда даусын кенеп алып:

– Біз дін үшін күрестен бас тартпағанымыз жөн еді. «Жауды аяған жаралы» дегендей, біз кәпірді мүсіркегенімізбен, олар бізді аямайды, – деді.

Елісхан көпке қарап:

– Менің Шың Шысайға деген кегім әлі тарқаған жоқ. Бірақ қан қызбалықпен албырттық асаулыққа беріліп, сырттан ағылып келген

дүңгендерге қалай қосыламыз? Қылаң мен Жантайлақтың басын алған Мадарың жендетті те осы дүңгендер құтыртқан дегенді естігенмін. Олар бәрібір тұрғылықты халық емес. Сол үшін бұл мәселені мынадай шештім. Біріншіден, менің Шың Шысайға жазған хатым бар. Соны арнайы кісілер оның қолына тигізуі керек. Хаттың қысқаша мазмұны – әкемнің, шешемнің жоғын жоқтау. Адамды қырып, ауылды тонаған зұлымдықтарына құн және айып төлету. Кіші шешем Шәрбан және бауырларым Сетерхан мен Әлемханды қайтарып бер деп сұрау. Және хаттың соңында «келесі жылы әкеме ас беремін, соған дейін жауап күтемін» дедім. «Бұл хаттарға дұрыс жауап бермесең тұрысатын жеріңді айт, соғысып өтемін» дегенді де ашық білдірдім. Ма Жұңиыңның хатын көргеннен кейінгі ойым: осы хатты екі дана қылып жазамын. Бірін Шың Шысайдың қолына тигізсем, бір данасын Ма Жұңиыңның ел ішін кезіп, үгіт айтып жүрген адамдарының қолына аңдаусыз түсірген етемін. Және де оған тағы бір хат жазып: «Қазамен қабырғамыз қайысып отыр, әзірше әл-дәрменіміз жоқ» деп жауап беремін. Мүбәда дүңген жеңіске жетсе менің хатымның мазмұнын білген соң бізге тиіспейді. Ал Шың Шысай тиісе ме, жоқ па дегенді ойлағым да келмейді. Дүңген жеңіліп, Шың Шысай жеңіске жетіп жатса, оның ендігі ең үлкен дұшпаны біз боламыз. Арзан алма мен көк шапақ қауынға абыройын айырбастай салатын сарт емеспін. Ақ кепешін лақтырып жіберіп, қытайша шүлдірлесе арасына сіңіп кететін дүңген емеспін. Қазақпын. Олар да қазақтың қандай екенін білсін! Қазірше әкемнің асына сауын айтып, сарбаз сайлаудан басқа жұмысым жоқ, – деп тынды.

– Алла жар болсын, жарығым, жолың болсын, ойлағаныңның бәрі орынды!

Үлкендер жағы Елісханның сом жаралған денесіне, отты жанарына қызыға қарап: «Әке көрген оқ жонар деген. Әкеден артық болмаса, кем тумаған екен. Қазақтар қосақ арасында қалмасын деп елін қанатының астына алып отырғаны ғой. Тіл-көзден аман болсын», – деп іштей дұға-тілек білдірді.

Арқалары кеңіп, жиналыстан көңілді тарады.

* * *

Баркөлдің шығысында жасыл текеметтің үстіне төгіліп қалған салақ әженің талқанындай өзгеден оқшау бір шөкім құм төбе жатыр. Оны жұрт «Шошан құмы» деп атайды. Енді бір қарағанда жасаңға шөгіп жатқан сары атанға ұқсайды.

Үілдеген желдің үнімен құмнан көтерілген қобыздікіндей күңіреніске зарлана жылаған мұңлы әуез қосылып, даланың сай-сүйегін сырқыратады.

Бұл төбені біреулер һүн батырының моласы десе, біреулер құмға айналған һүн сарбаздары деседі. Әңгіме былай болған екен:

Үйсіндермен құдаласқан ежелгі қытай тайпалары һүн даласына көз алартып, көп рет шабуыл қозғайды. Сол тұстағы һүн жұртының ұлтанды бір бөлігі осы маңды мекендесе керек. Аратүрік-Баркөлді артқы тірек еткен һүн сарбаздары жаумен аянбай күреседі. Баркөлдің оңтүстігіндегі адырлардың теріскей беті жаудың өлігіне толады. Һүн сарбаздары да қырғынға ұшырайды.

Соның ішінде жауға атойлаған жалғыз батырының ерлігі ерекше болады. Ең соңында жүз шақты сарбазы ғана қалған батырды жаулар қоршап алады. Олар шегіне соғысып осы құм тұрған жерге келеді. «Аңдыған жау алмай қоймайды» дегендей, айналаны қоршаған жау жасағы әміршінің бұйрығы бойынша жан-жағынан мыңдаған жебе жаудырады. Батырдың тұлғасы жебеден көрінбей қалады. Кенет күннің көзін бұлт жауып, қатты дауыл соғады. Жап-жасыл табиғаттың қойнына құм жауып, жау әскерінің тоз-топалаңы шығады. Күн екені белгісіз, түн екені белгісіз, қараңғылықта қалған жау шерігі өзара қырқысып, қынадай қырылады.

Ертесі ертемен күн шығып, жарық түскенде есін жиған жау әскері өздерінің азғана адамының қалғанын көреді. Олардың қарсы алдында үрейлі құм тауы жатады. Осы кезде жел тұрып құмның қойны-қонышы шулап қоя береді. Һүн сарбаздарының аттандаған үні естілгендей болады. Үрейленген қытай жасақтарының көзіне құмды тау өздерін басып келе жатқандай көрінеді. Тым-тырақай қашады.

Міне, содан бастап осы жасыл төскейде бас-аяғы тай шаптырым келетін құмды төбе пайда болады.

Сол бір ескі тарихты еске салғысы келгендей құм сыңси жылайды, мұңлы дауыспен күңіренеді. Құмнан аттандаған, ұрандаған Һүн сарбаздарының үні шыққандай болады.

Осы араға анау Күңіректің жотасынан немесе Бисанның бір биігінен көз салған сайын Елісхан бұл құм төбені жер бауырлап, атылғалы жатқан барысқа ұқсататын. Азуын батысқа қарай білеген сол барыстың құйрығын баса ауыл қондыруы, онда әкесіне ас беруі де тегін болмаса керек.

Құмның солтүстігіндегі жазыққа қаздай тізілтіп, үш қатарға бір жүз үй тігілген. Ең басында оқшауланған ақ төбедей бір үй тұр. Осындай үйлерді жабдықтау, мал сойдыру секілді жұмыстың бәрін өз мойнына алған Қожамберген барлық істің ығын біліп, шып-шырғасын шығармай, зыр жүгіріп жүр.

Әліп ауылы шабылдардан бұрын өзінің Қаптыққа қарай көше жөнелгенін бірде жөн санаса да, енді бірде бармағын тістеп: «Қап, әттеген-ай, ағамнан жаным артық па еді. Басына күн туғанда қасынан табылмағанымды қарашы. Мен бөлініп көшпеген болсам аман қалар ма еді, қайтер еді» деп те ойлайды. Кейде өзін өзі жазғырса, енді бірде Шәріпхан мен Баймолланы іштей кінәлайтын. Олардың кезек-кезек келіп: «ағаңа ақыл айт, үкіметпен қарсыласа бермесін. Бұлайша тоңмойындық істей берсе, түбі жаман болады» дегенін кезінде сақтандырғаны деп біліп еді. Енді ойласа, ағайын арасының ұсақ араздығына бола екеуінің арасына әдейі от тастағандай сезінеді. Сөйтіп, жаулары жағасына жармасуға дәрменсіздік танытып келген Жамысбай балаларын іштен ірітіп, қапияда бас салған жоқ па дегенді ойлағанда мұның да өзегі өртенеді.

Өзінің артынан Қожакын мен Елісхан қуып барып, көшті қайырғанда да, сол ағаттығын кеш сезініп:

– Сендер тезірек қайтып, арттағы ауылға ие болындар. Мен қайда барады дейсіңдер. Арттарыңнан барамын, Шәріпхан «қытайлардың сұрқы жаман, сақ болындар» деген соң қорқып көшкенім еді, – деп шынын айтқан болатын.

Өткен іске өкінгенмен, амал жоқ. Бәрібір уақытты шегере алмайсың. Елісханның қайысқан қабырғасына сүйеу болсам деп еді, ол арманы да орындалып жатыр. Ағасының асын берер уағы өткен жылы болса да жау-жалам жағдай мен күйреген отбасылардың орнына түтін түтету әбігерлігі қол байлау болды.

Кешегі қып-қызыл қанға малынып күлге айналған ақорданың орнынан жаңадан көтерілген жас шаңырақ дегенге сенгісіз Елісханның отауы өзіндік айбатпен ерекше еңселі көрінеді. Сыртқы босағаға қара ту байланған ақтамақ найза шаншылыпты. Алыс-жуықтан келген ағайын сол ақ отаудың белдеуіне ат байлап, босағасын «бисмилламен» аттап жатыр. Астың дайындық қамымен жүрген біраз адам осында жиналған еді. Аллаға тәубесін үйірген үлкендер жаңа келіннің қолынан ыстық шай ұрттай отырып, астың дайындығы туралы әңгімеге көшті. Бәрі де өз істері туралы жас та болса бас санаған Елісханға мәлімет беріп жатыр. Алдымен сөз алған Қожамберген:

– Қарағым Елісхан, үйлер түгел тігіліп болды. Қазір бата жасалған соң, мал сойыла бастайды. Шабатын аттың бәйгесі, балуанның жүлдесі, бәрі дайын. Екі жүзге тарта ат шабады деп межелеп отырмыз, қазірше жетпіс бес атқа бәйге дайындадық. Жиырма бес атқа дейін алды атан түйе, арты тай деген секілді бес ірі қарадан дайындап жатырмыз, – деп бір тоқтады. Қожақын да өзі істеген істерді тағы бір пысықтап:

– Баркөлден келетін жолдың бойына шолғыншы жиырма жігіт орналастырылды. Күні-түні кезек-кезегімен қарауылда тұрады. Бейсауат адамды ары-бері жүргізбейді. Сағат сайын бізге хабаршы жіберіп тұрады. Әр үйге бірден, жиыны жүз азамат күтушілердің бастығын қойдық. Олардың бәрі – неге болса да сақадай сай тұратын сарбаздарымыз. Оның сыртында отыз азамат бәйгенің бас-аяғын қадағалайды. Он неше азамат үлкендерге атқосшы ретінде орналастырылды. Аратүріктің жолына бес азамат қарауылға кетті. Әлдеқандай жағдай бола қалса елу азамат елге ие болады. Екі жүз азамат атқа қонады. Осында жүрген өзімізді қосып есептегенде, үш жүзден артық қарулы азамат бармыз, көбі – былтырдан бері арнайы жаттығудан өткен өңкей жаужүрек жігіттер, – деді.

Елісхан сөз дәметкендей төр алдында үнсіз отырған Адубай ағасына қарады. Әдетте көп сөйлемейтін, сөйлесе албаты айтпайтын бұл кісіні жұрт көріпкелі бар киелі адам деп имене қараушы еді. Ол кісі көзін жауып тұрған ұзын қастарын бір көтеріп:

– Е, қарақтарым, кәрі жияңжүн атанған лақса генаралдың заманында ұйқымыз қанып еді. Жин Шурын дегені таққа шыққалы құйрығымыз қоныс таппады. Құйрығымыз қоныс тапқаны түгілі, мал мен жанның өзін сақтау уайым болды емес пе. Бәрін жарылқаймын деп келген Қожанияз Шың Шысайға сатылып кетті. Мұсылман мемлекетін орнатамын деп күндей күркіреп жеткен Ма Жұңиың дүнген Шың Шысайдан өле таяқ жеп, торғайдай

тозды. Қытайлардың көзіне шыққан сүйелдей болып, сұмдардың қарауылында біз ғана қалдық. Елдің ең соңғы бір көрген қызығы осы бола ма, кім білсін. Асты жақсы өткізіндер, – деп жуан даусымен күмбірлей сөйледі.

Оның «Қожанияз сатылып кетті», «Ма Жұңиың таяқ жеді» дегенінің де өзіндік мәні бар. Алғашында Қожанияз бен Ма Жұңиың бірігіп Жин Шурын үкіметінің үрейін ұшырған еді. Оған қазақ қолы қосылып, жаудың бірнеше мың адамын жаһаннамға аттандырған болатын. Кейіннен Шың Шысай жағынан жеңіліп шегініп кеткен Ма Жұңиың бас-аяғын жинап, өткен жылы Шынжаңға қайта шабуыл қозғаған. Бұл шабуыл жай ғана шабуыл емес болатын. Шынжаң билігін қолына алған Шың Шысайдың өз бетінше кетіп бара жатқанына қатты алаңдаған Жияң Жиеші Гансу өлкесіндегі отыз алтыншы дивизиясының командирі Ма Жұңиың мен Іле генералы Жаң Пиюанға астыртын бұйрық беріп, Шың Шысайдың көзін құртуды тапсырған.

Мұны алдын-ала сезген Шың Шысай Кеңес Одағының Дихуадағы консулы Золоткинді қолына қондырып, Кеңес Одағымен достасып үлгерді. Сол достықтың алғашқы көрінісі ретінде Кеңес Одағымен және Қытай коммунистік партиясымен бірігу бағытын көтеріп шықты. «Империализмге қарсы тұру, Кеңес Одағына жақындасу, ұлттар теңдігін жолға қою, үкімет жұмысында таза болу, бейбітшілікті қорғау, қоғамдық шаруашылықты жандандыру» сынды алты ірі саясатты үгіттеді. Шығыс Қытайды жаулап алып, Кеңес Одағының біраз жерін де өзіне қосып алған Жапониядан іштей тіксінетін кеңестіктер, олардың ендігі жерде Шынжаңға ауыз салуынан қатты алаңдайтын. Тіпті, Шынжаң билігін қолына алған Шың Шысайдың Жапониядан оқып келгендігі олардың ішкі күмәнін онан ары ұлғайтып еді. Осындай қиын жағдайда қаһары қатты, қармағы ұзын Сталин Дихуадағы бас консул Золоткинге Шынжаң мәселесі турасында тікелей тапсырма берген болатын. Золоткиннің Шың Шысай шақырған қонақасыға желп етіп бара қалуы да осындай ішкі есептің ықпалынан болып еді.

Сөйтіп, әр екі жақ өз ұпайын түгендеді. Кеңес Одағы Шынжаңның өзінің шекаралық қауіпсіздігіне төндіретін қатеріндегі қорғаныс қуатын бекемдей түсумен бірге жергілікті байлығын мейлінше пайдаланды. Шынжаң мен Кеңес Одағының сауда келісіміне орайластырып Шынжаңға берілген әрқандай көмегін қымбат бағалы сауда айырбасы есебінде ұстады.

Шың Шысай не сұраса соны берді. Кеңес Одағынан «Тарбағатай армиясы», «Алтай армиясы» деген атпен бірнеше дүркін кірген қуатты армия аспанда самолет, жерде танкінің көмегінде Шың Шысайды құртпақшы болып, Дихуаға шабуылға шыққан Ма Жұңиың мен Жаң Пиюан армиясын жеке-жеке тып-типтыл жойды.

Қашқар аймағында «Шығыс Түркістан республикасын» құрып, жаңа республиканың президенттігіне отырып жатқан Қожанияз қажы Еркештам деген жерде кеңестіктердің қақпанына түсіп, жас мемлекетін сатып кетті. Республиканың үкімет бастығы Сәбит Дамолданы өз қолымен ұстап берді. Кеңестіктердің қысымы мен әрбілеуінің нәтижесінде Шың Шысайдың қолтығына кірді. Оның еңбегін бағалаған Шың Шысай Қожаниязды өлкелік

үкіметтің төрағасының орынбасарлық тағына отырғызды. Осы арқылы ұлтын өз мүддесінің құрбандығы қылатын сатқындарға төрден орын беретіндігін көрсетпек болды.

Әдетте көп ашылып сөйлемейтін Адубай алыс-жақынның ой-қырына қиырдан қарап, осының бәрін қысқа ғана қайырып өтті. Сосын ауыр бір күрсініп:

– Қайран мекен, қасиетті қоныс ұя болудан кетіп тұр ғой, – деп күйзеле күңіреніп, сөзін аяқтады.

Осы кезде есіктен көкқасқа тайдың басы көрініп, бала жігіт бата сұрады. Жұрт төрде отырған қарияның аузына қарады.

– Лайллаһа-иллаһу, мұхамадрасуллаһу,

Бір Алла сені қолдасын,

Еш жамандық болмасын!

Кеткенің келсін,

Кемтігің толсын.

Отауың орда болсын,

Іргең берік болсын.

Қыдырың серік болсын

Өткенге иман берсін

Қалғанға қайыр-береке,

Ұрпаққа намыс-ұждан берсін... – деп ұзаққа шұбырта жасалған батаға жұрт тегіс «әмин» десті. Бұл ас дайындығындағы алғашқы отырыстардың бірі еді.

«Ертең – ас» деген күні етектегі хабаршылар ентіге жетіп:

– Баркөл жақтан бір көңке⁶ келе жатыр, – деп мәлімдеді. Елісхан:

– Кім болса да кіргізбендер, – деген бұйрық берді.

Көңкедегі кісі күзетшілерге түсіп амандасып:

– Сарсүмбеден келе жатқан бас хатшы Мәңкеймін, – дегенді айтты.

Күзетшілер өткізгенді қойып, одан ары тікірейе қалды:

– Қазақ болсаң, ата жолын ұстансаң, қазалы ауылдың асына көңкемен шандатпай, атпен келмес пе едің, сені қытайлар әдейі көңкемен жіберген шығар. Үкімет адамдарын өткізбейміз! – десті.

– Елісханға менен сәлем айтыңдар. Мәмидің ұлы Мәңкей әкесіне көңіл айтқалы Алтайдан арнайы келіп тұр деп хабарландаршы, – деді амалсыз қалған қонақ басшысы өзін таныстырып.

Мәңкей өзін өткізбеген күзетшілерге сәл шытынаса да, сарбаздарын сақадай сайлап, әскери түске енген қазақ қолының сұстылығына іштей сүйінді. Көп өтпей хабаршылар «өтсін» деген бұйрық алып жетті.

Бірін-бірі көрмеген, бірақ аты-затына қанық екі тауды жайлаған қаракөктің тұқымдары құшақтасып көрісті.

Мәми мен Жамысбай екеуі де – бір жәнтекейдің баласы. Бірақ бір таудың құшағына сыймады. Атасынан қалған көктастың билік буы мен исі керейдің «айналайынына» семірген Мәмидің кішіреюінің негізі жоқ. «Тасбике таста

⁶ көңке – машина деген мағынада

туып, түзде түлейді» деп білетін Кәдірбек ұлдарының да кеудесі тай жеген бөріден кем емес. «Алтай саған қалсын, біз кеттік» деп Баркөлге қарай қотарыла жөнелген. Ат кекілін кесіспесе де іштегі менмендік араны алыстатып жіберген. Бірақ мынау дүние-жалған кімнің қолында тұрады. Алтайға тұтқа болып Мәми де тұрған жоқ. Баркөлдi уысына ұстап Әліп те қалған жоқ. Бәріне де сол дүниеден, сол даладан бір уыс топырақ қана бұйырды. Ағайынара ала жіп аттамайтын алтын Алтайдың құшағындағы қаймағы бұзылмаған қасиетті күндер алыста қалды, тым алыста... Кешегі бір атаның балалары бірімізді-біріміз танымай, жат болып барамыз.

Екеуі құшақтарын айырып, бір-біріне қарап алып, қайта құшақтасады. Жанарлары жасқа толғанымен, оны төгуді ар көрген шығар. Алдымен Мәңкей тіл қатты:

– Арыс ағаларымның, арыстан ағаларымның алды иманды, арты қайырлы болсын, Алла тағала иманын жолдас қылсын! Дұғаларыңыз қабыл болып, ас берекелі өтсін!

– Мәми атамыздың өмірден өткеніне ұзақ болса да жарықтықтың жатқан жері жәннат, топырағы торқа болсын. Көңкемен келе жатыр деген соң үрке қарап едік, өзімнің ағам екен ғой.

– Сендерде не жазық бар, қырғи заман қырына алған соң, бұтаға паналаған торғайдай қорғанғандарың ғой. Қайтеміз, ел аман болсын, ұрпақ аман болсын.

Мәңкейді қолтықтай жетектеген Елісхан өз үйіне бастады.

Қымызға қанып, қызара бөрткен бір сәтте Елісхан:

– Қалса жәнтекейдің, асса керейдің иесі болған қасиетті төрт орынның бірінен келіп отырсыз. Асты өзіңіз басқарыңыз, – деген өтінішін білдірді.

– Ағалығымнан қалса бөлелік жағымыз тағы бар. Ата жақтан алыстамасақ та бөле жақтан да бөліне алмаймыз ғой. «Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бөле тату» деген бар емес пе, – деп күлді Мәңкей.

Үлкендер жағы да жамырай күлісіп:

– Жөн, жөн, табылған сөз болды, – десті. Елісхан сәл аңтарылып барып, «бөле» дегеннің мәнісін соңында біліп, сүйіне езу тартты.

Ер Жәнібектің бастауымен атамекені болған Алтай алқабына қайта оралған керей балалары да бұл қонысын тып-тыныш иелене салған жоқ. Жоңғарлардың қалдығы саналатын моңғол тайпаларының шонжарлары Алтайдың түңкелі жерлерін әлі басып жатқан болатын. Сөйтіп, керей тентектері жуандығын көрсетіп, алысқанмен алысып, жұлысқанмен жұлысып, моңғолдармен жиі соғысты. Бірде жеңіп, бірде жеңіліп дегендей, Өр Алтайдың балағынан түсіп Қара Ертісті өрлей көшіп, ежелгі мекеніне керегесін қайта жайған. Сол соғыстың бірінде ерлігімен көзге түскен Мәңкейдің төртінші әкесі Мамыт моңғол қызын олжалаған еді. Кейін осы әйелінен тараған ұрпақты жұрт «көктұмақ» деп қалжындайтын. Шәкәрім қажы бірде Мәмиге осы «көктұмақтығын» әзілге айналдырмақшы болып: «Сіздің нағашыңыз кім болады?» деп сұрапты дейді. Бір жағы әзіл болғанмен, енді бір жағында «кәпір қызынан тараған екенсіздер ғой» деген ащы мысқыл арқылы не дер екен деген ауыр сын жатса керек. Сонда Мәми еш іркілместен: «Мұхаммед пайғамбармен

қарын бөле боламыз» деп жауап беріпті деседі. Мұнысы: «нағашымның кәпір қызы екенін қазбалап қайтесіз, мен түгілі Мұхаммед пайғамбардың анасы да кәпір қызы еді ғой» дегені болса керек. Осылайша, Шәкәрім сөзден тосылыпты дейтін аңыз бар.

1836 жылы Алтайда төрт би сайланғанда Мамыттың ұлы Көкен төрттің бірі болып сайланып, сол биліктің соңғы тізгіні Мәңкейдің қолына тиіп отыр.

Ал Елісханның жетінші атасы Ақшаның бір әйелі де Байыр деген моңғол қызы екен. Ағасы Қаржау моңғолдарды шауып, олжалаған қызды інісі Ақшаға алып беріпті. Жаңағы Мәңкейдің «бөлеміз» деген әзілі осы әңгімелерді меңзегені еді.

Бұдан бұрын да талай асты өткерген Мәңкей өзінің жол-жораға жүйрік текті тұқымнан екенін тағы бір байқатты. Ең әуелі ас басқаруға елді сөзіне тоқтататын әр рудан бір-бір адам таңдап алды. Тасбикеден Адубай, ителіден Солтаншәріп, жәдіктен Сабырбай, молқыдан Салақиттан, шақабайдан Нұрғали, уақтан Әйембет, есағасы қазыбектен Әкеми бай, найманнан Қамза, базарқұлдан Зайып үкірдай дегендей іріктеп алып, өз-өз міндеттерін жүктеді. Пайғамбарлар мен батыр бабалар бастаған аруақтарға алдын-ала «Құран хатым әлкабираны» бағыштаған Атшыбай, Серікбай, Құсман, Сүлеймен молдаларды басты-басты үйлерде отырып, «Құран хатым сағира» оқуға орналастырды.

Асқа келушілер арысы Алтай, берісі Мори, Аратүріктен ағылып, ту бие, атан өгіз, ту сиыр, құр ат және топ-тобымен айдалған еркек қой, саба-саба қымыз келіп жатыр.

Алғашқы күні жерошақ қоңырсыту ырымы жасалып, төрт-бес еркек қойдың құйрығы қазанға шығғырылып, жерошақтарға құйдырылды.

Ат тұяғы аз түтсе-ақ шаңы шығуға таяп тұрған қуаң жердің құйқасын сақтау үшін үй арасында адамдардың атқа мінуіне рұқсат жоқ. Жорғамен табақ тартатын салтқа да тиым салынған.

Бәйге болар сәтті асыға күткен асшылар ақыры сайлауыт жүйріктерін жетелеп жұрт алдынан өте бастады. Жал-құйрығын өріп оған ақтық немесе үкі қадаған қаншырдай қатқан жүйріктерді мінген, бастарына ақ шыт тартқан шабандоздар оңаша іріктелді. Бәйгеге қосатын атты иесі немесе сол рудың иелік ететін бас алқа адамы жетектеп бірден тізімге алдыру керек. Бұлай болғанда жол ортадан ат қосылмайды.

Қолдарына ақ ту алған он неше адам ат айдауға шықты. Бәйгеге бір жүз елу ат қосылыпты. Ат кеткен соң:

– Балуан, балуан, – деген айқай көтерілді.

Әр рудың адамдары өз балуандарын мінгестіріп, топтың шетіне тізіп жатыр. Оны жай апара салмайды. Біреулер:

– Шақабай, шақабай! – деп шауып бара жатса, енді біреулер:

– Байтайлақ, Байтайлақ! – деседі. Енді біреулер «Қаптағайлап» барады.

Бура сан, арыстан кеуде жігіттер бұқаша тұқырып қатарынан тізілді. Даяшылар аттарын атап шақыра бастады.

Жұрт қоршаған ортадағы ойпаң арыстардың алыс-жұлысымен жүнше түтіліп жатты.

– Көтер, көтер. Асау жамбасқа, қап, әттеген-ай!

– Шіркін-ай, баяғыдағы Бұланбай атамызға тартқан бірі жоқ екен ғой.

– Бұланбайды қойып немере інісі Байқозы палуанның өзі өткен жылы жетпіс неше жасында аштан өліпті дейді. Енді ондай адамдар қайда?

– Ей, анау ішке неге кірмейді-ей. Аюдай қорбандап өз алдына жүргенін-ай.

Әлдекімдер қамшысын білеп, ортаға қарай тап-тап береді.

– Ау, мына керейлерге не жеткен. Жалғыз найманға шамасы келмеді-ау, – деп тағы бір шал кіжіне теріс айналып, топтан шығып бара жатты.

– Әттең, мына мықтыға Алтайдан Сиыршыбайды әкеліп салса, баяғыда-ақ қолын – қол, бұтын – бұт қып лақтыратын еді ғой.

Балуан жүлдесі Құсайын ауылының Ақман деген балуанына бұйырды. Ақбас атан жетелеп, орамалға түйген ақ жамбыны еншілеген оны бір топ адам төбесіне көтеріп ала жөнелді.

– Ат келе жатыр.

– Қалың баран көрінді, – деген шу көтерілді.

– Екеуі қатарласып келеді. Біреуі Қожақынның қызыл шұбары сияқты.

– Жоқ, анау Құдай біледі, Жәукіштің кертөбелі ғой деймін.

Соңғы айтушы дәп басыпты. Сарбас руынан қосылған Жәукіштің кертөбелі бірінші тізгін ұстатты.

– Баласы Қаби атқа мінген Кенжебайдың құла аты бірінші келіп еді ғой, тізгінді кім ұстады. Бұрып жібергенін қарашы!

– Шақабай, Шақабай, – деп айқайлап келеді бала.

Бәйге үшін оңаша жерге шоқтай иірілген қалың малдан бес ірі қараны жетектеп сарбастар кетті.

– Машан! Машан!

– Бұқарбай, Бұқарбай!

– Жантай, Жантай!

– Қабанбай, Қабанбай!

Ат келіп болған соң Мәнкей жұрттың бәрін бір жерге жинап, тағы бір мәрте хатым түсіріліп, қаралы тудың жығылатыны жөнінде хабарлады. Жұрт алдына басына ақ сәлдесін ораған молда шығып, фатихамен бастап бақарадан бірнеше аят қосып, отыз парадан ұзақ сүрелер оқыды. Күңіренген үн айналаны мұнмен тербеп тұрғандай болды. Жұрт арасында астың қызығын бірге тамашалап, әр нәрсеге сабырмен қарап келген Елісхан «әмин» деп бет сипалғаннан кейін жұрттың алдына шықты:

– Құрметті жамағат, әкемді және әкемнің әруағын құрметтеп асқа келгендеріңіз үшін Алла тағала сіздерге жақсылық сыйласын, – деп бастады сөзін. Жұрттың көбі бірнеше жылдың алдындағы бала жігіт Елісханды емес, ел көсемі алдарында сөйлеп тұрғандай тып-тыныш күймен мүлги тыңдады. – Әке-шешемнің, бала-шағамның қазасы жөнінде айтпай-ақ қояйын. Оны осы отырған бәріңіз менен жақсы білесіздер. Ең алдымен мен сіздерге екі адамның хатын оқып берейін. Біреуін жазған Шың Шысай. Екіншісін жазған Шәріпхан

Көгедәев. Шың Шысайдың хаты қытайша жазылғандықтан оны мазмұндап қана өтейін. Қылышынан қан тамған Шың Шысай мырза былай депті: «Құрметті Елісхан жанаблары, өткендегі түсінбестік оқиғаларға байланысты сіздің ауылыңызды қынадай қырған қылмыскерді ұстап, өлім жазасына үкім еттік. Біріншіден, Алла; екіншіден, сіз кешірсеңіз, өткенге салауат айтайық. Егер бізге сенер болсаңыз, біз де сізге ерекше сенім артар едік. Жай сенім артып қана қоймаймыз. Өзіңізді шығыс Шынжаңның Баркөл ауданын қорғау қарулы қосынының жетекшісіне тағайындап, ел мен жердің тағдырын қолыңызға берер едім» депті. Сіздерден несін жасырайын, екінші хат Шәріпхандыкі. Ол былай деген екен: «Елісхан, сенің қытайша оқығаныңды, көзі ашық азамат екенінді білетін едім. Осы жағынан өзіңді үкіметпен үндес болады деп үміттенемін. Қазіргі заман ат пен түйеге сеніп күрес жасайтын кез емес. Ендігі дәуір – қаламға, қаруға, ғылымға сүйенетін заман. Сен, Елісхан, айналандағы атқа қонып шоқырақтаған аз адамыңмен, түтіні желге ұшып кететін бірнеше қара мылтығыңмен үкіметке қарсы келіп ештеңе өндіре алмайсың. Егер қасарысқаныңнан қайтпай, жалғасты жаулық білдірсең, тасқа ұрылған жұмыртқаның күйін кешесің. Көп қорқытады, терең батырады. Мен сенің әлі де ниетіңнен қайтып, үкіметпен рақайласуыңды өтінемін. Басқадай барар жол, басар тауың жоқ» деп жазған екен. Екі хатты да көріп отырсыздар. Мен бірден Шың Шысайдың ұсынысын қабылдап, оның қолшоқпарына айналайын ба?! Ертең біреуіңіз селтең етіп атқа мінсеңіздер, соны аңдып арттарыңыздан оқ жаудырайын ба? Мансап жолдас болса әкеме жолдас болмас па еді. Бәрі қалды. Бізге керегі – ел мен жерді қорғау, елдің намысын аяқасты еткізбеу. «Бар сенген байталыма айғыр шауыпты» дегендей ел сенген Баймолла мен Шәріпханның түрі анау. Екеуін де асқа шақыртқанмын. Баймолла неге келмейді. Беті неден күйді. Шәріпхан өзі келіп сөз сөйлемей, Мәңкей ағамызды жеңгетайлыққа жіберіп, қызға сөз салғандай неге хат жазып отыр?

– Жөн-жөн, рас айтады, олар неге келмейді. Әліптің тірі күнінде жиі келуші еді. Өлгеннен кейін орнына Құран оқуға жарамағаны ма! Әлде қуыстанатындай қылмыстары бар ма? – топ ішінен бір шалдың жарықшақтанған айғайы естілді. Елісхан сөзін жалғай берді:

– Атасы қазақтың Әбілпейіз ханынан тарайтын Көгедәй төре болған соң, Еженханнан көктас алған текті ата санап, бәріміздің бас иетініміз шын. Алайда мына хатында мені Шың Шысаймен ымыралас депті. Бұл мен білмей жүрген, таба алмай жүрген ақыл ма еді!? Бұл қолыңдағы құралыңды тапсыр, әкеңнің басын алған жауыңа қол қусырып тізе бүк, басыңды иіп, құлдық ұр дегені ғой. Алдындағы асқар таудай әкенді өлтірсе, саялы бәйтеректей қормал аңанды өлтірсе, құшақтағы жарың мен күнәсіз сәбилеріңді өлтірсе, қандай адам төзе алады. Қане, айтыңдаршы? Мына отырған Солтаншәріп ағамызға әкесі Зуканы өлтірген Мадарыңмен достассын, басын исін десе қандай естіледі. Зайып ағамызға Жантайлақтың басын алдырған сол жендеттермен татулассын десек, оп-оңай иліге қояр ма? Шәріпханның ойынша, мен осының бәрінен баз кешіп, мақұлдық білдіруім керек пе?!

Мынау кіндікті дала кімдікі? Қаңғыбас қытайлар ат сауырына салып бір жақтан көтеріп келді ме. Шәріпхан мен Баймолла сол кәпірлердің көтіне кіргенше менімен бірлесіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ортақ жауымыз үшін күресетін болсақ, Шың Шысай сияқты қаңғыбастың күлін көкке ұшырмас па едік. Амал қанша, біздің қазақта береке жоқ, басымыз бірікпейді. Ағайынды адамдардың өзі араз болып, басқаларға жем болып жатамыз. Арамыздағы алалықты пайдаланған кәпірлер қашан да бізді қырғанын қоймайды. Бұдан бұрын да солай болды. Бұдан кейін де солай бола береді. Сонда біз қойша бауыздап жатқан жауларымызға мәлие қарап, өлімді күтіп отыруымыз керек пе! Шың Шысайдың зұлымдығы мен қараниеттілігінде шек жоқ. Ол – барып тұрған қанішер жауыздың өзі. Өзінің сұмдығы аз болғандай, енді қазақтарды қынадай қырып отырған сәбеттік* үкіметпен әмпей-жәмпей бола қалды. Осында Сәбет жерінен қашып келген қаншаңыз отырсыздар. Діннен, тілден айыруға сұқтанған шегір көзді кәпірлерден жақсылық көргендеріңіз болса айтыңыздаршы, қане? Енді, міне, қарақшы мен қарақшы табысып, қазақтарды қанды қасапқа ұстап отыр.

Сарт пен дүңгенді бір-біріне салып қырқыстырғаны аз болғандай, қазақтарды да арандатып отыр. Мұсылмандарды бір-бірімен итше таластырып, қызығын көруге келгенде бұл сұмпайылар алдына жан салмайды.

– Сарт пен дүңгенге де сенім жоқ! – деген біреудің күңкілі естілді. Елісхан сөзін үзген жоқ.

– Шың Шысайдың мақсаты алдымен қолында қаруы бар бізді құртып, онан соң қанды қолын Шәріпхан мен мына бәріңе салмақ. Қытайға сеніп отырған Шәріпхан менен бұрын өледі. Сондықтан Шың Шысайға қаруымды тапсыра алмаймын. Өлсем де жастығымды ала жатамын. Осында отырған бәріңіз де әр ауылдың иесі – ақсақалысыздар. Сіздерді шақырудағы мақсатым – екеу: біріншісі – әкем бастаған марқұмдарға ас беру. Екіншісі – өздеріңізбен қоштасу. Мен Шың Шысаймен өмір-бақи отаса алмаймын. Ол – екі дүниеде де бітіспес жауым. Қара тұяғымнан хал кеткенше жағаласып өткенім өткен. Әрине, менің шамам шақты болар, қазір-ақ Шың Шысайдың көтін көктен келтіремін деп айта алмаймын, Шығыстағы мұсылман халықтардан өзіме сүйеніш іздеймін. Алла жар болып, қабырғам бекіп, қанатым ұшталып жатса, қараторғайдай қалың қытайды бір соқпай өтпеймін. Шың Шысай жауыздың өз істегенін өзіне істеп, қасықтай қанынан бір ұрттап өлсем арманым болмас еді. Шың Шысайдың көзі жоғалмайынша қазақ баласына, осы отырған бәріңізге де күн жоқ. Маған ілесемін дегендеріңіз қара қойдың қанына қол батырып соңымнан еріңіздер. Ал кетпеймін, қосылмаймын дегендердің өз еркі өзінде, – деп аяқтады сөзін.

Сілтідей тынған жұрт аздан соң күбірлесіп кетті:

– Рас, рас айтады. Кәпірлер алдына келген пәленбайды кешіріпті, дос болыпты, төбесін көкке жеткізіпті десеңіздер, айтыңыздаршы?! Жүрегінде иманы жоқ жандардан жылылық күткеннен көрі, аспандағы бұлт жуық.

.....

- Сәбет – Совет Одағын айтып отыр.

– Қайтсін енді, ашынып отыр ғой. «Ашынған долы, ашыққан ұры болады» деген.

– Шіркін-ай, қолына бірнеше мың сарбаз беріп, қытайларға аттандырса, қырып салатын көкжалдың өзі болар еді.

– Қытай деген түпсіз тұңғиық көл сияқты. Онымен қарсыласып түк өндіре алмайсың. Қырып та тауыса алмайсың. Бәрібір жылымына батырады.

– Былай тартсаң да өлесің, былай барсаң да өлесің. Әйтеу өлетін болған соң арыңның таза болғаны жөн ғой.

Жұрттың алдына Адубай шықты:

– Түгел көшесің бе, көшпейсің бе, ол әркімнің өз еркінде. Жер шалып сауда істеп, Гансуды көріп қайтқанмын. Жаман жер емес. Әйтеу өз басым бірінші көшемін, жаным Әліптен артық емес. – дегенді айтып, тізелесе отырған Тұңғышбай, Сейітхандарға қарады. Олар да басын изеді. Сосын сөзін жалғап: – Міне, соның серті қаралы туды түсірейік, – деп Елісханның босағасына шаншылған қаралы туды түсіріп, қара тамақ найзаны тізеге басып, ортасынан шарт сындырды.

Астан тараған жұрттың ат тұяғының шымды солқылдатқан дүрсіліне қосылып Шошан құмы тағы да жылады. Жылап қана қойған жоқ, һүн сарбаздарының жер жаңғырта айқайлаған ұранды үндері мен тұлпарларының дүбірі естілді.

Бұл 1934 жылдың жаз айларының алғашқы күндері еді.

* * *

Шың Шысай асыға күткен Абай да зорға жетті. Оны оңаша қабылдап, әңгіме тиегін еркін ағытқан Шың мырза өз қуанышын жасыра алмады. Абайдың атжақты зор тұлғасына қызыға қарап:

– Өзіңздей асыл азаматтың атақ-даңқын естіп, бір көруге зар болып ем. Зарықтырып әзер келдіңіз ғой, – деді.

– Бұйрық солай болды, Шың мырза. Бізде темірдей тәртіп бар, бәрін Орталық партия комитеті өздері реттестіріп отырады. Соның өзінде Моңғолия жақ арқылы сіздерге жасырын өтіп отырған жоқпын ба.

– Сіздің өмірдерегіңіз туралы аса көп білмеймін. Десе де, Моңғолияда болғаныңызды естігенім бар.

Абай жай ғана езу тартып:

– Бұрын жалалы болып ұсталуға айналғанда Іле жерінен ары қашып өткенмін, – деді.

Оның жалалы болып дегені – екі ат ұрлап, ұрлығы сезіліп қалып ұсталар болғанда қуғыншыны ұрып жығып қашып кеткендігі еді. Үкімет ұстау бұйрығын түсіріп қудалағанмен құтылып кетеді.

– Барған соң оқу оқып білім алдым, университет тауыстым. Қосымша жұдырықшылық өнер де үйрендім. Кеңес Одағында шаруаларды ұжымдастыру басталғанда Қазақстанда Голощекин басшылық еткен партия комитетінің комсомол ұйымында қызмет атқардым.

– Голощекин мырзаның атымен әбден таныспын. Ол кісінің, әсіресе, жабайыларды жуасыту өнері ерекше деп естіп едім.

Шың Шысай айтарын айтса да сәл тосаңсып қалды. Өзі кіріптар болып отырған үлкен елдің көмекке жіберген адамының «ұлтының қазақ екендігін ұмытып кеткенім жоқ па, «жабайылар» деп шамдандырып алып жүрмейін» деген ішкі қобалжуы сөзді басқаға бұрғызды.

– Голощекин мырзаның сізге сенім артқанына қарағанда, сіздің де осал болмағаныңыз ғой. Басқаны былай қойғанда, батырға біткен мына тұлғаңыздың өзі талайдың десін басып кетпей ме?! – деді.

Алғашқы сөзге шамданбады ма, әлде оны білдірмеді ме, әйтеуір ештеңе аңғартпаған Абай соңғы сөзге келгенде қос иығын қомдап, көтеріле қалды.

– Кімде-кім сенім бар жерде ғана беріле еңбек ете алады. Партия маған сеніп жұмыс тапсырған соң, мен де оны адалдықпен орындап отыруға тырыстым. Надандық қой, надандық! Ұжымдастырудан қашқан ел бей-берекет тозды. Тау-тасқа қашқан халықтың қолындағы қаруы мен астындағы атын жинап алсаң, қанат құйрығы қырқылып, амалсыз қолыңа қонады екен.

Бұл сөзге келгенде Шың Шысай орнынан тұрып кетті. Алдында отырған адамның өз қалауындағы нағыз маман екенін бірден танығандай одан әрі желпи түсті:

– Абай мырза, сіз пролетариат көсемдерінің нағыз адал жауынгері екенсіз. Бүгінгі біздің жағдайымыз құдды сіздер басып өткен жолдардағы оқиғалар сияқты, – «қазақтар» дей жаздап көмекейіне әлдене кептелгендей қылғына жұтынып, сөзін жалғай берді. – Дүңгендер мен ұйғырлардың еліртуіне ілескен көшпенді халықтар тау-тасқа, тұс-тұсқа қаша бастады. Ел ішінде бұзықтар көбейді. Сіздей ақылына көркі сай сегіз қырлы, бір сырлы азамат арамызға келгенде енді неден алаңдаймыз, – осыны айтып, Абайдың жауырынынан қақты.

Неге екені белгісіз, Абай иығындағы Шың Шысайдың қолын кейін сырып тастады. Жалына қол тигізбейтін бұғалықсыз асаудың бірі алдында отырғандай болған Шың Шысай тез шегініп кетті.

– Сөзіңізді бөліп жібердім-ау, кешіріңіз, сосын әрі қарай қандай қызметтер атқарғаныңызды айта беріңіз, – деп тісінің ағын көрсете ыржия қарады. Абай:

– Партияның сеніміне бөленіп, белсене жұмыс атқарып тұрғанымда Моңғолиядағы ұжымдастырудың сәтсіздігіне байланысты ұйым бізді коммунистік интернационалдың өкілдері ретінде Моңғолиядағы қазақтардың партия жұмысына жетекшілік етуге жіберді. Шәріп деген жігіт екеуміз отауымызбен бардық. Бізден басқа да көп адам болды. Орыстардың көбі Ұланбатыр жаққа кетті. Қазақстанда елді білім мен мәдениетке ұйымдастыруды үйреніп қалғанымыздың игілігін сонда көрдік. Моңғол жеріне қызыл туды тіктеп, коммунизм орнату ісін ұйымдастыру, партия, жастар ұйымдарын құру секілді көптеген міндет бізге жүктелген еді. Келесі жылдың жазында Моңғолияның батысындағы Қобда қаласына, одан әрі қазақтар көп тұратын Шеруші хошууына жіберді. Сол жерлерде еңбек ету барысында моңғолдар сияқты сауатсыз, әрі моңғол тілін білмейтін мешеу қазақтардың

көзін ашамыз деп көп әурелендік. Қазан революциясы мен Моңғол халық революциясының, Моңғолияның Халықтық Революциялық партиясының маңыз-мақсаттары мен атқарған істерін үгіттедік. Қарсы келгендерді батыл түрде жазаладық. Әйтеуір, асау халықты зорға дегенде тәртіпке салдық. Айтқанға оңай болғанымен, ол да бір ұзақ хикая ғой. Қызыл десе, партия десе, ат тонын ала қашатын алапестер онда да көп екен. Нәтижесінде еңбегіміз жеміссіз болған жоқ. Партия ұйымдарын құрудың жұмыстарын белсене атқардық. Сол еңбегімді бағалады ма, әлде тағы бір сынаққа салып, сындарлы сыннан өткізейік деді ме, енді, міне, сіздерге жіберіп отыр.

– Келгеніңіз өте жақсы болды. Бізге сіз сияқты оқыған-тоқығаны көп, білімді азаматтар ауадай қажет болып тұр еді. Әсіресе, иесіз кетіп бара жатқан қазақ туысқандарға өзіңіз иелік етпесеңіз, біздің шамамыз келмей жатыр.

– Әй, Шың мырза, партия мені сізге көмектес деп сеніп жіберген соң тартынбай айта беріңіз. Қазақтарды «туысқандар» деп несіне мәймөңкелеп отырсыз. Ит екеш ит те те бірге туысады. Мәселе – олардың қазақтығында емес. Кім халықтың досы, кім халықтың жауы, кім коммунистік идеяны қабылдайды, кім қабылдамайды, мәселе дәл осында! Бұл туралы таптық көзқарасымыз айқын болғаны дұрыс. Сіз екеуміз бір майданның жауынгеріміз, сіздің жауыңыз – менің жауым.

Шың Шысай Абайдың бұл сөзіне іштей сүйінсе де, сәл тіксініп қалды. «Өзі мені баса, басқара сөйлегісі келеді. Екеуміз доспыз дегенмен де жаңадан танысып жатырмыз. Бір апанның бөрілері өз ұяластарын жамандыққа қия ма? Егер бұл шынымен-ақ қандастарына қастық сайлаудан тайынбаса, онда нағыз қараниет болғаны. Өз жақынын аямағаннан өзгелердің мейір көре қоюы да екіталай. Мұндайларды көтіне қоңырау байлап аса сақтықпен істетпесе, күндердің күнінде артына жалт беріп, өзіңді жарып кетуі әбден мүмкін. Әрі осындай алкеуделігін пайдаланып, өз етін өз майына қуыруды ойлауым керек екен. Менің іздегенім де осындай қып-қызыл белсенділер емес пе!?

Осыларды ойлап үлгерген Шың ұлық жадырай күлді:

– О, бәрекелді. Нағыз еркек. Нағыз большевик деген, міне, осы. Сталин жолдас қалың қазақтан текедей таңдап сізді бекер жіберіп отырған жоқ екен-ау. Көңілімді дәл таптыңыз – мәселе оның қай халық, қай ұлт болуында емес. Ұлты қытай дегеніңмен, оның ішінде де небір бұзықтары бар. Ұлты қазақ дегеніңмен, оның ішінде сіз сияқты небір жақсылары бар.

Шың Шысай «сіз сияқты» деген сөзді екпін түсіре нығарлай айтты.

– Рахмет, Шың мырза, мені өте мақтап жібердіңіз. Нағыз коммунистер мақтан үшін, мансап үшін жұмыс істемейді. Партияның ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс. Ендігі әңгімені қызмет жағдайына бұрсақ, біз неге болса да дайынбыз. Өзіңіздің қандай ұсыныс-тілектеріңіз бар, соны айта отырыңыз.

Шың Шысай Шынжаңның жалпы жағдайын, Ма Жүңиың, Қожанияз мәселелерін айта келіп, қазақтар жағдайына тоқталды:

– Мемлекет иесінің, үкімет басындағылардың ойлайтыны – қара халықтың қамы. Оны менен де жақсы білесіз деп ойлаймын. Ел іші тыныш болып, қарны тоқ, қайғысы жоқ күн кешсе, бізден бұрын өздеріне жақсы ғой. Неге екенін

білмеймін, әйтеуір халыққа жағу қиын. Отырсаң опак, тұрсаң сопак дейді. Дүңген мен сарттың өртің әзер өшіріп едік, енді қазақтар қара жерді солқылдатып тұр. Әсіресе, шығыс Шынжаңдағы Құмыл аймағына қарасты Баркөл ауданының қазақтары нокта-жүгенсіз кетіп, әбден есіріп алды. Қатты кетсең қасарыса береді, ақырын айтсаң ақылыңды тындамайды. Не істерімді білмей титықтап отырмын. Кеңес үкіметінің әскери көмек көрсетіп, Ма Жұңиың мен Жаң Пиюанды талқандап, Қожаниязды бағындырып бергеніне көп-көп рахмет. Енді өзіңіздей ерлерді жіберіп отыр. Алдыңғы көмегінің игілігін де аз көргеміз жоқ. Бұдан былай елдің тізгінін, соның ішінде қазақтарды басқару жағын өз қолыңызға бермесем, бәріне шамам келетін емес. Сталин мен Голощекин сеніп, үлкен қызметтер атқарған сіздей данышпанға сүйену бақыты маған да бұйырды-ау деп ерекше толқып отырған жайым бар.

– Тақсыр, несіне алаңдайсыз. Қолында әкімият күші бар, қаруы бар адам ештеңеден қорықпас болар. Ондай сұмдарға не өздерінен өткен жауыздық жасау керек, не өздері ойлай алмайтындай ақылмен алжастыру керек. Қазақ деген халық еркелетсең – желкеңе шығып алады, кейбір қылығы қой сияқты. Сол үшін де біздің орыстар кейде сондай жабайы қазақтарды көргенде «баран» деп боқтайды. Онысы «қой» дегені ғой. Ал қызығы, сол қойды серкелер бастап жүреді. Серкелерінің басын кесіп алсаң, қошқарларының өзі аяғын суға малудан қорқады. Қазаққа да сол керек. Ел бастаушыларын құрту керек. Сонда ғана қалғаны оңай жуасып, айтқаныңа көнеді. Айтпақшы, сөзіңізге қарағанда, олардың қолында әлі де қару-жарақ болғаны ма?

– Қару-жарақ дейтіндері жырғатқан бірдеме болмағанымен, қарақшылар қара мылтықпен-ақ қанқақсатып отырған жоқ па. Олар ашыққа шығып, майдандасып соғыспайды. Алақанындай білетін тау-тастың қойнына тығылып алып, жасырынбақ ойнағанды жақсы көреді. Қашып-пысып жүрген болып-ақ діңкеңді құртады. Алды-артынды орап, тұмсығыңды жерге шаншып кетеді.

– Алдымен қаруын, одан соң атын алу керек. «Бұқаны құтыртқан – екі енегі» дегендей, сол екеуінен айырылса қашпақ түгілі қара көже тауып ішуге зар болар, бәлем!

– Нақтылап айтқанда, қазақтар Шынжаңмен көршілес Гансу өлкесіне қарай қаша бастады. Дүңген мен сарттың құтыртуына дәніге қалған қазақтар енді сол жаққа қашып, дүңгендерді паналағысы келеді. Тіпті жақында әкесіне ас берген қазақтардың басшысы Елісхан: «Мен дүңгендерден әскер жасақтап келіп, Шың Шысаймен соғысамын» деп айбар көрсетіпті. Қазір сол Елісханның бүлдіруімен Адубай деген немере ағасы жүзден астам түтінді бастап, Гансу өлкесіне қарай қаша көшіп барады. Оны көрген қалған елге де қопақ біткен.

– Елісхан деген кім өзі?

– Елісханның ұлы әкесі – Жамысбай. Онымен бірге туған Қамысбай деген болған. Бұлар бүкіл Баркөл қазағын билеген. Кейін Жамысбайдың ұлы Әліп әкесінен қалған зәңгілік шенді иелеп, ел басқарған болатын. Яң Зыңшын, Жин Шурын үкіметі тұсында үкірдайлық шен алған. Мансаптың буы мен байлығына мастанған ол Баркөлдің бастығы емес, барымта жасайтын қарақшысына айналды. Жергілікті қытайларды қан-қақсатып, егінін малға

таптатып күн көрсетпеді. Моңғолия мен Дихуа арасындағы сауда керуенін тонап, кісісін өлтірді. Ма Жұңиың, Қожанияз бүлігі кезінде оларға қосылып, мемлекет армиясына оқ атты. Жин Шурын алдына шақырып алып, үкіметке қарсы болмауын қатаң ескерткен болса да Қожанияздың көтерілісші армиясына қыруар ат-көлік және қой берді. Қайта-қайта қарсыласа берген соң, ақыры өлім жазасына үкім етілді.

Абай қайдан естігені белгісіз:

– Бала-шағасымен бір жүз он жеті адамды қырып тастапты дегенді естіп едім, сол қырғын болмасын, – деп елеңдей сұрады.

Шың Шысай тамағына бірдеңе тұрып қалғандай қылғына жұтынып:

– Иә, – дей салды.

– Бұларыңыз енді, – Абай сәл қынжылған рай танытты, – бізде де қыру-жою болып тұрады. Бірақ дүйім елдің көзінше бала-шағасын қырғандарыңыз сәл артық кеткен. Мен білетін қазақтар екені шын болса, енді бұларды тоқтату өте қиын болады. Бірақ көрерміз, қашқанда қайда барады. Барар жерің – Балқан тау, ол да біздер барған тау дегендей ғой. Шың мырза, жөн көрсеңіз енді бір жоспар ойыма келіп отыр. Біз көшкісі келіп отырған сол Елісханды тоспай-ақ қоя берсек. Сол арқылы күштілерінің күшін бытыратып, әлсіздерін бас салғанымыз оңтайлы болмас па?

– Шамамыз жеткенінше тырбанып жөргегінде тұншықтырғанымыз оң болар еді. Елісхан деген өте жаман адам. Өзінің білмейтіні жоқ. Кезінде Баркөл жамбылынан қытай тілінде оқыған, қытайшаға судай жүйрік. Айтпақшы, өзі маған қытай тілінде хат жазған. Жазулары қиқы-шойқы болғанымен, сауатты неме екен.

Абай танымаса да Шың Шысай ұсынған хаттың аяғындағы бармақтай мөрдегі Елісхан деген есімді анық айырды.

– Не деп жазыпты?

– Не деуші еді, – Шың Шысай мырс-мырс күлді, – мені «айналайын» деп айтады ғой деп пе едің, «әкемді өлтірдің, бір шешем мен екі інімді олжалап кеттің. Оларды қайтар, қайтармасаң тұрысатын жеріңді айт, жасақ топтап соғысамын» деп аузына келгенін көкіпті.

– Шешесі, бауырлары дегені несі?

– Ойбай-ау, сіз білмейді екенсіз ғой, біздің әскери бастықтар Әліптің жас тоқалын екі баласымен бірге тірідей олжалап келіпті. Артындағы елді бұлжытпау үшін барымта ретінде ұстаймыз ғой деп тірі сақтатып едім, қатын да болса жауыз екен, Дихуа түрмесінде аузына нәр салмай аштан өлді.

– Балалары ше?

– Қатынның қаныпезер қайсарлығы сондай – қойнындағы баласын да тірі сақтауға қимай, өзімен бірге аштан өлтірді. Төрт жастағы баланы түрмедегілер баға алмаймыз деп, бір дүңгенге сатып жіберген бе, әйтеуір көзін құртыпты. Қайда кеткенін ешкім білмейді.

– Е, солай деңіз...

Абай бір сәт сұқ саусағымен алдындағы үстелді тықылдатып үнсіз отырып қалды. Оның ойын Шың Шысай бөлді:

– Міне, көріп отырсың, біздің бірінші жауымыз – Елісхан. Ал одан кейін сол Елісхан аз болғандай, осында Дихуаның оңтүстігін шулатқан Қасым деген қарақшы түрмені тесіп шығып, Баркөлге қашып барыпты. Осының бәрін тыныштандыру сіздің ғана қолыңыздан келеді деп ойлаймын.

– Демек, мені қарақшылардың апанына жібермек ойыңыз бар екен ғой.

– Ойбай-ау, ол не дегеніңіз. Біздің шамамыз жетпейтін жауларға өзіңіздей батырды шақырмағанда, кімді шақырамыз. Ақылы мен қайраты қатар жетілген сіздей қазақты тұңғыш көруім. Осында да біраз қазақтар бар. Бірақ сенім жоқ, алды-артына жалтақшыл. Мен бұйрық берсем, соны атқарғансып жүгіреді. Ауылдағы қазақтардың қазы-қартасына тойған соң бәрін ұмытып, құйрықтары солай қисая қалады.

Шың Шысай Абайдың мақтау сөзге келгенде майдай еріп, кең маңдайы жазылып, жадырай түсетіндігін байқап, жел сөзбен көпірте бергісі келді.

– Сонда маған тапсыратын міндетіңіз не?

– Бүкіл шығыс Шынжаңның амандығы сіздің мойыныңызда болсын десем, асырып жібермеген болармын. Қазірше Құмыл аймағы уәлиінің орынбасары, қосымша Баркөл ауданының қорғаныс бөлімінің бастығы болсаңыз деген өтінішім бар. Екі міндетті қатарынан жүктеуімнің де өзіндік сыры бар. Құмыл-Баркөл өңірі біздің ішкі қытаймен болған ең негізгі күре жолымыз. Қан тамырымыз деуге де болады. Тамырдағы қанды іркіліссіз ағызатын бас дәрігер сіз боласыз деген сөз.

– Ауыр міндет екен. Солай болса да, тапсырмаңызды адалдықпен атқаруға бар күшімді саламын. Кеңес Одағынан көргенімді, Моңғолияда сынақтан өткізген тәжірибемді ашық қолдансам, қолымнан қақпассыз деп ойлаймын.

– Мен сіздің қолыңызды қалай қағамын? Керісінше, сіз менің қолымнан қақпасаңыз болды. Шығыс Шынжаңды тыныштандырсаңыз, өлке орталығына әкеліп қалаған мәнсабыңызға отырғызамын.

– Сіздің орыныңызды қаласам берер ме едіңіз?

– Беремін, беремін, – деп өтірік күлген Шың Шысайдың өңі күреңітіп кетті. Мансапты бәрінен жоғары қоятын ол іштей: «мына сұмның ниеті қандай жаман, ә, Кеңес Одағының беті демесем, сендей бөспе наданды Әліптің артынан-ақ жібере салар едім» деп бір толқыды да, өзін-өзі қайта сабырға шақырды: «қой, қой, маған бұдан артық қолшоқпар табылмайды. Бұндай ақымақты тек қана алдап-сулап пайдаланған жөн» дегендерді ойлады. Сөйтті де:

– Менің орыным түк емес, әсіресе, Шынжаң жағдайынан алғанда пышақтың жүзінде отырғандай боламын. Моңғолияда еңбек көрсеттіңіз, енді Шынжаңдағы жұмысыңыз сәтті болса сізді Сталин мырза-ақ разы-қош қылады ғой, – деп қиялады.

Бұл бір жағы мақтау болғанымен, бір жағы Абайға деген сес секілді көрінді. «Байқа, батырым, сен бұл арада аспаннан түскен перідей кекжигеніңмен, арт жағыңда басқан ізіңді санап, сары ізіңе шөп салып отырған иең бар. «Шынжаңда жақсы жұмыс атқармады» деп жаныстырып жіберсем болды,

Сталиннің өзі-ақ басыңды қағып түсер бәлем!». Талайды көрген Абайдың беті бүлк ете қойған жоқ:

– Кеңес Одағы менің ием болғанымен, сіздің досыңыз, мен жақсы болсам, сіз жақсысыз, сіз жақсы болсаңыз, мен жақсымын, – деді. Мұнысы «Шың мырза, Кеңес Одағына арқа сүйеп Нанжиң үкіметіне де шекеңмен қарап отырсың, Кеңес Одағы болмаса сенің де артың белгілі емес пе?! Сондықтан бірімізді-біріміз сыйлағаннан ұтпасақ ұтылмаймыз» дегені еді.

– Әрине, әрине, – деді Шың Шысай, – Сізді жіберген Кеңес Одағының коммунистік партиясы екеуімізге де үлкен сенім артып отыр ғой, сол сенімнен шығамыз деп ойлаймыз. Шынжаңда не істеп, не қоямын десеңіз де жолыңыз ашық, бізге жол-жорық көрсетеді деп сенемін. Ұмытып барады екенмін, Абай мырза, ыңғайсыздау болса да сұрайын, қазақта ру деген болушы еді, сіз қандай рудансыз?

– Сізге мұның да керегі бар ма?

– Абай мырза, қате түсініп қалмаңыз. Барған жеріңіздегі негізгі ру – керейлер, азырақ наймандар бар. Қазақтың бір осал жері ру екенін білесіз ғой. Менменсіп кеудесін керіп тұрған қазаққа ру-ру бойынша іс жүргізсең болды, бірін-бірі шеңбектеп итше таласуға дейін барады. Сосын сұрағаным ғой.

– Руым – найман.

– Е-е, наймансыз ба?! Керейлерге қарағанда наймандар ақылды келеді. Бізбен қарсыласып, мемлекет армиясына қарсы оқ атқандардың ішінде наймандар жоқ. Ал керей деген халық – нағыз кеудемсоқ, көрсоқырлар. Қаны басына қозып шықса болды, алдында тау тұр ма, өзен тұр ма, ақылын ашуға жеңдіріп, көзі көрмей қалады.

– А, солай ма? – Абай біраз ыңыранып отырды. Оның «найманмын» дегені өтірік еді. Руы ашамайлы керейдің шимойын атасынан болатын. – Керейлер сондай деңіз?

Шың Шысай өзін қанша ақылды санағанымен, бұл жолы жаңылыс басты.

– Айтайын дегенім, барған жеріңізде найман Құсайын деген кісі бар. Сол өңірге ықпалы бар адам. Бір рет Шәріпхан төрені қорғап, қашқан елді қайырып келіп еңбек көрсеткен. Иек артатын адамыңыздың біреуі сол демекшімін ғой. Сіздің өз інісі екеніңізді білген соң ішек-бауыры елжіреп кетпесе де, бұрыннан үкіметке жұмыс істеп келген сенімді әулет болғандықтан шетке қаға қоймас. Жә, ол жағынан сізге ақыл айту дарияның қасынан құдық қазғанмен тең болар. Жақсыға басын айтсаң аяғын өзі түсінеді демеуші ме едіңіздер, құрғақ сөзбен ұзақ отырып қалыппыз-ау. Сіздің уәлилігіңізді тойлауды ұмытып барады екенбіз-ау. Алдымен тойыңызды жасаймыз, осындағы білікті мырзалармен танысасыз, сосын Құмылға асықпай аттанарсыз.

– Қазақта «қонақта ерік бар ма, май берсе де жей береді» деген мәтел бар. Сіздікі ақыл болғанда, біздікі мақұл болады да.

Екеуі қатарласа күліп, орындарынан тұрды.

Дихуада болған күндерінің бірінде Абай өлкелік үкімет төрағасының орынбасары Қожанияздың үйінде қонақта болды. Ол өзінің бір кезде ақымақтықпен үкіметке қарсы шыққанын, кейіннен қатесін танып райынан

қайтып, Шың дубанмен істес болғанын қысқаша әңгімелеп берді. Абай Құмыл, Баркөл жағдайлары туралы да бірталай әңгімеге қаныққандай болды. Қожанияз Құмылға Жолбарысқа хат жазып, Абайдың ісіне қолдау көрсетуі жөнінде жол-жорық көрсетті.

Абайдың өз жанына ертіп келген атқосшыларына Шың Шысай да көп нөкер қосып берді. Соның ішінде Жаң Жүн деген жас мұғалім жігітті оңашалап алып:

– Сенің міндетің – Абайға хатшы болу. Шын мәнінде, оның істеген ісі мен сөйлеген сөзін түгендеп, басқан ізін аңдасың. Әрі маған жазбаша және телеграф арқылы хабарлап тұрасың, – дегенді ерекше ескертті.

Ал Жаң Жүн болса өз соңында да дәл өзіндей тағы біреудің барлығын аңғармақ түгілі, ойлап та қойған жоқ.

* * *

Абай Құмылда бірнеше күн еру болған орайында, Құмыл-Баркөл қорғаныс бөлімінің бастығы Жолбарысқа амандаса барып, оған Кеңес Одағынан әкелген сыйлы бұйымдар ұсынды. Жоғарыдан төменге қарайғы біліктілердің аузын бірден жауып келе жатырмын деп есептеген ол Баркөлге келісімен Құсайын, Солтаншәріп бастаған елбасыларымен де тез шүйіркелесіп кетті.

Әсіресе, мұның «найман» екенін білгесін Құсайын, Қамзалар «інім екенсің ғой» деп бірден жығыла жабысып, үйлеріне қонаққа шақырысты.

Алдымен қарманған Құсайын тәйжі өз тірлігіне пысық адам көрінеді. Қора толы малы болмаса да, алты қанат айбынды киіз үйінің өзі көздің жауын алады. Үйдің ішкі іргесі өрнекті шиден қалса әсем түскиіздермен қымталып жайнап тұр. Үй ішінің реттілігімен бірге, ас-су, ыдыс-аяғына қылшық араластырмайтын тазалығы да ұнады.

Аттанарында Абайға қан жирен арғымақ мінгізіп, үстіне шапан жауып шығарып салды. Шың Шысайдың айтқаны дәл келді. Мұны көрген керейлер жағы: «Осы найманның не сиқыры бар, білмейміз. Баяғыда Шәріпхан төре де осыған көкбауырша жабыса қалып еді. Енді, міне, Абайға да бізден бұрын сый-сияпат жасап алдымызды орап кетті» десіп, күншілдігі қозды. Солтаншәріп қалап алған Қабдолла тәйжінің әйгілі құла жорға атын да жұрт Абайдың астынан көрді.

Елдің бұлайша қоғадай жапырылуының бір себебі – Құсайын пысықтығының арқасында Шәріпханның аузын майлап, разы-қоштығын алып, ауылын қырғыннан аман сақтап қалды дегені болса, екіншісі – өзін өлкенің ең сенімді адамы көрсеткен Абайдың айбатынан жасқанып, жақсы көрінудің жаңа жолын қарастыра бастағандары еді.

Елісханның бүкіл Шынжаанның жартысын жинап ас беріп, халық алдында өзіне қарсы сөз сөйлегені Шың Шысайды қатты үрейлендірген болатын. Сол үшін де Кеңес Одағының Дихуадағы консулына қайта-қайта кіріп, өз халінің мүшкілдігін білдіріп, тағы да көмек сұраған. Әрі бұл көмекті тыпырши күтіп еді.

Соның алғашқы нәтижесі болып Абай келгенде қуанғаны да сондықтан. Кеңес Одағы Абай секілді әр түрлі мамандықтағы адамдық көмек көрсетіп қоймастан, қазақтардың шығысқа босқан көшін тосу үшін, бір полк армия, екі ұшақ, бес танк көмек беретінін де білдірген болатын.

Бұдан сырт Абайдың келуімен бірге Баркөл базарына Кеңес Одағының тауарлары арнайы әкелініп, базар, жәрмеңке дегеніңіз қызып кетті. Халықтың күнделікті тұрмысына керекті делінген әр алуан мата, алюминий ыдыстар, қант, шай дейсіз бе – елге қажеттінің бәрі табыла бастады. Базардың ашылуының өзі салтанатты рәсіммен өтті. Өлке орталығынан арнайы келген Шынжаң-Кеңес Одағы сауда бөлімінің жауаптысы Бұрхан Шаһиди мырза сөз сөйлеп, барша қауымның алдында Абайдың шашбауын тағы бір көтеріп тастады. Онсыз да өз құмалағын төрттен қоя бастаған Абайға бұдан артық қандай абырой керек болсын! Жүрген-тұрған жерінде:

– Менің ақ дегенім – алғыс, қара дегенім – қарғыс. Кім маған немесе мен жұмыс істеп отырған үкіметке қарсы шығатын болса, көзіне көк шыбын үймелетіп, тұқымын тұздай құртамын! – деген дөң айбат көрсететін болды.

Үзеңгісін сегіз қабат қылып шіреніп тұрғанында Іле жақтан Ғапар деген баласы келе қалды. «Май тілесен, міне, құйрық» дегендей, онсыз да қалай жағатсырын білмей тұрған керей баласына жақсы орай болды. Абай ұлын ел-жұртқа таныстыру мақсатында Баркөлді бір айналып шығып еді, қорасы малға толып шыға келді. Өз құрметтерін көрсетуге асыққан әр атаның баласы бәсекелестікпен жүгірді. Алды атан, арты қозы-лақ дегендей құр қалған бірі жоқ. Бір мың бір жүз тұяқ ұсақ мал, жиырма неше ірі қара, бұдан сырт қымбат бағалы аң терілері деймісің, байлыққа белшесінен батты. Әліптің ауылын шауып, қора-қора малы талауға түскенін көрген қазақтар жағы Абайдың аузын жапсақ, сондай оқыс оқиғадан аман қаламыз деп ойласа керек.

Алайда, Абайдың ойлағаны ол емес болатын. Күндіз күлкісін сыйлағанымен, түн бойы сұмдығын сайлап шығатын болды. Ел ішіне кіріп, тіміскі әңгімеге құлақ түргелі Жамысбай балалары мен Құсайын ауылының ішкі араздығы туралы да бір әңгіме естігені бар.

Баяғыда Оңғарбай деген сәуегей тасбикенің ақшасынан тарайтын Ораз ұрпағына «оқпен тозарсың» депті дейтін тәмсіл қалған екен. Айтса айтқандай, Ораздың Кәдірбегінен тарайтын бес ұл түгелдей соғысқұмар, батыр-барымташы болып жетілді. Досына мейірімді болғанымен, жауына қатал болды. Бергенді қолынан, бермегенді жолынан алып, тістеген жерде тісім қалсын дейтін ерлер еді.

Жамысбай дәурендеп тұрған Әліптің жас күні болса керек. Бір жолы Жамысбай ауылының жігіттері Моңғолияның Қобда жерінен көп жылқы қуып әкеледі. Оны Құсайынның әкесі Төлебай үкіметке жеткізіп қояды. Әрі үкімет әскерінің барымтаның малын қайтарып алуына көмек көрсетеді. Бұған ерегескен Жамысбай балалары: «Біз жаудың барымтасына кеткен өз малымызды қайтарып алған едік. Үкімет әскерлері олардың жаласымен біздің малымызды тартып алып, Төлебайға бақтырып қойып еді. Ол үкіметке қайтарып беремін деген сылтаумен көп жылқыны өзі жеп кетті» деп

арызданады. Төлебай тергеуге алынады. Екі топтың ерегесі ушыға берген соң үкімет оларды қазылыққа шақырып, екеуін беттестіреді. Дәл осы кезде моңғолдар немере ағасы Кәрмішті өлтіріп кетіп, соның кегі үшін керуенбасын өлтіріп, тоғанағын тонағанына Әліп бәрібір кінәлі болады. Қытай үкіметі Төлебайға ерекше сенім білдіріп, оны Шығыс Шынжаң қазақтарының ақылшы ұлығы әрі өлкелік үкіметтің сенімді мүшесі етіп тағайындайды. Мұның бәрі ескі әңгіме болғанымен әлі де ұмытыла қоймаған. Ұмытылғанды қойып, Әліп шабылғанда жырақта отырып тышқак лағын жауға бермеген Құсайын ауылына деген күдік-күмән да жоқ емес болатын.

Міне, осыларды ой сарабына салған Абай Құсайынды шақырып алды. Бірақ оған ішкі есебін жайып салғысы келмеді. Тек қана сыр тартып:

– Ел ішіндегі тәртіпсіздікті реттеу үшін аға болған сіздің көмегіңізге мұқтажбын, – деп бір тоқтаған. Қашаннан үкімет адамдарының тілін тауып келген Құсайын да тартынған жоқ, жіңішке қойылған жұқа мұртын сылай отырып:

– Біздің қолымыздан не келеді дейсің. Егер ел тыныштығы үшін істелетін іс болса, бәріне дайынбыз, – деген. Сосын Абай сөзін әрі қарай ұшықтап:

– Елісханның бүлініп отырғанын естідіңіз. Сол ауылдың жағдайын, қырсырын жақсы білетін, итке үргізбей, битке білгізбей жұмыс істейтін бір азамат керек болып тұр, – деді. Құсайынның бөтен ойы болған жоқ.

– Әрине, – деп бірден мақұлдық білдірген.

Абай болса мұны екі ауылдың салқындығына бола менің сойылымды соғып отыр деп түсінді. Әрі солай болуын шын ниетімен тіледі. Жалғыз-ақ түнде Құмылда Жолбарыстан алған сенімді шеріктеріне өз жандайшаптарын қосып, Құсайынның жігітіне жол бастатып, Елісханның ауылына аттандырды. «Шамаларың жетсе Елісханды тірідей байлап әкеліңдер, егер жағдай қиындап бара жатса, өлтіріп басын әкеліңдер» деп тапсырды.

Өкінішке қарай, жұмсаған жиырмаға жуық адамынан жалғыз жол бастаушы ғана қашып келді.

Оның айтуынша, Елісханның ауылына таяғанда жол-жөнекей Құдабайдың қарақшыларына ұшырасып қалыпты. Бір жағы қытай, бір жағы моңғол болып келетін Қаптықтың бір дарасын мекендеген Құдабайдың жігіттері жердің тесігін жамаған жырындылар еді. Аттары да ылғи сәйгүлік. Қашса – құтылады, қуса – жетеді. Арғы беттің қуғыншылары сары іздеріне сан рет шөп шалып ала алмаған. Құдабайды алғанды қойып, ел оның әлгі моңғолдың бірін тірідей сойып, отқа қақтап майын ерітіп, өн-бойына жаққанын аңыз етісетін еді. Бергі жағының үкімет әскері де неше барып, қырғын тауып қайтқан болатын. Көп әскер барса қарақшылар таудың қойны-қонышына сіңіп кетеді де, бірде-біреуі қарасын көрсетпейді. Аз әскер барса әр мойнақтан аңдып атып, лезде құрта салады. Үнемі ат үстінде жүретін жігіттері – шетінен жүрек жұтқандар. Олар түн баласы ұйқы көрмейді. Жортып жүреді. Аратүрік жаққа ат ізін салған сол топқа ұрынған Абай шеріктері қорыққандарынан оқ шығарып алып, өздері қынадай қырылыпты. Біреуі тірідей қолға түсіп, біреуінің зорға қашып құтылып, тізгін ұшымен жеткен беті екен. Құдабай жігіттері қолға түскен

адамнан мән-жайды сұрап білген соң оны Елісханға тапсырып беріпті. Елісхан:

– Батыстан жөңкілген қызыл тасқын ақыры бізге де жеткен екен. Сәбет Одағына арқа сүйеген Шың Шысайдың солардың жерінде жасалып жатқан зұлматты көшіріп қолдана бастағаны осы. Енді бізге жақсылық жоқ, – деп атқа қоныпты.

Онсыз да жылыстай көшіп, жырақтай қонып, саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарап отырған ауылдар алды-артын қорғаған қарулы қосынның көмегімен тапа-тал түсте-ақ шығысқа қарай жылжи жөнелген екен.

* * *

Мұны естіген Абай жер тепкілеп тыпыршып кетті.

– Құдабай деген кім? Оны дереу қолға алыңдар! – деп айқайлады.

Құдабайдың оңайлыққа алдыра қоймайтынын сыбырлаған қазақ жансыздары оған тағы бір ақпарат жеткізді.

– Адам өлтіріп, Дихуа түрмесінен қашып шыққан Қасым Қаптық тауына барып Құдабайға қосылыпты. Құдабай оны бауырына тартып, басына үй көтеріп беріпті. Қазір Құдабайдың ең сенімді серігі, жортуылбасы – сол Қасым. Осы қырғынды жасаған да сол екенінде кәдік жоқ.

– Қасым, Қасым... – деп тісін шақырлата қайраған Абай Дихуадан осылай аттанардағы ол туралы Шың Шысайдың құпия жарлық бергенін есіне алды.

Баркөл алақаныма түсті деп мастанған көңілі бір сәт әлем-тапырық болып, өзін қоярға жер таппай тыпыршыды. Абай екенім рас болса ол сұмдарды қайтсем де жөргегінде тұншықтыруым керек деп біліп, елбасыларын дереу шақыртты. Сабырбай, Құсман, Құсайын, Солтаншәріп, Нұрғали, Салақиттан қатарлы адамдар жинала бастады. Өз ойларын бірден жайып салғысы келмей, жиналғандарға еркек қой, ту бие сойып қонақасы берді.

Қонақасының әредігінде:

– Мен келгелі сіздер не жамандық көрдіңіздер. Мейлі, маған; мейлі, үкіметке өкпелеріңіз болды ма? – деп жай ғана сұрау тастады. Абай дутың⁷ аталған шенді ұлықтың өздерін қонаққа шақырып, қымызбен суарып, қазымен қайырып отырғанының өзі қабырғасына май бітірген атқа мінерлер тобы қоғадай жапырылды.

– Құдайға тәубе, басымыз аман, бауырымыз бүтін. Осыдан артық не керек болсын.

– Олай болса анау Елісхандыкі не? Жарайды, оны түсінуге болады. Әкесінің кегіне ашынған шығар. Шың Шысайға өкпесі бар болар. Ал мына Құдабай мен Қасымдыкі не? Ел аман, жұрт тынышта лаң салып, тыныштықты бұзып. Сіздерге тыныштық, бейбітшілік керек пе, әлде Құдайдың құтты күні қырқысып қан төгуіміз қажет пе?

– Тыныштық керек. Елдің тыныштығына не жетсін.

⁷ дутың – аймақ аталатын орынның басшысы. Губернаторлық шен.

– Мен сіздерді аяймын. Сіздердің амандықтарыңыз – елдің амандығы. Елдің амандығы – менің амандығым, мемлекеттің тыныштығы! Құдабайды өз тентегіміз деп кешірейік. Ал үкімет арнайы іздеу салып қудалап отырған қылмыскер Қасымды қалай жасырамыз. Баркөл өз халқын амандап алса да жетеді. Сырттан келген қарақшыларды қойны-қонышымызға кіргізіп, үкіметтің назарын өзімізге аударғаннан не ұтамыз? Егер Құдабай Қасымды ұстап берсе, ол қанша адам өлтірген болса да кешірер едім. Өз басына жамандық келтірмеймін деп Алла атынан ант берер едім. Оған Алла куә, осы отырған сіздер куә болыңыздар.

Ру басылары қозғалақтап кетті.

– Кәріжілік алдымен өз басын амандап алсын дегендей, Қасымды ұстап беріп, басымызды пәледен арашалап алсақ, одан үлкен олжа жоқ.

– Оу, ағайын, бұтаға паналаған торғай да аман қалады деген. Сол бұта құрлы жоқпыз ба?

– Онда тағы да қан төгілсін дейсің бе. Қалың шерік келіп Құдабай мен Қасымды айналасындағы жиырма-отыз үйімен қосып қырып тастасын дейік. Олай болғанда сол айтып отырған торғайың түгілі, ол паналаған бұтаның өзі түгел оталмай ма. Бізге керегі сол ма, мықты болсаңдар кеше Әліпке неге арашашы болмағансыңдар!?

– Бүгін Қасымды ұстап беріңдер деп отырған үкімет ертең Құдабайды, бүрсікүні осы отырғандарды ұстап бер десе, үкімет айтты екен деп көгендегі қозыдай тізіп-тізіп ұстата береміз бе!?

Абай отқа май құйғандай сөз қоламтасын одан әрі қағыстырып-қағыстырып жіберді. Моп-момақан бейнесінен жазбаған қалпы:

– Тентек пен тебізді тыятын ата жолымызда да бар. Қара лақтарыңызды құрбандыққа қимай отырып, ертең бірер ауыл тарпымен құрып кетіп жатса маған өкпе артпаңыздар. Менікі әншейін әр ру өз тентегін өзі тыйсын дегенім ғой. Құдабайдың ақы иесі болған жәдіктер жағы, мына отырған Сабырбай ағамыз өз інісіне ие болып айтқанына көндіріп жатса, Қасым қайда барар дейсіздер. Ол жағын өздеріңіз шешіңіздер, – деп жай ғана лажсыздық танытқан болды.

– Алланы ауызға алып отырса, сендерге содан үлкен не керек!

«Алла» деген сөзге келгенде бәрі де үндемей қалды.

– Біріншіден – Аллаға; екіншіден, Абайға тапсырамыз деп Құдабайдың өзіне ауызба-ауыз сөйлесейік. Біз сырттан тон пішіп отырғанымызбен, екеуі – екі таудың тағысы. Бір дараға бекінген екен, жанынан безген олар Құдайдан да қорықпайды. Алдымен солардың өзінен тіл алу керек!

Соңғы байлам осы болды. Абай орайлы сәтті қалт жібермей:

– Сіздерді қинағанымды біліп отырсам да, өзімнің де басқа амалым болмай отыр. Сіздердің алдарыңызда ұлық көрінгеніммен, мен де біреудің құлымын. Жоғарғы жақтан не бұйрық келсе, соны орындаушы ғанамын. Егер Қасымды ұстауға келіскен болсаңыздар өздеріңізге сойылған малдың қанына қол матырып, қолдарыңыздан қолхат беріңіздер. Сіздерге сенбегенім емес,

жоғарғы ұлықтарға есеп беруім үшін амалсыз істеп отырғаным ғой, – деп мүләйімсіді.

Ел басылары өздерін өздері тығырыққа тірегенін біліп, шегінерге амалсыз қалды. Құсайын бастаған топ ауыздарынан ант, қолдарынан қағаз беріп, Қасымды ұстап беруге аттанып кетті.

«Әй, оқымаған надандарым-ай, ел билейміз деп бес қойыңның шеліне семіресіңдер. Өлетін жерлеріңді білмейсіңдер. Алдарыңда тұрған Абай кеңестік империяның жүзігінің көзінен өткен, моңғолдардың да аптығын басқан қарт қасапшы екенін білмейсіңдер-ау» деп олардың сыртынан күбірлей күліп тұрды Абай.

* * *

Жаз жайлауы мен қыс қыстауы қатарласқан құтты Баркөлдiң жасыл тауларын асып түсіп, шығыс оңтүстікке қарай жүрген сайын қоңыр адырлар, тазығыр таулар, қақ пен сордан құралған жыңғылды жазықтар бірінен-кейін бірі көсіліп жатыр.

Жер ұйығындай қайран мекенім-ай, шынымен-ақ қалып барасың ба. Ата-анамның алдында тай мініп, танауымыз желбіреп желмен жарысқан кекілді балалығымның куәсі, сәби сүйіспеншілігімнің томағасын тартқан киелі тұғырым-ай. Тағдырдың дәмі бұйырып қайта айналатын күн туар ма екен. Әлде осынау шұбырған көш, екі етегі жасқа толып атамекенінен алыстаған халық туған жер, өскен ортасына қайта айналып келе алмай, мұңға толы жанары жаутаң қағып қан жылаумен өте ме?! Аталарымыз сонау Алтайдан Баркөлге келіп, жарты ғасырдай бауыр басып еді, енді, міне, ұясынан үріккен құстай бұл мекеннен де түп қотарыла тағы да көшіп барамыз. Зұлымдық, жауыздық, қытайлардың зорлық-зомбылығы ата-бабаларымыздың күл төккен қасиетті даласынан қуып шыққаны ма. Алдымыздағы жат мекен қандай сый көрсетеді. Шіркін, қанатымызды бекемдеп, қатарымызды толықтап қайта қайрылып, жаудан есе алатын күн тез келсе екен. Бізді жылатқан, бізді атамекенінен айырған сұмдардың өз істегенін өзіне істеп, қоңыр тауларымыздың құшағына қайта оралатын бақытты шақтар бұйырар ма екен десеңші...

Ауыр ойлардан арыла алмаған Елісхан көш алдында келеді. Оның қатарында Сауытбай, Секей, Атшыбай, Қожақын, Қасей, Аңғалбай, Мұқай, Мінәндар бар.

Жол сырына қанық Сауытбай Елісханмен қатарласып, қолына екі бүктей ұстаған қамшымен алыс-жуықты меңзеп, жер жағдайын таныстырып келеді:

– Осы дала қағыр, аңызғақ қана ұрып тұрған шөлге ұқсап көрінгенімен, жықпыл-жықпылында ұры бастаулар көп болады. Ондайды адамнан көрі аң оңай біледі. Құлан жарықтықты айтсаңшы, ойпаң жерлерді иіскеп-иіскеп келе жатады да, су шығатын жер болса тұра қалып, алдыңғы аяғымен тарпып-тарпып жерді қаза бастайды. Қоймай жүріп су шығарып алады. Аталарымыз сол аңдардың ізімен жүріп осы даланы түгел ақтарып шыққан. Баяғыда Бөке

жарықтық елді шығысқа қарай бастап, Такламакан шөлін бірінші кесіп өтті ғой.

– Бөке неге көшті сонда?

– Ойбой, оны неге көшті деуге келе ме. Саған біреу неге көштің десе не дейсің? Аң екеш аң да жерінде жұт жүрген соң өз қағынан жериді. Сол үшін де аталарымыз «Арқада қыс жақсы болса, арқар ауып несі бар» деп мәтелдеген. Туған жерден айырылу кімге оңай дейсің. Бәріміздің де өзегіміз от болып, ішек-бауырымыз езіліп келеді. Арғы жағын айтар болсақ, осыдан жүз жыл бұрын Алтайда төрт би сайланды ғой. Бір кезде Жәнібек батыр: «біз қазақ хандарынан алыстап, жердің шеті, желдің өтіне шығып барамыз. Ұрпағымыз бір-бірінен ажырап қалмауы үшін қазақтың қарашаңырағынан, хандардың қара ордасынан бөтен еместігімізді білдіріп, хан тұқымына ел басқартайық» деген ғой. Сол сөз бойынша Әбілпейіз ханның Көгедай, Сәмен, Жабағы деген үш ұлын қалап әкеліп, керейлерді басқартқан. Сол төрелердің ұрпағы шау тартып кетті ме, әлде аталарымыздың берекесі азайып, көк езулігі көбейді ме, әйтеуір төрелердің ел басқаруына халықтың көңілі толмапты. Сосын елді төремен бірге ел басқаратын, керейлердің өз билігін жасап жәнтекейден Көкен, Топан, жәдіктен Бейсенбі, Құлбек – жиыны төрт би сайлады. Біз қазақпыз, қазақтың ішінде бір-біріне оңайлықпен есе бергісі келмейтін керей деген тентек елміз. Бір мезет елдің басы біріккенімен іштей ірігендер де болды. Соның ішінде шеруші тұқымы бірінші өкпеледі. «Жәдік пен жәнтекейден қос-қостан би сайлағанша шерушіден бір би неге сайламайды» деген өкпесі тарқамай Ертісті өрлеп, бүгінгі Моңғолия жеріне, Қобда өңіріне ауып кетті. Енді бір бөлімі жан саны өсіп, малының өрісін кеңейту үшін басқа жақтан қоныс іздеді. Бір бөлім керей балалары Майлы-Жәйірге көшіп барды. Солардың ізінше Алтайдың Шіңгілінде отырған Бөке Жырғалаңұлы Алтайдан ауып, Дихуаға жақындап, Шонжы өңіріне барды. Ол кезде Шонжы бүкіл Шынжаңның сауда орталығына айналып, саудасы қызып тұрса керек. Бөке ел сеніміне бөленіп, шаңия, залың, амбы мансаптарын алып, сол өңірге ауып барған елдің иесі болды. «Жоқ-жітікке қарайласқыш, мүсәпірлерді жарылқағыш» деген аты шықты. Алтай мен Тарбағатайдағы би-төрелерден тепкі көргендер оның қолтығына барып паналайтын болды. Бұл Алтай мен Тарбағатайдағы ел иелеріне жақпады. «Бөке елді аздырып, қарақшыларды қанатының астына алды» деп арт-артынан арыз жолдады.

«Адам тіліне аспандағы бұлт азады» деген ғой. Шынжаңды билеген Дихуа ұлықтары Бөкені қудалады. Түрмеге жауып, «елді қайтар» деп қысым жасады. Бөке жауына бас имеді. Түрмеден шыққан соң төрт жүз түтінді бастап Чиңхай, Чизаңды* бетке алып көше жөнеледі. Ал онан кейін қалай өлгенін, денесінің Тибетте, басының Алтайда жерленгенін өздерің де жақсы білесіңдер. Сол Бөкенің ұлы Рабай сендерді жау шапқан 1932 жылы көп ауылды бастап Моңғолияға ауып кетті. Бөке жайындағы әңгіменің ұзын-ырғасы, міне, осылай.

– Бөке неге Чиңхайға бет алды?

– Е, ол да ұзақ әңгіме. Біздің қазақтарға салсаң осы Гансу мен Чиңхайды қазақтардың жері еді дейді. Баяғыда Үйсін бабаларымыз, һүн бабаларымыз

осы өңірде жасаған деген аңыз бар. Асанқайғы атамыз Чиңхайдағы Көккөлдің жағасына келіп бір түнеген екен. «Шіркін-ай, Көккөл десе көк көл екенсің, малың жылына екі тойынады екен. Қысында жұт жүрмейтін малға жұғымды қоныс боларсың» десе керек. Қариялардың аузында осы Көккөл туралы ескі әңгіме көп айтылады. Қарабай, Сарыбай бабаларымыздың елі де осы араға келген деген сөз бар. Сол Бөкенің кезінде аң қарап жүрген бір топ жігіт даланың бір жақпар тасынан «біз Қарабай мен Сарыбайдың еліненбіз, кейінгі балаларымыз тұрғылықты халықтарға сіңіп кетті» деген көне жазу көргендерін айтады. Ал енді моңғол мен ұйғырдың арасындағы өздерін «болған» атаған тағы бір тайпа ел: «біз уақ Еркөкше батырдың ұрқы едік» деп үйлерінен әбден тозып, құруға айналған Құранның қиқымдарын көрсетіпті. Осыларға қарағанда Бөке батырдың бұл өңірге тартуы тегін емес көрінеді. Елін көшіріп әкелуден бұрын жер шалып кеткен екен. Сонда Көккөлдің маңайынан шашылып жатқан керегенің сағағы мен бақанның сынығын көріпті дейді. Бөке бұл өңірді қатты ұнатқан екен деседі қариялар. Ал Бөкеден бұрын да бұл өлкені ата-бабаларымыздың ізі шиырлағаны анық. Бөке осы Көккөлдің бойын қазаққа бір мекен болады деп ойласа керек. Сол көнекөз қарттар «Гансуыңды» «Кеңсу» деп әңгімелеп отыратын.

– Бөкеге ілесіп кеткендердің барлығы да қайтып келген бе?

– Көбі қайтып келді. Бірлі-жарым ел бөлініп-жарылып қалып қойғандары да болған. Бізді ішкі Қытай жеріне бастап барып келгендер солар ғой. Қазір де көзі тірі талайы жүр. Тіпті талай адам күні бүгінге дейін із-тозы жоқ. Өлі екенін, тірі екенін ешкім білмейді. Бортан қажы бастатқан төрт жаяу Үндістанға дейін өтіп, Мекке-Мединеге дейін барған. Кейіннен Ақыт қажы Меккеге барғанда қайта ала келген екен. Бөкеден кейінгілерден алғашында Тұңғышбай бастаған жиырма неше түгін Гансудың Әнши деген жерінебірнеше қыстап қайтқан. Одан кейін он неше түгінмен он жылға таяу Жүймін төңірегінде көшіп-қонып жүрдім. Өзің білесің, елге оралғанымызға да алты-жеті жылдың жүзі болды. Былтырғы Адубайды бастап көшкендер де сол біздің жігіттер ғой.

Жол бойы әңгіме талай тарихты ақтарып келеді. Бұрын естігені бар, естімегені бар, ескі шежіре көбін-ақ тамсанып тастады.

Көш Құмыл өңірінен өтіп, Гансу жеріне күншілік жер қалғанда алдыңғы жаққа аттанған шолғыншылардан хабар келді:

– Алдымыздағы Ағашқұдық, Кішіақтас, Жыңғылдықұдық секілді суы бар жерлердің бәрін жау иеленіп алыпты. Дөңбастауда Шың Шысайдың қалың шерігі жолымызды тосып жатыр екен. Шамалары келсе ары асырмаймыз деп жатқан көрінеді.

Елісхан, Қожақын бастаған топ көштің алдағы жолын ақылдаса бастады. Жол жағдайына қанық Сауытбай:

– Біздің алдағы асуды асуымызға қолайлы үш жол бар. Бірі – таудың жоғарғы жағындағы Қосқұдықтан аса аламыз. Екінші – таудың етегі жатағандау құм келеді де, Жамансу деген шылдырлақ өзенше бар. Ал алдымыздағы Дөңбастаудан кесіп өтсек, ары қарай Жетіқұдыққа қарай

еңкейеміз. Бірақ өткел аузы болғандықтан жаудың негізгі күші сонда шоғырланған.

.....
* Чинхай – Көккөл, Чизаң – Тибет, жер аттары

Жерге түсіп, құм бетіне бәрінің картасын сызып көрсеткен Сауытбайға Елісхан:

– Олай болса, біздің жігіттер үш топқа бөлінсін. Бірінші топ жауға әдейі көрініп, күндіз Қосқұдыққа қарай беттеген кейіп танытсын. Екінші топ та солай, күндіз ел көзінше Жамансуға қарай еңкейсін. Қас қарайып түн болған соң, екі қанаттағылар жалт беріп, ортаңғы қанатқа қосылсын. Сонда жау «екі қанаттың бірінен өтеді. Ортадан қорықты» деп есептейді. Әрі әскерлерінің бір бөлімін екі қапталға жібереді. Біз сол кезде ортадан соғамыз. Дөңбастаудың асуын тартып алып, жаудың қалған әскеріне де бүйідей тиісеміз.

Жұрт Елісханның ақылын бірауыздан қуаттады. Соғысқа Қожақын жетекшілік ететін болды. Жігіттердің күндізгі жер шалып білген мәліметі негізінде бір бөлім қарулы қосын жол ашуға, аз бөлім адамдар көштің алды-артын қорғауға жауаптанды да, түн жарымынан өте бере соғыс бастау көзделді. Осы бойынша таң атар-атпасқа дейін жаудың негізгі күшін талқандасақ, көш жерге жарық түсе асуды асып кетеді деп есептеді.

Баркөлден сытыла шыққанда өздерін көлденең таудың күнгеінен асырғысы келмей, жол тоса соғысқан азғантай шолғыншыны қырып тастаған Елісхан жігіттерінің қолының қышуы қанбай, жаусырап келе жатқан беті еді.

Жау бекінісіне таяғанда аттарын артқа қалдырып, бес-алтыдан жеке-жеке топқа бөлініп, қоңыр адырлардың арасымен жықпыл-жықпылды қуалап еңбектей жөнелді. Төбесіне шырақ жағылып, тастан қаланған ортадағы атыс ұясы жаудың ең негізгі күші шоғырланған жер болатын. Қасқа маңдайдан соғу үшін Қожақын бірінші болып жақындады. Оның мылтығы сайрамайынша ешкімнің оқ атуына болмайды. Екі-екіден біріккен күзеттегі төрт шерік кезек-кезек айқасып, айналасына сақтықпен көз тігеді. Таң атуға шай қайнатым қалған кез. Күзетшілерден басқа бүкіл шерік ұйқыға кеткен. Қожақынның қасындағы төрт жігіт күзеттегі төртеуді қарауылға алды. Ал Қожақынның көзі тастан қаланған атыс ұясының қарауытқан аузына тігулі еді. Көзі үйрене келе, ол тесікте пулеметке сүйеніп қалғып-шұлғып отырған екеудің қарасын байқады.

– Бесеуміз оқты бір жолда шығарамыз, – деп сыбырлады жанындағыларға.

Төртеуі де мүлт жіберген жоқ. Сол-ақ екен, ұясы бұзылған арадай болған атыс ұясының айналасы да күркіреп қоя берді. Жау жағы Қожақындар жатқан төбеге қарай оқ төккенде бас-аяқтағы жігіттердің мылтықтары да сақылдай жөнелді. Жау әскері өздерін қоршауда қалғандай үрейлі күйде сезінсе де жанталаса атып жатыр. Таң қараңғысында оқ үні бүкіл даланы зіл-зала қылып, тасқа соғылған мырыштардан жылтылдаған оттар ұшады. Қоңыр адырдың қойнауын оқ дәрісінің күлімсі иісі кернеді.

Жау жағынан шәбелене айқайлаған ащы үндер, ойбайлаған, бақырған үрейлі дауыстар жиі естіліп жатты. Қытай жасақтарының оғы қазақтар жатқан

төбені жүнше түтіп, шаңын бұрқыратты. Ал оқ үнемдеп үйренген қазақ мергендері бір-бір қара тасты қалқа қылып, қадап-қадап атып, алдыратын емес.

Туған жер атамекендерінен айырылып, жүректеріне қан толып келе жатқан құса көңілдер шерін оқпен тарқатқысы келіп, жаудан аянатын емес. Атқан оқтары жерге түспейді. Майға шыланған құрым киізге от тамызып, сайдағы машиналардың бірталайын өртеп жіберді.

Жерге жарық түсе бере жау жағына қарауытқан төбенің бәрі қазақ болып көрінді. Шеріктерінің өлігінің көптігінен алға аттаса болды, шылқыған қанға тайғанақтап, жүректері шайлықты.

Түнде Қожақын пулеметшіні атып түсірген тас бекіністен ақ ту көтерілді. Елісхан қытай тілінде айқайлап:

– Бағынсаңдар, қаруларыңды бір жерге жинап, сайға түсіндер, – деп бұйырды.

Жау әскері сүмірейіп-сүмірейіп, қаруларын тапсырып, қолдарын көтеріп, жотаның бауырына жиналды.

Мейманасы тасыған қазақ қолы төбе-төбеде қаруларын серт ұстап қалт еткенді қағып жіберуге дайын тұр.

Елісхан қытай шерігінің әскербасын топ алдына шығарып тергей бастады.

– Сендерді кім жіберді?

– Тақсыр, жоғарғының бұйрығымен, Шың дубанның жарлығымен.

– Қанша адамсыңдар?

– Жиыны бір мың адам едік. Жүз шақты әскеріміз Қосқұдыққа, жүз шақтысы Жамансуға кеткен. Қалғанымыз осында, үш-төрт жүз адам тірі қалдық.

Осыны айтқан шеріктердің бастығы көз қиығымен айналасына қарап, қазақ қолының санын межелей бастады: «қап, әттеген-ай, мына иттің балалары азғана адам екен ғой. Атаманы да жап-жас жігіт. Енді біраз шыдап тірескенде әлдеқалай болар еді». Оның жапақтай қараған жанарынан ойындағысын сезіп тұрғандай болған Елісхан:

– Менің армиям мына тау-тастың бәрін алып жатыр, – деп жымиды да, көз ұшында шұбыра көшіп, кезеңнен асып бара жатқан малды ауылды иегімен нұсқап: – Әне, анау біздің әскердің қоры. Жейтін азық-түлігі. Аз ба, көп пе екен? – деп шерік бастығына тігілді.

Өздерінің алып жүретін азығымен есептегенде шынымен көп көрінді көзіне, мұрнының ұшына келіп қалған маңқасын қолының сыртымен сүрткіштеп:

– Тақсыр, бізді өлтірмеңізші. Бізде билік жоқ. Өздеріңіз секілді халықтың перзенттеріміз, – деп жерге жата қалып тоңқандай бастады.

– Мен сендерді өлтірмеймін. Шың Шысайға менен сәлем айтыңдар, менің өлтіретін адамым сол. Ал сендердің құралдарың мен азықтарың бізге керек болады. Бас-аяқтағы жасақтарыңды қырмай-ақ қояйын, олар келіп сендерді тауып алсын, – деп атына қонды.

Әскердің бәрі рахметтерін айтқандай тоңқандай шуласып кетті. Мұқай, Мінән бастаған жігіттер оларды бөліп-бөліп матап тастады.

Бірнеше ұсталар сол майданның өзінде пысықтық көрсетіп, өртенген машиналардың темірлерінен таға-шеге соғып жатты.

Көштің алды Жетіқұдыққа жеткенде бір-ақ дамылдады. Соғыстың үрейі, құмнан шалқыған ыстық жалын мазасыздандырған мал мен адам бір сәт шөлін қандырып серги қалды. Жетпістегі шалдан жеті жастағы балаға дейін еншілеріне қару тиіп, екі езуі екі құлағына жете қуанып жүр. Бірлі-жарым жараланған жігіттер мен оққа ұшқан аттарды айтпағанда, басқасы дін аман.

Олар еңселерін жаншып келе жатқан уайым мен қайғыны бір сәт ұмытса да, алдарында тағы қандай тағдырдың күтіп тұрғанын білмейтін еді.

* * *

Абайдың «сенімді ағасы» саналған Құсайын мен Қамза өздеріне жәдіктің иесі есептелетін Сабырбай, Көки бастаған Қали, Сағидолла секілді бір топ адамды қосып алып, Қаптықтың бір дарасына бекінген Құдабай ауылына келіп түсті. Жайшылықта болса көлденең көк аттымен қару кезеп тұрып қана сөйлесетін Құдабай бұл жолы Сабырбай мен Көкиді көрген соң жүні жығылып, қонақтарына қошеметпен қарады. Олар келе салып:

– «Сүт сұрап келіп шелегіңді жасырма» деген сөз бар, Құдабай, сені ел тентек дегенмен де, тентектің де иесі болады. Иең – бізбіз. Жақсылығыңды асырып, жамандығыңды жасырғаннан басқа бөтен ойымыз жоқ. Шың дубаннан Абайға телеграмма келген екен. Онда «Құдабай Қасымды бізге өз қолымен тапсырып берсе, он мың бас мал ұрлап, жиырма адамның қанын төккен болса да қылмысты ат тағылмайды, кешіріммен қараймыз. Егер оған көнбесе, біреуі ғана емес, екеуі де қылмысты ретінде жазаланады» депті. «Шоқты кім ұстаса, соның қолы күйеді» деген. Енді, міне, екеуің үшін біз күйіп отырмыз. Басың екеу болмаса Қасымды бізге тапсырып бер, жамандық көрмесіңе біз кепіл боламыз, – деді.

Бір сәт түнеріп үнсіз отырған Құдабай кереге басында ілулі тұрған мылтығына бір жалт қарап алып, орнынан қозғалақтап кетті:

– Бұтаны паналаған торғай да аман қалады деуші еді. Мен сонда бұта құрлы болмай отырмын ба?!

Үй ішіндегілер оның оқыс қылық көрсетуінен тіксінейін деді. «Егерде бөтен қылық байқалса, сақ тұрындар» деп бір белдің астына қалдырған Ғопыр бастаған үкімет сақшыларын естеріне алысып, есікке қарағыштай берді. Қали майда үнмен мамырлай тіл қатты:

– Жәдіктің иелері болып біз алдына бекер келіп отыр дейсің бе. Бір Қасымға бола ертең бүкіл ауылды қанды қасапқа ұстаса оған басыңмен жауап бере аласың ба. Біздің бетімізді қайтарып, ағайынның алакөзділігіне қалсаң, оның орнын немен толтырасың. Әлде жаныңдағы жақын жәдігіңнен қаңғырып келген қарақшы меркітті артық көріп отырсың ба?! Егер төбемді көкке Қасым жеткізеді десең оны да көрейік! Қазақта «жақыныңды өкпеге қисаң да, жамандыққа қимайсың. Жамандыққа қисаң да өлімге қимайсың» деген аталы сөз бар. Біз сенің ауылың мен қатын-балаңның қамын ойлап келіп отырмыз.

Ендігі төрелік өзіңнен, біздікі – айтып қарыздан құтылғандық, – деп отырғандарға жағалата бір қарап алып, Құдабайдың бетіне тесілді.

Құдабай қайтерін білмей тыпыршып кетті. Ең соңында:

– Мен сіздерді де ойлаймын. Елді де ойлаймын. Рас, патшаның жарлығы, жандарыңыз тәтті, соны ойлап отырған боларсыздар. Қасымды ойласам, оған да жаным ашиды. Әкелері Жайсаңдағы бодан керейдің арасынан қашып, Сауырға келіпті. Өзі онда да байыздап тұра алмай, Еренқабьрға, Боғдаға барғанда да жолы болмағанын білесіздер. Сары ізіне шөп салған үкіметтің пәрменінін көтеріп келіп, сіздердің айтып отырғандарыңыз мынау. Соқа басын қанша алып қашса да соры арылмаған бейбақ екен. Ең жақсысы, бұл мәселеге Қасымның өзі жауап берсін. Мен алдарыңызға шақырып, қарызымнан құтыламын. Өздеріңізге ерекше ескертерім – осыны айтып отырған сіздер және сіздерді жұмсап отырған үкімет сөзінде тұрса болды, – деген кесім айтты. Әрі бір бала жігітті Қасымды шақырып келуге жұмсады.

Бағанадан әңгімені үнсіз тыңдап, түнеріп отырған Боқай деген атпал азамат орнынан көтеріліп, бір тізерлей отырды да:

– Құдабай, мен саған баяғыда-ақ «сол Қасымды жолатпайық, қосып алмайық» деп едім. Көнбедің. Қосып алдың. Ал енді өзіміз жабысқандай болып қосып алған адамды өзіміз ұстап береміз бе? Тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұңқырда боламыз деген сертіміз қайда? Шың Шысай мен Абайға қай бетіңмен сеніп отырсың? Бүгін Қасымды ұстап бергеніңмен, ертең Абай өз басыңа ауыз салады. Осыны неге білмейсің?! – деп бұрқырады.

Боқайдың сөзінен кейін Сабырбай мен Мамырбай да:

– Қабырғаларыңмен ақылдасып, қапысыз іс қылыңдар. Артынан бір өкініш болып, обал-сауалдарың біздің мойнымызда кетпесін, – дегенді ескертті.

– Мықтысы мықты неме, – деп күрсіне міңгірледі Құдабай, – дегенмен де, кей қылығы өз ішімді де түйней береді. Қоңсы отырып қорадағы қойға ауыз салатын қолының суықтығы да бар екен. Бір адамға бола бүкіл елді оққа байлап берсем, ол жағы да оңай болып тұрған жоқ. «Олай тартсам – өгіз өледі, былай тартсам арба – сынады...».

«Үйге қонақ келіп, Құдабай шақыртып жатыр» деген соң Қасым қалың топтың ортасына өзі келді. Қақпақ жауырынды, еңсегей бойлы Қасымның қоңырқай жүздерінен мысқыл көрінді. Сәлемнен кейін отты жанарын төрдегілерге қадап:

– Бұйымтайларыңызды білсем де, қатынға ұқсап қашпайын деп алдарыңызға өз аяғыммен келдім. Мен үшін елдің де, Құдабайдың да кінәсі жоқ. Кісі өлтіріп, почта тонады деген айыппен түрмеге салып, жазықсыз шырылдатқан соң Шың Шысайдың бес бірдей адамын өлтіріп, қашып келгенім өтірік емес. Қолыммен істегенді мойныммен көтеремін, – деп айбаттанды.

Үй ішіндегілер қозғалақтап кетті. Әншейінде аттыға жол, жаяуға сөз бермейтін Құдабай да сазарған күйі жақ кірісін ашпады.

– Құдабай, сені білемін, екі оттың ортасында тұрсың. Мен үшін жасай алмаған бір ерлігіңді сен үшін мен жасайын. Мені іздеп отырған Шың дубанға апарасыңдар ма, Абайға тапсырып бересіндер ме, бәріне дайынмын. Мен үшін

елді қинамаңдар, тек менің жеке басыммен ғана санассаңдар болғаны. Алла берген жанды Алла алады. Оны қызыл түлкісімен бұлаңдаған Құсайын да, қанжарынан қан тамған Құдабай да, әбжыланша арбаған Абай да ала алмайды. Ерте ме, кеш пе, ажалдан қашып құтылған ешкім жоқ. Неден қорқайын. Құдабай, есіңе ерекше саларым: өзіңе-өзің сақ бол. Бұларға екінші сенуші болма! Мені ұстауға батылдық еткен аға-бауырың ертең-ақ саған да ауыз салады. Нағашылық жақындығыңа ғана емес, алыстан естілген ат-атағыңа жығылып, ер жігіт қой деп келіп едім. Боғда мен Қаптықтың қос көкжалы бір дарада табысып едік. Амал жоқ. Алланың салғанына көнеміз. Соңғы айтарым, ендігі жерде тас босағада табысып жүрмейік! – деді Қасым.

Құсайын бастаған топтың сақасы алшысынан түсті. Қанымызды төге ме деп қалтырап келгенде Қасым өздігінен беріліп, олжалы қайтты. Солай болса да Құсайын:

– Құдабай алды бар, арты жоқ жайдың бұлты сияқты тез айнығыш, алаңғасарлау неме еді. Қасымды ұстап берген болып бізді жолға салып жіберіп, бір бұрымды айналып келіп тап бергеннен тайынбайды, – деп бірнеше сенімді жігіттерін артқы қарауылға қалдырып, аса сақтық танытты.

Олар жол-жөнекей түнге ұрынып, Жеңісханның үйіне қонаққа түсті. Жеңісхан болса – Елісханның ұлы әкесімен бірге туысатын Қамысбайдың ұлы. Қасымның ерлігін сырттай естіп, бір көруге зар болып жүретін. Қонақтарына:

– Құдайы қонақ болсаңыздар да, іздесе таппайтын, шақырса келмейтін сыйлы адамдар екенсіздер. Кештен қалған түннен қорықпайды. Сіздерді мұнда түсірген біздің үйдің дәмі ғой. Жата-жастанып таңертең бір-ақ аттаныңыздар, – деп жабысты. Құсайын алды-артына жалтақтап:

– Кеткеніміз жөн еді, – деп қипақтап еді, сөзге Қасым араласты:

– Мен қашқым келгенде Дихуаның тас түрмесін бұзып, Шың Шысайдың шеріктерін қырып тастап қашып кеткенмін. Бөтен ойым болса ауылдың өзінде-ақ бірнешеуіңді жайратып салып қашып кетер едім. Сіздерді жерге қаратпайын, жаман атты қылмайын деп келе жатырмын. Қашқым келген күні Абайдың өз қолынан қашамын. Қазірше ондай ойым жоқ. Менен қорықпаңыздар, – деді.

Екі бірдей еркек қойын қатарынан жайратып салған Жеңісхан басқалар дәрет сындырып сыртқа шыққан бір орайда Қасымға:

– Қарағым, мына сый ана атқа мінерлер үшін жасалып жатқан жоқ. Кәпірлердің тұмсығына қан қатырып, десін басқан өзіндей ерге деген құрметім ғой. Қайда жүрсең де аман жүр. Алла жолыңды оңғарсын. Жолдасың Қызыр болсын. Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді. Жасыма. Менің Елісханым да өзіндей ер боп жетіліп келе жатыр еді. Алысқа кетті. Не күйде жүр екен деші. Алды-артымызды түгендеп, ес-ақылымызды жисақ, біз де солардың артынан кететін сияқтымыз. Бәрің де ел үшін туған ерсіңдер, алған беттеріңнен қайтпаңдар! – деп ақ батасын арнап, ағалық ықыласын ақтарды.

Ылғи да атыс-шабыс, қанды барымта, қудалаумен күн өткізіп келе жатқан жетімек жігіттің жанкешті ғұмыры ішқұсалықпен, кекпен өтіп, мынадай жылы

сөзді естімегеніне де талай болыпты. Жүрегі езіліп, көңілі босаса да көз шанағына толған көлдей жасты көрсеткісі келмей, теріс айналды.

* * *

Түрме. Қасым Дихуада көрген суық, сыз камераға қарағанда, сабан төселген, жайсыздау болса да жатын орны бар, кірпіштен қаланған түрме екен.

Қол-аяғына ауыр кісен салынған ол қабырғадағы көздей тесіктен ғана сыртқа сығалайды. Оқта-текте бұрышқа қойылған темір шелектегі дәретін төктіру үшін далаға шығарады. Бірде ол сыртқа шығып жүріп сақшының ат қорасын тазалап жүрген інісін көріп, қайран қалды. Өз көзіне өзі сенбей мазасы кетті. Сөйтсе, ол да өзімен көршілес камералардың біріне қамалған екен. Түнде қамақуда болғанымен күндіз қол-аяғын еркін қойып, жұмысқа салатын көрінеді.

«Қап, мына иттер менің ғана түбіме жетпей, Құдабаймен көрші отырған бала-шаға, үй-ішімді де мықтаған екен ғой» деп тістенді. Талайдан бері қарай «сабыр түбі – сары алтын» деп бәріне үнсіз төзіп келе жатыр еді. Інісін көріп, іші өртенді. Тауы шағылып, тағаты таусылды. «Кәпірлердің пиғылы жаман екен. Өз басыммен ғана кетпей, тұқымымды тұздай құртпақшы екен ғой. Өлсем де қашып өлейін. Енді қашпасам, бұл жауыздар Дихуаға Шың Шысайға тапсырып берер» деген күдікке маталып, орайлы сәтті күтті.

Маусымның қапырық ыстық күндерінің бірінде мұны дәретке жалғыз ғана шерік айдап шығарды. Қытайлардың әр күні түсте мызғып алатын әдетін ертеден ішіне түйіп жүрген Қасым айналасына ұрлана қарап еді, ешкімнің қарасы көрінбеді. Дәретхана босағасында тұрған күзетшіні кісенімен жалғыз-ақ ұрып жамсатты. Оның жанындағы кілтті алып, аяқ-қолын да босатып үлгерді. Ат қора жаққа қарай баспалай аяңдағаны сол еді, малдың қиын қопарып жатқан інісі мұны көре қойып, жүгіріп келді. Оның қолындағы күрекпен дәретхананың қабырғасын лезге тесті де, сыртқа атып шықты.

«Қасым қашып кетіпті» деген хабар Баркөл жамбылын дүрліктіріп жіберді. Маңайындағылардың жер-жебіріне жеткен Абай тұс-тұсқа адам шапқылатып, шұғыл тінту жүргізсе де Қасымның дерегін біле алмай, аяғын қақпанға алдырған арландай аласұрды. Ертесі қаланың оңтүстігіндегі аудан жамбылын қоршаған жалпақ дуалдың үстінен олардың киімі табылды. «Біреуің шығарып жібердіңдер», – деп Абай талай жанның тақымына қылбұрау салды. Қасымның өзі түгілі, көлеңкесі де жоқ. Тек ол туралы аңыз-әңгіме ғана ел ішінде гу-гу етеді.

– Қасым қол-аяғындағы кісенді бұрап-бұрап үзе салыпты да, күзетшілерді ұрып жығып, тапа-тал түсте қашып кетіпті.

– Әй, ол тегін адам емес. Ақ сайтаны бар оның. Ондай бір кереметі болмаса қалың күзет, қайшалысқан әскер мен сақшының арасынан қалай құтылып кетті.

– Ол тауға бекініп, өзіне серік іздеп жүрген көрінеді. Жанына Құмылдан қашқан бірнеше ұйғыр қарақшылары келіпті дейді. Олар көп ұзамай аудан жамбылын шабады екен.

– Қасым қашып қайда барушы еді, ол бір барса Зайып тәйжінікіне барған болуы керек. Зайыптың үйінің қора жағынан бір қос пайда болыпты дейді. Күндіз кемпірі қостың алдында жіп иіріп отырады екен. Сол қос тегін емес.

Шеріктерді бүкіл тау-тасты, ауыл-ауылды тінтуге жіберген Абайды елеңдеткені де соңғы сөз болды. Зайып тәйжінің ауылына ашық және жасырын түрде барған барлық жансыздары да жырғатқан ақпар әкеле алмады.

Шілденің соңын ала Құмылға жиынға аттанған Абай жол-жөнекей он неше шерігімен Зайып ауылына келіп түсті. Бір жағы қыр көрсетіп, бір жағы сыр суыртпақтап, әдейі осылай істеген еді. Абай Баркөлге келгелі оның алдынан шығып, құрақ ұшпаған жалғыз адам да осы Зайып болатын.

Күндіз тауға қарағайдың арасына жасырынып, түнде қой қораның шетіндегі қосқа келіп паналап жүрген Қасым Абай келе жатыр дегенді естігенде Зайыпқа:

– Мен ол сұмның көзін құртамын. Абай өлмейінше қазаққа күн жоқ, – деп тісін қайрады.

– Ойбай-ау, оны қалай өлтірейін деп едің? – Зайып ошарыла қарады оның бетіне.

– Қалайы бар, атып өлтіремін!

– Онда бәріміздің басымызды оққа байлап бермейсің бе.

– Не сіздің ауылға келе жатқанда, не аттанып бара жатқанда атамын.

– Бұл соңғы бекімің бе? Онда былай болсын. Бүгін кеште қонағаға біздің үйге түседі. Сен тау басынан оның атын, киімін бәрін әбден танып ал да, ертең Құмылға аттанып, Көшеті сайын өрлейді. Жолдан тосып, сонда қамданып қал. Есіңде болсын, ол да оңай алдыратын аңғал жау емес. Өзіңе өзің өте сақ бол. Және де жазатайым жіберіп жүрме, ол өле қалса жақсы, өлмесе басқаларға пәлесі тиеді.

Абайлар Зайып ауылына кешқұрым келіп түсті. Малдың батасына ұсталған қойдың қап-қара екенін көрген Абай не дерін білмей жалтақтай беріп еді, Зайып:

– Қара қойы несі деп ойламаңыздар. Біздің босағамыздың баяғыдан келе жатқан ырымы солай, жақсы көрген қонаққа көмірдей қара қойға бата жасатқызамыз, – дей салды. Абай қолын жайып қасындағы Қамзаға қарады. Қамза:

– «Қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді» деген. Алла берген алал малдың бәрібірдей, – деп, батаны өзі жасай салды.

Сөз арасында Абай кесек бітімді Зайыптың дөңгелек жүзіне жарасқан отты жанарына сынай қарап:

– Қасымның қайда қашып жүргенін біле алдыңыз ба? – деп сұрады. Зайып кірпігін қақпастан көзін Абайдың өңменінен өткізе қадап:

– Оны ұстаған сіз білмесеңіз мен қайдан білейін. Сондай істерге көңіл аудармайтын бір жаман әдетім бар. Малымды құрттап, айранымды ұрттап өз алдыма жүргенді жақсы көремін. Егер сыбыс бірдеме біліп жатсам сізге тізгін ұшында хабар жеткізейін, – деп жайбарақат жауап берді.

Қасымды осында болар деген күдігінен қайтпаған Абай түнімен дөңбекшіп, тыныш ұйықтай алмады. Таңға жақын көзі ілініп кеткен екен. Түс көріп, шошып оянды.

Қап-қараңғы тұңғиықта көзін аша алмай тырмаланып жатыр екен. Әлгі тұңғиық – қара шүңет өзінен алыстағандай болғанда ғана эзер байқапты. Зайып пен Қасым киіз үйдің есігіне зеңбірек орнатып, оның үңірейген аузын Абайдың тұмсығына тіреп қойыпты.

Өз түсінен өзі серги алмаған Абай атқа ерте қонды. Ойына не келгенін кім білсін, ауылдан ұзап, Көшетінің аузына ілінгенде:

– Түнде жаман түс көрдім. Оның үстіне Зайыптың қылығы маған жақпады. Қара мал сойғанымен қоймай, таңертең аттандырып жатып: «қош бол, інім!» дегенде көздеріне қан толып, қып-қызыл болып тұрғандай көрінді. Сақтықта қорлық жоқ. Атым мен киімімді біреуіңе ауыстырып алайыншы, – деді. Дене-тұрқы Абайға жақындау келетін Қымызбай деген жігіт жағатсудың орайы осы деп білсе керек:

– А дутұң*, қайдағыны айтады екенсіз. Алаңдасаңыз, атыңызды мен мініп, киіміңізді мен киіп алайын. Сіз үшін өлсем арманым жоқ, – деп жалбырақтады.

Адамның аузындағы сөз періштенің құлағына шалынып, Алланың назарына ілігетіні рас шығар. Топ ирелендеген ұзын сайдың аузына таяп қалғанда кенет «шаңқ» еткен мылтық даусы шығып, Қымызбай мұрттай ұшты.

Жаны мұрнының ұшына келген Абай өлген адамға қайырылып қарауға да мұршасы келмей, Баркөлге қарай тұра шапты. Түнделетіп эзер жеткен ол аудан жамбылының есігін мықтап жапқызып, таң ата сақшылар мен ел адамдарын сирағынан суырып алды:

– Өңкей тоғышарлар, жау иегіміздің астында жүрсе де көрмейміз. Қасымды құтылдырып жіберген де, оған қару беріп құтыртқан да өздеріңсіндір, – деп байбалам салды.

Жұрт әңкі-тәңкі болып отырғанда жиын залының есігі «шарқ» етіп ашылып, өңі қан-сөлсіз қуарған Жамал дейтін ұйғыр кіріп келді.

– Қасым, Қасым келді. Қасым келіп... – деп біреу қылқындырып тұрғандай тұтыға тіл қатты.

Не болғанын білмей шошынған Абайдың көзі алақандай болып кетті.

– Не, не дейсің? Оттап тұрған Қасымың не?

– Қасым келді. Қасым келіп, әне, әне, қуыңдар. Қатын-баласын алып қашып барады.

Жұрт сонда да түсінбей аң-таң күйге түсті. Сақшылар құралдарын көтеріп, сыртқа жүгірді. Айтарға болмаса бәрінде үрей қалмады.

Әңгіменің төркінін Абай ғана түсіне қойды. Қасымды ұстаған соң, оның інісін де қаматып тастап, әйелі мен баласын Жамал деген ұйғырдың қарауына бақылап ұстауға тапсырып берген болатын. Ол енді Жамалдың жағасынан ала түсті:

– Қортық неме. Не деп көкіп тұрсың? Қасым келді дейсің бе? Қатыны мен баласын алып қашқанда сен айға бата жасап отырдың ба?!

– Ойбай, тақсыр, не болғанын мен де білмей қалдым. Атқа мінген біреулер шақырып тұр деген соң сыртқа шықсам, бір атты қазақ тұр. Түрі таныс болғанымен, тани алмай жақындай беріп едім, көшенің басында бір әйел мен баланы жетектей шауып бара жатқан біреуді көрсетіп:

– Қасымның әйелі мен баласы қашып бара жатыр, – деді.

.....

* А дутұн – аймақ бастығы Абай дегеннің қысқарған түрі

– Ойбай, тоқтаңдар, тоқтаңдар! Сақшы шақырыңдар, – деп быжалақтап айқайлағанымда ол қарқылдай күліп:

– Ей, ақымақ. Оданда сақшы мекемесіне жүгір, әйтпесе басыңа пәле тауып аласың. Абайға менен сәлем айт, мен Қасыммын! – деді.

Абай не дерін білмей өңі боп-боз болып тұрып қалды. Кешегі өзін атқан Қасымның ізінше қуып келіп, дәл бүгін шу шығаратыны, қалың елді қақ жарып, тал түсте қатын-баласын алып қашып кететінін ойлаудың өзі қиын еді.

Абай Қасыммен ғана тынған жоқ. Ол отырған түрмені бос қойғысы келмесе керек, жәдіктер жағын тағы да шақырып алып: «Енді Құдабайға ие болыңдар, екеуі қосылып алып кесел шығарып жүрмесін» деп дікендейді. Сабырбайұлы Құсман: «Қасымды ұстап бер дедің, ұстап бердік, енді бізге не қыл дейсің?!» деп тік келеді. Ендігі жерде Абай бастаған үкімет сойылын соғарлар Құсман мен Құдабайды қатарынан ұстауға кіріседі.

Алдымен бейқам жүрген Құсманды тарпа бас салады. Бірақ оны бірден түрмеге тықпай, «бізге көмектесуге керек» деген сылтаумен мырзақамаққа отырғызды.

Құдабайдың ұлы Қақанды қайта-қайта шақырып сеніміне бөленген соң: «әкеңнің қадірін білмеп едім. Қасымды ұстап бергенде сыйлық ұсынуды да ұмытып кетіппін. Батырдың кәріне жолықтым ба, білмеймін. Енді соның тақсыретін тартып, елді үркітіп алдым. Маған да мықты жолдас керек. Үйден келіп дәм татсын, дос болайық!» деп жығыла жабысты.

Баласының сөзіне сенген Құдабай торға өзі келіп түсті. Қасым жатқан камераға азғана күн түнеді де, Шың дубанның темір қапасына – Дихуа түрмесіне жөнелтілді.

Өзіне келетін сұмдықтарды алдын ала сезген Құсман әкесімен астыртын тіл біріктіріп, сырттан келген көмектің арқасында қамаудан қашып шықты.

* * *

Абайды өлтіре алмағанын білген Қасым ақыры тәуекелмен қатын-баласын алып, Зайып ауылына келді. Зайып болса қашанғы сабырлы өңінен жазбай:

– Оқасы жоқ, балам. Ондай-ондай болады. Қайта Абайға өте жақсы сыйлық жасадың. Енді аяғын байқап басады. Бұл үкіметке де, оның қолшоқпарларына да сенім жоқ. Елісхан елден жырыла көшкенде бөлініп бекер-ақ қалған екенбіз. Қайран сабазым-ай, осының бәрін баяғыда-ақ білген екенсің ғой, – деп көзіне жас алды, – енді сол Елісханның сөзін мен де қайталағым келіп отыр, бұл қытайлармен Шың Шысаймен жағаласып өлгеннен басқа жол қалған жоқ.

Қазір қол астымда үш жүзге тарта жасақ бар. Сен соларға ие бол. Мына бейбіт ел, бейбіт күнді енді қайтып көре аламыз ба, жоқ па. Сен келіп ортамызды толтырдың. Қанатыма қанат жалғанды. Дүркіретіп той жасаймын. Абайды да шақырамын.

Зайып айтқанын істеді. Кешегі күні Қасымды іздеп келіп елге тыныштық бермеген Абайдың шеріктері тойға келгенді қойып, бұл маңға аяқ басуға жүрексінді.

Қасымның басына алты қанат ақ үй көтерген Зайып:

– Бұл менің отау шығарған тойым ғана емес, ел мен жермен қоштасуым. Қара қойдың қанына қол матырып, Шың Шысай зұлыммен қарсыласып өтетініме жасаған антым! – деді.

Зайып ауылының көшкелі жатқанын естіген Тұңғышбай да өз қарамағындағы елді бастап, көшу қамына кірісті.

Елмен, жермен қоштасқан жұрт ұлар-шу жыласып жатыр. Қанша дегенмен қарға тамырлы қазақ, біреудің жиені, біреудің нағашысы дегендей қалып бара жатқандар да аз емес. Елге басу айтқан Зайып Қасымға бұрылып:

– Көштің бұйдасын Елісханның соңына қарай жетекте. Не көрсек те солармен бірге көреміз, – дегенді айтты.

Туған жерінен айырылған тағы бір көш қорғасындай көз жастарын кіндік қаны тамған қасиетті даласына тырс-тырс тамызып, атамекендерінен алыстап бара жатты.

* * *

1937 жылдың алғашқы айларындағы сары шұнақ аяз әрнеге үреймен қарайтын қыр елін одан ары бүрістіре түсті. Өткен тышқан жылында Баркөл өңірінде жүз берген қатты жер сілкінісі мен сел апатын да жұрт жамандықтың нышанына жорып еді. Ол аз болғандай, күзде күн тым ерте суытып, қырау үсігімен басталған қыстың қаһары да қатты болды. Сиыр жылын сиырдың мүйізіндей қаттылығымен есіне қалдырған халықтың үмітінен күдігі басым болды.

Дәл осы «қанды отыз жетінің» ақпан-наурыз айларында Москвада өткен Коммунистік Партияның кеңейтілген мәжілісінде Сталин: «Халық жауларымен, үкіметке қарсы болғандармен күресте ымырашылдық, сын-тәрбие сынды ескі әдістен көрі, түп-тамырымен құрту, талқандау секілді жаңа әдістер керек» деп айқұлақтанды. Осы бір ауыз сөз қарамаққа жай айтыла салғандай көрінгенімен, талай халықтың тамырына балта шапты. Соның ішінде, қазақ ұлтының сорпа бетіне шығар адамдары мен ел серкелерін құртуда орны толмас өкініш пен зұлмат арқалап келді.

Сталиннің демімен көтерілген болмашы бу боранға айналып, оның ымымен жұмыс жүргізіп келген Шың Шысайдың бойына да зор қуат бітті. Осы жылы шілдеде Жапония қытай аумағына қарулы шапқыншылық жасап, Кеңес Одағы мен Қытайдың тұтасып жатқан шығыс қақпасы қатарынан өртке орану қаупіне түсті. Дәл осы кезде ішкі жақта гоминдаңшыл қара қытайлар мен коммунистік қызыл қытайлар да қырқысып жатқан болатын.

Міне, осындай тайталасқа түскен шешуі күрделі жұмбақ әлемнің арасынан суырыла көтерілген Шың Шысайдың жеке ұшағы тамыз айының жанға жағымды бір күні Қызыл алаңға келіп қонды.

Барлығына темірдей тәртіппен қарайтын сталиндік жүйе Шың Шысайды бір емес қатарынан үш рет қабылдады.

Әсіресе, оның «түп-тамырымен құрту, талқандау» өнерін өз ауызынан естіп қана қалмай, істеп жатқан жұмысының нәтижесін көзбен көру бақытына ие болуы Шың-ның үлкен табысы болды. Сталин не көремін, не білемін десе қолынан қақпады. Қылышынан қан тамған империяның құдіреттене түскен жеңісті іс-әрекетіне куә болды. «Шіркін, Шынжаңды да осындай кіші Кеңес Одағына айналдырсам» деген тәтті қиялы көздерінен көрінсе керек. Ол ойын тез аңғарған қожасы:

– Әрине, – деді, – әрине, Кеңес Одағының кемелді тәжірибелерін Шынжаңға көшіріп қолдануға неге болмасқа. Өзің әңгіме арасында айтып қалған ұйғырлар мен қазақтардың мәселесі – біз үшін кішігірім іс. Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан жерлерінде де мұндай оқиғалар көп болған. Далалықтардың ішінде қазақтар тіптен жаман ғой. Қазақстан жерінде де менменсіген талайы болды. Адал коммунист Исаевич Голощекин жолдасты білесің. 1925 жылы Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына тағайындалған. Қазақ жерінде жеті-сегіз жыл ғана жұмыс істеді. Бір жолы маған ондағы жағдайдың мәз еместігін, адамдардың қырыла бастағанын айтты. Мен: «ол сары пәлелерден тек сондай жолдармен ғана құтылуға болады, аянба!» деп оған дем бердім. Обалы қане, аянған жоқ. Талайын тақымында ойнатты. Бұғалыққа көнбегенін буындырып өлтірді. Асаумын дегенін жуасытты. Әлі де талайын нөкталап жатырмыз. Бұл халыққа ақыл айтып, тең сөйлесу жараспайды. Бұларды тұқыржылатып құлдықта ұстау, құрту жолымен ғана аластауға болады. Сен даланың жыртқыш аңдарын үй жануарына қалай айналдырамын деп ойлайсың?! – Сталин қорқарын құшырлана сорып, Шың Шысайдың бетіне түтін арасынан түнере қарап, мұртынан жымиды. Ұзын найын күлқағарына тықылдатып тұрып, өз сұрағына өзі жауап берді: – Әрине, ол өзгермейді. Егер қасқырды қолда бағып күшігі туған күні енесін өлтіріп тастап, күшікті қолға үйретсең, енесінен гөрі көнпіс болады. Дегенмен де, абайламасаң ол да өзінді жаралаудан, жарып тастаудан тайынбайды. Мүбәда қолыңда өскен сол күшікпен үйіңдегі итті қосып, екеуінен туған күшікті бақсаң, ол саған адалдықпен қызмет ететін болады.

Өзі Құдайдай табынатын адамның жүйеге жеткізіп айтқан ақылы Шың Шысайдың көңіліне жылқы майындай жылы тиді.

– Дәл айттыңыз, Иосиф Висарионович! Олар өте жаман халық. Қазір сол жабайылар Шынжаңға тұрғысы келмей, Ішкі Қытайға қарай қопарыла қашып жатыр.

– Құсты қолда ұстаудың екі түрлі әдісі бар. Бірі – қанат-құйрығын қырқу, екіншісі – шырғаға тартып, жеммен алдау. Олардың тентегінің қанат-құйрығын қырық, ақымақтарын шырғаға тартып, қолыңа ұста. Біздің тараптан не керек? Айтып отырған алақандай Баркөлінде қанша қазақ бар? Бұл арада

тек қана батылдық керек. Жүректілік керек, ал аяушылыққа бой алдырсаң құрығаның, бәрібір сені ешкім аямайды.

Осыларды айтқан қожасы оған тағы да жомарттық көрсетті.

– Бірнеше жылдың алдында ғана анау дүңгендерді құртамын дегенінде он ұшақ, жиырмаға жуық танк, төрт-бес мың Қызыл армия жауынгерін берген едім. Қазірге дейін біздің де көңілімізді қалдырып көрген жоқсың. Әлі де қалағаныңды ал, мақсатыңа жетсең болғаны. Солай болса да, әлі де бергенімізден беретініміз көп, – осыны айтқан Сталин тағы да аз тыныстады. «Бергенімізден беретініміз көп» дегенге салмақ түсіре айтып, «алғанымыздан алатынымыз да көп» деп ескертіп жатқандай болды. Шынында да, Кеңес Одағы өз мүддесін қорғау жолындағы әрқандай іске батыл араласып келген еді. Қытай шекарасының ішіне жасанып кірген Кеңес Одағының Қызыл армия жауынгерлері Жин Шурын және Шың Шысай үкіметі тұсында көп мәрте көмек көрсетіп, «достарының» мүддесін қорғаудан еш аянып қалған жоқ. Әрі «алаған қолым берген» дегендей, Шынжаңның алтын-күмісі мен асыл тасы кеңестіктердің қазанына құйылып жатқан болатын. Осының бәрін меңзеген Сталин темекісін құшырлана сорып, сөзін жалғастыра берді, – Жапония шығыста Манчжурияны бөліп алып қана тынғысы жоқ, Моңғолия арқылы Шынжаңға ықпал жүргізуді де ойлап отыр. Соның ішінде қазақтармен тіл біріктіргісі келуі әбден мүмкін, осы жағына абай бол. Және де коммунистік қытайларға көмектесіп, олардың қара қытаймен біріге отырып жапонға қарсы тұруын қолдауымыз керек. Қазірше Шынжаңға көмек үшін Қызыл армияның ерекше жасақталған атты әскерінен бір полк, әуе армиясы күштерінен бес ұшақ дайындатып қойдым. Мұның сыртында қытай қызыл армия қосындарына Шынжаң арқылы бір мыңдай ұшақ, жүздей танк және көптеген зеңбірек, пулемет, оқ-дәрілер беруді ойластырып отырмыз. Осының бәрін жеткізіп беру міндеті өзіңе жүктеледі. Ал бұдан басқа қалағаның болса одан да бас тартпаймыз. Сыйлығымыз аздық етіп жатса, жасырмай айта бер.

– Ойбай-ау, ол не дегеніңіз, қалайша аздық етсін. Осының өзі-ақ жетеді. Сізге өмір бойы қарыздар болып өтетін болдым-ау, – деген Шың Шысай Сталиннің алдына жүрелеп отыра қалып, тоңқандай бастады.

– Тұр, тұр. Бұл әскери адамға жараспайды. Сыйымыз бұнымен аяқталған жоқ. Ең үлкен сыйлықты әлі ұсынып үлгерген жоқпын, – деп қолын көтеріп еді, жанына жетіп келген көмекшісі қолындағы қос қорапты Сталинге мәпелей ұсынды.

– Қырық деген – жас қылыштай шағың. Сені осы уақытқа туралап шақыруымыздың да өзіндік есебі бар. Қырық жасқа толған күніңді Мәскеу сынды әлемнің ірі қаласында өткізсін деп арнайы сыйлықтар дайындаттым. Туған күнің құтты болсын. Істегеніңнен істейтінің көп. Жеке басыңа дайындалған сыйлықтарды ұшағыңа тиеп береміз. Ал одан да үлкен сыйлықтарымыз бар. Мына біреуі – сіздің біз үшін істеп жатқан жұмыстарыңыздың бағасы ретінде өзіңізге арнап жасалған «Еңбек ордені», енді бірі – өзіңіздің өтінішіңіз бойынша Кеңес Одағы коммунистік

партиясының мүшелік билеті. Сізді компартия мүшесі болуыңызбен құттықтауға рұқсат етіңіз!

Шынында Шың Шысай бұл жолы не дерін білмей көздері жасаурап үнсіз тұрып қалды. Сталиннің темір тегеуріні өзінің жұқа алақанын сықырлата қысқанда, қыса берсе екен деген елжіреуік көңіл күймен әзерге тіл қатты.

– Рахмет, рахмет сізге, – деп оң қолын шекесіне апарып әскери құрмет көрсетті. – Сталин жолдас, сізге деген алғысым шексіз. Тебіренгенімнен не айтарымды да білмей тұрмын.

Осыны айтқан Шың Шысай партия билетін аялай ашқанында, «1859118» деген нөмірі көзіне оттай басылды. Әсіресе, «8»-ді байлық пен бақыттың нышаны деп білетін қытай ырымы бойынша бұл қасиетті сан еді. «18»-бен басталып, «18»-ден аяқтауының да үлкен мәні бар. Осының бәрінің қырық жастық туған күніне орайластыра жасалып жатқанының өзі қаншалық! Миллиондаған қытай халқы мен оның көсемі Жияң Жиеші жасай алмаған сыйды үш қайнаса сорпасы қосылмайтын орыс елін басқарған грузин ұлықтың жасағаны жанын ерекше тебіrentіп жіберсе керек, көзіне мөлдіреген жас келді.

Сталиннің атжақты кесек тұлғасы, отты жанарына көрік берген қою да қайратты шалғы мұрттары ерекше айбатты көрінді. Әлемде Сталинге тең келетін адам жоқ-ау деген ішкі құрметпен оның сұсты жүзіне мейірлене қарады.

* * *

Зайып ауылының көшіп келе жатқанынан хабар тапқан Елісхан олардың алдынан адам жіберді.

Арттағы ел түгел көшіп келгендей мұндағылар бір желпініп қалды. Арада бір жылға жетпейтін аз ғана уақыт өтсе де сағынысып қалғандай шұрқырасып жатыр. Елісханмен құшақтай көріскен Зайып тәйжі:

– Қарағым, «ақыл – жастан, асыл – тастан» деуші еді, көшке ілеспей қалып қойып едік, ештен кеш жақсы деген. Кеш те болса артыңнан жетіп отырмыз, – деді. Сосын Қасымға бұрылып:

– Мынау – Қасым батыр. Шың Шысай мен Абайдың бұтына қан сидірген Қасым осы, – деп таныстырды. Қасым мен Елісхан бір-біріне түс тоқтата, қуана қарасып, қайталай құшақтап көрісті.

– Атыңызды ерте естісем де Баркөлге кешігіп келіп, жұртыңызды сипап қалдым. Зайып ағамыздың да атын естігенім болмаса өзін көрмеп едім. Жауға намысын жібермейтін ер деген соң түрмеден қашып барып қолтығына кірдім. Кеудемнен итерген жоқ, жатсынбады, кімсің деп те сұрамады. Баласынан артық көрді. Міне, енді өздеріңізді аман көргеніме Аллаға мың тәубе!

– Шың Шысай зұлымның кесірінен халық күйзеліске ұшырады. Алман-салықтың сыртында әскердің азық-түлігі деп қазақты шапқанын қоймады. Істің жөнін айтып, шындықты сөйлегісі келгендердің көзін құртуды ғана ойлады. Әйтпесе туған жер, өскен ұямыздан бөлінбес едік қой. Өздеріңдей батырлар тұрғанда біз кімнен кембіз. Қосынымызды сайлап, қолымызды

түгендеп сол сұмға аттанатын күн туса, басын өз қолдарыңмен кесесіңдер. Қазірше ес-ақылымызды жинап, етек-жеңімізді қымтап алайық.

Зайып ауылына ерулік үшін жетектеп әкелінген ту бие сойылып, ел алқалары қайтадан бас қосты. Зайып:

– Арттағы елдің жағдайы күн сайын нашарлап барады. «Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады» демекші, Шың Шысай өкіл еткен қытайлар бізді бір қысса, қазақтан шыққан сатқындар екі қысып отыр. Ел іші өріп жүрген тыңшы. Аңду, байқамай сөйлегендер сұраққа алынады, шеттеп қонғандар шеріктің бақылауында, ел шығар жол таба алмай күйзеліп отыр, – деп сөз бастады.

Елісхан кең иығын қомдай көтеріп, отты жанарымен айналасындағыларға шола қарады.

– Шың Шысай қолына қылыш алып бірден бізге тап берсе, оның шарасы жеңіл болатын еді ғой. Елдің өз ішін ірітіп отырмай ма. Сіздерден несін жасырайын, басқаны былай қойғанда, біздің ағамыз Қожамбергеннің өзі сол сұмдардың бірнеше реткі алдауына түсті. Бұрын солардың үшкіруімен әкемнен ат-тонын ала қашқанын білесіздер. Өткен жылы көшеміз деп түп қопарылғанда тағы да солардың үгітімен жылыстап қалып қойды. Мен ағамды жазғырайын деп отырғамын жоқ. Сол секілді Шың Шысай мен Абай ауыз жаласып, талай жанның көзіне перде тартты. Енді басқасы құрығандай, Абай сұмның алақандай Баркөлді керей-найман деп екіге бөліп, арасына от жағып отырғанын көрмейсіздер ме. Халық алды-артын түсініп, бар шындықты бағамдап болғанша олар талайының түбіне жетіп үлгереді. Шіркін, соны өзіміздің ағаларымыз білмей отыр емес пе. Олар білмеді екен деп битке өкпелеп тонымызды отқа тастайтын жайымыз тағы жоқ. Ендігі мәселе – арттағы елге үгіт айтуымыз керек. Олар қарсыласып ештеңе өндіре алмайды. Бірісі бір, екісі екі қолға түссе, қара халық торғайдай тозады. Ең жақсысы, бәрін көшіріп алайық.

Елісханның сөзін үлкендер жағы түгел қостады.

Қожақын:

– Арттағы елге мен барайын. Алдымен Қожамберген ауылын көшіріп алсақ, қалған ел тағы да қозғалады, – деп өзінің бару ниетін білдірді. Қасым:

– Рұқсат болса мен барудан тартынбас едім. Шың Шысай мен Абайдың арасында жасырынбақ ойнап үйреніп қалдым ғой, – деді. Үлкендер жағы жамырай күлісіп:

– Қасымды Аратүрік жағындағы көп ел тани бермейді. Мал іздеп жүрген жоқшы болып сол жаққа жетсін де, ел ішіне үгіт айтсын, – десіп оның барғанын жөн санады.

Соңғы байлам осыған ойысып, Елісхан мен Зайып елдің басты-басты адамдарына хат жазып, Қасымды бір топ жігітпен арттағы елге аттандырды.

* * *

Шың Шысай Баркөл мәселесін тыныштандыруда жалғыз Абайға сенбейтін. Сол үшін де ондағы қыбыр-жыбырды бақылаған астыртын хаттар мен радио хабарлағыш арқылы жететін хабар-ошарлар үзіліп көрген жоқ.

Соның алғашқы бірінде мынадай сөздер бар еді:

«Құрметті Шың дубан, Баркөл жағдайы аса мәз емес. Абай көріністе айбатты көрінгенімен елдің ішкі жағында іріткі көбейді. Өз басы да керей, найман болып бөлінген топтың бір жағына шығып алып, біраз адамның сенімінен айырылды. Жеке басын көп күйттейді. Қорасы малға толды. Үкіметтің тәртібі емес, өз білгені бойынша істеуді жақсы көреді. Дәл осылай кете берсе, Баркөлді уысымызда ұстап тұру қиын болар ма екен. Осы жағын назарға ұстап, лайықты жол-жорық көрсетуіңізді сұраймын!

*Құмыл аймағы уәлиі орынбасарының хатшысы Жаң Жүн.
1937 жыл, тамыз».*

Жаң Жүннің жазған осы хатын ескерді ме, әлде Жаң Жүннен басқа да көз-құлақтардың мәліметін назарға алды ма, әйтеуі Шың Шысай Баркөлге тағы бір топ қызметкерін аттандырды. Оның ішінде қазақ өкілдерінен Шынжаң өлкелік амандық қорғау меңгермесінің бір бөлімінің бастығы Әбеу, Өлкелік халық істер басқармасының бастығы Баян және Әнуар секілділер бар еді. Олар Абайдың жұмысын қолдап-қуаттайтын үгіт отрядының қызметкерлері деген атпен келді. Әбеу сол отрядтың бастығы еді. Шын мәнінде, Құмыл-Баркөлге жүрілген дойбының алғашқы тасы Шәріпхан мен Баймолла болса, екіншісі Абай еді. Кезекті жүрісті ойнау үшін келген Әбеу, Баян және Әнуарлар да өз жұмыстарына белсене кірісті. Оларды осылай аттандырарда Шың Шысай құлақтарына жеке-жеке сыбырлап: «Сіздерден бұрынғы барған басшылар Баркөл жағдайын оңағанды қойып, одан ары бүлдірді. Құмыл-Баркөлді басқаратын жаңа адамдар керек. Мүмкін қызметтеріңді адалдықпен атқарып, ел көзіне түсіп жатсаңдар еңбектеріңді елеп-ескеретін шығармыз» дегенді емексітті. Мұны Әбеу мен Әнуардың әр екеуі де өзімізге ғана айтылды деп ойлады.

Соның ішінде Әбеу Құмыл аймағының уәлиі Шиұң Шияуюанмен тікелей байланыс жасап, жол-жорық алып тұруға жауаптанды да, Әнуар Абайға көмектесіп, Құмыл қалалық қорғаныс бөлімінің жетекшісі Нью Жинханмен сәйкесіп жұмыс істейтін болды. Қанша дегенмен де Шыңның сеніміне бөленіп, жаңадан келген күш болғандықтан да олар өз мойындарына алған міндеттерінен аянып қалмады. Баркөлде болып жатқан күндегі істі күнде қадағалап, жоғары жаққа мәлімдеп отыруда да ерекше белсенділік танытты.

Алдымен Құмыл қалалық қорғаныс бөлімінің жетекшісі Нью Жинхан мен Құмыл уәлиі мекемесінің уәлиі Шиұң Шияуюанға жіберіліп, кейіннен Шың Шысайға жолданған сондай хаттардың бірінде мынадай жолдар бар еді.

“Қазақтардың Гансу, Чиңхай өңірлеріне қашуын тосу әдісі жөнінде дубанға мәлімет.

Нью сылиң, Шиұң уәлиі бауырлар: Баркөлдегі қазақ рубасылары Қожамберген тәйжі, зұңгуан Нұрғали, Сымағұл залың, Салақиттан шаңция қатарлылардың Гансуге қашу ниетінде болғанына бірнеше ай болған. Таяудағы әр жақтылы нақтылы хабарға қарағанда, бұл қазақтар Гансуден көмек сұрауға адам жіберген. Қасым қатарлы үш адам Баркөлге қайтып

келіп, қазақтарды жинап, Гансуге қашудың әдістерін ақылдасқан. Сонымен бірге Зайып, Қасымдардың Әнишге барғандығы мәлімделді. Қасым жүз қазақты ертіп, Аратүрік маңынан тосамын депті. Айтуға қарағанда, бір жетіден кейін жолға шықпақшы екен. Адам саны – 500-600 түтін. Мылтық шамамен 200-ден асады. Жүрер жолдары екеу: Біріншісі – Нарынкір, Түріккөл, Аратүрік, жоғары Мүнейден Күңгір тауына бару. Екіншісі – Ақарқаның теріскейіндегі жазықпен Уаңзы қарауылы, төменгі Мүнейден Күңгірге бару. Осыған сай дубанға телеграмма жолдап, нұсқау сұраудан тыс, нақтылы ахуалды хатпен жолдаймыз. Бұл қазақ бандыларының жүрер жолы екеу болғанымен, Күңгір тауы Гансуге асатын бірден-бір жол, бір бөлім әскер жіберіп, Күңгір тауын алдымен иелеп тосқауылдауға болады. Нью сылиңның салмақтап көруін өтінеміз. Ол ол ма, таяуда Баркөлде бұлап-талау делосы көбейіп кетті. Бірнеше күннің алдында Ақарқадағы қарақшы атаман Мәнбет Нарынкірдегі ұйғырлардан 23 жылқы бұлап әкелген екен. Дереву адам жіберіп қолға алдық. Жиыны екі адам, біреуі дүңген, сұрақ үстінде Мәнбетті тексерсек, ол Гансуге қашқан Зайыптың туысы болып шықты. Мұндай үлкен бұлаңшылықпен шұғылдандудағы мақсаты орайды пайдаланып Гансуге қашу болар. Жиып айтқанда, кезекте әскери күшпен жоюдан басқа амал жоқ. Алайда тағы Баркөлден өтсе, басқа қазақтардың тыныштығын сақтау қиынға соғатын түрі бар. Ахуалға қарай дубанға ертерек нұсқау алуға жолдағайсыздар. Қам жасауға дайын болуымыз үшін, бауырлардың қымбатты лебіздерін беріп тұруын күтіп,

*Құрметпен,
Амандық жолдап, үгіт отряд бастығы Әбеу
1937 жыл, 19 қазан”.*

Кеңес Одағынан зор топтағы көмек алып, Сталинді арқа тірек көрген, тепсе темір үзетін қылыштай азамат Шың Шысайдың ендігі жерде ештеңеден тайынар түрі жоқ еді.

Ол Мәскеуден келе салысымен жұмысқа шұғыл кірісіп кетті. Жер-жерге жедел телеграмма жолдап: «үкіметке қарсы әрқандай әрекетте әсте аяушылық жасауға болмайды» дегенді ерекше ұқтырып жатты.

Дәл осындай оңтайлы сәтте Жапонға бірлікте қарсы тұру және коммунистік топтарды қолдауды мақсат еткен кеңестіктер қытай қызыл партиясына астыртын көмек беруді барынша жеделдетті. 1937 жылы қазаннан 1939 жылы қыркүйекке дейін Кеңес Одағының Қытайға жәрдемге жіберген қару-жарақтарынан – 985 соғыс ұшағы, 82 танк, 1300 ден артық зеңбірек, 14 мыңнан артық пулемет әрі көптеген құрал-жабдық, оқ-дәрілер түгелдей Шынжаң арқылы Шың Шысайдың қолымен Ішкі Қытайға жөнелтілді.

Кеңес Одағынан тасып әкелу мүмкіндігі болмаған дүниенің бәрін кеңестіктер техника және адам күші арқылы Шынжаңда өндіруді қолға алды. Дихауының іргесіндегі отыз-қырық километрлік жерден Кеңес елінен әкелінген ұшақ жабдықтары мен әртүрлі қару-жарақ бөлшектерін құрастыратын және өндіретін «Бағаң» аталатын болат-темір заводуын ашты.

Осынша көп дүниенің Ішкі Қытайға тасымалданатын маңызды жолы тек қана Құмыл аймағын басып өтіп, Гансу-Чиңхай қатарлы жерлер арқылы ғана жөнелтілетін еді. Бұл жолдың салынып жасалуы мен жол бойындағы әрқандай қауіпсіздік шараларына қатысты мейлі, әскери, мейлі, қаржылық мәселесіне келгенде кеңестіктер барын салды. Тіпті осы өңірдің Моңғолия жағымен қанаттасып жататындығы ескеріліп, ол елде жұмыс атқарып жатқан Кеңес әскери генералдарына Шың Шысаймен сырттай сәйкесіп, қазақтарды моңғол жеріне кіргізбеу, қарсыласқандарының көзін құрту тапсырмасы да берілді.

Осындай толғақты мәселелер тоғысып, тоғыз жолдың торабына айналған Құмыл-Баркөлдің тыныштығын сақтау, ондағы қазақтарды бас көтертпеу бәрінен де маңызды болатын. Сол үшін де Құмыл жақтан дамылсыз келетін телеграммаларға да Шың Шысай уақ-уағымен жауап қайтарып, ол тарапты тікелей қадағалауына алды.

“Құмылдағы Нью сылиң, Шиұң уәлиге!

Құпия телеграммадан хабар таптық. Баркөлдегі қазақ атамандарынан Қожамберген тәйжі, Нұрғали зұңгуан, Смағұл зылың, Салахиттан шаңия қатарлылар ел бастап қашпақ екен. Сылиң мырза Аратүрікке адам жіберіп тосқауылдапты. Өлкеден бомба тиен тағы екі аэроплан жібердік. Тосқауылға сәйкесуден тыс, тосқауылдап соққы беру ахуалын дер кезінде мәлімдеп тұрғайсыздар, ерекие тапсырылады!

***Дубан Шың Шысай
Шүйжияң меңгермесінің мөрі.
1937 жыл, 5 қараша”.***

Қазақтарға тосқауылдап соққы беруге Құмылға жіберілген аэропланның жеткен уақыты жайлы телеграмма:

“Дихуадағы дубанға шұғыл жетсін, Шүйжияң меңгермесіне жолданған құпия телеграммадан хабар таптық. Әуе армиясының үш аэропланы соңғы күні түстен кейінгі сағат төртте Құмыл аэродромына аман-есен келіп жетті. Барлық істің орындалуы Баркөлдегі уәлидің орынбасары «А»-ға телеграмма жолдап сұралды. Тосқауылдау ахуалын уағында телеграммамен жолдауға рұқсат етпейсіз. Телеграмманы тапсырып алғанымызды білдіріп

***Құмыл уәлиі Шиұң Шиаяуан
Сылиң Нью Жинхан
Шүйжы мөрі”.***

Осылайша қайшалысқан қалың телеграмма қазақтардың басына қара бұлт үйірді. 1937 жылы қыркүйекте Кеңес Қызыл армиясының сегізінші полкі мен әуе армиясының бір бөлімшесі Құмыл аймағына келіп орналасса, қазанда Құмыл-Баркөл әскери қолбасшылық штабы және оған қарасты атты әскер отыз екінші полкі Баркөл қалашығының батысындағы әскери тұраққа көшіп барды.

Аспанда ұшақ, жерде танкі, машина, жаяу әскер дегендей жер қайыстырған қалың қол Құмыл-Баркөлге құйылып жатты.

* * *

Елдің басты адамдарымен арттағы ауылдардың жағдайы жөнінде әңгімелесіп отырған Елісхандардың үстіне бейтаныс бір жігіт кіріп келді. Сәлемін алған көпшілік бірден тани алмай:

– Қай ауылдың баласысың? – деп аңтарылып еді, бас киімін алып, шекесінің терін жеңімен сүртінген жүдеу жүзді жолаушы:

– Теміршенің ауылынанмын. Тасбикемін. Атым – Шәмши, – деп жауап берді.

Төр алдында Елісханның қасында отырған ақ сақалды Назарбай деген кісі оған ошарыла қарап:

– Ой, карағым, бір көрген бала сияқты шырамытып отыр едім. Сен әлгі өзіміздің тасбике Сасықтың ұлы емессің бе. Ел-жұртың аман ба, қайдан жүрсің? – деп жабыса кетті.

– Қашып келдім.

– Қайдан қашып келдің?

– Баркөл түрмесінен қашып шықтым.

– Міне, қызық! Ал әңгіме керек болса!

Енді бар жұрттың назары Шәмшиге ауды. Тұс-тұсынан әртүрлі сұрақтарды жаудырып жатыр.

– Жә, жә, тоқтай тұрыңыздар. Алдымен тамақ ішіп әлденіп алсын, әңгімесін сосын айтады ғой, – деп Елісхан басқаларды сабырға шақырды. Тамақ жеп, шайға қанған Шәмши:

– Ағалар айыпқа бұйырмаса, басымнан кешкендерді ұзағырақ баяндайын, – деп әңгімесін бастап кетті.

– 1933 жылдың аяғы мен 1934 жылдың басындағы қатты қуаңшылықты білесіздер. Сол жылдары Шіңгілдегі біздің ауылдар жайылымнан қысылып, бір бөлімі Шіңгілдің ұлы тауларына, бір бөлімі Бәйтік, Қаптық, Сарнұрғын, Тәкіге тауларына, тағы бір бөлімі сыртқы Моңғолия жеріне мал қыстатуға мәжбүр болды. Барған елді өзінің қарамағына алмақшы болған Моңғолия үкіметі келесі көктемде оларды ішкері жаққа көшуге қыстады. Ел басшылары: «біз жаз шығысымен қайтамыз. Алғаш келгенде де мал үшін бір қыс қыстап қайтуды айтқанбыз» деседі. Кеңес Одағының Қазақстанынан Моңғолияға келген әскери мансапты Кенжебек қарулы шеріктерді бастап келіп, елді ішкі жаққа қарай зорлықпен айдады. Қариялар: «баяғыда Қарасенгірде отырған Беген ауылын шауып, көп қыз-қатын, жас баланы олжалап апарған Қатынсұмын деген жерге айдап апармақшы екен» деп зәрезап болды. Екі жақ ақыры атысқа қол қояды. Ел адамдары Кенжебекті тірідей ұстап түйеге артып алған еді. Жараланып қалған ағасы Байдолланы өлдіге жорыған Беги деген жігіт Кенжебекті атып тастады.

Зорға қашып құтылған ел Шіңгілдің Үшкөл жайлауына келді. «Мал ашуы – жан ашуы» деп, – Моңғолия шерігі басып қалған малды қайтарып аламыз деп, – Рамазан, Қасен бастаған жігіттер қайта артқа шабады. Жан бермек оңай ма, моңғол шерігімен атысқан олар ақыры көп мал қуып келді. Қарсы жақтан қанша адамның өлгенін білмейміз. Бізден Асылбек, Баттал деген молқы жігіттер, Садуақас деген шақабай оққа ұшыпты. Осының кегі ме, сол – ит

жылының күзінде ел жайлаудан күзеулікке еңкейе бастағанда Моңғолиядан екі бағытпен неше жүздей шерік жәнебір соғыс аэропланы келіп, Шіңгіл бойындағы бейуаз халықты жантүршігерлікпен қырғындады.

Бір бағыттағы атты шеріктер Бұлғынды құлдай, Шағанғол бойын және Шіңгілді өрлей Қарағашқа дейін аспаннан да, жерден де екі жақтап оқ жаудырды. Олар Шағанғолдың құйғанында Күрентөбеде отырған сарбас Қожан ауылы қатарлылардан көп адамды ұстап алып, арқанмен қосақтап қойып атып өлтірді. Шағанғол құйғанының өр жағында отырған Байқадам ауылдарын да аямай шауып, бүкіл малын бұлап алды.

Тағы бір бағыттағы атты шеріктер қос Шіңгілдің өр жағынан құлдай келіп, Үштүнкенің құйғанында Ноғайбай үкірдай ауылдарын шапты.

Үштүнкенің құйғанында Жылмасбай зәңгіге қарасты ханкелді, секел ауылдары отырған. Бұл ел Ұтыбұлақты құлдап, Таратыны басып, кіші Шіңгіл өзенінен өтіп, үлкен Шіңгілге түсетін Кеңмойнақ деген белден асып түспек болады. Екі жүзге тарта бұл отбасылар да бомбалауға ұшырады. Аспаннан жауған ажалды көрмеген ел у-шу болып, бытырап кетудің орнына тобын жазбай Қарадаба сайына беттейді. Сайға қамалған елді Шіңгілдің өр жағынан еңкейген атты шеріктер атқылап, екі жақтап қырғындайды. Осы барыста Жылмасбайдың ұлы Құндақбай бастаған отыз-қырық адам қолдарындағы азғантай құралымен атысып әзер құтылады. Қолға түскен Жылмасбайдың өзін сол бойы Моңғолияға алып кетті.

Әңгіме осы араға келгенде қозғалақтап кеткен жігіттердің бірі білегін сыбана жүрелеп:

– Атаңның етін жегір, бұл қалмақтардың бізге көрсетпегені бар ма? Баяғыда Жалама деген бір қан ішкіш жендеті шығып, шекарада жайлап-қыстап отырған елді моңғолдың ішкі жағына қуғанын жақсы білетін шығарсыздар. Қазақтар болса қатты қарсылық көрсетіп, қыс ішінде бекіп қалған асудың қарын бұзып, Алтай бетіне қашады ғой. Сонда елді қынадай қырған Жалама қарақас Ақымбек деген батырды қолға түсіріп, тірідей сойған екен. Оның терісіне шөп тығып, құбыжық кейіпте ұзын бақанға мінгізіп, елдің зәресін алмақ болып хайуандық жасапты. Зауалыңды бергір, сол Жаламаның басын кейін өзінің қызыл моңғолдары кесіп алып, Ұластай деген бекіністің қақпасына іліп қойыпты деп естідік, – деді тістеніп.

– Рас, рас, қанша дегенмен кәпір, ата жауымыз ғой. Сол жолы болса керек, ауылдың ересектерін қыратынын қырып, ұстайтынын ұстап, елу баланы туырлыққа орап, ішегі қатып өлсін деп иен далаға тастап кетіп, Шегіртай асуындағы сол жер кейіннен «Елу бала дарасы» атанған деп естігенбіз. Әй, жауыздар-ай! – деп қостады оны біреу.

Шәмши аз кідіріп, әңгімесін жалғай берді.

– Қырғын мұнымен тына қоймады. Қарулы шеріктер Қарадабаны үш күндей қоршап, қырылғандарды тінтіп, шалажансар жатқан еркектер мен екіқабат әйелдерді қылышпен шауып, мылтықпен атып өлтірді. Екі күннен соң, шеріктер ұра-жырларға, тас қуыстарына, өліктердің арасына жасырынып қалған алпыстай адамды «енді тиіспейміз, тамақ ішіндер» деп алдап жинап

алып, оларды Қызылқайың деген жерге апарып арқанға қосақтап қойып, еркектерді түгел атып өлтіреді. Ең жантүршігерлігі – малдың жемтігі мен адамның өлігіне тойып құтырған иттер қырғыннан кейін жерлеуге барғандарды өлік маңайына жолатпай, өздеріне қарсы шауыпты. Сөйтіп, Қарадабаның сай-саласы қанкелді, секел руын негіз еткен бейуаз халықтың қанымен боялды.

Бұл қырғында, әсіресе, жалғыз аэроплан Шіңгіл бойына қырғидай тиісіп, түстен бұрын бір, түстен кейін бір рет бомбалап тұрғандықтан тарихқа «жалғыз аэроплан қырған» деген атпен де қалды. Үлкендердің айтуынша, әр жерде қырылғандардың саны сегіз жүзден асқан көрінеді. Біреулер бұл қырғынды «Байқадам елі шабылған» десе, біреулер «Ханкелді-секел қырылған» деп те атап жүр.

– Оның бәрі біз естіп жүрген әңгіме ғой. Онан да түрмеге қалай түстің, қалай қашып жүрсің? Соны айтсаңшы, – деді отырғандардың бірі әңгіменің аяғына жеткенше шыдамы таусылып.

– Айтады, сабыр етсейші. Өлген қойдың әңгімесін айтып отырған жоқ, қырылып қалған өзіңнің жақындарыңды айтып отыр ғой. Безбүйректеніп сөзді бөле бермей тыныш отыр! – деп зекіді бір қария, – иә, иә, жалғай бер, – деді сосын Шәмшиге шокша сақалды иегін изектей көтеріп.

– Біздің ел ақыры үркіп Баркөл жаққа өттік. Сөйтсек, мұнда да жырғап отырған ел жоқ екен. Абай мен Әнуар ауыл-ауылды тіміскілеп, ойына келгенін істеп жатыпты. Айтпақшы, үріккен елмен бірге Моңғолиядағы қазақтардың арасында болғанымызда Абайдың зұлымдығын естіп, жағамызды ұстадық. Ел ішінде:

Қобдаға Абай менен Шәріп келді,
Сиырға аусыл менен сарып келді.
Жан бағып жайбарақат жатқан елге,
Екеуі бар пәлені алып келді, – деген өлең бар екен.

Абай мен Шәріп екеуі де Сәбеттен келген қызыл үгітшілер екен. Соқа бастары ғана емес, шаштарын қиған қатындары да кәменес екен деп естідім. Ұмытпасам, Шәріп дегеннің қатынының аты Ділнүз, Абайдың қатыны Тәшінке деген қып-қызыл белсенді болыпты. «Еркек пен әйел тең, қыздарды өз сүйгеніне тегін беру керек» деп қыз-қатынның шашын қырқып, тізеден көйлек кигізіп, елдің масқарасын шығарыпты.

Тыңдап отырған жұрт тағы гулесіп кетті.

– Абайдың қазіргі қатынының аты олай емес секілді еді. Одан басқа да қатыны болғаны ғой.

– Каменестерің ер мен әйелді тең деп неге жар салып жүр дейсіңдер. Еркектер көп әйел алса қатындары да көп байға барады да. Тауық сияқты бірін тастап, біріне жүгіре беретін болғаны ғой.

– Басқа каменесінді білмеймін. Ана Абайың қыз-қатын десе өледі дейді. Жас кезінде Іле жағында болған көрінеді. Сырттай білетіндердің айтуынша, үйлену тойын жасап жатқанда қалыңдықты тастай салып, қызды ұзата келген

қасындағы жеңгесін алып қашып кетіп, мұқым бір тайпа елді ұятқа қалдырып жерге қаратып кеткен деседі.

– Каменестерінің елге үйретейін деген өнегесі сол ма екен! Кез келген жерде күйексіз қошқардай көрінгенге тұмсығын көтере берсе, қатын ортақ, қазан ортақ болса, олардан немене жырғаған бала туады. Кімнен туғанын білмейтін имансыз шаталар көбейсе, құрымағанда нең қалды. Заманның азғаны осы ғой. Каменес келді дегенше ақырзаман келді десейші.

– Басқасын қойғанда, Құдай жоқ деп Құранды оқытпайды екен. Орысқа шоқыншы болған қазақтар өздерін құртып болып бізге түскені ғой. Енді кәпір болмағанда неміз қалды.

– Иә, жігітім, айта бер, бұларға қарасаң біраздан кейін бәрін өздері білетін болып шығады да, сені далаға сөйлеп отыр дейді. Одан да көргеніңді сыдырта бер.

– Абай мен Шәріп өздері жетіспейміз деген бе, өздерімен қоймай Бердіқожа, Қайырбай деген бір топ жігіт-қыздарды әкеліп, аузынан уызы арылмаған жас қазақтарды теріс оқумен ұшықтаған көрінеді. Шерушінің бақаты пен саңырауы қырқысып, Қарақабак деген жерде алты Шерушінің имамы болған, Тілеуберді молдаға ас бергенде біреулер Абай мен Шәріпті ұрып өлтірмекші болып, әйтеу аман құтылып кеткен деседі.

– Бәсе, бәсе, бұл Абай талайды құртқан сұм екен ғой. Мұндай адамдарға өлім жоқ. Жаман адамды алудан Алланың өзі жиіркенеді. Аллаға да жақсы адамдар ғана керек сияқты.

– Иә, қарағым, әңгіменің қызығына енді келе жатырсың, айта бер, айта бер! – деп малдасын құрған бір шал мүйіз шақшасын етігінің өкшесіне тықылдатып, ерніне насыбай салып, Шәмшиге тақымдай жақындап тамсанып отыр.

– Әйембеттің ауылы Ошақтыда үлкен той жасап жатыр екен. Тойға Абай мен Шәріп те қатысты. Абай Расул деген балуанын қосты. Ел Абайдан қорықты ма, Расулдан қорықты ма, әлгі немесі ортаға шығып алып, «күреспей бәйге аламын» деп даурықпасы бар ма. Үлкендер қолқалап болмаған соң ортаға шығып алыса кеттім. Өзі де бір дәу неме екен. Құдай оңдап оң жамбасыма келіп қалғаны, бұрқ еткіздім. Топ ішінен шауып шыққан Рамазан мені мінгестіріп ала жөнелді. Жұрт бәйге деп шуласқанда қарап едік, бірінші Ібірәлінің аты, екінші менің атым келіпті.

– Әй, ақсақалдар, осының сөзіне сеніп отырсындар ма? Палуан мен бәйгенің бәрін өзім алдым деп шықпыртып отыр ғой. Мұның айтқаны шын болса желкемнің шұқырын көрмей кетейін, – деді манағы дауыс тағы да жақатпаған раймен әңгімені бұзып.

Бұған келгенде Шәмши де шыдамай кетті:

– Сөзім өтірік болса, тап қазір басқа емес, сенімен күресемін, – деп әлгіге тап берді. Анау отырған орнынан үрке шегініп: «Ей, мынауың шындап келе жатыр ма, ей! Қалжыңды білмей ме?!» деп ығыса шалқайды. Жұрт ду күлді.

– Сонан?

– Сонан Абай жағы әдейі сөз шығарып: «бәйгенің аты жолдан қосылды» деп бірталай айқай-шу болды. Аяғы қамшы сілтесіп тындық та, Абай, Әнуар тобы бізге алақөзденіп кетті. Сөйтіп жүргенде Әнуар ел ішінен қару-жарак жинағалы шығыпты дегенді естідік. Рамазан біздің басымызды қосып: «мыналардың сұрқы жаман, ең жақсысы, алдыңғы елдің соңынан кетейік» деді. Бірақ үлкендердің бір тобы: «биыл қыс келе жатыр, жаз шыға көрейік» десіп көнбей қойды. Сөйтіп отырғанда Моңғол жағынан жау келді. Онымен атысып жатқанда, көшпекші болып отырған елді тоспақ болып артымыздан да қалың қытай шерік келді. Екі бүйірден қысқан жау күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырып, қанды ұрыс толастамады. Біз Қаптыққа қарай қаштық. Алдымыздан Қуанышбай, Қожамбергендер шықты. Бізге ат-азық берді. Алды-артымызды түгендей бастадық. Баркөл жақтан: «Қабдолла, Қайбар, Сейітнәби секілді елдің басты адамдарын ұстап жатыр екен» деген сұмдық хабар жетті. Дәл осы кезде бізге Әнуар бастаған тоғыз өкіл келіп: «Үрікпендер, Баркөлге қарай көшіндер, қаруларыңды тапсырыңдар» деп қоқаңдады.

Шәмшидің әңгімесін тындап отырған бірнешеу Әнуардың аты аталғанда елеңдей қалды:

– Әнуар дегенің қайсы Әнуар, әлгі Алтайдағы төрт бидің бірі Мәмидің ұлы Әнуар ма? Әкесі Мәми Алтай керейі ғана емес, Алашты аузына қаратып, аттыға жол, жаяуға сөз бермеген қара сөздің қайығы болған әділ би еді ғой. Сол кісі өлгенде Әсет деген арғын ақын «рахматлық жаңбырының тамшысы ғой» деп жоқтау айтыпты деуші еді. Ағасы Мәңкей де қандай сабаз ер еді! «Жаманнан жақсы туады – кісі айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады – бір аяқ асқа алғысыз» деп үлкендер айтқаны дәл екен-ау. Тегіне тартып тұмаған тексіз біреу болды деші. Айтаққа жүгірген ит сияқты.

– Иә, иә, соның дәл өзі. Мәми бейсінің оқыған, тоқығаны бар деген жаңаша өскен ұрпағы ғой. Бейсінің өз кіндігінен емес, бауырына салып алған немересі болса керек. Кейіннен Дихуада қытайша оқып, қызметке тұрған көрінеді. Оны да кінәлау қиын. Үкімет жұмысына телінген соң байлаулы бұзау сияқты. Кім жетектесе соның соңынан кетеді де!

– Мәселе үкімет жұмысына шегілгенінде емес, сол адамның ар жағындағы зейін-зердесіне байланысты. Біздің қазаққа қалақтай мансап тисе Құдайдың құлағын ұстағандай бәрін ұмытып, шаш ал десе бас алуға дайын тұрады. Иттің үстіне қонған қыраудай сол баянсыз дүниесінің күнге еріп, желге ұшып кетерін білсе нетті!

Әнуар жайындағы әңгіме толастай бере Шәмши сөзін қайта жалғады:

– Қару жинап, елді кері көшіруге үгіт айтып келгендердің тоғызын бірдей байлатып тастаған Рамазан:

– Елдің ішінің бұзылғанын көріп отырсыздар, енді бізге тыныштық та жоқ, жақсылық та жоқ. Ең жақсысы жақсы ит өлімтігін көрсетпейді, алдыңғы елдің артынан кетейік, қаны бір ағайыннан бөлініп қарға-құзғынға жем болмайық, – дегенді айтты.

Жұрт Рамазанның пікіріне ойысып, «көшсек көшейік» десті. Сөйткенше алғашқы қар да жауып үлгерді. Жанымда Бәзілхан, Қарақыз, Дәуіт деген

жігіттер бар – төртеуіміз Ырғайтыға жер шалуға аттандық. Сөйтсек, алдымызды орап жатқан жау бар екен. Артымыздан келген адамдарымыз да атысқа қол қойды. Жаудың көп адамы қырылды. Шәпет батырға қапылыста оқ тиіп домалап кетті. Рамазан бір далданы бекініп алып, қарсы жағының қылп еткенін құр жібермей, Халқа жағынан қосар атпен келген жиырма бес кісіні түгелдей қырып салды. Жау қырылып бітті дегенде, жаралы біреу атып жіберіп, өзі ауыр жараланды. Ішін аралаған оқ құйымшағынан шығып кетіпті. «Мен адам болмаймын» деп қиналып жатып, ақыры Суқайтының аузында көз жұмды.

– Е, марқұм, иманы жолдас болсын. Жаны жәннатта, топырағы торқа болсын! – деп бетін сипай күрсінді Елісхан.

Бірі тасбикенің ақшасынан, бірі қаржауынан болса да, қанаттасып талай бірге жүріп еді. Бір реткі аста сырты түк, іші боқ бір жаман тай үшін ағайын арасына көлеңке түсіп, соның сызын ұмыта алмай бұлар көшкенде бөлініп қалған. Бірақ Елісхан да бір қанаты сынғандай қимай аттанған болатын.

– Қайран Рамазан, ер еді, отыз жеті мүшелінде қыршынынан қиылған екен-ау, —деп күйзелді ол. – Қайтейін, дүние-жалғанға амал жоқ, бәріміз баратын жер. Иә, иә, әңгіменді айта бер.

– Рамазан өлген соң ел серкесінен айырылған қойдай иіріліп қалды. Қожамберген, Жеңісхан, Сақаба, Қазы үкірдай, Өбірәлі, Байдолла – бәрі де бірі оны айтып, бірі мұны айтып ақылдан тарықты.

– Алдымызда андыған моңғол жасағы, артымызда қытайдың шерігі, қылышын сүйреткен қыс мынау, босқа қырыламыз ғой, – деушілер көп болды. Ел шығар жол таппай бөгеле берді. Қамза деген жігіт зертеңмен ауырып, ем қонбай сол жерде қайтыс болды.

Сөйтіп, арттарыңыздан келеміз деген арманымыздың қанаты қырқылып, көшіміз доғарылды. «Андыған жау алмай қоймайды» дегендей, мұнымыз жау жаққа жақсы орай болды. Бастау-бастауды иелеп алғанымен қоймай, тұс-тұсымыздан оқ жаудырып, мал мен жанның қырылып қалу қаупіне ұшырадық.

Жеңісхан бірінші болып көштің бұйдасын кері бұрды. Қытайларға көмектескендей алдымыздан моңғол жасағы бой көрсетіп тағы да оқ боратты. Арамызға келген Әнуар, Солтаншәріп бастаған үкімет өкілдері: «Қару-жарағын тапсырып кері қайтқандарға ешкім тиіспейді, бағынбасандар балашағаларың босқа қырылады» деген үгіт жүргізді. Амалсыздан бәріміз қаруымызды тапсырып Баркөлге қарай көштік. Ертесінде-ақ Баркөлдің аудан жамбылына жиынға шақыртып жатыр деген хабар келді. Мен бармай қойдым. Жиынға барғандарды бара салып тұтқындаған екен. Қожамберген, Өбірәлі, Байдолла, Сақаба, Мамырбай, Қайдар, Жеңісхан, Қазы, Әйкебай, Ұбайдолла, Бұхат, Қахан, Шахан бастаған он сегіз адамның аяғына кісен, қолына көзір салып, дереу Дихуаға жөнелтіпті.

– Пай, пай жауыздар-ай! Елдің сорпа бетіне шығарларын түк қоймаған екен-ау! – деп аһ ұрды біреу. Шәмшиге «айта бер» дегендей иегін көтеріп қойды.

– Атақты Әкім батырды жақсы білесіздер. Ертеректе Шіңгілдің Секпілтайында Тары би, Атымыш қажы, Долақай бай қатарлы үш бірдей адамға арналған үлкен ас берілді ғой. Сонда Сары уаңның баласы Ламжа төре жеті ел ұранқай мен екі сұмын қошутты⁸ бастап келіп меркіт Сартжан биден ұрлаған күрең атын бәйгеге қосыпты. Палуаны жығылып, ұрлығы ашылып қалған Ламжа төре қазақтарға тап бермекші болғанда қарсы алдынан қамшысын көтеріп қасқая шыққан Әкім батырды көргенде жым болыпты. Сөйтсе, содан сегіз-тоғыз жылдың алдында қалқа моңғолдары Алтай елін айдап, Тескентау асырып бара жатқанда Әкім батыр елді айырып алып моңғолдардың тас-талқанын шығарған екен.

– Ана жылы дүңгендер Алтайға барып лаң салғанда да

Әкім батыр бірнешеуін қан сидіріпті деп естігенбіз. Иә, айта бер, айта ғой, сонан...

– Шәріпхан Алтайды билеп тұрғанда сақшы бастығы болып тұрған Жомарт деген болған. Естулеріңіз де бар шығар. Біреулер арғы беттен келген екен деседі. Кейін Алтайдың шекара қорғанысын басқаратын жауапты адамы болып Бәйтiк өңірінде де көп болған сияқты. Шаш ал десе бас алатын Абайдың сыңары болса керек. «Әкіммен тамыр боламын» деп онымен үйір-шүйір болып жүріп, Бәйтiктің батыс тұмсығында Қойыртәкі деген жердің теріскейіндегі бастауда отырған жерінде алдап қолға түсіріпті. Шонжы арқылы Дихуаға жеткізіп, оның да көзін құртқан екен.

– Е, қайран есілдер-ай... – топ ішінен біреу соза күрсінді.

– Сөйтіп, Абай мен Шың Шысайдың тырнағынан тірі құтылған ешкім болмады. Үрей мен үркуден тыныш ұйқыдан айырылып, басшысыз ел ұлардай шулап қала бердік. Есімізді жиып болғанша ауылды қалың шерік басып алды да, Түзелбай екеумізді де ұстап, бір кісенге қосақтап Баркөл түрмесіне қамады. Бағымызға қарай, алдыңғы рет ұсталып, Дихуаға айдатылғандардан бөлініп қалыппыз.

Бізден бұрын түрмеге түскен Ыбырайқын деген бір азамат көрші камерада жатқан еді. Күндіз асханаға істетіп, түнде қамап қояды екен. Қытай тіліне де жүйрік болса керек, сақшылардың әңгімесін құлағы шалып қалыпты. Дәретімізді төктіру үшін сыртқа шыққан бір орайлы сәтте: «сендерді ертең Дихуаға жөнелтпек, тез қарманындар» деп өлеңдетіп өте шықты.

Түзелбай екеуміз ақылдасып, «қашпасақ та өлтіреді екен, оданда қашып өлейік» дестік. Етігімнің нәлісін суырып алып, кісенді жанталаса бұздым. Ес кетіп, жан шыққанда маған қосақтаған жағы босады. Ал Түзелбайдың кісені шықпай-ақ қойғаны. Амалсыз оны киімдерімен аяғына қатты таңып тастадық. Біз кісенді бұзғанша ақшам сөніп, қас қарайды. Бір тәуірі, түрме ішінде біз жататын сабанның астында тақтай бар екен. Соны қопарып алып, төбенің бір бұрышын тесе бастадық. Көзімізге топырақ құйылып, қара терге түстік. Кезек-кезек түйгілеп жүріп, ес кетіп, жан шыққанда тесіп шықтық. Кісі сиятындай болған кезде ақырын төбесіне шығып алып, жан-жағымды барладым. Төбеде

⁸ ұранқай, қошут – моңғол рулары, сұмын – қыстақ

бізден алысырақ фонарь ұстаған күзетші жүр екен. Ақырын қайта түстім де алдымен Түзелбайды көтеріп шығардым. Онан соң киім-кешекті шығарып, артынан өзім шықтым. Түрменің төбесі тым биік екен. Жерге секіреп болсақ, аяғымыз сынып өлетін түріміз бар. Ақыры киімімізді жыртып, шылбыр дайындап, ыспалап жүріп зорға түстік. Түрмеден шыққанымызбен сыртқа шығу үшін тағы бір биік дуал бар еді. Оған өрмелеп шығу мүмкін емес екен. «Өлмегенге өлі балық кезігеді» дегендей, дуал іргесін жағалай сипалап жүріп, су орған тесік тауып алдық. Бірақ тым тар екен. Жалаңаштанып, үстіміздің қан болғанына қарамай, өлдім-талдым дегенде тырмаланып сыртқа шықтық.

Ендігі бет алысымыз Бисан тауы болды. Мезгіл түн ортасынан ауса керек. Дала тастай қараңғы болғанымен, аспанда жұлдыздар жымыңдап тұр. Хуаңтан аталатын қытай қоржасына қарай бет бұрып, шеткі ауланың біріне келіп ақырын баспаладым. Бір үйдің шамы әлі жанып тұр. Сығаласам, қытай шал қырын қарап апиын тартып отыр екен. Үй ішіндегілер жатып қалған ба, басқа ешкім көрінбейді. Ат қораға барсам, Алла жолымызды оңғарып, екі ат тұр. Екеуі де тоңқайып тұрған құр аттар екен. Аяғында кісен бар. Амалдап жүріп әзер бұздым. Сыртта Түзелбай мені күзетіп тұрған.

Тақымымыз атқа тиген соң Бисанға қарай жұлдызша ақтық. Жерге жарық түсіп, күн шығар-шықпаста тауға ілініп кеттік. Жанымызда не тамақ, не от жоқ. Кештің болуын тағатсыздана күтіп түн ішінде етектегі үйдің біріне ұрлыққа кірдім. Қолыма бірталай дүние іліктіріп тауға келіп, тамаққа әбден тойып алдық. Ел көзінен таса жерлермен Бисанды жағалап, шығысқа қарай тартып отырдық. Кеш болып, сам жамырағанда жолдағы ауылдардың біріндегі оңаша отырған қараша үйге бас сұқтық. Үйде кемпір-шал және бір қызы бар екен. Бізді көріп, зәре-құты қалмай шошып кетті. Аман-сәлемнен кейін шал:

– Түрменің төбесін тесіп екі адам қашқан екен. Соларды ұстаймыз деп ауыл-ауылдың бәрінде шерік қаптап жүр. Осы ауылда да Солтанхан, Солтан, Ауғай деген үш адам жатыр, – деді. Үйден сіріңке алып, олар меңзеген бағыт бойынша, ауылымызды айдап апарған Дахобаға қарай тарттық. Тегін кеткеніміз жоқ, әлгі үш қуғыншының жатқан жерін біліп алып, аты мен ер-тоқымын қоса сыпырып кеттік.

Жол-жөнекей Сантаху деген жерге тыққан Түзелбайдың екі мылтығы бар екен, соны алдық. Әр мылтықта екі жүз талдан оқ бар екен.

Баспалап келіп өз ауылымызға да іліндік. Қой шетінде жатқан ініммен ақырын сөйлесіп, ауылдың жайына қанықтым. Мұнда да бізді аңдыған шеріктер жүр екен. Шаймардан: «Аға, тез кетіңіз» деп азық-түлігімізді дайындап берді. Біз Бисанның теріскейімен тағы да жүріп кеттік. Күндіз тығылып, түнде жортып отырдық. Бір күні бір төбеде қарауылдап отырсам, артымыздан қырық шақты қуғыншы келе жатыр екен. Біз олармен атыса жүріп, тұмсығын қайтардық та, Қобда жеріне өтіп кеттік. Онда екі күн жатып тынығып алған соң сегіз ат, жеті бие жетекке алып, Түріккөлді басып, Аратүрікке бет алдық. Артымыздан тағы да қуғыншы келіп, бір күн, бір түн атыстық. Жаудың жасағы қынадай қырылып, шегініп кетті. Қолға түскен бір шерікті ұстап алып, Абайға хат жазып бердім.

– Ажалды қарға бүркітпен ойнайды деп, өзің өлім мен өмірдің ортасында жүріп не деп хат жазып жүрсің? – тағатсызданған біреу Шәмшиге тамсана қарады.

– Не деуші едім. «Абай мырза, сен жер-көктен іздеген Шәмши батыр мен боламын. Көрінген жерді шулатып, елдің мазасын алма. Мені іздесең, Өмір тауына кел. Ең жақсысы, өзіңнің келгенің оң болар еді, екеуіміз оңаша да қатты шүйіркелесер едік. Сені сағындым, тезірек кел. Осында бес-алты күн күтемін. Құрметпен жан алғыш жәбірейілдің Шәмши» деп жазып жібердім.

– Мынауың хас батырдың өзі екен ғой. Баяғыда Қасым батыр Абайдың үрейін бір алып еді, сенің хатыңды көргенде бұтына жіберіп қойған шығар. Сонан, сонан кейін...

– Өмірден Қотыр деген жерге өткенде алдымыздан қалың аттың ізі кезікті. Сөйтсек, жаңағы өзіңіз айтқан Қасым батырдың ізі екен. Осы жақтан Аратүрікке қарай беталып кетіпті ғой. Сонан Мажың тауына келдік. Онда Бобыра деген моңғолдың ауылы бар екен. Жеті-сегіз қуғыншы соңымызға түсіп тықсырып қалмаған соң, мінген түйелерін түгел атып түсіріп, жаяу қалдырып кеттім. Өздері бізді атып, оқ дарыта алмады. Әншиді басып өтіп, Болымжы қоржасынан сіздердің деректеріңізді білдік. Сонан Елісхан ағаға келіп сәлем берейін, ел мен жердің жағдайын айтайын деп келген бетім осы.

– О, бәрекелді. Нағыз еркек деген дәл осылай болады. Мың бір машақаттан өтіпсің. Енді саған қорқыныш жоқ. Осында жатып тынығып ал. Жылқыдан қалаған атыңды ұстап мін. Сен секілді жауына бас имейтін ерлерге есігіміз қашан да ашық.

Шуақты жанарына тұман ұялаған Елісхан осыларды айтып далаға шықты. Рамазанның өлімі жүдеу көңілін құлазытып, Ұйырхын даласына мұңмен қарап, ауыр-ауыр күрсінді. Түйдектелген бұлттардың жабағылана ұйысқан шоғырына күйзеле қарап:

– Қайран елім, енді не болар екенсің!? – дегенде аузынан бір құшақ жалын көтерілді.

* * *

– Қасым батыр Елісханның жұмсауымен Аратүрікке келіп, ондағы шеріктерді қынадай қырыпты. Аратүрікті алып болған соң қалың қолмен Баркөлге шеру тартады екен.

– Баркөлге жасырын келген Қасымның адамдары Елісхан мен Зайыптың хатын таратып кетіпті.

– Елісхан жіберген қалың қол Аратүріктің ар жағына келіп, қашқан елді Гансу жаққа асырып алып кетпекші екен.

Із-тозсыз кеткен он сегіз адамның өлі-тірісінен хабар ала алмаған ел қатты алаңдаулы еді. Оның үстіне Елісхан мен Зайыптың әрбір рубасыларына жазған хаттары мұндағы елді тағы бір толқытып тастады. Есін жия алмай есеңгіреп отырған елге тағы бір өсек тарады.

– Үкімет жағы Баркөлде құрылтай ашады екен. Қалған елді тыныштандырып, елбасыларын қайтадан тағайындайтын болыпты.

– Баяғы керей заңы бойынша мұнда да төрт би сайланады екен. Төртеуінің төбесінен қарайтын бір төбе би қоятын көрінеді.

Әншейінде жау дегенде өзін қоярға жер таппай қаны басына шығатын керей, найман тобының мансап дегенде емешегі үзіле жүгіретіні бар ғой. Әсіресе, бір керей:

– Анау Арқадан ауып келген шолақ найман танауы делдиіп атқа қонып алыпты. Кешегі қара таяқтар бүгін қызыл таяқтың иесі болып, таққа қарап ұлитын көрінеді. Арқаланса Абайына арқаланатын шығар. Пішту, ат төбеліндей аз найманға билік қайда?! – десе, найманның бір пысығы:

– Жүгірген алмайды, бұйырған алады. Кеудесімен нан пісірген қалың керей, биліктен бірдемелерің өліп пе еді. Сонымен төбелерің көкке жететін болса сендер-ақ патша болатын едіңдер ғой. Еженханнан бері қарай талай қошқардың артынан телмірсеңдер де әлі біреуінікі үзіліп түскен жоқ. Өз сілекейлеріңді өздерің жұтып, тамсанғандарыңды қоймайсыңдар. Қанша жыл айтқандарыңа көніп, айдағандарыңа жүріп келдік. Бізге де бір күн туатын шығар. Абай дутұңның найман екенін ұмытып қалып жүрмеңдер! – деп айқұлақтанады. Тағы біреулер:

– Қытайлар найман мен керейді дойбының тасындай біріңді-біріңе салып аз ойыншық қылды ма, соны неге білмейсіңдер? Бұл жолы егескенде екеулеріңе де билік жоқ. Керек десеңдер, төбе би Ер Көкшенің ұрқы уақ Әйембет батыр болады, – десті.

– Әйембетің Бисан жаққа үркіп, үкіметке сенімін жоғалтты. Төбе би болғанды қойып, көрінгенге телім болған уағын жинап, өз басын амандап алсыншы. Мұндағы ұлтанды елдің жәнтекей екенін білмеуші ме едіңдер. Қыдыр қонған атаның әулеті тағы да төбелеріңде ойнайды.

Осылайша жұрт гуілдесіп жатқанда Баркөл сақшысындағы Смағзам, Қатай, Кәрім сияқтылар ел аралап, есеп-шоттарын қағыстырып, өз білгендерін үкіметтің құлағына сыбырлап жатты.

Көп өтпей Абайдың шабармандары: «Елбасылары келесі жұма күні Нұрғали үкірдайдың үйіне жиналсын. Ауданнан көңке барып, оларды Баркөлдегі құрылтайға қатынастырады» деп хабарлады. Онсыз да елеңдеп отырған ел айтылған жұманы асыға күтті. Күндізі мұртын маймен сылап ештеңеден хабарсыз жүргендей көрінген ру иелерінің біразы түнделете аттарын қара сорпа қылып, Абай ауылына қарай шабатын болған. Ешқайсысы құр қол бармайды. Оларсыз-ақ осындағы байлардың ең алдыңғы қатарына өтіп, Баркөлдің шұрайлы жерінен жайлау-қыстау алып үлгерген Абайдың өрісі малға, қойыны алтын-күміске сіреулі болатын.

Ел асыға күткен уағдалы күн де келіп жетті. Нұрғалидың үйіне барын киіп, бақанын таянған ел шонжарларынан қырықтай адам жиналды. Біреуі ананы, біреуі мынаны айтқанымен әркім өз ішкі есебімен арпалысып, қабақтарымен аңдысып отырған сағаттардың бірінде аудан жамбылының сақшысы Ауғанбай келіп түсті.

– Ой, мынау – өзіміздің құлтайболат баламыз екен ғой. Шырағым, тыныштық па, не жаңалық бар? – деп бір қария сөз бастап еді, онсыз да әрең отырған жұрт Ауғанбайдың аузына қарады.

– Абай дутұң сіздердің жиналған-жиналмағандарыңызды біліп кел деп мені арнайы жіберді. Толық жиналған болса «екі көңке жіберемін, дайын отырсын» дейді.

– Қарағым, сонда сол жиының немене екен. Сен енді үкімет адамы болған соң көп істі батынып сұрай да алмай отырмыз. Бірақ өзімізсің ғой. Шыныңды айтшы, сол Абайың бізді шақырып алып құртқалы отырған жоқ па?

– Біреуіңізге бала, біреуіңізге іні болғаныммен үкіметтің барып кел, шауып келімен жан сақтап жүргенімді білесіздер. Не дейін, бәріңіз де көп жасаған, талайды көрген, елге тұтқа болып жүрген адамсыздар. Өздеріңізге салса, қалай ойлар едіңіздер?

– Ойбай-ау, балам, оны білсек өзіңнен сұраймыз ба. Біреу құрылтай дейді, біреу би сайлайды дейді, анық-қанығын қайдан білейік. «Адасқанның – алды жөн, арты – соқпақ» деп аңтарылып отырған жайымыз бар. Сенбейік десек, үкіметтің десінен қорқамыз. Сенейік десек, шошымалы болып қалған жанымыз қарадай қалтырайды. Өз қолымызда өскен бала болған соң өзіңнің аузына қарап отырған жайымыз бар, қарағым!

– Менікі үкіметтің сөзін жеткізу ғана. Қалғанын өздеріңіз қабырғаларыңызбен ақылдасып көрерсіздер.

Ауғанбайдың екі-үштылау жауабы біраз адамның көкірегіне күдік ұялатты. Сыртқа шыққан орайда оны оңашалаған Нұрғали:

– Қарағым, мынау бейуақты жамылып тұрып имандай сырыңды айтшы, жиналыстың сыры, сірә, не өзі? – деп қадала сұрады.

– «БІмды білмеген дымды білмейді» деп сіздер бірдеңе сезсе екен деп жаңа да біраз сырды суыртпақтап едім, әлі түсінбедіңіздер ме? Осы жерде кіндік қаным төгіліп, осы елдің дәм-тұзымен есейдім. Өтірік айтып обалдарыңызға қалсам қарғыстарыңыздан құтылмаспын. Үкімет мансап-мәртебе үлестіргелі жатыр дегенге сенетін бала болдыңыздар ма?! Ертең екі машина жіберіп, осы отырған бәріңізді тұтқындайды. Естігелі отырғандарыңыз осы ма? Қасым жағынан таратылған Елісхан мен Зайыптың хатының бір нұсқасын өз адамдарыңыз Абайға апарып берген. Оның қолындағы тізімде сол хатты оқыған, елді бастайды-ау деген бәріңіз де барсыздар. Қытай сақшыларының ішкі күбір-сыбырына қарағанда, Дихуаға апарылғандардың бәрі де өлімге үкім етілген көрінеді. Сіздерді де бірден сол Дихуа түрмесіне жөнелткелі отыр. Қан қарыздарыңыз менің мойнымда кетпесін деп, айтып аманатымнан құтылайын деп келдім. Ендігісін өздеріңіз шешіңіздер. Сенбесеңіздер, мына жіп сіздердің қолдарыңызды байлау үшін алдын ала таратылып берілген.

Осыны айтқан Ауғанбай қойнына қолын жүгіртіп бір шумақ жіп алып шықты. Әлденеге тістеп, жақ еттері бүлкілдеп кеткен Ауғанбайдың жанарына шаралы жас тола қалғандай көрінді. Оның қолын қос қолдап қысқан Нұрғалидың өңі боп-боз болып:

– Алда ғана қарағым-ай, арамзалар алдап орға жықпақ болған екен ғой, Алла разы болсын, атаның белінен, ананың құрсағынан ер боп туғаныңды көрсеттің. Сен болмасаң қапияда қан жұтқандай екенбіз-ау, – деді булығы сөйлеп.

– Ағасы, қуануға әлі ерте. Абайдың тағы қандай сұмдықтар ойластырып жатқанын кім біледі. Мүмкін мені аттандырып жіберіп артымнан тағы біреулерді дайындап жатқан шығар. Сақ болыңыздар. Не де болса тез қимылдаңыздар, – деді Ауғанбай.

– Алла алдыңнан жарылқасын, екі дүниеде жүзің жарық болсын. Айтқаныңның бәрі орынды. Қапы қалмайық, рахмет, жаным!

Асығып тұрған Ауғанбайды қапсыра құшақтаған Нұрғали оның жалпақ жауырынын өзіне тартып, бір қауым үнсіз тұрып қалды. Бас киімін кері ысырып, маңдайынан құшырлана сүйді:

– Бара ғой, бара ғой, жолың болсын, жолдасың Қызыр болсын!

Атқа қонған Ауғанбайдың тұлғасы қараңғылыққа сіңгенше мейірлене қарап тұрған Нұрғали үйге асығыс кірді:

– Құритын болдық, әлгі Абай сұм бізге тұзақ құрып отыр екен.

– Не дейді мынау?

– Тәк, тәк, жаман сөз ауыз садағасы... не деп кеттің, сен өзі!

Нұрғали Ауғанбайдан естігендерін түгел айтып берді.

– Сонда Ауғанбайың сенімді ме? Осының өзі шырға болып жүрмесін. Бізді үркітіп жіберіп, «обалдарың өздеріңнен болды» деп, сосын тарпа бас салмасына кім кепіл!

– Ауғанбай өтірік айтқан жоқ, – деді Әйембет, – сөйлеп отырғанда байқамадыңдар ма, жанары мұңға толып, бәрімізге қамыға қарап отырды. Егер тағы бір мәрте сынап көрейік десеңдер, істің соңын күтейік. Сарбаздарыңды сайлап, дереу жасақ жинаңдар. Бірақ бірде-бір адам сыр алдырмасын, Баркөл жаққа күзет қойылсын. Екі машина өзі ғана келсе оның жөні бір басқа. Егер қалың шерікпен келсе немесе түнделете келіп басып қаламыз десе, онысын да көрейік.

Әйембеттің сөзін қостаған Нұрғали:

– Рас, үрейленіп үрке жөнелсек, әлсіздігіміз болар, бір күнгі ұйқымызды қиып қас-қабағын байқайық, ниеті жаман болса бірден белгілі, – деді. Барлығы осыған келісті де, әркім өз адамдарына әмір беріп жатты. Жау келеді-ау деген жақтан үш жерден қарулы күзет қойылды. Құрал жинаған кезде жаман-жұтық, ескілерін ғана тапсырып берген қазақ жасақтары майлап құрым киізге орап, тау-тастың қойны-қонышына тыққан құралдарын да лезде тауып әкелді.

Ақыры асыға күткен сәт те келді. Таң қараңғысын жамылған қалың шерік сайды өрлеп шұбыра жылжып келе жатты. Түнгі ұйқыларын қимаса керек, аттың ырғағымен қалғып-шұлғып алаңсыз ілбіп келеді.

– Қап, иттер-ай, – деді тісін-тісіне басқан Солтаншәріп, – бізді қапыда бас салмақшы екен ғой, енді не істейміз?

– Тоқта, тоқта, – деді Әйембет, – әлі де байқастайық, анау етектегі жылтыраған жарықты байқадыңдар ма, екі көңкесі артынан келе жатыр, солар жақындаған соң атуға бұйрық беріндер.

– Олар бізге дайын табак тартқысы келген екен ғой. Біз де май шелпегін берейік!

– Жауды аяған жаралы болады деген, жағаласпай жан қалмайды. Енді қимылдамасақ кеш болады!

Аспаннан жай түскендей жамырай атылған мылтық үнінен шеріктердің тоз-топалаңы шықты. Әуелі алдыңғы бір шоғыры қоғадай жапырылып, аттары ойнап шыға берді. Көп өтпей-ақ етектегі екі көңкенің де күлі көкке ұшып, таң қараңғысын әлсіз жарығымен шарпып өтті. Шыңғырған, ойбайлаған, өлім аузында арпалысқан ащы үндер ұзаққа созылған жоқ.

Қоңыр даланың төсінен ештеңені сезбегендей аппақ сұлу таң таулардың иығына қарай көтеріліп келе жатты.

Нұрғалидың үйіне қайта жиналған топ:

– Абай сұмырайдан жақсылық күтіп жүрген біз қандай ақымақ едік. Қайран Елісхан, қайран Зайып, осының бәрін ерте сезген екен ғой. Кеттік солардың соңынан. Осында отыз-қырық ауылдың иесі отырсыңдар. Әркім өз көшін бастасын. Лағынет сұмдарға, Құдай зауалын бергірлер. Жаумай жасын түскірлердің жазасын Алла берсін! – деген Әйембеттің бұйрығын үнсіз қабылдап, Бисан мен Ошақтының сай-саласына қарай шаба жөнелді.

«Ұлы мешін тауы» аталатын Бисанның қойны-қонышы мен Күнірек, Ошақты, Нарынкір өңірінен қотарыла көтерілген үш мыңдай түтін шығысқа қарай үдере тартты.

Бұл кезде елдің алды соғымын сойып, қытымыр қыстың қамына кірісе бастаған еді. Қанды азуын айға білеген барыс жылының желтоқсан айы алғашқы күндерін тағы бір сергелдеңмен бастады.

Жерден шыққан шұрқаннан құтылды па деп арт жақтарына жаутаңдай аттанған жасты жанарларға аспанда қалықтаған қалың темір қанат көрінді.

– Ойбай, аэроплан келе жатыр, эне, аспанға қараңдар!

Сөйткенше болған жоқ тау-тасты тітіреткен үні күндей күркіреп бұлардың төбесінен өте шықты. Алдымен санын, бағыт-бағдарын білгісі келген сияқты. Көп өтпей қайта айналды.

– Ана пәлесі тағы келе жатыр. Баяғыда Шіңгілде жалғыз аэропланның өзі тұтас елді қынадай қырып кетіп еді, мынау үшеу екен ғой. Қашыңдар, доп тастайды. Бытыраңдар, – деген қартаң әйелдің айқайы естілді.

Жер бауырлай жақындаған соғыс ұшақтары көштің алдына бомба тастады. Мал үркіп, түйелер жүкті аударып, ел лаңғада, у-шу болып кетті.

– Ойбай, енді атты шерік келе жатыр, шеріктер келді!

Көштің алды-артын орамақшы болған қалың шерік оқ жаудырып жақындай түсті. Сығайланған қазақ қолы қарап қалған жоқ. Екі жақ сұрапыл соғыс салды. Жау әскері ығыса беріп еді, аэроплан тағы да пайда болды да, оқ атып жатқан қазақ тобына арт-артынан бомба тастады.

Біреуді біреу білмейтін аласапыран жағдай басталды. Алғашқыдай емес, аэроплан келе жатқанда бытырай қашып, шеріктер жақындағанда қайта тап берген қазақ қосыны ақшам сөніп, сам жамырағанда барып ес жиғандай болды.

Жаудың өлігі төбе-төбе үйіліп қалыпты. Сонда да тірі қалғандары үш-төрт мың қойды басып қалған екен. Қайыру бермей үркіп кеткен жылқыда да есеп жоқ. Мал шығыны көп болғанымен адам шығынының аз болғанына тәубе қылған қазақ көші Өмір тауына жеткенде бір-бірімен тоғысып, алды-артына қарайлауға әзер мұршасы келді.

Олардың алдынан Қасым, Қожақын бастаған Елісхан тобының батырлары шықты. Ел ағаларына сәлемдесіп, хал-жағдайын білгеннен кейін бір топ жігіт елдің бас-аяғына шапқылап, келген көштерді түгендей бастады.

– Алдымен келген ауыл уақ Әйембеттікі екен. Бір жүз отыз бес түтін. Одан кейін шақабай Нұрғали үкірдай екі жүзге жақын түтін.

– Найман Құсайын тәйжінің ауылы үш жүздей түтін. Жәдік Сабырбай залыңның ауылы төрт жүз неше түтін.

Тасбике Жәнәбілдер мен Мейірімхан ауылдарынан бес жүз түтін.

– Молқы Салақиттан мен Әбілқайыр ауылдарында екі жүзден төрт жүзге таяу түтін.

– Қарақас Зиядан бір жүз сексен түтін, сарбас үш жүз отыз түтін, есағасы Мажан бір жүз он түтін.

– Ителі Солтаншәріп тәйжінің ауылынан бес жүзге жақын түтін арт жақтан жаңа ғана келіп түсіп жатыр екен.

Тұс-тұсқа шапқылап елдің бас-аяғын түгендеген жігіттер аттарын қара сорпа қылып, өздері иелеген мәліметтерді айтысып жатты.

Енді бірде жұрт арт жақтан келе жатқан қалың шоғырға елеңдей қарасып:

– Бұл не, бұл не, ел ме, жау ма?– десті. Келе жатқандардың жау емес, көш екенін біліп:

– Елден бөлініп қалған Қамза залыңның көші екен. Мәссаған, көш алдында Ауғанбай сақшы келе жатыр, – деп таңырқасты.

– Абайға көмекші болып, билік сырмағының бір шетінде жүрген Қамза да ол сұмырайдан құтылған екен ғой. Ақылды жігіт өз басын сақтап, қара ормандай халқына қайта оралғаны қандай жақсы болды.

Соңғы көшке қарай дүркірей шапқан бір топ жігіт Ауғанбайды қаумалап, оны ат үстінен көтеріп әкетті:

– Сені туған анаңа мың да бір рахмет. Осындай ұлдары бар қазақты қырып жоғалтамын деп жүрген Шың Шысай – нағыз ақымақ.

Көштің бір қанаты Ном, Торай арқылы Моңғолия жағына өтіп, бір қанаты Гансуге қарай қиыстай бет алып, топ-тобымен үдере көшті. Әр топ өз батырлары мен мергендерін сығайлап, көш соңын қорғауға орналастырды. Олар жау қарасы көрінгенде үшке бөлініп, бірінші топ көштің соңы болып көрінеді де, қалған екі топ екі бүйірде жасырынып қалып, қуғыншы жаудың негізгі бөлігін өткізіп жіберіп соққылап отырды. Көшті қуып жеттік деп албарынды болған жау әскерін мергендер қос бүйірінен қысып қызыл қанға матырды.

Атты әскермен аттанған қуғыншының әлсіздігін сезінген Шың Шысай аспаннан соғыс ұшақтары мен жердегі машиналасқан әскерлерін қатарынан іске қосты. Өмір тауы мен Іңіз тауының аралығындағы қақтан тосқан қалың машиналы шеріктермен болған соғыс та аса қиян-кескі өтті. Әр ауылдың азаматтары өздеріне төнген қатерге қарсы шауып қып-қызыл өрттің ішінде жүр. Елдің Моңғолия жаққа үріккен бөлігін моңғол әскерлері оқпен қайырып, ес-ақылын алды. Соғыс өрті толастай қалған аз сәттік үзілістерде қазақ жігіттері бір-біріне дем беру үшін ел ішіндегі ерлік көрсеткендерді де тез-тез таратып жатты.

– Әйембет батыр қарсы алдынан тосқан жиырма бес қалқа шерігін жалғыз өзі жайратып салыпты.

– Шеңгелбай, Қошуыттар шақабай ауылына басып кірген шеріктердің тұмсығына қан қатырған екен.

– Тасбике Жәнәбіл, Мейірімхан, Тұрдылар санап атқанда алдынан тірі жау құтылмапты. Құралайды көзден ататын мергендер, машиналардың дөңгелектері мен жүргізушілерін қадап атып, талай машинаны қаққа қалдырып, адамын қынадай қырды. Қазақ қосынына жақындай алмаған енді бір топ машиналы шеріктер көш соңында қалып қойған қойшыларды бастырып өлтіріп, қойын бөліп алып қалуға ғана шамасы келді.

Көзді ашып-жұмғанша төбеден жетіп келетін темір қанатты тажалдарға зығырданы қайнаған қазақ мергендері биік қырқалардың жонына шығып, ұшақтың аласара келіп бомба тастайтын орайлы сәтінде оқ жаудырып көрді. Шыбар, Ақым бастаған бір топ жігіттің биіктен қатарынан жаудырған оғы біреуінің жанды жеріне дарыса керек, құйрық жағынан қара қошқыл түтін будақтап алысқа барып құлағандай болды. Толарсақтан қан кешіп бара жатқан қазақ көші:

– Иә, Алла, иә, аруақ, жар бола көр. Доп тастайтын темір пәлеге де зауал келеді екен-ау, – десіп өз жеңістеріне марқайып бара жатты.

Басынан бақайшығына дейін қаруланған қытай армиясы «тау-тастың жықпыл-жықпылындағы жабайыларды оңай жуасытып аламыз» деп ойлап еді, олай болмады. Таудың әрбір тасы мен қақтың жыңғыл-түзгеніне жан біткендей дір етіп қозғалады да, өздеріне қарсы атылған ажал оғы өңмендерінен түйреп өтіп, қатарын сиретіп кетеді. Ал өздерінің атқанының қайда кетіп жатқанын аңғарар мұршасы да жоқ. Қытай әскері көшті тоқтатқаны сол, өз армиясының басым бөлігінен айрылды. Ұсақ қара адырға толы жатаған таулардың қалтарыс сайлары мен жалпақ қақтағы бұта-бүргеннің арасы малдың жемтігі мен қытай әскерінің өлексесіне толды. Даланың жыртқыш аңдары ғана тұмсығын жылы қанға тығып қарық болып жатты.

– Кім зұлымдыққа ұшырап, соған лайық кек қайтарса да, артынан тағы зұлымдық көрсе, Алла оған сөзсіз жар болады. Ісіміз ақ, Алла ақ жолын берсін, – деп жалғыз хаққа жалбарынған қалың топ қара даланың ұйқысын бұзып, тыныш жатқан өңірді ат тұяғымен дүбірлетті.

Өзінің туып өскен ыстық ұясынан осылайша үрке алыстаған тағы бір қазақ көші жат мекеннің ой мен қырына жаутаң-жаутаң қарап, қорғана жылжып, туған даласынан ұзай берді.

Үшінші тарау

СЕРГЕЛДЕН

Арттағы елдің жау тосқауылынан аман өткенін естігеннен кейін Елісхан бірнеше күн қатты тынышталып ұйықтап еді. Бүгін ерте оянып кетті. Таң алдында көрген түсін ұмыта алмай мазасыздана берді.

Баркөл, айналайын, қоңыр таулармен қоршалған жап-жасыл мекен түсіне еніпті. Сол топырағы май, тобылғысы жез құт мекеннің кеудесінде күмістей жарқыраған Айнакөл жатыр. Елісхан бұрын көріп жүргенде көл ортасында арал жоқ болатын. Мына көрініс басқаша, көл ортасында қой қораның көлемінен үлкен аралшық көрінеді. Көлдің арғы бетінде ақ моншақтай тізілген ауыл үйлері отыр. Ауылдың бас жағынан баяғыда ұрыға алдырған меңсіз қара атын мінген әкесін көрді. Әкесі атынан түсіп жатқанда үйден ақ шылауышты анасы шықты.

Елісхан бар дауысымен айқайлағысы келді.

– Ә-ке, а-па! – ол шешесін «апа» дейтін. Даусы шығатын емес. Ал олар болса көлдің бергі бетіндегі мұны көрмеген сияқты.

– Әке, апа, сендерді сағындым ғой. Неге қарамайсыңдар? Маған өкпелеп жүрсіндер ме? Сендердің кектеріңді аламын деп қытай шерігін қынадай қырғанбыз. Шеріктерге ілесіп, жендеттік істеген «тамыр қытай» бастаған жергілікті қытайларды да өз қолымызбен жер қаптырдық. Әке, бері қарашы, жүздеріңді көрмей тұрмын.

Үні шықпады. Олар бәрібір мұны көрмеген сияқты. Әлденені айтысып көлдің ортасындағы аралшыққа қарайды. Олардың ар жағында, үйдің далдасында жары Зүбәйда ұсақ күйбеңмен жүрген сияқты. Екі қолына екі бала жетектеп алыпты.

Елісханның ет-бауыры езіліп кетті. Жарын, балаларын көрмегелі қаншама жылдар өтті. Томпаң қағып алдынан шығатын Өнерхан мен Әнуарханның кекілінен шығатын уыз сіңген сәби иісі кеңсірігін ашытып жіберді. «Құлындарым-ай, құлындарым-ай» деп еңкілдеп тұр.

– Зүбәйда, бері қарашы, әкем мен шешем мені көрмей тұр. Оларға айтшы, жақындандаршы. Сендерді сағындым ғой.

Ақ жаулығы желбіреген Зүбәйда бұған қолын бұлғағандай көрінді. Жоқ, қолын бұлғамаған сияқты. Жаңағы әкесі мен атасы қарасқан жаққа қолын сілтеп, бірдемені айқайлағандай болады.

Елісхан әлгі аралшыққа енді ғана қарады. Аралшықта бір қара көлеңке елбең қағып жүгіріп жүр.

– Үй, мынау Сетерхан ғой. Шәрбан апаммен қолды болып кеткен бауырым ғой. Бұл қайдан адасып жүр?

– Сетерхан, Сетерхан...

– Аға, а-ға, мен мұн-дам-ын. Ме-ні те-зі-рек құт-қар-ып ал!

Сетерханның таныс даусы өзегін өртеп кеткендей болды.

– Шешең мен бауырың қайда?

– Олар арғы жағаға атамдарға кеткен. Мен жалғыз қалдым. Құтқара көріңіз, аға!

Елісхан түсінен шошып оянды. Көзінің сора-сорасы шығып, кеудесін алқына көтерді. «Сетерхан, Сетерхан, қарғам-ай, қайда жүр екен» деп күйзеле күбірледі.

Оның үнінен Бәтима мен Зәйіп те оянып кетті.

– Мырзам, саған не болды? – деді Зәйіп күйеуінің таңның алакеуім жарығында бозара қарауытқан жүдеңкі бет ажарына үрейлене қарап. Елісхан көрпеден басын көтерген күйі көрген түсін айтты.

Зәйіп аңғарлы әйел еді. Елісханның ауылын жау шауып, жұртында құлазып қалғанда үлкендердің ақылымен осы босағаны аттаған. Қашан да жаны күйеуінің үстінде жүреді. Әсіресе, оның күйзелісті көңіліне, қан жылаған өміріне сүйеніш болсам дегенді өзіне парыз санайтын еді. Сөйтіп, өшкеннің шоғын үрлеп, ошағын маздатты. Отын болған орданың керегесін қалап, уығын қадады. Ордалы шаңырақ қайта бой көтерді. Барын бағамдап, жоғын түгендеп, еріне жайылып жастық, иіліп төсек болды. Алғашқы балалары өмірге келетін кезде қарғыс атқыр қанды күндердің дертінен түсік тастады. Көңіл бұлты сейіліп, алғы күнге үмітпен қарап келе жатқан Елісханның көкірегіне тағы бір тұман шөкті.

Ақыры Зәйіп өзі іске кірісіп, жәдік Атшыбайдың қызы Бәтиманы кіші әйелдікке айттырды. Бәтима жүкті болып, Нағима атты қыздары дүниеге келгенде шаңырақтың қуанышы Елісханның көңіліне медеу сыйлап, жырттық көңілі қайта жамалып еді. Қабағындағы тұнжыр мұң айығып, бұрынғы жайдары, нұрлы дидары баяғыша күндей күліп тұратын болған. Неге екенін кім білсін, тағдыр бұл қызығын көпсінгендей Нағиманы да ерте алып кетті. Ыстық құшағы суынған жас жұбайлар бір сәт мең-зең күйге түсіп, әңкі-тәңкі болып отырғанда Зәйіптің аяғы ауырлығы білініп, үй ішіне тағы бір үміт ұялады. Бірін-бірі жұбатып, өмірге келер сәбиді асыға күтуде еді. Осы өңірге көшіп келген бірнеше жылдан бері елдің ұйқысы тынышталып, аз да болса көңілді көктемдерді өткізе бастаған. Тағы бір бақытты күтіп отырған Бәтима мен Зәйіптің күйеулеріне алаңдай қарауы да «тағы не болды» дейтіндей ішкі алаңдаушылығынан туған еді.

– Түсіңізден жылап оянғаныңыз қуаныштың белгісі емес пе. Көп ұзамай-ақ сол жоғалған балалардың орны толып, отбасымыз қуанышқа кенеледі екен, мырзам, – деп жымыды Бәтима.

– Иллаһим солай болғай. Әйтеуір Сетерханның көрінуі тегін емес. Ол тірі, – деді Елісхан мұнайған қалпынан жазбаған күйі көзін есік жаққа қадап.

– Айтқаныңыз періштенің құлағына шалынсын. Сетерханды тауып алып, «сылқым қайным» деп тергеп отырсам қандай жақсы болар еді, – деп сынғырлай күлді Бәтима. Жұбайларының жұбата айтқан сөздері жанын сергіткендей болған Елісхан ертемен сыртқа шықты.

Сонау қиырдағы қоңыр таулардың үстіне қонақтаған бозғыл тұман ақырын-ақырын сырылып барады. Атамекенінен ауып келген қалың қазақ осы өңірдің сай-саласын сағалап, ұшарын жел, қонарын жыра-жықпыл білген күйінен әлі де арыла алмай келеді. Осы жағы Елісханның қабырғасын қайыстырады.

Елісхан ауылы бұл күнде Гансу өлкесінің Жючуан аймағының Чилияншан тауының солтүстік бауырына келіп қоныстанған еді. Тау сағалаған қазақ баласына бұл өңір де жаман емес көрінеді. Бірақ... Әйтеу, көкірегін бір сұрақ мазалай береді.

Елісхан келе салысымен ауыл ақсақалдарын шақырып жиналыс өткізді. Ол:

– Жат ел, жат жерге келдік. «Иттің иесі болғанда, бөрінің тәңірісі бар» деген. Ел-жұртқа сүйеніш керек. Үкімет жағына арнайы адамдар жіберіп, бізге ие болуын сұрайын. Қырғи тиген торғайдай, тоз-тозымыз шығып, босып келе жатқанымызды көре тұра сыртқа теппес, – деп сөз бастаған. Елісханның қайын атасы Атшыбай оны қостап:

– Қарағым, ел ағасыз, тон жағасыз болмас. Бір кәпірден қашып келіп, екінші кәпірдің қолтығына кіргелі отырмыз. «Кәпірмен жолдас болсаң, қойыныңда балтаң болсын» деген сөз тегін айтылмаған шығар. Бұларға бас билікті берсек те ішкі жақта өзімізді өзіміз басқарсақ оң болар еді, – деді.

Жұрттың бәрі осы сөзді жөн көрген соң Елісхан:

– Қазір біздің өзіміз мыңға жақын түгін болдық. Егер жөн көрсеңіздер, Адубай ағамыз осы елге иелік етсе, біз қасында жүріп қамшы ұстары болсақ, – дегенді айтты. Бұған Атшыбай, Сауытбай бастаған үлкендер жағы мақұл бола қоймады:

– Қарағым, осылай көшу дегеннің өзі сенің ақылыңмен болды. Жас та болсаң бассың. Әкең Әліп тәйжі де үкірдай да болып ел басқарды. Жақсы бол, жаман бол, сол орданың отын жағып, түтінін түтетіп отырсың. «Қой асығы демей-ақ, қолына жақса сақа тұт, жасы кіші демей-ақ, ақылы асса аға тұт» демеуші ме еді. Жасың кіші болғанмен, жолың үлкен. «Ақыл жастан, асыл тастан» деген сөз тағы бар. Еліңе өзің ие бол. Қайта Адубай ағаң бәріміз ақылшы болып қасыңнан табылайық, – десті.

Осы байлам бойынша олар арнайы хат дайындап, Қамек бастаған бірнеше жігітті Гансудың өлке билігін ұстап отырған Хы Жизуға жіберді.

Өлке әміршісі тез жауап бере қойған жоқ. Тәртіп бойынша Хы Жизу мемлекет төрағасы Жаң Кайшы мырзаға хат жазды: «Шынжаң жерінен босып келген қазақтар баспана сұрап, бізге ие болсын деп жерімізге көшіп келе бастады. Шынжаңнан, Шың Шысайдан зорлық-зомбылық көргенін айтады. Кері көшу ойлары жоқ. Оларға қандай мәміле жасауды өз құзырыңыздан білгіміз келеді».

Дәл осы кез жапон армиясының Қытай аумағына басып кірген мезгіліне тұспа-тұс келгендіктен, хаттың жауабы да тез келе қоймады. Әйтсе де, Шың Шысайдың Кеңестік қызылдармен астасып коммунистік қытайларға бүйрегі бұрыла бастағанын аңғарған Жаң Кайшы мырза босқын болған халыққа жанашырлық білдіруді теріс көрмеді. Екінші бір жағынан, Шың Шысайға қарсы тұрады-ау деген Шынжаңнан көтерілген көтеріліс атамандарының алыс аймақтарға қаша бастауы Жаң Кайшыны да алаңдататын еді. Бұлай болғанда Шынжаң тізгінін алаңсыз қолға алған Шың Шысайға деген жергілікті жердегі ішкі қарсылық барынша әлсіреп, ол барған сайын ырықты орынға көтеріле берер еді. Жаң мырза тіпті Шың Шысайдың арам пиғылы асқынып, Кеңес Одағымен әмпей-жәмпейлігін қоймаса күндердің күнінде Шынжанды мемлекет уысында ұстап отырудың өзі қиындай түседі деп алаңдады. Солай бола тұрса да, ол бәрінен де маңыздысы ел ішінің қазіргі орнықтылығы деп білді. Бұған қол жеткізу үшін де үкіметке наразы күштерді әлсіретіп, халықтың қарсылығын жойғанда ғана мемлекеттің ішкі күшін нығайта түсуге болады деп есептеді. Мемлекет қазынасынан арнайы қаржы бөлгізіп, босқын халықтарға көмек көрсету туралы жарлық түсірді. Жарлықты атқару үшін гоминдаңның орталық комитеті «Гансу-Чиңхайдағы қазақтарға көмектесу және оларды басқару жөнінде уақытша белгілеме» жариялады.

Осы жарлық бойынша 1937 жылдың күзінде Гансу әміршісі Хы Жизу, Жюшуан аймағының уәлиі Сау Чиуын, әскери бригада командирі Ма Букаң, Иүйміннің әкімі Чың Жүймыңдармен бірлікте қазақ басшысы Елісханды шақыртып арнайы кеңес өткізді.

Басқосудың мазмұны кеңес өткізу болғанымен, Хы Жизу әміршіге тән айбатпен әуелгі сұрақты Елісханға қойды. Оның сөзін қытай-қазақ тілдерін жетік білетін моңғол жігіті тәржімалап тұрды.

– Елісхан мырза, сіз, мейлі, Шынжаң болсын; мейлі, Гансу болсын, барлығымыздың Нанжиң үкіметіне қарайтынымызды білесіз бе?

Жұрттың көзі Елісханға тігілді. Отырғанда өзгелерден иығы озық көрінетін зор денелі бетінен қаны тамған қызыл сары қазақ жігітінің келбетінде қаймығудың белгісі жоқ. Басындағы тақиясын сәл ғана кері шегіндіре қондырып, кең маңдайы жарқырап, төрдегілерге күлімсірей қарады.

– Аспан біреу болғанымен таулар басқа, көлдер әрқалай болады. Сұрағаныңызды жақсы білемін. Бірақ менен осыны сұрау үшін шақыртпаған боларсыз? – Елісхан мұны таза қытай тілінде айтты. Аудармашы ғана емес, отырғандардың бәрі де аңырып қалды. «Бір топ жабайы қазақтар қашып келіпті» деп дүбірлеткен қытай, тибет, моңғол ұлтының өкілдерінен құрам тапқан алқалы топтың аузы аңқиып оған таңдана қарады. Бұның отты жанарынан қаймыға төменшіктеген өлке әміршісі желкесін қасып, қапелімде не айтарын білмей сәл бөгеліп, тісінің ағын көрсетіп, мағынасыз ыржиды:

– Дұрыс, дұрыс айтасыз, Елісхан мырза, менің айтайын дегенім Нанжиң үкіметінің бізге оң қабақ танытып, Шынжаңнан босып келгендерге жағдай жасау жөнінде жарлық беріп отырғаны ғой. Әрине, біздің өтініш, сұрауымыз бойынша. Мемлекет біреу болғанымен адамдар әрқалай болады. Рас,

Шынжаңнан қыспақ көрген екенсіздер. Енді мұнда сіздерге ешкім тиіспейді. Заң-түзімге бойұсынып адалдықпен жан бақсаңыздар болғаны, – деп тоқтады. Шекесі тершіп кетсе керек. Қалтасынан қол орамал алып сүрткіштей берді, – басты мәселе сіздерді қалай орналастыру болып отыр. Көшпенді халық пен жергілікті халық арасындағы байланысты жақсартып, тұрмыс жағдайын оңау үшін сіздердің халықтарыңыздың байырғы тұрғындармен аралас қоныстанып, қосымша егін шаруашылығымен айналысқаны жөн болар еді. Бұл мәселедегі сіздің пікіріңізді білгіміз келеді.

Елісхан жеңіл күрсініп алды да, сөйлеп кетті.

– Біз – қазақ деген халық, ежелден көшпелі елміз. Таудың биігіне, судың тұнығына қарай жүгіретін әдетіміз бар. Жанымыз да сол сияқты биіктік пен тұнықтықты қалап тұрады. Ата-бабамыздан жалғасқан бұл дәстүрді бірден өзгерту қиын. Басымыздан сипап бауырларыңызға тартсаңыздар, арымызды таптамасаңыздар, ағымызды былғамасаңыздар, етектеріңізді елге толтырып, тұрғындарыңыз боламыз. Малымызға өріс, өзімізге қоныс берсеңіздер болды, басқасын сұрамаймыз, егін егіп тамға қамалу қолымыздан келмейді.

Отырғандар ойланып қалды. Әсіресе, «арымызды таптап, ағымызды былғамасаңыздар еліңіз боламыз» дегеннің ар жағында тағы бір сөз айтылмай қалғандай сезілді. «Олай болмағанда Шың Шысаймен жауласып келген халық сендермен де жауласудан тайынбайды» деген күш жатыр ма, қалай?!» деген күмән әр көмекейде бүлкілдеп жатты.

Ендігі сөзді Сау Чиуын уәли алды:

– Жөн, жөн, Елісхан мырза көшпенді халықтардың әдетімен өз ойын бүкпесіз айтады екен. Мейлі, қазақтар егін салмаса салмай-ақ қойсын, мал бақсын. Бірақ қолдарыңыздағы қару-жарақтарыңызды бірден үкіметке тапсырып бересіздер.

– Біздің қолымыздағы құралды Шынжаңнан шыққанда Шың Шысайдан қорғану үшін пайдаланғамыз. Амал не, Шың Шысайдың қалың шерігі елдің күн көріс талшық қылып отырған малының көбін басып қалып, осында келгендердің бәрі жанының аман қалғанына ғана тәубе қылып отырғандар. Несін жасырайық, жерлеріңізге келгелі аңшы жігіттер құлан атып, көгенкөз балаларын бағып жүр. Олар құралынан айырылса жан баға алмай қалады. Егер үкімет тарапы әр түтінге қой үлестіріп берсе, онда мылтығын да тапсырар еді.

Елісханның бір сөзінен бір сөзінің салмақты екенін байқаған топ оның шынында да Шың Шысайды шулатып келген осал жау еместігін танығандай болды.

Сөзге бригада командирі Ма Буқаң араласты:

– Халықтың қолында қару ұстау жақсылықтың нышаны емес. Егерде сіз айтқандай аң аулауды күн көріс етіп отырған отбасылар болатын болса, әр он үйге бір мылтық жетер еді, – дегенді айтып, «дәл таптым ба» дегендей айналасына марсия қарады. Елісхан ендігі жерде салғыласа беруді жөн көрмеді. Ішінен: «сенікі-ақ жөн болсын, сенімен айтысып-тартысқанша балалар ұстап жүрген сынған, ескірген, жаман-жұтық құралдарды тапсырып алдай салмаймыз ба» дегенді ойлап:

– Ол пікіріңізге қарсы емеспін. Бірақ елге жайылымдық жер берілумен бірге мал мен жанды басқаруға өз адамдарымыз жауаптанса болды, – деді.

Екі жақтың адамдары салғыласа келе мынадай шешім шығарды:

Қазақтарға сырттай иелік етіп үкімет пен халықтың арасына дәнекер болу үшін «қазақтарды басқару мекемесі» құрылады. Оны әкімшіліктің өкілі Го Шунан мырза басқарады. Ал қазақтардың ішкі істерін басқаруға қазақтар өздері жауапты болады. Елісхан Иүйміннің Ұйырқын деген жеріндегі қазақтарға «бас мыңбасы», Адубан бас мыңбасыдан кейінгі қызмет атқарушы тәйжі, Камек бастатқан бірнеше кісі шаңиялық мәнсабына тағайындалады. Ұйырқынның айналасынан екі жүз километрге дейінгі жерді, оңтүстікте Ланшуе тауынан Чиңхайға дейінгі, солтүстікте Чыжиншияға дейінгі, батысы Чаңмаға тұтасып, шығысы Ланжу, Гаутайға жалғасқан өңірлерді қытайлар қоныстанған өңірлерден жүз шақырым аралық тастап мал бағуға бөліп береді.

Үкімет тарапы алғашқы қамқорлық негізінде келген халыққа торғын-торқа, кездеме, шай, бидай үлестірген болса да, Елісхан басқосудан көңілсіз қайтты. Осы орналастыру бойынша болғанда халықтың басы бірікпейді. Үкімет тізгінін ұстаушылар өздерінің басқару қолайлығы үшін әдейі әрбір сай-салаға, жықпыл-жықпылға бытыратып жіберіп, бір-бір таяқпен басқаруға оңтайлап отыр деп түйді.

Бұған көңілі толмай жүргенде ағайын арасының ұсақ күншілдігі тағы өршіді. Не сайтан түрткенін кім білсін, Адубайдың айналасындағылар оның қолтығына су бүркіп:

– Елісхан жол жағынан қарағанда сізге бала. Алғашқы көшті бастап келген сізсіз, сізге құрмет жасап ел басқартқанның орнына бәрін өзі баса билегісі келеді. Сіздің қарамағыңыздағы түтінмен мыңға толып отырғаны болмаса, оған билік қайда. Сіз ұлықтарға қайта барыңыз. Берсе мыңбасылығын дұрыстап берсін. Егер мыңбасылықты бергісі келмесе баяғыша үкірдайлыққа тағайындасын. Осы жүрген тасбике ғана емес, басқа руларға да бас алқа болып ақыл айтатын сізден басқа кіміміз бар? – деді. Адубай алғашында желп еткісі келмей:

– Елісхан кім, мен кімін. Кәдірбектен тараған бес ағайындының Қазанбайынан мен тусам, Жамысбайының Әлібінен Елісхан туып отыр. Балам десе балам, інім десе інім. Мен жасарып бара жатқан жоқпын. Ол болашағы бар жас қой. Оның ел басқарғанына қуанбасам жұбанбаймын, – деп басқаларды тыйып тастап еді.

Екі күннің бірінде үйіндегі бәйбішесі Шағила да күңкілдей берді:

– Басқаны білмеймін, қайнымның үкіметтің «шалыңынан» бізді қаққаны несі? Торғын-торқа, шай мен қантты оның айналасындағылар талап алыпты. Бұтыңда дамбалың жоқ, ауыңды «тырт-тырт» қасып тері шалбармен биттеп, құрттап сен жүрсің. Әке десе әкесі, аға десе ағасы саған бүгін бұлай қарағанда, ертең қанат-құйрығы жетілгенде не қылмайды, – дейді.

Бажасы Назарбай мен балдызы Қауан да кемпірді қостап:

– Өзің қартайдым дегеніңмен балаң Қами өсіп келеді емес пе. Қарыстан сүйем жақын деген. Елісхан бөтенің болмаса да, інінің жолы бір басқа. Бауыр

етіңнен жаралған балаңның жолы бір басқа ғой. Бүгін өзің ұстаған тізгін ертең Қамиға қалады. Ұлды ұяға қондырып, қанаттандырып қияға ұшыру әкенің парызы. Ол да ел қатарлы адам болсын, – дегенді айтты.

Адамның тіліне аспандағы бұлт азады. Ақыры Адубай бар-жоғын қоржынға толтырып, әкімнің есігін сығалады.

– Елісханды ел басқаруға қоямыз ба деп едік. Ағайын-туыс оны қош көрмей отыр. Өзі де оған аса құлықты емес сияқты. Қайта қолына ұры-қарақшы топтап алыстан мал қуып әкеле бастады. Әуелі Чиңхайдағы Ма Буфаңмен тіл біріктіріп жүр деген сөз бар. Сол үшін де бар мансапты оған бере салып, бір күні қапы қалмаңыздар. Ал біздікі қанша дегенмен пысқан бас қой...

Басқарушы ұлықтардың іздегені де осы еді. Қазақтардың бас біріктіріп, бірауызды болуынан қатты қорқатын олар алдарына келген ажалды аңды атпай қалай шыдап тұра алсын. Шоқты одан әрі көсеп, отты үрлей түсті.

Гансу өлкелік әкімдігі өздеріне бағынышты Жючуан аймағына бұйрық түсіріп, Адубайға үкірдайлық шен беріп, Елісханды тәйжілікке тағайындады. Иүйміннің әкімі Чың Хүймиң іштей марсиып: «Елісхан мырза, қасқайып тұрып қарсы сөз айтқанда алдына жан салмайтындай көрініп ең, әуселеңді енді бір байқайық» деген раймен жаңа тағайындауды халыққа өз аузымен жеткізді.

Шындығына келгенде, тәйжілік, үкірдайлық мансаптарды тағайындау Еженхан тұсында ғана атқарылған түзім еді. 1912 жылы хандық құрылым құлатылып, Жұңхуа Минго аталатын жаңа мемлекет орнағаннан кейін бұл басқару жүйесі тек қана ұрпақ жалғастығы жолымен ғана атадан балаға тапсырылып келген. Сол жаңа мемлекеттің қолшоқпарлары да мұны жақсы біледі. Алайда «май тілесен, міне, құйрық» дегендей, қазақтардың қалақтай мансап үшін ағайынның арын былғауға жүгіретін далбасалығын бірден байқап, «оңай олжалар» үлестіре бастағаны еді. Зайып бастаған басқа көштегілер де бұл мансаптан құралақан қалған жоқ. «Үкірдай, тәйжі, шаңия, залың» мансаптары қазақтардың қоржындарының тоқтығына қарай үлестіріліп жатты.

Сегіз ешкіге сексен теке қойған осы ойынға Елісханның күлкісі келсе де, қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына жылағысы да келді.

Адубай өзін «үкірдаймын» деп дөңгеленгенімен, Елісханға құрметпен қарайтын қол астындағылары қозғала қойған жоқ. «Бізге қытайдың берген атағы керек емес, ары таза азаматымыз керек» деп Елісхан жағына шықты.

Мұның бәрін Елісхан қысастықпен әдейі істеп отыр деп білген Адубай өз қарамағындағы түтіндерді бастап, Гансуден Чиңхай жеріне қарай көше жөнелді.

Олар жай көше жөнелген жоқ. Адубай ауылындағы бірнеше барымташы жігіт Елісхан ауылының ту сыртынан орап, моңғолдардың малын қуып кетті. Із шалған моңғолдар оны Елісханның ауылы алды деп арада қақтығыс ұлғая түсті. Ерегескен жау Елісхан ауылының малын бұлауға кірісті, сөйтіп, ендігі жерде елдің берекесі қашты.

Дәл осы кезде Шың Шысай Гансу өлкесіне хат жазып ондағы елді қайтарып беруді сұрапты. Қазақтар келгелі ел іші бұзыла бастады деп білген Гансудың билік басындағылар қазақтарға кері көшу жөнінде үгіт жүргізе бастады.

Атшыбай Елісханды шақырып алып:

– Қарағым, кәпір кәпірлігін істейді дегенім ақыры келді. Бұл жердің басшысының көбі қытайлар көрінеді. Бұлармен тәжікелескенше мұсылман дүңгендермен сөйлескеніміз жөн шығар, – деді. Өз ойының үстінен түскен бұл ақылды Елісхан да теріс көрмеді. Чиңхай әміршісі Ма Буфаңға елші жөнелтті.

Елшіні қуана қарсы алған Ма Буфаңда Елісханға хат жазып, Ма Жыңго деген әскер басын қоса жіберіпті.

Елісханның елді бастап шығысқа қарай тарта жөнелуінде де Гансу өлкесінің қомақты бөлігі мен Чиңхай өлкесін уысына ұстап отырған Ма Буфаң басқарған мұсылман жұртымен тіл біріктіріп, күш топтасам деген арманы болған еді.

Елісхан бастаған елбасылары алдына кіргенде кең шапанын көлбіреге алдынан шыққан Ма Буфаң құшағын айқара ашты.

– Ассалаумағалейкум уә рахметуллаһи уа баракатуһи, айналайын, бауырларым, мұсылман қандастарым, аман келдіңдер ме. Кәпірлерден тірі құтылдыңдар ма? Сендерді аман көрсетіп отырған Аллаға мың шүкірлік, – деп ағынан ақтарылды. Оның емен-жарқын сәлемдескен тәтті сөздеріне Елісханның да іші жылып, тартынбай сөйледі.

– Біздің қазақта «біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді» деген тәмсіл бар. Біз тойғанымыздан емес, тоңғанымыздан қалтырай қашып келе жатқан халықпыз. Тағы да қазақтарда «бұтаны паналаған торғай да аман қалады» деген сөз бар. Сіздей мұсылман әміршісін бұта емес, қанаты кең қара орманға балап келдік. Сіз аға болуға жарасаңыз, біз іні болуға жарар едік. Бәріміз дін Исламның жолындағы мұсылман халықтармыз. Бір-біріміздің жыртығымызды жамап, жартымызды бүтіндей білсек, Алла алдындағы аманатымыздың орындалары хақ. Сол үшін де жақсылығымызды асырып, жамандығымызды жасырады деп алдыңызға әдейі келіп отырмыз, – деп сөз бастады.

Ма Буфаң қалталы жаралған отты жанарын Елісханға сығырайта қадады. Осыдан бұрын да ол жайлы жақсы білетін еді. Тіпті бұлардың бет-жүзін көрмей-ақ Шың Шысай жіберген жеделхатты да тапсырып алғаны бар. Онда мынадай жолдар бар еді: «Құмыл-Баркөл өңірін шулатып, ата-бабасынан қарақшылықты кәсіп еткен Елісхан деген сұмпайы елді бұзып, Гансу-Чиңхай жаққа кетіп барады. Бір елге сыймаған адамның екінші елге сыятынына сенбеймін. Бір адамға опасыздық жасаған адам екінші адамға опалы болмайды. Біріміз Шынжаңды, біріміз Чиңхай-Гансуды қолымызда ұстағанымызбен, бағынышты еліміз біреу, Жаң Кайшы мырзаның құзырында қызмет етеміз. Сол үшін де үкімет әскерін қырып салып, өзге өлкеге қашып кеткен бұзақыларды тезірек жазалап, келген іздерімен қайтаруыңызды сұраймын».

Шың Шысайдың хаты осылай жазылғанмен, Ма Буфаң оған қуанбаса, ренжіген жоқ.

Баяғыда Кеңес Одағының қарулы күштерін көмекке шақырып алып, Ма Жұңның бастаған дүңген армиясын қынадай қырған Шың Шысайдың есіміне өздерінің жетідегі баласынан жетпістегі қариясына дейін әбден қанық болатын. Енді бір жағынан айбат, сес көрсеткендей етіп жазған хатының

астарында бейшаралық пен қорқыныш жатқанын сезді. «Шоқ, бәлем, өзіңе де сол керек еді, қайта қаныңды судай шашпаған екен» деп ойлаған.

Атағы бүкіл елді шарпып, есімі ерте қанық болған Елісханға Ма Буфаң ұзақ оймен қарап отырып осы хатты есіне алды. «Жап-жас жігіт екен ғой. Жүзінен де ондай бір қанқұйлылықтың нышаны аңғарылмайды. Әлде қазақ деген бұл халықтың беті жылмағай болғанымен, арамдығы астарында көмулі жата ма? Көздері құтырған қасқырдыкіндей қып-қызыл болып, қанға толып тұр екен. Бүгін бізге тұмсығын тығып кіріп алып, ертең қанымызды ішкісі келіп жүрмесе болды ғой», – деп ойлады. Жанарын жыпылықтата, қысқа кірпіктерін қағып-қағып алып:

– Елісхан батырдың атына әбден қанықпын. Шың Шысай деген зұлым қытай, ол мұсылман халықтарына жақсылық істеп көрген жоқ, – деді. Осы орайда Елісхан да өз көзқарасын білдіріп қалғысы келді:

– Мәселе оның кәпірлігінде емес, жауыздығында. Кәпірдің ішінде де мұсылманға бергісіз кәпір бар. Мұсылманның ішінде де кәпірге алғысыз мұсылман бар, – деп аз кідірді.

Бұл сөз Ма Буфаңның ішін қыж еткізді: «мына неменің тілі удай екен, өзі қытайшаны қалай жатық сөйлейді, ә?!» деп ойлады. Елісхан сөзін ары жалғады:

– Біз сізді мұсылман деп қана емес, Алла деген адал жүрекпен әділетті жақтаушы деп іздеп келіп отырмыз. Мүмкін болса қосынымызды сайлап, жасақ топтап жаумен қайта соғысуымызға көмек көрсетсеңіз екен. Тозып кеткен халқымызды қанатыңыздың астына алып, қайырымдылық жасасаңыз екен.

Ма Буфаң бұл ұсынысты жек көрмесе де, мұсылмандығына бола бұған бірден жасақ сайлап беруді қаламайды. Күндердің бірінде жаралы жыртқыштай артына қарай қайырыла тап берсе, не болмақ. Сондықтан шыжымдап қана аралық тастап, алыстатпай да, жақындатпай да ұстағанымыз жөн деп ойлады.

– Әрине, – деді Ма Буфаң қоңырқай жүзіне күлкі шақырып, – орынды талап, бірақ Елісхан мырза, білесіз бе? Армияңыз болу үшін кем дегенде әскери жаттығудан өткен үш-төрт жүз сайлауыт жауынгеріңіз болу керек. Қазірше жасақ саныңыз толмайды.

Айтарын айтса да, Елісханның қызыл шырайлы өңіне, өзіне тесіле қадалған отты жанарына қаймыға қарап, «бұларды бірден құр қол қайтарсам өзіме сенімі кетер» деп түйді.

– Елісхан мырза, ең жақсысы, көшіп келе жатқан еліңіздің бас-аяғын түгендеңіз. Сізді осы елге басшылыққа тағайындайын, – деп тоқтады.

Ол енді «мансапқа қалай қарайсың» дегендей Елісханның жүзінен қуаныш сәтін күтті. Алайда, Елісхан қуанған жоқ, ауыр күрсінді. Тұңғиығы терең ойлы жанарын айналасындағы ағайындарына аударды. Отырған орнынан қозғалақтап кеткен Күркебай:

– Ойбай-ау, Елісхан, мырза ұлыққа рахметіңізді айтыңыз. Сіз ел басқарсаңыз, халықтың қамы деп жұмыс істейсіз. Қазақтардың ғана емес,

мұсылман дүниесіне қормал болған Ма төраға аман болса көзіміздің ашылатынына шүбә жоқ, – деп қолын қусырып, иіле берді.

Ма Буфаң енді аңғарды. Елісхан бәріне сабырмен қарайды. Оған мансап-мәртебе, атақтың әсер ете қоюы екіталай. Ал қасындағылар қалақтай мансап десе қалбақ қағып ұшады. Биліктің бір пұшпағын ұстатсаң болды, өзіңе құл болуға, басқаны құл көруге дайын тұрады екен. Ол болмашы езу тартты. Мұнысы қарсысындағы қазақтардың осалдығын бірден байқаған құпия қуанышы еді. Сол жымыиысын бұларға мейірімді күлкі ретінде көрсеткісі келіп:

– Жалғыз Елісхан мырза ғана емес, бұл кісінің қол астында жұмыс атқаратын кісілерді де мансаптан құралақан қоймаспыз, – деп қормалсыды.

Енді қалай болар екен деп отырғандарға жағалата қараған оған Елісханнан басқасының жүздері жылына қалғандай көрінді.

Ма Буфаң келгендерге арнайы қонақасы бұйыртқан екен. Елісхандар дастарқанға енді отыра бергенде, қайдан келгені белгісіз, Құмыл аймағының бұрынғы уәлиі Жолбарысбек кірді.

Әсілінде, Ма Жұңиың заманынан тартып дүңгендермен әмпей-жәмпей болған Жолбарысбек бір мезет Құмылды өз уысында ұстаған еді. Жолбарысбектің Құмыл өңіріндегі бет-беделінің күн сайын артып, күшейе түсуінен қатты алаңдаған Шың Шысай оны өз құшағына тарту мақсатында Бұрхан Шаһиди, Яри қари сияқты лауазымды тұлғаларды сый-сияпатпен жіберіп, оған Құмылдың әкімдігі мен әскери істерін басқаруды қатарынан тапсырған болатын. Дегенмен де, мұның астарында Шың Шысайдың оны уақытша алдарқата тұру саясаты жатқан еді. Кейін келе Шың Шысай Құмыл шекарасын бекемдеу желеуімен екі полк әскер жіберіп, Жолбарысбекті тізгіндеуге кіріседі. Тіпті орайы келсе, оның көзін құртуды да қарастыра бастайды.

Мұны сезген Жолбарысбек дүңгендермен болған ескі тамырлығын медеу көріп Құмылды тастай салып Чиңхайға қарай қашты. Ма Буфаңмен дос болып, оның таныстыруымен Нанжиң үкіметін паналап, Жаң Кайшы мырзаның назарына ілікті. Бұл кезде Жаң Кайшы мырза Шынжаң жағдайына, әсіресе, күн сайын күшейіп бара жатқан Шың Шысайдың дара билігіне алаңдай бастаған еді. Сондықтан да үлкен жағынан мемлекеттің ішкі тыныштығын сақтағысы келгенімен, екінші жағынан, Шың Шысайға қарсы топтардан өзіне қолғанат боларлық ықпалды адамдарға да зәру болатын. Сол үшін де ол Жолбарысбекті бірден гоминдаң әскери істер комитетінің ақылшы генералдарының бірі етіп тағайындады. Оны Шынжаңдағы тұрғылықты халықтың көпшілігін құрайтын ұйғыр ұлтының белді өкілі ретінде қарап, қалайда қажетіме жарайды деп сенді.

Әрі жаңа қызметке отырғыза салып Шынжаңдағы ұйғырлар мен қазақтардың ушыққан мәселелеріне барлау жүргізіп, олардың нақтылы жағдайын иелеп қайту тапсырмасымен Гансу өлкесіне жұмсады. Бұл ұсынысты қуана қабылдаған Жолбарысбектің де көкейінде күшіктеп жатқан талай ойлары бар еді. Мүбәда Шың Шысайды Шынжаң билігінен кетіріп, мұсылман халықтары ырықты орынға шығар болса, өлке тізгінін ұстауға жарамды бірден-бір адам өзіммін деп ойлайтын. Осы тұрғыдан Шың

Шысайдың биліктен кетуіне тілектес болып қана қалмастан өзінің ұйғырларын ғана емес, дүнген мен қазақты да қолыма қондырсам деген ішкі есебі де жоқ емес.

Гансудың Жючуанына келген Жолбарысбекті Ма Буфаңның өтініші бойынша, қосын бастығы Ма Буқаң арнайы шақыра барғанда, ол өтініштерін екі етпей, тізгін ұшында жетті. Дастарқан үстінде де емін-еркін көсіле сөйледі:

– Мен мұсылман қарулы күштерінің қауқарын білейін деп келіп едім. Аллаға шүкір, Ма Буфаң мырзаның қуатты қосынын көріп марқайып отырмын. Оған, міне, Елісхан батыр бастаған қазақ бауырларымыз қосылып жатыр екен. Мынау батыстарыңызда Шығыс Түркістанның ежелгі астанасы Қашқарды орталық еткен қалың ұйғыр халқы жатыр. Демек, дүнген, қазақ, ұйғыр – үш ұлтты тірек еткен мұсылман түркілерінің қосынын құрып, бізді құлдықта ұстағысы келген Шың Шысай секілді зұлымдармен алысуға күш-қайратымыз әбден жетеді деген сөз. Шың Шысай сыртқа күпиіп көрінгенімен іс жүзінде, шірік томарға айналды. Түбін қазып, бір тепсең-ақ құлап қалады. Көріністе ел иесі сипатымен айбарлы көрінгенімен өзгенің жерін отарлап отырғандықтан ондайлар тамырсыз қаңбақ сияқты. Шынжаң деген атаудың өзі оларша жаңа өлке деген сөз ғой. Жердің ежелгі иесі түркі мұсылмандары болғандықтан, өз жерімізге өзіміз иелік етуіміз ата-бабамыздың арман-мұратын орындағандық болмай ма. Біз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғанда ғана кәпірлерді жеңе аламыз. Осы тұрғыдан алғанда, ең әуелі мұсылман бауырластарын бауырына тартып, мейір-шапағат көрсетіп отырған Ма Буфаң мырзаға көп рахмет. Сіз мұсылман інілеріңізді сыйласаңыз, Алла сізді сыйласын. Бәріміз бір Алланың құлымыз, бір Пайғамбардың үмбетіміз. Егер Ма Буфаң мырза атты әскерлер қосынын топтап кәпірлерге қарсы соғыс ашатын болса, бүкіл мұсылман халқы қолдайды. Гансу, Чиңхай, Шынжаң – үш өлкені иелеп алу оп-оңай болар еді. Күндердің күнінде Дихуаға жорыққа шығатын болсақ, бүкіл елді бастап, кеудемді оққа ұстауға мен де дайынмын. Алда-жалда Шынжаң билігінің бір шетіне ілініп жатсам, Шың Шысайдан тепершік көріп, босқындық күй кешіп жүрген қазақ бауырларымды ең алдымен өз мекендеріне орналастырып, алаңсыз өмір сүруіне жағдай жасар едім. Сол үшін де істеген ісімізге Алла сәтін берсін. Бәріміз бір мұсылман үшін, дін Ислам үшін күресейік!

Асқа отырған халайық күбірлесе толқып кетті. Бірталайы: «иншАллаһ» деп шүкіршілік білдірсе, енді бір тобы «Аллаһуакпар» деп зікір салып күніренді. Тағы бірнешеуі «әмин» деп бет сипасып жатыр. Ма Буфаң болса Жолбарысбектің Елісхандардың үстіне үлгеріп келгеніне ерекше қуанды.

Топты адам аттанарда сыртқа шығып, арнайы суретке түсіп естелік қалдырды.

Бұл 1938 жылдың 22 желтоқсаны еді.

Осы өлкеге бірінен кейін бірі келіп жатқан қалың елге бұл хабар тез тарады. Әр төбенің басында тұмақтары шошаңдап сирек көзге түсетін осы бір көшпелі қауымның ауызша агентіне сөз берсең, оған ешбір техниканың күші жетпейді. Жаңадан көшіп келіп, жұртын күреп, керегесін жайып үлгермеген ел

адамдарын оңашалаған Күркебай Елісхан жайындағы әңгімені әрлендіре жеткізіп:

– Сіздер білесіздер ме, жоқ па, білмеймін. Елісхан Ма Буфаңға көп алтын-күміс, қымбат бағалы аң терілерін тарту етіп, үлкен мансапқа ие болды. Оның ойы тасбикеге ғана билік жүргізу емес, осы келе жатқан қазақтың бәрін қол астыма жинап бер деп жатыр, – дегенді сыбырлап үлгерді. Өсек десе өрттей қаулата жөнелетін әлгі агенттің жел ауыз ақпаршысының бірі:

– Елісханның бізді мұнда алдап-арбап көшіріп әкелгендегі ойы сол болса жетіскен екенбіз. Керек десеңдер сол Елісханға тасбикенің өзі толық бағынайын деп тұрған жоқ. Алдымен ана Адубай ағасын айтқанына көндіріп алсын. Кімнің кім екенін әлі көрерміз, – деп үзеңгілерін шіреністі.

Ендігі жерде бәрі де жапырыла келіп Ма Буфаңға сәлем беріп жатты. Абай Баркөлге алғаш келгенде оған қалай бас ұрғандықтарын, кейін одан құтыла алмай жанын аузына тістеп қашқанын ұмытып қалған бұл топ сонысын қайталады. Ақтарылмаған теңдер мен ашылмаған сандық-кебежелердің түбіндегі барын қойындарына жасырып, Ма Буфаңнан мансап дәметті.

Біреуіне «үкірдай», біреуіне «тәйжі» деген мансап берсең болды, екі етегі далақтап еліне қарай шаба жөнеледі. Сол аты бар, заты жоқ қуыршақ биліктің құдіретімен өз қарамағындағы қандастарынан азын-аулақ мал жинап алады. Сосын төрінің алдына шалқая жантайып:

– Шың Шысай бермегенді Ма Буфаңнан көрдік. Қанша дегенмен мұсылман ғой, – деп шіренеді.

Алыстан арып-аршып, қансоқта болып әзер жеткен көш осылайша әркім өзі қолайлы деген жерін таңдап қонып жатыр. Қазірше олардың басын қосу қиын сияқты. Баркөлде жүргенде тентектер қанша шашау шықса да астаудай таудың қойны-қонышынан ұзап кете алмайтын. Мұнда келіп өздерін еркін сезіне бастаған елдің бір-біріне бағынатын түрі жоқ. Жергілікті халықпен де санасқысы келмейді. Қай жер иен, түңкелі көрінсе, керегесін сонда апарып жаяды. Алды Чиңхайдың ортан беліне дейін жетсе, арты Гансудың ұлтанды бөлігін басып жатыр.

Осыларды ойлаған Елісхан мұңнан арыла алмаған жүдеу кескінін даланың самалына тосып аз тұрды да, үйіне қайта кірді. Бірі құман ұстап, бірі төр алдына аю терісін жайып, құрақ ұшқан қос жұбайы бұның көңілін таппаққа бәйек болып жүр.

* * *

Қазақтардың бір жерге жиналмай, тұс-тұсқа бытырай жөнелгеніне көріністе күйінгендей көрінген Ма Буфаң іштей қатты қуанды. Әсіресе Елісханның ана жолы «жасақ топтап берсеңіз» деген сөзі ішін түйнеп жүретін еді. «Ол жасақты топтап алып Шың Шысаймен соғысты дейік, оны жеңсе Ма Буфаңға не пайда бар. Қайта көршілес өлкені тыныштандыру үшін Жаң Кайшы мырза бәрібір өзін жұмсауы әбден мүмкін. Мүбәда жеңіліп қалса ше. Жеңіліп қалса қайта келіп мұның қолтығына тығылады. Жай ғана тығыла салмайды. Мұсылман бола тұра маған көмек көрсетпедің, сол себепті жеңіліп қалдым деп ызалана,

долдана келеді. Тіпті жауығады. Сөйтіп, өзі жасақтап берген қосын өзіне қастық сайлайды».

Қазақтардың бытырай қоныстануын олардың күшінің әлсірегені деп білді. Ендігі мәселе олардың астындағы атын, қолындағы қаруын алу екенін де тез аңғарды. Ма Буфаң аттандырған шабармандар ең әуелі тұс-тұсқа шауып, елдің санақ тізімін алды. Қай жерде қанша түтін отыр, олар кімдер, кімде қанша мал, қанша жан бар, қаншасында қару бар – осының бәрін қағазға түсірді.

Дәл осы кезде бір-біріне жау болып келген Гоминдаң аталатын қара қытай мен компартия туын көтерген қызыл қытайлар ымыраға келіп, Жапонға бірлікте қарсы тұру науқанын көтерген еді. Бұл үндеу Ма Буфаңның қазақтардың қол-аяғын қырқуына жақсы орай жаратты. «Қазір Жапон басқыншыларына қарсы соғыс кезеңі, әскери ат төтенше қажет, сондықтан үкімет қазақ аттарын жоғары бағада сатып алады» деген желеумен қазақ ауылдарының мініс аттарын қидай сыпырды.

Ол елдің қолындағы атын алу арқылы бір оқпен екі қоян атты. Атап айтқанда, «Шынжаңдағы мұсылман халықтарды азғырып, көп жұртты өзіне көшіріп алды» деген жаладан аулақ болу үшін өзінен жоғары ұлықтарға «қашқын қазақтарды жазалау үшін атын сыпырып алып, олардың бұлап-талауының, жалғасты дүрбелең тудыруының алдын алдым» деген мәлімет берді. Осы арқылы, бір жағынан, Жаң Кайшы тобындағыларға жақса, екінші жағынан, қазақтарды: «Сендерден алынған аттардың басым көпшілігі Жапонға қарсы соғысқа көмекке жіберілсе, бір бөлімі мұсылман қарулы күштерін топтап кәпірлерден қорғануымыз үшін пайдаланылады» деп алдаусыратты. Анығында, осы аттар арқылы өз жасағын барынша бекемдеп, ішкі-сыртқы жаулардан сақтануға сақадай сай тұрды.

Ма Буфаң қазақтарды одан ары тізгіндеп ұстау үшін көштің қомақты бөлігін өзі белгілеген аймақтарға доғарып, Сайдамның батыс бөлігінде жарым аудандық билік жүйесіндегі «Ұйырхын қазақтарды басқару мекемесін» құрып, оған Ма Чиянлу деген дүңгенді бастық етіп тағайындады. Ол Тэйжінұр, Хылогу, Зұңжа, Балұң өңіріндегі қазақтарға билік жүргізді. Сайдамның шығыс бөлігінде «Сака қазақтарды басқару мекемесін» құрып, оған Ма Жүңшияу деген дүңгенді жауаптандырды. Әр екі өңірдегі қазақтар өз жерінде ғана мал бағып, өзі бағынышты орынға ғана алман-салық тапсыратын болды.

Бірінші қол билікті ұстаған дүңген атқа мінерлері Күркебай секілділерді орынбасарлыққа алды. Әрі алман-салық жинауға қазақтардың өзін жұмсап отырды. Жарым аудан есебіндегі осы екі басқару мекемесінен жинап алынған бір мың бір жүз сәйгүлікке разы болмаған атқа мінерлер алман-салық үшін деп елдің қолында бар ілікке жарайтын нәрселерінің бәріне көз сатып, оларды қанқақсататын болды.

Шың Шысайдың апанынан қашып келіп, Ма Буфаңның қақпанына түскен қазақтар бір мезет есін жия алмай есеңгіреп қалды. Дала тағыларының әдетімен бастабында бірін-бірі жатырқай, жаулықпен үрпиіскен көршілес моңғол, таңғыттармен де тіл табысып, бір-біріне жанашырлық білдіре бастап еді, онысы да ұзаққа бармады. Қол астындағы ұлттар мен ұлыстардың бір

ауыздылығынан өлердей қорқатын баянсыз биліктің басындағылар қара бастарының қамы үшін халықты ойыншық қылғысы келді.

Ма Буфаң қазақ жағына келіп:

– Бұл араның негізгі иесі – кәпірлер емес, мұсылмандар. Сондықтан олардың алдарында мүсәпірсіп, мүләйімсімендер. Кәпірлердің алдында мүсәпірсіп тұрсандар Алла да сендерді жек көреді. Бәріміз бір Алланың құлымыз, бір ғана Мұхаммед пайғамбардың үмбетіміз. Біз Аллаға ғана бас иеміз. Мынау байтақ мұсылман даласының жемісі сендерге ғана тән! – деді.

Ал моңғолдар мен таңғыттарға барып:

– Осы жерде ата-бабаларыңның басы жатыр. Кіндік кесіп, кір жуған атамекендеріңде отырып кімнен қорқасындар. Қазақтар қанша мықтымыз деп шіренгенімен, бәрібір қашып келген босқын ел. Ал біз бәріміз бір бұлақтың суын ішіп, бір таудың бауырында, төсекте басымыз, төскейде малымыз бірге болған етене бауырлармыз. Өз жерлеріңді, өрістеріңді қорғауға өздерің жауапты болыңдар. Біз бәріне араласа бермейміз. Ал мүдделеріңді қорғау негізінде олардың малын қусаңдар, адамын таяққа жықсаңдар, сендердің жақтарыңда болатынымыз естеріңде болсын! – дегенді құлақтарына құйды.

Сөйтіп, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылып, бірін-бірі аңдитын қанды барымта басталды.

Бұл аз болғандай, сонау артта қалған алыс аймақтардан, Алтай мен Баркөлден сұмдық хабарлар келе бастады.

– Шың Шысай өткен жылы Алтайдан Төлеуғазы, Шабдан, Сәлім, Қамбар, Найманғазы деген ерлерді ұстаған екен.

– Қамбар мен Шабдан арғы беттің қаратайы Әбдікәрім болыстың ұлдары емес пе! Шың залым алтынның сынығы мен асылдың қиықтарын да құртып жатыр десеңші...

– Ол былтырғы ұстағандары ғой. Биыл да арт-артынан ұстап жатыр дейді. Мәңкейден жігіт өтуші ме еді. Баяғыда Алтай аймақтық уәли мекемесінің бас хатшысы болып тұрған кезінде Баркөлге келіп, тасбикенің асын шыпшырғасын шығармай басқарып берді емес пе. Алтай аймағының дутыңы Шәріпхан Шың Шысайдың пәрменін жеткізесің деп арнайы жіберсе де сабазың сыр білдірмеді ғой. Арғы атасы Көкен Алтайдағы қасиетті төрт орынның бірі еді. Шың Шысай олардың да түбіне жеткен екен ғой.

– Жалғыз ғана Мәмидің Мәңкейі емес, Қалел Бітімшіұлы бастаған талай адамды ұстаған көрінеді.

– Шың Шысай жақында ғана «моңғол, қазақ, қырғыз құрылтайын» ашамыз деген желеумен Шынжаңның жер-жерінен үш ұлттың сорпа бетіне шығарларынан үш жүзге жақын адамды шақырып алыпты. Қазірше бірде-біреуі қайтпаған көрінеді.

– Шың зұлым Дихуаға барғандарды қашан қайтарушы еді. Баркөлден ұстап кеткен он сегіз адамнан да ешкім қайтқан жоқ, бәрінің түбіне жетті.

– Құрылтайға шақырылғандардың ішінде Шәріпхан, Әлен, Бұхат, Мұқаш бар дейді. Баяғыда Елісхан Шәріпханға: «Шың Шысай жауызға сенбеңдер. Қазір алақандай мансаппен шырғаға тартып отырғанымен ертең қолыңдағы

қаруыңды алып, бағындырып алған соң өздеріңе ауыз салады. Тұқымыңды тұздай құртады» деп еді. Айтқаны дәл келген екен ғой.

– Пәленің бәрін Елісханға жауып, бастарың ауырып, балтырларың сыздаса соны сөгуші едіңдер. Құмалақтарың құйрықтарыңа батқан соң тәубеге келе қалыпсыңдар ғой. Көшпей қалған болсаңдар Шың Шысай ендігі талайыңның ақ түбіңе жететін еді. Талайыңның басың оның қанжығасында кетер еді. Шіркін, Елісхан соның бәрін күні бұрын білген екен ғой. Қайран елі үшін жаралған сол ердің қадірін білмедік-ау.

– Оның рас. Білмедік, білгіміз де келмеді. Қолдағы алтынымызды аялай алмадық. Мұнда келгеннен кейін де басымызды біріктірмекші болып көп жүгіріп еді. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей, жан-жаққа тартып бағынбадық қой. Өзіміз де оңбаймыз. Соның алғашқы сыбағасын татып, Ма Буфаңға мазақ бола бастаған бейшара халіміз мынау.

– Біз таудың бергі бетін көрсек, ол арғы бетін де көре алатын сұңғыла жаралған жан ғой. Оның айтқанының келмегені бар ма. Алла берген бір қасиеті бар шығар. Мынау алмағайып заманда бағы жанбай жүргені болмаса ана мен-менсіген боқмұрын Шың Шысай мен мына жаман дүңгеннен он есе артық. Қазақтың көсемі етіп ел басқартса бәлем, шып-шырғасын шығармас еді.

Осыны айтқан қазақтар енді-енді есін жиямыз ба дегенде әуелі астындағы атын, онан соң қолындағы құралын алған Ма Буфаң тағы бір сұмдықты ойлап тауып, олардың балаларына ауыз салды. Қазақтың сегіз жастан жоғарғы ер баласын оқыту деген атпен Шиниңге жинады. Ма Жыңго деген жасақ бастығы отыз шерігін ертіп алып үй-үйді тіміскіледі.

– Үш түтінге бір бала міндет. Қайдан тапсаңдар одан табыңдар. Балалардың кішкентайлары оқу оқиды. Ересектері әскери өнер үйренеді. Бұл біз үшін емес, өздерің үшін керек, – деп жар салды. Кейбір бала бергісі келмеген бай ауылдар кедейлердің баласын малға айырбастап алып, өз баласының орнына жіберіп жатты.

Бір жолы Қамет деген жігіттің жеті жастағы баласын сүйрелей жөнелді. Әйелі бала көтере алмай жүріп, мойнына бұршақ салып отырып Алладан тілеп алған жалғыз ұлы еді.

– Баламыз жетіде ғана. Тым құрыса, сегізге толған жоқ.

– Үкіметтің жарлығы солай. Жетісі не, сегізі не, екеуінің ара парқы небәрібір ғана жас. Биыл жетіде болса, келесі жылы сегізге шығады.

– Оқытамыз деп алып кеткен алдыңғы балаларды жырғатып жатқандарың белгілі. Қабырғасы қайыспаған шикіөкпелерді жұмысқа салып отырсыңдар. Сендерге қалай сенеміз.

– Сену-сенбеу өз еркінде, біз аламыз дедік пе, аламыз.

– Баламды алғанша мені алыңдар.

– Сені алатын күн де қашпайды.

– Баламды тастап кетіңдер, – шеріктердің тізгініне оралған Қаметті әскербасы қамшымен тартып-тартып жіберді. Құлақ шекесінен қан бұрқ ете түсті. Сонда да әскербасының тізгінінен айырылмай сілкілесіп жүр. Баланың шешесі зар илеп қарғана бастады.

– Жалғызымды менен айырғанда не марқадам табасыңдар. Құлынымды айырмандар менен, одан да мені өлтіріңдер, жауыздар! Жүрген жеріне жуа бітпегір сұмдар, өлтіріңдер мені!

Күйеуі мен баласына араша түспекші болып шырылдай жүгірген әйелді әлде бір шерік атымен омыраулата соғып, ұшырып түсірді. Қаметті ортаға алған екі шерік оны қамшының астына алды. Басын қорғалай бұғынған жігіт кенет жолбарысша атылып, ат үстіндегі бір шерікті жұлып алды. Астына басып алқымын езіп жіберді. Енді бүкіл жасақ бұған үймеледі. Сыртынан келген біреуі мылтықтың дүмімен ұрып екпетінен түсірді. Тигені Қаметті, тимегені қара жерді төпештеп жатыр.

– Әке, әке, – деп жеті жасар ұлы шыр-шыр етеді. Әкесі мен шешесін қып-қызыл қанға бөктірген шеріктер баланы өңгеріп кете барды.

– Әке, әк-е, шеше, ше-ше! – бала сілесі қатқанша зар илеп бара жатты.

Ауыл сыртындағы малын қайырмақтаған Елісхан ақбас інгеннің басын жерге салмай көзі жасаурап, арлы-бері сенделіп жүргеніне қайран қалды. Баяғыда ботасы Дөңбастауда оққа ұшқаннан бері боталамаған еді. Көптен бері сәп салмаған ба, отырған баладай тіп-тік тұратын өркештері жапырайып, жабағылары жалп-жалп етеді. Биік төбеге шығып алып, бетін терістікке беріп боздап-боздап қояды. Сосын басын сілкілеп, бұта-бүргенді түйгіштеді.

Елісхан оның аурудан ада екенін тез аңғарды. «Жер аңсап жүр екен, қайран жануар-ай, сен де қартайып өлер шағыңа таяған екенсің-ау, енді мынау жат мекенде қалам ба деген ішкі қамырығыңды қалай шығарарыңды білмей, өзегің өртеніп жатыр екен-ау, қайтейін жануарым» деп көңілі босады. Оның дөң басына шығып алып сай-сүйекті сырқыратып боздаған зарлы үні қай-қайдағыны есіне түсіріп, көз алдына анасын әкелді.

Соңғы рет ауылдан аттанып бара жатқанда жанына шақырып алып, маңдайынан иіскеп:

– Қарағым, қайда жүрсең де жолың болсын, – деп көзі жасаураған күйі қала беріп еді. Сол анасының қанға шыланған денесін өз қолымен көмсе де өлгеніне сенгісі келмейді. Жотаның үстінде ақ шылауышы желбіреп:

– Ботам, ботам, – деп боздап тұрған сияқты.

Шіркін, ана көңіл! Теңізден терең, таудан асқақ, аспаннан биік ананың мейіріне не жетсін!

– Ботам, бо-та-м, – боз інгеннің үні сол анасын еске салады. Мекенін, алыста қалған ботасын сағынған жануардың тостағандай көздеріне толған шаралы жас төгілуге айналып мөлт-мөлт етеді.

Осы кезде Елісхан өз ауылына келіп түсіп жатқан бірнеше адамды көрді. Бордай үгітілген көңілін сергітпекке атына қатты-қатты қамшы басып желе жөнелді.

Ауылға келгендер екі ер, бір әйел – үш адам екен. Аман-сәлемнен кейін Қамет сөзді бірден бастады:

– Мұсылман деп дүңгенге паналап едік. Мұсылманыңыз кәпірден қиын болды. Шың Шысай қанша жау болса да баламызға тиіспеп еді. Дүңгендердің қорлығы әбден өтті. Астымыздағы атымызды алды, қолымыздағы

құралымызды алды, бауырымыздағы баламызды алды, аянатын ештеңеміз қалған жоқ!

Бағанадан бері көз жасын жаулығының ұшымен сүртіп, үнсіз егіліп отырған жүдеу жүзді жас әйел дауыс салып жылай бастады:

– Құлыным-ай, енді қайттім. Жалғызым еді. Баламнан тірі айырылғанымша өлгенім артық еді, енді қайттім, Құдай-ау, Құдай! Бір көмегін жасап дүңгендерден баламызды алып беріңізші. Тым құрыса, сегізге де толған жоқ қой.

Әйелдің көзінен бұршақтаған тамшылар тотыға күреңіткен бет терілерін айғыздай, омырауына тырс-тырс тамады. Жаулығының астынан бобырай шыққан шаштарын етсіз, тарамыстанған саусақтарымен артына қайырып, күстене жарылған жұдырығының сыртымен домбыққан көз жиегін дамылсыз сүрткіштейді. Жанарының жасы сонда да тиылар емес.

– Құлыным-ау, қайран құлыным-ай...

Қаметтің қасындағы інісі Қаудан көздерінен от шашырап Елісханның мұңлы, жүдеу кескініне қадала қарады:

– Аға, аянатын ештеңеміз қалған жоқ, алдымызда жалғыз ғана жол тұр. Ол – не өлу, не өлтіру. Ел иесі деп алдыңыздан өтейік деп келіп отырмыз.

Зар мен налаға қабырғасы қайысса да, Елісхан еш сыр білдірмегенсіп сабырмен сөйледі:

– Әлінен асып барады екен. Бізді сұраушысы жоқ, сүйеушісі жоқ дей ме! Анау «қазақтарды басқарады» деген мекемелері не бітіріп отыр екен. Сөйлесейік, сабыр сақтаңыздар. Бір жөні болар.

– Бір жөні болады дейсіз, сол жөнін күтіп отырғанда балам өліп қалса қайтемін?! Құлыным-ай, алақанға салып отырған ақ үрпік балапаным-ай. Не күйде екенсің? Әйел тағы жылады. Қамет зекіп тастады.

– Жетер, жетер, зарлай бермей сөзді тыңдасаңшы!

Әйел сонда да жылауын қоймай, танауын қорсылдата тартып, көз жасын көл қылып отыр. Елісханның сабырлы жүзі күреңітіп, дауысы қатты-қатты шықты.

– Сөйлескенде басқасымен емес, Ма Буфаңның өзімен сөйлесемін. Тап қазір-ақ атқа қонамын. Көшкен елдің бұқасын еру елдің тайыншасы қорқытады деп отырған шығар. Алдымен алдынан өтейік. Қазір шауып барып басын кесіп алайық дейтін ол да онай жау емес. Аз адамның мүддесі үшін көп адам күйзеліске ұшырамасын деп тісімізді-тісімізге басып әзер отырмыз. Қазірше бәрін Аллаға тапсырып, соңын күтейік!

Әйел сонда да жылап отыр.

– Қарғам-ай, қандай күйде екен деші...

Елісханның көз алдына сонау жылдардағы қанды қырғын келді. Қасірет-қайғы дегеннің өлгендер үшін емес, өлгендердің артындағы тірі қалғандар үшін екенін сонда білген. Күнде томпаң қағып алдынан шығатын сүйікті балалары, аяулы інілері қанға шыланып жатыр. Жүрегінді әлдекім суырып алып, сүп-суық балшыққа илеп жатқан секілді. Езілесің, егілесің. Бірақ тағдырдың басқа салғанына көну керек. Өлгендер қайтып келмейді. Дүниенің

тозағы, жаныңды жегідей жеп өртке орап, шокқа күйдіріп өтетіні тірідей айырылу, көз алдыңдағы көбелегің, ақ үрпік балапаның қырғидың тырнағына ілініп шырылдап бара жатса, сен оған арашашы бола алмасаң, бұдан өткен қорлық бола ма.

Түсінен жиі кіретін аяулы інісі Сетерхан аралдың ортасында «ағалап» жүрген сияқты. Әттең, соларға жоқшы бола алдым ба. Мына бейбақ ананың көз жасын құрғатуға дәрменім жетер ме екен. Көз алды тұманданып, беймаза ашу жанын жай таптырмаған Елісхан жылдам қозғалып, орнынан тұрды. Сырттағы жігіттерге:

– Аттарды дайындандар! – деп әмір етті.

Жұрт оның не істемекші болғанын аңғармай, әңкі-тәңкі күйде тұрғанда атына мініп:

– Ма Жыңго қайда? Солай бастандар! – деп саңқ етті.

Елісхан бұл өңірге көшіп келгелі елдің тентектеріне арнайы жарлық түсіріп:

– Кімде-кімнің көршілес рулар мен ұлыстардың малын бұлап-талауына, кісісін ұрып-соғуына жол берілмейді! – деген қатаң тәртіп жариялаған болатын. Осы жарлықты біле ме, әлде ел азаматтарының қол көтермейтінін қорқақтыққа жорыды ма, Ма Жыңго бастаған әскерилер елдің басына әңгір-таяқ ойнатып ойына келгенін істеді.

Олар Елісхан бастаған топты көргенде онша именіп кетпеді. Атының кеудесімен Елісханды соқтыра келіп тоқтаған Ма Жыңго:

– Елісхан мырза, жайшылық па? Мына қарашаларың үкіметке тапсыратын мал мен баланы дұрыс тапсырмай әбден шаршатып бітірді, – деді айқұлақтана.

– Өз еркімен белгіленген аттарды жинап жүрсің бе, әлде берсе қолынан, бермесе жолынан деп атына қоса баласын жинап, бермегенін тартып алып жүрсіндер ме?

– Мен бұйрықты атқарушы ғанамын.

– Бұйрық солай екен деп халықты сонша қанқақсатқаның қалай? Бұйрық берген адамың кім? Ол бұйрығың Құдайдың бұйрығы емес шығар.

– Ма төрағаның бұйрығы! Ма Буфаң төраға бізге әскер үшін ат, бала жина деген.

– Тартып ал демеген шығар.

– Тартып аламын ба, қолынан аламын ба, ол – менің жұмысым. Елісхан мырза, албаты іске араласпағаныңыз жөн болар еді!

– Сені сол Ма Буфаңмен бет көрістіріп отырып сөйлессек қайтеді. Кімнің кім екені, кімнің не айтқаны сонда белгілі болады.

– Мен сенің бұйрығың бойынша жүреді деп ойлайсың ба, тұр былай, жолымды бөге ме!

– Мен сенің жолыңды бөгеген жоқпын, сен менің халқымды қан жылатып ойыңа келгенін істеп жүрсің!

– Тарт тіліңді, қашқын қазақ, қазір-ақ атып тастаймын!

Елісханның өңі күп-күрең болып құлақ шекесіне дейін қызарып кетті. Көздеріне қан толды. Салбырата ұстаған қамшысы оқ жыландай көтеріліп Ма Жыңгоның жонына сарт-сұрт ете түсті. Сол-ақ екен, анау ыңыранған күйі

атының бауырына аунап түсті. Оның жанындағы қорғаушы шерігі мылтығын оқтай беріп еді, ол да бастығының күйін кешті. Елісханның дырау қамшысы оны да мұрттай ұшырды. Қолында қаруы жоқ қазақтардан еш сақтанбай алаңсыз тұрған екеуі де көк шымды сүзе құлап, не болғандарын аңғарғанша Елісханның жігіттері қолдарын артына қайырып байлап тастады.

* * *

Бұл күнде Ма Буфаңның есігінде әмір жоқ. Шиниң қаласына ат басын тіреген қазақтардың алды Сака, Ұлан, Долан төңірегінен ағылып жатса, арты Гансудың Иүймин өңірінен шұбап жатыр. Осының алдында ғана қоржын-қоланы тоқ келген Құсайынға тәйжі, Көки мен Омарға үкірдай, Қалиға зәңгі, Ілиясқа шаңия мәнсабын үлестірген Ма Буфаң жана қонақтарына да ыстық ықылас танытты. Өз жақындарын жамандауға келгенде сүйір тілі сүйрендеп, бірінен бірі асып түспекке арыпталасқан топтың ойынына қаныға бастаған дүңген әміршісі жаңа келгендерді де сол қатардан көргісі келді.

– О, Елісхан мырза, қош келдіңіз. Сіздің бұйымтайыңызды әлі ұмыта қойған жоқпын, ұмытқанды қойып, қазір мұсылман қосындарын жасақтап, жанталасып жатқан жағдайымыз бар.

Ол Елісханды «дәу де болса тағы да жасақ мәселесімен келген шығарсың» деп топшылап, алғашқы сөзін осылай бастай беріп еді, қарсы жағынан басқаша жауап естіді.

– Мен жасақ топтап бер деп келіп отырған жоқпын. Қайта сол айтып отырған мұсылман жасағыңызды тиыңыз деп келіп отырмын.

Көбік сөздің қошеметімен қондана бастаған Ма Буфаң Елісханның салқын жүзіне таңдана қарап, қаймыққан раймен:

– Елісхан мырза, не деп кеттіңіз? Түсінбей қалдым? – деп бүгежектеді.

– Біз сізді мұсылман деп, дініміз ислам, пайғамбарымыз Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уәсәлләм деп, қандас қарындасымыз санап келдік. Айтқаныңызға көндік, айдағаныңызға жүрдік. Елдің қанатын қырқып атын алдыңыз, біз қарсылық көрсеттік пе, аң аулап күн көріп отырған құралын жинап алдыңыз, әміріңізге қарсы шықтық па, енді балаларына ауыз салып жатырсыз, мұны қалай түсінеміз. Осы да мұсылманшылық па, «малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» дейміз. Адамның тағдырына қол салу деген, арымызға қол салу ғой. Қазақта «жуас түйе жүндеуге жақсы» деген сөз бар. Жуастық танытқан сайын сіздің шеріктер шекемізге қамшы ойнатып, ауылда өз білгенін істеп жүр, бұған бұйрық беріп отырған сіз бе, әлде әркім қалағанын істеп жүргені ме? Сізден осылардың жауабын білейік деп келдік.

Елісханның көздері дөңгелене от шашып тұр. Ма Буфаң жанарын тайдырып әкетті.

– Елісхан мырза, сіз түсінбеген боларсыз, біз ат жинау арқылы, бір жағынан, мемлекет армиясына қолдау білдірген болып, екіншіден, мұсылмандардың атты әскерлер жасағын күн сайын күшейтіп жатырмыз. Халықтың қолындағы қаруды жинау тыныштық үшін, қолында қаруы бар

халық ойына келгенін істейді. Бірін-бірі атып-шабады. Ал, бала жинауға келсек, ол – халықтың өз қамы үшін ерікті түрде істеліп жатқан игілікті жұмыс. Балалары білім алып, көзі ашылса, еліне-жеріне қызмет етсін дегеніміз, мұсылман халқының перзенті білімді адам болып елінің кәдесіне жараса, бәріміздің мақтанышымыз болмай ма?

– Жөн, жөн, жаңа да айттым, ат пен қаруды айтпаған күннің өзінде тапа-тал түсте шырылдатып бала жинау не сұмдық. Білім алсын, оқу оқысын дегенді біз де білеміз. Онсыз да қазақ балалары құр жаяу жүрген жоқ, әр ауылдың өз молда ұстаздары бар, солар қаланың тамына қарамай-ақ, киіз үйлерді мектеп етіп, балаларды сауаттандырып отыр. Шын жаныңыз ашыса, сол молдаларға қосып дүңген мұғалім беріңіз, оқулықтар таратыңыз, тіпті болмаса отырықты жерлерден арнайы мектеп салдырыңыз. Ал қазір сіз жинап алған балалар – аты оқу болғанмен, іс жүзінде ауыр еңбекке салынып аурудан өліп жатыр, оны қалай түсіндіресіз? Екіншіден, бала жинаймыз деп ауыл-ауылды тімтініп жүрген шеріктеріңіз өңі түзу қыз-келіншекке қырындап, балаңды бермесен басқа сый бересің деп сумаң қағып жүр. Баласын аман сақтап қалмақшы болған елдің бұлғын, сусар ішіктері, қасқыр, түлкі терілері, алтын-күмісі шеріктер жағынан тоналып жатыр, бұған тиым болмай ма?

– Елісхан мырза, сіздің сөзіңізге қарағанда біраз түсінбеушілік болған сияқты. Мен ешкімге мал қуып, адам өлтіріңдер, бұлаңшылық жасаңдар демедім, егер менің көзімді бояп, халықты қан қақсатып жүрген сұмдар болса, оларды әсте кешірмеймін, ондай сұмдарға өлім ғана лайық.

– Ма Буфаң мырза, шеріктеріңіз ел ішінде бұлап-талаумен айналысып, халықты зар илетіп жүрсе, шынымен-ақ жазалайсыз ба?

– Әрине, жазаламақ түгіл екі аяғын көктен келтіріп, көзіне көк шыбын үймелетемін.

– Оларды қатаң жазалайтыныңыз рас болса, біз сізге біраз сәлемдеме ала келіп едік. Істің анық-қанығын солардан сұрасаңыз, өз қолдарымен істеген сұмдықтарын бізден де жақсы айтып береді.

Ма Буфаң Елісханның сөзін түсінбей аузы аңқиып, айналасына алақтай қарады. Осы кезде бірнеше жігіт қолдары артына қайырылып байланған Ма Жыңго мен Зайдырахынды алып кірді. Екеуі есіктен кіре сүрініп кеткендей жығыла тоңқаңдап:

– Ма төраға, Ма төраға, мына қазақтар, бізді... – деп жыламсырай тіл қатты.

– Тоқтат, малғұндар! – Ма Буфаңның кімге кәрленгені белгісіз, түсі сұрланып қалшылдап кетті. Қанаты қалың қабағын қатулана түйіп, даусы ащы шықты, – мен сендерге ат пен баланы әр шаңырақтың үлесіне қарай ерікті жинаңдар демеп пе едім. Халықтың арасына кіріп, қарақшылықпен айналысып жүрсеңдер, дәл қазір-ақ атып тастаймын!

Ма Буфаң бұл сөздерді бар айбармен айқайлап айтқандай көрінгенімен десінен айырылып, іштей мүжіліп барады. Қолқа жүрегі шоққа шыжғырылғандай қыж-қыж етеді.

Баяғыда осы Елісхан келгенде: «қылышынан қан тамған Шың Шысайға бас имей ауыздықсыз кеткен бұл жабайы маған көне қояды дейсің бе? Алдымен

атын, онан соң қаруын алайын. Оған болмаса балаларын жинап алып, барымта ретінде ұстайын, сонда қайда барады екен» деп ойлап еді. Міне, Елісхан енді соның бәрін әлдеқашан сезіп, қақпанды басқысы келмей отыр. Басқанды қойып өзіне сес, айбар шегіп тұрған жоқ па.

«Мұның алдында төменшіктей берсе, есіріп кетеді екен. Мен де бір айбаттанып сеспен қорқытайын» деген ойға келген Ма Буфаң да ширай қалды:

– Елісхан мырза, аш-жалаңаш келген халқыңа мемлекет қазынасынан қаншама ақша бөлгіздім. Атасында көрмеген жақсылықты ботасында көрді. Сол жақсылықты білгеннің орнына құралдарын толық тапсырмай, жасырып алып қалған мылтықтарын шошандатып әр жерде сойқан шығарып жатыр. Көрші моңғол мен таңғыттар да үстілеріңнен арыз айтып күнде келеді. Мұсылманбыз ғой деп оларды зорға басып отырмын. Балаларыңды оқытып берейін деп жақсылық істесек оны білмейсіңдер. Сендер, сірә, қандай адамсыңдар? Мемлекет армиясына қол жұмсап оны байлап, матаудың қандай қылмыс екенін білетін боларсыз!

Елісхан басылған жоқ. Шоқтай жайнаған жанарынан аласұрған ашудың оты көрініп, жүзі күреңітіп кетті.

– Бүгін жақсылық істедім деп ертең қарымжысын сұрасаңыз, қарызға берген жақсылықтың керегі жоқ. Сіз тамақ бермегенде қазақ қырылып қалар ма еді. Халықтарды бір-біріне қарсы қойып қазақ пен моңғол, таңғытты жауластыру немесе мемлекет армиясына деп ат жинап мұсылман жасағын топтап жатырмын деуіңіз мемлекет армиясын басқаратын адамның іс-қимылы емес. Біз сізден де жоғарғы ұлықтарға шағым айтсақ, осы сөздеріңіз үшін-ақ жауапқа тартылатын боласыз. Мемлекет армиясы халыққа ойына келгенін істей берсін дейтін заң болса онда біз де ойымызға келгенді істейік. Мемлекет адамдары бізді сұрамайтын болса, бізге ие бола алмайтын болса өз жоғымызды өзіміз жоқтайық. Мұны қабыл аламын десеңіз халықтың тілегі деп ұғыңыз, халықтың сөзін тыңдағыңыз келмесе онда досыңыз кеміп дұшпаныңыз көбейеді. Бізді қай жаққа қою сіздің қолыңызда. Ал қолыңыздан шығарып, уысыңыздан төгіп алсаңыз, ол да өз есебіңіз!

Ма Буфаң Елісханнан мұндай сөз күтпеп еді. «Қап, қап, қойыныма шұбар жылан кіргізіп алған екенмін ғой. Мұнымен былайша салғыласа берудің реті жоқ» деп іштей майырылса да оны аса білдіріп кеткісі келмеді:

– Мәселе, – деді ол Елісханға тура қарап, – біреуді біреуге шағуда емес, істің ақ-қаралығында. Сол үшін де мен бұл істі тектеусіз қалдырмаймын. Егер мына малғұндардан қателік кеткен болса басын қазір-ақ шауып тастаймын. Істің анық-қанығы анықталғанша күтуіңіз керек. Іс анықталғанша халықтың қолынан ине-жіп алуға да рұқсат етпеймін.

– Істің ақ-қарасын айырып, бұларды жазалау-жазаламау өз еркіндегі жұмыс. Бізге таланған мал мен шырылдап кеткен балалардың қайтқаны керек.

Осы кезде сөзге Ма Буфаңның көмекшілерінің бірі араласты.

– Елісхан мырза, ашу-ызамен іс бітпейді ғой. Ма төраға жаңа ғана бәрін шешеміз деді ғой. Ел басқарып жүрген азаматтар алатайдай бүлініп

жатсаңыздар, халықтың берекесі қашады. Сол үшін де татуласқандарыңыз дұрыс, – деді.

Елісхан:

– Ма Буфаң мырза, бұлай болғанда алдыңызға тағы келетін сияқтымыз. Көп істің сұрауы мен жауабын сонда айтарсыз, – дегенді айтып орнынан тұрды.

– Әрине, әрине, – дей салған Ма Буфаң қанша күлімсіремекші болса да өңі қарасұрлығынан өзгерген жоқ. Жақ еттері бүлкілдеп, құлынның жалындай қайырыла біткен қайратты сақалы дірілдеп кетті.

* * *

Тапа-тал түсте өзінің ел ішіне жіберген шерік бастығын байлап әкеліп, жонын жолбарыстай күдірейтіп дөң айбат танытқан Елісханға тісін қайрап отырған дүңген әміршісі есіктен сәлем бере кірген Қасымды көргенде қатты қуанды. Орнынан ұшып тұрып, алдынан қалбақ қағып жүгірді. Оның арғымақтай кесек тұлғасына тінте көз тастап:

– Батырлық даңқыңызды сыртыңыздан естіп, жүзіңізді бір көрсем-ау деп жүруші едім. Түр-тұлғаңыздан атыңызға затыңыз сай ер екеніңіз бірден көрініп тұр, – деп жорта мүләйімсіп, сөзін жалғастыра берді. – Бірақ көңіліңізге келмесін, сізді мынадай жұпыны күйде көремін деп ойламаған едім. Мүмкін қарапайымдылығыңыз шығар. Мүмкін еліңіз кедей болып ерінің қадір-қасиетін білмей жүр ме екен?! – деп отыратын орын нұсқады.

Елісханның өзіне көрсеткен оспадар қылығынан қайтерін білмей қатты тыпыршыған Ма Буфаңға Ма Жыңгоның қасындағы Зайдырахын жағатси сыбырлап:

– Ма төраға, Елісхан мықтымын деп жүргенмен қазақтардың бірауыздылығы жоқ. Немере ағасы Адубай оны өлердей жек көреді. Кәби бай деген бай қазақ бар. Олар да – Елісханның жауы. Бізге көмектесіп елден ат жинасқан Тәшербай деген мен Кәби байдың баласы Тоқай деген жігіт бар. Жағымпаздық көрсетуге келгенде Елісханды былай қойып, қойнындағы қатынын беруден тайынбайтын жандар. Одан қалса Қасым батыр деген бір дөкей бар. Ол Елісханды жақтап жүрген базарқұл Зайып дегеннің ауылында болатын. Жақында одан бөлініп кетіпті деп естідім. Қазір қайда барарын білмей басы қатып жүргенінде күмән жоқ. Сіз осылардың біреуін қолыңызға қондырсаңыз болды, тасыңыз өрге домалайды. Ойыңызға алған мақсатыңызды оңай орындай аласыз, – деген болатын.

Зайдырахынның сөзінен кейін Ма Буфаң оның өзі арқылы Тәшербайдың құлағына сыбырлатып, Кәби байды шақыртқан еді. Малы қанша көп болса да билік бұйырмай өзгелерден одағайлау жүретін Кәби бай жұрттың бәрін мансаппен жарылқап жатқан үлкен ұлықтың шақыртуын естігенде бір сәтке де аял қыла алмады. Жүйрік атының бірін үкілей жетелеп, артынып-тартынып, қара құстай қалбаң қағып жетіп келді. Осының алдында ғана Елісханның Ма Жыңгоны байлап апарып, ұлықтың шамына тигендігін Тәшербайдан естіген ол есіктен кірер-кірместе-ақ еңтіге сөйледі:

– Айналайын, Ма бауырым, азып-тозған мұсылман баласын алдына әкеліп, елді айрандай ұйытып отырғаныңа мың да бір алғыс. Осы берекелі күнді көпсіне ме, Елісхан сияқты азғана топ мазаныңды алған көрінеді. Алты бақан ала ауыз тасбике кіммен мықтымын деп ойлайды. Мықты болса Әліпті жауға бермес еді ғой. Елісхан мықты болса өзге түгілі өз ағасы Адубайды ағалап алсын. Ел тыныштығын бүлдіру деген не сұмдық. Елісханның басы қанша тұрады екен? Жүз жылқы ма, екі жүз жылқы ма? Керек болса, оны мен-ақ берейін. Тентекті тыймасаңыз, ел бүлінгенін қоймайды!

Баркөлден үрке көшкенде аспаннан ұшақ, жерден атты әскер қуып Кәби байдың көп жылқысын жау басып қалған еді. Елісхан елді бүлдірмесе байлығым бұлайша шайқалмас еді деп кімге соқтығарын білмей жүргенде тағы да Елісханның әңгімесі алдынан көлденең шығып, ескі жарасы қайта тырналды. Дертін қозғап, делебесін қоздырған бұл істің бір жағында бұғулі жатқан өз есебі де жоқ емес.

Бір қызығы, өстіп арқырап келген қазақтар сөзінің соңына келгенде әуелгі арынынан мүлдем қайтып жуаси сөйлейді. Кәби бай да сөзінің соңында:

– Тоқай деген баламның Зайдырахын, Тәшербайларға көмектесіп шеріктеріңізге қолғабыс жасап жүргенін білетін боларсыз. «Түйеге мінген Құдайға біртабан жақын» демекші, Хазіреті Ғалидан кейінгі мұсылман баласынан шыққан атақты батырсыз. Әрі үлкен мансаптың құлағын ұстап отырған ұлықсыз. Балама көз қырыңызды сала жүріңіз. Басқаға жарамаса да барып кел, шауып келге жүріп тұр. Ал Елісханның әптігін баса алатын жалғыз ғана адам бар, ол – Қасым батыр. Жақында ғана меркіттің бір жесіріне базарқұлдар таласып, соның егерімен Зайыптан бөлініп кеткен. Мен ебін тауып сол Қасымды алдыңызға жіберейін, – дегендерді айтып, аттанатын ыңғай танытқан. Ма Буфаң болса оның Елісханға жау боларлық қауқары жоқ, қара басының қамын күйттеген қарау байлардың бірі екенін бірден аңғарды. Әрі баласы Тоқайға мансап сұрап отырғанын да тез түсінді. Жас та болса қазақтың талай кәрісінің сөзіне қанық бола бастаған Ма Буфаң өз басын аулақтап отырған Кәби байды тұзаққа қайта тартты.

– Егер Қасым менің қолыма келіп қызмет атқаратын болса Тоқай, Тәшербайлар оған көмекші болып, ел ісін басқарар еді.

Өзін қанша әккі санағанымен аңғалдығы басым қазақ байы бұл жауапқа өлердей қуанды:

– Рахмет, қарғам, Алла разы болсын. Қасым алдыңызға сөзсіз келеді. Құмалағыңызды төрттен қойып, оны сізге құлай жығылатын етпесем, Кәби атым өшсін!

Міне, сол күткен Қасымы ақыры келді. Елісханға қарсы жүрер дойбының тасы ретінде таңдаған Қасымның қазіргі жүдеу халінен де толық хабардар еді. Сол үшін де оның тамырын дәп басып, бұлтаққа жібермей тұтқиылдан шабуылдап отыр.

Қасым өзін қанша сабырлы ұстағысы келсе де, сырласа келе бәрін жайып салды:

– Қазақта «жалғыздың үні шықпайды, жаяудың шаңы шықпайды» деген сөз бар. Менің бар мінім – жалғыздығым. Баркөлде жәдіктер мен наймандар бірігіп Абайға ұстап берді. Базарқұл Зайып пен тасбике Елісхан көппіз деп жәнтекейлігіне семіреді. Бізге өзіңіз секілді мұсылман патшасы ие болмаса қалғанына сену қиын болып барады. Елден шет қонып, қиыр жайлап алпыс үйлі аш-арықты аңның етімен бағып отырмын, – деп тоқтады. Ма Буфаң бұл сөздерді естігенде жерден жеті қоян тапқандай желпініп кетті:

– Мұсылманның парызы – жоқ-жітік, кем-кетіктерге көмектесу. Сендерден аяған дүниемді ит жесін. Өзің бір ішіне кір сақтамайтын адал адам екенсің. Маған да сен секілді адал жандар керек. Қытайшаны білетін жалғыз Елісхан ба десем, сен де суша сапырады екенсің ғой. Сен бізге сенсең, біз саған сенеміз. Өз үйіңдей кіріп-шығып жүр. Кейде осында келетін қазақтарға аудармашы таба алмай сарттарға жалынамыз. Сен орда төңірегінде болсаң оның да қиындығы болмас еді. Алпыс үйлі адамдарыңның тізімін қалдырып кет. Қазынадан арнайы қаражат бөліп, ішпек-жемек, керек-жарақтың бәрін беремін. Ертең-ақ артыңнан жетіп барады.

– Алдияр тақсыр, алыстан ат арытып, тон тоздырып, қолтығыңызға тығылғанда көлдей көңіліңізді білдіріп жатырсыз. Алла разы болсын. «Жетім бала кекшіл» демекші, біз сырттың бірауыз қатты сөзін кек көрсек, бір ауыз жылы сөзін өмір-бақи ұмытпайтын жандармыз. Мұны қазақ «аштықта татқан құйқаның дәмі кетпейді» деп атайды. Біз қысылып, қиналып жүргенде сіз қол ұшыңызды берсеңіз, біз де сізді жерге қарата қоймаспыз, – деді Қасым.

Дихуа мен Баркөлден пана таппай ондағының бәрімен қырқысып мұнда келгенде қырғи қабақ ағайынның алақөздігіне ұшырап, аш жүргенше маған жаутаңдаған қарашаларым үшін осыным да жөн деп ойлады. Ма Буфаң атқан сақасының нысанаға дәл тигеніне марсиып, аярлана жымыды.

– Жарайсың, жігітім, батырлығына ақылы сай нағыз еркек екенсің. Сенімді ақтап, серік болуға жарап жатсаң, осы өңірдің бүкіл қазағын бір өзіңе ғана басқартамын, – деді.

Бұл жолы Ма Буфаң сөзінде тұрды. Ертеңінде-ақ Қасымның ауылын қалың кездеме, шай, ұн-күріш дегендеріңіз басып қалды. Қасым бұған қатты қуанса да өзінің өзгеге борыштар болып қалуын қаламайтын мінезімен несібесін тағы да түзден іздеді. Осы өлкенің Қашқарбел аталатын бір дарасында аю бар екенін біліп соның соңына түсті. Қасына бірнеше мықты жігіт ертіп, аюдың көмген жемтігін аңдып, ақыры тірідей ұстап алды. Айтарға оңай болғанымен, алып хайуан оңайлыққа бой бере қойсын ба. Сол қолына тұтастай қыл арқан ораған Қасым жемтікті жеп жатқан аюға бетпе-бет келеді. Дала тағысы өзінен қаймықпай қарсы келген адамға айбар шегіп тап береді. Оның алдыңғы екі аяғы мен арандай ашқан аузына қыл арқан ораған қолын жұмсап қапсыра құшақтап алыса кетеді. Тырнағын денесіне дарытпай ту сыртынан құшақтап, жерге алып ұрады. Арқан дайындап тұрған жігіттердің бірі шалмалап, бірі аузына ағаш кергішті көлденеңдей тығып, жабыла жағаласады. Шай қайнатым уақытқа жеткізбей байлап алады. Байлаған аюды кескектеп жетектесе жетекшіл болады екен. Тапа-тал түсте Шиншиң қаласына алып келді. Өмірі

мұндайды көрмеген дүңгендердің бәрі көшеге қарай дүрлігіп, қазақтардың мына тамашасына қайран қалып, тандай қағысты.

Барлық төре-қаралар Ма Буфаңға әртүрлі сый-сияпат көрсетіп алашапқын болып жүргенде Қасымның сыйлығы бәрін басып түсті. Бұл Ма Буфаң үшін де, Қасым үшін де үлкен абырой болып, жұрт әңгімені аңызға айналдырып жіберді.

Ма Буфаңның ордасына сыйлық ұсына келген көп қазақтың бірі Құсайын еді. Алғашқы жолдың өзінде-ақ қоржыны тоқ келіп тәйжілік шен алып қайтқан болатын. Ұлықтардың тілін табуда алдыма жан түспейді деп білетін ол өз үйіндегідей еркін кіріп-шығып, қазақтарға аудармашылық істеп жүрген Қасымды көргенде тыжырына қалды. Десе де, оның сәлемін жылы қабылдаған сынай танытып:

– Маған аудармашының қажеті жоқ. Қытайшалап шүлдірлеу менің де қолымнан келеді, – дегенді тіркістене айтты. Қасым шығып кеткен соң Ма Буфаңның құлағына қолын көлегейлей жақындатып:

– Байқаңыз, бұл – өте қауіпті адам. Дихуада Шың Шысайдың бір топ шерігін қырып салып, Баркөлде Абайға оқ атқан. Түрмеден қашып шыққан, – деп сыбырлады. Шын мәнінде, ана жолы Қасымды Құдабайдың қолынан ұстап алып Абайға тапсырып бергеннен кейін «Қасым қашыпты» дегенде мұның да ұйқысы бұзыла бастаған еді. «Батыр – аңғал демекші, бір күн болмаса бір күн алдымнан шыға келіп жайрата салмасын» дейтін ішкі қорқынышы да жоқ емес болатын. Енді сол Қасымды мұнда тайрандап жүр. Ма Буфаң оған сенім артып ертең-ақ қолына қару беріп, әскер бастатып қойса соңы қалай болады. Кеше өзі Абайды арқа тірек етіп, мұны ұстауға еңбек көрсетіп еді. «Кезек екі, тәңір бір» деп енді бұл неме атқа қона қалса, сол қысасын қайтармайды деуге қалай болады. Осыларды ойлаған Құсайын бір жағы Қасымды шағып, бір жағы Ма Буфаңнан сөз тартып, әлгі сөзді әдейі айтқан еді. Мұндайды ести-ести қазақтарға әбден сыралғы болған Ма Буфаң мұртынан күлді. Ішінде күшіктеп жатқан көп ойдың бірде-бірін суыртпақтағысы келмей, жымыған күйі:

– Білем, білемін. Мен Шың Шысай мен Абайға ұқсамаймын. Мені жағалап жүргені сол үшін шығар, тентектің де керек кездері болады, – деді. Құсайын сөз төркінін толық аңғара алмаса да онымен бірге ыржиып:

– Менікі әншейін, сізге ескерткен ғой. Қолайыңызға жағып, қолғанаттыққа жарап жатса жақсы болар еді. Ол жағын өзіңіз білесіз, тіпті қытай тілін білетін аудармашы керек болып бара жатса біздің ауылда да бірқаншасы бар. Шынжаңның билік басына келген қытай әпенділеріне де талай көмегіміз тиген, оның қасында өзіміздің мұсылман бауырымыз емессің бе. Сол есіңізде болсын дегенім ғой, – деп сөз аяғын жылы жауып қойды.

Қай дәуірде болмасын қытай ұлықтарының тілін тауып келген Төлебай, Әлкенбай аталатын бұл ауылдың жігіттерінің қытайша білетіні де рас еді. Ма Буфаң Қасымды жақсы көріп отырса, мені жек көріп қалмасын деген ниетпен әңгімені аудармашы үшін ғана айтқан ғып мүлдемге жадағайлап жіберді.

Ма Буфаң ел ішін тыныштандыруды ойлады ма, әлде Елісханның айбатынан жасқанды ма, алғашқы топтағы бір бөлім балаларды қайтартқызып берді. Бірақ халықтың хал-күйін жақсарту, талас-тартыс, дау шешу сияқты істерде ауыз жүзінде әдемі сөз айтқанымен іс жүзінде ештеңе тындыра алмады. Орда төңірегін жағалап, Ма Буфаңның ойыншығына айналып соның ығын ықтап, сөзін сөйлеп жүрген өз қандастарын көргенде Елісханның қайғысы одан бетер қалыңдады.

Дүнген әміршінің қулығына құрық бойламайтын айлакерлік арқылы елбасыларын бір-біріне қайрап салып, қызығын көрмек болғаны жанын құлазытып, жалғыздықта қалғандай жүдетіп жіберді.

Дәл осы кездегі Шынжаң жағдайы да аса аласапыран күйде еді. Шың Шысай жедел түрде адам ұстауын үздіксіз жалғастырып жатты. Алтай жерінде «елдің қолындағы қару-жарақты жинау, адақтау» секілді арнайы жиналыс шақырылып, Дихуадағы «қазақ, қырғыз, моңғол құрылтайы» аталатын қанды тұзағын басудан бас тартқан Баянбай, Байқадам үкірдай, Сүлеймен, Дөнен залың, Бөкейхан, Сақсайбай секілді бір топ адамды Сарсүмбе қаласына шақырып алып қолға алды. 1939 жылы желтоқсанда діни ғұлама, Алтай өңірінің рухани көсемі Ақыт қажы Үлімжіұлын Көктоғайдағы өз үйінен ұстап кетті.

1940 жылы екінші ақпан күні Алтайдың Көктоғайында Есімхан, Ақтеке, Оспан батырлар бастаған бір топ адам атқа қонып ауданның қытай әкімі Шүй Ырлинды өлтіріп, Шың Шысай зұлымдығына қарсы ұлт азаттық көтерілісін қозғады. Көктоғай ауданының халқына Шіңгіл ауданының елі үн қосып, Алтай өңірі дүр сілкінді. Бұл хабарлар Баркөлден асып Гансу-Чинхай жеріндегі қазақтарға да жетіп үлгерді.

– Шың Шысай зұлым Көктоғай жерінде жұма намазына жиналған елді ұстап, дінни патуалар айтып тұрған Ақыт қажыны тұтқындап кетіпті. Ноғайбай үкірдай өз ұлы Есімханды ертіп соңдарынан қуып, айырып алмақшы болып атқа қонғанымен, жете алмай мыстары құрыған екен. Жауыздарға кегі қайнаған Есімханға Оспан қару-жарақ сыйлап, ұлы Шердиманды қосып беріпті. Есімхан – Шағалақ, Еңсеген, Әубәкір, Қапас, Шердиман сияқты жігіттерді бастап Оқан зәңгінің үйінде қонып жатқан әкімнің басын кесіп алыпты. Қолындағы құралын тапсырса да, тапсырмаса да күнде тұтқынға түсіп жатқан халық қытайларға қарсы түгел көтеріліпті.

– Қытайлар Ақтеке мен Сәлиді ұстап бара жатқанда Кәғыбат, Сайып деген ерлер құтқарып алып, олар да Есімхан бастаған көтерілісші қосынға қосылған екен.

– Көктоғай көтерілді дегенді естіп Шіңгіл елі де бұзылыпты. Шіңгілден Ырысхан, Муса, Сүлеймен батырлар шығып қытайларға қырғидай тисе керек. Атқан оғы жерге түспейтін Муса мен Сүлеймен құралайды көзден ататын мергендер екен. Қараға алғанын қалт жібермей, талайын жамсатыпты дейді.

– Кәпірлерге обал жоқ. Тыныш жатқан жыланның құйрығын басқан өздері. Басқаны былай қойғанда, жұма намазына жиналған бейкүнә мұсылмандарды ұрып-соғып, байлап-матап Құрандарын өртегенін көрмеймісің. Мұндай

қорлыққа бойында жаны, бұтында безі бар мұсылман баласының қай-қайсысы да төзе алмас!

– Ер Жәнібек батырдың қарашаңырағын ұстап отырған Шіңгілдегі тіке ұрпағы Зарыққан батыр көк қасқа тай сойып, батыр бабасының туын көтеріп шығыпты. Көтеріліс басталудан бұрын батырдың туын салған сандық дүрілдеп тоқтамаған екен. Аруақты адам ғой. Қасиетінен айналайын, елдің күйзелісті күйін көргенде Жәнекемнің аруағы түгілі, туы да тыныш жата алмаған ғой. Туды Құран оқытып мал бауыздап, батыр бабаға тәу етіп алып шығып, қара қойдың қанына қол матырып: «Өлсек шаһид, тірі болсақ қазымыз» деп тірідей жаназаларын шығартып, Өр Алтай түгел атқа қоныпты.

– Жауыздық құртылмайынша қарсылық қашан тоқтаушы еді. Алла жар болсын. Ер Жәнібек бабамның аруағы қолдасын!

Ел ішін дүмпілдеткен осы хабар Елісханның мазасын алды. «Шіркін-ай, Шың Шысай зұлыммен тіресіп біраз жыл шыдай тұрсам, Бәйтк жағынан Шіңгіл еліне қосылып, Шың зұлымның қанын судай шашар едік-ау. Есімхан, Оспан бастаған ерлердің күресін қолдап Баркөл елі атқа мінген болса жауыздардың шақ-шәлекейі шығар еді ғой. Әттең, арамыз тым шалғай, ұшарға қанатым жоқ».

Түн бойы аунақшып шыққан Елісхан ел үшін қалайда бірдеме істеуім керек дегенді көп ойлады. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруға көнбей, тоз-тозы шығып отырған елімнің түрі мынау. Айналамыз түгел жау. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен алады» дегендей, дүнгеннің қысымы аз болғандай көршілері моңғолдар мен таңғыттар да жиі-жиі мазалай бастады. Алтай сынды ата-бабамыздан қалған ұлы тауға арқа сүйеген Өр Алтайлықтар жасаған ерлікті жасауымызға айнала орай бермейді. Алты бақан ала ауыз болып отырған ағайынның әзірше бас қосатын түрі жоқ.

«Жығылсаң түйеден жығыл» дегендей, бүкіл елдің тұтқасы болып отырған Жаң Қайшы мырзаға хат жазайын. Үлкен ұлық – бүгінгі патшамыз ғой. Алладан кейінгі патшаның айтқанын уәжіп көрген халықпыз. Мүмкін бір шапағаты тиетін шығар.

Есімханның ойының соңғы байламы осы болды. Ертесі ертемен тұрып ауыл ақсақалдарын жинап алып әуелі өз ойларын айтты. Мемлекет тұтқасын ұстаған Жаң Қайшы мырзаға хат жазбақшы екенін білдірді. Бұған ешкім қарсы болған жоқ. Қарсы болғанды қойып: «айналайын-ай, күндіз-түні ойлайтының елдің тірлігі екен ғой. Елге серке болатын ерлер Ма Буфаңнан шыға алмай жүргенде бұлай істеу үш ұйықтаса түсімізге кірмепті» деп іштей күбірлесіп тілектестік білдірді. Рақимолда, Сейітхан сияқты кісілерді қасына алып хатты ұзақ жазды.

«Құрметті Жаң Жиеші жанаблары, құзырыңыздағы қазақ деген халық өзіңіздің көл-көсір мейіріңізден медет айлап осы үшбу хатты жазып отырмыз.

Біз ежелдің ең күнінен Алтай-Баркөлді жайлаған ел едік. Сонау Шыңғысхан заманында атамекенімізден айырылып, торғайдай тоздық. Керейдің Тұғырылханы өлгеннен кейін халқы телім-телім болып тентіреп кетті. Тек жоңғарлар жеңілгеннен кейін ғана Абылай сынды сұлтан шығып, бүкіл қазақтың басын қосып хандық құрды. Біз сол хандықтың құрамында жүрсек те

Ер Жәнібек батыр бабамыздың тұсында Көгедай сынды төремізді Еженханның құзырына жіберіп, ұлы қытай патшалығына жартылай бодан болдық. Өзіміздің атамекеніміз болған Алтай, Тарбағатай, Іле өңіріне арт-артынан көшіп келдік. Патшаның жарлығына бойұсынып Еженханға алман-салық тапсырып, еліміз тыныш, берекеміз жақсы болды.

1912 жылы Еженханның алтын тағы аударылып орнына Сүниятсын үкіметі шыққан кезде Алтай ұлықтарынан Зәкария төре Бейжиңге барып жаңа үкіметке бағыныштылығын білдіріп, шен-шекпен алып қайтқан еді. Содан бергі уақытта Алтай, Тарбағатай, Баркөлдi жайлаған қазақтар өз құзыретіңізге бағынып келеміз.

Кәрі жияңжүн Яң Зышыңның тұсында аз уақыт ұйқымыз қанып, өркеніміз өсе бастап еді. Жин Шурынның заманында шырқымыз бұзылды, тынышымыз кетті. Әсіресе, 1931-1932 жылдары Шығыс Шынжаңның әскери қолбасшылығына тағайындалған Шың Шысай Баркөл қазағын қатты күйзеліске ұшыратты. Тұтқындады, қырғындады, атамекеннен айырылуға себеп болды. Шынжаңның дубаны* болып билік басынан шыққаннан кейін тіпті де құтырынды. Елбасыларымызды бірінен соң бірін қолға алды. Тым құрыса, олардың қандай қылмыспен тұтқындалғанын, не күнәсінің барлығын да айтпады. Ұсталғандарын қайтармады. Соңынан жоқтаушылардың өзін қылмысты ретінде тергеуге алды. Халықтың күн көрісі қиындап, алман-салық ауырлай түсті. Арт-артынан қырғыншылық жүргізді. Бір реттің өзінде Әліп сынды елбасының ауылын шауып, бала-шаға демей, бір жүз он жеті адамды қырып салды. Дініміз бен тіліміз аяқасты етіліп, халықтың үкіметке, мемлекетке деген сенімі кетті. Қыспаққа түскен халық бас сауғалап жан-жаққа тентіреп кетті.

Дубан – ерекше автономия дәрежесіндегі әкімдіктің (өлкенің) дербес басқарушысы.

Ал Шың Шысайдың ұшақтары қашқан халықты бомбалап қаншама бейуаздың қанын судай шашты. Жанын баға алмаған халық азып-тозып, күн көріс қамы үшін Гансу мен Чиңхайға босты.

Мұндағылар алғашында жақсы қарап, мемлекет тарапынан бөлінген көмек қаржысын үлестіріп беріп еді. Соңында ол да жемқорлардың қалтасына түсіп, халыққа жетпейтін болды. Халықты жарылқау былай тұрсын, астымыздағы атымызды алды. Аң аулап күн көріп отырған қару-жарағымызды жинап әкетті. Онымен қоймай бара-бара ұлымызды құл, қызымызды күң етуге кірісті. Балаларды оқытамыз деген сылтаумен жинап алып, ауыр еңбекке салды.

Қазақтар ұлықтардың алдына арызданып барса: «Шыдасандар осы, шыдамасандар Шынжаңға қайтарамыз» деп қорқытады. Біз ешқашан Шынжаңға қайта алмаймыз, мемлекеттің қай жерінде жүрсек те сіздің әміріңізде боламыз. Қазіргі жағдайдан қарағанда өріс-қоныс үшін Чиңхай-Гансу жері қолайлы орта болатын түрі бар. Жан саны да тығыз емес екен. Біз үлкен жағынан сіздің құзырыңызға бағынғанымызбен ішкі мәселемізді – дінни және салт-дәстүр, шаруашылық сынды өз ісімізді өзіміз басқаратын дербес қазақ аймағы болып құрылуды сұраймыз. Мемлекетке біртұтас тапсырып

беретін алман-салықты өзіміз жинап, өз ішіміздегі мәселелерді өзіміз реттеп отырсақ, халық үшін де тиімді болар еді.

Біріншіден Алладан, екіншіден, өзіңізден бір медет тілеп, осы үшбу хатты жазып отырмыз. Мемлекет – атасы, халық – баласы деп білетін біздердің сіздің өзіңізден басқа сенеріміз де, сүйенеріміз де жоқ. Қара ормандай қалың халқыңызды қан жылатпай қанатыңыздың астына ала көріңіз. Өзіңізден шапағат тілеуші бұқараңыздың өтініші жерде қалмайды деп үміттенеміз.

Сізден медет күткен – Шынжаңнан Гансу, Чиңхайға босып келген қазақ бұқараңыздың өкілдері. Сіз халықты жарылқасаңыз, Алла сізді жарылқасын!»

Жаң Жиешінің жауабын күткен сары таңдар сараң жылжып өтіп жатты. Хаттан жауап болмады. Алтай жерінде басталған ұлт-азаттық қозғалысының хабарын алған Жаң Жиеші мырзаның Гансу-Чиңхайға бұрылар мұршасы болмады ма, әлде хат ол кісінің қолына тимей орта жолда қалды ма? Оны анықтау өте қиын еді.

* * *

«Шиниң қаласына қалың атты қазақ келе жатыр» дегенді естігенде Ма Буфаң қатты үрейленді. Әскери басшыларын шақырып алып:

– Сақ болындар, Шынжаң жерінде қазақтардың көтеріліп жатқанын білмеуші ме едіңдер, бұлар өте аяр халық. Көріністе жуас болып жүреді де, жалғыз-ақ күнде тап береді. Ас беріп отырған қожайындарын да өлтіре салудан тайынбайды. Алтайда әкімнің басын кесіп алып, шеріктерін қынадай қырғанын естімеген боларсындар. Бұлардың көзіне қан толса тоқтату қиын, барлық әскерлер мен қарауылдар әлде қандай іс бола қалса дайын тұрсын. Бірақ естерінде болсын, оларға сыр алдырушы болмандар! – дегенді қадағалай тапсырды.

Ма Буфаңның бұлайша қорқуының да себебі бар. Ол Қасымды өзіне қаншама тартып Елісханға сан рет қайрап салса да ол аса желпілдеп кетпеді. «Елісханды құрт немесе оның түбіне жет» деген секілді бұйрықты бере алмайтыны өзіне аян. Ал Қасым кішігірім тапсырмаларды екі етпейді. Даланың тағысын ұстаудан тайынбаған Қасымның Елісханнан жасқанғаны ма, әлде орайлы сәтін күтіп жүр ме, ол жағын Ма Буфаң да анық айыра алмайды. Десе де, өзін қазық қылып, арқандаулы аттай айналсоқтап жүретін оны тағы бір шырғаға тартып көргісі келді:

– Қазақтардан келетін арыз-армандардың қағаз түрінде келетіндерін жинауға өзің жауапты бол. Олардың қағаздарын мен жинап алғаныммен бәрібір танымаймын ғой. Тіпті ауызша арыз айтып келушілер болса да оны қағазға жаздырып алып, артынан маған қытайшаға аударып жеткізерсің, – дегенді тапсырды.

Қасым бұл тілектен аттай алмады. Сөйтіп, «кұс жаңылып торға түседі» дегендей, Қасым тағы бір қақпан басты. Ма Буфаң, Ма Жыңго, Зайдырахындар арқылы Тәшербай, Тоқайларды іске салып: «Елісханға қарсы арыз топтап оны Қасымның қолына жинап беріндер» дегенді айтты. Сөйтіп, Қасым былайғы елбасыларына «Елісханның үстінен арыз топтап жатқан» адам болып көрінді.

Ма Буфаңның күткені де осы еді. Мұндай сыбысты Елісхан сырттай естісе де түк білмегенсіп жүре берген. «Осы бақай қулығым арада жүрген қазақтар жағынан Елісханның құлағына жетіп қойған жоқ па» дегенді ойлаған Ма Буфаң бекерден-бекер қалтыраған жоқ еді.

Елісхандар қырық неше адаммен келіп түскенде түк сезбеген раймен құрақ ұшып қарсы алды. Елбасыларының қабақтарына кезек-кезек жаутаңдай қараған оған қарсыдағыларынан ешқандай жаулықтың сыңайы аңғарылмады. Бірақ көңілдерінің бұлты көздерінен көрініп, ар жақтарында сыз жатқандай білінді.

Сөзді Елісхан бастады:

– Қазақ деген тынышсыздау халық сізді қайта-қайта мазалай беретін болды,
– Елісханның отты жанары Ма Буфаңның өңменінен өтіп барады. Сөздерін нығарлап, ызбармен сөйледі. – Ұйқыңызды бөліп, орданыңды абыр-сабыр күйге түсірсек кешіресіз.

– Жөн, жөн, – деп оның сөзін бөлді Ма Буфаң, – хан да қарамен, қара да ханмен дегендей, ел басқаратын ұлықтардың міндеті де қара халықтың мұңын мұңдап, жоқ-жітікке қарайласу ғой...

Ма Буфаңның жолға түскен жорғадай майпандай жөнеліп, майырыла сөйлегені Елісханның шамына тисе керек. Сөздің соңын тоспай қатты-қатты сөйлеп кетті:

– Қазақта «тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп, құлақтан айырылыпты» деген сөз бар. Атымызды алдың, құралымызды алдың, баламызды тартып алып елді шулатқан шеріктеріңді өзіңе тапсырып беріп, көп сұмдыққа тиым бола ма деп ойлап едік, атамның шоты аса-аса тиедінің кебін киіп отырмыз. Мұсылман ел ғой, бауырына паналасак, саясы түсер деп ойлап едік. Саған келгелі ел ішінде аш-арық көбейді. Қарақшылар мал қуғанын қоймады. Өзінің қорасындағы малын айырып алмаққа атқа міне қуған немере інім Қабиды таңғыттар атып кетті. Жергілікті жердің әкімдеріне арызданып едік, оны тыңдайтын ешкім жоқ. «Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды, өздерің елдің малын қуып жүргенде өлген адамдарыңның жаласын кімге артпақсындар» деп өзімізге тап берді. Оған да сабыр сақтап едік. Кеше ғана тауда аң қарап жүрген бес азаматымызды «қарақшылық істеп жүрсіндер» деп шеріктер атып кетіпті. Осы елдің иесі сіз болғандықтан алдыңыздан өтейік деп келдік. Егер мұны сіз тыймасаңыз өзіміз тыямыз. Ана жолы да айтып едім, қазір де айтамын. Соңғы рет айтамын. Тентек пен тебіз, мал қуған қарақшылар тектелмейтін болса олардың көкесін өзім-ақ танытамын. Сонан кейін «мұның не?!» деп бізді кінәламайтын болыңыз.

Елісхан ғана емес, тұтас ел адамдарының жауар күндей түнеріп өзінен жауап күтіп отырғанын аңдаған Ма Буфаң бастабында ыржимақшы ыңғай танытып еді, онысынан ештеңе шықпай, жақ еттері бүлкілдеп кетті. Не күлерін не жыларын білмеген халде көзін жыпылықтатып:

– Кісі өлімінің болғаны шын ба? Істің анық-қанығы Елісхан мырзаның айтып отырғанындай ма? – деп көпке қарады.

Бір қария қозғалақтай орнынан тұрып:

– Қарағым, қатты айтты деп айыпқа бұйырма. Халқы қаралы болып қан жылаған соң зарын жеткізіп жатыр ғой. Бәріміз бір Алланың құлымыз, мұсылманбыз. Бауырмал болғанымызға не жетсін. Бір-бірімізге қайырымды болайық. Кешірімшіл болайық. Ауылдан тоқты торым өліп отырған жоқ. Арыстай азаматтарымыз құлап жатыр. Елісхан соның жайын айтып өзіңнің алдыңнан өтейік деп келіп отыр, – деді.

Алғашқы сөзде не айтарын білмей әңкі-тәңкі күй кешкен Ма Буфаңға тіл шыға бастады.

– Сұмпайылар! – деп ақырды ол, – олар шетінен сұмдар екен ғой. Мен оларды аудан әкімі деп сеніп жұмыс тапсырып отырсам! – Ма Буфаң қарсысында отырған қазақтарға көрсететін сесін әкімдерге арнап айтып жатқандай көрінді, – өз басым мұсылманшылықты жақсы білемін. Ұры-қарақшыларға ешқашан рақым етпеймін. Әкімдерге тапсырма беріп ұрылардың аяғын тыямын. Тағы да өз білгендерінше істеп, қарақшылық жасап жатқандар болса, аямаңдар! Ондайларды маған тірідей ұстап әкелсеңдер көздеріңше атып тастаймын. Қазір-ақ бұлап-талауға ұшыраған халыққа қазынадан астық бергіземін. Менің шын тілегімді елге жеткізесіздер, халықтан кешіріп сұраймын, – деп сөзінің соңын жұмсарта сөйледі.

Бір бөлім ақсақалдар тобы:

– Жөн, жөн ғой, енді қайтсін, мақұлға жауап жоқ, – деп күбірлесіп кетті. Елісхан кекесінмен мырс етіп, мұртын ширата сылап алды да, отырғандарға жағалата көз қыдыртып:

– Бізді бала сияқты алдағысы келеді, – деді. Сосын Ма Буфаңға тігіліп:

– Сонда сол әкімдеріңізбен ұры-қарылармен бетпе-бет отырып, мәселенің мәніне көз жеткізсек болмас па. Қазақтың билер соты, көктөбе кеңесі деген болушы еді. Онда әр екі жақтың даугерлерін қатар отырғызып қойып қазылар сарапқа салып барып шешетін. Солай жасауға болмас па екен?

Ма Буфаң талмауына ұрылған тосын сөзден түйткіліксіп қалды.

– Болады, болады, – деді қылғынып, – неге болмасқа. Елісхан мырза өте дұрыс айтып отыр. Осыны айтқан Ма Буфаң шұңғыл көздерін Елісханға қадап, суық жымыды: – Елісхан мырза дұрыс айтады. Мен Долан ауданының әкіміне бұл істі бір жайлы ету туралы бұйрық беремін, қалай шешетінін сіздерге өзі хабарлайды. Алаңсыз болыңыздар, арыздарыңыз жерде қалмайды. Кейбір адамдардың бізге сенгісі келмейтін сияқты. Менің орнымда сіздер отырсаңыздар қалай болар еді. Бәрібір бастыққа разы болған халықты таппайсыздар. Ендігісін әкімдер бір жайлы етсін. Менің жоқ-жітікке дайындап қойған сәлемдемемді ала кетуді ұмытпаңыздар.

Елісхан тағы бірдемелер айтпаққа оқтала беріп еді, қасындағы Қожақын етегінен ақырын тартып: «Тілі майда неме екен. Шығарып салу үшін құрғақ сөзге семіртіп отыр. Ақсақтың аяңына бақ деген. Аузыңды ауыртып қайтесін, осы да жетер!» деп күбір ете түсті.

«Ма Буфаң мырза, ат кекілін кесіскеніміз осы шығар. Сенің сайтанша құбылып, сабынша бұзылатын сұмдықтың иесі екенің шын болса әкімдеріңнен әділдік күту қиын. Қырқына да шыдадық, қырық біріне де шыдаймыз.

Жиналысыңды да көрейік. Егерде қоян бұлтаққа салып, арам ниетпен алдаусырататын болсаң алдыңа келіп мәлиеді екен деп ойлама. Кім маған және менің еліме қаруын кезесе сол менің жауым, қазақ деген елді танымай жүрген ондай сұмдар алдымнан көлденең шықса қанына қан, жанына жан аламын. Сен секілді екіжүзді мұнафиқ сатқыннан қорқатын дәнеңем қалған жоқ».

Елісханның соңғы рет өзіне тігіле қараған жанарынан осыны оқыған Ма Буфаң: «бір емес, екі емес, маған жол-жорық көрсетіп, ақыраңдап сөйлейтін сен кім едің. Сайда саны, құмда ізі жоқ қашқын қазақтар-ау, арт жағыңа қарасаң нетті! Неменеңе шіреніп кеуденді көтересің. Өзің іздеп жүрген әділдікке ақиретте жететін шығарсың. Сөзіңді естімек түгілі, жүзіңді де көргім келмейді. Батырмын, кереметпін деп арыстанша айбаттанғаныңмен, жолбарыстың жолбикелігін білмейсің. Түбіңе де сол алаңғасар алкеуделігің жетеді. Сенің көріңді мен қазбаймын. Өз бауырларың қазады. Осыны білсең етті, сорлы қазақ. «Өлетін бала бейітке жүгіреді» деп мәтелдегенде сондайсыңдар. Маған қарсы жүгіргенің – ажалға асыққаның екенін білмеуші ме едің. Сенің көзің жоғалған күні менің ұйқым тыныш болар еді. Сен секілді серкесымақтарын құртсам, бірін-бірі жамандаудан аса алмайтын бақ таласқыш қарашаларың маған құл болмай қайда барады!» деп тісін тісіне басты.

Елісхан мен Ма Буфаңның көздері түйіліскен сәттік арпалыста іштерінде түйдектелген көп сөздер дәл осылай көпірши тулап жатты.

* * *

1940 жылдың жазы шыға салысымен Ма Буфаңның тапсырмасымен Долан аудандық үкімет қазақтар мен моңғол, таңғыт ортасындағы дау-шарды шешу туралы арнайы жиналыс шақырды. Басқосуға қазақ өкілі – Елісхан, моңғол өкілі – Кікі ауданының әкімі Чихутиян, Уаң Жия ауданының әкімі Уаң Дыхай, тибет өкілі Уаң Шыдайхайдың өкілетті адамы Чию Шыжие секілді лауазымды тұлғалар шақырылған еді. Бұлардың әрбіреуіне қазақтардың қойып алған – Күрлік уаң, Мұртық деген секілді лақап аттары да бар.

Әркім өз тобымен келіп түсіп жатты. Долан ауданын жарып ағатын көк өзеннің аяққы жағалауындағы сазға қазақ қосынын бастап Елісхан, Құсмандар тобы келді. Жай келе салған жоқ, бір ауыл болып артынып-тартынып жейтін мал, қазаншы, қосшысымен өз салтанатын көрсете келді. Десе де, қазан-аяқ ұстап ұсақ жұмыстарға жүгіріп жүргендей көрінген жігіттердің барлығы сайдың тасындай іріктеліп алынған азаматтар еді. Секей секілді қарт кісілер Елісханнан бөлініп, әдейі сөз тарту үшін басқа жаққа түскен қазақ уандарының арасына кетті. Қожақын, Әлімбек бастаған азаматтар күндіз-түні қарауыл күзет істерін қадағалайтын болып қаруларын іштен асынып жүрді. Саз бойына қаздай тізіліп қалың киіз үй тігілді.

Бұлардан оқшауырақ түскен моңғолдар тобы қараша үйлерін тіксе, таңғыттар қара шатырларын қалқайтып жатты.

Таңғыттар мен қазақтар арасындағы өлген адамның құн дауы болса, моңғол мен қазақ арасындағы мал дауы еді. Ертесі бір топ таңғыт-моңғолды бастаған Мұртық аталатын тибет өкілі Елісханның ордасына бас сұқты. Мұндай орайды

қазақ салтымен өткеруді қалт жібермейтін жігіттер жағы мал сойып, дастарқан дайындап, зыр жүгіріп жүр.

Әуелгі әңгіме таныстықтан басталды. Елісханға шекесімен қараған Мұртық аман-сәлемнің арасында:

– Елісхан мырза, биыл нешедесің? – деп тіл қатты.

– Алла қаласа, отыз бірді бітіремін.

– Аллаң қаламаса отыз бірді бітіре алмай қаласың ба. Отыз бірге қарағанда қырық деген көп жас қой. Мен биыл қырықтамын. Өліп кетсем де өкінішім болмайды.

– Кімнің ерте, кімнің кеш өлетінін біз шешпейміз. Ол Алланың қолында. Тіпті білгіңіз келіп тұрса айтайын сіз өлгеннен кейін, үш күннен кейін өлемін.

Мұртықтың жүзі сұрланып, тұтас денесімен селкілдеп, кәрлене күлді:

– Отыз бірді қырыққа айырбастаудың өкінішті екенін білмейді екенсіз-ау.

– Қазақта «ер басына күн туса етігімен су кешер, ат басына күн туса ауыздықпен су ішер» деген сөз бар. Елімнің жоғын жоқтап жүріп дұшпанымның белін сындырып, отызында опат болып кеткен ерлерде арман болмайды. Қырықтың қырқасына шықса да шырқыраған шындықты айта алмаған адамнан ерлікті де, елдікті де күту қиын! Мұртық мырза, сіз менімен тәжікелесу үшін емес, екі арадағы дауды шешу үшін елдесуге келіп отырған боларсыз.

Мұртықтың өңі одан арман қарасұрланып:

– Әрине, елдесу үшін келіп отырмыз. Мен үлкенмін, сен кішісің, ағаң болған адамды сыйлай біл дегенім ғой. Сырттан келген адам ең әуелі сыпайылықты үйренгені дұрыс. Бірден беттен алып безбүйректікке бассан түбі жаман болады. Отыз бір жасында өз түбіңе өзің жетпе деп ағалық ақылмен әдейі ескертіп отырмын, – деді.

Елісхан болмашы езу тартып, суық күлді:

– Бұл жерде аға-бауыр, үлкен-кіші деген болмайды. Бәріміз бір-бір елдің өкіліміз. Тереземіз тең. Сіздер дәл қазір менің қонағымсыздар, шаңырақ менікі. Сол үшін де бұдан әрі қатты сөйлеуге ата дәстүрін аттағымыз келмейді. Айтарыңыз болса сыпайылықты сіз бастаңыз, біз қостайық.

Өзінің өңшең ығай-сығайымен баса-көктеп кірген тибет өкілі Елісханды айбарымен жаншып, ықтатып аламын деп ойлап еді, арыны басылып, қарсысындағы көкжалға қаймыға қарауды үйрене бастады. Солай бола тұра аттан түссе де, үзеңгіден түскісі келмей:

– Өз басыңыздан сөз асырғыңыз келмегеніңізге қарағанда, арамыздағы дау туралы өз міндеріңізді де білмейтін түрлеріңіз бар. Біз қазақтар келуден бұрын тыныш жатқан ел едік. Бар пәлені бастаған сендерсіңдер. Ең алдымен осы жағын ойлап алғандарың жөн болар ма екен! – деп тағы бір соқтығып өтті.

Елісхан енді онымен сөз таластыра беруден көрі істің шешімін айтқысы келді:

– Әр екі жағымыз жеңістік аламыз деп танауымызды желбірете бергеннен көрі таланған мал мен адамның тізімін жасаймыз. Сосын малды кім, неге бұлады – соны анықтаймыз. Әйткенмен де, мал деген жердің құрты ғой. Бірде

бар, бірде жоқ. Ал адамның басы күнде көктей беретін Көккөлдің құрағы емес. Алдымен әр жақтан өлгендердің санын, аты-жөнін шығарып алып, бір-бірден себебін анықтайық. Қалғаны рет-ретімен шешіліп отырады.

Елісханның талас-тартыстан жалт бұрылып, істің шешімін шығаруға қарай жөн сілтеген сөзіне қарсы жағы не дерін білмей жапырыла берді. Істің астарына үңілгенде, олардың іздегені бітім емес, бүлік болатын. Бірақ мына қазақ сол тұзақтың бәрін баспай, алдыңғы ашуын мүлдем ұмытқандай жайдарылана сөйлеп отыр.

– Қалғанын ертеңгі кеңесте сөйлесерміз, – деген таңғыт, моңғол тобы Елісханның алдынан жүні жығылып шықты.

Уағдаластық бойынша ендігі кеңес таңғыттардың шатырында өтетін болды. Бұл бас қосуға Елісхан, Құсман, Көки, Сәдей, Қожақын секілді бір топ барды. Әр екі жақтың даугерлері өз жоқтарын ортаға сала бастағаны сол еді, есіктен қызыл киімді екі моңғол кіріп келді. Кірген бойда шапандарын көлбіретіп, бастарын жерге ұрғылап:

– Дәт, тақсырлар, дәт, – десті.

Аудан әкімі иегін көтеріп:

– Айтыңдар, қандай дәттерің бар, – деп олардың бетіне қарады.

Тоқпақтай айдары бар, мосқалдау біреуі сөз бастап:

– Қазақтар күндіз күлкі, түнде ұйқымыздан айырып тыныштық бермейтін болды. Елісхан мен Сабырбай елінің жігіттері алпыс жылқымызды қуып кетті. Іздері де сайрап жатыр. Сол жылқыларымызды алып беруге әр екі жақтан адам қосып берсеңіздер екен. Малымызды қайтарып беріп, қарақшыларды жазалауларыңызды өтінеміз, – деді. Екіншісі оның сөзін қостап:

– Екі жақтың адамдары бас қосып, төрт қаракөз түгел отырғанда алдымен осы мәселені шешіп берсеңіз екен. Онсыз да даулы мәселелерді шешкелі бас қосып отыр екенсіздер ғой, – дегенді айтты.

Аудан әкімдері мен тибет-моңғол жағының өкілдерінен тартып «не дер екен?» дегендей Елісханға қарады.

– Біздің бірінші шешкелі отырғанымыз мал дауы емес, адам құны. Малдың дауын шешерміз, адам құнын қайтерміз деп басымыз қатып отыр. Алдымен бүгінгі мәселелерді шешіп алсақ, айтқанындай болып қарақшылардың ізі сайрап жатса, осы реткі мәжіліс аяқтаған соң түп-түгел барып бірлікте шешейік. Сол үшін көлденең бөгеттерге көгенделгенше алдымен адам дауын шешіп алайық, – деп әкімдердің бетіне қарады.

Бұл сөзді естіген таңғыт-моңғол жағы өре түрегелді:

– Елісхан мырза, алдымен өз тентектеріңді тыя алмай отырып, өзгені қалай кінәламақсың. Сен мұнда әділдікті айтқалы келдім дейсің, артта қарақшыларың тонаушылықпен айналысады. Мұны қалай түсінуге болады?

Елісханның көздерінен от шашырап:

– Әкім мырза, келісім бойынша әуелі кісі өлімін адақтап алуға келісіп едік қой. Біздің тентектердің іс бүлдіргені шын болса, ол да сұраусыз қалмайды. Алдымыздағы күрмеуі күрделі мәселелерді шешіп алайық, қалғаны қайда

қашар дейсіз. Бұл дауларыңыз – қасақана жасалып отырған қысастық! – дегенді қатты-қатты айтты.

Сөзге Мұртық араласты:

– Елісхан мырза, әкімдерге жол-жорық көрсетіп қалай-қалай сөйлейсіз. Бұл да мәселенің біреуі. Алдымен алдындағы отырған адамдардың істерін адалдықпен шеше алмасаң өткен істердің түбіне қалай жетесің!

– Ма Буфаң мырзаның айтуы бойынша, Долан ауданына өткен-кеткен дауларды шешу үшін жиналып отырмыз. Енді, міне, көлденендеген көк аттының дауын қуып, алдымыздағы істі атқарусыз қалдырмақпыз ба. Шешілмейтін дауды шеменге байлағанша шақырмай-ақ қойғандарыңыз жөн еді ғой. Бүйтіп жылап келетіндер керек болса кеше өз адамдарың атып кеткен Қабидың кәрі шешесі мен жас қатыны қайғыдан қан жұтып, көз жасын көл қылып отыр. Қазір-ақ адам жіберіп, соларды алдарыңызға алдырып зар илетіп қояйын. Сонда солардың дауын алдымен шешер ме едіңіздер. Сіздерге елдік керек болса, дауды теріс бұрмай жөнімен шешейік.

– Бізге елдік керек. Саған жаулық болып көрініп тұр ма? Өңшең қарақшы! Жаулық керек болса тап қазір-ақ бірнешеуіңді жайратып салатын едім, – осыны айтқан әкім қатты бір ақырып, жан құралына қол салды. Елісханның жанында отырған Құсман орнынан атып тұрып:

– Елдік іздеп келген болсаңыздар екі жақты бір-біріне телитін желім керек. Ақылмен сөйлескілеріңіз келсе ақырын сөйлесеміз. Қатты кетеміз десеңіздер, сіздерде бар қару біздерде де бар. Әкім басыңызбен жұртты бірлікке шақыра алмасаңыз, мұнша халықты қолға қалай ұстамақсыз, – деп ақырып қалды. Сыртқы шапанының түймелерін ағытып, алдын ашты да, беліне қыстырулы тапаншасын жарқ еткізді.

Екі жақтың ақсақалдары басу айтып, жаңжал бәсеңсігенімен, жиналыс берекесіз аяқтады. Негізінде кеше қазақтар қосында, бүгін таңғыттар шатырында бас қосып әр екі жақтың бұланған малы мен өлтірген адамын анықтап алмақшы еді. Кешегі басқосуда пәле іздеген таңғыттар жағы бүгінгі жиналысты тағы бүлдірді. Бұл реткі басқосудан жанына күдік ұялаған Елісхан ләм-мим деместен орнынан тұрды да, адамдарын бастап сыртқа шыға жөнелді.

Былай шыға бере Елісхан:

– Мыналардың ойлаған бір сұмдығы бар. Алдымен соны білуіміз керек. Меніңше, дәл қазір бұлардан шешім күтуден көрі аспандағы ай жуық сияқты. Сондықтан Сәдей сізге тапсырамын – Секей шаңиядан хабар біліңіз. Қазақтар жағында дүңгендермен әмпей-жәмпей болып жүргендер бар. Олардың не білгені бар екен? Қошу, сіз Сары ұяңмен жақсы таныс едіңіз ғой. Соның тамырын басып көріңіз. Ал өзім де тыныш жатпаймын, сөйлесетін адамым бар, – дегенді айтты.

Кешкі астан кейін өзен бойында отырған Елісхан есекке мінген бір ұйғырдың үйдің жанына түсіп жатқанын көріп солай беттеді. Долан аудандық үкіметке кіріп-шығып жүргенде танысып, досжар болып кеткен ұйғыр қарауылдың бірі екен. Бірде Елісхан аудан әкімінің өзіне сыйлаған арзан сыйлықтарының бірін ұсынып көңілін аулап қойған болатын. Содан бері бір-

біріне жылы сәлемдесіп, әкім жамбылының жаңалықтарын ауық-ауық жеткізіп тұратын. Бағана біреулерден хабар айтып, келіп кетуін өтінген болатын. Ол Елісханды ауашалап:

– Таңғыттар мен моңғолдардың елбасылары аудан әкімінебірнеше қашырға артқан аң терілері мен алтын-күмістерін сыйға тартыпты. Бұлардың бәрі жоғары-төмен болып астасып отыр. Ертең шешуші жиналыс аудан жамбылында болады. Соған Құсман екеуінді шақырады. Текке шақырмаса керек. Қалайда жақсылық жоқ. Онсыз да жамбылдың ішіне пулемет құрып қалың қарулы әскер сайлап отыр, қапы қалып жүрмеңіз. Мына бейуақытты жамылып келіп, сізге имандай шынымды айтып отырмын. Жаратушы Хақ та «сақтансаң сақтаймын» деген. Ендігісі өзіңізге аманат, – деп сыбырлады.

Мұның шын-өтірігіне көзі жетпей, осының бәрі шырға болып жүрмесін дегенді ойлай бастағаны сол еді, Секей шаңияның сәлемін алып Сәдей келді. Секей болған жайды Сәдейге ауызша айтып, оның сыртында хат жазып жіберіпті.

Әсілінде, іс былай болыпты: Елісханға тісін басқан Ма Буфаң өзінің сөзін сөйлеп, сойылын соғатын таңғыт, моңғол, қазақтарды жеке-жеке шақырып алып арнайы тапсырмалар беріпті. Онсыз да кінәлі болғалы отырған таңғыттар жағының Долан ауданының әкімінің аузын майлағаны да шын екен. Осылайша, ертеңгі болатын жиналыс үстінде Елісханға қарсы жүретін алғашқы жүрісті таңғыттар мен моңғолдар бастап, өз айғақтарын қоймақшы екен. Елісхан оған қарсылық білдіріп, өре тұрғанда екінші жүріс ретінде Қасымның қолындағы қазақтардың бір құшақ арызын жайып салмақшы болыпты. Сөйтіп жауының ұпайын түгендеген өз жақындары: «біз осы елге бағынышты болайық дегенде Елісхан оған қарсы шығып алман-салық тапсырмандар деп ел ішіне іріткі салды», «Елісхан келуден бұрын ұлттар ара қарым-қатынас жақсы еді, Елісхан бәрін жауластырып болды», «інісі Қабиды мал қуып әкелуге жіберіп, енді оның өлімін таңғыттарға жауып отыр» деген сияқты көптеген пәле-қазаларды дайындапты. Ал сол арыздарға бір мұнша қазақтың қол қойғаны да рас дейді. Осылайша жығылған үстіне жұдырық дегендей, бәрі бастырмалата келе Елісханды бас көтере алмайтын қылмысты етіп, түрмеге тықпақшы көрінеді. Осыларды ауызша айтқан Секейдің хатында мынадай сөздер бар екен:

«Қарағым, әкеңмен замандас өткен адам едім. Мына кәрі бас нені көрмеді. Қазақтардан сыр тартуымша, сендерді шақырып алып тарпа бас салмақшы. Тілімді алсаң жиналысқа өзің бармай, өзгелерді жіберіп, аңыс аңдап көр. Сенің жауың жалғыз дүңген, жалғыз таңғыт пен моңғол болып отырған жоқ. Өз қазағың – туысқандарың жау болып отыр. Арызға алдымен қол қойғандар да – солар. Абайла, балам, бәрін ақылмен аңғарарсың» депті онда.

Елісхан үйге кіргенде оның артынан Қошу да ілесе кірді:

– Аудан жамбылының іші көк бөрте әскер, тап бір соғыс болатындай әлденеге дайындалған түрі бар. Сары ұяңға тікелей сөйлесе алмай жанындағылардан сөз тартсам: «Ертең жазалайтын қылмыскерлер бар, соған дайындалып жатырмыз» дейді, – дегенді айтты.

Ертесі ерте жамбыл жақтан «Елісхан, Құсмандар тез келсін» деген хабар келді. Елісхан хабаршыға: «иә, қазір барамыз» деді де, Омар, Көки, Сәдей үшеуіне:

– Сендер барындар, тұмауратып қалды, түстен кейін келіп қалар деп олардың шын кеспірі қалай екен, соны біліп келіңдер, – деп тапсырды. Көп өтпей олар қайта оралды:

– Елісхан мен Құсман келмесе іс бітпейді деп жатыр. Сұмдардың ішіне бүккен арам ниетінің барлығында шүбә жоқ. Тезірек қимылдамасақ, қапы қалатын түріміз бар. Тарпа бас салғалы дайындалып отырғандай түстері тым суық, – дегенді жеткізді.

Елісханның өңі сұрланып, ұрт еттері бүлкілдеп, көздеріне қан толды. Жіңішке мұртын соза ширатып, салқын мырс етті:

– Ойыншық қылатын адамды тапқан екен. Бізді бала көре ме осылар. Мұсылман тонын жамылған дүңгендері құрысын. Ма Буфанды алғаш көргенде сақалы иегінің астына қайрыла біткен қара сұр неме екен, қайырымы аз, қанды қасабы көп болар ма екен деп түңіліп ем. Сол ойым алдамаған екен. Мұны баяғыда білгенде басымызға айдар қойып кәпір болсақта туған жерімізде өлмес пе едік. Жаман қатын жас баланың көз жасы мен мұрын боғына қалған екенбіз-ау. Енді амал жоқ. Біздің жоғымызды осылар түгендеп бермей-ақ қойсын. Өз қотырымызды өзіміз қасып, өз жоғымызды өзіміз жоқтаймыз. Біреуге құл болу үшін жаралған жоқпыз. Қарап отырып намысымызды таптатқанша қарсыласып өлгеніміз артық, – деп атқа қонды.

Қазақ қосынынан мұндай тосын қимыл күтпеген жиыншылар ес-ақылын жинап, алды-артын түгендегенше қарулы қосынның қорғауындағы шағын көш Долан өңірінен ұзай берді.

* * *

Елісхан ат үстінде тас мүсінше мелшиіп, ешкімге тіл қатпай түнерулі келеді. Бұл жалғанда жалғыз Алладан басқа сенері жоқ. Арыстанның аузынан қашып шыққандағы мейір күтіп, медеу тұтқаны жолбарыс пен шие бөрінің апаны болған екен. Шың Шысай, Жаң Кайшы, Ма Буфаң тура солар сияқты түрі ұқсамағанымен тегі жыртқыш жаралған қорқаулардан аумайды. Шың Шысайды кәпір ғой деп кінәлап еді. Мұсылман тонын жамылған қыли көз бауыры да безбүйрек болып шықты. Бар сенген байталыма айғыр шауыптының кебін киді.

Атақты құсбегі Жалайыр шора Алтай мен Атыраудың арасындағы құс төрелерінің бәрін де оп-оңай ұстап алатын ерекше адам болыпты десетін. Сонда зеңгір көкке самғаған қырандар: «аспанда жүрсем қанатым талады, жерге қонсам Жалайыр шора алады» деп қамыға армандайды деуші еді. Былай қараса жер бетін жалмап келе жатқан қызыл өрт алдын орайды. Былай қараса, сүйір тілін жалаңдатқан алып аждаһа аузын арандай ашып тап береді. Ағайын-жұрт дейін десе қырғи қабақ аға-бауыры қырық пышақ болып қырқысуға дайын. Қайда барса – Қорқыттың көрі! Қайран қазақ, қайран елім, шынымен-ақ осылай ұстағанның қолында, тістегеннің аузында телім-телім болып

тентіреп кеткенің бе!? Басың бірігіп, бақытың шалқып, бауырыңа құт ұйитын қасиетті күндерің қайта айналып келер ме екен, шіркін!

Елісханның шаралы жанарына тұнған мөлдір тамшылар төгілуге шақ қана тұр.

Бір кездері ата-бабаларымыз тұтас түрік жұрты болып тұтасып тұрғанда азуымызды айға білеген айбарлы ел едік. Сайын даланы ат тұяғымен қуырған сол тұстың баһадүрлері: «үстімізде аспан, астымызда жер, ортасында түрікпіз» деп қана біледі деуші еді ғой. Тіпті онан кейінгі жаһанды жалпағынан басқан керей мемлекеті, найман мемлекеті секілді ордалы ел болып тұрғанымызда бізді кім шайқай алушы еді. Шайқамақ түгілі, Шыңғысхан сынды әлем патшасын атқа қондырып, алтын таққа отырғызған біз едік қой. Аспан астын уысына ұстап дүниені бағындырған көктен жауған моңғол емес, керей, найман секілді батыр елдің кеудесін оққа төсеген оғландары болатын. Бірақ сол Шыңғыстың қаһарлы дауылы өзгемен бірге өзімізді де қалтыратты. Қасиетті Алтай даласынан алғаш үркіп, Сырға дейін бостық.

Енді ғана ес жиып, ел бола бастаған замандарымызда жоңғарлар атқа мініп, халқымыз тағы ақтабан шұбырынды болды. Ұлымызды күл, қызымызды күн еткісі келіп қазақ даласын қанмен жуды.

Алла Тағала қазақтың маңдайына Абылайдай ұлды беріп, есімізді жиып, еңсемізді көтердік. Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, ЕрЖәнібек бастаған елі үшін еңіреп туған баһадүрлер толарсақтан қан кешіп елі мен жерін қорғады. Жоңғарлар жеңіліп, қазақ жері жаудан тазарды. Ақ байрағын жалаулатқан ата-бабаларымыз ескі мекенін іздеп Іле, Алтай, Тарбағатай өңіріне қайта шұбырды. Тасы алтын, тауы күміс, топырағы май киелі Алтай даласы аталарымызды жатырқаған жоқ. Көне жұртымызға келіп керуенімізді доғарып, керегемізді жайдық. Ұямыз бүтінделіп, ұйқымыз қанып өсіп-өне бастап едік, тәңір оны да көп көрді ме, баяны аз болды. Жау жағаға жармасқанда бөрі етектен алып, іргеміз сөгілді. Киелі мекеніне мекірене келіп, мерейі өскен абақ елі тағы бұзылды. Алтай қазақтары ендігі жерде Майлы-Жайыр, Еренқабырға, Боғда, Баркөл өңіріне бытырай бастады. Барған жерінде де басқаның көз алартуынан аулақ бола алған жоқ.

Ата-бабадан қалған ар-намысымызды былғатпаймыз деп қарсы келгенге қасқая шаптық. Күл еткісі келгеннің өзін күйреттік. Бірақ досымыздан жауымыз көбейді. Соңғы дәуірде ежелдің ең күнінен дұшпанымыз болып келген орыс пен қытайдың біріге қалып, бізді құртпақ болғаны халқымызды тағы да қансыратып кетті. Қайда барсаң әр сайдың аңғарында, әр тастың қуысында қанға шыланып домалаған қазақтың басы!

Тағы да қан, тағы да көш – сайда санымыз, құмда ізіміз жоқ сандалып жүрген түріміз мынау. Алла тағаланың мейір-шапағатын жаудырып, басымыздан сипап, бауырына тартатын біреу табыла ма, жоқ па, шіркін!

Баяғыда ата-бабаларымыз Атырау мен Арқадан Алтайға көшкенде: «аталарымыздың күл төккен мекені, арғы әкелеріміздің басы көмілген байырғы жұртымыз ғой» дегенді үмітіне үкі етіп, үдере көшіп келіп еді. Гансу-Чиңхайға қарай ағылғанда біз де: «Сақ, Үйсін бабаларымыздың байырғы

мекені екен деп Асан қайғы атамыз да желмаясын шалдырыпты» дегенді көңілімізге медеу етіп келгенбіз.

Енді қайда барамыз? Қазақ даласын орыс пен қытай бөліп алып, ойына келгенін істеп жатыр. Олардың зұлымдығы құрымай бізге күн жоқ. Өз үйінің ортасында отырып жетім қалған баладай енді кімге жаутандаймыз. Бүкіл ел тасқын селдей қопарылып менің соңымнан ергенде «осы бірдеңе білген шығар» деп сенім артып еді. Сол сенімді қалай ақтаймын. Қара орманын өрт шалып, балапанынан айырылған ана құстай шыр-шыр етіп белгісіз бағытқа ұшып бара жатқан түрім мынау.

Елісханның жанарынан домалаған қос тамшы бетін айғыздай барып атының жалына жұтылып кетті.

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді, елім-ай.

Осы бір мұңлы, ет-бауырды езерлік запыран зар көмейінде бүлкілдеп, аузынан бұрқ еткен жалынмен бірге күңірене көтерілді.

Төртінші тарау

ҚАНДЫ ЖОЛ

Елісхан ордасы аз қараң-құраңнан бір ақ серке мен қара қойды қатарынан әкеліп жиналған жұрттан бата сұрады. Әншейінде болса «қара малы несі» деп өре түрегелуге даяр тұратын қызу қанды керей жігіттері бұл жолы бірін-бірі кірпігінің қимылынан-ақ ұғып отырған түрі бар. Кеуделеріне шөккен қара нардай қамырықты серпіп тастауға шамалары келмегендей дәрменсіз күрсінеді.

Отырғандардың үлкені жәдік руының залыңы аталған Сабырбай еді. Шағын денесін бір ырғап, бет-ауызын жапқан сақал-мұртын сылап қойып, қоңыр үнмен баяу сөйледі.

– Кішік бала, – ол Елісханға қарады. Сөз арасына «кішік» дегенді қосып сөйлейтін әдеті еді, – сені жас та болса бас санаймыз. Осы елім деп, бәрімізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмаймын деп көшті бастап едің. Қарағым, досымыздан жауымыз көп болды. Десе де, ерсің ғой. Еркек боп туған адам еркекше өмір сүреді, – Сабырбай осы сөздерді айтып айналасын бір шолып шықты. Жұрт үнсіз тыңдап отыр, – баяғыда Ер Жәнібек бабамыз Сырға дейін босып барған керей елін Алтай тауының аяққы сілеміндегі Қалба тауына дейін әкеліп көшін доғарған екен. «Ұлы Ертістің бастау алған Өр Алтай жеріне қарай көше бермейміз бе» деген жас батырларға: «Өр Алтайдың суы тентек, ағыны қатты. Қан көп төгілер жер болар ма екен. Қабанбай батырмен ілесіп Ауған деген елдің шетіне дейін барып едім. Сол өңірдің халқы тегіс мұсылман екен. Одан ары Кеңтүп, Тартүп деген керемет жерлер бар деп естідім. Бірақ атымның аяғы жетпеді. Ойдағы орыс пен қырдағы қытайдан мойны қашық,

түбі біздің қазақ баласының бір тиянағы сол мұсылман елдері болар ма деп ойлаушы едім. Сол үшін де бірден көшуге асықпайық. Алды-артымызды, оң-солымызды барлап алып, баратын жерімізді әбден бағамдап алайық» депті десуші еді ұлы кәрілер. Жарықтық сол мұсылман елдерін бекерге ауызға алмаған шығар. Сол айтқан Кеңтүп, Тартүбінің біріне жетсек қор болмаспыз-ау деп ойлаймын. Басқа не айтамын. Менің де азу тісім босап, ақылым азайып отыр. Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Не айтамын. Ақыл – жастан деген. Енді қайда барамыз, не күн көреміз. Қара қойдың қанына қол матырып қасамдасар сәттің жеткенін жастар жағы да аңғарып отырған шығар. Ендігі сөзді осылардан тыңдайық.

Осыны айтқан Сабырбай оң жағында отырған Аңғалбай мен Сауытбайға аз-кем қарап отырды да, онан солындағы Айылбай, Жәукіш бастаған Омар, Көки, Мұңлық, Беги, Байеке, Рақи молда, Қойшы, Ілияз, Ыдырыштарға жағалата көз жүгіртті.

Жұрт бір сәт тығырыққа тірелгендей үнсіз қалды. Сөз кезегін Елісхан алды.

– «Жақсыға басын айтсаң аяғын өзі түсінеді» демекші, Алтайдан ауған ел Баркөлге келсе, Баркөлден үркіп мұнда келгенімізде бұл жердің де мекен болар түрі жоқ. «Кеңеспен пішкен тон келте болмайды». Баяғыда Баркөлден көшерде де: «Ілесемін, ілеспеймін дегенді өздеріңіз шешіңіздер, ешкімді зорлап обалына қалмаймын» дегенмін. Қазір де сол сөзімді айтамын. Өз тағдырларыңызды өздеріңіз шешсеңіздер өкінбейсіздер. Менің ойлап жүргенім жалғыз қара басымның қамы емес. Қазақтың қара қазан, сары баласының тілеуі. Осы отырғандарымыздың ұл-қыздарымыздың ертеңі. Ендеше, не істейміз. Көшсек қалай көшеміз. Жаңа Сабырбай залың да бәрін айтты. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы, – деп тоқтады ол.

– Қарағым, Елісхан, – сөзге енді Айылбай араласты. – Біз сені қой асығы демедік, қолымызға жағып, сақа болдың, жасың кіші демедік, ақылың асып аға тұттық. Бізге іні болғаныңмен осындағы ел сені серкесі санайды. Баяғыда ел Баркөлден бұзылғанда көп адам: «Елісхан елді бүлдіріп қайда барады» деп сөгіп еді. Бұзауға туған күн бұқаға туып тақымына қытайдың қылбұрауы түскенде: «Елісханның соңынан кетпесек болмады» деп дүркірей қозғалған болатын. Жаныңның адалдығына, арыңның тазалығына бүкіл ел басын иіп отыр. Сенің айтқаныңды бұрмаймыз, ел серкесі өзіңсің, біз соңыңнан еруге бармыз, – деді ағынан ақтарылып.

– Бәрі де Алланың қолында ғой. Дегенмен де, дініңді, тіліңді қорғау жолында жауына бас имей күресу нағыз ерлердің ісі, – Рақи молда шоқша сақалын тарамдай отырып әңгімесін соза түсті, – төрт би, төренің заманында қазақ өзін өзі басқарып біраз жыл тыныш өмір өткізіп едік. Арамызға кәпірлер қалай кірді, берекеміз солай бұзылды. Ағайын арасының да іріткісі көбейді. Ақтай бастаған шерушілер мен Асылбек бастаған базарқұлдардың біразы Қобдаға қарай қотарылғанда, Бөке батыр бастаған біраз ел Шіңгілден Шонжы жеріне ауды. Шонжыдан Дихуа өңіріне жақын Еренқабырға, Боғда төңірегін мекендеп еді, онда да қытай ұлықтарына жақпады. Ақыры Тибет жеріне көшті. Бөке өлгеннен кейін көрдегі өліктің басын кесіп алған қытай қуғыншылары

басшысыз қалған елді шырқ иіріп кері айдап әкетті ғой. Сол қуғыншылардан бөлініп қалған қазақтар да көп болған екен. Солардың ішінде Жетпісбай, Бортан, Қайса, Қақыш деген кісілер көрмеген азапты көріп, тентіреп жүріп Үндістан жеріне өтіп кетіпті. Ол елде мұсылман қауымы көп екен дейді. Беті жылтырап тұрғанымен ішінде мұз жататын дүңгендерге қарағанда қайырымды халық болса керек. Мешіттерге келіп қайыр тілеп жүрген әлгі төртеуін көріп, ішер ас, киер киім беріп бір жыл бағыпты. «Енді қайда барасыңдар» дегенде бейшаралардың ауызына қажылық түссе керек. Сөйтіп, өз тілектері бойынша қажышыларға қосып Меккеге жіберген екен. Олар Меккеге баруын барса да қалай қайтарын, қайда барарын білмей тағы да мүсәпірлік күй кешіпті. Сол жерде сенделіп жүргенде 1908 жылдары шамасы бақтарына жарай Алтайдан Ақыт қажы, Тарбағатайдан Мамырбек төре бастаған бір топ қазақ қажышылары Меккеге барғанда оларға кезігіп қалыпты. Бұл кезде Жетпісбай Меккеде өліп, үшеуі ғана қалған екен. Ақыт қажы қажышылардың басын қосып ақша жинап оларды Алтайға аттандырып жіберіп, өзі артынан келіпті. Сол Бортанның Бөке көшінде туған ұлы Сейітхан Қарамолда аталып осы көште жүр, – Рақи молда сөзін осы араға әкелгенде аз кідірді, – мұның бәрін неге айтып отырмын. Іштегі елге қарағанда сырттағы мұсылмандар бауырмал екен. Хотан мен Қашқар жағының ұйғыр саудагерлерінің сол жаққа аяғы үзілмейді екен. Осы жағын да ескергеніміз жөн шығар.

– Барған елі керемет болса әлгі төрт жаяу неге сонда тұрып қалмаған. Қиыр қонып, шет көшкен Бөкенің тағдыры не болды. Көше беру деген айтарға оңай болғанмен оның да азабы ауыр, жолы қия. Бұл жағын да білген дұрыс, – Көки жай ғана күңк етіп, көптің көңіліндегі бір күдіктің шетін жылт еткізді.

Осы кезде киіз үйдің есігі айқара ашылып, ашаң жүзді, аққұба келген сындарлы жігіт сәлем бере кірді:

– Ассалаумағалейкум.

– Уағалейкумассалам.

– Төрлетіңіз, аға. – Елісхан төс соғыстыра амандасып кірген жігітті көпке таныстырды, – Ахметқали деген ағамыз – арғы беттен асып келген найман азаматы. Шақабай ауылдарына сіңіп кеткен. Көп ел бұл кісіні «Ақмолда» дейді.

Ахметқали дегенде үдірейе қарап отырған жұрт «Ақмолда» дегенде барып: «иә, иә, әлгі Нәзір тәйжінің ауылынан келген Ақмолда деген кісі осы екен ғой» десіп сырттай танитындықтарын білдірісті. Мардан үкірдай бірде осы Ахметқалиды Елісханға таныстырып: «оқыған-тоқығаны көп, білімді азамат, үйір-шүйір жүрсең бір керегіңе жарайды» деген болатын. Елісхан жайшылықта адамдармен көп сөйлесе бермегенмен өзінен білімді, білетіні көп адамдарды көргенде бүйрек бұрып мәслихаттасып тұруды ұнататын еді. Сол әдетімен Ахметқалимен де көп мәрте кеңескен болатын. Әсіресе, Кеңестер Одағы және оның саясаты мен ондағы халықтардың тағдыры туралы талай-талай әңгіменің тамырын тереңнен суыртпаған. Енді мына топтың үстіне әдейі шақырып, сол әңгімелерді қайта қозғағысы келіп отыр.

Ахметқалидың басынан аяғына дейін барлай қарап отырған шалдардың бірі:

– Е, мизамша тік жаға кигеніне қарап бөтен ауылдың баласы-ау деп ойлап едім. Найман атаңның балаларының көбі шолақ етек болушы еді. Бұл жігіттің етегі едәуір ұзын екен ғой, – деп әзілдей тиісті. Әзіл болса да оның астарында «не дер екен» деген сынау сыңайының жатқанын бірден түсінген ол бүйірінен атқылаған ақсақалға бұрыла күліп:

– Кәменестер етегімді қысқартамын деген соң, олардан қашып шығып кең қолтық керейдің арасына келіп шапанымды ұзартып алдым емес пе, – деп тіл қатты.

Отырғандар ду күлді.

– О, бәрекелді, дәл айттың. Жөн, жөн. Бәсе, бекер адам Ақмолда аталмайды ғой, – деп қостады Сәдей. Арадағы аз әңгімеден кейін Елісхан:

– Бұл ағамызды мен қысқа ғана таныстырдым. Ұзын хикаясын сіздер өз аузынан тыңдасын деп отырмын, – деп Ахметқалиға қарады.

Өзінен сөз күтіп отырған көптің ыңғайын тез аңғарған Ахметқали ақсақалдар жағынан қарап:

– Аталар рұқсат етсе өз жайымды айта кетейін, – деп әңгімесін арыдан бастады.

– Айта ғой, айта ғой, – десті кәрілер жағы.

– Руым найман ішінде саржомарт, әкем Жайсаңбай Өскемен өлкесінде, Ертіс бойында Қаршыға еліне он екі жыл болыс болған. Ел қамын ойлайтын, халқына өте сыйлы адам болыпты. Ақ патшадан алтындаған тон киіп, капитан шенін таққан екен. Халқын патша үкіметіне жәбірлетпей, айналасындағы ағайын-туғандарымен, атқа мініп бас көтерер азаматтармен дұрыс тіл табысып, елін, жерін бейбітшілікке ұстай білгеніне қарағанда дана, саятшы адам болған секілді. Ескіше оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу жан болумен бірге сол өңірдің атақты байларының бірі екен.

1917 жылдан басталған сәбеттік қызыл үкіметті орнату төңкерісі қазақ жеріне үлкен зобалаң ала келді. Сталин үстемдігі орнап оның қолшоқпарына айналған Голощекиннің Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына келуімен қазақтардың басына қара бұлт үйірілді. Ол келе салып дін адамдары мен ірі байларды жазалау жорығын жасады.

Біз бір әкеден – Ақмәди, Ахметжан, мен – Ахметқали жиыны үш ұл едік. Бастапқы да ескіше оқысам, кейіннен жаңа оқумен сауат аштым. 1920 жылдардан бастап жаңаша оқытуды даярлайтын мұғалімдер жетілдіру курстары ашыла бастап еді. Үлкендердің қарсылығына қарамай Семейдегі мұғалімдік семинарияға жаңаша оқуға кіргенім үшін молдаларды жазалауда аман қалдым. Бірақ көнеше десе көнешеге жүйрікпін, бай десе бай, болыс десе болыс болғаным үшін «байларды жазалау» науқанынан құтыла алмадым. Жалғыз-ақ түнде бас салып қолыма көзір, аяғыма кісен салып ала жөнелді. Мал-мүлкіміз бен неше жылдай жинаған көп кітабымыз талауға түсті. Сол сүйрелгеннен мол сүйреліп Өскемендегі Крепость түрмесінен бір-ақ шықтым.

Алғашқы әйелім Рухия екінші балаға жүкті болып жүріп туыттан қайтыс болды. Артында София деген қызымыз қалған еді. Кейіннен Оразай деген кісінің Нұрқатия деген қызымен үйлендім. Одан Күлсай, Марғума деген екі қызым бар. Әкем Құдай ажалынан өліп, орнында шешем Сиса қалып еді. Өзі ноғай қызы болатын. Мен түрмеде жатқанда әйелім Нұрқатия мен қызым София тамақ әкеліп түрмеге келіп-кетіп тұрды. Түрменің іші тастай қараңғы, асты-үстінен шегенің ұшы қадалған тар қуысқа қамап, күні-түні қинап, ойға да кірмейтін сұрақтармен діңкелететін еді.

Софиям өңді болды. Сол қарғам түрмеге келіп жүргенде түрме бастығының көзі түсіп, жас қызды алдауға кірісіпті. Әкеңнің тірі қалғаны жақсы ма, өлгені жақсы ма деп сұраса керек. «Тірі қалғаны керек» деп жылапты қызым. «Онда сен маған тиесің, әйтпесе әкең өледі» деп қысайды. Байқұс бала көз жасын көл қылып оны алдау үшін ақыры мақұлдық білдірген болады. Бірақ маған айтпаған, ештеңеден хабарсызбын. Бар болғаны: «Сені құтқарып әкететін адам бар» деп мені қоқыс салынған арбаға жатқызып, үстіме қоқыс, күл басып түрмеден ұрлап шығарды. Ағам Ақмәдидің қызы Рәзипа ер жігітке бергісіз ақылды қыз еді. Маған арнап бір арғымақ жаратып отыр екен. Сенімді адамдар қосып түнделетіп шекарадан өткізіп жіберді.

Сөз осы араға келгенде Ахметқалидың көзі жасаурап, тұнжырап отырып қалды. Ақшыл өңі күреңітіп кетті.

– Кәпір ғой, кәпірлер аямайды, оңбағандар. Лағынет жауғырлар! – деп қарғанды Жәукіш.

– Неткен зұлымдық. Бар пәленің бастауы орыста екен ғой, – деді Беги.

– Айта бер, қайтсін енді. Іштен шыққан шұбар жылан оңай ма. Болмаса мұсылман емес, кәпірдің қылығын қарашы. Айта ғой, сонан, – деді кәрілердің бірі.

Ахметқали жөткірініп алып қайта сөйледі:

– Айта берсе хикая көп. Мылжындай беріп бастарыңызды ауыртатын болдым-ау.

– Өңгіменің қызығына енді келдің. Айт, шерінді айтсаң ішің кеңиді. Көңілдің кірі айтса кетеді, көйлектің кірі жуса кетеді.

– Арғы беттен қашып келген біраз найман сіздердің қолтықтарыңызға тығылды ғой. Кең қолтық керей деген сөз тегін емес. Алла разы болсын, бізден қайтпаса Алладан қайтатын шығар. 1929 жылдың аяғы қыс ерекше қатты болды. 1930 жылды жұтпен қарсы алған Өр керейге қашып келдім. Ол жақтың найманы Өр Алтайда екі адамның есіміне қанық едік. Оның бірі Тары би болса, бірі Мәми бейсі еді. Сол жылдары қашып өткен Әбдікәрім болыс – Қамбар, Шабдан деген балаларымен Мәми ауылын паналады. Одан бұрын Төлебай, Әлкенбай, Шәкен, Жақия молда, Арғынбек ақын секілді адамдардың Шіңгілге келіп Тары ауылына күйеу болған Ниязбайға арқа сүйеп, керейлерді паналап аман қалғанын білетінбіз. Шақабай ауылы мені де сырт тепкен жоқ. Қанатының астына алып, бауырына тартты. Бірақ көңілім құлазып ел-жұрт, бала-шағамды ойлап мазам кетті. Арада бірнеше жыл өткенде Кеңес Одағы мен Шынжаң арасында сауда қарым-қатынас жасалып, екі елдің байланысы

жақсара қалды. Өзім жақсы араласып жүрген ауыл адамдарына «ел-жұртыма ұрланып барып қайтсам» дегенді айтып едім:

– Ойбай-ау, сені жалғыз жіберіп не көрінді бізге. Жердің тесігін жамап жүрген бірнеше жырынды жігіт қосып берейік. Керек болса Сталиннің де ұрлап әкеледі, – деді. Бірақ оған мен көнбедім. Бірі – адам көбейсе дабырасы көп болады, екіншіден, арандалсам өз басыммен кетсін, жалғыз көрейін деп ойладым. Шақабайдың ел иелері жүйрік қосар ат беріп, ақ батамен аттандырып салды. Бөрінің аңдуымен жортып, шекарадан ұрланып өтіп, Семей, Өскемен өңіріне де ат басын тіредім. Мен қашып кеткеннен кейін шешем Сисаға қызылдар көрмеген қорлықты көрсетіп, соның тақсыретінен көз жұмыпты. Жылағанмен орнына келетін іс жоқ. Оңаша орманның арасына тігілген жыртық киіз үйді паналап, туыс-туғандарды бір-бірлеп шақырып, ақырын-ақырын қоштастым. Қызым Софияны көре алмадым.

Ақыры екі қызым мен Нұрқатияны алып, Ертісті өрлеп Өр Алтайға тарттым. Қызылдарға бүйрек бұрған Шырақ деген жан туысым сатқындық істеп, жауға хабар беріп қойыпты. Шекараға таяп қалғанда соңымыздан қуғыншы көрінді. Алтайдың күдірінде шауып үйренген менің қос күреңім ілдірмегенімен балаларымның мазасы кетіп ақырындай бердік. Шекараға бір шақырымдай ғана қалғанда Нұрқатия көз жасын көлдетіп:

– Тағдыр бізді қосуды жазбаған екен. Енді кешіксең бәріміз де құримыз. Сен аман бол. Қатын-балаға түк те қылмайды. Мен жауды шырғалап, беталды шаба жөнелейін. Сен жылғаны құлдап өзеннен өтіп кет, – деді.

– Жоқ. Олай істей алмаймын. Не көрсем де сендермен бірге көремін, – дедім мен.

Әйелім зар еңіреді:

– Қызылдар қынадай қырып жатқан мына күнде артыңда бір тұяқ та қалмасын деп тұрсың ба. Сен еркексің, аман болсаң тағы да үйленіп балалы боларсың, ұрпақ үзілмесін, бізге енді келме! Құрисың! – деді.

Мен сонда да болмай:

– Болмаса балаларымның бірін алып кетемін, – дедім.

– Зар жылап тұрған түрлері мынау. Жауға дыбыс беріп қояды, қолды боласың, қаш деген соң қаш! – деп атымның сауырына қамшымен тартып кетті. Ауыздықпен алысып тұрған жүйрігім өзен арнасына қарай тік секірді. Нұрқатия дөнестеу бір биікке шығып алып, өзеннің өр жағына шаба жөнелді. Ағынды құдилап егіліп барамын. Әйелімнің ерлігіне таңқалып, ет-бауырым езіліп барады. Солайша туған жер, өскен өлке, қатын-баламнан тірідей айырылдым. Ахметқали тағы да үнсіз отырып қалды. Аздан соң басын көтеріп:

– Бәрі де Алланың жазған жазуы, сызған сызығы шығар. Оны бұзып кететін дәрмен бізде жоқ. Солай болса да, жүрегің еттен жаралған соң езілмеске дәтің жетпейді, – деді де, әлдебір өлең жолдарын қинала күбірледі.

Құзғынды мен Жайдағым,

Жайлаушы едік аймағын.

Қаратай мен саржомарт,

Мекендеген найманым.

Ойлағанда іш күйер,
Алтайдың қызық сайранын.
Атамекен жеріңнен,
Енді айырылып тайғаның.
Қалам алсам қолыма,
Көңілге түсер қайдағым.

Арада Қалжыр, Тақыр-ай,
Қалдың алыс, апыр-ай.
Жер сағынып жылайды,
Қазақтың бала, қатыны-ай.
Бөтен жерде тығылып,
Зарланып қазақ жатыр-ай.
Жер – адамның анасы,
Шыдаймыз қайтіп япыр-ай...

Ахметқалидың жанарынан лықсып шыққан мөлдір жас бірін-бірі қуалай сорғалап кетті. Тағы бірнеше адамның танауын тартып қорс-қорс жылағаны білінді.

– Арғынбектің өлеңі екен ғой. Қайран мұңлық-ай. Оның да өзегі өртеніп жүр екен ғой.

– Қайран Алтай, қайран жер, көре алар ма екенбіз!

– Қайран Баркөл, сен де сөйтіп қалдың-ау!

Ахметқали қатты бір жөткірініп алып, дауысын көтере сөйледі.

– Осының бәрі – қызылдардың зұлматы. Сол Қызыл империя өз халқын отқа қақтап болып, алыстағы бізге де ауыз салды. Алтайдағы арыстар мен ел ағаларын айтпаған күннің өзінде арғы беттен келген Шәкәрімнің ұлы Зиятты, Әбдікәрім ұлдары Қамбар мен Шабданды, күйеу баласы Ғазез Қалбановты, Мәметек бидің немересі Айдархан, Мұхтарханды, Сәлім Жаназаровты, Әбдікерімнің қайын ағасы Изеттің Ысқағын ұстап із-тозсыз құртты. Сол қырғыннан шыбын жанын алып қашып жүрген мен пақыр Алланың бұйрығымен араларыңызда жүрмін. Енді қанша дәмім болады, ол бір Алланың қолында. Ал айтайын дегенім, жүрген жеріне шөп шықпайтын Қызыл империядан, олардың зұлымдығынан қашқаннан басқа амал жоқ. Бұл жер мекен болмайды. Кету керек, қалайда кету керек!

– Бұл қызылдардың әкесін қазақ өлтірген жоқ еді ғой. Осығұрша қудалап, сары ізіне шөп салып, тұқымын тұздай құртпақ болған зұлымдықтары не! Неге бұлай?! – әншейінде көп сөйлей бермейтін Қойшы батыр осылай деп кіжінді.

Жұрт Ахметқалидың аузына қарады.

– Жердің арғы бетіндегі Америка құрлығына ағылшындар алғаш кіргенде индиандарды қырып та, ашықтырып та құрта алмапты. Ақыры алдымен ел серкелерін құртып, онан соң мәдениет, білім, ғылым ағарту жолымен ұлттың өзегіне құрт болып үңгіп кіріпті. Ағылшындардың бейбіт жолмен жаулап алу мақсаты осылайша іске асқан екен. Зұлымдықтың бәрі де бақа тілдес, балық үндес ағайындасып жатады ғой. Мұны орыстар көшіріп қолданып қазақты

торғайдай тоздырды. Енді орыстыкін Шың Шысай бастаған қытайлар көшіріп қолданып, «алты саясат» арқылы арамдық торын жайды. Ел ішіндегі сорпа бетіне шығарларды қойдай көгендеді. Мұндайға қазақтың «иілген басты қылыш кеспейді» деген сөзі жүрмейді. Керісінше, басыңды идің – бітті, қылышпен қағып түсіреді. Допша тебеді. Қазіргі Сталиндік қырғын, Шың Шысайдың зауалының түп-тамыры міне осында.

– Кәпір қашанда кәпірлігін, аярлығын қоймайды. Тісінің ағын көрсетіп тұрып, аузына ақ май тығып қойып бауыздай салады, – деп сөзге араласты БІдырыш молда, – баяғыда біздің ауылдарға түрік молдалар келіп бізді Мұстафа Кемал Ататүрік деген патшамыз жіберді. Орта Азиядағы түркілердің жағдайын біліңдер деп еді деуші еді. Сол Түркияң алыс па. Қажышылар айтқанда жердің түбі қылады ғой, – деп тамсанды.

– Сіз айтқан әңгіменің жаны бар. 1917-1918 жылдары Мұстафа Кемал Ататүрік түрік халқының ұлт-азаттық күресін бастады. Қазақстан жерінде де «Алаш» партиясы құрылды. Шындыққа жүгінер болсақ, бұлардың арасында сабақтастық бар еді. Сол жылдары Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулат Шәуешекке дейін келді. Ал Мұстафа Кемал Ататүрік 1923 жылы Түркия республикасын құрып оның президенті болғаннан кейін түркі халықтары отырақтасқан өңірлердің бәріне өз адамдарын жіберді. Олар Кеңес құрамындағы қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен секілді бауырлас ұлттарға барып қана қоймай, қытайдағы ұйғырлар мен қазақтардың арасына да келіп қайтқан. Сол үшін де Мұстафа Кемал Ататүрік бір сөзінде: «Кеңестік империя біздің дос көршіміз, бірақ күндердің бірінде ол құлауы мүмкін ғой. Сонда біз оның бұғауында отырған түрік бауырларымызды өзіміз іздеп тауып алуымыз керек» деген екен. Егер олар бізді тауып алғанша біз оларды тауып алсақ нұр үстіне нұр болар еді. Әттең, арамыз тым шалғай!

– Бәрінен қорқа бергенше неге болса да тәуекел дегеніміз дұрыс. Шешінген судан тайынбайды.

– Ел аралап сауда жасап жүрген екі сарттың бірі Үндістанды мұсылмандар елі деп мақтайды. Сарттар мекендеген Қашқар мен Үндістанды Қарақорым деген тау ғана бөліп жатыр дейді ғой.

– Туған жерімізден жырақтап қаша бергенде алдымыздан қандай жұмақ кезігеді дейсің. Одан да Алтайға қарай тартып, ондағы көтерілісшілерге қосылып, қытайлармен қырқысып өлгеніміз артық.

– Алтайға өту үшін арамызда дүңген жатыр, одан ары Баркөл жатыр. Екеуін кесіп өтіп боламыз дегенше қырыла-қырыла құрып болатын шығармыз. Кәпірлердің бетін ары қылсын. Өлсек те жаназамызды шығарып қоятын мұсылманның қолынан өлгеніміз жөн.

– Қанша дегенмен де, бұл елдің патшасы – қытай. Қытай патшасының қолына қарағанша мұсылман патшасы бар елге кеткеніміз дұрыс. Кемінде балаларымыз ізгі жүректі мұсылман болып өседі.

Жұрттың көңіліндегі толқу осыған ойысқанда олар енді Ахметқалиға емес, Елісханға қарады. Ол да осы сәтті күткендей ағытыла жөнелді.

– «Көп тілеуі көл» дегендей, сіздердің арман-тілектеріңізді, ойларыңызды білейін деп сөз тізгінін өздеріңізге ұстаттым. Әңгіменің қалай ойысып отырғанын да аңғарып отырсыздар. Алдына көлденең келгенді жалмап келе жатқан орыс мемлекетінің зұлматы өз жерімен ғана шектеліп қалмай бүкіл дүниені жалмап келе жатқанын жаңа Аханның аузынан естідіңіздер. Бұл әңгіме туралы жалғыз Ақмолда ғана емес, сол жақтан қашып келген талай кісімен әңгімелесіп заман ауқымына бір кісідей-ақ қаныққанымды білетіндеріңіз бар, білмейтіндеріңіз бар. Сол әңгімелерді менің аузымнан тыңдағаннан көрі басынан өткерген адамнан тыңдасын деп Аханды шақыртып, арғы-бергіні қазып отырғанымыз да содан. Бүгінгі Шынжаңда жасап отырған Ислам дініндегі ұлттар туралы айтар болсақ, олардың шеттегі мұсылман түріктеріне шығатын жалғыз ғана жолы бар. Қазіргі біз шығатын есік те, төр де біреу-ақ. Ол – Үндістан. Бұдан басқа қандай жол бар, қане айтыңыздаршы... – сөзі осы араға келгенде Елісхан отырғандарға жағалата көз жіберіп азырақ тыныстады, – әрине, жоқ. Орыстың қызылын былай қойғанда қытайдың қызылының өзі осыдан үш-төрт жылдың алдында Гансу-Чинхай жеріне дейін қаңғырып келмеп пе еді. Адубай ағамыздың ауылы өздерін жаулағалы келе жатқан әскер екен деп көбін жайратып тастаған болатын. Демек, бұл нені ұқтырады. Тілі бір, діні кәпір кәменес қызылдар жер бетін жалмап келе жатыр деген сөз. Жаныңды тыныш ала қойса ол бәрібір өлім. Ал арынды былғап, аузыңнан иманыңды алып, қатыныңды күң, қызыңды қатын етіп тірідей тозаққа салса, бір емес, екі өлесің. Өмірге бір-ақ рет келеміз, ендеше арымызды таптатып екі өлгенше бір-ақ рет өлуіміз керек қой. Сонда бізді қандай жұмақ күтіп тұр дейтіндеріңіз де бар шығар.

Ал мұнда қалсақ, жұмақ түгілі қандай өлім күтіп тұрғанының өзін ойлау қиын. Тірі түгілі өлгеніміздің көрін ақтарып басын кесіп алғанын да жақсы білесіздер. Кеше осы ел, осы үкімет үшін жүгірген Шәріпхан, Баймолла қайда. Аузынан иманын тастамай, бүкіл елге ұйытқы болған Ақыт қажы, Қарағұл залың қайда. Қазақтың жүз қатыны емес, мың қатынын қатарынан жатып толғатса да енді сондай ұлдарды туа ала ма?!

Қасиетті Құран Кәрімде кімде-кім Алла жолында Мекке-Мединаны, Мұхаммед Пайғамбарды бетке алып шығып дінін, ділін қорғау жолында күрес жасаса, солардың жолын оңғарамын және жанын жәннатта қыламын делінген. Қызылдардан қашпайтын болсақ, кем дегенде ұрпағымыз дінінен, тілінен, ділінен айырылады. Ал алғашқы ат басын тіресек деп отырған Үндістан халқының басым көпшілігі – мұсылман. Мұсылман елінен пана тапсақ, ең құрығанда мұсылман күйінше қаламыз. Өлсек те басымызды құбылаға қаратып қояды. Мүмкін шапағатымен жарылқап жағдайымыз оңалып жатса атамекеніміз болған Алтай, Баркөлге қайта оралуымыз да мүмкін. Қасиетті Алтай даласынан ата-бабаларымыз да неше үркіп, неше оралған ғой. Оны Алланың дәмі біледі.

Алла қуат беріп Үндістан жеріне аман-есен жетіп алсақ, одан ары бауырмал түрік қандастарымыз отыр. Жер бетіндегі бізге қан жағынан ең жақын – солар. Алтай даласынан ең алғаш рет жыраққа аттанып кеткен туыстарымыз да –

солар. Ата-бабаларымыздың кіндігі бір таудың топырағына көмілген. Талай-талай қажышы қарияларымыздың әңгімесіне қарағанда олар да бізді әлі ұмытпаған көрінеді. Бізді атажұртымызда қалып қалған туыстарымыз деп біледі екен.

Асан әулиенің өзі сол түрік жеріне дейін барып желмаясын шалдырыпты. Онда түріктер Хасан тау деп атап кеткен Асан қайғы атамыз шыққан қасиетті тау бар дейді. Біз әдетте дініміз ислам, затымыз түрік, ұлтымыз қазақ дегенді тектен-текке айтпаймыз. Ата-бабаларымыздан қалған өсиеттердің бәрінің де өзіндік мәні бар. Егер түрік бауырларымызға жете алмайтындай болып жатсақ немесе одан да ары кету керек болса, онда соңғы тұрағымыз Алланың қасиетті үйі тұрған Ислам әлемінің бастау алған араб жері – Мекке мен Медине болмақ.

Біздің Алладан басқа сенеріміз қалған жоқ. Сондықтан да біздің ұзақ жолымыз Алла жолындағы ақ сапар деп біліңіздер, дінімізді қорғап, затымызды таза сақтау үшін бізге бұдан өзге жол жоқ. Шыбын жанымызды аузымызға тістеп Алла жолындағы ақ сапарымызды дүниенің ең биік жотасы болған Гималайды бағындырудан бастаймыз. Жер бетіндегі әр қандай қиындық – Алланың бізге жіберген сынағы.

– Жөн ғой, қарағым. Алладан басқа кіміміз бар біз сорлының. Жаратқан ием жар болса өле қоймаспыз, – отырғандардың біреуі соза күрсініп сөз қыстырды. Елісхан сәл бөгеліп, әңгімесін жалғай берді:

– Аспанмен бой таласқан Гималайдың алып асқарлары сол сынақтың алғашқысы болып алдымызда көлденеңдеп жатыр. Алла жолында адамдықтың ақ жолымен арпалысып, ар-намысымызды таза ұстасақ, ұрпақтарымызға өшпес өнеге қалдыра аламыз. Біздің басқан ізімізге қарап олар өздерінің ешкімге тәуелсіз бостандық жолындағы күресуші батыр халықтың ұрпағы екендігін мақтаныш ететін болады. Құл болмау жолындағы күрес – ата-бабаларымыздың бізге қалдырған асыл рухы. Біз сол рухымызды ұрпақтарымызға аманаттап беруіміз керек.

Жүрегімізде бір ғана Алла, аузымызда иман калима, бойымызда қайрат болғанда ғана біз осы қиын жолдардан тайсалмай өте аламыз. Ол үшін бәріміздің көкірегімізде үміт пен сенім болуы керек. Тәуекел дегендеріңіз қара қойдың қанына қол матырып соңымнан еріңіздер!

– Аузыңа Алла салған шығар, айтқаның періштенің құлағына шалынып, Алланың назарына іліксін. Еліңді Баркөлден алып шығып кәпірлерден бір құтқарып едің. Мына тірі тозақтан – жауыздықтың ұясынан тағы бір мәрте құтқара көр. Жолдасың Қызыр болсын. Алған бетіңнен қайтпа, ердік соңынан, бастай бер аянбай, – Аңғалбай бірінші болып ағынан ақтарылды.

– Тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұңқырда боламыз.

– Малымыз – жанымыздың, жанымыз – арымыздың садақасы.

– Қазақ қай заманда да жауына бас иеген, қазақтың көші – болашаққа деген жорық жолдары. Алған бетімізден қайтпаймыз. Қара тұяқтан хал кеткенше күресеміз. Хаһ дініміздің жолында кәпірлермен соғысып өлу шейіттікке жатады.

– Дінімізді жоғалтпаймыз. Ұлтымызды күртпақшы болғандармен өле-өлгенше соғысамыз. Жер бетінде жалғыз қазақ қалса да қазақ екеніне мақтанып, қазақ рухымен өмір сүретін болсын.

– Біз түгілі дінін қорғау жолында сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед сАллаллаһу аләйһи уәсәлләмнің өзі Меккеден Мединеге көшкен болатын. Сахабаларының бірі ол кісіден: «енді көшпейтін шығармыз» деп сұраса керек. Сонда ол кісі: «Күпармен күрес бітпейінше көш те тоқтамайды» деген екен. Күпар деп отырғаны Алла мен Пайғамбарды мойындағысы келмейтін немесе әділдік пен ақиқатты көрсе де көрмеске салатын көрсоқыр дұшпандарын айтқаны ғой. Біздің көшіміз Пайғамбарымыз бастаған сол ұлы көштің жалғасы болмақ. Елісхан балам, бұл көштің тізгінін өзің ұстап отырсың. Ендігі көшбасшы көсеміміз өзіңсің. Тағы да Пайғамбарымыздың: «Нағыз көшбасшы – Алланың тиым салған нәрселерінен тыйылып, оны тастаған адам. Көшу дегеніміз – қателіктер мен күнәларды тәрк етіп, жамандықтан құтылу. Сол арқылы Алланың разы болмаған нәрселерінен аулақ болу» деген сөзі бар. Біздің көшіміз де Алланы ізгілік туы етіп, дінімізге төнген қауіптен жырақтап, Алланың қаламын амалға асырып, шарифат қағидаларын орындау үшін адалдықпен өмір сүретін қолайлы мекен іздеу болып отыр. Алла Тағала екі дүниеде де жүзіңді жарық қылып, сапарымызды сәтті қылсын, жолымызды оңғарсын. Қара басының қамын емес, қара ормандай халқы үшін туған өзіндей ерлеріміз көбейе берсін! – сөз түйіні осы дегендей ақтарыла сөйлеген Ыдырыш молда бетін сипап орнынан тұрды. Көпшілікті қара қойдың қанына қол матырып, қасам білдіруге шақырды. Өзі бастап дәрет алып, екінті намазының кіргенін хабарлап, жұрт алдына шығып қамат айтты:

– Аллаһу акбар, Аллаһу акбар...

Ата-бабасынан көшпенділердің тұқымы аталып келген бұл ел тағы да байыз таппады. Алтайдан Баркөлге, Баркөлден Гансу-Чинхайға босып келіп еді, жаңа мекендеріне де мекірене алмай Чинхайдың батысына қарай төңкеріле жөнелді.

* * *

Өткен ғасырдың соңғы жылдары Бөке батыр Еренқабырға өңірінен ауып, Лопнұр, Корла, Чақылықты басып Шынжаңның Чинхай-Чизаңмен шекараласатын Темірлік, Гәс өңіріне алғаш рет ат басын тіреп еді. Шығысқа қарай екі айырыла созылып жатқан Күнлүн мен Алтынтаудың алқымындағы осынау кең қойнауға ұсақ көлдерге толы түңкелі жерлер көп болатын. Соның Бөке жайлаған бір пұшпағындағы үркердей топтасып, қанаттасып жатқан жеті көлді тұрғылықты халық «Жеті шімен» деп атайтын. Қыры қалың құм, жыңғыл-сексеуіл болғанымен ойпаңдардағы қопа қамыстың арасы аң мен құстың мекені ғана емес, малдың да шұрайлы өрісі еді.

Кейіннен ел Гансу, Чинхайға қопарыла көшкенде үйір-үйір құлан мен түйе киік өріп жүретін осы далаға асыға жеткендердің алғашқы тобы найман Құсайын тәйжі, Нығмет, шақабай Қам, молқы Салахиддан ауылдары болды. Отырықты елден мойыны қашықтау болғандығынан болар, көбінесе қара анды азық етіп, басқалардың назарына іліге бермеген.

Өр Алтай қазақтары көтеріліс жасап жатыр екен деген хабардың үстіне Елісхан ауылының Доланнан бүліне көшкенін естіген мұндағы жігіттердің де қолы қышып, қаны қозды. Қарап отыра алмай сығайланған бір тобы атқа қонды. «Ма Буфаң көлік пен қарудың бәрін сыпырып алып жатқанда қарап отырып қарусыз жаяу қалмайық» деп, Ма Буфаңның түйесін бағып отырған Дүң Хуаң жақтағы бір әскери бөлімшеге тұтқиыл шабуыл жасап, адамын қырып, бірнеше жүз түйесі мен қару-жарағын олжалады. Бұл аз болғандай, Елісханның «тәк-тәгімен» басқаларды шабуға батылы бармай отырған шақабай ауылының жігіттері де Ма Буфаңның қора-қора түйесін қуып алды.

Ма Буфаң жағы мұны кім істегенін білмей дал ұрып отырғанда, Доланнан қозғалған Елісхан көшінің мыңға жақын үймен Алтыншөкеге бет алып бара жатқан хабары келді. Дүңген әміршісі әскери бастықтарының бәрін шақырып алып:

– Елісхан деген сұмпайы маған баяғыда-ақ жақпап еді. Оны Доландағы жиналыста-ақ тұтқындап, көзіне көк шыбын үймелетіндер демеп пе едім. Қазақтар қарақшы болады, сақ болындар деп сендерге талай қақсадым ғой. Алтайдағы қазақтардың үкімет армиясын қынадай қырып жатқанын естімедіңдер ме. Енді бір айналып келіп соқтығатын болса осы отырған талайыңның басыңды допша домалатар әлі! Олар тыныш кеткендерімен қоймай, бүкіл елді бүлдірді, әскери орынның ат-түйесін бұлап арт-артынан қанды қарақшылық жасады. Көндіре алсаңдар менің алдыма тірідей әкеліңдер, көндіре алмасаңдар, көзін құртыңдар! – деп байбалам салды.

1940 жылы шілдеде Жюшуанда тұратын Гоминданның құрлық армия 100 дивизиясы, 298 бригадасының командирі Ма Букаңға бұйрық беріп, командирдің орынбасары Хан Жиңбауды сегіз жүзден артық әскермен Чилияншан тауынан асып Чиңхайға өтіп, моңғол-таңғыт бұқарасынан бір мың жасақ топтап қазақтарды қууға аттандырды.

Талай қанды жазалауларда қанқұйлылығымен аты шығып, жауын жайратып оралатын жеңімпаз сардар Ханға деген сенімдері де мол еді.

* * *

Бала күнінен қытай тіліне жетік өскен Елісхан аз күн үйір-шүйір болып жүріп, моңғолдардың да тілін жақсы біліп алған. Бұрыннан таныс-біліс моңғол тамырларын тауып, Доланнан көшкеннен кейін Балдынжап деген жігітпен достасып та кетті. Бұл да бір жердің тесігін жамаған қу көрінеді. Танысқан алғашқы сәттің өзінде-ақ Елісханның іші-бауырына кіріп:

– Қазақ-моңғол ежелден бір киіз туырлықпыз. Шын мәнінде дүңгенге қарағанда сендерге біз жақынбыз. Баяғыда Шыңғыс бабамыз бен керейдің Тұғырыл ханы анда болып алғашқы хандықты бірге құрған болатын. Сіздердің қарындарыңыз ашып, қабырғаларыңыз қайысып отырса біздің кеңірдегімізден ас өте ме, – деп оларды үйіне қонаққа шақырды. Қазақтардың өздеріне бауыздатып мал сойып, асты-үстіне түсіп қонақ қылған.

Сөз кезегінде сыр тартқан ол:

– Малдарыңыз арық, адамдарыңыз жүдеу, мына түрлеріңізбен тым алысқа бара алмайсыздар-ау, бағыттарыңыз қалай? – деп аңқауси сұраған.

Елісхан да ойын тым ашық айтпай, екі-ұштылау жауап берген:

– Қазірше ұшарымызды жел, қонарымызды сай біледі. Қайда барып тұрақтайтынымызды өзіміз де білмейміз. Бірер жыл мекендеп малымызды қондандырып алсақ, Гималайдың жонына қарай қайқайғандай боламыз ба деген де ойымыз бар.

– Моңғол-қазақ жанынан гөрі малымызды қастерлеген халықпыз. Мал болмаса мінер ат, ішер ас, киер киім болмайды. Менен ақыл сұрамайсыздар ғой. Десе де, айтайын, алдарыңызда небір әдемі жерлер бар. Өздеріңіз қызығып отырған Темірлік, Гәстен көп бері Алтыншөке деген шұрайлы жер бар. Шіркін, жер кіндікті малға табылмайтын өріс. Жерінде жұт болмайды. Малыңыз қараусыз-ақ өседі. Бірақ... – Балдынжап сөзінің соңын айта алмағандай қылғынып қалды.

– Бірағы қалай?

Елісханның өзіне тігілген шаралы жанарынан жіпсік көздерін тайдырып әкеткен Балдынжап:

– Айтайын десем де қиын, айтпайын десем де қиын. Айтпасам досқа қиянат болар. Мына арындарыңызға қарағанда ешкімнен жасқанатын түрлеріңіз жоқ. Шың Шысай мен Ма Буфаңнан қорықпаған алтын басыңыз қолықтардан да қорықпайтын шығар деп ойлаймын. Алтыншөкеден арғы аймақта тибеттің қолық деген тайпасы тұрады. Өңшең жырынды, тістеген жерімде тісім қалсын дейтін жауыз халық. Егерде өріс-қонысқа таласа қалсаңыздар, сіздерді оңдырмайтын шығар дегенім ғой, – деді.

Елісхан қолықтар жайында бұдан бұрын да талай естіген. Доланнан бүліне көшкеннен бергі өзін мазалайтын сұрақтардың бірі де солар төңірегінде болып келеді. Жердің байырғы иесі кім болса, сол күшті. Қанша иен жатқан жер болса да қыстау-жайлауын жағалап қонғандарға қызғанышпен қарау – мал бағумен айналысатын сахаралықтардың қанына сіңген әдеті. Бұл жағынан қарағанда қанша қарақшы болса да қолықтарды кінәлау қиын сияқты. Алайда «шегірткеден қорыққан егін екпес» дегендей, олардан қорқып қонсы қонудан қашуға бола ма. Тіпті ол жерде аз аялдап, арығын қондап, атанын қондап ары көшу үшін де олардың ортасын қақ жарып өтпеу мүмкін емес.

– Сонда біз оларға соқтықпасақ та, олар бізге бірден ауыз сала ма?

– Менің айтқалы отырғаным да осы, – деп сөзін жалғады Балдынжап, – өздеріңіз неше күннен бері моңғолдардың арасымен көшіп келесіздер. Біздің сынық бұрауымызға да тиіскен жоқсыздар. Моңғолдар да сіздердің тышқақ лақтарыңызға қиянат жасаған жоқ. Қанша дегенмен ежелгі туыскандығымыз бар. Салт-дәстүріміз бен мал бағу жақтарымызда ұқсастық көп. Ал қолықтар мүлде басқаша. Олармен қарым-қатынаста болу-болмаудың екі-ақ жолы бар. Бірі – малына да, маңына да жоламау. Бірақ бұл мүмкін емес. Тибеттің сары жонына қайқайсам деп отырсыз. Бәрібір олардың жерін баспай өте алмайсыздар. Енді бірі – өздерінен зор шығып, еңсесін көтертпей тұқыртып алу. Атқанын атып, шапқанын шауып, бас көтертпей қою. Бірақ мұның да

өзіндік қатері мол. Жан бермек оңай емес, олар оңайлықпен берілгісі келмейді. Сіздер түгілі, әлемнің патшасына айналған Шыңғыс атамыздың өлімінің жаласы да осы таңғыттардың мойынында кеткен. Сіздердің Бөке батырларыңыздың түбіне жеткен де солар. Қалай болғанда да қатері мол қанды жолға дөп келіп отырсыздар.

Балдынжап Елісханның жүзіне сұраулы әлпетпен сынай қарады: «сен қазақтың мықтысы болсаң, мені де анам еркек деп туған, өз моңғолымды жақсы көремін. Сендер секілді ел мен жерге сыймай жүрген тентек халықпен тебіскенше амалын тауып арамыздан сырғытып жіберсек, ол да үлкен олжа. Тағы бір жағынан қарағанда, қабырғалас отырған қанды ауыз қолықтардың да қорлығы әбден өтіп еді. Енді екі қошқар сүзиссе қызығын біз көрмей кім көреді. Қазақтар шын мықты болса солармен тіресіп, елін шауып еңсесін басып көрсін. Ондай болып жатса қолықтардағы ұзыннан өшіміз, қысқадан кегіміз қайтар еді. Ал жеңіліп қалса, жоқ, жеңілмейді, бұлар жаралы барыс сияқты долырып бара жатқан халық. Түк болмағанда қарсы жағын да қансыратып барып жығылады» дегендерді ойлап «не дер екен» деп жауап күтіп отыр.

Жас та болса тағдырдың сынына көп түскен Елісхан да алды-артын аңдап қиялмен біраз жерге қыдырды. Балдынжаптың не ойлап отырғандарын сезеді, солай бола тұрса да оның айтқанын терістейтіндей өзге жол жоқ. Қолықтармен қақтығыссыз өтіп кетемін дегеніне өзі де сенбейді. Балдынжаптың жүзіне жымия қарап:

– Тілге келсе достасуға бармыз, жаулық көрсетсе атысуға дайынбыз, – деді.

Бұл жауап Балдынжапты желпіндіріп жіберсе керек. Жүзі бал-бұл жанып көздері күлмнің қақты:

– Бәсе, бұлай демесеңіз Елісхан батыр боласыз ба. Нағыз еркектің сөзі болды. Менікі әншейін алдын ала сақтандырғандық қой, – деп отырған орнынан қозғалақтап кетті.

Елісханның әр іске де сабырмен салқын қарайтын ойлы мінезіне тәнті болған Балдынжап аттанып бара жатқан оның зор тұлғасына құмарлана қарап тұрды. Қазақтардың «жауың да болса ер болсын» дейтін сөзінің тегін айтылмағанын толық аңғарды. Сонда да бармағын ішіне бүгіп: «далалық мінезің әлі қалмаған аңқау халық екенсің-ау, сен қолықтармен достасып, ауыз жаласып кетсең, бізге қарсы атылатын жыланның басы екеу болып кетпей ме. Сендер достасып алсын деп қол қусырып қарап отыратын моңғолдар ақымақ па. Атаң Тұғырылдың өзі анда әкесімін деп жүріп Шыңғысханнан тоз-тозы шығып еді. Бітімгерлік туралы бағзы ойларыңнан әлі арылмағандарың ба. Осы заманда достық туралы, бітім-келісім туралы адал ойлардан арыла алмауың далалығыңнан да, даналығыңнан да емес, балалығыңнан ғой» деп жымыды.

* * *

Алтыншөкеге бауыр басқан ел оның мал мен жанға жайлы қоныс екенін бірден білді. Малы қоңданып, ұйқысы қанса, қағанағы қарық, сағанағы сарық бола қалатын бұл елдің де қол-аяғы жазылып, тынысы кеңіді. Соңынан ерген

қауымының жағдайы жақсарып, көңілі орныға бастаған соң, Елісхан енді алдағы жерді шалып көшетін жолды қарастыра бастады. Егер таңғыттың қолық тайпасы жолға көлденең тұратын болса оларды бұзып өтуден басқа амалдың жоқтығын да әбден білді. Дәл осы күндерде:

– Қолықтар жүзге тарта жылқымызды қуып кетті, – деген суық хабар келді.

– Солардан бұрын өзіміз тисіп, ол немелердің сазайын тарттырып қоюымыз керек еді, енді басымызға шығып, басынып алатын болды-ау, – деп кіжінді жігіттер.

– Әлі де кеш емес, бұл жолы есеміз кетсе, екінші жолы ұйқы жоқ. Албасты қабаққа қарай басады деген. Әуселесін көрейік, – деді тағы бірі.

Елісхан іштей оларды құптап отырса да бірден мақұлдық берген жоқ. Жүрген жерімізде ылғи да жаулықпен келе жатып тағы біреумен алыса кету үшін де күш керек, ақыл керек деп әлі де болса сабыр сақтағысы келді:

– Малды қуғандар кімдер, неге қуды? Басты адамдарымен сөйлесіп алып, барымтаның мәнін білейік, сонан соң шапсақ та кеш болмас, – деді. Бұған Құсман бастаған топ қосыла қоймады:

– Онсыз да бізді бастап жол ашуға аттанғалы отырған жоқ па едіңіз. Қайта тыныш жатқан жыланның құйрығын басқан өздері. Енді аяйтын түгі жоқ. Бұл жолы қимылдамасақ, осы күніміздің өзіне зар боламыз, – дегенді айтты.

– Рас-ау, – деп ойлады Елісхан, – бұл жолы қарманбасақ қапы қалуымыз әбден мүмкін. Бірақ бірден шабындар десе аңдаусызда жаудың тұзағын басып алып, жігіттердің беті қайтып қалса ол да оңай болмас. Елісхан Құсманға қарап:

– Онда бір топ жігітпен шолғыншы ретінде сендер аттанындар. Әрқандай іске албарынды болып, албаты ұрынушы болмаңдар. Қиын мәселе болса бізге адам жіберіңдер. Жаулыққа дайын тұрып жаралы болып жүрмеңдер, жауласудан шығар мүйіз болса, бізге шығар еді ғой. Абай болғандарың жөн, – деді. Онсыз да талайдан бері ішқұста болып жаусырап жүрген жігіттер «қолық, қайдасың» деп дүркірей жөнелді.

Іздің бағыты қолықтар мекеніне қарай жетелеп, ығайлар мен сығайлар іріктеліп топты бастай жөнелді.

Құсман бастаған қуғыншылар құмды далаға келгенде ізден адасып қалды. Жел мен жауынның әсерінен құмдағы із өшіп қалыпты. Не жылқы жоқ, не жаудың қарасы да көрінбейді. Амалсыз қалған олар құр қайтқанша құлан аулап қайтайық деп аңшылықтың қызығына түсіп кетті. Сөйтіп майрағай да тайрағай болып жүргенде «ойбай, қолықтар келе жатыр» деген хабар келді. Құсман қостарын қалтарыс бір жерге түсірткізіп, аң аулауға кеткен жігіттерді жинауға бұйрық берді. Бірнеше жігітін тұрғы-тұрғыдан қарауыл қарауға жіберді. Қарауылдар:

– Қолықтар қара шатырларын тігіп қалың малын жылжытып келеді. Ақ моншақтай қалың қойы бір сайды бір-ақ алып жатыр. Соғыста ұсақ малымыз көп қырылып қойсыз қалған ауылдар көп болып еді. Қарақшылар әкеткен жылқымыздың бодауы ретінде ұсақ малынан айдап алсақ жақсы болар еді, – десті.

Жігіттердің бәрі де осыны құптады. Құсман:

– Өз басым теріс көрмес едім. Бірақ ауыл ақсақалдары не дейді, Елісхан не дейді? – деп бөгеле берді.

– Ет пен майды жек көретін қазақ болса көрерміз. Ақ май шайнайсың десе азу тісінен айырылған шалдар алдымен қуанар, – деді біреуі. Жұрт ду күлді.

– Құсман дұрыс айтады, – деді Омар үкірдай, – ең жақсысы, Елісханға хабар таптырыңдар.

Омар үкірдайдың сөзін Сүлеймен молда да қостады:

– Балалықты қайтесіңдер, арт жақтан рұқсат алып, сонан соң шапсаңдар да кеш қалмайсыңдар.

Көптің ұйғарымы осыған ойысты да, Нұрбекбай, Мұршали дейтін сыннан өткен сырықтай екі жігітті таңдап алып Елісхан, Қожақындарға аттандырды. Түнгі жортуылдың қыр-сырына қанық қос жігіт жықпыл-жықпылды қуалап шаба жөнелді.

Кешке қарай қарауылдағы жігіттердің бірі келіп:

– Қолықтардың қарауылы бізді байқап қалды. Сырттан келіп қонған қосқа дейін көріп қайтты, – деп мәлімдеді. Құсман:

– Олай болса, қас қарая қосты көшірейік. Атана нәлеттер, түн ішінде шауып жүрмесін, және де біз жер сырын білмейміз. Сол үшін беті ашық жазық жерге түсейік. Бұлай болғанда, біріншіден, олардың шабуылынан оңай сақтана аламыз. Екіншіден, олар түнде бізді таппай, күндіз көрсе жазықта бейғам отырған аңшылар екен деп ойласын, – деді.

Құсманның айтуы бойынша, бір жазықтың ортасындағы топ-топ сексеуіл мен жыңғылдың арасына келіп қос тікті. Бұл табылған ақыл болды да, ешкім байқамайтын елеусіз жер болып көрінді.

– Арт жақтан әлі хабар жоқ. Солардың ақылын аламыз деп күтіп отырғанда қолықтар бізді қырып салып атымызды алып кете береді, – деп тықыршыды жігіттер. Әншейінде олжа-шабыс дегенге қарсы бола қалатын Омар үкірдай да манағы сөзінен тез айнап, желпілдей қалды:

– Ең абзалы, олар қол салудан бұрын біз қимылдайық. Әйтпесе кеш болады. Қапы қаламыз, – дейді атын тебітіп.

Рақи молда:

– Қолықтар жылқымызды қуып бір дәнікті, енді бізді шауып алатын болса қалған елді қырып салады. Қырмаған күннің өзінде маңына бастырмай қуып жібереді, – деп Омарды қостады.

– Елісхандарды күткеніміз оң болар еді, – деп күмілжіді Ілияз, – бірақ шынында, «жау жоқ деме жар астында» дегендей, қолықтар өзімізді тарпа бас салып жүрмесе болды ғой.

– «Жауды аяған жаралы» болады. Досымыз емес, жылқымызды барымталап әкеткен жауымыз тұрса несіне аянып тұрсыңдар, – деді Аңғалбай.

– Ойланып толғанатын дәнеңе жоқ, қорықсаңдар топты мен бастайын, – жұрт Омар үкірдайға таңдана қарады. Әдетте кішігірім іске желпілдеп кетпейтін бұл кісі атының ауыздығымен алысып шаба жөнелуге дайын тұрған секілді. Жұрттың бәрінің өзінен жауап күтіп тұрғанын білген Құсман:

– Айтқандарыңыз болсын, бірақ абайлайық. Бұлардың біз көріп отырғандардан басқа жерде де адамдары бар шығар. Аңғалдық істеп арандалып қалмайық. Маған бірнеше жігіт ілессін. Алдымен тіл алайық, – деді.

Жанына бес адам ерткен Құсман қолықтардың шатырын торуылдады. Күн батуға шылбыр тастам қалғанда сырттан келе жатқан бір адамның қолықтардың шатырына беттеп бара жатқанын байқады. Бұлар көлденеңдеп тұра шауып еді, аты алымды неме екен, жеткізбей шатырға ілініп кетті.

Күнлүн шоқысының тұманды биігіне жасырынған күн лезімде көзден ғайып болып, маңайды қараңғылық бүркей бастады. Қазақ тобы түгелдей жиналып, шатырды қоршап алды. Бірнеше жігіт сырттан келетін жолдарды торуылдап жүр. Шатыр ішінен қолықтардың әлденені айтысып шу-шу еткен үндері естіледі. Құсман қосқа қарай ентелеп тұрған жігіттеріне:

– Бейуаздардың қанына ортақ болып қайтеміз. Бұлар қуған жылқымыздың есесі үшін біраз малын қуып алайық та, тайып тұрайық. Артымыздан қуып келсе, бәріміздің де дайын болғанымыз жөн, – дегенді айтып, оларды әр тұсқа аттандырды.

– Әнеу қобының ішінде маталған жылқы, шөгерілген түйе бар сияқты. Бірнешеуің соны барып алыңдар. Күзетші болып өздеріңді жазым қылмасын. Қалғандарың анау қайырусыз жатқан қалың қойдың шетінен бөліп алып айдандар. Бұларға мал бұлағанның қалай болатынын көрсетіп қояйық, – деп бұйрық берді.

Қолдары қышып, аттары тықыршып тұрған жігіттер тұра шапты. Әсіресе, аттарын Ма Буфаң бір тонап, қуғыншылар екі әкетіп қаны қарайып, қорасы бос қалған үйлердің жігіттері тіпті де көңілді. Мұндайда әр отбасыдан аттанған жігіттерге қарай олжа бөлінетін дәстүр тағы бар. Сол үшін де ешқайсысының аянатын түрі жоқ.

Бір тобы Құсман меңзеген қобыға ентелей жетіп келгенде, түйенің арасынан мылтығының шақпағын шарт-шұрт қайырып біреу шыға келді. Алдында келе жатқан жігіттің бірі кезелген қаруын басып қалып ананы жалпасынан түсірді.

– Кісі өлтірмеңдер дегені қайда!? Тірі ұстап байлап тастау керек еді, – деді біреуі.

– Сен өлтірмесен, ол өлтіреді. Саған керегі сол ма?! – деді анау.

Бұлар жылқы мен түйені қуып шыққанда, алдарынан қалың қой айдаған жігіттер кезікті. Оп-оңай түскен олжаға мәз болған қалың жігіт өз малдарын айдап бара жатқандай жайбарақаттықпен жылжи жөнелді. Таң саз бере аялдаған олар: «күндіз тауға барып паналап, қас қарая айдайық. Артымыздан қуғыншы келмесін» деп, қалтарыс қойнаудың бірінен қолайлы бекініс алды.

Қарауылдағылар алыстан будақ-будақ шұбатылған шаң көрінді деген хабар жеткізгенде ұйқыдағының бәрі бастарын көтерісті. Қаруларын алып, төбетөбенің басына қарай жүгірісті.

Келе жатқандар Елісхан тобы екен. Құсмандардың жер қайыстыра айдап келе жатқан қалың малына қарап:

– Кешігіп қалған екенбіз-ау, әттеген-ай, сәл асығыс жасалған екен. Біздің жылқымызды қуған қолықтар емес, моңғолдар екен. Олар біздің арамызға әдейі от тастау үшін осылай істепті! – дегенді айтты.

– Иттің баласы, бізді алдаған екен ғой!

– Қазақтар мен қолықтарды қырқыстырып қызығын көрмек болған екен ғой.

– Әуелі сол иттердің басын кесіп алу керек еді.

– Енді бәріне де кеш болды, – Елісхан қайта сөз алды – істелетін іс істеліпті. Өкінгенмен амал жоқ. Малды айдап, ауылға аман жетіп алайық. Артымыздан қуғыншы келуі мүмкін. Бір топ жігіттер қуғыншыларға сақадай сай тұрсын. Басталар іс басталған екен, енді шегінетін де, аянатын да ештеңеміз қалмады. Асатын асуымыз, басатын жолымыз бірден бір осы қолық жері болғандықтан, бұларға осы тиіскеніміз тиіскен болсын.

Осы кезде бір қарауыл шауып келіп:

– Жау, жау, таудың басында мылтық ұстап жүрген адамдардың қарасын көріп қалдық. Қолықтар бізді қоршап алған сияқты, – деген хабар жеткізді. Омар үкірдей тағы да жұрттың алдына шығып:

– Ажалды қарға бүркітпен ойнайды деп, тау басында шолтыраңдап жүрсе, олардың сазайын мен берейін, жүріңдер менімен! – деп айкай салды. Сөйтті де тауға қарай тұра шапты. Оның соңынан бір топ жігіт кетті.

– Омар үкірдай, Омар аға, тоқтай тұрыңыз, – деген Елісханның үнін естіген де жоқ. Елісхан тұрғандарға қарап:

– Бір тобың таудың желке жағын орап, жаудың артынан келіңдер, біз Омар үкірдайларды қорғайық! – деп құралын қолына алды.

Тау жақтан ысқыра атқан мылтық үндері естілді. Жер сырына қанық қолықтар әр тасты далдалап алдыратын емес. Аттарын сайға қалдырған қазақтар жағы да әр тұстан өрмелей көтеріліп тұрыстық берді. Көп ұзамай таудың желкесін айналған жігіттердің де жауға оқ жаудырып жатқаны белгілі болды. Қазақтарды қоршаймыз деп жүріп өздерінің қоршауда қалғанын аңғарған қолықтар жағы бірнеше өлігін қалдырып тез шегініп кетті. Соның арасынша:

– Омар үкірдай мен Байдолла оққа ұшып кетті! – деген хабар жұртты елең еткізді.

Әсілінде, қолықтар тобына алдымен ілінген Омар үкірдай атын Байдоллаға тастай салып, тастардың далдасымен жаяу өрмелей жөнеліпті. Байдолла да мылтығы жоқ бір бала жігітке аттарды ұстата салып, Омардың соңынан кетіпті. Омар қарсы жағын қараға алып мылтығының шүріппесін басқанда, ол құрғыры оталмай қалыпты да, шақпағын қайырып екінші оқты айдағанша «тарс» еткен мылтық үнімен өзі құлап түсіпті. Омардан өтіп шыққан оқ арт жағынан ентелеп жетіп келген Байдоллаға тиіп, ол да ауыр жараланған екен. Омарды атқан қолық соның арасынша сайтанша тездікпен жүгіріп келіп Омар үкірдайдың саусағында мөрлі күміс жүзігін шығарып алып тұра қашыпты. Омардың мылтығы қолына тиген Қайса деген жігіт жауға оқ боратқан екен, әлгі сұм тау-тастың қойнына сіңіп, жым-жылас жоғалыпты.

Енді, міне, жұрттың қабырғасы қайысып, көздеріне жас алды.

– Қырық жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі деген шын екен-ау. Қаншама қырғын-соғыстардан аман келе жатқан Омар үкірдай ақыры аз ғана қолықтардың оғынан мерт болды, – деп күңіренді көп ішінен біреу.

Ауыр жараланған Байдолла да сол күні көз жұмды.

Тегін олжаға қарық болдық деп қанаттанып тұрған жігіттердің еңсесі түсіп, лепірген көңілдері су сепкендей басылды. Бастары салбырап, жүздері тұнжырап үнсіз қалды. Бұл үнсіздікті Елісхан бұзды:

– Дәм таусылды, бұйрық солай. Ажалы жетіп тұрса үйінде отырып та өледі. Қайғырғанымызбен қабырғамызға сүйеуші болатын ешкім жоқ. Оданда есімізді жиып еңсемізді көтерейік. Ақылымыздан адаспай әлі де болса алдағы күнімізді ойлайық. Жеңіс пен жеңіліс – ежелден егіз нәрсе. Қалай болған күнде де, қолықтарға қарсы жүргізген алғашқы жорық жаман болған жоқ. Жаудың да көп адамы қырылды, қора-қора малынан айырылды. Қайткенмен де беті қайтты. Сол үшін де белімізді бекітіп, бәріне де дайын болғанымыз жөн. Азғана қолық екі адамымызды қағып кетті. Егер жаудың тобы бұдан көп болса тағы қаншамызды жусатып салар еді. Екі адамның өлімі аңғалдығымыз бен асығыс шешімнің зардабы болар, мұндай істер екінші қайталанбасын. Қазір үшке бөлінеміз. Бірінші топ малды айдайды, екінші топ арт жақтан қарауылдап басқаларды қорғайды. Бұл екі топқа Құсман жауапты болады. Мен үшінші топты бастап, елдің төңірегін барлаймын. Жар астына жасырынған жау болып алдымызда тосып жатпасын. Және де ел-жұртқа қазаны естіртіп, марқұмдарды ақырғы сапарға аттандырудың әзірлігін жасаймыз. Төрт төңірекке қарауылдар қоямыз, – деді.

Осыны айтқан Елісхан тобы жұрттан оңаша алдымен аттанып кетті.

Елісхан жұрт алдында ашуға мініп, айқайға баспаса да мына сәтсіз сапарға қатты қынжылып келеді. Қолықты жасқағаны жөн-ау, бірақ адамын өлтіріп, анау-мынау емес үш мың қойын бөліп айдап кету шынында ақылға сыймайды. Басқалардың алдында Құсманға тиісудің де еш реті жоқ. Осының алдында ғана болған бір оқиға араларына сызат салып кете жаздап әзерге сап басылған болатын. Елді бастайтын, елді татуластыратын өздері алакөзденіп жүрсе қалған ел не болады. Сол үшін де ағайынның артық дауына кешіріммен қарауды үйренген. Онда Құсман мен Ілияз аулының жігіттері бір дүрбіге таласып қалып, ақыр аяғында Құсман Ілияздың маңдайға басар шұбар атын атып тастаған болатын. Ілияз ауылының жігіттері Құсманды сойылға жыққандарына қанағаттанбай, оны атып тастамақ болғанда үстілерінен Елісхан түсіп әзер тоқтатқан еді. Елісхан Құсманға шүйлігіп:

– Ағайынның азары болса да безері жоқ. Қабақ шыту, қамшыласу ағайынның ашуында болады. Ал оқ шығарған кемшілік сенікі! – деп зекіген-ді.

Елісханның шешіміне наразы болған Құсман оны Ілияз-Сауытбай ауылы аталатын нағашыларына бүйрек бұрып тұр деп біліп, біраз уақытқа дейін сөйлеспей бұртиып жүрген. Ал бүгін мынадай оқиға туып отыр. Ағайынмен араздасып қалсаң оныкін жөн, өзіңдікін теріс сана. Жауыңмен атысып қалсаң өзіңдікін жөн, оныкін теріс сана дегенді көңіліне көп түйетін Елісхан

Құсманның алдында бұлтсыз қабақ танытып, жылы сөзбен тіл қатысқан. Атасы Жамысбайдан бері қарай жәдіктермен сарысүйек құдалық жағы тағы бар. Сол үшін де ағайын арасының жас баланың жаялығындай тез кеуіп кететін ұсақ өкпесін айтпаған күнде екі ауыл ежелден қоңсы қонып, қойы қоралас, басы аралас болып келеді. Бастабында қыңырайғанымен, соңында Құсман да тез үйірілді. Қайтесің, жау жағадан алғанда бөрі етекпен алса, оның да қасіреті жеңіл болмайды.

– Жау, жау...

Елісханның ойын алыста шауып келе жатқан салт аттының үні бөліп жіберді. Қарсыдағыға қарай тебіне шапқан Шәмши:

– Аға, мынау Зақан ғой, – деп атының басын ірікті.

Шәмши жас жағынан Елісханмен шамалас болса да, «сіз» деп сыйлап «аға» деп атайтын. Сөйткенше Зақан да жетіп үлгеріп алқына сәлем берді.

– Қайдағы жау?

Өзінде өң жоқ. Өрт сөндіргендей түтігіп кетіпті. Аты кара сүмек болып алды-артына кетіп солықтап тұр.

– Ауылды жау басып қалды. Фу Лүйжаң, Сары ұяң бастаған мыңнан астам шерік, моңғол, тибеттер де бар. Қаптаған кара қорым! – деді еңтігіп.

– Сұмырайлар, қапыда басқанын қарашы. Алдын ала білгенде елді таудың арасына жасырып бір байқасып көретін едік. Әлі де орай бар. Есемізді жібермеспіз! – осыны айтқан Елісханның қызыл сары өңі сұрланып, атына қамшы басып тұра шапты.

– Елісхан аға, Елісхан аға, олар өте көп, жазым қылады, қырып кетеді, – деген Зақан да ілесе шауып келе жатты.

Олар ауылдың сыртындағы тазығыр тауларға ілінген соң ғана ат тізгінін іркіп, баспалай аяндап биіктен көз салды.

– Рас, көбі көп екен. Өңшең шиіе бөрілер. Сексен неше шатыр. Біреуінде он, он бес адам дегеннің өзінде мыңнан астам екен. Шіркін, қойға араласқан қасқырдай мына елдің арасына сіңіп алғанын қарашы. Әйтпегенде әуселесін көретін едік. Өкінетін, қорқатын ештеңе жоқ, – Елісхан екі бүктеген қамшысын ерінің қасына тіреп тұрып осыны айтты.

Топтан бөлініп қалып арттан әзер жеткен Зақан:

– Сұмдардың есебі күшті сияқты. Сіздің қайын атаңыз Атшыбай бастаған Мұқадыл, Төлес, Қардыбай, Мінән, Ескендір, Рақадыл және Зайдырахын деген ұйғыр және бір дүңген молдасы бар, жиыны тоғыз адамға жол бастатып келіпті. Өзімізді өзімізге салып, көнсең сөзге кел, көнбесең күш көрсетеміз дегені ғой, – деді. Елісхан жіңішке түлкі мұртын сылап тұрып мырс етті:

– Қақпанды құрып ауылды аңдып жатсақ өздері келіп түседі дей ме, оңбағандар. Біз алды-артымызды жинап тарпа бас салғанымызбен ауылдағы қатын-бала қырылады. Кеудемсоқтық кесірге ұшыратады. Ақыл керек, айла керек. Әр рудан бірден жігіт шығып, түн ішінде өз-өз ауылдарына ұрланып кіріңдер. Жаудың жағдайы қалай, басшылары қай жерде бәрін біліңдер, ертең ертемен ауылдың еркектері таңертең мал өргізген болып, жоқ қараған болып бірден-екіден тауға қарай аяндасын. Қатын-қалаш, бала-шаға да бір-бір қап

көтеріп ауылдан оқшаулана берсін. Біз сырттан оқ жаудырғанда іште ешкім қалмайтындай сытылып шығуға дайын болсын. Шәмши, сен біздің ауылға бар, Бәтимаға айт, тісінен шығармасын! – Осыны айтқан Елісхан өзіне ілесіп келе жатқан топтан он жігітті іріктеп алып, етекке қарай аттандырды.

Тастай қараңғы түн. Тек жұлдыздар ғана жымың-жымың етеді. Ауылдың сыртын қоршаған әскерлер әр жерде қорылға басып, ұйқы құшағына кірген. Аттарын ауыл сыртындағы жыра-жықпылдарға қалдырған сайлауытты топ мысық табандап ауылдың шетіне ілінді. Елдің алды жатып қалғанымен, арты әлі отын сөндіре қоймапты.

Елісханның үйіне келіп түскен Атшыбай да ұйықтамаған екен. Әлдекімдердің күбір-сыбырынан кейін қызы Бәтиманың ұзақ жоғалып қайта оралғанына алаңдап:

– Балам, тыныштық па, жаңағы келіп-кеткен кісілер кім? – деді басын көтеріп.

– Әке, сізге айтпасам да болатын еді. Бірақ несін жасырайын. Елісхан келіпті. Біздің үйге Шәмшиді жіберіпті. Ауылдың ер-әйелі түнімен ұрланып, тауға қарай бой тасаласын. Қалғандары таңертең ерте мал өргізіп, тезек теріп, ауылдың сыртына шықсын. Жаумен соғысамыз, – депті.

– Ойбай, не дейді. Елді қырамын дей ме. Бұлар жаулықпен емес, татуласу үшін келген жоқ па. Ашындырып алсақ бейуаз халықты қырып кетеді ғой. Тоқтатындар мұндай сұмдықты! Қайда жүр әлгі елшілері!

Осыны айтқан Атшыбай көрпеден басын көтеріп, асығыс киіне бастады.

– Әке, Елісхан да бала емес қой. Бір білгені бар шығар.

– Жоқ, балам, ол қанша дегенмен албырт жас қой, елді қырады. Бүйтпесін, соғысам дегенін қойсын. Кеселді тез тоқтатсын. Мен Хан Жиңбауға барамын. Екі жақты татуластырамын. Іштерінде Құдай деп құран ұстап келе жатқан ақсақал молдалары бар. Солардан ұят болады. Адамның сөзін емес, Алланың сөзін айтып, татулыққа шақырған адамға қарсы оқ атсақ, Тәңірдің қарғысына қаламыз.

– Әке, сабыр етіңізші...

Атшыбай Бәтиманың сөзін тыңдаған жоқ.

* * *

Ертесі ертемен Елісхандар отырған қарағайсыз қара адырға Атшыбай, Мұқадыл, Рақадыл, Зайдырахын бастаған бір топ келе жатты. Орталарында басына дағардай сәлде ораған ақсақалды дүңген молдасы бар. Оның қасында бұрындары Елісханмен үйір-шүйір өткен бір дүңген жігіті ілесіп келеді. Елісхан өз тобын кейін қалдырып, алдарынан шықты.

Аман-сәлемнен кейін Атшыбай:

– Қарағым Елісхан, ашу алды, ақыл соңы деген. Кәрі қойдың жасындай жасым қалғанда қалай өтірік айтайын. Иілген басты қылыш кеспейді дейді. Құран ұстап Құдай дескен мына мұсылман бауырларың жаулық емес, достық тілеп келіп отыр. Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан деген, біз елші болып елдестірмек үшін келіп отырмыз. Қара басың болса оның жөні бір

басқа, қара ормандай халқыңды отқа тастама, қарағым. Ақылың бар азаматсың, ендігісін өзің ойланып толған. Қабырғаңмен ақылдас, кеңеспен пішкен тон келте болмайды, – деді.

Елісхан иілген жоқ, қайын атасы болса да бетіне тік қарады:

– Мұсылман-мұсылман деп осыларға қанша алдандық. Ит арқасы қияннан ат арытып, тон тоздырып бауырымыз екен деп, діні бір мұсылман екен деп келгенде сыйын көрдік емес пе. Елдеспек үшін келсе мұншама көп жер қайысқан әскерімен ауылды басып қона ма. Біз де тірі жан, тісті бақамыз. Біз де елміз. Елдігіміздің тізгінін ешкімге бере алмаймыз. Соғысамыз десе тұрысатын жерін айтсын. Қатын-қалаш, шал-шауқанға артын тығып, қара халықтың обалына қалмасын. Еркек болса еркектерше сөйлесейік, елден оңаша шықсын! – деп қатты-қатты айтты.

Ақсақалды дүңген имамы аттан түсіп, қойнынан Құран Кәрім алып шықты.

– Бисмилләһи рахманир рахим, лә илләһә илла Алла Мухаммад-расулу-Алла. Құдай шын, Құран рас, Пайғамбар хақ. Біз сізлерге ялған геп демейміз. Алланың атын айтып ант береміз. Бәріміз бір мұсылманбыз. Алла тағаланың қасиетті кітабы Құран Кәрімде жазылуынша, адам баласы жақсылыққа, берекеге, бірлікке ұмтылуы керек. Қан төгіске, соғысқа бейім болмау керек. Мұсылман бауырлар бір-біріне бауырмал болуы керек. Өткенге салауат айтып біріміздің түсінісбестігіміз болса біріміз кешіріммен қарайық. Ма Буфаң төрағаға қол артсаңдар, ол кісінің ізгі ниеті мен кешірімділігіне ие боласыңдар. Елді тоздыру, берекеден безіну Алланың кітабын ұстаған адамға сенбеу үлкен күнә. Мынау – Алланың кітабы. Сендер маған сенбесеңдер, сенбей-ақ қойыңдар, Алланың кітабына сенбейсіңдер ме. Қане, араларында имамдар бар ма?

Зайдырахынның сыбырлауымен Елісханның тамыр дүңгені алыста үрке қарап тұрғандардың тобына қол бұлғап:

– Рақи молда, Ыдырыш молда, Сүлеймен молда, сіздер айтсаңыздар болады. Құран жолы – үлкен жол. Бері келіңіздер, Құдайының құлы, Мұхаммедтің ұмматы сіздер неден қорқасыздар. Кане, Құран ұстап ант берейік, келіңіздер! – деп шақырды.

Жұрт екіұдай күйге түсіп, күбір-сыбыр көбейіп кетті.

– Осылардың Құран ұстағанын былай қойғанда, мұсылман екеніне сенудің өзі қиын. «Татардың бетін тырнасаң орыс шығады» дегендей, бұлардың бетін тырнасаң, қытай шығады.

– Құран ешкімнің ойыншығы емес. Мұсылмандығын былай қойғанда кеудесін жапқан аппақ сақалы мен жер ортасынан асқан жасы үшін де антын бұзбайтын шығар.

– Алланың сөзін айтып, кітабын қолына ұстап тұрса енді сенбейтін не тұр. Аллаға да сенбесек, адамға да сенбесек, біз кімбіз. Әлде мұсылмандар бірімізбен біріміз қырқысып қанымызды төгіскеніміз жөн бе!?

– Пайғамбарымыздың хадистерінде мұсылман баласына кекшіл болуды емес, кешірімшіл, мейірімді болуды айтқан.

– Дүниені кәпірлер жалмап келе жатқанда мұсылмандар бірігіп бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, достасқанның орнына бірімізді-біріміз алдап-арбасақ, қынадай қырсақ, бір-бірімізге сенбесек, онда қалай өмір сүреміз.

Жұрттың екіұшты күйін көрген Зайдырахын тамағын кенеп алып сөзге араласты:

– Әммамыз мұсылманбыз. Бірің дүңген, бірің қазақ болған білен, мен – ұйғыр, үшінші адаммын. Шұндақ болғашқа гепнің ошығын деймін. Құран тұтыш шоң геп. Оған шенбейдыған болсаңыз өзіңізнің мұсылмандығыңызға күмән келтірген боласыз. Мұсылман мұсылманның қанын төкпеш керек. Шеніш керек. Бұлар дөлатның адамы, дөлатның армиясы. Сізлерден қорықпайды. Мұсылман ака-ұқа болғашқа гепнің яхшы болушыны қалайды.

Тіл қатпай, сазара түнеріп тұрған Елісханға жақындаған Ескендір:

– Елісхан, біз елші ғанамыз. Саған бүйт-сүйт, былай істе деп ақыл айтудан аулақпыз. Өзің шешсең өкінбейсің... – деп әлденені айтпақ болып жақындап еді, оның сөзін Атшыбай бөліп жіберді:

– Ақыл айтудан аулақ емеспіз. Елдің амандығын ойла, жаман қатын, жас баланың көз жасына қалып жүрме. Құран, Құдай дегеннен үлкен сөз болмайды, – деді ол.

Ескендірдің жол бастаушылар қатарында осылай аттанғалы жатқанын естіген Қасым оған жасырын кездесіп:

– Елісханға үш қайтара сәлем. Бұлардың сырты мұсылман болғанымен, іші кәпір екен. Сөзіне сеніп опық жеп қалып жүрмесін! – деп арнайы сәлем айтып, бір жапырақ хат беріп еді. Енді сол хатты беру түгілі әлгі бір ауыз сөзді айтудың ыңғайы келетін емес. Аңдыған орайлы сәтінің өзі өтіп бара жатыр. Ескендір белгісіз батылдыққа басып, Елісханға тебіне жақындады:

– Елісхан, ысқырып атқан киіктің обалы жоқ. Біз саған ысқырып тұрмыз. Бізге сенбе, өзің шеш! – деп қайталай ескерту жасады.

Мұқадыл Ескендірдің бетіне адырая қарап:

– Есеке, елдестіргелі тұрсыз ба, жауластырғалы тұрсыз ба. Сонау Көккөлден осылардың артынан ат арытып келгенде ақылымызды айтайық, өртті өшірейік деп келдік. Мұсылман жолы да солай ғой! – деді. Рақадыл оны қостап:

– Шынын айтсақ, қарсыласқандарыңнан ешқандай пайда жоқ. Біз емес, ел күйзеледі. Алтыншөкеге келген ел ғана емес, арт жақта ұлардай шулап қалған қатын-бала, ел-жұртқа да пәлеміз тиеді. Бір қарын майға түскен бір құмалақтай бүкіл елді бүлдіргелі отырмыз, – деп Елісханға қарады.

Елісхан тіл қатпастан арт жақтағы өзінің молдалары мен имамдарына қарап еді, оның сырын қабақ қағысынан аңдаған Рақи молда алдыға шығып:

– Қасиетті Құран Кәрімде екі жақтың соғысқан жаулықтары туралы: «егер олар бейбітшілік жағына бейімделсе, сен де бейбітшілік жағында бол. Аллаға сүйен. Алла оларды естіп, біліп тұрады» деген. Әуелі ант берсін. Онан кейінгісін Аллаға тапсырайық, біреу емес, екеу емес, көп болып куәлік етіп тұр ғой! – дегенді айтты.

Дәл осы сәтті аңдып тұрғандай дүңген молда аппақ сақалы селкілдеп, көзін жұма мүлгіп, Құран сүрелерін мақаммен оқи бастады. Жұрттың үні сап тыйылып, амалсыз қол жайды. Ұзақ сүрені күбірлеген ол:

– О, Жаратушы ием – жалғыз хақ, мұсылман халқына қайыр-берекетінді беріп, елімізді аман, жұртымызды тыныш қыла көр! – деп дұғасын тілек батамен аяқтады.

Басқаның бәріне иілгісі келмейтін Елісхан ат басындай Құранға қолын қойып жүгіне күбірлеп отырған дүңген имамының сөзіне иланды ма, сақалын сыйлады ма, әйтеуір жібігендей болды:

– Айтқандарың шын болса, алдымен бізді татулыққа шақыра келгендеріңнің бәрің Құранды ұстап ант бересіңдер. Сосын біздің өкілетті адамдарымыз Хан Жиңбаудың алдына барып, оның антын алып барып қол тигіземіз, – деді.

Демін ішіне тартып, бірін-бірі қабақ қағысынан аңдып тұрған екі топтың үстіндегі қорғасындай ауыр бұлттар сырылып кеткендей болды.

Өрттің білтесін өз қолдарына ұстап тұрғандай үнсіз түнергендердің қабақтары ашылып, «үһ!» деп жан шақырған демалыстары білінді. Бәрі де көкіректерін керіп еркін тыныстай бастады. Аттарынан түскен көп бірін-бірі құшақтап қайталай амандасып жатты. Тек Ескендір ғана топтан оқшау ат үстінде қабағы жауар күндей тұнжырап сазарған күйі тұрып қалды.

* * *

Елісхандар ауылға қарай еңкейгенде олардың бейбіт бітімінен хабар тауып отырған Хан Жиңбау, Сау Юан тобы алдарынан шықты. Екі жақтың татуласқаны үшін бе, әлде жауларының қарсылықсыз берілгеніне қуанып жүр ме, әйтеуір Хан Жиңбаудың екі езуі екі құлағында. Көне достарымен қайта қауышқандай ыстық ықылас танытып, топтағылармен кезек-кезек қос қолдап амандасып жатыр.

Әлденеден секемденіп ала көңілмен келе жатқан қазақ жағы да жауларының езуіндегі күлкіні көріп жандары жадырап қалды.

Елісхан бәрін өз шаңырағына түсірді. «Таспен атқанды аспен ат» деп білетін қазақ салты бойынша бірден әңгімеге көшпей ақсарбас алдырып бата жасатқызды. Қандай қиын күйде жүрсе де қазақ дастарқаны өз тоқтығын тағы бір көрсетіп қалғысы келгендей жондана жайылды. Сөзді Елісхан өзі бастады:

– Қазақ салты бойынша сіздер ауылға келген қонақсыздар. Сол үшін де үлкендер: «келгенше қонақ ұялады, келген соң қонақ иесі ұялады» деп жатады. Келгенше сіздер ұялып келдіңіздер ме, жоқ па, оны өздеріңіз білесіздер. Енді біздің ұялуымызға тура келіп отыр. Өйткені «үйіңе келгенде үйдей пәленді айтпа» деген ата сөзін азырақ бұзғым келіп тұр. Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды ғой. Бұрынғылардың «қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы», «мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек» деген сөздері бар. Ма Буфаң бізді қыспаса, көрші таңғыттар малымызды бұлап, адамдарымызды өлтірмесе, ұлықтарымыз әділ болса біздің көшіп неміз бар. Жәбір көріп жазықсыз жалаға ұшырадық. Арызымыз аяқсыз, өлгеніміз жоқтаусыз қалды.

Енді ақ дастарқанымның үстінде ауыздарыңыздан имандай шындықтарыңызды естігім келіп отыр. Хан Жиңбау мырза, мына кісілер сіздің сәлеміңізді жеткізіп, Алланың сөзі жазылған Қасиетті Құранды ұстап ант берген соң етекке түстік. Адамымыздың көбі әлі де болса бізден хабар күтіп тауда бекініп жатыр, ендігі әңгімені өз аузыңыздан естігіміз келіп отыр, – деп тоқтады.

Хан Жиңбау тісінің ағын көрсетіп:

– Атшыбай мырза – сенің атаң. Ал ана сақалы күректей Ибраһим молда – Ма Буфаң төрағаның жеке имамы. Екі қариядан асып не айтамыз. Ма Буфаң мырзаның да ойлайтыны – елдің тыныштығы мен береке-бірлігі. Мүмкін араларыңызға ақ сайтан кіріп, азырақ түсінбеушілік болған шығар. Анығында, патша дегеніміз халықтың тілегін орындаушы ғой. Көшкен жұрттарыңызға қайта барып ел қатарлы тыныш өмір сүремін десеніздер, тілектеріңіздің бәрі де орындалады. Ма төрағаның ерекше тапсырмасымен біз сіздерге тиіспеуге, ешқандай жәбір-жапа көрсетпеуге, жергілікті бұқара қалай өмір сүріп жатса солармен тең терезелі ғұмыр кешіруге кепілдік береміз. Сөзімнің айғағы ретінде Құранға қол мөрімді басып ант етемін, – деді.

– Енді қайтсін, жөн ғой, бұдан артық не дейді. Алдына келсе атаңның құнын кеш деген. Өрелі сөзге ұятсыз ғана таласар болар. Бос сөзді қояйық. Мақұлға жауап жоқ, – десті бірнеше кәрілер.

Ибраһим молдадан тартып, бармақтарын басқан Құран Хан Жиңбаудың алдына да келді. Ол да Құранды маңдайына тигізіп, қол мөрін басты.

Ендігі жерде қазақтардың бұлқынарға қауқары қалмады. Алланы жүректеріне ұялатқан асау халық Құран алдында тырп етуге дәрменсіз еді. Атшыбай, Елісхандардан тартып Құран қазақтар жағын жағалап шықты. Құран кезегі Айылбай мен Деле зәңгінің алдына келгенде:

– Дәретіміз жоқ еді. Дәретсіз адамның Құранды ұстауына болмайды. Келсекелмес Құранды ұстап ант беру қалай болады? Ойыншық емес қой! Алла өзі сақтасын! – деп орындарынан шегіне тұрып, сыртқа қарай сытыла шығып кетті. Жұрттың көңілді әңгімесі екеуін жоқтауға мұрша бермеді. Олар қайта оралған жоқ.

Құранға қол қойысып болған соң оны азырқанған қазақтар жағы жаңа ғана бауыздалған қойдың қанына қол матырыстырды.

Елісханның қолынан арнайы қағаз алған Атшыбай мен Мұқадыл оққа ұшқан Байдолланың ағасы Сағидолла бастаған бір топты ертіп алып, Құсмандарды тауып, қос шаһидті жерлеп қайтты.

Елісхандардың Хан Жиңбауға берілгенін естіген Құсман:

– Елісханды Құдай ұрған екен. Бағынған соң қолындағы қаруыңды алады, онан соң көлігіңді алып тырп еткізбес, бәлем! – деп қатты ашуланған болса да, той күнгідей шауып жүрген жігіттерінің көңілді бейнесін көріп, амалсыз иілікті. Әкесі Сабырбайдың: «ауылға келмесін, не көрсек те біз көрейік, бой тасалай тұрсын» деген сәлемі құлағына тисе де көптің ұйғарымын бұзып кете алған жоқ.

Ертесі таң атысымен шеріктің түсі мүлдемге өзгерді.

Әскерлер үй біткенді тінтіп, қару-жарақ атаулыны түк қоймай жинауға кірісті. Елді үш топқа бөліп, келген іздерімен кері айдады. Шашау шыққандарын малша қайырып, қамшының астына алды.

Елісханға Қасымның хатын бере алмай ішқұста болған Ескендір мына күйді көргенде тіпті де ширықты. Жаудың халықты алдап, аярлыққа басқанына төзе алмай, өздерін аңдыған әскерлерден қашып шығып, Елісханға келді. Қасымның хатын қолына ұстатып: «үһ» деді. Қасым хатында былай деп жазған екен: «Мен мұсылман болған соң Ма Буфаңға сеніп едім, оным бекер болыпты. Бұл адам емес, нағыз кара қашардың өзі екен. Бірімізге-бірімізді салып, қазақтардың көзін құртуды ойлап жүріпті. Мені де саған қарсы қоймақшы болып талай қайрады. Бастабында оның тіліне еріп кешірілмес күнә өткізген кездерім де болды. Бірақ Алла алдында өзіңнен кешірім сұраймын. Ел-жұртымнан кешірім сұраймын. «Адасқанның айыбы жоқ қайтып үйірін тапқан соң» деген ғой. Енді жатсам-тұрсам өздеріңе қосылуды, өздеріңмен бірге мына зұлымдықтармен күресуді ойлайтын болдым. Осы ретте де сені ұстауға әскер бастап бар деді. Денсаулығым нашар деп бас тарттым. Бұлар енді қазақтарды құртпаса жарылқамайды. Көзім соған әбден жетті. Қапылыста алдауына көніп аждаһаның аранына түсіп қалып жүрмеңдер. Әттең, қасыңа жетсем қанатыңның бір сыңары болсам деп ойлаймын. Алла жақсылық берсін, қош, сау бол!» Елісханның көздеріне жас үйірілді. «Шіркін-ай, нағыз ер екен ғой. Бармағын тістеп қалыпты. Қап, хаттың кеш тигенін қарашы» деп жан-жағына қарағаны сол еді, Ескендірдің ізімен келген бір топ атты жасақ оларды қоршап алды. Қалың шерік жабыла келіп Елісхан, Құсман, Ыдырыш, Қойшы төртеуін тарпа бас салып, байлап тастады.

Бұлардың ту сыртынан қарап тұрған Хан Жиңбау байланған төртеуіне атының тұмсығын тірей жақындап:

– Елісхан мырза, тағы не шу шығарғалы жүрсің? Енді сенің еркелігіңді көтере алмаймыз, жуасырақ бол! – деп әкіреңдеді.

– Алладан қорықпайтын антұрған. Құранға қол қойып Құдай дескен сөз қайда. Елге жәбір-жапа тигізбеймін, тыныш өмір өткізулеріңе уағда беремін демеп пе едің. Малғұн, сұмырай! – Елісхан да оның жіпселенген көздеріне тік қарап, ызбарлана ақырып қалды.

Хан Жиңбау қиғаш көзін зәрлене сығырайтып, сылқ-сылқ күлді:

– «Қойдың қарғысы қасқырға тимейді» деген сөз бар. Сол Құдайың алдымен менің жанымды ала ма, сенің жаныңды ала ма оны өзі біледі. Сен Мұхаммед Пайғамбардың: «соғысты тоқтату үшін айтылған өтірік кешіріледі» дегенін білмеуші ме едің?!

Бұл жолы Елісхан да зілдене күлді. Құлағына дейін күреңітіп, түлкі мұрттары түріліп кетті:

– Құран ұстап Аллаға ант берудің қандай күнә екенін білесің бе. Жазанды Алла берсін. Алладан тарт. Сендей опасызды кара жердің қалай көтеріп тұрғанына таңмын. Оңбай кет, лағынет!

– Жап аузыңды, қарақшы неме! Айтар уәжің болса Ма Буфаң төрағаның алдына барғанда айтарсың! Тінтіңдер оны! – Ол әскерлеріне бұйрық берді.

Хан Жиңбаудың қасында аудармашы әрі атқосшы болып жүрген Сағидолла, Оразай, Күркебай секілді бірнеше қазақтар бар еді. Солар сыбырлады ма, әлде Ескендірді қуып келген әскерлер бәрін көріп-біліп болған ба, олар хатты тауып алып, Хан Жиңбауға оқып берді.

Хан Жиңбаудың өңі қарасұрланып кетті.

Екі жағынан ұстаған әскерлерге бой бермей жанталасып тұрған Ескендірге сұрлана қарап:

– Құртыңдар оны! – деп әмір етті. Әскерлер Ескендірді сүйрей жөнелді. Көп ұзамай «тарс» етіп атылған мылтық үні естілді.

– Жауыздар! Өңшең қандес төбеттер! – Қол-аяғы кісендеулі Елісхан өзін ұстап тұрғандарды бұлқына сүйреп, Хан Жиңбауға тап берді. Жақ сүйектері шодырая ойнақшып, байлаулы қолдарының бақандай саусақтары шеңгелдене қарысып, жұмулы жұдырығының сыртына күп-күрең қан тепті.

– Төбет, мен емес, сендерсіңдер. Өңшең ұялас бөлтіріктер. Ма Буфаң төраға Қасымға сеніп оны құшағына тартып жүрсе ол да иттің сары қасқасы екен. Сенің қылығың мынау, бәрінді Ма Буфаң төрағаның алдына апарып тізерлетіп қойып, желкелеріңнен өз қолыммен бауыздамасам, Хан Жиңбау атым өшсін!

Осыны айтқан Хан Жиңбау атына қамшы басып топтан шыға берді.

– Ана шынжырлы төбеттен айырылып қалмаңдар, сақ болыңдар! – деп жендеттеріне әмір беріп бара жатты. Оның соңынан Сағидолла, Оразайлар да бірге кетті.

Хан Жиңбау бір кездері артында келе жатқан Сағидолланы тосып алды да, оған жылы жүзбен бұрылып:

– Мына қазақтарың істеген жақсылықты білмейді, өздері пәле бастап отырып бәрін бізден көргісі келеді, – деді. Не айтар екен дегендей Сағидолланың бетіне тігіле қарады. Сағидолла мына сұраққа не дерін білмей көздерін жыпылықтатып түйткіліксіп қалды. Сонда да ат үстінде жамбастай қисайып, жан-жағына қарап алып, қолын көлегейлей сөйледі:

– Пулұйжаң, оны менен көрі сіз жақсы біліп келе жатырсыз, – деп бастады сөзін, Хан Жиңбауды қазақтар мансабына қарап «Пулұйжаң» деп атайтын. Онысы бригада командирінің орынбасары дегені еді, – елді бүлдіреді-ау дегендерді дәп басып ұстадыңыз. Елісхан елді бастап қашпаса інім Байдолла да өлмес еді ғой. Десе де, әлі де сақтық керек сияқты. Сіздің амандығыңыз, біздің амандығымыз ғой. Мен қазақтардың ішіндегі тентектері болса әр кез сыбырлап отырамын. Қалғанын өзіңіз білесіз.

– Дұрыс, дұрыс айтасың, жігітім, осы елдің ішіндегі ақыл-есі түзу, көрім жігіттің бірі – өзің екенсің.

Осыны айтқан Хан Жиңбау қасына өзінен кейінгі әскер басы Сау Юанды шақырып алды. Сау Юанға қазақтар тобы «сарыұян» деп ат қойып алған. Сау Юанның Сабырбай ауылымен барыс-келісі жақсы еді. Екеуінің арасындағы барлық әңгімеде азырақ қытайша білетін Сабырбайдың шабарманы Сағидолла аудармашы болып жүретін. Оны толық біле бермейтін Хан Жиңбау Сағидолланы таныстырып жатыр: – Мына Сағидолла – өте сенімді адам. Елін қорғау үшін, елінің амандығы үшін бізбен сәйкесіп жұмыс істейтін аузы сөзге,

қолы іске өте епті кісі. Барғаннан кейін Ма төрағаға жақсырақ таныстырып, қазақтарды басқаратын мансап беру керек. Мұндай адал адамдар табылмайды, – деп бір тоқтады. Сосын жыландыкіндей жылтыраған суық көздеріне күлкі үйіріліп: – Әлгі өзіңе тапсырған жұмыстың ыңғайын да осы азамат жақсы білсе керек, – деп жымыңдады.

Сағидолла ұлықтардың өзіне сенім арта сөйлегенін естігенде еңсесі көтеріліп қалды. Сау Юанның соңғы бұйымтайын білгенде қарқылдап тұрып күлді:

– Ол жағынан мына жаман ініңіз де құр жаяу емес, – деп қутындады ол, – Пулұйжаңның көзі түскен қыз-келіншектерді сыртынан нұсқасаңыз болды, кімнің қызы, кімнің келіншегі бәрін білемін. Бұл елде менің көзімнен қағыс қалатын сұлу жоқ, – деп атының тізгінін тартып, ердің артқы қасына шірене шалқайды, – бірақ – ол ойланып қалғандай қамшысын екі бүктеп тізесінің үстіне тіренді, – бірақ байқау керек... Ойланған жөн...

Оның өңінің кенет құбыла қалғанына таңырқаған Сау Юан:

– Бірақ дегенің қалай. Қазақтардан қорқып тұрсың ба, мына біз тұрғанда, құмырсқадай қайнаған қалың шерік тұрғанда неден қорқасың? – деп шұқшиды.

– Жоқ, айтайын дегенім, Пулұйжаңның біраз адамды ұстап байлаттырып тастағаны ғой тыныш болды. Әйтпесе олар шатақ шығарып сіздерді де арандап, өздері де пәлеге ұшырайтын еді. Десе де, қауіптенен беретін бірнеше адамым бар. Біреуінің қызы, біреуінің қалыңдығы дегендей, біздің көзіміз түскен қыз-келіншектерге ілік-шатысы бар, сойқан шығарады-ау деген бірнешеуін уақыттық болса да байлаттырып тастасақ жөн болар еді. Сонда олар жұмыстарыңызға кесе-көлденең бола алмайды, әйтпесе бірдеме деу қиын, – деп күмілжіді Сағидолла.

– Олар кімдер?

Сағидолла Сау Юанға тебіне жақындап, әдетінше қолын көлегейлеп күбірледі. Сау Юан басын изектей берді.

– Ә, солай де, оларды қазір-ақ байлатып тастаймын. Керек десең жер түбіне жібере салудан да тайынбаймын! – деді Сау Юан ат үстінде қылышын сығымдай қаһарланып.

Осыны айтқан Сау Юан мен Сағидолла нөкерлерін ілестіріп созыла шұбалып келе жатқан көш бойын жағалай шауып өтті. Айтарға көш дегенмен керекке жарайтын малдың бәрін сыпырып алып, әр түтінге екі-үштен ғана түйе берілген. Бірлі-жарым бие секілді көліктер болмаса аттың өзін сыпырып алған. Көбі жаяу-жалпылы шұбырып келеді. Ілесе алмағандарын шеріктер қамшымен шықпыртып, шашау шығаратын емес. Сау Юанмен қатарласа келе жатқан Сағидолла сұлу қыз, өңді келіншектердің тұсынан өткенде тізгінін іркіп, әміршісінің құлағына әлденелерді сыбырлап келе жатты.

* * *

Бірнеше күн үрдіс жылжып Сәдімге қарай еңкейген көш Номығын асуынан асып Зұңжия шекарасына келіп түсті. Хан Жиңбау өз тұтқыны болған Елісхан,

Қойшы, Ыдырыш үшеуін негіз еткен жәнтекей ауылдарын үш жүз әскерімен қоршап, жыңғылды ойпаттың ортасындағы Есілжын аталатын бастаудың басына түсірді. Сау Юанның қарауындағы Сабырбай ауылы жәдіктерді негіз етіп, биік жал құмның солтүстік бауырына түсті. Бұлардан оқшаулау Ілияз ауылын да қырық-елу ақ атты шерік қоршап жатты. Бұл үш бөлек елдің сыртында таңғыт пен моңғолдан жасақталған қалың қол бар еді.

Хан Жиңбаудың қорғаушы шеріктерінің бірі қол-аяғы кісенделген Елісханға бір жапырақ қағаз әкеліп берді. Қағазды ашып қараса: «Алдан, Сәния, Бәтима, Мүбила, Күлай...» деген он екі қыз-келіншектің аты жазылыпты. Қиқы-шойқы жазуды Сағидолланыкі дейін десе, ол хат танымайды. Мүмкін Оразайдікі шығар деп түйді. Әлгі шеріктің бетіне ажырая қарап еді, анау ыржалаңдап:

– Бұлар біздің бастықтарға керек. Хан пулүйжаңның тапсырмасы. Өз адамдарыңызға бұйрық беріп, бүгін кештен қалдырмай әкелдіріп берсін дейді, – деді.

– Сұмырайлар! Орнынан ұшып тұрмақшы болған Елісханды екі жағынан төне қарап тұрған қос күзетші иығынан басып тұқыртып тастады.

Шатырдың сырт жағында баспалай қарап тұрған Хан Жиңбау алшандай басып, оның қасына келді:

– Елісхан мырза, сіз әлі жуасыған жоқсыз ба! Жоқ, бұлай істеуге болмайды, өзіңізді емес, еліңізді ойлаңыз. Қазақтарда «қызды қырғыз да алады» деген сөз бар. Қайдағы бір шүйкебастарға бола...

– Оңбаған, арсыз сұмырай! Жап аузыңды. Дінін сатқан мұнафиық неме. Малымыз бен жанымызды алғаның аз болғандай, арымызға ауыз салайын дедің бе?! Қолымды босатсаң мойныңды шілше бұрап, тіліңді желкеңнен суырып алар едім.

– Сабыр, сабыр, Елісхан мырза, мұндайда ашуға басу жарамайды. Ал ашуға бассак, сізге де жаман болады, – Хан Жиңбау осыны айтып, қатулана айқайлады, – көрдің бе, мынаны, – деп маузеріне қол салды, – ажалға жүгірген хаюан, ақымақ болма! Кештен қалмай аталған қыз-қатындар шатырларға әкелінетін болсын. Әр рудың бастықтарына қағаз жаз. Әйтпесе жаман болады.

Күре тамырлары білеуленіп, өңі қап-қара болып түтігіп кеткен Елісхан «қағаз жаз» дегенде барып ашуын ақылға жеңдіріп, өзін зорға тежеді. «Қағаз жазу деген маған Алланың берген соңғы орайы шығар. Лажсыз мақұлдық білдірген болып ақырғы рет айқасудың қамын жасап көрмейміз бе?!» дегендерді ойлап үлгерді.

Сонда да бірден берілгендік танытқысы келмей:

– Хан мырза, сен менің жауымсың. Оларға мен қағаз жазып бермесем де, әкеліп алып ойыңа келгенін істеу қолыңнан келеді. Бірақ елді шулатып қайтеміз. Жауым болсаң да еркексің ғой. Шөліңді басқың келген шығар. Мен хат жазып берейін. Қалғанын өзің ыңғайла, десе де үлкен бар, кіші бар, құпия болу жағын ойла. Қазақтың қыз-қатындары үлкендердің көзінше ала жіп аттамайды, – деп күрсінді.

Жауының бұлайша тез майырыла қалуын өз жеңісіне балаған Хан Жиңбау марсиып қалды. Қорғаушы шерігіне Сағидолланы шақыртып алып:

– Елісхан қыз-келіншектерге хат жазып береді. Итті үргізбей, битке де білгізбей, қалғанын өзің ыңғайла. Бәрі де сыбағасыз, үлессіз қалмайды. Әр қызға жүз күміс теңге береміз. Әскери шені барлардың қалтасы да тақыр емес, қыз жақсы болса ақ күмісін аямайды, – деп бұйырды.

Ескендірдің хатын аламын деп өліміне өзін кінәлі сезінген Елісхан бұл жолы хатты бір емес, бірнеше кісіден беруді жөн көрді. Сағидолланың хат танымайтындығын білетіндіктен оған әлгі он екі қыз-келіншектің атын тізіп: «Бұларды Хан Жиңбау сұратып жатыр» деп қана жазды.

Көп өтпей Елісханның қасына Атшыбай келді. Сүлкіні түскен, өңінде қан-сөл жоқ, үш-төрт күннің ішінде мүлдемге жүдеп кетіпті.

– Балам, сенің жүзіңе тура қарайтын бет жоқ менде. Алла кешсе, өзің кеш. Алданып торға түскенімізді қарашы. Құран ұстап ант берген соң, мен де Құран ұстап, онымен қоймай сендерді шырғалап күнәлі болдым ғой. Тәңірім төрімнен көрім жуық қалғанда осыны көрсетті-ау. Өзіме де обал жоқ. Бүйтіп тірі жүргенше қара жер неге жұта салмайды екен, – деп кемсеңдеді. Елісхан үнсіз тұнжырап, ауыр дем алды.

Бір қыдыру уақыттан кейін:

– Ата, өткенді қуып қайтеміз. Сіз де әдейі істеген жоқсыз. Елдің күндегі жағдайын күнде естіп отырмын. Маған тамақ тасып Шәмши келіп кетті. Кеше кеште Жәнімхан, Қанапия, Уәлихан бастаған жеті адамды тағы ұстапты. Қатты қарсыласса керек, бірнешеуін атып тастапты. Аяғы шығып жүгіріп жүрген тоғыз бала жоғалып кетіпті. Басқа тапшы тибеттер ұрлап кетсе керек. Бүгін таңертең Мұқанай бастаған тоғыз жігітті тағы ұстапты. Из-түзсіз жоғалып кетіп жатқандар да бар дейді. Әлінен асқан шеріктер көрінген жерде қамшы үйіріп, елдің берекесін әбден алды. Сүлеймен молда бастаған бірқаншасын сабағанын көзім көрді. Бүйте берсек ел болудан қаламыз. Бас көтерер ер-азаматтың бәрін қырып бітірді, бұл аз болғандай, сұмдықтың көкесі енді болғалы тұр. Мына қағазды көріңізші, – деп әлгі тізімдікті көрсетті.

Атшыбай өз қызы Бәтиманың есімін көргенде жерге кірермен болып, одан ары бүгіліп кетті. Ұрт еттері бүлкілдеп қалш-қалш етеді. Елісхан сөзін жалғады:

– Жанымызды жәбірлеп бір өлтірсе, арымызды таптап екі өлтіргелі отыр. Бұдан өткен жауыздық бола ма. Мен тағы бір қағаз жазып қойдым. Оны Қожақынның өз қолына тапсырып беріңіз, өте сақ болыңыздар. Бүгін не өлетін, не өлтіретін күн. Қожақынға сәйкесіп жаудың хабарын жеткізіп тұрыңыз. Тамақ әкелген болып жігіттер менен тіл алып тұрсын. Тез қимылдаңыздар, – деп күбірледі.

Елісханның хабарын алған Қожақын бұл істі жүрегімен құп алса да, бірден ортаға шыққысы келмей, алдымен айналасындағылардың жігерін жанып, күреске өздіктерінен шығатындай, ерлік рухын орнатпақ болып, өзіне келген сәлемді елдің басты адамына түгел жеткізіп, олардан ақыл сұрады. Қожақынның алдына тізерлеген ауыл ақсақалдары:

– Қарағым, мына жауыздықтан, зұлымдықтан құтқара көр. Бүйтіп қорланғанша өлгеніміз артық. Ертең ұрпағымыздың бетіне қай бетімізбен қараймыз, – деп көздеріне жас алысты.

Қожақынның күткені де осы еді. Оларды әлі де ширата түсу үшін:

– Сіздер мақұл дегендеріңізбен басқалар не дейді? Дүңгенге бағынбаймыз дегенде, ақыл айтқыш болып, бағындырған өздеріңіз едіңіздер. Қолымызда сынық темірдің қылауы жоқ. Көк болатпен көмкеріліп, мұздай қаруланған қуатты армияға қарсы шабындар дейсіздер. Мен бастап шапсам, тағы бір жағына жалт беріп жүрерсіңдер. Ойланайын, тағы бір айланып келіңіздер, – деді.

Шалдарды осылай шығарып салған Қожақын Шәмшиді шақырып алып, өздерінің күреске дайын екендіктерін айтып, тамақ көтертіп Елісханға қайта жіберді.

Елісхан ас ішкен болып, Шәмшиге күбірлей сөйлеп отырды.

– Өте сақ болыңдар. «Жауды аяған жаралы болады» дегендей, аянып қалмаңдар. Ел ішіндегі дүңгендер үшін жүрген өз адамдарымызға сыр алдырушы болмаңдар. Жаман айтпай жақсы жоқ. Құпиялық ашылып қалса, қасіреттің әкесі сонда болады. Жігіттер топ-топқа бөлінсін. Әр топтың өз басшысы мен шабатын шатырлары белгіленіп берілсін. Елдің алды ұйқыға кірерде қозғалсын. Мені күзеткен күзетшілер де біраздан кейін ұйықтайды. Мылтықтарының бауын бір-біріне матап тастаймын. Бұлардан қорықпасын. Ең алдымен Хан Жиңбау мен Сау Юанның көзін құртыңдар. Бастықтарының көзі жоғалса қалғанын алу қиын емес. Маған Мінән, Қаражігіт бастаған бірнеше атпал азамат кірсін. Қалғандары шатырларға бөлініп, әркім өз тапсырмасын орындайтын болсын. Қыз-келіншектерді бірден жібермей, әртүрлі сылтаулармен кешіктіріп, соларды бетке ұстаған жігіттер іле-шала басып кіріп, сұмырайларды тарпа бас салсын. «Шешінген судан тайынбайды», тәуекелден басқа жол жоқ. Суішеріміз болса аман қалармыз. Күніміз біткен болса басқалардан жанымыз артық емес. Өлсек те өкінбей өлеміз.

Шәмши қайта оралғанда қас қарайып қалған еді. Қожақынның үйіне Сабырбай, Аңғалбай, Сағидолла, Көки, Беги, Рақи молда, Сүлеймен, Әбілхан, Сауытбай... бастаған көп адам жиналыпты.

Алғашқы топтағы шалдардың ішінен Сабырбайдың жоқтығын байқаған Қожақын Рақи молда мен Сүлейменді арнайы жіберіп, қатарға ол кісіні де қосып алған екен.

Әр көкіректе тұтанған кек – қып-қызыл жалынға айналып лап-лап етеді. Қожақынның манағы қайрауынан кейін әр шал бала-шағасы мен айналасындағы жігіттерді түгел бір ауыздылыққа келтіріп, қанын қыздырып жіберген көрінеді. Мына екпіндеріне қарағанда тау болса да тайсалар түрі жоқ. Жапырып өте шығатындай айбатты, сұсты.

Қожақынның көздері оттай жайнап:

– Бүгін не өлетін күніміз, не тірілетін күніміз. Алланы алдаған, Алланың қасиетті кітабы – Құранға қол мөрін басып, бізді алдаған сұмдардан еш жақсылық жоқ екенін көзіміз көрді. Енді «қойныңдағы қатыныңды бер,

үйіндегі қызынды бер» дейді. Бұдан өткен жауыздық бола ма? Бұдан өткен қорлау бола ма? Бізді жай өлтіре салса бұдан жеңіл болар еді ғой. Сүйегімізге таңба, арымызға дақ салып, мәңгілік өлтіргелі отыр. Елісханның қағазы мынау. Енді аянатын неміз қалды! – деді, екі езуі көпірши долданып.

– Аянатын түк жоқ! Қасықтай қанымыз қалғанша, шыбындай жанымыз қалғанша соғысамыз!

– Жауыздыққа жауыздық!

– Біз аяғанмен, олар аямайды. Біз өлтірмегенмен, олар өлтіреді. Бауыздағалы жатқанда басын пышаққа үнсіз ұсынып жата беретін қой емеспіз. Қой екең, қойдың өзі – өлерінде тұяғын бір серпіп барып өледі.

– Дініміз – Ислам, ұлтымыз – қазақ. Ақ дінімізді аяқасты еткізбейміз. Қазақ атына қара таңба салдырмаймыз. Өлсек те адал өліммен өлейік!

– Өлсек шаһидпіз, тірі болсақ қазымыз. Арың үшін, адамдығың үшін өлсең, Алла алдында да ақсың.

– Батыр бабаларымыз жер қайыстырған жоңғарды да жеңген. Талай қалмақтың басын допша домалатқан. Қытайдың жатырынан шыққан, шата дүңгенде батыр бар дегенді өмірі естімеппіз. Ер Жәнібек бабамыз қолдасын! Қазақтың қандай екенін бір танытып қояйық. Өмірі естерінен кетпей жүреді.

– Малымызды алды, оны жанымыздың садағасы дейік. Жанымызды алмақшы екен, оны арымыздың садағасы дейік. Енді арымызға ауыз салды. Бұл қорлыққа шыдап тірі жүргенше, біреуіміз қалмай қырылып қалғанымыз артық емес пе?!

– Бұға берсең сұға береді. Жанталаспай жан қалмайды!

– Өлсек те күресіп өлсек, өкінішсіз боламыз. Өттеген-айымыз ішімізде кетпейді. Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ. Бір-бірімізден көрмейміз. Нар тәуекел, жеңіс біздікі!

Жұрттың сенімін көрген Қожақынның кеудесі кекке толып, өзінің жасырып жүрген маузерін алып шықты.

– Дөңбастаудағы шайқаста түскен олжа еді. Қанша рет қару жинаса да, түйенің шомына жасырып сақтағанмын. Бүгін ес қататын болды. Басқаларыңыз кетпен, күрек, балта, шоқпар, сойыл дегендей түгел қаруларыңыздар! Сайланып болған соң тағы бір тексеріп, міндет бөліп беремін, – деді ол.

Үйді-үйіне кеткен әркім шай қайнатымға жетпей қайта жиналды.

Топ алдынан шыққан Рақи молда ұзақ күңіренді:

– Алланың атымен, Құранның аятымен сөз айтсақ, Алла бәрін көруші, кешіруші. Уа, Алла, күнәміз болса, білмей істеген қатеміз болса кеше көр. Кісі өлтіргендерден қан-қарыз алу ежелден парыз етілген. Алланың ықтиярынсыз ешкім де өлмейді. Өйткені, Алла әр адамның ажал күнін белгілеп қойған. Талай Пайғамбар және көптеген сахабалар бірлікте жауымен соғысқан. Олар – Алла жолында кездескен қиындықтарға босаңсымады. Өлсіздік істемеді. Бас имеді. Алла шыдамдылықты, қайсарлықты жақсы көреді. Алла сендерге медет берсе, сендерге тең келер ешкім болмайды. Мұның бәрі Қасиетті Құран Кәрімде айтылған және де Алла жолында соғысындар, өздеріңді қорғаңдар

делінген. Ерте ме, кеш пе, бір өлімнің бары хақ. Қасиетті Құран Кәрімде: «Ей, муминдер, егер кәпірлерге бағынсаңдар, сендерді діннен шығарып кері кетіреді. Сөйтіп зиян тартушыларға айналасыңдар» делінген. Біз кәпірлерге бағынбай, адал дінімізбен, Алла деген жүрегімізбен тағдырдың сынына түскен жандармыз. Кімде-кім ауыр сәттерде, өзгелер дұшпанның қысымына шыдамай шегініп жатқанда, Алланың атымен ұрыс даласында қалып, шаһид болатынын сезе тұра, бауырларын қорғауға немесе құтқаруға саналы түрде кіріссе, не болмаса қара тұяғынан хал кеткенше күрессе, Алла тағала оған деген шексіз ризалығын білдіреді. Біз кәпірлердің тіліне еріп, дінін сатқан мұнафиһтерді жазалағалы отырмыз. Тірі болсақ қазымыз, өлсек шаһидпіз. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» далада өліп, бетіміз жасырылмай қалатын болса – мойнымызға, білегімізге байлаған ақтығымыз кебін болады. Иә, паруардигар жар бола көр. Алдымен бәрлеріңізге жаназа шығарамын, бұл жауымызбен өліспей беріспейтіндігіміздің белгісі. Адал өлімнің белгісі. Алланың ақиқаты үшін күресіп өлетіндігіміздің белгісі болсын!

Сандықтар ақтарылып, ақ сәлдебоз, басқа да ақ кездемелер жыртылып, мойындары мен жеңдеріне байланды. Бір жағы ақтығы болса, екіншіден қараңғыда жау жасақтарынан парықталып, өз адамдарын арандамау үшін таққан белгісі еді. Жұрт тегіс таям соғып дәрет алды.

Барлығы жашиһ намазына жығылып тұрған соң, Рақи молда жаназа оқыды.

Жұрт орындарынан тұрған шақта сырттан қолдарына сойыл алып, еркекше киінген бірнеше қыз-келіншек кірді. Өздеріне үдірейе қарап қалған еркектер тобына:

– Ерлер атқа мінсе, біз қалай қарап отырамыз. Жанымыз осы еркектерден артық емес. Намысымызды таптатпау жолында біз де соғысамыз. Малғұндар қазақ қыздарының қандай екенін көретін болсын! – десті. Мұны көрген еркектер жағы тіпті де ерленіп кетті. Бірнеше қария әсерленгенінен көздеріне жас алысты.

Көптің алдына шыққан Қожақын жігіттерді топқа бөліп, әр шатырды алуға он, он бес адамнан орналастырды. Жәнтекей тобына өзі жетекшілік ететін болып, бірінші болып Хан Жиңбауды жайратуды ұйғарды. Жәдіктер жағына Сабырбай мен Найзабай жауаптанып, бұлар Сау Юанды алатын болды. Елісханды құтқаруға Мінән, Сәдей, Қаражігіт, Мұқай төртеуі жауаптанды. Құсманды Сағидолла бастаған бірнеше жігіт, Ыдырыш пен Қойшыны Қамшыбай құтқарып шығатын болды. Ілияз ауылындағы жауды алуға Ілияздың өзі жауаптанды.

Шал-шауқан, кемпір-кепшектер мен ат ұстауға жарайтын ересек балалар үлкендер соғысқа аттанғанда, қостарды жығып үйлерді артуға, жау қолындағы аттарды алуға міндеттенді. Соның ішінде Қожақын Хан Жиңбау тартып алған қаракер атын ерекше тапсырды. Мінән мен Сәдейдің қолына «Николай заманыныкі, Елісханның кісенін шақсаңдар керек болар» деп жүзі қылпылдаған ақ балта ұстатты.

Барлық адам «сақадай сайланып болды-ау» деген кезде Сауытбай жұрттың алдына шығып:

– Иә, Алла, Жаратушы жалғыз хақ, жолымызды оңғара көр! Ер Жәнібек батыр бабам рухыңмен қолдай көр! Ақ ісімізге – Жаратушым, жақ бола көр! Азаматтардың арыны асып, жаудың сағын сындыра көр! Жолдарың болсын! Жолдастарың Қызыр болсын! Ғайып ерен, қырық шілтен қолдасын! – деп бата берді.

Кекті жанарларынан от ұшқындаған екі жүздей сарбаз бір ауыздан «әмин!» десіп, беттерін сипады.

– Қыз, келіншектер қайда? – деп тағатсызданған жау тобына екі арада жүрген пысық жігіттер:

– Біреудің қызы, біреудің келіні ата-анасынан, үлкендерден ұрланып шықпаса ұят болады. Үйіндегілерді ұйықтатып тастап шыққалы жатыр. Кейбіреуі жуынып-шайынып сәнденіп келмекші. Бастықтарыңа да иіс майын бұрқыратып, таза барғаны жақсы шығар, – деп көңілдерін аулап жатты.

Жігіттер әдейі қараң-құранды көбейтіп, күзетшілер тұрған жаққа келгіштеп:

– Қыз-қатындар келе жатыр. Біз далдалап ертіп алмасақ, «басқалар көріп қояды» деп ұялып жатыр, – деген емексіткен сөздермен алдаусыратты. Әкелінетін он екі қыз-келіншектің ең өңдісін Хан Жиңбау таңдап алмақшы да, одан қалғандарына Сау Юан бастаған әскери командирлер иелік етпекші. Бірақ Сау Юанның шатыры бұлардан жырақтау жерде, құмтөбенің арғы бауырында болатын. Арада шапқылап Сағидолла жүр, Хан Жиңбау мен Сау Юанның қасында жүретін оған күзетшілердің де көзі үйренген. Бір тәуірі, дүңгендерге қатысты кейбір деректерді де сол Сағидолла жеткізіп тұрды. Ал оның өз ішкі есебі өзінде, орайы келсе көп қыз-келіншектің біреуін өз бауырына басу ойы да жоқ емес болатын.

Айсыз қараңғы түн. Елдің алды қорылға басып, қатты ұйқының құшағына кірген. Қыз-келіншектердің сылдыраған шолпысының үніне үзіле шыққан, күміс қоңыраудай күлкілері қосылып, шырақтары жылтыраған шатырлар ішінде тағатсыздана күткен еркектердің көңілді күбірлері естіледі. Шымылдығын ерте түсіруге асыққан жас отаудың иесіндей дегбірсізденген Хан Жиңбау малына киінген қыз-келіншектерді көргенде екі езуі құлағына жетті.

– Неге кешікті десем, түгел хор қызындай жайнап алыпсындар ғой. Дүңгеннің қыздарының көздері жіпсіп-жіпсіп, өздері ағаштай қатып сырттап тұрады. Қазақтың қарақат көз, аймандай қыздары шынында әдемі-ақ, – деп сілекейі шұбырды.

Өзі таңдағаннан қалғанын өзге шатырларға жіберді.

– Тездетіңдер. Ертең де жол жүреміз. Жататын уақыт болды!

– Мырзам, қазақтар келген қонаққа алдымен шай, нан, бірдеңе ұсынады. Сосын шымылдығыңыз қайда қашар дейсіз.

Әншейінде айбатты көрінетін Хан Жиңбау әйел адамның алдында өзін барынша ырықсыз сезінеді екен. Шатыр ішінде күйбең қағып өзімен-өзі әлектеніп жүр.

Осы кезде сырттан:

– Жәнібек, Жәнібек! Мұхаммед! Мұхаммед, ұр, аяма! Өлтір! – деген ащы айқай, өр дауысты ұрандар көтеріліп, айналаны жер сілкінгендей тітіретіп жіберді.

Қазақ қолы шатырларға лап қойған еді. Қыз-келіншектер де жанталаса қимылдап, қойындарына тыққан бәкі-пышақтарымен шатырлардың бауын қиып жатты. Шатырлар жұмарланып астындағыларды аямай соққылап жатыр.

– Әйю, дасылы, дасылы! Жюмиң-а!⁹ – деген секілді өкірген, ойбайлаған, медет тілеген жалынышты, қорқынышты, жан тәсілім алдындағы аянышты үндер жиі естілді.

Әлдекімдер жағынан тарс-тұрс атылған бірнеше оқ лап қойып келе жатқан қазақ тобын кері үркітті.

Күзетшілердің бірінің оғы алдыңғы қатарда келе жатқан Аңғалбайдың қара санын түйреп өткен еді. Жанындағылардың жапырыла шегінгенін көрген ол жалма-жан:

– Қашпаңдар, қашпаңдар, бізге оқ атылған жоқ. Жауға қарсы атылған Қожақынның мылтығының үні ғой! – деп жан дәрмен айқай салды.

Соның арасынша Хан Жиңбауды жайратып үлгерген Қожақын, әлгі мылтық атқан екеуді жалманынан түсірді.

– Ау, керей, қашсаң да қырыласың, қашпасаң да қырыласың. Қайтпа, керей, қайтпа! Жәнібек! Жәнібек! Мұхаммед, Мұхаммед, жайратыңдар жауды. Аянбаңдар! – деп қыран құстай саңқ-саңқ етті. Мылтық үнінен жүрегі шайлыға қалған топ – Қожақынның асқақ үнінен кейін есін жиып, жау тобына қайта лап қойды. Шатырлардың бауларын қиып, бел ағаштарын сындырып, бүлкілдеп, томпаңдап жатқан жердің бәрін аямай төпештеп жатыр. Өліктер мылжаланып, шатырлар шылқыған қанға бөкті.

Жұрт төпелеп жатқан шатырдың бірінен:

– Ойбай-ай, мен Оразаймын! – деген ащы үн шықты. Сөйтсе, Сағидолла далбандап жүгіріп жүргенде, пысықтық көрсетпек болған Оразай – он екі қыз-келіншектің біреуін иемденбек ниетпен әскери шатырдың бірінен орын алған екен. Оның арамдығын бірден білген жігіттердің бірі:

– Мә, Оразай болсаң! Сендей сатқындарға керегі осы! – деп сойылмен ұрып, жіліншігін сындырып жіберді.

Өзін күзеткен әскерлердің мылтығының бауын біріне-бірін қосақтап тастаған Елісхан олардың кісенінің кілтін тыққан жерін де байқап қалыпты. Сырттан Мінән, Сәдей, Қаражігіт аталып кеткен Ядолла үшеуі басып кіріп күзетшілерді жаһаннамға аттандырып, Елісханды көтере қашты. Мінән Елісханды балаша арқалап бірталай жерге дейін жүгіріп барып, бір жыңғылдың түбіне түсірді. «Қабырғам удай ашып барады» деді ол. Сөйтсе, Мінәндар басып кіргенде Елісхан мылтықтың екеуін де білегіне іліп алған екен. Елісханды жұлқа көтергенде біреуінің найзасы ашылып кетіп Мінәннің қабырғасын түйреп кетіпті. Елісхан кісеннің кілтін ала шығыпты. Ат

⁹ Ойбай, өлтірді, құтқарыңдар! – деген мағынадағы сөздер.

жетектеген Шәмши мен Кәрмен алдарынан тосып тұр екен. Қол-аяғы босап атқа қарғып мінген Елісхан:

– Қожақындар қай маңда жүр. Мен соларға қосылып жауды бірге жайратайық! – деді. Мінән мен Сәдей қатарынан шыр ете түсті:

– Жұрттың бәрі жүгін артып дайын отырғанымен көшті бастаған ешкім жоқ. Қараңғыда ел адасып тозып кетеді де, жауға жем болады. Сіз көшті бастаныз!

Олардың сөзін құп алған Елісхан айсыз қараңғыда Кәрмен бастаған бірнеше жігітті ілестіріп шаба жөнелді. Аздан кейін жанындағыларға мойын бұрып:

– Мен елдің алдына шығып көшті тауға қарай бастаймын. Сендер маған ілесе бермей, оң-солға бытыраған ел болса бетін бұрып, тура жолға салыңдар, – деп бұйырды.

Манағы екі мылтықтың бірі өз мойнында кетті. Соғыс басталмай-ақ, қостарын жығып, түйелерін қомдап үлгерген шал-шауқан, кемпір-кепшектің алды қалың жыңғылдың арасынан шыға бастаған екен.

– Тауға, тауға қарай, – деп айқайлады Елісхан.

Елісханды жолға салған Мінән мен Сәдей жараланып қалған Аңғалбай мен Жақыпбекті көштің соңынан ілестіріп жіберді де, жау тобына атойлай лап қойып, қарсы келгенін жапырып жүрген Қожақын, Шәкірман, Қасен бастаған жігіттерге қосылды. Кенет Сәдейдің ерні шым ете түсіп, алыстан атылып әлсіреген оқ көлденеңінен тиіп аузы-басы қан-жоса болды. Мұндайды қалт жібермейтін Қожақын оның аузын сипалап, ерніне тұрып қалған оқты оп-оңай алып тастады.

Жәнтекей жігіттері Хан Жиңбау тобындағы үш жүз әскердің тоз-топалаңын шығарып, көбін жайратып салды. Ішінара жараланып жасырынып қалғандары мен қашып кеткендерін есептемегенде бәрі де қанға бөгіп жер құшты. Бірақ жаудың алынбаған әлі де екі тобы бар. Екеуінде қырық-елуден әскер бар. Олардың бірі Сабырбай ауылы болса, екіншісі Ілияз ауылы. Сабырбай ауылындағы жәдік жігіттері Сау Юан тобын жайратқаннан кейін Ілияз ауылына көмекке кіретін болып келіскен болатын.

Осы кезде шығыс жиектен суға шомылған сұлудай жарқырап жаңа туған аппақ айдың шекесі көрінді. Түн бауырында құмды төбелерде сексеуіл-жыңғылдардың ұшы үрпиісе ербеңдейді. Айдың ала көлеңке жарығында жаудың мылтығын теріп алған жігіттердің көбі-ақ қаруланып үлгерді. Қожақынның бастауында бір топ сарбаз Сабырбай ауылына қарай шапты. Бозамық сәулені жамылған қалың топтың алдында өзінің қаракері астына тиген Қожақын жұлдызша ағып барады.

Жәдік ауылының адамдары да жүктерін артып үздік-создық шұбай жөнелген екен. Бірақ Сау Юан алынбапты. Қалың әскерін сапқа тұрғызып алдында ойқастап, Хан Жиңбаудың өлгенін білмей соның бұйрығын күтіп тұрған сыңайлы. Олардың көзін жоюға жауаптанған Сабырбай тобы айқай-шу шығып, мылтық тарс-тұрс атылғанда қорыққандарынан бастарын көтере алмай әркім өз жанын алып қашса керек.

Құмды қыраттың жалында тізгінін іркіп, Сау Юанның алынбағанына ызаланған Қожақын:

– Қап, әттеген-ай, Сабырбайға сенгенше, бұл жұмысты Аңғалбайға тапсырсам-ақ жөн екен, амал қанша! – деп өкіне күңірөңді. Жанында тұрған жігіттердің бірі:

– Сабырбайға бекер-ақ сенген екенсіз. Баяғыдан-ақ Сау Юанмен ауыз жаласып әмпей-жәмпей болып жүретінін білмеуші ме едіңіз. Жәнтекейлер қайтсе үйтсін деп бізді оққа байлап, өздері аман қалмақшы болған жәдіктердің арамдығы ғой бұл! – деді ызалана тіл қатып. Қожақын:

– Жау жағадан алғанда жанжалдасарлық мұрша жоқ. Ана Сау Юан көштің артынан қуып оқ жаудырса, қырғынның көкесі сонда болады. Көшпен Сау Юанның арасына кіріп көшті қорғайық. Тауға бір ілініп кетсек, бәріміз де аман қаламыз, – деп жәдіктердің алдыңғы көшіне қарай тұра шапты.

Сау Юан тобының күзетшісін өлтіріп, өз міндетін адалдықпен атқарған Сағидолла бір мылтық олжалап жау жағын қарауылдап жатыр екен. Қожақын үстілеріне келгенде оның арт жағындағы Сабырбай:

– Қайтейін, мен кәрі болдым ба, бала-шаға жас болды ма. Жігіттерімнің көтіне итпек салып қозғалта алмай-ақ қойдым. Қарағым, сенің алдында қара бет болдым, енді қайттім!? – деп жыларманға жетті.

Осы кезде Сау Юанның қолынан сытылып шыққан Құсман бұларға қарай қашып келе жатты. Сау Юан Сабырбаймен тамырлығын ойлап, қол-аяғын байламай бос қойса керек. Оның арт жағынан жау шеріктері атқылап жатыр. Құсманның алдынан шауып шыққан Қожақын жау тобына қарай оқ жаудырып, оны қорғап қалды. Құсманның мергендігін жақсы білетін Сағидолла қолындағы мылтығын жалма-жан оған ұстата қойып еді, тізерлеп отыра қалып өз тобынан озып өндірішектей шауып келе жатқан бірнеше шерікті ұшырып түсірді. Сау Юан тобынан бес-алты ат ойнап шыға келді де, қалғаны кері жапырылды.

Қожақын топ алдына шығып:

– Қашқан жауға қатын би. Қазірше қаша тұрсын. Жігіттер көшті қорғасын. Жау ес-ақылын жинап алғаннан кейін қайта шабады. Оларды көшке араластырып, елді арандатуға болмайды. Алдынан тосып отырайық! – деді де жыңғылды ойпаңнан суырылып шығып жалпақ татырда ұбап-шұбап бара жатқан көшті бетке алып шаба жөнелді.

Шығыс жиек қызарып, таң атып келеді.

Хан Жиңбаудың өлгенін жерге жарық түскенде ғана білген Сау Юан алды-артын түгендеп қайта шапты. Көштің артынан тықсыра қуып оқ жаудырып келеді.

Жауға қарсы шапқан Қожақын айналасындағы жігіттерге бұйрық беріп айқайлап барады.

– Солтан, Шәмши, Арапхан, Беги, Сейілхан, жаудың оң қанатын тосыңдар!

– Қамза, Қапас, Мәшари, Сәдей, Қасымхан, көштің артынан ілесе қорғап, жау әскерін қасқа маңдайға соғыңдар!

– Мұңлық, Көніс, маған ілесіңдер!

Бытырлаған мылтық, айқай-сүрен, бақырған түйе, кісінеген жылқы сары ойпаттың жиегіндегі жалпақ татырды шаң-тозаңға оранған ұрыс даласына айналдырды. Талайдан бері кегі ішіне жиналып, әбден қаны қарайған қазақтар жағы қараға алғанын қалт жібермей атып жатыр.

Иесін бауырына ала сүйрелеген аттар, жүгі ауып тайрандай үріккен түйелер, кез келген жерге шашылған жүк пен адам, мал өліктері көзге жиі шалынады. Еліре шапқан жау шеріктері оққа ұшып кеткенде аттары екпінімен келіп қазақтардың қолына түсіп жатыр. Қайшыласқан оқтың арасында өлген әскерлердің мылтығы мен оғын теріп жүрген сайыпқырандар да көрініп қалады.

Қайта шегініп, бой тасалап кетсе арттағы қожаларынан өздеріне де жақсылықтың жоғын білсе керек. Сау Юан тобы өлермендене шабуылға өтті.

Бір жерде Құсман бастаған Көки, Шәкірман, Қайса, Нұрбекбай, Әбілхан, Тұлымхан секілді бір топ жігіт құм төбелер мен сексеуіл, жыңғылдарды далда қылып, жауға қарсы оқ жаудырып жатыр.

Жәдіктер көшіне жақындап қалған шеріктің алдыңғы бір тобы солардың оғымен қырқылып түсті де, қалғаны шегіне жалт беріп, көштің алдын орай шапты. Көш бастап бара жатқан Елісхан тобында жалғыз ғана мылтық бар еді. Оғы да санаулы болатын. Атынан түсіп бір тізерлеп отыра қалған Елісхан оқ жетер-жетпес алыстан орағытып келе жатқан жаудың бірнеше шерігін ұшырып жіберді. Сосын қасындағы мерген жігіттердің біріне мылтығын ұсынып:

– Бес тал ғана оқ қалды. Бесеуі бес адамға жарайтын болсын. Қадап ат, оқты ысырап қылма! Мен жығылған шеріктерден мылтық пен оқ әкелейін. Сұмдардың әуселесін сонан кейін көрейік, – деп су орған жырашықпен еңбектей жөнелді.

Алдыңғы бірнеше адамы оққа ұшқан жау бытырай шауып қылыштарын жалаңдатып, өңмендеп келе жатыр еді. Көлденеңнен атылған Елісханның оғынан тағы бірнеше ат ойнап шыға берді. Қарсысынан бір емес, бірнеше жерден оқ атылғанын байқаған шеріктердің арт жағындағылары иіріліп қалды.

Әлгі жігіттің қасына жеткен Елісхан:

– Жарайсың, жігітім, оқты ысырап қылмадың. Кәпірлердің беті қайтты. Енді албаты ата берме! Көш бөгеліп қалмасын! – деді де, атына қайта мінді.

Жаудың негізгі күші қалай шапса, сенімді серіктерін бастап Қожақын солай шабады. Атқан оғы мүлт кетпейді. Астындағы қаракері де екі езуі көпіршіп баяғының хас тұлпарындай арындай ауыздық басады. Ертегілердегі жусаннан биік, бетегеден аласа бола қалатын батырлардың серігіне ұқсайды. Тізгінін қаңтара салып, жауға оқ жаудырып жатса да тапжылмай қасында тұрады. Тумысынан қол өсірген төл аты болғандығынан ба иесінің бар сырына қанық сияқты. Қуса жетіп, қашса құтылатын осы қаракердің ендігі бір аты – «мысық табан». Шапқанының өзі жорғалап бара жатқандай сезілетін жұмсақ шабыстығына қаратылса керек.

Көштің арты бір ойпаң жерге келгенде Қожақын:

– Азық-түлік сияқты керекті заттардан басқаның бәрін тастап, түйені тез жеңілдетіндер. Мына мимырттарыңмен жаудың табанының астында қаласындар, – деп бұйрық берді.

Енді бірде бар күшін топтаған Сау Юан жасағын өзі бастап үдере шауып келе жатты. Иығына екіден асып алған төрт бірдей маузерін қолына алған Қожақын жанындағыларға:

– Мен бір жолда екеуін екі қолыммен қатар атамын. Сонда сендер қалған екеуіне оқ салып оқтап беріп отырыңдар, – деп Мұңлық пен Көніске қарады. Соның арасынша жау тобы да жақындай түсті. Қожақынның қос қолындағы маузері сайрай жөнеліп еді, тобымен жапырылды. Сау Юан ат-матымен омақаса жығылды. Өзіне тиді ме, атына тиді ме, будақ-будақ көтерілген шаңнан оны айыру мүмкін емес. Әйтеуір шеріктері оның денесін атқа өңгеріп кері шапты.

Жау шоғыры алыстай бергенде Қожақынның есіне не түскенін кім білсін, жұрттың арасын қақ жарып көштің алдына қарай ентеледі. Бір жерден Құсманды тауып алып, оның мойнындағы дүрбісін сұрады. Құсман бергісі келмегендей ыңғай танытып еді:

– Сенімен сөзге таласып тұратын уақытым жоқ, – деп оның мойнындағы дүрбіні лып еткізіп іліп алды да, кері шапты.

Мойнына орамал салып, оның бір жағын аузына тістеп алған Қожақынның өңін айғыз-айғыз тер басып түтігіп кетіпті. Оған ләм-мим дей алмаған Құсман артынан сүйіне қарап:

– Бәсе, өзіме де осы керек еді. Таласқан дүрбілерін ақыры әкетті. Нағыз ер екен ғой, – деп тамсанып қала берді. Қожақын жаудың шегініп кеткенін жеңілісіне мойынсалдықтан емес, тағы бір сұмдық қарастырғаны деп білді. Сол үшін де биік қырқаның біріне шығып, жан-жағына дүрбі тартты. Айтсайтқандай сонау алыстағы жыңғыл мен қамыстың арасынан тағы бір топ шеріктің төбесі көрінді. Көштен мүлдем алыстағы бір қобыны өрлеп келе жатыр. Қожақын мерген жігіттердің бірнешеуін сығайлап алып солай аттандырды. Өзі тұрған биік қырқа – бір жағынан мықты қарауыл, бір жағынан көштің соңынан кіретін жалғыз жолдың аузы екен.

Таңнан басталған соғыс кешке дейін жалғасты. Күн батар-батпаста көштің көп бөлімі тау ішіне кіріп болды.

Номығын мен Зұнжаның шекарасындағы қамысты, жыңғылды саз бен Баруын тауының арасындағы ат шаптырымдай татырда теңкиіп-теңкиіп құлаған мал мен адамның өлігі, үй мүліктері қызыл қырман болып шашылып жатты.

Қожақын бастаған топ көштің артын қорғап, бар-жоғын түгендей бастады. Елдің бас-аяғына шапқылап толарсақтан қан кешіп жүрген жігіттер кезек-кезегімен мәлімет беріп жатты:

– Түнгі шабындыда жәдіктер жағынан көмек ала алмаған Ілияз өз басын ғана аман алып шығып, ауылы қырылып қалыпты.

– Ыдырыш пен Қойшы бір кісенге қосақталған екен. Оларды алып шығуға жауаптанған Қамшыбай жігіттерге бас болғанды қойып «балам Әбдірахман

түйнек болып ауырып өлгелі жатыр» деп өз басын ала қашыпты. Екеуі кісенді шағып қашқан екен. Ыдырыштың аяғына қосақталған басы шағылып, Қойшы батырдыкі шағылмай қойыпты. Сөйтіп, Ыдырыш молда қашып құтылып кетіпті. Қойшы батыр кісеннің бір басын аяғына байлап алып, көштің соңынан оқ жаудырып жатқан бір пулеметшіні жайратып, өзі де қолға түсіпті. Бірнеше жігіттер құтқармақшы болып жетіп барғанда: «Жақындамандар, мұнда мені шырға қылып, сендерді аңдып жатқан шеріктер бар» деп айқай салған екен. Аналар Қойшыны атып жіберіпті. «Мұхаммед, Мұхаммед!» деп құлаған батыр өле-өлгенше «бір адам болса да қорғап қалайын» деген ғой. Қайран ер-ай деші, жалғыздығынан шаһид болды ғой.

– Мамыр, Қаппас, Қамза деген жігіттер өлермендене ұмтылған жаулардың талайын жайратып, өздері де мерт болған екен.

– Түнгі апалас-төпелесте жұртта бесігімен көп бала қалып қойыпты. Дүңген әскерлері түгелдей найзаға шаншып өлтіріпті.

– Жаудың шығынында есеп жоқ. Әйтеуір бірнеше жүз шеріктің қырылғаны анық. Қазақтардың өзінен бала-шаға мен үлкендерді қосып есептегенде бас-аяғынан жетпістей адам шаһид болған екен.

Қожақын жау келетін сайдың аузына бір топ жігітті қалдырды да, көшті шамасынша алға жылжытып, өрлетіңкіреп барып дамылдатты.

Ғұрбынажын сайын өрлеген көш Қолымты жолымен Алтыншөкеге қарай қайта қайқайды. Көштің алдын бастаған Елісхан ерте қамданып, Алтыншөкеге де жетіп үлгерді. Оның алдынан Айылбай мен Деле шықты. Бұлар Елісхан мен Хан Жиңбаулар бітімге келіп Құран ұстап жатқанда, дүңгендерге сенбей өздеріне қарасты бірнеше үйді алып түн жастана сытылып кеткен болатын. Айылбай:

– Қарағым, «құс жаңылып торға түседі» деген сөз текке айтылмаған. Зұлымдық пен жауыздықтың бәрі де қаһарланып келмейді. Тісін ақситып, күлкісін сыйлап келіп ажал сыйлайтын қаншама сұмдық бар. Басқасын былай қойғанда, «мың бір түннің» өзінен талай патшалардың зұлымдығын оқыдық емес пе. Ма Буфаң да діннен безген екіжүзді сатқын ғой. Алла бірдеңе білгізген шығар, біздің дүңгендерге сенбей, Құранға қол қоймай, бөлініп кеткеніміз де сол еді, – деді.

Елісхандар арттағы елге алаңдап отырғанда шолғыншылар келді. Олар елдің таяп қалғанын, жау әскерінің шегініп кеткенін айтып бір қуандырып тастады. Көштің Елісхандардан кейінгі екінші легінде Сабырбай, Құсмандар келді. Онан кейін де көштер үздік-создық келіп жатты. Қожақын бастаған жәнтекей жігіттерінің төбесі көрінбеген соң Елісхан тағы да алаңдай бастап еді, көз ұшында бір топ салт аттылар көрінді. Жақындағанда барып жау емес, өз адамдары екенін таныды.

Астында қаракері ойнақтай басып Қожақын алдыда келе жатыр. Оның артында қалың шоғыр – өңкей сайдың тасындай сайлауыт жігіттер. Бәрі де қару асынып алған. Жеңіспен оралып келе жатқан қалың сарбаз. Елісханның көз алдына батырлар жырында айтылатын баһадүрлердің сом тұлғасы елестеді. Қожақынның әншейіндегі шағын денесі ат үстінде құрыштан

құйғандай тұлғаланып, айбатты көрінді. Өзі үнемі көріп жүрген әкесінің інісі жай Қожақынды емес, батыр Қожақынның бейнесін танып, жанарына ыстық жас толды. Олардың алдынан шығып, Қожақынның атының тізгінін ұстады.

– Ассалаумағалейкум, кіші аға, ... – сөзінің соңын айта алмай кемсеңдеп кетті. Қожақын да атынан қарғып түсіп, Елісханды қапсыра құшақтады.

– Алтынымның сынығы, асылымның қиығы, қарғам, амансың ба? – Қожақын да жылап тұр еді.

Баяғыда Баркөлде бүкіл ауылы қызыл қанға малынып, қынадай қырылған өліктердің үстінен түскенде ағалы-інілі екеуі дәл осылай құшақтасып, ұзақ жылаған-ды. Онда өзектерін өртеген қайғы-зар, шер мен нала жанарларынан жас емес, қан болып төгілген болатын. Қазір де көз алдарында сол бір – қырғын. Қанға шыланып, мәңгілік ұйқының құшағына енген бейуаз жандар. Елісханның танауына әкесінің денесінен аңқып тұратын хош иісі келген сияқты. Қожақынның денесінен аңқыған тер мен шаң-тозаңға қосылған мылтық дәрісінің күлімсі иісі алыста қалған сағыныш зарын – әке мейірін есіне салып, балалығының сөніп қалған қоламтасын қайта үрлеп жатыр. Балапанын жылан жұтқалы жатқан қарлығаштай шыр-шыр етіп, мұны құтқару жолында кеудесін оққа төсегені, ағалық қана емес, әкелік мейір көрсеткені жанын бордай үгітті. Өзіне ғана емес, осынау шерменде халықтың шешуші сәтінде атойлап алға шығып, қиыннан жол тауып, қырандай самғауы – өзіне көрсеткен өнегесі деп ұқты.

Хан Жиңбау Елісханды кісендеп тастағанда, Қожақын қатты күйзеліп еді. Тіпті дүңген әскерін қыруға аттанған кештің өзінде, намазының соңында Аллаға жалбарынып: «Елісханымды жазатайым мерт болудан сақтай көр, аман қыла көр, бір атаның артында қалған жалғызым еді, Жаратушы Ием, жар бола көр, пәле-қалаңнан сақтай көр! Елі үшін туған еріме қолдаушы періштелеріңді жібере көр!» деп жылаған болатын. Енді міне тілегі қабыл болып, аман көргеніне қуанып тұр, толқып тұр. Осы бір қас-қағым сәтте бәр-бәрін еске алып, өткен күндер елесі көз алдынан шұбырып, егіліп тұр.

Екеуі құшақтасып ұзақ тұрды. Көздеріне жас алған үлкендер жағы «мауқын бассын» дегендей әдейі айырмады. Екеуінің бір-біріне деген ыстық мейірі, ел мен жерден айырылған мұңлықтардың да зарлы күйін толқытып, өлілер үшін де, тірілер үшін де жылап жатқандай, көңілдерін босатып, көздеріне жас алдырды.

Олардың құшағы ажыраған кезде өзгелер де екеуімен кезек-кезегімен құшақтасып көрісіп жатты. Әрнені сұрап қаумалаған жұртқа Қожақын өздерінің көш соңында қалған әңгімесін баяндап берді.

Ауылдарды таудың қойнына толық кіргізіп болып, бар-жоғын түгендеген Қожақын, қырылған жаудан қару-жарақ олжаламақшы болып түндегі шатырларға дейін қайта барыпты. Өздері сойылмен соғып мылжа-мылжасын шығарған өліктердің арасында шала-жансар жатқандарды өлтіріп, мылтық, оқ-дәрі жинап жүргенде, үстілеріне қалың жау шерігі жетіп келіпті. Қазақтар әлдеқашан кетіп қалды деп алаңсыз келе жатқан жау тобы, қаннен-қаперсіз

қару-жарак теріп жүрген қазақтарды көргенде, ат басын іркіп аңырып қалса керек. Олар ес-ақылын жиып болғанша қазақтар оқтың астына алыпты. Алдыңғылары құлап, артқылары жапырыла қашыпты. «Біз мұнда жүргенде жаудың жартысы елді қуып кеткен болып жүрмесін» деп сарбаздарын сайлаған Қожақын көштің соңына келсе, жау мұнда келіп килігіп, көшті оқпен қайыруға әрекеттеніп жатыпты. Шеріктер арт жағынан келетін қазақ қолын аңғармаса керек. Жауды қыруға әбден дағдыланып алған Қожақын айқастыра асқан төрт маузерінің екеуін қолына алып кезек бұрқылдатыпты. Жау тобы аспаннан ажал жауғандай қырғын тауыпты. Көш соңына килігуге ұмтылған жау тобы қалай шапса, Қожақын да солай шауыпты. Оғы таусылғанда артындағы жігіттерге қол созады екен. Олар бір жағынан Қожақынның сыртынан келетін жауларды аңдып оларға оқ жаудырса, бір жағынан оқ дайындап беріп отырыпты. Сөйтіп, Қожақын жауды шері тарқағанша қырып, көш бөгеуден ағытылған судай жөңкіле жөнеліпті. Көп адамынан айырылған дүңген қосыны құрамындағы моңғол, таңғыттарымен қоса кері шегінуге мәжбүр болған екен.

Қожақынның әңгімесін естіген үлкендер жағы:

– Ер өзі үшін туып, елі үшін өледі деген. Соғыс кімнің ер, кімнің ез екенін көрсетеді. «Өншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас» дегендей, от басында батыр, түзде қорқақ талай адам бар. Еліңді қорғап ерлігіңді көрсеттің. Халқыңа қалқан, жауыңа жасын болдың қарағым, Алла жар болсын, саған! – деп алғыстарын білдіріп жатты.

Қожақын:

– Алланың берген қуаты шығар. Шамамызша жанталасып көрдік. Бірақ Ілияз ауылының қырылып қалғанына ішім ашиды. Біз Хан Жиңбауды қырып қашқанда Сау Юаның қолы алдымен сол ауылды басып қалыпты да, ондағы әскерлермен бірігіп, қырықтай адамды бірақ қырып тастапты, – деп мұнайды.

Аз күн отырса да, Алтыншөке өңірін өз мекендеріндей сезіне бастаған жұрттың көбі мұнда тірі оралғандарына тәубе қылды. Десе де, әр жерде қалқиған қара қостардан жылау, зар, көріс үндері көтеріліп жатты. Қаша соғысып жүріп Шың Шысай құрығынан зорға құтылған ауылдар дүңген жерінде талай атыс-шабысты басынан кешірсе де, бұл реткі қаза – көптің қабырғасын қайыстырып кетті.

Күйзеліп отырған елдің үстіне қырғыннан тірі қалып, құр сұлдерін сүйреткен бірнеше әйелді ертіп, Ілияздың тоқалы Гүлсім келгенде, зарлы үн тағы көтерілді. Еңірегінде етегі жасқа толған Гүлсімнің өңі кісі шошырлық, беттері айғыз-айғыз, шаң-топырақ, шаштары дудырап, көзі қып-қызыл болып кеткен. Сөйлей алмай булығы өксіп, жылай береді. Жұрт «жынданып кеткен шығар» деп көздеріне жас алып оны уатумен болды. Ақыры тілге де келді:

– Таң атар-атпаста қалың жау басып қалды. Еркек дейтін еркектің түрі – анау, өз басын амандап қашып кетті. Ауылды басқан жау атып жатыр, шауып жатыр. Қашқан балаларды найзамен түйреп жатыр. Сақалынан жас ағып, иман айтқан шалдардың басын қылышпен қағып түсірді. Екіқабат әйелдердің ішін жарып тастады, – Гүлсім сөйлей алмай тағы да кемсеңдейді.

– Көз алдыма келсе болды жаным түршігеді. Не істерімді білмей, батпаққа жығылған түйенің астына тығылып қалдым. Бақытыма жарай, бақытыма деймін-ау, қайтейін, сорым ғой, бір топ жыңғылға жақын екенмін, жаудың аяғы алыстаған бір әредікте сонда кіріп кеттім. Күндіз жыңғыл, түзген, сексеуіл секілді бұта-бүргенді паналап, түнде жалаң аяқ, жалаң бас, босқан елдің ізімен ілби бердім. Табанымды тас тілді, таңдайым кеуіп өлдім-талдым дегенде бір өзенге жетіп жан шақырдым. Сол жерде қырғыннан аман қалған, жараланған бірнеше әйелдер мен балалар жолықты. Қырғыннан аман қалған өз ауылымның адамдары екен. Жұртта жылап жатқан екі жасар ұлымды да ала шығыпты, – Гүлсімнің көз жасы омырауына тырс-тырс тамады. Екі иығы солқылдап өкси жылайды, – бірімізге-біріміз сүйеу болып ілбіп келеміз. Жұртта қалған сүйек-саяқ кезіксе соны кеміріп, өлмеген шыбын жан зорға қозғаламыз. Бара-бара аяғым артына кеткен сияқты жығыла бердім. Жаралы әйелдің бірі баламды алып, бірі өзімді сүйеді. Қатты шошынғандыкі ме, әлде аштық азабы ма, бір кезде көзім қарауытып жығылып түстім. Есімді жисам, мені сүйреткендей қылып сүйемелдеп әкеле жатыр екен. Балам жоқ. «Бала, бала» деп баж ете түстім. Басқалардың маған мөлиген жанары өлген адамның көзі сияқты бозара жылтырайды. Еріндері тілім-тілім жарылған, қартаңдау әйел сөйлеуге тырысып зорға үн шығарды:

– Көтеріп жүре алмадық, кеше қонған жерде қалып қойды.

– Жоқ, жо-оқ, балам-ба-лам...

Тұра жүгірмек болып жанталасып ем, онымнан түк шықпай жығылып түстім. Есімді жисам, басқалар қайдан тапқанын білмеймін аузыма су тамызып отыр екен.

– Тірілді! Тірілді! – деп күбірлейді. Әйтеуір шықпаған жан жетті! Балам тірі қалды. Жылаған үні құлағыма әлі естіліп тұрған сияқты, – сөзін зорға аяқтатқан Гүлсім бүгіліп кетті. Егіліп жатыр: – Тумай жатып қарға-құзғынға тірідей жем болдың-ау, жалғызым, – деп зар еңірегінде екі етегі жасқа толды.

Оған қосылып баласы жұртта тірі қалған талай ана боздады. Қазалы ауылдардың қасіретіне қабырғасы қайысқан Елісхан елбасыларын жинап алып:

– Жаудан құтылдық дегенге әлі ерте. Бір топ жігіт ауылдың айналасындағы тұрғы-тұрғыға шығып қарауылға тұрсын. Екінші топ соғыс болған жерлерді шалып, тірі қалғандарды жинасын және де бірнешеуі одан ары қарай моңғол-таңғыттардың бірінен тіл алып жаудың жағдайын бақылап келсін. Енді бір топ шолғыншы көштің алдағы бағытын анықтап, жер шалып қайтсын, – дегенді айтты.

Өздерінің ұзақ әрі қиын тағы бір сапарды бастағалы тұрғанын үнсіз түсінген әр шаңырақ, өз түтіндерін түтетудің қамына кірісіп, бірінің жоғын бірі түгендеп, етек-жендерін қымтана бастады. Олардың алдында асқар басы көк тіреген Гималайдың алып шоқылары жатты. Сол шоқылардан ескен суық ызғар – күздің жақындап қалғанын аңғартқысы келгендей, қараша үйлердің іргесінен боз-боран болып аңырады.

* * *

Арада аз күн өтіп, арт жаққа кеткен шолғыншылар суық хабар әкелді. Ма Буфаң «Хан Жиңбау өлді» дегенді естігенде, ер-тоқымын бауырына алып қатты тулапты.

Қазақтарды аямай жазалау туралы жер-жерге бұйрық түсіріпті.

Дүңген қосынына қосылған таңғыттар мен моңғолдардың Елісхан ауылының қора-қора малын айдап, Шиниңге беттеп бара жатқанын көрген арттағы қазақ ауылдары қатты түршігіпті.

– Мына дүңгеннің пиғылы жаман, Елісханның ауылын шауып қайтқан сияқты. Біреуімізді аямаған аяр дүңген бәрімізді де аямайды. Түбі ел болғызбас, – деген Зайып, Көккөл төңірегіндегі атқа мінерлерді түгел жинапты. Жиналыста бас қосқан Мардан, Алпыс, Қошуыт, Абызбай, Кәріштай, Серікбай қатарлы азаматтар бірауыздан көшу байламына келіпті. Олар енді қозғалсақ деп отырғанда Елісханның Хан Жиңбауды өлтірген хабары жетіп, онсыз да қопақтап отырған ел, түп қотарыла қозғала жөнелген екен. Оны естіген Доландағы Қармыс, Мұқай, Қали, Қамзалар көш соңынан қосылыпты.

– Ау, ағайын, базарқұлдар мен шақабайлар Елісханның артынан кеткенде жан туысы болған тасбикелер қарап отырып өлеміз бе? Ма Буфаң ең алдымен бізді жұтады, – деп тасбикелер де дүрлігіпті. Адубай, Қожамберген балалары және Мейірімхан, Жанәбіл, Нұрсадық, Тұрды ауылдары да қозғалмай қоюға дәт қыла алмапты. Тек Адубай ғана ертеректе болған Елісхан екі арасындағы енжарлықты еске алып: «Сендер жылжи беріңдер, Алланың басқа салғанын көрерміз» деп жылыстап қалып қойған екен. Мұндайда аузына келгенін айтып салмаса көңілі көншімейтін Мейірімхан шорт мінезіне басып:

– Ағайын бірін-бірі өкпеге қиғанмен, өлімге қимайды. Бәріміз бір Кәдірбектің ұрқымыз. Жанымыз Елісханнан артық емес. Кеттік соңынан. Иілсе таяқ, жығылса жастық боламыз! – деп көшті бастай жөнелген екен.

Хан Жиңбаудың өлгеніне қоса бүкіл елдің бүлінгеніне өлердей ызаланған Ма Буфаң көзіне көрінгенді атып, шауып, өзінің жауыздық, жыртқыш бейнесін айпарадай ашыпты.

Ең алдымен Елісханға Ескендірді жіберіп, тіл беріп қойды деп Ганжу деген жерде Қасым батырды атқызыпты. Қасымды атқанда «бұл да біздің Хан Жиңбау сияқты қазақтың батыры, ең алдымен Хан пулұйжаңға татитын ірісінен бастайық. Біреу болса да бірегейінің көзін құртайық» деген көрінеді.

Екінші кезекте Елісханды райынан қайтарғанды қойып, барған әскерді қыруға себепші болған деген айыппен Атшыбай атылыпты.

– Нұрғалиды Туладан Жаңиеге шақырып алып, жол бойы атып тастаған екен.

– Кенекеш, Қошу, Қабыкеш бастаған тоғыз адамды Сұр деген жерде атып кетіпті.

– Сақадағы Солтаншәріп ауылы да қозғалмақ болған екен. Дәл сол кезде алпыс жігіті аң терілерін тенденіп, Шиниңге астыққа кетіп, бір жүз алпыс түтін амалсыз Ма Буфаңға бағынышты болыпты.

Елісхан және оның соңынан кеткен елдің көзін құрту үшін Ма Буфаң Хан Жинлу атты әскери бастығын аттандырыпты. Оның қалың қолына Уаңшыдайхы, Чиянбулу, Сука, Зұңжия, Балұң секілді жерлерден ұйымдасқан екі мыңнан астам моңғол, таңғыт атты жасағы қосылып, үш бағытпен Тибет-Шынжаң тас жолын бойлап, жер қайыстырған қуғыншы шығыпты. Олар жол бойындағы қазақ ауылдарының бәрін түк қалдырмай қырып келе жатыр дейді. Әсіресе, оңаша қалған шабан-шалағайлар мен жетім-жесірлер бірден жем болып, Станбол, Бошжан, Қали ауылдарын алдымен шапқан көрінеді.

Ақшам сөніп, ел орнына-отырар отырмаста жеткен суық хабар – қарлы тауға жастана қонған, кең сайдағы қалың ауылды лезде дүрліктіріп жіберді. Соның ішінде әке өлімін естіген Бәтіманың ащы зары – Елісханның миына инедей қадалды. Онсыз да бақырған түйе, кісінеген ат, ұлар-шу болған адамдар мен жылаған балалардың үні – өзенді өлкені азан-қазан күйге түсірді.

Аяқ жаққа қонған жәдік ауылынан осылай шапқылап келе жатқан Сабырбай, Көкилерді көргенде Елісхан аздап есін жиғандай болды:

– Хабардың түнде келіп, елдің берекесін қашырғанын қарашы. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып Хан Жиңбауды қырған елдің бұлайша бұзыларын түсінгенді қойып, ойлауға да үлгермей қалдым. Бәрібір қайыру бермейді. Үлкен бағытымыз біреу болғандықтан, көштің алдына шықпасам, ел бытырап кететін түрі бар. Мен алдымен жөнелсем, қалғаны серкеге ілескен қойдай, шұбырып ілесетін шығар. Бізден Қожақын ағам бастаған бір топ сарбаз елдің соңын қорғауға шығады. Сіздер де азамат қосып арттағы елге ие болыңыздар, – деді оларға қамыға қарап. Қою түнді жамылған Сабырбайдың өңі көлеңкеде көмескіленіп көрінеді. Үні қарлығыңқы шықты:

– Қарағым, әкеңмен дәмдес болған ескі көздің бірі едім. Айтқаның жөн ғой. Менікі ауыз күш болғанымен білек басқаныкі. Кей іске қырпуым жетпей жатса, көңіліңе алмассың. Ана жолғы осалдығымнан әлі ұяламын. Жәдіктер жағы дүңгендерді алмай, әдейі қоя берді деп өкпелеп бара жатқан жоқсың ба. Артымыздан алапат өрттей жалмап келе жатқан жау анау. Араларында жүрген бір кәрімін. Көшке ілесе алмай, бір тастың қуысында қалып қойсам, артық-ауысымыз болса кешірерсің, қарағым, – деп күйзеле тіл қатты.

Елісхан әкесіндей де емес, әкесінен де үлкен осы бір қарттың ақ сақалын сыйлап, алдынан кесе-көлденең өтпейтін. Жәнтекейлер жағы қызынып:

– Осы ретте сары ұяңмен тамырлығы себепті жауды аяп, бәрімізді жаралы еткен – жәдіктер жағы. Сабырбай сары ұяңды алған болса, жауды түгел құртатын едік. Бұлардың сатқындығы болмағанда, қатын-бала қырғыннан аман қалар еді. Онымен қоймай, Құсман Ілияздың дүрбісіне таласқанда: «Ілияздың ауылын шауып алмай, тынбаймын!» деп қарғанып еді. Ақыры өз ауылдарының тышқақ лағына дейін аман алып қалып, Ілияздың ауылын қырғызып, тыныш болды. Опасыздардың өз істегенін өзіне істейік! – деп кіжінегенде, Елісхан оларды басып: «Ондай істі істеу түгілі ауызға алушы болмаңдар» деп қатты-қатты сөйлеп түйіп тастап еді.

Жәнтекей жігіттерінің қабағынан ызғар байқаған мына қарт соның бәрін емеурінмен білдіріп, елдің ертеңгі берекесіне алаңдап тұрған түрі бар. Қанша

дегенмен көпті көрген дана көкірек әлденелерді аңғарып, үлкен басын кішірейтіп тұр. Елісхан қартты жұбата сөйледі:

– Аға, өткенді қуып жеткен кім бар дейсіз. Ал, ағайын арасының өкпесі дегеннің маған жат екенін білесіз. Маған өкпелегендер көп болған шығар. Өзім ешкімге өкпелеп көрген жоқпын. Дос-жар, туыс-туған үшін көңілімнің көгіне шыққан бұлтты үш күннен ары ұстап көрмеппін. Ауыл арасының ұсақ әңгімесіне бас ауыртатын кезеңнен өтіп кеттік. Өз басым жәдік пен жәнтекейді ұмытқанмын. Сіздер де ұмытыңыздар. Жалғыз ғана қазақпыз. Анау қарлы кезеңнен асқан соң, одан ары кеткен соң, тек қана қазақ болып қала алсақ, сонда ғана бақыттымыз. Сол бақытты жарататын сіз бен біз, етікшінің ермегіндей ұсаққа үйір болсақ, ұрпағымыз азып, ұлылығымыз кеміп кетпей ме. Жер бетінде тек қана ірі болып қалу үшін қан кешіп, көшіп жүрген жоқпыз ба. Сіз ата бола біліңіз, біз бала бола білейік, жолыңыз болсын. Алла жақсы күндерде жолықтырсын!

Сабырбай Елісханмен талай мәслихаттас болса да дәл бүгінгідей оңашада іштесіп сөйлеспеген сияқты. Сөйлеген сайын «сөйлей берсе екен» деп қамығусыз шыққан қоңыр үніне ұйып барады.

Бірақ мына жау-жалам заманның жағаға жармасып, сөзді ұзартуға мұрша беретін түрі жоқ. «Шіркін, сабазым-ай, әкеңнен де асып туған асыл бекзада екенсің ғой» деген Сабырбай, өзінің тарамыстанған саусақтарын ып-ыстық алақанымен аялай қысқан Елісханнан қолын босатқысы келмеді.

– Аман бол, қарағым, аман бол. Алла жолыңды оңғарсын! – деп сөзінің соңын айта алмай қылғынып қалды. Қап-қара түннің қойнына сіңіп бара жатқан батыр тұлғаға қимай қарап, жанарына тығылған ащы жасты төгіп жіберді. Өзінің аяулы інісінен айырылғандай құлазып, жалғызсырап қалды.

* * *

«Бұланайдан биік тау жоқ. Бұланнан жүйрік аң жоқ» – мұны қай қазақ айтты, қашан айтты, оған ешкім жауап бере алмайды. Бұланайдан алғашқы асқан қазақты да ешкім білмейді. Елісханның білетіні – Бөке ғана. Чиңхай-Чизаң үстірті аталатын өркеш-өркеш таңғыт таулары аспанмен бой таласады. Терістігінде – Күнлүн, Таңгула тауы. Солтүстік батысында Қарақорым таулары – бәрі де Гималайдың сілемдері. Дүниенің ең биік жотасы аталатын Гималайдың Джамалунгма шыңының ең биік шоқысы – теңіз деңгейінен сегіз мың сегіз жүз қырық сегіз метр биік. Осының бәрін Елісхан сонау балалық шағында Баркөлде оқып жүргенінде қытай мұғалімінен үйренген. Сол қытай ұстазы әдетте бәріне күлімдей қарап мейірбан көрінгенімен, өзінің ешкімге көрсеткісі келмейтін картасына келгенде қатты сарандық танытатын. Үстелдің үстіне жайып салып, балаларды тамсандырып-тамсандырып алып, жиып әкететін еді. Жер шарының домалақ екенін де, оның бетінде сан тараулы ел мен жер барлығын да сонда ұққан болатын. «Шіркін-ай, сол картаны қолға түсірген болсам, ешқандай сандалусыз-ақ жүре беретін едік қой» деп армандайды. Десе де, бір көргенін, бір естігенін екі сұрамай зерек өскен

Елісханның көкірегінде сол картаның бұлдыр елесі қалыпты. Мүмкін сол жолы «қарақшы қазақ» деп боқтаған қытай баласын қамшының астына алып сабамаған болса жалғасты оқи берер ме еді, қайтер еді. Онда білетіні бүгінгіден де көп болар еді ғой. Кейін он төрт жасқа шыққан жылы әкесі Дихуаға оқуға жібермек болғанда шешелері шулап: «үйленетін жасқа келді. Жалғыз ұлды қайда жібересің» деп аяғына оралғы болған. Ол кезде інілері әлі өмір есігін ашпаған. Бір шаңырақтың алақанға салған жалғыз еркесі өзі болды. Баркөлдегі сол аз оқуы мен қытай мұғалімінің картасы алдамапты. Ойына алған сайын көз алдына тарам-тарам жолдар елестеп, алдында белгісіз сорап шұбала көсіліп жатқандай болады. Үлкендер көп айтатын Бөкенің жолына да қосылғанын біліп келеді. Таңғыт тауының екі өркешінің арасынан қиып өтсе Заказанбо өзенінің басынан түсетінін де біледі. Батысқа қарай қиыстай ағатын ол өзенді қазақтар «Көлденең өзен» немесе «Қызыл өзен» деп те атаған. Сол өзеннің аяғы үлкен көл болу керек. Бөкенің сүйегі, басынан айырылған ұлы денесі сол көлдің бас жақ жағасында жатыр. Ал өздері асқалы отырған алғашқы кезеңдерден бастау алатын тағы бірнеше өзен сай-сайды қуалай тоғысып, шығысқа жөңкіледі. Қытайдың атақты Чаңжияң, Хуаңхы өзендері міне, осы таңғыт жотасынан бастау алады. Қазақтар Чаңжиянды «Еренсу», Хуаңхыны «Сарыөзен» деп атаған. Бұлар Елісханның мектепте оқығандарына үлкендердің әңгімесін қосып түйіндеген жол жобасы. Сол жобасы бойынша алдындағы аймақтарды көкірек көзімен шолып келеді.

Айналайын, кеудесі алтын сандық кәрілер, Бөкенің әңгімесін таңды-таңға жалғап жыр қылатын. Құлдыққа бас имей азаттық, еркіндік аңсап Алтайдан Еренқабырға-Боғдаға, одан Такламаканды кесіп өтіп, Таңғыт тауларына бет алған Бөке – Алтынтаудың батыс сағасындағы Гәс, Темірлік өңірін мекендеп, Үлкен Құмкөл мен Кіші Құмкөлдің арасында қытайдың қуғыншы жасағымен қатты соғысыпты. Шайқаста інісі Шөке оққа ұшып, жаудың жасағын қынадай қырып, Уаң және Жаң деген атақты әскери қолбасшыларын да жаһаннамға аттандырған екен. Қашқан әскердің бір бөлімі көл жағасындағы құйға батып өліпті. Бұл өңірдің ұзақ мекен болмасын біліп сол жылы құмды қыстап, малын күйлеп, азық-түлігін дайындап, Гималайдың Күнлүн аталатын осы сары жонының Бұқа асуына бет алады. Елісхандар тауға солтүстік бүйірінен келсе, Бөкелер батыс солтүстік жағынан қиыстай келген. Асқарынан адам түгілі құс ұшып өте алмайтын қарлы кезеңнің аңшылар жүретін соқпағы көп болғанымен, шұбырынды керуен өтетін кезеңі біреу ғана.

Небір машақаттармен осы қарлы кезеңнен асып, Тибет жеріне өткен Бөке ендігі жерде жергілікті әкімнің қудалауына түседі. Әкім Бөкені шақырып алып өзіне: «Орталық Бөкені өлтіріп, басын алып, елін Шынжаңға қайтару туралы бұйрық шығарған. Сол Бөке сіздің қарашаларыңыздың арасында жасырынып жүр екен» деген шағым түскенін айтып, оны райынан қайтармақ болады. Бірақ Бөке көнбейді. Осы кезде Бөкені қудалаған патша үкіметі: «қатты қолдылық емес, жұмсақтық тәсіл керек» деген жарлық түсіреді. Осыны ұстанған Тибет әкім Бөкені Ласаға қонаққа шақырып тамағына у қосып береді. Бөке ауылына

келгеннен кейін өне бойына сулы бөрткен қаптап, үш күннен кейін көз жұмады.

Аңдыған жау ауылды басып алып, өлгеніне он күн ғана болған Бөкенің көрін ашып, басын кесіп алады. Елді кері айдайды. «Кімде-кім үкіметке бағынбаса көретіні осы, басы алынады» деп, Бөкенің басын Дихуа қаласының орталық көшесіне іліп қойып, халыққа сес көрсетеді. Кейіннен баласы Рабай әкесінің басын зорға сұрап алып, атамекені – Өр Алтайдың Шіңгіліне апарып жерлейді. Сөйтіп, тарихта бір адамның денесі екіге бөлініп, басы Алтайға, ұлы тұлғасы Тибетке жерленіп, адамзат әлеміндегі ең үлкен зұлымдық құрбандарының бірі болған.

Елісханның алдында жатқан жақпар-жақпар жартастар мен көр шатқалды кезеңдер сол Бөке аяғымен басып барып, басы кесіліп қайтқан қанды жол. Баяғыдағы Балдынжап деген моңғол жігіттің әңгімесі бойынша айтқанда да Таңғыт елін жауламақшы болған атақты қолбасшы Шыңғысхан осы тауларда құлан аулап жүріп, аттан жығылып мерт болған екен. Бағзы заманнан талай батырдың басын «игіздім» дегендей, тәкаппар таулар маңғаздана қарайды.

Айға атылғалы тұрған ақ барыстай, ширақ сеніммен қимылдаған Елісхан атына қамшы басып, тау атасына тәу етіп, алға қарай жылжи берді. «Менің жанымды жау да алмайды, тау да алмайды, Алла ғана алады» деп күбірледі ішінен.

Тәңір кейбір пендесін сан түрлі сынаққа салып көретін сияқты. Елісхан да ес жиғаннан бері сондай сынақтардың талайының көгенін үзіп, көк бөріше жанталасып келеді. Бұл жанталасып, арын сақтап, адамдығын ту еткен сайын жауласушылар да көбейеді. Ауыл арасындағы ағайынның араздығын айтпаған күннің өзінде ұйғыр, қытай, моңғол, дүңген бәрін көрді. Таңғыттармен де аз қажасқан жоқ. Енді сол Таңғыт даласын кесіп өтіп, әлемнің ең үлкен әміршісі асқан – әлемнің ең биік шыңын бетке алып келеді. Жер бетінде бұдан үлкен сынақ жоқ шығар. Тағдырдың қиюын келтіріп, анау-мынау емес, ең үлкен жотаны алдына көлденең ұстауының да өзіндік сыры бар болар. Мүмкін Жаратушымыз «қазақ» деген халықты отқа да салып, суға да салып, жер бетінің Такламакан, Гималай сияқты сирек кезігетін сынағынан өткізуді жөн көрді ме екен?!

Тарғалаң жолдар, тасбақадай бұғып жатқан төбелердің де өзіндік захары аз емес екен. Тибет үстіртінің теріскей биігіне ілінер-ілінбесте елге ыс тие бастады. Адамдардың демі сығылып алқынады. Тұншығып тұрғандай көкірегі тарылып, басыңның ішіне тас толтырып қойғандай зіл-батпан болып, көтерудің өзі мұң. Өзегі от болып жанады. Не қан құсады, не ісіп-кеуіп жарылып кетеді. Егер қан құсып жіберсе, онда сәл де болса көкірегі кеңіп, беті бері қарайды. Ал құспаса өліп кетеді. Елісхан үлкендерден естуі бойынша көш бойындағыларға «ысқа адамның зәрі ем болады» дегенді жеткізді. Әсіресе, балалардың зәрінің емдігі жоғары болады екен. Бастабында зәр ішуге батына алмай жирене қалғандар, енді зәрдің өзіне зар болды. Аштық, суық, шөл қысқан адамдардың зәрі қайдан шықсын. «Далаға сиіп қойдыңдар» деп балаларын шыжғырғандар да аз болған жоқ.

Бұл апат адамды қойып малға да ауыз салды. Түйе екеш түйенің өзі шөке түсіп, мойнын алдына қарай созып жата кетеді. Қап-қара, мөлдір жанарлары жасаурап, тағдырға өкпелегендей бастарын сілкіп-сілкіп қойып қыбырсыз қалады. Сойса қырып алар қызылы жоқ. Адамдардың бәрі жүрегіне таласады. Арықтан өлген малдың жүрегінде ғана нәр болады екен. Бастабында ел өлген адамдарын түйеге артып, тағы бір жайлы кезеңге шыққанда жерлейміз деген дәмеде болып еді. Енді оның бәрі де қиялға айналып, байтал түгіл бас қайғы болды. Тау алқымын өрлеген сайын ауа тарылып қана қоймай, аппақ қар, көкпенбек мұздан басқа қара жерді көрудің өзі қиындап кетті. Алғашында киіз, сырмақпен орап дегендей ырымын жасап жырашықтарға қармен көміп еді. Бара-бара оған да шама келмеді. Бет қаратпайтын үскірік, сүйектен өтетін суық ызғар, өлгенді қойып, тірілердің жанын қоярға жер таптырмай қалтыратып барады. Сәл абайсыздық істесе болды, жел аударған қаңбақтай ұшып түседі де, не құздан құлайды, не тайғанап барып мұздың жарығына түсіп өледі. Не жығылған жерінен тұра алмай шөке түсіп жатып қалады.

Көліктің жүруі қиындап көш иіріле қалған сәттерде Елісхан өзі ең алдыға шығып бұйда жетелейтін болды. Тайғанақ мұз үстіне келгенде киіз үйдің туырлық, түңілік, текеметтері тегіс іске жарады. Үш-төрт үйдің киіздерін мұздың үстіне төсейді де, ел өтіп болған соң арт жақтың киіздерін алдыңғы жақтарға ауыстырып отырады. Өлмеген жан сүйекке қарысып көш жылжып келеді.

Қарлы кезеңде талай адамның өлігі қалды. Мұндайда сыртың түгілі, ішің де мұз болып қатып қалғандай болады. Өлген жақынына жаның езілгенмен қайырыларға дәрменің жоқ. Көзіңнен бұршақтаған бірер тамшы жерге түскенше мұзға айналады. Қолқа-жүрегің суырылып қалғандай артыңа жалтақ-жалтақ қарап, шықпаған шыбын жаның табан аударып зорға қозғалады.

Қиын кезеңдерден елдің алдын өткізіп, артын түгендеу сияқты арпалыспен жүрген Елісхан өзінің әлсіреп бара жатқанын аңғармай қалса керек. Қос шекесіне асық қыздырып басқандай солқылдай шаншып, асқар таудың ақ шоқылары қоңырқай бұлттар, ұбап-шұбап ілби басқан адамдар көз алдына дөңгелене шыр айналды. Өзінің жығылып бара жатқанын білді. Меңіреу әлем, жылт еткен сәуле жоқ. Күн сөніп, бүкіл ғалам қап-қараңғы үңгірге қамалып қалғандай суық, ызғар, сұмдық түнек жайлаған. Бір есептен осы да рахат сияқты. Мүмкін балалық шағы, мүмкін бесікте жатыр. Анасы қасына келді.

– Құлыным, шаршадың ғой, – деп жып-жылы, ып-ыстық алақанымен мейірлене сипағандай болады.

– Апашым, қайда кетіп қалдыңдар, сағындым ғой, сендерді. Апашым, қатты тоңып тұрғанымды қарашы.

– Құлыным, сені біз жылыта алмаймыз, күн жылытады. Қарашы, эне, әкең батар күн жаққа құбылаға қарап тұр.

– Әкем қасыма неге келмейді. Маған ренжіп жүр ме?

– Жоқ, саған ренжіген жоқ. Елісхан мен Сетерхан екі таудың екі қапталында қалғанын қарашы деп уайымдап тұр. Сенің жүретін жолыңа қарап көзі талып тұр.

- Сетерхан сендермен бірге емес пе?
- Жоқ, құлыным, ол сен шыққан таудың етегінде адасып қалды.
- Ол да тоңып жүр ме?
- Білмейміз. Қалың тұманның арасынан көрінбейді.
- Әкемді шақырыңызшы. Өңін көре алмай тұрмын. Сағынып кеттім ғой.

Кеңсірігім ашып барады.

– Жоқ, келе алмайды. Ол күнді аңдып тұр. Ол сені жылытатын күн. Батып кетпесін деп ұстап тұр.

Елісхан қанша қараса да әкесін көре алмады. Қарауытқан зор тұлға батуға шылбыр бойы қалған күнді иығымен тіреп тұр.

– Әке, ә-ке..., – айқайламақшы еді, үні шықпады.

Осы кезде алыстан, алты қабат аспанның ар жағынан күңгірлеген үн естілді:

– Еріндері жыбырлап жатыр. Су тамыз, су тамыз.

Елісхан көзін зорлана ашты. Кірпіктері бір-біріне желімделіп қалғандай, зорға қимылдады. Өзіне төне қарап тұрған үлкен әйелі Зәйіп пен кіші әйелі Бәтиманы көрді. Қос керегенің басын біріктіріп, қалтқы жасап, соның астына жатқызып қойыпты. Кішкене қызы Райханның көздері жәудіреп қарайды.

Бар қайратын бойына жиып, кеудесін көтерді. Сонда да көкірегіне байланған жұдырықтай бір пәле түйнеп барады. Оң қолымен көкірек тұсын басып тұрып қатты лоқсып еді, құсып жіберді. Сары жалқақтанған қан аралас запыран төгілді. Сол-ақ екен, сарайы ашылып, тынысы кеңі қалды. Орнынан тұрмақшы болып еді, Зәйіп иығындағы ішігін қымтай түсіп:

– Қорқытып жібердің ғой. Райханның дәрісінен ішші, – деп аузына ағаш саптыаяқты төсей берді. «Райханның дәрісі» дегенде, сұрланған жүзіне жылылық жүгіріп, сәл ғана езу тартты да:

– Жоқ, өздерің ішіндер, әйтпесе менің көрген күнімді сендер де көресіңдер, – деп қинала күбірледі. Райханды алдына алып мандайынан емірене иіскеді. Кеңсірігінің ашығаны басылып, жаңағы елес қалт есіне түсті. Батысқа қарады. Аязды тұманға оранған бозамық күн батуға шылбыр тастам ғана қалыпты. Елісхан орнынан тұрды.

Көштің алды ең биік асуға келіп тірелген екен. Ол артына қайырыла қарады. Аспанда қалың бұлттың арасында тұрған сияқты. Оның көкейін тескен алтын Алтайдың асқаралы биіктері мен Саршоқы, Ошақты, Ақарқа, Мешін тауларының бірде-бірінің төбесі көрінбейді. Бәрі де тұман теңізіне біржолата шөгіп, тамұқ дүниеге жұтылып кеткен секілді.

Жаңа ғана көрінген анасының елесі, кір жуып кіндік кескен өлкесі бәр-бәрінің арт жағында қалып бара жатқанын білгенде, өзегін өрт шалды. Кеудесіне сыймай, бұлқынған асау жүрегі көкірек қуысынан суырыла шығып, өзінің туып-өскен ұлан байтақ даласына ұшып кеткісі келетіндей, қатты-қатты бұлқынды.

– Қош бол, туған жер! Қош бол, қасиетті өлкем!

Елісханның жанарынан домалаған ащы жастар, дүниенің ең биік шоқысын шөгеріп жіберетіндей ауыр салмақпен, Гималайдың жонына тырс-тырс тамып жатты.

* * *

Елдің артын ала қозғалған Сабырбай ауылы алдыңғы көштің баранымен ілбіп келеді. Таң ата ауылдың алды бір тақырдан шыға келді. Алдыңғы көш жоқ. Сандалған ел із шалып, оң-солын кезек шарласа да, еш дерек таба алмай, кешкісін бір қалтарысқа итарқаларын тігісті. Ертесі ертемен қозғалып, биік таудың күнгеіін кенерелеп үш күн көшті. Тағы да дерек жоқ. Шаңырақ сайын екі-үш түйеден басқа көлік те қалмаған. Атарға аң да кезікпей, ел әбден титықтады. Осы шұбырынды айға жалғасқанда мал мен адамнан да әл-дәрмен кетіп, қозғалудың өзі мұң болды. Бұлдыраған тау көрінсе үмітін сонда байлайтын қазақ байқұс, биік төбелерге қарай тартады. Ақыры бір таудың етегіне ілініп, сайды өрлей жөнеліп еді, ертесі түйе біткен ыстан қырылып қалды. Қажетті деген нәрселерін ғана арқалаған қалың шоғыр, енді жаяулап қозғалды. Бір кезеңнен зорға асқанда алдарынан екі сай кездесті. Біреуі олай, біреуі былай тартып жүріп ақыры екіге бөлініп тынды.

Сөйтіп, біріне-бірі көнбей Сабырбай, Құсман, Рақи молда, Қобдабайлар батыс сайды, Көки, Қамшыбай, Қанағат бастаған топ шығыс сайды құлдады.

Батыс сайды құлдаған Сабырбай тобы Қажыраның беліне шығып, одан Есекбатқан, Ащыкөл жаққа еңкейді. Олардың алды Гәске жеткенде, Құсайын ауылының хабарын алып жырғасып қалады.

Сарғалжың, Қажыра өңірінде қаша көшіп жүрген Құсайын ауылы да жаумен талай рет шайқасады. Өздерін құртқалы келген Ма Буфаң әскерінің тас-талқанын шығарады. Бобыра атты моңғолдың оғынан Ақман бастаған бірнеше азамат шаһид болады.

Жаяу көштің алдынан шыққан Кәбен, Нығыметтер арып-ашып, қара тұяқтарынан хал кеткен Сабырбай, Құсмандарды Құсайын ауылына бастап әкелді. Адасып кеткен Көки бастаған топ та осында келіп қосылды. Көп ұзамай дүңген жағынан үрке көшкен Тұңғышбай, Салахиттан, Қабдылдар да келді.

Тозған елдің бас-аяғы жинала келе, Гәс өңірінің қойын-қонышы қазақ ауылдарына тола бастады. Қолдарындағы аз малдарын қоңдандырып қана қалмастан, аң аулап, тұрмыстарын түзеп, тірлік түтінін қайта түтетті.

Ма Буфаң қазақтарға тап беріп, елдің алды қопарыла көшкенде қайда барарын білмей, дағдарған бірнеше ақсақал ел ішінде жүрген ұйғыр саудагерлерден Шынжаңға – Шың Шысайға хат жазып жіберіпті. Олар хатында: – «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлақтан айырылыпты» дегендей, сіздің құзырыңыздан қашып, Ма Буфаңға келіп, баяғы күнімізге зар болдық. Мұсылман деп паналаған дүңгеніміз өзімізге жау болып тиді. Ең алдымен астымыздағы атымызды, қолымыздағы қару-жарағымызды алды. Қалғанына тәубе деп отырғанда, малымыз бен жанымызға ауыз салды. Балаларымызды «оқытамыз» деген сылтаумен ауыр еңбекке айдап қырды. Үрерге итіміз, сығарға битіміз қалмады. Кейін көшейік десек дәрменсізбіз. Өткен қателік-кемшіліктеріміз болса кешіріммен қарап, бізді кері көшіріп алсаңыз екен» десе керек.

Өр Алтайдағы қазақ көтерілісшілерін алдамалап жүріп эзер тоқтатып, енді ғана ес жия бастаған Шың Шысайдың қолына осы хат жетіпті. Бұл хатқа орай ол Гансу-Чинхайдағы босқын елді қайырып келуге жіберетін адамдарын иненің көзінен өткізердей тағы бір сабақтап алды. Олардың қатарында Дәлелхан Сүгірбаев, Әлен Жеңісханұлы, Түркістан Ноғайбайұлы және бір атқосшы ретінде қосылған «көз-құлақ» бар еді.

Шың Шысай қазақтарды Дихуадағы «қазақ-қырғыз құрылтайы» аталатын алғашқы тұзағына шақырғанда, кімнің кім екенін жеті атасына дейін түгендеп білген болатын. Қаракөктің тұқымы есептелетін сорпа бетіне шығарларды қидай сыпыра бастаған. Сондай құрықтың бір бұғалығының ұшы Дәлелхан Сүгірбаевтың қыл мойнына ілінген еді.

Оның Ақтай, Бозтай аталатын аталары – Алтайдағы төрт бидің сайланғанына көңілі толмай, «ағайын ішінде алакөзденгенше» деп, Қобда бетіне қоныс аударған болатын. Шерушінің иесі – әрі батыр, әрі палуан Ақтай дүниеден өткенде, ісін – ұлы Жылқышы жалғастырған. Жылқышыдан кейін билік тасы – Дәлелханның әкесі Сүгірбайға тиген болатын. Сүгірбайдан кейінгі билікке баласы Дәрбітхан ие болғанымен мұқым Қобда қазағының билігі – Ақтайдың Қашшы деген баласынан туған Қылаңның қолына өтті. Бірақ Қылаң қытай билігіне жақпай 1918 жылы Сарсүмбе қаласындағы Чаң Яниұн атты қытай ұлығы Ма Дарың деген жендет арқылы оның басын алдырған еді. Кейін қызылдардан жеңілген ақтар армиясы қытай аумағына қашып өтіп, одан Қобдаға беталғанда қызылдарға хабар жеткізіп үлгерген ағайынды екеудің Дәрбітханы ақтар жағынан оққа ұшып, Дәлелхан қашып құтылған болатын.

Ол Сүгірбайдың екінші әйелі Өрежаннан туғанмен үшінші шешесі болған барқы Жақып амбының қызы Нүриләнің қолында өсті. Кейіннен Буыршын бойындағы нағашысы Жақыпқа қара тартып келіп Алтай өңірін қайта мекендеген. Осы орайда ел басқару ісіне араласып шеруші руының тәйжісі болды. Алтайда Шәріпхан Көгедәев билік құрған жылдардан бастап үкімет ісіне араласып, содан бері аттан түспеді. Кеңестік қызылдардың сеніміне ие болған адуын жасты, Сталинмен ауыз жаласып отырған Шың Шысай да жек көрген жоқ. 1939 жылы қыркүйектен бастап Дихуада мырзақамаққа ұстап, Алтай көтерілісшілерін ақылға көндіруде аз да болса еңбек көрсеткені үшін Сарсүмбе ауданы әкімінің орынбасарлығына тағайындаған болатын. Енді міне оған үлкен сенім артқан сыңай танытып, Чинхайдағы қазақтарды көшіріп әкелуге жұмсады.

Ал Шың Шысайдың оның қасына Әлен мен Түркістанды қосуының да өз мәні бар. Әлен болса Әбілпейіз ханның ұлы Көгедәй гүңнің шөбересі. Тұқым қуалаған керей төресі. Шәріпхан Көгедәевтың бірген туған ағасы. 1912 жылғы Жұңхуа минго аталатын Сүниятсын үкіметінің бірінші құрылтайында атадан жалғасқан төрелігі ескеріліп, «Жұнуаң»¹⁰ деген мансап алған. 1934 жылға

¹⁰ Жұнуаң – патша тұқымына берілетін ақсүйектік мансап

келгенде Шынжаң өлкелік үкіметтің жоралығына тағайындалған. Қайын жұрты да осал емес, қаракөктің ұрқы Жәйірдің Мамырбек төресі. Ханымы Қадуан да билік сырмағының бір шетіне жанасалап жүретін адуын адам.

Ал Түркістанның әкесі Алтай төңкерісін бастаушылардың бел ортасындағы Ноғайбай Аушыұлы болса, ағасы көтеріліс көсемдерінің бірі Ырысхан Ноғайбайұлы болатын. Әкесі өткен жазда жау оғынан мерт болса, ағасы қастандықпен у беріп өлтірілген. Ру жағын қуғанда «бұқа қарағаны бір үйлік» деп мәтелдейтін керейдің ұлтанды бөлігін ұстайтын Жәнтекей атаның баласы. Сөйтіп, бұл келгендер бір жағынан қарағанда ел адамдары, енді бір жағынан Алтай төңкерісінің тоқтағанына тірі куәгерлер.

Өткен жылы «құрылтайға» шақырылғандардың ішінде Шың Шысайдың зұлымдығына қарсы шығып, оның айтқанына көніп, айдағанына жүргісі келмеген Шәріпхан төре бұл күндері «мырзақамақ» атымен Дихуаның тас түрмесінде жатыр. Ел төресін кепілдікке алған Шың зұлым қазақты қазаққа айтақтап, Алтайдағы көтерілісті тізгіндеуде мақсатыма жеттім деп біліп, бұл жолы да елдің басты адамдарын әдейі жұмсаған еді.

Олар Дихуадан ұшаққа отырып Чаршанның әскери әуежайына қонып, одан Чақылық арқылы Шынжаңға шекаралас Гәс, Темірлік өңірінде отырған Тұңғышбай, Ғабдел, Сабырбай, Салақиттан, Құсайын ауылдарына келіп жетті.

Бұл 1940 жылдың қараша айы болатын.

Осы кезде ел ішінде әртүрлі алып-қашпа әңгімелер тарап жатты.

– Алтайда Есімхан, Ырысхан, Оспан бастаған қазақ қолы Шың Шысайдың әскерін қойша қырыпты. Ол малғұн өзінің қолына көзір ретінде ұстап отырған елбасыларына қайын атасын қосып Алтайға жіберіп, жалынып-жалпайып жүріп соғысты әзер тоқтатқан екен. Қазақ батырлары: «түрмедегілер босатылсын. Қазақтар өз жеріне өздері иелік етсін. Қытайлар кетсін. Алмансалық жеңілдетілсін, соғысқандардан жауапкершілік қуастырылмайтын болсын» деп айбар көрсетіпті. Әншейінде болса бәрін «қырам-жоям» деп байбалам салатын Шың Шысай залым, құйрығын бұтына қысып, бәріне мақұл болыпты. Көтерілісті тоқтатуға еңбек сіңіргендерді ұсақ мансаппен алдап, «ауған елді де қайтарып аламын, олардың бірде-біріне тиіспеймін» деген көрінеді.

– Қап, әттеген-ай! Кәпірлер қашан шындығын айтушы еді. Олар жыланның аяғын көрген аяр қауым ғой. Бетіңе күліп тұрып артынан өз білгенін істейді. Ешқашан аямайды. Шың Шысайдың өтірік уағдасына сенетін бала болдыңдар ма. Ол сонау отыз екі, отыз үшінші жылдардан бері халықты қаншама рет алдады. «Шың Шысай тұрғанда қазаққа жақсылық жоқ» деп Елісхан бекер айтты дейсің бе. Ол залымның көзі жоғалмайынша бәрімізге күн жоқ. Амал қанша соғысты бекер-ақ тоқтатқан екен. «Құс жаңылып торға түседі» деген осы шығар. Әттең сұмырайлар...

– Жақында ғана Мұқай, Зәки бастаған отыз шақты үй Шынжаңның Шақылығына кіріп Шың Шысай оларға шалың¹¹ берген екен. Дәлелхан, Әлен, Түркістандар бізді көшіріп аламыз деп келіпті.

¹¹ шалың – тұрмыстық көмек

– Бүгін бәріне мақұлбай болып отырған қытекең ертең-ақ бірден-бірден қылғып жұта салмаса болды ғой. Кеше ғана Дәлелханшылап Шың Шысайдың үгітін айтып келген Шәріпхан қайда? Шың Шысай оған қазы-қарта беріп қонақасыдан шығармай отыр деймісің. Тас зынданның түбінде көзі жылтырап отырған шығар. «Өлетін бала – бейітке қарай жүгіреді» деп Дәлелхан да ақыл айтқыш бола қалған екен. Бізді көшірем дегенше, Қылаң атасының басын жоқтап алмай ма! Қытай екені шын болса, ертең-ақ бұның да екі аяғын көктен келтірер.

– Бұларда не жазық бар дейсің. Айтқандыкін ақыл, әміршінікін мақұл көріп келіп отырған жоқ па. Онсыз да Алтай мен Баркөлдегі ел басқарған жемқорлардың елден алатын алман-салығының орны толмай, қарыны ашып қалған шығар. Шың Шысайды қаншама жауыз десек те адам ғой. Қазақтардың оның жынын қағып алғаны шын болса, жүрегі шайлыққан болар. Енді тиіспеуі де мүмкін. Елісханға жете алмай, Ма Буфаңнан кете алмай, қанды қасапқа ұсталғанша кәпір де болса Шың Шысайға тартқанымыз жөн сияқты. Өлсек те туған жердің топырағын жамылып өлеміз ғой.

Екі жақтың адамдары бір-бірімен іштей арбасса да құшақтай көрісіп, сағынысқандарын білдіріп жатты. Ақсарбас қой, көкқасқа тай сойылып, өткен-кеткен әңгіменің тамыры қопарылды. Өленнің жасы үлкен болса да көп шешіліп сөйлемейді екен. Әңгіменің көбін Дәлелхан шертіп отырды:

– «Құс ұшпас, құлан жортпас» дегендей, мына құмды қара адырларға қарағанда Алтай мен Баркөл жер жәннаты ғой. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» деуші еді үлкендер. Туған жерден артық не бар. Кіндік кесіп, кір жуған атамекендеріңіз Шынжаңға қайта көшкендеріңіз жөн болар еді. «Жарылғанды жау жейді, бөлінгенді бөрі жейді», елден кетіп, жерден кеткендегі жұмақтарыңыз осы ма? – деп, сөз салмағын үлкендерге бұрды.

Бұл сөз тіркіс шалдардың біріне жақпай қалса керек. Төтесінен кетті:

– Е, қарағым, айтқаның жөн ғой. Ауған елдің бәрі жұмақ іздеп кетсе атаң Ақтай Алтайдан ауғанда Қобдадан жұмақ табам деп кетті ме. Егер Қобдадан жұмақ тапса, сенің Алтайға айналып нең бар еді. Әділсіз патшаның әңгір таяғы арқамызға батқан соң, қара қазан сары баланың тілеуі үшін тентіреп жүргеміз жоқ па. Тойып секіріп жүргеміз жоқ, тоңып секіріп жүрміз. Жердің жұмағын емес, елдің тыныштығын іздеп жүрміз. Құмның арасына тығылып, құланның етімен жан сақтап отырған түріміз мынау. Аталы ауылдың баласы болып тұрып, жауыңның алдына барып бас ұр дегеніңе біз қалай көнеміз! – деп тоқтады. Дәлелхан да бұл сөзге бірден жығылғысы келмесе де, үрке қарап отырған елді, одан ары «үркітіп алмайын» дегендей жұмсақтай сөйледі.

– Үлкен тау боранымен күшті, үлкен ұлық орамымен күшті. Алланыкі әмір болғанда, патшаныкі уәжіп деген. Патшамыз қытай болған соң билігіне бойұсынбай амалымыз жоқ. Біз де солардың айтқанын орындаушымыз, мақсатымыз елге – елді, жағаға – жеңді қосып, елдестіру болмақ. Егер олар зұлымдық ойлап отырса, ол жағы бір Аллаға аян. Ал бізде бөтен ниет жоқ. Не

көрсек те өз жерімізде отырып бірге көрейік дегенім ғой. Рұқсат болса жол бойы сіздерге арнап жазып ала келген бір өлеңімді оқып берейін, – осыны айтқан Дәлелханның ақсары өңіне күлкі үйіріліп, отырғандарға жымия қарады.

– Оқи ғой, оқы, қане, – деп елендесті кәрілер жағы.

Дәлелхан атжақты басын кекжите, сом тұлғасын шалқайтып, қоңыр үнмен күмбірлей жөнелді:

Көкшетау, мұнарланған көлің қайда,
Құлпырған масатыдай жерің қайда.
Сай-сала көрікті жер малға толған,
Баласы он екі абақ елің қайда?

Тігілген алты қанат ордан қайда,
Мәйегі арылмаған қордан қайда.
Дос-жарлар бір-бірінен қалап алар,
Шаң шыққан табанынан жорғаң қайда?

Ел қайда, мекен қайда, туыс қайда,
Бақ қайда, байлық қайда, ырыс қайда?
Айырылып осы айтқанның барлығынан,
Жүргеннің шалғай жерде несі пайда?...

Отырғандардың бәрі үнсіз тұнжырап қалды. Көкорай шалғыны белден келетін, арқырап аққан асау өзен, қалың қарағайлы қаптал, жұпар иісі аңқыған жасыл жайлау – бәр-бәрі көз алдына келіп, кеңсіріктері ашыды. Кіндік кесіп, кір жуған атамекенге деген ыстық сағынышы қоздап, жанарларынан мөлдір тамшылар домалады.

– Шіркін, Алтай...

– Шіркін, Баркөл... қасиетті далам-ай, – деген күрсінесті күбірлер талайдың қабырғасын сөкті.

Бұл күйзелісті ысырып тастағысы келгендей Тұңғышбай бір жөткірініп алып сөйлеп кетті. Үнінде аздап жарықшақ бар.

– Қарағым, айтқаның жөн ғой. Сендер де үкіметтің пәрменімен келіп отырсындар. Кінә сендерде емес, Шың зұлымға сенім жоқ. Ол талайдың түбіне жетті. Әлі талайдың түбіне жетеді. Бізді алдап-сулап бір апарып алса, көзімізге көк шыбын үймелете салу оған түк емес. Біз түгілі, қарақтарым, өз бастарыңа абай болыңдар! Дәм-бұйрық қайдан болса топырақ сонан. Оның бәрі жалғыз Жаратушының қолында. Онсыз ешкім ешқандай болжау айта алмайды. Үкіметтің саясаты – түпсіз қара судың жылымы сияқты. Беті білінбей жарқырап жатады да, жалғыз-ақ күнде шүңетіне тартып жоқ қылады. Қазірге дейін осы үкімет үшін жүгіріп ұшпаққа шыққан ешкімді көрмедік. Естеріңде болсын, оларға қанша адалдық көрсетсеңдер де, сенбейді. Сендердің орындарыңда жүгіріп жүрген Баймолла қайда, Шәріпхан қайда? Бүкіл бір тайпа елді ғана емес, алты Алашты аузына қаратқан Ақыт қажы мен Қарағұл залың қайда. Бәрі де тас зынданның түбінде жатыр. Ендігі, жайын балықтың жемі болған шығар. Әрбіреуі бір-бір елдің маңдайына біткен жұлдыздар еді

ғой. Мезгілінен ерте сөніп жатыр. Қалғандарыңа қайыр-береке, тірлік берсін. Жаман болсақ та аман болайық, сендер де аман болындар. Ақ ниеттеріңе Алла разы болсын. Кері көшпеді деп ренжімеңдер!

Отырғандардың бәрі де Тұңғышбайдың сөзін қостады.

– Қайтейік, туған ел, өскен жерді тастап кету бізге оңай болды дейсіндер ме. Қабырғамыздың бір қанаты сөгіліп сонда қалып қойған сияқты. Амалымыз жоқ, нар тәуекел, шешінген судан тайынбайды. Тағдырдың басқа салғанына көнеміз де. Туада пешенемізге жазылғаны осы болса, қайда қашып құтыламыз, – десті.

Әсілінде, Дәлелхандар ел кері көшпесе де ел бастаған Салахиттан, Құсайын, Сабырбай, Тұңғышбай төрт адамның Шың Шысаймен бет екі көрісіп қайтуын өтінген еді. Осыған орай ендігі жауапты Құсайын айтты:

– Дәкей, өзің жөн білетін атаның баласысың. Дәл қазір біз барамыз дегенімізбен елдің көшіп-қонар қауқары жоқ. Қарға да болса халықпыз, жер көгеріп, мал қонданған соң тағы да ойласармыз. Бәріміздің де бағып отырған азын-аулақ малымыз бар. Онсыз да ұры-қары көп, саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарап отырмыз. Бізге еріп жүре қоймады деп өкпелемеңіздер, ұлығыңа дұрыстап түсіндірерсің. Келмеді дегенше келесі жылы келетін болды десең, ұзын арқан, кең тұсау тағы көрмейміз бе. Осы отырған ақсақалдар ақылдаса келе өзіміз бармасақ та төрт ауылға өкіл – төрт адамды тағайындап отырмыз. Сендерді құр қайтарғанымыз Құдайдан да ұят шығар. Әубәкір, Көки, Оқбай, Төре төртеуі өздеріңмен ілесіп барып, Шың Шысаймен бет екі сөйлесіп қайтсын. Мынау – біздің сіздерге азырақ сый-сыяпатымыз, – осыны айтқан Құсайын жамбы, тайтұяқ түйілген бір топ торғынмен бірге қасқыр, ілбіс, аю, түлкі терілерін қонақтардың алдына тастады. Олардың «алмаймыз» дегеніне қарамай қоржындарына нығарлап, теңдеріне қосты.

– Отырған жеріміздің ой-қырына дейін әбден біліп алды. Қытайдың әскеріне жол бастап келіп, жалғыз-ақ күнде басып қалып жүрмесін. Кәпір болмаса да солардың сойылын соғып, қазанынан қаспақ жегендер ғой. Сұғы қайтсын, адам түгілі үйге кірген жыланға да ақ тамызып шығаратын халықпыз, – деп күбірлесті әлдекімдер.

Рақи молданың батасынан кейін орындарынан тұрған топ бірін-бірі қимай құшақтап, көздерінен ыстық жасын төгісті. «Енді көре аламыз ба, жоқ па» деп кемсеңдеді ақсақалдар жағы.

* * *

Алтыншөкенің басы үш аша болып келеді де, оңтүстікке бет алған сайын салмалана құлаған Күнлұн тауының теріскей биіктеріне жалғасады. Одан ары қарай аспанмен бой таласқан таңғыт тауының қарлы шоқылары жатыр. Сол шоқылардан бастау алып, батыстан шығысқа қарай жөңкіле аққан асау Чаңжияң дариясы айдаһардай ирелендеп қытай аумағын қақ жарған күйі тұптура Тынық мұхитқа барып құяды. Сол Чаңжияңның басын қиып өткен Елісхан көші Таңғыт тауының мұз құрсаңған қарлы шоқыларынан асып түскенде ағыны қатты, күркірей ағып жатқан үлкен өзенге келіп тірелді.

Суының лай араласқан қызыл сары түсіне қарап бұрыннан атаса керек, үлкендер оны бірден «Қызыл өзен» екен десті. Бұл өзен Чаңжияңға кері бағытта шығыстан батысқа қарай жөңкіліп жатыр. Жергілікті тұрғындар оны Заказанбо өзені деп атайды екен. Өзенді өлке көрінсе тас тандыры жіби қалатын қазақтар осы араға жете жығылып, қара тұяқтары эзер қимылдап, қостарын қалқайта бастады. Елісхан елдің бас-аяғын түгендеп, мынаны ұқтырды:

– Біздің жігіттер қай жерде болмасын жергілікті халықтардың малына көз қызартып, содан талай дау, талай қырғын туылған. Сондықтан Тибет үстіртінде сарлық бағып, жан сақтап отырған Таңғыттарға тиісуге болмайды. Олар да өзіміз сияқты халық. Біздің қойымыз қалай болса, олардың қойы – бағып отырған сарлықтары. Олармен жауласқанның орнына достасып, мүмкін болса өз малымызға сарлықтарын ауыстырып, соны көлік етсек жөн болады. Олардың малы ауасы сирек үстіртке үйренген. Біздің мал ұзақ тұрса жұтап қалуы мүмкін.

Ауылдың үлкендері Елісханның сөзін қостап, Бөкенің осы өңірге алғаш келген кезіндегі бір әңгімесін айтып берді.

– Баяғыда Бөке ауылы осы өзеннің оңтүстік жағасына келіп түсіпті. Олардың маңындағы таңғыттардың бірі арғы жағаға көшкенде бір бала жігіттің аты жығылып суға аға жөнеліпті. Таңғыттар ұлар-шу болады. Суға аққан жігітке қарап тұрған Ақып деген азамат байлаулы атына жайдақ міне салып, өзенді құлдай шауып, жігіттің тұсына келгенде суға секіреді. Жігітті ұстап бергі жағаға алып шығады. Бөкенің үйіне әкеліп, киімін құрғатып, тамақ беріп, атпен қайта ары өткізіп тастайды. Осыдан кейін Таңғыттар Бөке ауылына жиырма қодас айдап әкеліп беріпті. Сөйтсе, әлгі жігіт атақты байларының бірінің ұлы екен. Міне, қарақтарым, жаман ұлт болмайды. Кәпірдің ішінде мұсылманнан артығы бар, мұсылманның ішінде кәпірге татымайтын талайы бар. Мәселе халықта емес, жақсы да, жаман да – сол халықтың ішіндегі аз ғана адамдар.

Елісхан өздерінің келгенін хабарлап, осы өңірдің орталығы саналатын Андо ауданына барды. Аудан әкімшілігі олардың бағыт-бағдары шетке өту екенін білгеннен кейін:

– Біз бұл туралы жоғарғы ұлықтардан рұқсат сұраймыз. Ласа ұлықтары рұқсат берсе, сонда ғана жолға шыға аласыздар. Қазірше құрал-жарақтарыңызды тапсырып, осы ауданға жақын жерге орналасып, жауап күтіңіздер, – деді. Жандарына кісі қосып беріп, елдің қолындағы қаруды тапсыруды қадағалады.

Елісхан жанындағы жігіттердің бірнешеуін «келе жатқан қонақтарды күтуге дайындала беріңдер» деген атпен ауылға қарай шаптырды. Шын мәнінде, ауылбасыларына: «Негізгі қаруларын бермей тығып тастасын. Ескі-құсқы, сынған, қарауылы дұрыс емес, артық құралдарды ғана тапсырсын» деген хабар айтып жіберген еді.

«Құрал жинау» деген пәледен запы болған ауыл адамдары тағы да дүрліге бастады.

– Шынжанда Шың Шысай құрал тапсырындар дегенде де аяғы жақсы болмаған еді. Ма Буфаң, Хан Жиңбаулар құралымызды жинағанда да қанды қырғынға ұшырағанбыз. Енді Таңғыттардың құрал жинаймыз дегені де сондай пәлеге ұрындырып жүрмесін!

– Онсыз да көп адамымыз ыстан қырылып, қан жылап отырғанда қазалы ауылдарға таңғыттар келіп қоқиласа тағы да елдің берекесін алады деші. Бекер-ақ тозған екенбіз.

Ел ішінде тұс-тұсқа тартушылар көбейіп, ала жанқадай алауыздықтар пайда бола бастаған тұста бірнеше жігіттің кері қашқаны мәлім болды. Бір жағынан, Таңғыттардан үрейленіп қашса, екінші жағынан, ауыл арасында бозбалалық құрып жүретін жігіттердің арттағы елде қалып қойған қалыңдықтары болса керек. Шақабай руынан Манзал, молқы руынан Тоқтаған деген екі жігіт, Шаймардан деген жас жігітті ілестіре кетіпті. Олардың кеткенінен бұрын ауылдағылардың атын мініп, бір құралды жымқырып кеткені қиын болды. Санаулы ғана аттар қалып, ел түйемен эзер жетіп отырғанда екі ересек жігіт Шаймарданға:

– Ағаңның мылтығын ұрлап алып шық. Таңғыттардан жылқы қуып келеміз, – деп ұзаққа шығарып алыпты да, сол беті оралмапты.

Жұрт осылай дескенмен Шаймарданның өз қасіреті өзіне аян. Оның көкірегінде көмулі жатқан шоқты ешкім білмейтін. Жүрек түкпіріне сақтаған сағынышы, басқаларға айтқысы келмейтін жан дерті бар болатын.

Бозбалалық дәурен кімде болмайды. Аз күн болса да Алтыншөке бойына алғаш рет келгенде, көрші ауылдардың бірінен Жәмиға атты қызды көріп еді. Көздері қарақаттай мөлдіреген, бидай өңді, биязы қызды бір көргеннен жақсы көріп қалған болатын. Қыздардың бұлақ бойына суға баратын жолын торуылдап жүріп, айлы жаздың кешінде тілдесудің орайын тапқан.

Бірақ қу қыз мұны маңына жолататын емес. Жанындағы кішкене сіңілісін де ұзаққа жібермеді.

– Жұрттың бәрі жауға шауып жатқанда ауыл үйді айнала торуылдап жүрген қарақшылар ма десем, жас батырлар екен ғой, қандай бұйымтаймен жүрсіндер? – деп сыңғырлай күлді.

– Адамзат ежелден егіз жаралған ғой. Құс екеш құс та өз жұбын іздейді, – дейді бұл аузына басқа сөз түспей.

– Жаныңа жігіт ертіп, екеу болып жүргенің сол екен ғой, – қыз монтанылықпен түк білмегендей сыңай танытады.

– Жәмиға, сені жақсы көремін, көрген сайын көре бергім келеді.

Қыз жанындағы сіңілісіне қарап, оның шаштарын шұқылай өріп тұрып, жеңіл күрсінді.

– Саған шындықты айтайын ба?

– Иә, айта ғой.

– Менің бесікте атастырған адамым бар болатын, – қыз бір дем үнсіз қалды. Көздері жасаурап кірпіктерінің ұшы майысып төмен қарады, – Ма Буфаң елден бала жиғанда соның ішінде кетіп оралмады. Дүңгендердің қолында ауыр еңбекпен жүріп, қаза болыпты.

Айтарға болмаса Шаймардан не айтарын білмей бірталай тосылып барып:

– Иманы жолдас болсын, тағдырдың ісі ғой. Ал менің сені жақсы көруім құрғақ айта салған сөз емес, жүрегімнің әмірі, – деді ішіндегі жалынын бірден ақтарып.

Жәмиғаның жанарынан қос тамшы жас сырғанап барады. Миығына жеткізбей, қолының сыртымен сүртіп алды. Сыбырға жақын шыққан биязы үнінде болмашы діріл бар.

– Сыртыңнан жақсы білемін. Күнде құбылып тұрған заман мынау. Оның бәрін тағдыр біледі.

Осыны айтқан қыз бір қолымен шелегін көтеріп, бір қолымен сіңілісін жетелеп, ұзай берді. Ауыл жақтан қыз шешесінің оның атын атап шақырған айқайы естілді.

Содан бері қарай Жәмиғаның бейнесі Шаймарданның есінен шықпай-ақ қойды. Тағы бір кезігіп, жауабын алайын дегенге тарғалаң күндер мұрша бермеді. Күнде соғыс, атыс-шабыс, қырғын. Байтал түгіл, бас қайғы болды. Ел Тибет үстіртіне шығып, енді-енді ес жия бастағанда Жәмиғаны іздеді. Таппады. Үрке көшкенде үйлерімен арттағы ауылдардың ішінде қалыпты.

Шаймарданның Манзал мен Тоқтағанның сөзіне бірден келісуінің де осындай мәні бар болатын.

Олардың қашып кеткенін естіген Елісхан Шәмшиді шақырып алып:

– Жігіттердің кеткені жаман болды. Албырттықпен арттан келе жатқан жау болса соларға ұрынып қалады. Не өлтіреді, өлтірмесе де бізден тіл алады. Ал елге аман жетті деген күннің өзінде Таңғыттардың құралымызды жиып алғанын айтып, арттағы көшті үркітеді. Соңынан қуып, жолдан қайырып келіңдер, – деп, балдызы Кәрмен екеуін сондарынан аттандырды.

Неше күн сандалған олар қашқындарды қуып жете алмай, суық хабармен елге оралды. Арттан көшіп келе жатқан елдің шетіне таядық-ау дегенде, бұлар дүңген армиясына жол бастап жүрген моңғол шолғыншыларына ұсталып қала жаздап, екі жақ қатты атысыпты. Шәмши қуғыншыларды қадай атып, ең соңында жаралы қалған моңғолды қолға түсіріпті. «Шыныңды айтсаң, тірі қоя береміз» деген соң әлгі моңғол өзі куә болған қырғындарды баяндап беріпті.

Оның айтуынша, Хан Жиңбаудың өлгенін естіген дүңген әміршілері жасақтарын шұғыл жинап алып: «оқ-дәрі, қару-жарақ, бар керектеріңді сақадай-сай етіп дайындаңдар. Сақаға барып жиналамыз. Онда бізді Ма Буфаңның мұздай қаруланған қалың қолы тосып отыр, соларға қосылып жорыққа аттанамыз. Басқа емес, қарақшы қазақтарды қырамыз» депті.

Сол бұйрық бойынша батысты бетке алып, күндіз-түні суыт жүріпті. Бір жұмада Саканың батысындағы Тиежин өңіріне келіп Ма Буфаң қосынымен қауышыпты. Дүңген армиясының құрамына кірген моңғол жасақтары да көп санды ұстайды екен. Бір күні моңғолдарды айырым жинап алған дүңген әскербасы: «Моңғол бауырластар, қазақтар өз қолдарына түскен моңғолдарды ежелден аяп көрген жоқ. Қанішер халық, бірақ тарих ылғи олар жақта бола бермейді. Осы ретте сендерге кек алу орайы туып отыр. Бұл өздеріңнің ғана емес, талай қазақтың қанжығасында кеткен ата-бабаларыңның кегі, ешқандай

аянып қалмандар. Аямай қырындар. Біз сендердің кектеріңді алып берушілерміз. Бұл жолы оларды құтқару – Құдайларының да қолынан келмейді. Қазақтарды қырып болып, соғыс аяқтаған соң қалағандарыңша олжалы боласындар. Қазақтардың мыңғырған малы, сұлу қыз-қатыны сендердікі болады» депті.

Сөйтіп, бәріне қару үлестіріп беріп, топан судай домалаған қалың қосын батысты бетке алып, қазақ көшінің соңынан түсіпті.

Килігу аталатын моңғол ауылынан өткен соң, күндіз тау сағалап, бұқпантайлап, ұйқыны қандырып алып, түн жамыла жорыққа аттанып, сақтықпен жылжыпты. Қарауылға ілініп, қара көрсетіп алмау үшін от жағып, тамақ пісіріп жеуге тиым салған екен.

Әскерлерге көрсету үшін әдейі әкелген бе, жолдары солай ма, Хан Жиңбау қырылған жерді басып өтіпті. Үйме-жүйме бырысқан шатыр, көгеріп қаңсыған қан, құжынаған шыбын, жемтіктері сасыған қалың өлікті көріп, жандары түршігіпті. Бұйрық бойынша Хан Жиңбау бастаған қалың өлікті сонда жерлеген екен.

Тағы бірнеше күн суыт жүрістен соң, бір күні ымырт жабыла бастықтары: «Бүгін түн ортасы ауа қазақтар тұрған жерге жетіп барамыз. Ерекше сақтық керек. Қадамды артық басуға болмайды. Барлық адам қолбасшылардың бұйрығымен жүру керек. Қазақ деген халықтың – құралайды көзден ататын мерген, әрі қорқуды білмейтін, жүрек жұтқан халық екенін бізден жақсы білесіндер. Сыбысыңды біліп, сыбдырыңды естіді, бітті, өлдім дей бер. Хан Жиңбаудың аяғын құшасындар» депті. Содан ат біткенді алысырақ бір қойнауға қалдырып, тауға қарай өрмелепті. Биік-биік құз-қия, меңіреу жартастардан өрмелеп жүрулерінің өзі мұң болған көрінеді. Абайсызда аяғы тайғанап кеткен бірнешеуі аспаннан құлағандай ізім-ғайым жоғалыпты.

Таң қылаң бере бүкіл ауылды қоршап шоқы-шоқылардың бәрін иелепті. Пулеметтерін құрып тек қана бұйрық күтіп жатыпты. Сай тағанында үш жүз шамалы киіз үй көрініпті. Бірен-саран әйелдер шелектерін көтеріп сиыр сауғалы шықса керек. Бүтін ауылдан бірнеше еркек қана аттарын ертіп, жол жүрудің қамына кіріскен сияқты.

Күн шыға бере түстік таудан қатарынан атылған белгі оқ көрініп, автоматтар мен зеңбіректер етекке қарай гүрсілдей жөнеліпті. Жаңбырша жауған оқ – киіз үйлердің күлін көкке ұшырған екен. Өртенген үй, ажал қармағында арпалысқан, жараланған адам мен малдың у-шуы зеңбірек үніне ұласып, төңірек зілзала күй кешіпті. Алты-жеті сағат оқ бүркіп зіркілдеген зеңбіректер түс әлетінде ғана тыныс тауып, қалың әскер ауылға қарай лап қойыпты.

Қоршап атқылаудан аман қалғандарды мылтықпен, нағанмен атып, найзамен түйреп, қылышпен шауып аяусыз қырғындаған екен. Аяқ алып жүргісіз қалың өлік, аққан қан жердің бетін жауып, шылқыған қан бір-біріне қосылып, бұлақтар қып-қызыл болып ағыпты. Бұл қырғыннан он жастың алды-артындағы елуге жақын қыз баланы айдап шыққан бастықтары: «міне, көрдіндер ме, қазақтардан кектерің қайтқан шығар. Әйтсе де абай болындар,

аяушылық жасасандар, ажалдарыңның жеткені, қызықтың көкесі алда болады!» деп ескертіпті. Моңғолдың айтуынша, осыдан кейін олар үш топқа бөлініпті. Бірінші қырғындауда жеңіске жеткен атойшыл қосын майданға екпінмен аттанып, одан да жеңіспен оралыпты. Бұл жолы да олжаланған төрт түлік мал мен қырылғандарын есептемегенде, қолды болған қазақ қыз-қатындары мен балаларының санының өзі екі жүзден асқан екен.

Бұл екеуіне таңданып тұрғанда үшінші топтағы көшті қуған қалың әскер мыңнан артық түйе, жүзден астам жылқы, елу-алпыс сиыр, үш мыңнан астам қой айдап әкеліпті. Екі жүзден артық қыз-келіншек, отыздың үстінде ұл бала қолды болыпты.

Үшке бөлінген әскердің ендігі бір бөлігі қазақтың төртінші көшін басып қалып, қанын судай ағызыпты. Он күнге жетер жетпес уақытта тағы да он мыңдай қой, үш жүзден артық ірі қара, бес жүздің үстінде қыз-келіншек, екі жүзден артық ұл бала олжалап оралыпты. Моңғолдың серіктестерінің айтуынша, олар қатысқан алғашқы қырғындау ойыншық болған көрінеді. Соңғылары тіпті де аянышты болды деп кәпір де болса, қан жылап отырды.

Осыларды айтқан Шәмшидің жанарынан кесек-кесек тамшылар ыршып кетті. Шәмши ғана емес, отырғандардың көбінің жанарына мөлтілдеген жас толды. Елісханның көзінен жас шыққан жоқ. Қанын ішіне тартып, өңі адам шошырлық сұрланып кетті. Орнынан ұшып тұрып, кекпен сығымдалған оң қолының жұдырығымен сол алақанын түйгіштеп, түнерген күйі сыртқа беттеді. Ауыл сыртына қарай асығыс адымдап, жер өлшеп жүргендей сол ізімен қайта кері бұрылды. Кенет шөгеріле беріп, тізерлеп отыра қалды да:

– О, Жаратушы ием, шаһидтердің жанын жәннатта қылып, жұмақтың төрінен орын бере көр. Иманын жолдас қылып, қалғанымызға қайыр-береке бере көр, – деп бетін сипады. Екі бүктетілген күйі еңсесін жазбастан басын тұқыртып, жұдырығымен шымды жерді түйгіштеп, – Тәңірім-ау, саған не жаздық. Қазақтың қанын судай шашқан дүңгеннің жеті әкесін біз өлтірген жоқ едік қой. Құдай-ау, Құдай, қазақтың қанын ішкен қорқаулардың жазасын бере көр. Өз зауалдарын өзіне беріп, көресіні көрсете көр, – деп, жүзін батысқа беріп күңірене қарғанды.

Оның қасына келген қариялардың бірі қолтығынан демей көтеріп:

– Қарағым, Алланың ісіне шара жоқ. Тумақ сүннет, өлмек парыз. Ерте ме, кеш пе, бәріміз де баратын жер біреу. Жауыздардың жазасын Алла берсін. Адубай ағаң осылай аттанарымда: «Бір түс көрдім, Ма Буфаң басына қазақтың тақиясын киіп алыпты. Түбі қазаққа әкелген қасіреті өз басына келеді-ау» деп еді. Аузы дуалы қарт қой. Айтқаны келсін. Қазақты қырып, қатын-баласын қалай тоздырса, Тәңірім оның жазасын берсін! Қайтеміз қарғам, Аллаға тапсырайық. Басқа не дейміз, мұндайда жұбатуға да сөз таппайды екенсің. Еркек емессің бе, есіңді жи. Еліңнің ендігі тірлігін ойла! – деді көз жасымен суланған сақалын сығымдай тарап.

Елісхан көпке дейін тіл қатқан жоқ. Тасқа айналған адамдай мелшиген күйі жақ кірісін ашпады.

– Аллаһу акбар, Аллаһу акбар...

Ертесі ертемен тұрып азан шақырды. Осыған дейін бұл ауылдың имамы болып келген Рақи молда Сабырбайлармен бірге адасып кейін қалған болатын. Онсыз да көрер таңды көзімен атырған жұрт азан үнінен таңның атқанын біліп, орындарынан тез қозғалды. Далада көк шымның үстінде таң намазын өтеуге жиналды. Осы күні Андодан көшкен Елісхан ауылы таңғыттардың ортасын қақ жарып, Ласаны бетке алып Нашұй ауданына қарай жылжыды. Таңғыттар бұл жерді «Нагычүй» деп атайды екен. Оған тілі келмеген қазақтар өздерінше «Нақша» деп атады. Аудан қалашығына бір көш қалғанда алдарынан қалың таңғыт армиясы шықты. «Сіздерге бұдан ары жүруге болмайды. Үкіметтің жауабы әлі келген жоқ, осында күтесіздер» деп тоқтатып тастады.

Елісхан көштің бағытын Нашұйге бұрғанда үш жігітті арт жаққа қарауылға жіберген болатын. Олар Тибет үстіртіне ілінген Зайып ауылының алдынан шығыпты. Қалың қырғыннан аман шыққан ауылдар алдарынан шыққан Елісхан жігіттерін көргенде төбесі көкке жетіп қуаныпты. Көшті Қызылөзен бойына түсірген олар қасына Қармыс, Қасен батыр, Бұғыжан бастаған бір топ жігітті ертіп, сүйіншілеп жеткені екен. Алдынан таңғыт тосып, артынан жаудың қырғыны жетіп алаңдап отырған ауылдардың белі жазылып, еңсесі көтеріліп қалды.

Қырғыннан аман қалып, шолғыншыларға ілесіп келген жігіттерді қоршап, ауыздарына телмірді. Кімнің өлі, кімнің тірі екенін білгісі келіп қалың сұрақпен бастырмалатып жатыр. Келгендер негізінен Зайып ауылының жігіттері болғанмен, ішінде Мейірімхан ауылынан аман құтылған бір жігіт бар екен. Айналасын қоршап, ентелей құлақ түрген топқа ол өзі көрген оқиғаларды баяндап берді.

– Ұрынарға қара таппай жүрген дүңген жағы Хан Жиңбаудың өлгенін естігеннен кейін ұясына аю тиген арадай уыттанып, бүкіл елді қан қақсатты. «Құрал тапсырындар» деп бізге келген жасақтарға Мейірімхан «тапсырамыз, жинап жатырмыз» деп қойып, жалғыз-ақ түнде көше жөнелдік. Артымыздан неше рет қуып келген жаумен атысып, бет қаратпай қырып салдық. Бір айдан артық сандалып жүріп, Қажыраға зорға жеттік. Алдыңғы елдің дерегін білмегеніміз үшін бір моңғолды жол бастаушы ретінде ұстап келе жатқанбыз. Қажырадан кейін «бұдан ары білмеймін» деп баспай қойды. Біреулер өлтірейік деп еді, Мейірімхан: «Мұның не жазығы бар, жол бастап келді, білмесе білмейтін шығар» деп, ат-азығын беріп жолға салып жіберді.

Елге сақ болуды тапсырған Мейірімхан қасына Шайзада, Қошпан, Кәрен бастаған бір топ жігітті ертіп алып жер шалуға кеткен.

Қалжырап келіп, иен тауды паналаған ауылдар бейқам күйге түсті. Мұны көрген Мұқай бақсы кешқұрым ауыл-ауылды аралап, күңірене айғайлап:

– Ау, жұртым, қан көрініп тұр, қан! Сайдың басындағы қара тасты кезеңнен жоғары қонғандар жаудан аман қалады. Сонда көшіндер. Жау келмейді деп ойламаңдар, жау деген жар астында жатыр. Қан басып тұр ма сендерді, көшіндер деймін, – деп зар қақсаумен болды. Онсыз да қара тұяғынан хал кеткен ауылдар қозғала қойған жоқ. Туыстық жақындығы бар азғана адамдар ғана жоғары көшіп, қара тасты кезеңнен аса қонды.

Мейірімхан қоя бергізген әлгі сұм моңғол жауға тіл беріп қойса керек. Жер сілкініп, дүние төңкерілгендей астаң-кестең болған аласапыран үннен шошып ояндым. Жаңбырша жауған оқ киіз үйді шұрқ-шұрқ тесіп, жұлмалап жатыр. Орнынан тұрған әкем оқтан ұшып кетті. Оны сүйей беріп «баж» ете түскен шешем де шөке түсіп, сұлқ қалды. Ағам екеуміз әке-шешемізді бас салып, зар еңіреп жатқанда киіз үй қаңбақша төңкерілді. Даланың бәрі қызыл қырғын. Өртенген үй, басы шабылған бала, ішегі сүйретілген әйелдер, иығынан шабылып ыңыранып жатқан жігіттер. Оқтың үні бәсеңдегендей болып, қалың сұр бөрте әскерлер шала-жансарларды найзамен түйреп, қылышпен шауып, қырып келеді.

Ел ес-ақылынан айырылып, қызыл қанға батып жатқанда Аждар деген азамат бір тұмсықтағы тасты далдалап, жаудың тобын оққа ұстады. Өз айналасына паналаған бір топты тұйық сайдан өрлетіп, аман алып қалған сол Аждар болды. Менің де су ішерлігім бар екен. Маған төніп келе жатқан бір топ шерік Аждардың оғынан мерт болды.

Дүнгендер жас қыз-қатындардан басқа көзіне көрінгенді аман қойған жоқ. Қара тасты өрлей қонған Мұқай бақсының ауылы ғана аман қалды. Елді қырып болдық-ау дегенде, қалың мал мен қыз-келіншектерді алып шегініп кетті. Әр тастың қуысында бұғып аман қалғандар ертесі таңертең дегенде бірімізді-біріміз іздеп таба бастадық. Аяқ алып жүргісіз қалың шаһидке толған сайдың бұлағы қып-қызыл қан болып ақты. Жау олжалап кеткендердің сыртында екі жүзден артық адамның қырылғаны мәлім болды.

Қырғын тапқан біздің ауылдар ғана емес екен. Бізден бөлініп қалған Тұрды, Нұрсадық ауылдары, Жанәбіл, Әбілқайыр ауылдары да шабындыға ұшырапты. Тұрды, Нұрсадық батырлар өле-өлгенше атысып, ерлікпен шаһид болыпты. Олардың әр ауылынан да елу-алпыс адамнан өліпті. Бізден бұрын кеткен Зайып ауылдары да үлкен қырғынға ұшыраған екен.

Жігіттің әңгімесін тыңдап, мұңмен күрсінген топ моңғол айтыпты деген әңгіменің шын сырына енді қаныққандай болды.

– Жауыздар, Тұрды, Нұрсадық, Мейірімхан ауылдарын біріне-бірін қоспай, жеке-жеке жайратқан екен ғой! Иә, содан!

– Қабырғаны қайыстыратын жылаудың көкесі Мейірімхан, Шайзада, Қошпан, Кәрен бастаған топтар қайта оралғанда болды. Біреу баласының, біреу анасының, біреу әкесінің басын құшақтап зар еңіреп жатыр. Кейбір түтіндер тұқымымен құрып, жылайтын адамдары да қалмапты. Ақыры бірін-бірі жұбатып, атпал азаматтар сай-сала, ел-елде тірі қалғандарды жинай бастадық. Сосын көз жасымызды көл қыла жүріп, шаһидтердің бетін жасырдық. Үлкендерді былай қойғанның өзінде, жаудың мыңдай адамды олжалап әкеткені қанымызды қайнатты. Жаңа үйленген жас жігіттер әйелі мен баласынан айырылып, енді біреудің әпекесі, енді біреудің қарындасы, тағы біреудің қызы жау қолында кетіп, ашындырған кек өзегімізге өрт қойып, көзімізге қан құйылды.

– Аталарымыз қаншама қырғынды бастан кешірсе де, дәл осындай зұлмат болмаған шығар. Жоңғарлар шауып «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға»

ұшырағанда да қыз-қатындарды бұлайша бұлады дегенді естімеген екенбіз. Бұл неткен қорлық!

– Елді өлімге, қатын-баланы жауға беріп, еркек басымызбен тіземізді құшақтап егіліп отырамыз ба. Жылағанмен өлгендер қайтып келмейді. Оданда тірі қалғандарды жаудан айырып қалудың қамына кірісейік.

– Қорлықпен өткен өмірден, ерлікпен өлген өлім артық. Мына өлгендерден жанымыз артық емес. Өлсек те ақырғы демімізге дейін алысып өлейік. Ерте ме, кеш пе, ноқталы басқа бір ажал. Одан қашып құтыла алмаймыз.

– Керегемізді отын, қызымызды қатын етіп отырса, енді аянатын неміз қалды. Алысып өлсең, артыңда қалғандар ерлігіңді есіне алар. Ал ез болып өмір сүріп, жауыңа бас исең, ұрпағыңа не қалдырасың. Етке таңба түссе жазылады, сүйекке таңба түссе мәңгі кетпейді.

Кекпен қайралған жігіттер тау жығардай ерекше айбарланды. Іштеріне түскен күйік жаудың қанын шашпайынша басылатын емес. Өкініш, мұң, кек, жылаған, егілген ащы нала жанымызға маза бермей кек алуға беркіндік. Жау адамдарымызды қырып қана қойған жоқ, тігерге тұяқ қалдырмай малды да сыпырып кеткен. Бәріміз жаяумыз.

Ауыл-ауылдан бір-бірімізге қосыла келе түп-тура жетпіс бір жігіт болдық. Жаудың беталысын аңдап, соңынан кеттік. Қалың жыңғылды өлкеге келгенде олжаға түскен қойларды айдап бара жатқан соңғы тобына іліктік. Бірнешеуін өлтіріп, бір моңғолды жол бастаушыға тірі қалдырдық.

Он сегіз кісі қойды айдап елге қайттық та, қалған елу неше жігіт әлгі моңғолды жол бастаушыға алып, жауды қуып кетті. Олардың не болғанынан хабар болмады. Мейірімхан ауылы Гәс, Темірлікке қарай еңкейе құлдаған соң, алдыңғы елден қалмайын деп түн қатып, бөрі аңдуымен жүріп Зайып көшіндегі нағашыларымды эзер қуып жеттім.

Әңгімені құныға тыңдаушының бірі Шәмши болды.

– Менің інім Шаймардан деген жігітті көрмедің бе? – деді еміне жақындап.

– Көргенім жоқ. Бірақ біз қойды айдайтын болып жатқанда Тәлпешбай ауылынан бірнеше жігіт келіп қосылыпты деп естігенмін. Бір болса солар болар ма екен.

– Дәл өзі, дәл сол болса керек, – деді Шәмши орнынан ұшып тұрып. – Тәлпешбайдың әкесі Ойқашар мен менің әкем Сасық бірге туысады. Немере ағам ғой ол менің. Шаймарданның одан өзге туысы да жоқ. Қайран сабазым-ай, жалғызым-ай!

Шәмшилер әңгімені осылай бұрғанымен, ауылы жауға шабылған Жәмиғаның дүңгендерге қолды болғанын, Шаймарданның сол қыз үшін, Жәмиғаға деген кіршіксіз көңілі үшін жау соңынан кеткенін білмейтін еді.

* * *

Жұрт азғана нәрсеге алданыш тапқанымен, тағы да сол сүркей тірліктің суық боранынан құтыла алмай келеді. Кісі өлімі сирегенмен әр шаңырақтан азалы үндер үзілмейтін болды. Елісхан Зайып ауылына арнайы адам жіберіп, ондағы шақабайлар тобындағы Ахметқали молданы шақыртты. Баяғы қыры

сынбайтын тіп-тік жаға, кірсіз, ақшаңқан боз киімнің бірі жоқ. Ерттеген арғымақтай сындарлы тұлғасы еңкіш тартып, аққұбаша өңі тотыға жарылған. Әйелі Зурахан мен қыздары Рапиқ та аса жүдеу көрінеді. Елісханмен құшақтасып көрісті. Аман-сәлемнен кейін баяғы қоңыр үні жарықшақтана шығып:

– Дүңгеннің қырғыны қызылдардың қырғынынан асып кетті. Сел болып аққан қанды ойласам, түсімнен шошып оянамын. Ел ауған жылы туған соң атын Ауғанбай қойған ұлымнан айырылып қалдым. Не өлі, не тірі екенін білмеймін. Аллаға деген жүрегім түзу сияқты еді. Шиеттей балапандарымды орыстың апанына тастап бір қашып едім, енді, міне, Ауғанбайым дүңгендердің қолында тірі қалды, – деп көзіне жас алды.

– Бәрі де Алланың сынағы ғой, – деп ауыр күрсінді Елісхан, – осы сынақ, осы жылау қай күні бітеді. Ол да бір Алланың қолында. «Кебін киген келмейді. Кебенек киген келеді». Алладан амандығын тіле, балаң табылады.

Ахметқалидың ұрт еттері суалып, көздері де шүңірейіп кетіпті. Нұрсыз жанарын үй ортасындағы ошақтың шетінен домалап кеткен бір кесек тезектің бықси көтерілген көгілжім түтініне қадаған күйі күйзеле күбірлеп отыр:

– Бәрін Алланың білетіні хақ қой. Кейде адамның есіне қай-қайдағы түседі. Баяғыда ел мен жерге қызылдар үкіметі орнай бастағанда «Алладан кейінгі патшаның айтқаны уәжіп қой» деп біліп, қызылдардың комсомол қызметіне белсене жүгіріп едім. Жаңаша оқуға арналған мұғалімдер курсына барып, келгеннен кейін ауылдағы ақсақалдарды жинап алып: «өткен заман өтті, оны қуып қайтеміз. Ескіні айтып есіміз шыққанша, жаңаша оқуды дәріптейік. Балаларыңызды жаңаша оқуға беріңіздер, елге бас болыңыздар» деп өзімше жол-жорық көрсеткен болдым. Көптің бәрі үнсіз қалды. Ескіше оқыған, қара сұр өңді Қабидолла деген қабасақал кісі: ««Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз» деуші еді, әкең Жайсаңбай шығысқа шырай беріп, қазақ түгілі орысты шұлғытқан ел серкесі болатын. Қарамағындағы халқын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, ақ өліммен кетіп еді. Сол аруақты атаның баласы деп қоғадай жапырылып алдына келсек, елді орыс қылам, қызылдарға жығып берем деп не шатпақтап отырсың?! Сені оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу деп ойлаушы едік, жетіскен екенбіз. Сен өз жолыңмен жүр, біз өз жолымызбен жүреміз. Бірақ жүретін жолың қызылдыкі болса, қайда барсаң да қағанағың ашылмасын, жолың кесілсін!» деп алақанын теріс жайып, бетін сипап есіктен ата жөнеліп еді. Қалған қариялар да ілесе кеткен. Енді ойласам сол сөздер шаншудай қадалып, көкірегімде әлі түйнеп тұрған сияқты. Мені қырсықтан айырмаған сол қарттардың қарғысы ма, кім білсін!

Айтарын айтып, сарқылып алсын деді ме, Елісхан үндеген жоқ. Өз басынан өткен ескі күннің әңгімесінен кейін елдің жолда көрген бейнетіне ауысқан Ахметқали:

– Өзімше талай кітап оқып едім. Бірақ жер бетінде осындай ауыр қасіреттің болғанын, осындай қанды көштің ұзақ жол басқанын еш жерден көрмедім. Моңғолдардың атты әскері талай жерді кезген шығар. Бірақ қатын-баламен, ауыл-аймағымен ешкім де бұлайша көшіп көрген емес, – деп мұңая күрсінді.

– Сол шежірені біз жазып жатырмыз. Шежіре әлі аяқталған жоқ. Қазақ деген қалжыңбас халық қой. Ойда орыспен ойнасақ, қырда қытаймен қалжындастық. Дүңгендермен де көп төс қағыстырдық. Моңғол болса ежелгі әріптестеріміз. Енді, міне, дүниенің жотасына шығып алып, таңғыттармен тәжікелесіп жүрміз. Алла амандық берсе, алдымызда асық атып ойнауға құмартып отырған талай бала кезігеді. Міне, тірліктің қызығы деген осы емес пе?! – Елісханның әзіліне Ахметқали ғана емес, отырғандардың бәрі де езу тартты. Үй ішінің алакеуім жарығында түнерген қабақтардың сәтке де болса ашыла қалған көңілділіктері байқалды. Оған ортадағы ошақта қайнаған еттің жағымды иісі қосылып, талайдан бері мұндай кешті көрмеген аш-арықтардың тәбеті де ашыла бастады.

Ертесі ертемен ауыл үйді жаңа азаншының даусы оятты.

– Аллаһу акбар, Аллаһу акбар...

Бұл осы ауылға енді Ахметқалидың имам болғанының белгісі еді.

Тибеттің сары жонына қыс ерте ілінеді екен. Орман-тоғайсыз, қалың жалаңаш таулар, әр жерде шашылып қалған астаудай көлдер мен көлшіктер. Панасы болмағандықтан суық ызғар сүйекті қариды. Тезектен басқа отын жоқ. Жұрт сарғайып айнала таптаурынға айналған сайын тезектің өзі табылмайтын болды. Тұрманы түгел үй жоқ. Көбі басын буған қараша үйлер мен қалқиған қара қостар. Тіпті кейбіреулері таңғыттарша шатырларда отыр. Қара сирақ балалар дір-дір етіп, суықтан бүріскен кемпір-шалдар көгілдір түтінге көзін сатып, от басына емінеді.

Таңғыттар үстірттің ауасына әбден үйреніп алған ба, жұпыны болса да, алаңсыз өмір сүріп жатқандай көрінеді. Өздерінде түйе болмайды екен. Түйе көрсе өлердей қорқады немесе қызықтап қарап тұрады. Көшкенде жүктерін қодас-сиырлар мен қойларға артады екен. Мұнысына қазақтар да таң: «Атаңның аузын ұрайын, таңғыт аузыңа саңғыт дегеннің өзі екен ғой. О заманда, бұ заман қойға жүк артқан не сұмдық!» деп сөгеді кеп. Ал тілін білмегендіктен олардың не деп жүргенін кім білсін. Мүмкін: «елден де жерден де айырылған қашқын қазақтар, бізге аңырая қарағанша, өлместің күнін іздесеңдерші» дейтін шығар. Биік кезеңде етті қанша қайнатсаң да піспейді. Сондықтан болар, өздері етті де не шикілей, не шала қайнатып жей береді екен.

Таңғыттардың қазақтарға көзі үйренді ме, әуелде жақындамай алыс-алыс жүретін еді, қыс түсіп қар ұшқындай бастағалы олардың да жымысқы әрекеті көбейді. Онсыз да азайып қалған аттарды арт-артынан ұрлай бастады. Елісханның «тәк-тәгімен» ғана әдеп сақтап келген жігіттердің де шыдамы таусылды. Осының бәрін көріп, сезіп біліп отырған Елісхан бір күні өздерін сырттай бақылап жатқан таңғыт әскеріне жетіп барды:

– Бізді не өз жөнімізге жіберіңдер, не болмаса Ласа ұлығына жолықтырыңдар. Жата-жата сары жамбас болып өлетін болдық. Ұрыларың да маза беретін емес. Енді суық қолдылықтары мен сумақы әрекетін қоймаса өз істегендерін өздеріне істейміз, – деді. Әскербасы түсін суыққа салып:

– Бізге не қыл дейсің? Ұлықтардан жауап күтіп жатырмыз. Тосындар, – деп томырылды.

Таңғыттар қазақтармен аудармашы салып қытайша ғана сөйлесетін еді. Таңғыт әскербасының аудармашысы болып жүрген орта жастардағы әйел бір әредікте Елісханға: «Сізбен оңаша сөйлесейінші» деп сыбырлады. «Түсі жылыдан түңілме» дегендей, ылғи да өздеріне іш тартып жүретін таңғыт әйеліне Елісханның да бүйрегі бұрылып тұратын болған. Елісханның қытайшаны жақсы түсінетінін білетін ол, ең әуелі:

– Сіздер қазақ деген ұлт боласыздар ғой, ә? – деп сұрады.

– Иә, қазақпыз.

– Менің қанымда да қазақтың қаны бар.

Әзілдеп тұрған болар деп оның бетіне таңдана қараған Елісханның отты жанарынан: «Бізді ақымақ қылмаған сен қалып па ең» дегендей сес байқаған әйел, қаймыға тіл қатты.

– Сырға берік болсаңыз айтайын. Менің шешем қазақ болатын.

Елісхан сенер-сенбесін білмей аңырып қалды. Әйел сөзін ары қарай жалғады.

– Бұдан қырық неше жылдың алдында осы жерге қазақтың бір батыры келген екен. Кейін соңынан қуып келген жау қырғанын қырып, қалғанын торғайдай тоздырыпты. Менің шешемнің қыз күні болса керек. Қалың қырғынның бірінде бірнеше бала адасып қалып, ел кезіп, қайыр тілеп жүрген жерінен әкеме кез болыпты. Бастабында мақұл болмаса да аштан өлетін болған соң амалсыз көнсе керек. Екі ұлт дегеніңмен кейін тату-тәтті отбасыға айналып, бес баланың анасы болды. Сол анам өлер шағында көз жасын көл қылып: «Балам, менің ұлтым қазақ, қазақтың өзі түгілі итін көріп өлсем де арманым болмас еді. Қайтейін, тағдырдың жазуы солай болды. Нағашың қазақ екенін, қазақтың батыры екенін ұмытпай жүр, бір қазақ көрсең сәлемімді жеткіз, қолыңнан келсе жақсылығыңды істе» деп соңғы сөзін айтқан болатын. Ласа әкімшілігінде жұмыс атқарып жүріп «қазақтар келіпті» дегенде жанымды қоярға жер таппадым. Анамның аманаты құлағымда жаңғырып маза бермеді. Әскерлердің аудармашы іздеген орайын пайдаланып, сіздерге әдейі келгенмін. Оңаша сөйлесудің реті енді ғана келді ғой, – шықтана қалған көзінің жиегін ұзын жеңінің бір ұшымен сұрткен әйел, – анамның аманатын орындағандай болдым. Сізді көріп әрі қуанып, әрі жылағым келіп тұр. Анам үнемі ішінен ыңылдап бір әнді айта беруші еді, соны сіз білесіз бе? – деді.

Әйел Елісханның мұңлы, тұңғиығы терең қоңырқай көздеріне жәудірей қарады. Сол тұңғиықтан көтерілген мөп-мөлдір ағындар лықси буырқанып көз шанағында көлкі қалды, бірақ ағытылған жоқ.

– Қара таудың басынан көш келеді,

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...

Елім-ай, жерім-ай... – деп, «Елім-ай» әнінің ырғағын күбірге жақын күңіренген дауыспен толқыта берді. Әйел енді шын жылады. Сөйлеуге шамасы келмей кемсеңдей шұлғып: «дәл солай, иә, иә, дәл осылай» дей берді. Елісханды жеңінен тартып оңашалаған ол өксік ата сыбырлай сөйледі:

– Сізге соңғы айтарым, осы жерден тез кетіңіздер, біздің адамдардан еш жақсылық күтпеңіздер. Қазір орталық Нанжин үкіметі өздері соғыстан көз аша алмай жатыр. Біреуді біреу білмейді. Бұлардың ендігі ойы, сіздерді үнсіз тұқыржылатып тоздырып жіберу, не кері көшіріп, жоғарғы жаққа жақсы аттану. Осыны айтайын деп неше күн көз іле алмадым. Анам сезіп жатқан шығар, енді разы болатын шығар. Қош болыңыздар! Осыны айтқан әйел өз тобындағыларға бұрыла беріп, кілт тоқтады. Елісханға жақындап:

– Ұмытып барады екенмін. Анамның алтын сақинасы бар еді, сізге сыйлайын, бір керегі болар, – деп, қалтасынан шытқа түйілген затты Елісханның қолына ұстата берді. Елісханның жүзіне езіле қарап:

– Айтпақшы, жаудан мерт болған менің батыр нағашым кім болды екен? – деді.

– Бөке, Бөке батыр.

– Бөке, Бөке, – деп күбірлей алыстап, аяғын жеңіл алып бара жатқан әйелдің тұлғасына елжірей қараған Елісхан оның мойнындағы қарызын ада етіп, көңілді қайтқанын аңғарды.

«Ойбай, Елісхан қазақты қойып, Таңғыт қатыннан тамыр тауып алыпты» деп пыш-пыштаған желауыздардың бірде-біреуі де бұл әңгіменің жұмбағын білмеген күйі қала берді.

Таңғыт даласының сүйекті қаритын суық желі азынай ұлып, «елім-ай, жерім-ай» деген ән зарын алыстарға әкетіп, мұз шудалы аспанның жабағылы бауырына сіңіріп жатты.

* * *

Көш. Тағы да сол көш. Дүниенің ең биік жотасынан шұбырған қазақ көші құбыланы бетке алып жылжып барады. Тау даланың құшағына өліктерін шашып, батысқа қарай үдере тартып, мыс табақтай жарқырап тұрған күндерін ұясына кіргізіп алмау үшін қуып бара жатқан сияқты.

Жау десе зәредеп болатын халық бұл жолы келетін қатерді алдын-ала шамаласа керек. Соңынан қуып келіп мылтық атқан таңғыт әскерлеріне «келсең – келмен» тұрыстық беріп, оқпен жауап қатты. Көкіректеріне көміліп жатқан ашу-ыза, кектің болат түйіршіктеріндей домаланған мырыштар жауларының жүректеріне қадалып жатты. Құрал тапсыруда киізге орап түйе қомдарына жасырған қаруларын алып шығып, қарауылға ілінгенді қағып түсіріп жатыр.

– Қошқардыкі үзіліп түсе ме деп жүріп аштан өлген қасқырға ұқсап, таңғыттарға сеніп талтайып жүргенше баяғыдан өстуіміз керек еді, – дейді қаны қызған жігіттер. Елді жау ала алмағанмен суық ызғар, аштық, көліксіз жүрген жаяу жүріс әбден титықтатты. Ыс тиіп, ауыздарынан қан аралас көбік бұрқыраған талай адам көз жұмды. Таңғыттардың өз жеріне өзгелердің өлігін қойдырмайтын бір әдеті бар екен. Қойған өлікті қопарып алып ай далаға лақтырып тастайды. Сол үшін де қазақтар өлген кісілерді ұрлап жерлеуге тырысып, көмген жерден еш белгі қалдырмай жаймалап кететін болды. Таңғыт даласында талай боздақ моласыз қалды.

Мұз түйіршіктенген тұман шудасы қаңтардың қалшылдаған бурасындай астына басқан тауларды қозғалтатын емес. Ышқына соққан боран, сусылдаған қарлы құйын көтеріліп аспан мен жерді тұтастырып жібергендей бүкіл дала алапат күй кешті. Бұл жер сырын білетін таңғыттарға оң ұпай сыйласа керек. Көштен бөлініп қалған аш-арықтар мен әлсіздердің атқанын атып, шапқанын шауып, олжалағанын өңгеріп кетіп жатты.

«Ашынған долы, ашыққан ұры болады» дегендей қазақтар да есесін жіберетін емес. Алдынан кезіккен таңғыт ауылдарының малын бұлап, қой мен сиырын сойып жеп, қодастарын қорқылдатып мініп алатын болды.

Алмағайып заманның жеңісі мен жеңілісіне кезек-кезек мойынұсынған далалықтар тарпаң табиғаттың құшағында бірінің қанын бірі шашып, тайталасып отырды.

Осындай ауыр күндердің бірінде Елісхан Зайып тәйжінің әл үстінде жатқанын естіді.

– Өттеген-ай, ел сыйлаған дана қарияның бірі еді. Мына жау-жалам күндердің алдынан шығып аман-сәлем жасауыма да мұрша бермегенін қарашы. Енді бармасам болмас, – деп атына қонды.

Зор, мығым денелі, қып-қызыл дөңгелек шырайлы баяғы өңі мүлдемге жоқ. Арса-арсасы шығып бетіне көлкіген ісік пайда болыпты. Зайып тарамыстана жарылған сүйекті алақанымен Елісханның қолын қатты-қатты қысып көзіне жас алды. Шаралы жанарын бұдан алмай талай-талай ойдың басын шалып, көкірегіне жиналған мұнды серпуге дәрмені жетпей жүдеу қарайды. «Баркөл Баркөл болып тұрғанда Әліп «Әліп», Зайып «Зайып» болып тұрғанда есемізді кімге жіберетін ерлер едік. Біріміз Баркөлдің басын, біріміз аяғын жастанып, сегіз қабат үзеңгімізді шіренгенде бетімізге кім түзу қарай алушы еді. Енді, міне, тағдырдың асау желі айдап, туған мекен, өскен ортамнан алыстап, екі дүниенің ортасында жаутаңдап жатқан түрім мынау...». Оның көздерінен толқыған көлдей көп сырдың ұшығын сезген Елісханның көңіліне де көк тұман үйірілді. Елдің осы бір күйзелісті күйіне өзі кінәлі болғандай Зайыптың қолдарын қос қолдай ұстап тізерлеген күйі отырып қалды. Аңғарлы қарт та оның жанын арпалысқа салған жүрек жарасын тез аңғарса керек. Жөткірініп алып, баяу, қоңыр үнімен сөйлеп кетті:

– Балам, бәрі де тағдырдың ісі. Ешкім біреуден сұрап алған жоқ. Өз еркімізбен бастаған іс болған соң өкінішіміз болмауы керек. Десе де, пенде болған соң кейде жылаймыз, қамығамыз. Бірақ сол жылаумен қамығумен орнына келетін іс бола ма. Қазақта «тәуекел түбі – қайық, өтесің де кетесің. Уайы түбі – теңіз, батасыңда кетесің» деген жақсы сөз бар. Тәуекелден басқа жол жоқ. Армансыз адам болмайды. Жау қолына шырылдап кеткен қатын-бала үшін жанымды шүберекке түйіп көрім-ақ атысып едім, айырып алып қала алмай қапы қалдым. Сол бала-шағаның көз жасы ішімде көлкіп тұрған сияқты. Мені меңдетіп бара жатқан дерттің бірі сол! – осыны айтқан ол бір сәт булығып қалды. Қатты-қатты жөтеліп қинала күркілдеді. Үніне сырыл араласып, ентіге сөйледі, – қайда барсақ қанды құрығын лақтырған сұрқай күндер қажытып жіберген сияқты. Өзіңмен бірге осы жұртты елі тыныш, жері

шұрайлы жайлы қонысқа жеткізсем деп едім. Сол арманымға жетпей кетіп барамын. Қайтейін, ғұмыр деген қамшының сабындай қып-қысқа дүние екен. Сынаптай сырғып өтіп барады. Ендігісін Құсман екеуіңе тапсырдым. Құсман сенен бірнеше көйлек бұрын тоздырса да, кейде ағыны қатты асау өзен сияқты. Сен жас та болсаң көпті көрдің. Сабырға шақырып қамшының ұшын бере жүр. Дүние деген берекеге тоқтайды. Береке-бірлік болса бәрі болады. Біздің түбімізге жеткен де – сол берекесіздік. Баркөл елін қанқасатып бәрімізді үркіткен Абай сұмды да Кеңес қызыл үкіметі кері қайтарып алып, өзгені аямаған оны да тас түрмеге тығыпты деп естідім. Алтайдағы төрт орынның бірінен шыққан Мәмидің тұқымы Әнуар да қытайдың сойылын соғып көрінгенге әңгір таяқ ойнатып еді. Шың Шысай оның да түбіне жетіпті. Ағаң Адубай сенен қалай бөлініп кетті. Тумасам да туғандай санаған Қасым батыр да бір шүйкебас жесірді маған бере қоймадың деп Ма Буфанның қолтығына кірді. Одан опа тапты ма, залым дүңген оны да жалғыз тал мырышпен жайратып салды. Сабырбайдың Құсманмен Ілияз дүрбіге таласып ел екіге жарылып еді, не марқадам тапты. Мейірімхан мен Тұрды бір жаман мылтыққа таласып, бөліне көшкенде бөріге жем болды. Төрімнен көрім жуық жатып бәрін ғайбаттайын деп жатқаным жоқ. Берекесіздіктен талай қазақ ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Осы жағын естеріңе алып, сабақ қылсын деп айтып жатырмын.

Сөзі осы араға келгенде Зайып айтарымды айтып болдым-ау дегендей кеңірек тыныстап, көзін ыс-түтіннен қарайған туырлықтың үзігіне қадап бір қауым үнсіз жатты. Сосын сырттан Құсманды шақыртты. Елісхан екеуіне алма-кезек қарап:

– Жаңа мына Елісханға бәр-бәрін айттым. Ендігі елге ие болатын екеуіңсіңдер. Менің көзімше қол алысыңдаршы. Көңілімнің ақ боран аңыраған жыртығына жамау болар ма екен. Елдің ендігі жүгін қос нарым арқалап бара жатыр деп ахиретке алаңсыз кетейін, – деді үні дірілдей шығып. Елісхан:

– Аталық ақылыңызды ешқашан ұмытпаймын. Разы болыңыз, бізге сеніңіз, – деп орнынан тұрып Құсманды қапсыра құшақтады. Зайыптың көз жиегі суланып, жанарынан соңғы рет мейірленген ұшқын жылт етті. Елісхан мен Құсман сыртқа беттей беріп еді, үй ішіндегілер шу ете түсті.

Олар Зайыптың алаңсыз ұйықтап жатқандай жылы жымыиысты жүзінің салқын, суық тартқанын байқады. Бір тайпа елге көсем болған сабырлы да салиқалы қарт қатыгез ажалдың құрығына ілініп, қайрылмастан кете барды. Зайыпты жалғыз жібермейін дегендей осы арада Секей бастаған бір топ адам да о дүниелік тұрағына асығыс аттанды.

Таңғыт жотасының аязды аспанына қалықтаған шерлі жоқтау, күңіренген жылау, зарланған үндер көпке дейін үзілген жоқ.

* * *

Тибет үстіртінің сары жонымен батысқа қарай бір қыс бойы көшкен қазақ ауылдары өздерінің қанша жүргенін білмейді. Әйтеуір күн шуақтанып жылымықтана бастағанына қарап көктемнің жақындағанын сезді. Жиі-жиі

кезігетін көлдер сиреп, батыстан шығысқа қарай арқырай ағып жатқан көкжал өзенге ілінді. Көптен бері көлдерге ғана құйып жататын кішкене өзендерге көңілі толмай келе жатқан қазақеңдерге басын Гималайдың бір биік асқарынан алып, арындай ағып жатқан асау өзен Алтайдың тентек суларындай ыстық көрінді. Көк иірімденген суы да тұп-тұнық екен. Өткен жылдары желініп бітпеген сірік шөптерін айтпаған күннің өзінде тепсіне көтеріліп келе жатқан көк майсаның өзі малдың аузына ілінетіндей болыпты. Арып-ашып әбден қалжырап келе жатқан қаралы ауылдар өзенді өлкені көргенде әркім өз баспаналарын қалқитысып жантая кетісті. Ұйқыларын қандырып, өткен күндерін үрейлі түске ғана ұқсатқысы келді. Таңғыттар бұл өзенді Сеңгезақбо деп атаса да, қазақтар жағы суының көкшілдігіне қарап «Көк өзен» деген ат қойып алды.

Осының алдында ғана арттан қуып келген жауды ойсырата жеңіп көп атқа ие болған жігіттер көлікке де жарып қалып еді. Енді міне бозбалалар өзеннің бас-аяғына шапқылап елді түгендеп малын қайырып дегендей ауылдың жүдеу тірлігіне аз да болса әр кіргізді. Гималай жотасының ең биік жонындағы көк өзен бойында қазақ ауылының түтіні түтей бастады.

Біреуді біреу білмей, аласапыран күймен келген ел енді есін жиып, барын тәубе етіп, жоқтарын да түгендей бастады. Жау өкшелей қуған бір реткі қанды қырғында секел руының үш түтінінен жиырма неше адам қырылыпты. Соғыс және ыс тиюден Тоқай, Түктаяқ, Нұрғалам, Жүніс, Сәду, Нұр секілді көп адамдар шаһид болыпты. Ел Нақшадан қаша көшкенде Сағындық, Кәрібай ақсақалдар бас болған жүздей кісі сонда қалып қойыпты. Түсіпақын, Мұса қатарлы кісілер кейінгі елге барамыз деп көштен бөлініп кеткен екен. Сайда саны, құмда ізі жоқ, жоғалған, бұланған, соғыста өлген, аштан қырылған адамның саны қанша, оны ешкім де айтып бере алмайды.

Әр үйде аят-сүрелер оқылып, жағдайы келгендер Құран хатым түсіріп дегендей бақилықтар үшін әртүрлі жоралғылар өтеліп жатты. Өлгендердің парызынан кейінгі кезек тірілердің қуанышына жалғасып, біреу келін алып, біреу қыз ұзатып, елдің еңсесі көтеріліп қалды. Сауық-сайран, күлкі-қуанышты ұмытқан халық өздерінің де ел екенін, қуана алатынын естеріне түсіргісі келгендей аса думанды болмаса да тойлар жасап жатыр.

Осындай тойлардың біріне Елісхан, Ахметқали бастаған бір топ атты кісі үзеңгілесе сыр шертісіп келе жатты. Ахметқали той жасаушы жігітті таныстырып:

– Есіңізде болар, – Ахметқали Елісханнан үлкен болса да оны сіз деп сөйлейтін, – арғы беттен келген біраз найман кең қолтық керейді паналап Өр Алтайдың Шіңгіліндегі Тары бидің ауылына келгенімізді айтып едім ғой. Мен келгенде сол Тарының немересі Нәзір тәйжінің атқа мінген кезі екен. Өзі де менімен замандас болып шықты. Өр керейдің жәнтекейіне ғана емес, барлық атасына да сыйлы азамат екен. Ауылынан мешіт салып, медресе ашып, жастарды оқу-білімге ұйыстырып жатыпты. Мені көріп қатты қуанды. Менің қалыңымды беріп Зураханмен үйлендірген де осы ауыл болды. Сол кезде ауданда «қазақ-қырғыз ағарту ұйымы» деген құрылып ұйымның бастығы

Баянбай үкірдай, орынбасары Нәзір тәйжі болыпты. Сөйтіп, мен Жапар тәйжінің тонды баласына айналып, сол ауылда бала оқыттым. Сонда оқытқан балаларымның бірі осы той жасап жатқан Ғақыптың ұлы

Халифа еді. Өзі өте зерек екен. Үйреткенімнің бәрін құлағына құйып алады. Сол кезде он екі, он үш жастар шамасындағы кішкене бала еді, енді соқталдай азамат болыпты.

– Бұл ауылдарды жақсы білемін. Өзіміздің жәнтекей ғой. Шыңғысхан заманында босып кеткен керейлер өз мекендеріне қайта оралғанда елді Өр Алтайға бастап келгендердің қатарында Шақабай атамыздың немерелері Изғұтты, Жарқынбай батырлар болған екен.

Ол кезде Өр Алтайды иелеген дәрбіттер мен ұранқайлардың аяғы әлі де үзілмесе керек. Ертісті өрлеп қазіргі

Көктоғай, Шіңгіл жеріне беттеп келе жатқан олардың алдынан жер қайыстырған қалың жау шығады. Алтайдың Қарасеңгірінде той жасап жатқан Беген ауылын басып қалады. Қапылыста қалған қазақтар қаша соғысып Изғұтты, Жарқынбай, Иман батырлар ерекше ерлік көрсетіп, талай жауды жайратып, көп бөлім адамды аман алып қалыпты. Изғұтты батыр жау қолынан шаһид болып, Жарқынбай, Имандар ең соңына дейін шайқасыпты. Ақыры екі жақ Ажы төренің елдестіруімен соғысты тоқтатқан екен. Қазақ қолынан қатты соққы жеген дәрбіттер Қобдадан ары асып Алтайдың күн бетіне баспайтын болыпты. Міне, көрдіңіз бе, бұл жай ауыл емес, батырлардың ауылы. Керейдің Жәнібектен бұрынғы ұраны да Шақабай еді. Шақабайдың Халықбай деген баласынан Жарқынбай туса, Жарқынбайдың Саудагер деген ұлынан туған Мәңкей атаның ұлдары Сұғақ, Рүстем, Зарқымдар да осы ауылда отыр. Ал Сарт аталатын атамыздың немересі Қаракереңнен өзіңіз білетін осы Ғақып туады. Осыдан он бес, он алты жылдың алдында Ғақып ағамыз қасында Оспан және бізге сарсүйек құда әрі жезде болып келетін Қауан деген нағашыларымыз бар, біз жүріп өткен Гансу-Чиңхай жеріне дейін саудамен келген екен. Айтуларға қарағанда, Ішкі Қытай жеріне дейін барып қайтқан сияқты. Қайтарында үшеуі үш қытай бала сатып алып барады. Ғақып алған баланы інісі Таумырзаға беріп атын Ыбырай қойыпты. Біреуін әкем Қауаннан сұрап алып Шәріпхан деп ат қойып маған іні қылып берген еді. Ғұмыры қысқа болды. Баркөлде ауылды жау шапқанда өлді.

Ахметқали ат үстінде бір жамбастаған күйі Елісханның аузына қарап қалыпты. Әншейінде шешіле бермейтін Елісханның ел бастаған көсем ғана емес, естігенін құлағына құйып, тыңдаушының құлақ құрышын қандыратын әңгімешіл екенін енді байқап келеді.

– О, Елісхан мырза, тарихтың тамырын қопарып тастадыңыз ғой. Мен өзімнің қандай ауылда жүргенімді енді ғана біліп келемін. Адамдардың тағдыры неткен күрделі. Шіркін, осы тарихтың бәрін қағаз бетіне таңбалап, «мың бір түннің» хикаясындай етіп жазып шықса қандай ғажайып болар еді!

Олар әңгімемен келе жатып той жасап жатқан үйге жеткендерін де білмей қалыпты. Даяшы жігіттер ат ұстап зыр жүгіріп жүр. Елісхан жүдеу жүздеріне қан жүгіріп көңілдене сәлемдесіп жатқан ауылдастарын көргенде көкірек қой-

науына жиналған тұманның сейіліп бара жатқанын білді. Айналасына көңілдене қарап, той иелеріне «құтты болсын!» айтысты.

Екі жастың некесін Ахметқали молда кесіп, ақ батасын Елісхан берді.

Осы бір көңілді тойдың қуанышынан айырылып қалмайық дегендей жиналған қауым тарағысы келмей ән-күйге де кезек берді.

Айналайын домбыра, қазақтың қоңыр домбырасы Гималайдың сары жонында сайрай жөнелді. Аз халық, әз халық жауға жанын беріп, мүлкін талатса да домбырасын бермеген екен.

Күйші жігіт домбырасының құлақ күйін келтіріп алып:

– Той Шақабайдың шаңырағында өтіп жатқандықтан әуелгі кезекті күйші атамыз Шалаптың күйінен бастауды жөн көріп отырмын, – деді. Домбыраның қоңыр үні күмбірлей жөнелді.

Аузын ашып сүйген жары ақ сазандай ұл берді, сол ұл асыр салып ойнап жүр. Кенет қатыгез ажалдың қыл тұзағы баланың мойнына ілінді. Мейірімсіз ажал, меңіреу жалған көз алдында көлбедеп жүрген көбелегін жұлып кетті. Қаралы көңіл, қамыққан әке, қан жылаған ана «арман-ай, арман-ай» деп зарлайды. Құз басында – Бұланайдың аяз сорған биігінде бозінгеннің боздаған үні талықси тербеледі. Қос ішек бебеулей дірілдейді.

«Арман-ай» күйі күңірене келіп тоқтағанда отырғандардың көздерінің сора-сорасы шықты. Әсіресе, баласынан айырылып қан жылаған аналардың қабырғасы сөгіліп кеткендей үнсіз егіліп отыр. Бірақ той болғандықтан ешкім де үн салып жылауға бата алмай танауларын тартып, көлдеген жастарын көрсетпеуге тырысады.

– Үһ, жалған-ай.

– Қайран дүние-ай деші.

Күйші жігіт екінші күйге ауысқанда жұрт тағы да тына қалды. Бұл күйдің аты «Ертіс толқыны» екен.

Ана Алтайдың төсін жарып аққан көп өзен Ертіске құйылады. Жап-жасыл жағалау, қарағай, самырсын, ақ қайың, тастан-тасқа соғылып аққан мөп-мөлдір өзен суы өркештене ағып жатыр. Сол ағыспен бірге дүбірлі тұяқты тұлпарлар шауып барады. Бірде жартастың қолтығына қамалған асау айдын шымырлай келіп түпсіз тереңіне үңілтеді. Енді бірде буырқанып, жөңкіле аунап, дауылмен тайталасқан асау толқындар арпалысты күй кешеді. Өмірдің тар соқпағы, тарғалаң тағдыр Ертіс болып домбыра ішегінде толқын атады. Күй тынғанда сағынышты зарығудан туған күбір-сыбырлар тағы көбейді.

– Қайран Алтай!

– Қайран Ертіс, енді көре аламыз ба екен деші!?

– Балдай суыңнан бір ұрттау бұйыра ма екен, қайран, туған дала!

– Оу, жігіттер, әзер көрген тойымызға қуанамыз деп келіп жылап қайтамыз ба? Қасіреттің қара боранын ұлыта бергенше жұртты серпілтетін бірдеңе айтсаңдаршы, – деді үлкендердің бірі.

– Онда мен бір күлдіргі айтып берейін, – деді қушыкеш жігіттердің бірі, – ана жылы төменгі Алтайға барғанда Шәкенбай деген шақабайдың бір әңгімесін естіп едім. Соны тыңдаңыздар. Шәкеңнің шешесі Әдеп деген кісі өте

момын, аңқау адам болса керек. Бір күні сауын ешкіге қоса бір текені де көгендеп алыпты. Ешкілерді жағалата сауып келе жатып текеге келгенде: «ой, Шәкенбай, мына ешкінің үрпі жоқ қой» деп баласына қарапты. Шәкең қызық шығармаққа: «желініне ұра берсеңіз үрпі шығады» депті. Желінді ұрғылаған шешесі тағы: «ұрсам да шықпайды ғой, балам» десе керек. Сонда Шәкенбай: «қатты ұра беріп текеге айналдырып жібергесіз ғой» деген екен.

Үйдің ішіндегілер ду күлді. Әйелдер жағы бетін басып, үлкендерге ұрлана қарап, сылқ-сылқ күледі.

– Әй, мынаған дауа жоқ екен.

– Құдай біледі, мынаны шығарған Шәкенбай емес, өзі ғой.

– Ән, ән қайда, ән неге айтпай отырмыз, – көңілді кештің көрігі қыза бастады. Жабырқаған көңілдер жайдарылана түсіп, күміс күлкілердің сыңғыры көбейді. Осы орайда бірнеше жігіт ортаға шығып, «қара жорға», «жорға аю» билерімен жұртты тағы бір желпінтіп тастады. Әсіресе сеңсең ішігін аударып киіп алып «жорға аюға» билеген жігіттің әрекеті құдды аю сияқты екен. Жігіт жағалай билеп келіп, өзі әзілдесетін қыз-келіншектердің қасына келгенде аюша ақырып тап бергенде аналар жапырыла құлады. Үй ішіндегілер қыран-топан болып, күлкіден ішектері түйіліп қала жаздады.

Тағы бір мұңлы әнге жүкті болған домбыра қайта бебеуледі. Домбыра шанағында тербеле толқыған сырлы да сағынышты әуен қанаты талғандай қасіретті арқалап баяу көтерілді.

Өр Алтайдан дүркіреп ел көшті ғой,

Ақ даланың төсінен оқ есті ғой.

Қара арғымақ сүрініп қу томарға,

Қара нардың бұйдасын жау кесті ғой.

Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай.

Елім көшіп аңырап жерім қалды,

Асқар асу шұрайлы белім қалды.

Омырауын қарт ана жаспен жуып,

Қарай-қарай мекенге көзім талды.

Ағажай Алтайдай жер қайда-ай.

Жылаудың көкесі енді басталды. Ән көкірек қоламтасында жатқан зарды қозғап, сағыныштың сары желі қайта аңырады. Қаншама қаталдық танытқысы келсе де ән қайырмасы айтылғанда қолқа-жүрегі бірге солқылдаған жұрттың көбі жанарынан домалаған жасқа дәрменсіздік танытты.

Жауы көзіне мылтық төсеп тұрып: «атамын!» дегенде кірпік қақпай қадалып тұратын батырлар әнге келгенде, сағынышқа келгенде майырыла берді.

– Шырақтарым, өткен-кеткенді бір қозғап көңілімізді босаттындар ғой. Көңілдің кірі айтса кетеді, көйлектің кірі жуса кетеді. Жеңілдеп қалдық. Айта беріңдер, – дейді ақсақалдардың бірі көзін жеңімен сүрткіштеп.

Ауыл-ауылдың тозғынды күйі талай егізді айырды. Талай жүрек екіге бөлінді, әлдекімін іздеп аңсаған, шаршаған, зарыққан көңілдер өз медеуін, көңіл жоғын, адасқан аққуын жоқтап әннен қуат тапқысы келеді.

– Бүгін айтпаған өлеңді қайда айтасындар, – деген жіңішке әйел даусы әлденені өтінгендей шөліктей шықты.

Қалқатай, сен де арманда, мен де арманда,
Жылайды екі арманда айырылғанда.
Беріп кет орамал шыт сағынбасқа,
Жүрейін медеу қылып қайырылғанда.

Па, шіркін, дүние жалған-ай,
Угай, арман-ай.

– Е, қайран жастық-ай, қанша жұмбағыңды ішіңе бүгіп қапияда айырылдың екен?

Ән жастардың ішіне шоқ түсірді. Жүректері аузына тығылып, көздері жасаурады. Айлы кеш, алтыбақан, ауылдың бейбіт шағы. Қыз-бозбалалардың бір-біріне ынтықтығын білдірген жұлдызды кештер. Арманына жете алмаған ару, ғашығынан айырылған жігіт... Сүреңсіз күндер басқа салған тауқымет – бәр-бәрі шерлі көңілдерді бір толқытып өтті.

Гималайдың жотасындағы екі жастың кешкі тойы әнмен әрленіп, күймен өрнектеліп, түннің бір уағына дейін жалғасты. Тойға жиналған қауым Көкөзен бойындағы көңілді кешті екінші көре алмайтынын сезгендей үркер жамбасқа аунағанда барып, қимастықпен тарады.

Жұрт дырдумен отырғанда далада азырақ жаңбыр себелеп өтіпті де, бұлт лезімге айығып кетіпті. Дымқыл ауада жерден қышқылдау тұщы леп еседі. Таптаурынға айналып шөбі тақырланған жол табанында әлі де жерге сіңіп үлгермеген іркінді жауын суы жылтырайды.

Ауыл сыртынан қыз бен жігіттің күмістей сыңғырап әлденені айтысып тұншыға күліскен үнін естіген Елісхан ат үстінде келе жатып жымыып қойды. Түн жұпарын рахаттана сіміріп, ат тұяғынан ұшқан болмашы сумен бірге быт-шыт болып сынған жұлдыз сәулесінің ұшқындай шашырағанына қызыға қарап келе жатып, ауыл құшағында қалған бозбала кезін сағынышпен еске алды.

* * *

– Жау, жау! – жұрт тәтті түсінен шошып оянғандай болды. Тұс-тұсқа орналастырылған қарауылдар қоңыраулы ат мінген қалың таңғыт әскерінің қаптап келе жатқанын хабарлады. Бұл кезде ел Көкөзен бойынан қозғалып Қаңри қалашығын басып өтіп, Үндістан шекарасына жақын Рудок елді мекеніне ілінген еді.

Жаудың шолғыншылар тобын алдын-ала сезіп қалған Қожақын жанына Шәмши, Беги бастаған жігіттерді ертіп он екі таңғытты бір жолда жайратып тастапты. Бір қызығы, әлгі өлген он екінің бірі бастығы болса керек, саусағында сүйектен жасалған мөр бар екен. Оны Шәмши сыпырып алды.

Жаудың құралы мен атын олжалаған бұлар биік бір шоқының басында дүрбі тартып тұрған Елісханның қасына келді.

Соғысқа еті үйреніп өздерін белгілі тәртіпке бағындыра бастаған қазақ қолы түгел жиналды. Бұл Елісханнан бұйрық күтіп тұрғандарының белгісі еді. Сарбаздарының аты мен қаруларын жағалата бір көріп шыққан Елісхан:

– Біз Үндістан шекарасына бір көш жер ғана қалдық. Жау артымыздан орап өтіп алдымызды қоршауға алыпты. Мұздай қаруланған бес жүзге жуық әскер екен. Ал біздің адамдар екі жүздің үстінде ғана. Демек, біздің бір адам жаудың екі иә үш адамын құртуы керек деген сөз. Бұл жаудың бізді құртпақшы болып келген ең соңғы тобы болуы мүмкін. Бұлардан жеңілсек бізге шекарадан өту жоқ. Шекарадан өткенді қойып қынадай қырылып, торғайдай тозамыз. Тарпымызды құртып жібереді. Бұларды қырып салсақ немесе қуып жіберсек онда жолымыз ашылады. Сондықтан да бұл шайқас өліспей-беріспейтін соңғы күресіміз болғалы тұр, – деп ауыздығымен атының басын тежеп жігіттерінің жүзіне сынмен қарады.

– Астымызға ат түсіп, ішегімізге май жүгіре бастады ғой. Қару-жарағымыз да түгенделді. Енді неден қорқамыз!

– Бұдан бұрын қатын-баланы қорғау қамымен қаша соғысып келдік. Бұл жолы әкелерін бір танытып қояйық. Қазақтың қандай екенін біліп өмірі естерінен кетпей жүретін болсын.

– Біз шекара асып кетсек таңғыт бауырларымыз сағынып қалып жүрмесін. Естен шықпас естелік үшін мырыштан шашу шашайық.

Елісхан жігіттерінің айбатына дән риза болып:

– Бірлік болса бізді ешқашан жау ала алмайды. Өткен-кеткен еселеріңді қайыратын ең соңғы мүмкіндік туып отыр. Орайдан айырылып өкініп қалмаңдар, – деді. Сосын сөзін ары қарай жалғап:

– Біз төрт топқа бөлінеміз. Біріміз жаудың алдынан, біріміз артынан, біріміз оң, біріміз сол бүйірден тиісеміз. Қазір кеш болып келеді. Қалжырап келе жатқан әскерлер қазір соғысқа шықпайды. Таң ата соғысамыз деп ойлайды. Біз таңның қараңғысы сырылып үлгермей-ақ олардан бұрын қозғаламыз. Қожақын елу адаммен оң бүйірден, Қасен мен Беги елу адаммен сол бүйірден тиісетін болсын. Мен өзім бастаған жігіттермен жаудың қасқа маңдайынан ұрамын. Шәмши бастаған топ жаудың артындағы ат, азық-түлік қорын тартып алсын. Қорды көзден таса жерге жасырсын, жаудың қорды қайта тартып алмауы үшін, ондағылар екіге бөлініп, бірің қорғап, бірің түн қараңғылығында әбден орнығып тұрғы-тұрғыны иелеп алыңдар. Бірінші оқты мен атамын. Бірінші тобымыз оқ атқан соң жаудың негізгі күші бізге қарай лап қояды. Сол кезде қалғандарың қамданыңдар, – деген орналастыру жасады. Ахметқали молданы алдыға шақырып барлығына топтық жаназа оқытты.

Таң атар-атпаста қарсы алдарынан көрінген қазақ қолын көрген таңғыт армиясы жөңкілген селдей ағыла жөнелді. Жер-дүниені будақ-будақ шаң басты. Елісхан бастаған қазақ мергендерінің алдарынан қадап атқан оғынан жаудың бір тобы қырқылып түсті. Жау шоғырлана аттанғанды тоқтатып, оң-солына шеп жайып шабуылдай бастап еді, екі бүйіріндегі жігіттер оқ төкті.

Соның арасынша арт жақтарынан атқылаған оқтар ес-ақылын алды. Ыққан қойдай иіріліп, біресе олай, біресе бұлай шалқи жапырылады. Қалай беттесе де қарсы алдарынан оқ жауып жатыр. Ажал үніндей ысқырған оқтар таңғыттар тобын қызыл қанға бояды. Ойбайлаған, өкірген, ыңырсыған үндер көбейіп жаудың өлігі тау-тау болып үйілді. Талайдан бері шер мен дерттен ішқұста болып, құлашын еркін сермей алмай қапылыста қан жұтып келген қазақтардың мейманасы тасып, көкіректеріне жиналған ащы запырандары тарап қарауылға алғандарын қалт жібермеді.

Жүзден астам жау шерігі қолды болып, құрал тапсырып бағынды. Қазақтар жағынан Түрікпен, Камал секілді бірнеше жігіт оққа ұшқан екен. Көздеріне қан толған қалың атты жасақ қолға түскендерді «қырып тастайық» деп тебітіп еді, Елісхан қосылмады.

– Біз біреудің қанын төгу үшін күресіп жүргеміз жоқ. Қорғану үшін, өзімізді оққа ұстағандардың тұмсығына қан қатыру үшін шайқастық. Шын мәнінде, әскердің бәрі жау емес. Үкіметтің әмірін орындап, қожаларының бұйрығын атқарушы ғана. Бұлар да біз сияқты бейуаз халықтың ұлдары. Көліктер мен қару-жарағын жинап алып, жаяу қуып жіберіндер, соғыста жеңіліп қашып келген әскерді басшылары да оңдырмас. Жазасын солардан алсын, – деді. Әрі тұтқындардың алдына өзі барып:

– Сендер екіншілей бізбен соғыспаймыз деп ант етіндер. Егерде қару көтеріп келіп тағы да оқ ататын болсаңдар, онда ана жусап жатқан өліктердің қатарына қосыласыңдар. Басшыларыңа айта барыңдар, біз ешқашан бейуаз халыққа соқтықпаймыз. Ал өзімізге тиіскендерді оңдырмаймыз, – деді.

Ол мұны кедір-бұдыр болса да таңғытша сөйлеп жеткізді. Тұрғандар Елісханның азғана уақыт ішінде таңғытшаны едәуір үйреніп алғанына қайран қалысты. «Баяғыдағы Дөңбастаудағы жауды алғанда да тұтқындарды дәл осылай қоя бергенбіз, солардан не жақсылық көрдік, жауды аяған жаралы болады» деп күбірледі біреу.

Бейшара халге түскен таңғыт әскерлері болса өздерінің тірі қалғанына қуанып, тоңқаң-тоңқаң етіп бас иісіп, рахметтерін солайша білдіріп жатты.

Осы реткі жеңістен кейін өздерін ерекше батыр санаған бірнеше жігіт мал бағып отырған таңғыт ауылдарын шауып алыпты. Мұны естіген Елісхан қатты ызаланды. Әлгілерді шақырып алып:

– Біз жауымызды осы рет қана ойсырата жеңген шығармыз. Бұдан бұрын бізді, қатын-баланы қырып кеткен жау әскерін қаншама қарғаушы едік. Жазықсыздардың қанын ішті деп назаланушы едік қой. Үлкен мақсатымыз – Үндістан жеріне аман-есен өтіп кету. Ал күнделікті құлқын үшін, бір күнгі тоқтық үшін қарақшылық істегенімізді қалай кешіруге болады!? – деп ақырды.

Бірде тасбике, базарқұл ауылдарында, енді бірде шақабай ауылдарында жүретін Ағзам деген болушы еді. Кейбіреулер «молда Ағзам» деп атайтын. Сөз салып жүрген қызын тасбике жігіттерінің бірі қайырып кетсе керек, осы ауылдың кісілерін өлердей жек көретін. Таңғыттарды шапқан жігіттердің бірі шақабай руынан екен. Сол күні-ақ, шақабайларға шауып барған Ағзам:

– Құдай сақтасын, Елісхан мен Құсманның ноғаласы әбден өсіп алыпты. Осы реткі жаудың бәрін жалғыз өздері жайпағандай елді бидайша қуырып жатыр. Елісханның бір шақабайды дүрелетіп жатқанын өз көзіммен көрдім, – деп жыпылықтайды.

– Оның не жазығы бар екен?

– Таңғыттарды шауып, олжаға таласты дей ме, әйтеуір түкке тұрмайтын бірдеме.

Қызу қанды шақабай жігіттерінің бірі шаңқ ете түсті.

– Таңғытты шапса не болыпты. Ол Елісханның әкесі ме екен. Мықты болса таңғыт түгілі әкесін шапқан қытайлардан есесін алмас па еді. Өзінше жәнтекейді жалғыз өзі билемекші екен ғой. Шақабай балалары оған көне қоймас. Тасбикенің еркелігін ел көтерсе де біз көтере алмаймыз.

Екі арадағы отты одан әрмен үрлеген Ағзам тұтанғалы тұрған өртті тіпті де қоздатып жіберді.

– Әй, сол тасбикең тым мықты. Шақабайларды бойына теңгеретін түрі жоқ. Оның үстіне ана әр бұтаның түбінебір саритын сары ала төбет сияқты Құсман деген неме базарқұлдардың басымын деп олардың қолтығына су бүркіп отыр. Екеуі біріккенде біздің сәлемімізді де алмайды.

Өзінің қыбы қанып жымың-жымың етеді. Осы кезде сөзге Қошуыт араласты:

– Сенің сөзіңнің шын-өтірігін білу оп-оңай. Айтқаның рас болса дәл қазір-ақ бірнеше жігіт таңғыт ауылдарын шауып, малын бұлап келіндер. Сосын Елісхан дүрелесе мені дүрелесін, әуселесін көрейін! – деп дауыс көтере кіжінді.

Ағзамның артық-ауыс айта беретінін білетін Әмірсана жұртты сабырға шақырмақ болып еді, сойыл-шоқпарға дайын тұратын бірнеше шақабай жігіті атқа мініп үлгерді. Сәдуақас, Мақай бастаған бір тобы таңғыттарды бетке алып: «шақабай, шақабай!» – деп шаба жөнелді.

Шақабайларды атқа қондырып үлгерген Ағзам енді тасбикелер мен базарқұлдардың арасына келіп:

– Ана шақабайлар құтырайын деген бе. Тасбике мен базарқұлды шабамыз деп өрлі-қырлы шапқылап жүр. Қарыстан сүйем жақын деп, базарқұлдығым ұстап шауып келген бетім осы, – деді беті бүлк етпей.

Екі ауылдың арасында тұтанғалы тұрған өрт Қожақынның құлағына тигенде түршігіп кетті.

Атына мініп Сәдуақас, Мақай бастаған жігіттерді қуып жетті.

Атқа мінген біреудің өз жігіттерінің алдынан орай шапқанын алыстан көрген Қошуыт бастаған бір топ «келсең кел»-мен дүркірей жетті. Таяғанда барып Қожақын екенін танып, тізгіндерін ірікті.

– Тоқтат, керей! Тоқтат! Не сұмдық бұл, жаныңды қайда қоярыңды білмей жүрсең қайратыңды жауға көрсет. Жау келе жатыр, – деп айғайлады. Шақабайлар жағы қайраңдап қайырылып тұрғанда қарсыдағы төбенің басына бір топ тасбике мен базарқұл жігіттері шауып шыға келді. Оны көрген Мақай мылтығын солай оқтап, шақпағын шарт-шұрт қайырып еді, Әмірсана екі

бүктеп ұстаған қамшысымен оны бүйірден нұқып қалды. Әмірсананың бетіне ажырая қараған анау мылтығын түсіре қойды.

Өздері тұрған төбеге жаулықпен емес, мамыражай әңгімемен аяндап келе жатқан топтың алдындағы Қожақынды көргенде тасбике, базарқұл жігіттері басыла берді. Елісхан «кіші аға» деген соң, осы ауылдағылар түгел солай атайтын.

– Кіші ағам келе жатыр. Албаты даурығып кіші ағаның ашуын келтірмендер, – деп бірін-бірі сабырға шақырып жатыр.

Осы кезде төбенің екінші жағынан Елісхан, Құсмандар көтерілді. Бәрі биікке бірдей шығысып, атынан түсіп құшақтаса көрісіп жатты.

– Әй, Қошуыт, – деп күлді Елісхан, – батыр аңғал деген рас екен-ау. Өйтпесең Жарқынбай батырдың ұрқы боласың ба?!

Қошуыт төменшіктей тіл қатты:

– Молдамын деп жүрген соң аузында иманы бар адам өтірік айтпайды ғой деп ойлап едім. Қожақын ағамыз тоқтатпағанда алдарыңда қара бет болғандай екенбіз.

Бұлар төбе үстіне ұйлығысып, шүйіркелесе бастаған кезде ауылдан шыққан жалғыз көк атты осылай беттеді. Жақындай келе бұларға қарап-қарап алып, артына қарай жалт бұрылып кері шаба жөнелді.

– Әке-ау, мынасы кім, жынданған біреу ме? – десті тұрғандар.

– Ол жынды емес. Бізді жындандырғалы жүрген Ағзам ғой, – деді Қожақын. Жұрт ду күлді.

Елісхан қолына бүктей ұстаған қамшысымен батыстағы қарлы кезенді нұсқап:

– Бір белді ассақ, арғы жағы – Үндістан. Чиңхайдан таңғыттарға көшерде Сабырбай ақсақалға: «мен руды ұмыттым, қазақ қана болып қалғым келеді» деп едім. Сол сөзімді тағы қайталаймын. Біз осы қарлы кезеңнен өткеннен кейін қазақ қана болып өмір сүре алсақ – жеңіске жеткеніміз. Керей-найман, жәдік-жәнтекей, тасбике-шақабай дегенді осы қырдан ары асырмайық. Ең жақсысы, бәріміз қазақ қана болып қалайықшы, ағайындар. Маған ілесемін дегендер атын жабдап, атанын қомдасын. Тағы да қозғаламыз, – деді.

Қарлы шоқыдан асып бара жатқан қып-қызыл күннің соңғы сәулесіне жүзін жудырған осы үркердей топ өздерінің болашақ тағдырын көргісі келетіндей шаңыттанған аспанның бозамық жиегіне сүзіле қарап тұрды.

Аттарынан түсіп, ақшам намазына жығылды.

– Аллаһу акбар, Аллаһу акбар...

Ел көш қамына дайындалып жатқанда шолғыншылар бірнеше таңғыт жігіттердің осы ауылға қарай үдере тартып келе жатқанын хабарлады. Жау десе жауға, жолаушы десе жолаушыға ұқсамайтын бейсауат топ ауыл шетіне ілінгенде оның бірінің тибетше киінген Қаудан деген жігіт екенін таныды. Аман-сәлемнен кейін:

– Сені таңғыт екен деп атып тастай жаздадық. Таңғыттармен құда болғаннан саумысың, мыналарың кім? – деді жанындағы таңғыттарды иегімен нұсқап.

– Мені Елісхан ағаға ертіп апарсандар бәрін айтып беремін, – деді Қаудан. Жұрт Қауданның мына суыт жүрісіне әрі таңданып, әрі әңгімесін тыңдағысы келіп Елісханға ертіп келді. Жігіт әңгімесін ұзақтан бастады.

– Қажырадағы қанды қырғыннан кейін қалың жігіт дүңгендерді қуып бара жатыр екен дегенді естіген соң сол топқа мен де қосылдым.

Жігіттің сөзін бөлген Шәмши:

– Менің інім Шаймарданды көрген жоқсың ба? – деді.

Ағасы Шәмши сіз боласыз ғой, – деді Қаудан оған тесіліп.

– Иә, иә, ағасы менмін.

– Сол Шаймардан екеуміз бірге бардық. Ол өзінің осы жақта қай жерден қалай қашып шыққандарының бәрін айтып берген.

– Ой, қарғам-ай, тірі екен ғой, – деп Шәмши көзіне жас алды. Қаудан үндемеді. Топ ішінен біреу:

– Ау, Шәмши, сөзді бөле бердің ғой. Артынан үйіңе қонақ қылып сонда сұрарсың, айта бер, айта бер! – деп дауысын көтере сөйледі.

– Жігіттердің жарымынан көбі жаяу еді. Аты жоқ бірнеше жігіт түйеге мініп алған. Ұбап-шұбап келеміз. Тау алқымынан шығып алдымыздағы жалпақ жазықайға шыға келгенімізде алыстан елбеңдеген бір нәрсе көрінді. Жау ма, ел ме деп аң-таң болып бұғып жаттық. Жақындағанда байқадым, қосар атпен келе жатқан әйел адам екен. Жайдақ мініп келеді. Бурахан бірден таныды:

– Мынау Алмахан ғой, – деп тұра жүгірді. Қарындасы екен. Бастабында шошып қалған Алмахан да бізді танып, бірін-бірі құшақтап жылап жатыр. Алмахан Шайза деген жігіттің айттырып қойған қалыңдығы еді. Өзі де өжет қыз екен, бізден қорғана ма деп едік, өйтпеді. Шайзаны да құшақтап көз жасы көл болды.

Бәріміздің көңіліміз босап, іштей толқып тұрсақ та жігіттердің бірі:

– Шайза қалыңдығын тауып алды. Енді қайтып кететін шығар, – деп қалжыңдады. Қалжың-шыны аралас бұл сөзге Шайза шамырқана қалса керек:

– Бір адам аман келгенмен жау қолында қанша адам кетіп барады. Солардың кегі үшін кері қайтпаймын, – деп бірден жауап қатты. Алмаханның шаштары бобырап, өңі өте жүдеңкі тартқан екен. Қолымыздағы бар азықты аузына төседік. Ес кіріп, жан шақырды-ау дегенде оның әңгімесіне құлақ түрдік.

– Бұл жалғанда дүңгеннен рақым күтпеңіздер, – деп бастады сөзін Алмахан, – ауылды қырып жас бала, қыз-келіншекті олжалап көрсетпеген қорлығы жоқ. Жол бойында жүре алмай қалған талай баланы найзаның ұшына шаншып өлтіре салғанын өз көзіммен көрдім. Дүңген түгілі қазақтың асыл азаматтарына бұрымын ұстатпайтын талай аруды сүйрелеп, ойына келгенін істеді. Намысқа шыдамаған талай қыз өзін-өзі өлтірді. Өлі мен тірінің арасындағы бірнеше келіншек жынданып кетті. Дүңгеннің зұлымдығын көрген Биби жеңгем екеуміз: «бүйтіп дүңгеннің мазағына көніп, күңі болғанша далада қаңғырып өлгеніміз артық» деп оңашада мұң шағыстық. Елден тонап алған ет, құрт, май, ірімшік дегендей көп азықты алып жүруге, әскер азығын дайындауға өзімізді жауапты етіп қойды. Шырқырай жылаған аш сәбилер үшін

болса да бұл жұмыстан бас тартпадық. Бұл бізге өте жақсы орай болды да, ұрлап-жырлап қойны-қонышымызды азыққа толтырдық. Жолға ыңғайлы темір тостаған шай-тұзға дейін дайындап алдық.

Бір күні бізді қамаған шатырдың іргесінен суырылып шығып, Бибиді қолынан тарттым. Ай-күні жақындап аузы-мұрнынан шығып отыр еді. Мен өткен тесіктен сыймай екеуміз арпалысып жатқанда күзетшілер ұстап алды. Шашымыздан сүйрелеп, тепкілей жөнелді. Мен жеңгемнің үстіне қарай жығылып оны қорғаштай бердім. Әскердің темір нәлілі етігі ішіне тиді ме, білмеймін. Жеңгем ыңырсып барып талып қалды. Мені басқа қосқа қарай сүйрей жөнелді. Сол күйі бір-бірімізді көре алмадық. Аңду күшейіп, қашып шығу мұң болды. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылып жүріп күзетшіні аңдумен болдым. Ақыры бір күні таң қараңғысында күзетшінің қалғып кеткен орайын пайдаланып, қалың адам қамаған қостың іргесінен сытылып шықтым. Менің бағыма қарай, даланы қою тұман тұмшалап, аспанды бұлт бүркеп алыпты. Жақын жерде бүрі түбін жауып тұрған нар жыңғыл бар екен. Соған кіріп кеттім. Неше жылғы жыңғыл бүрі көңге айналып қалыпты. Соны қазып бойымды жасырдым. Таң ата дүңгендер мені іздеп лаңғада болды. Үндерін естіп жатырмын. Бастықтары айқайлап: «жерге кірсе шашынан, аспанға шықса аяғынан тартып тауып келіңдер, әкелген күйінде мына тұтқындардың көзінше атып тастаңдар, басқаларға сабақ болады!» деп әскерлеріне әмір беріп жатты. Олай-бұлай шапқылап мені таба алмай дал болған әскерлер орнынан қозғала берді.

Күн бата орнымнан қозғалып, тың-тыңдадым. Жол азығымды жеп әлденіп алдым да, келген ізімізбен кері қарай жүре бердім. Түн бойы тоқтамай жүріп таң ата бекініп жатамын. Ертесі кеште жолға шыға бере қарандаған бір нәрсе көрінді. Қарасам шөгіп жатқан түйе екен. Жетіп барып ұстап алдым, тәлейіме жарай, жуас екен. Жалбыраған жабағы жүндерінен шамамша жұлып алып, жіп естім де бұйдалап алдым. Астыма түйе түскен соң аттай желдім. Таң ата үлкен сарғалға ілініп, жан-жағыма қарасам, бірнеше жылқы көрінді. Бірі көк, бірі құла екі ат екен. Көк атты ұстап алып ем, анау да бұған қара тартып жақын келді. Оны да ұстап алдым. Түйені сонда қалдырып, енді екі атпен тауға қарай тура тарттым. Жолда жау айдаған малдан аяғы сынып қалып қойған бір қой кезігіп соны сойып азық еттім.

Сөйтіп, зар желіспен келе жатып сіздерді көрдім. Бастапқыда жау екен деп шошып қалып едім, жақындағанда танып қуанып кеттім.

Алмаханның әңгімесі жігіттердің кегін одан ары қозғады. Біреу әйелін, біреу баласын, біреу әпеке-қарындасын сұрап тұс-тұстан шуласып жатыр.

Бірнеше жігіт Алмаханды биік бір кезеңге шығарып, аман қалған ауылдардың түтінін көрсетіп, жолға салып жіберді. Біз жылжи бердік.

Өлдім-талдым деген де жаудың қарасы да көрінді. Азығымыз таусылып, әл дәрменіміз құрып зорға келе жатқанбыз. «Бүгін түн болды, тынығып алып ертесі ертемен қимылдайық» деп келістік.

Қара басқанда бәріміз де бырдай болып қатып қалсақ керек, жол бастап келе жатқан моңғол түн ішінде қашып кетіпті. Бармағымызды тістегенмен

амал жоқ, таң ата қайта қозғалдық. Алдыдағы ойпатты жазықтың шетіндегі топ жыңғылдың арасынан қараң-құраң мал көрінді. «Иә, сәт, Құдай берейін деді» деп жетіп барсақ, арықтап жүрмей қалған бір топ ірі қара екен. Моңғолдан тіл алған жау бізден бұрын қимылдап шырға ретінде көрнеуге шығарып қойыпты. Сөйтіп, қапылыста қақпан бастық.

Сайдың тасындай мерген жігіттер құм-құмның бауырын, бұта-бүргеннің түбіне жүгіріп жаудың алдыңғы бірнешеуін ұшырып түсірді. Бір топ жыңғылды паналап алғаш оқ шығарған Бураханның атқаны да жерге түспей талайын жамсатты. Біз жақтан алдымен оққа ұшқан Еренғайып деген жігіт болды.

Таң атқаннан түс ауғанша атысып, қанымыз кеуіп, тіліміз таңдайымызға жабысып қалды. Шайза ойпаңның шұңқыр жерін қазып су шығармақ болып еді, онысынан ештеңе шықпай ол да ұшып түсті. Жауды қадап атып ілгері бастырмай отырған Кәрен, Тәкен, Дәуіт ерлерді де оқ жұлып кетті. Бурахан бастаған бір топ мерген әлі де жаудың бетін қайтарып отырды. Азын-аулақ азық-түлік артып бірнеше жігіт мінгесіп алған бір түйеміз бар болатын, оның асық жілігін оқ үзіп кетіп, сол жерде шөгіп қалды.

Бара-бара жаудың қоршауы тарыла түсіп, оқ жаңбырша жауды. Әлгінде ғана қатарымда отырған бес-алты жігіт те қырқылып түсті. Біздің жігіттердің төбесі сирек көрінеді. Әр жерде жауды қадап атқан көк түтіндер бұрқ-бұрқ етеді. Жау жағы бізге өте таяу келсе керек. Енді жиі-жиі гранат лақтыра бастады. Бірнеше мергендер жатқан төбенің біріне қатарынан лақтырылған үш-төртеуі әлгі жердің шаңын аспанға көтеріп шұқанақ орғып ойып кетіпті. Әр жерде шашылған қан, әлі жаны шығып үлгермей тыржың-тыржың етіп жатқан дене мүшелері көрінеді. Бастапқыдай емес, бойым үйреніп қалғандай болып жаныма ысылдай келіп түскен гранаттың бірін қағып алып өздеріне қарай лақтырып жібердім. Бізді басып қалуға таяп қалған алдыңғы бір шоғыры жапырылып қалды.

Жау гранаты ойған бір шұңқырдан бір шұңқырға секіріп, оқ төгіп жүрмін. Анда-санда мен секілді бірнеше жігіттің тірі жүргенін көріп бойыма қуат жиғандай боламын. Кейде өзіміздің жігіттердің өлігіне сүрініп жығылып қала жаздаймын. Кейбірінің аяғы, кейбірінің қолы жоқ. Енді біреуінің қасқа маңдайынан тиген оқ миын шашып жіберіпті. Қанға толған көзі аспанға тесіліп, мылтығын сығымдай ұстап қатып қалған талайын көрдім.

Лақтырылған гранатының гүрсілдеген үні жиілеп, біздің жігіттердің мылтық үні сиреп кетті. Күннің көзін жапқан қою шаң айналаны түнекке айналдырып, уақыттың қай кез болғанын да байқамаппын. Айнала қараңғылана бастағанда барып ымырт үйіріліп келе жатқанын сездім.

Осы кезде жау гранатының үні де толастай қалды. Қара түтек шаңның арасынан түйдектеле шауып келе жатқан қалың атты адам көрінді. Қылыштарын жалаңдатып қап-қара бұлттай түйіліп келеді.

Дәл осы сәтте өне-бойы қан-қан болған Шаймардан келді қасыма. Оқ қай жерінен тигенін аңғара алмадым. Өн бойында сау-тамтық жоқ. Тәлтіректей басып жығылғалы тұрса да келе жатқан жау тобына тістене қарап, кеудесін

керіп тұр: «тірі қалсаң, жалғыз ағам бар еді, менен сәлем айт. Мылтығымның таңдайында жалғыз тал ғана оқ қалды. Қолға тірі түссем керек қой деп едім. Енді керегі жоқ. Мен мына сұмдардың бірін ала кетейін» деп тістене қырылдады. Бізді тапап өте шығуға таяп қалған ең алдыңғы әскер шаңқ еткен мылтық үнімен бірге ұшып түсті. Жымисты езуінен көпірши қан аққан Шаймардан теңселе жығылып бара жатты.

Оғы таусылған мылтығымның құндағымен алғашқы жетіп келген әскерді тізесінен ұрып ұшырғанымды ғана білемін. Көз отым жарық етіп, айналам қап-қараңғы түнекке ауысып, бүкіл дүние сөніп барады. Мылқау қараңғылықтың құшағында бағдарсыз ұшып бара жатқандай ғана күй кештім.

Әңгімені бар зейінімен тыңдаған Шәмшидің қос жанарынан домалаған жас омырауын жуып егіліп отыр. Шәмши ғана емес, бәрі де үнсіз, мұңлы күймен көкіректерін қарыс айыра күрсінеді.

– Қайран, арыстарым-ай!

– Қайран, азаматтарым-ай, қыршынынан қиылған екен ғой!

Қаудан әңгімесін жалғай берді:

– Есімді жиып, көзімді ашайын десем ашылмайды. Денемді қозғасам жан бар сияқты. Сол қолым бар ма, жоқ па білмеймін. Әйтеу жансыз. Оң қолым қозғауға әзер келіп көзімді тырмалаған болдым. Басым қап-қара сауыс қан. Үстіңгі самайымнан ұрылған қылыш бас терімді жалбыратып құлағымның жартысын қиып түсіріпті. Сол жақ білегімнің қарымында алақандай ет салақтап жүр, денемді зорға қозғап аунап түстім. Шаймарданмен қатарласа жығылыппын. Жау басымнан екі рет шауып, балтырымнан да найза салған сияқты. Аяқтарымды қозғап едім, бір балтырым сіресіп қатып қалыпты.

Бала күнімде шешем тұзды суға көп түсірді ме білмеймін. Қол-аяғымды қурай тіліп кетсе де тез жазылушы еді. Сүйретіліп отырып дөңестеу бір жерге шықтым. Айналам шұрқ-шұрқ тесік, айқасқан өлік. Кеше ғана сауық-сайран құрып жүрген сайдың тасындай азаматтар қанға батып әр жерде жатыр. Ұзақ жатып бұл маңда жаудың жоқ екенін біліп бір топ жыңғылға жеттім де, бар күшімді салып бір ашасын сындырып алдым. Соған таянып орнымнан сенделектей тұрдым. Аяғым басуға келетін емес, жығылып түстім. Жейдемді жыртып, балтырымды, білегімді таңып алып сүйекке қарысып қайта тұрдым. Тәлтіректей тұрып, аяғымды сүйрете басып өліктерді араладым. Тірі біреу-міреу кезігіп қала ма дегендей дәмемен көрім-ақ қарасам да ешқандай тірлік бейнесі байқалмайды. Өліктерді санасам, түп-тура отыз жеті екен. Мұнда келгенде елу неше жігіт едік. Бурахан, Қатыран, Хамит, Еңсеген, Мәлік сияқты он неше жігіттің мүрдесі көрінбейді. Басқа жерге апарып өлтіргенін немесе құтылып кеткенін білу қиын.

Өлген жігіттерді ақтарып жүріп біреуінің жанынан пышақ және біреуінен беліне байлаған темір тостаған тауып алдым. Өзім сүйретіліп әзер жылжып жүрмін. Оларды жерлеуге дәрменім келетін емес.

Анадайда қарқылдап жүрген бір топ қарғаны көріп, не де болса сол маңда бірдеме бар шығар деп солай жылжыдым. Аралығымыз біз шақырым жетпейтін жер болса да қикаландап жүріп ет асым уақытта әзер жеттім. Менің

бақытыма қарай, оқ тиген жылқының бірі қансырап келіп осында жығылған екен. Іші кеуіп атыларманға жетіпті. Пышағымды суырып алдым да әуелі ішіндегі желін шығардым. Қандай арық мал болса да жүрегінде түймедей май болады дегенді талай естігенмін. Аттың төсін жарып, жүрегін суырып алдым. Жүрек құлақшасын жауып тұрған жұқа майларды сылып алып жұтып жіберіп едім, көзім шырадай жана бастады. Қанға толған жүректің ұшынан кесіп алып жәнебірнеше асап жібердім. Бұл жолы тұтқырланып кеңірдегімнен әзер өтті. Таңдайымның кеуіп қалғанын сонда біліп айналама қарадым. Алдыңғы күні осылай келе жатқанда кішкене сортаң көлге құйып жатқан бұлақтың бойына азырақ дамылдап едік. Есіме сол түсті. Аттың жаясын ойып көтергенімше ет алдым да солай қарай жылжыдым. Ауыр нәрсе көтергендікі ме, балтырымнан шып-шып қан ағып, қайта-қайта дем ала бердім. Әйтеу қас қарая су бойына да іліндім. Бұлаққа басымды қойып жұтып жатырмын. Етке тойып, суға қанып қатты ұйықтап қалған екенмін, таң сыза бірақ ояндым. Едәуір тынығып қалыппын. Бірақ жараларым одан ары салдырап қатты ауыра бастады. Осы арадағы нар жыңғылдардың түбін паналап, төбе-төбеден қарауылдап бірнеше күн жаттым. Жараларым да қара қотырланып, аяғым да басуға толық келе бастады. Өзімнің енді өлмейтініме көзім жетіп, арттағы ауыл есіме түсті. Оған жетуге неше күншілік жол. Оның үстіне жол-жөнекей әр жерде шашырап отырған моңғол ауылдары бар. Дүңген армиясына қосылып қазақтарды мейлінше шауып, олардың да Құдайы жасап тұрған кез. Ақыры күндіз бекініп түнде жүруге бел байлады. Түнде жүрген адамның қолына азық ілндірудің мүмкіндігі аз. Жүре-жүре алған етім де тақа таусылды. Жанымда пышағым бар болған соң ол да үлкен жұбаныш екен. Жол-жөнекей малдың, аңның сүйектері кезіксе жинай жүретін болдым. Су бойына ілінген кездерде сүйекті суға матырып қоямын да түлкі, қасқыр сияқты аңдардың тісі бара бермейтін арқа-белдемелердің арасы мен жіліктерінің буындарынан сіңір болса да бірдеме тауып мүжिमін. Сүйектерді таспен шағып ара-арасындағы тіске талғажу болатын бірдемелерді пышағыммен қырнап жейтін болдым. Табылып тұрса ол да жақсы тамақ екен. Кейбір майлы жіліктерден кеуіп қалған майдың қалдығы да табылады.

Даланың бәрінде шашылып жатқан сүйек қайда. Жүрген сайын жол ұзарып күнім қиындай бастады. Судың өзі мұң болды. Су тапқан адам аштан өлмейтін сияқты. Тіске басар түк табылмағанда алабұта, жолжелкен секілді шөптің дәнін суға бөрттіріп жейтін болдым. Бірақ бұлар да кезіге бермейді екен. Тауға жақындаған сайын күн ызғарлана бастады. Киімімде сау-тамтық жоқ. Әлі толық жазыла бермеген жараларым сыздап, енді бүкіл сүйек-сүйегім сырқырады. Әзірге еш ауылдың төбесі көрінбейді. Ал моңғолдар отырады-ау деген жерлерге мүлдем жақындағым жоқ.

Түннің жұлдызын санап өскен қазақ баласы болғандығым үшін бағытымнан жаңыла қойған жоқпын. Аспанда темірқазық, ақбозат, көкбозат, жетіқаракшы, ұшарқар, үшмерген, үркер – бәрін бақылап отырамын. Соған қарап ертеңгі ауа райын да айырамын. Жердің бетінен сүзіле көшетін тұмандар көбейіп, дымқыл

ызғар білінген сайын тауға да таяп қалғанымды аңғардым. Бірақ жүрісім мандыр емес. Аштықтан бұратылғанның үстіне шөл қосылды.

Сіркірей жауған жаңбыр тамшыларының арты қарға айналатындай сүркейлі сәттер басталған сайын мынау мылқау керең дүниенің құшағында иен далада өліп қалатындай бойымды үрей биледі. Қалжырап келіп қатты ұйықтап бара жатқан әр сәтімде «ұйқымнан оята көр» деп Аллаға жалбарынумен болдым. «Неден қорықсаң қатерің сонан» дегендей, осы күндердің бірінде қатты боран соқты. Далдаланып, ықтасын ететін не тау-тастың қуысы не ағаштың далдасы жоқ, жанымды қоярға жер таппай қалшылдадым. Тісім-тісіме тимей аяқтарым мұздай сіресіп қатып қалды. Жүруге де дәрменім келетін емес. Сонда да қарысып жылжыған боламын. Өлгім келмейді. Сүрініп жығылсам қайта тұрып қарманамын. Жыңғыл ма, не ағаш екенін білмеймін әйтеуір бір бұтаның түбіне жеткенімде мүлдемге қозғала алмай қалдым. Қолымды алға қарай созып ем, ағаштың арса-арса тамыры ілінгендей болды.

Менің қолыма ілінген ағаштың тамыры емес, марқұм болған анамның маған созған саусақтары сияқты. Қолдары жарылып, түрпіленіп кетіпті. Бірақ денеме тигендей болып еді, сонша жұмсақ. Басымды тізесіне қойып ұйықтағым келіп барады.

– Ұйықтама, ұйықтама, жау келіп қалады, – дейді анам мейірлі алақанымен ақырын ғана тербетіп.

– Жоқ, анашым, қатты тоңып барамын. Құшағына кіріп жылынып алайыншы, – деймін мен. Оның қарсылығына қарамай ұйықтағым келіп барады.

– Құлыным, құлыным, ұйықтама, тұр деймін. Тұр, тұр, тұр! – анам қатты жүлқыды. Бірақ көзімді аша алатын емеспін.

Анам ерніме су тамызғандай болды.

– Есін жиды, тірі екен, – деген күбірлер келді құлағыма. Көзімді зорлана аштым. Өңдері қазаққа ұқсамайтын бейтаныс бір ер, бір әйел қос ішінде маған тесіліп отыр. Шошып кеттім. Моңғол сияқты. Өлтіргелі отыр екен деп ойлады. Еркек қазақ тілінде мүдірсіз сөйлеп отыр.

– Қорықпа, біз саған тиіспейміз.

Кім болса ол болсын, әйтеуір тірі екеніме қуандым. Олар ұсынған суды жұтып алып, басымды көтердім. Екі шекем солқылдап, көзім қарауытып кетті. Олар мені сүйеп, қайта жатқызып қойды.

– Мен қайда жатырмын. Сіздер кімсіздер? – деп қырылдадым.

Жігіті егделеу, әйелі жастау көрінеді. Әйелі үндемейді, еркек:

– Мен моңғолмын, моңғол болғанда да жай моңғол емеспін. Алтай-Сауырды естіп пе едің. Сол Сауырдың торғауыты боламын. Қазақтармен көп араласқанмын. Қазақ-моңғол бір киіз туырлықпыз. Саған қас қылмаймыз, жақсылық істейміз. Қорықпа, – деп жымыды.

Мен үй ішіне сәп салып қарай бастадым. Басын тіккен шағын ғана қараша үй. Төр алдында қодас терісінің үстінде мұрны пысылдап екі-үш жастағы кішкене бала ұйықтап жатыр. Керегенің басында мылтық ілулі тұр.

Ортада қазан тұрғандай болып еді, сәп салмаппын, сарқылдап қайнай келе сүрі еттің иісі бұрқырады. Моңғол жігіт басымды көтеріп сүйеп отырғызды. Алдыма бір кесе шаймен талқан мен майды араластырып жасаған сықпа шүйрітпектер қойды. Әлденіп, бойыма қуат кіре бастады. Енді жатырқағаным жоқ.

– Біз моңғолдың бәрін жау көреміз. Мені неге құтқардыңдар? – дедім таңданысымды жасыра алмай.

– Мен Қобықсары деген жерде туғанмын. Атым – Доржы. 1938 жылдан бастап Шың Шысай үкіметі ел ішінен құрал жинап, адам ұстай бастады. Ең алдымен Мөңкебұрын, Айырзан, Сера секілді кісілер тұтқындалды. Іле-шала Шалуан Кеген, Гүншін Лама, Өлзаты, Дұғыра, Батынасын мыңбектер мен Ошыр қатарлы адамдарды тұтқындап, бәрін іркес-тіркес Дихуаға әкетті. Көбінің өлгендігі туралы суық хабар жетіп жатқанда Алтайдан төрт машинамен жолға шыққан жаралы жетпіс неше адам Қобықсарыға келіп қонып қайтты. Ішінде ауыр жараланған екі әскери ақылшысы бар. Сөйтсек бұлардың бәрі Өр Алтайдағы Есімхан, Оспан бастаған соғыста жаралы болғандар екен. Бұл оқиғаларды естіп-білгеннен кейін, біздің ішімізде де дүрлігіс пайда болды. Дәл сол кезде Гоминдаң үкіметі Қобықсары жеріндегі моңғолдардан әскер жинай бастады. Ежелден Қобықсары, Сауырды қатар мекендеп бірінің сырын бірі білетін қазақ-моңғолдар бұл әскердің Оспанға қарсы күреске дайындалып жатқанын білді. Сөйтіп, Зұңғырып деген батыр ел ішіне әскерге бала бермеу туралы сәлем айтты. Әскерге мен де шақырылған едім. Әке-шешем баруыма қарсы болды. Енді не істерімді білмей тұрғанда «ұрлық істеді» деген айыппен нағашы ағам Батмөңкені қолға алатын болды. Ақыры нағашым мені ертіп бір түнде-ақ елден қашып шықтық.

Ылғи да түнделетіп жүріп Сауырдың жотасымен шығыстағы Делуін тауын басып, Бұлғын өңіріне өтіп, Қобдаға іліндік.

Біз барған кезде олардың жағдайы да мәз емес екен. Моңғол жерінде де күнде тұтқындау жүріп жатыпты. Алдын атып, артын қамап дегендей ел ішін ерекше үрей жайлаған екен. Ақыры Бәйтік, Қаптықтың басын орап, Ном деген жерді басып Гансу жеріне келдік. Чиңхайдың Хаиши деген жерінде моңғолдар көп екен деп осында жеткенбіз.

Дүнгендер қазақтарға қарсы қол жинап жатыр екен дегенді естіген нағашы ағам соларға қосылды. Мен қосылмаймын дедім. Осылайша, екеуіміз араздастық, жалғыз ат пен бір құрал берді де, қайда барсаң онда бар, жаныңды бақ деп қуып жіберді. Сандалып аң аулап жүріп қазақтардың шабындысына ұшыраған Тибет ауылының үстінен түстім. Сөзі осы араға келгенде Доржы әйелін нұсқай сөйледі, – мынаның әке-шешесі сол шабындыда өліп бірнеше бауырларымен ғана қалған екен. Бұлар моңғол тілін біледі. Мен бұларды бір жерден екінші жерге көшіріп жүріп өзімен танысып қалдым. Ақыры, екеуіміз үйлендік. Бір баламыз бар.

Әңгіме арасында Доржы жымыып күлді де:

– Сені өлтірсе, осы өлтіреді. Әке-шешесін қазақтар өлтірген, – деді. Айтарға болмаса қысылып қалдым. «Не көп, қазақ көп, солардың бірі шығар» деп мінгірледім. Доржы қарқылдап тұрып күлді:

– Өзіңді батыр шығар деп құтқарып едім. Бекер-ақ құтқарған екенмін, – деді. Сосын өңін салқындатып: – Моңғолдың да жақсысы бар, жаманы бар. Қазақ та сол сияқты. Ұлты тибет дегеніңмен бұлар да солай. Айтып-айтпай сенің қазақ екеніңді білгенде әйелімнің де өңі бұзылып кетті. Сосын жылады. Әке-шешем: «қазақтарды қырып тастадық» деп талай рет мал айдап келген. Өз обалдары өздерінде болған шығар. Бұл бейшарада не жазық бар дейсің?! – деді. Сөйтіп, біз сенің ес-түссіз жатқан жеріңнен тауып әкеліп отырмыз. Өр Алтайда Оспан, Баркөлде Елісхан деген батыр Шың Шысайға қарсы күресіпті дегенді естігенде қатты қуанып едік. Соларды бір көрсем деп армандап едім. Сол Елісханның елі көшіп бара жатыр дегенде, шіркін-ай, бір көріп қалсам деп ойладым. Бірақ Шың Шысай, Ма Буфаң секілді зұлымдар аз санды ұлттарды бір-біріне салып әбден қырқыстырып қойыпты. Қазақ десе моңғолдар жау көреді, моңғол десе қазақтар жау көреді. Қазақтарға жақындаудың еш қисыны келмеді.

Осыны айтқан Доржы менен қайда барарымды сұрады. Мен елімді іздейтіндігімді айттым. Доржы да таңғыттар жаққа кеткен балдыздарының соңынан көшкелі отырғанын айтты. Сөйтіп, сол күннен бастап мені тибеттерше киіндірді. Мылқау адам қылып ымдап қана сөйлесетін қылып көрсетті. Сарлықтарға жүк артып қазақтардың көш жолын бойлап таңғыттар мекеніне қарай жылжып отырдық. Қайда барсақ та қалың қырғынның үстінен түсеміз. Қарға-құзғын айналып жүрген қалың қазақтың жемтігін көргенде мен түгілі Доржы да көзіне жас алатын болды.

Әйтеуір өлдік-талдық дегенде Нағышүй ауданына іліндік. Онда қалып қойған қазақтар бар екен, солардан көш жағдайын ұғыса жүріп Доржының бір балдызын жол бастаушыға алып бірнеше айлық жол азабын тартып жеткен бетіміз осы, – әңгіме арасында қайта-қайта қарағыштап отырған жігітті қолынан ұстап тұрғызған Қаудан, – Доржы батырымыз, міне, осы азамат, – деп сөзін аяқтатты.

Қазақтар Қауданды жайына қалдырып, Доржыны кезек-кезек құшақтап бетінен сүйіп жатыр.

– Пенденің бәрі жау емес қой, – деп бір қария жылап отыр. Жұрт толқуы басылғанда сөзді Доржы алды:

– Өмірімдегі арманымның бірі Оспан мен Елісханды көру еді. Елісхан батырды көрдім. Көз алдымда ерекше зор денелі, қартаң адам елестеуші еді, – өзім шамалас жап-жас жігіт екен ғой, біздің жауымыз біреу, ол – Гоминдаң үкіметі, ол – Шың Шысай жендет, – деді. Осыны айтып Елісханды қайта құшақтады. Елісхан оны құшағынан босатқысы келмей бірталай тұрды. Сосын жанына отырғызып алып, айналасындағыларға қарады:

– Бәріміз де бір Адам Атаның ұрпағымыз ғой. Туылғанда бір-бірімізге жау болып тумаймыз. Бірақ ұлт, дін, шекара секілді айырмашылықтар себебінен қырқысып жатамыз. Ал бүгін, бізді жау санаған моңғол мен таңғыттың екі

азаматы Қауданды бастап бізді көруге келіп отыр екен. Алланың мұнысына да мың шүкір. Біз ешқашан бір-біріміздің жауымыз емеспіз. Бізді жауласуға итермелеген – қатыгез тағдыр. Шың Шысай, Ма Буфаң секілді қара ниет зұлымдар. Жауымыз ортақ, жүрегіміз бір. Доржы, саған және мына балдызыңа мың да мың рахмет, – осыны айтқан Елісхан қазақ салты бойынша ақсарбас қой алдырып, олардың үстіне шапан кигізіп, астына ат мінгізді.

Доржының балдызы бір дорба құрт ұсынды. Оның сөзін Доржы аударып жеткізді. «Бұл Тибет үстіртінің көк ешкісінің құрты, ауыздарыңызға салып жүрсеңіздер ыс тимейді деді» дейді.

Қаудан мен Доржы бір-бірімен құшақтасып, жылап айырылысты. Ат үстінде алыстап бара жатқан Доржы қайта-қайта артына бұрылып қалың қазақ тобына, сол топтың ортасында басқалардан иығы озып тұрған Елісханға қимастық мейірмен қарап бара жатты.

– Дүниенің ең биік жотасында бір-бірінің қанын шашып қырқысқан үш ұлт азаматтарының бірін-бірі қимай көздеріне ыстық жас алғанына куә болған тағы да сол Гималайдың биік шоқылары болды.

Бұл сөзді Ахметқали молда айтты. Осыны айтып тұрып өз тағдырын есіне алды. Орысқа қараған қазақ даласынан қашып шыққанын, мұнда келгенін үлкен оқиға сезінетін оған мына моңғол азаматының аңызға толы әңгімесі тіпті де қызық, тіпті де қиын білінді. Өздері жасай алмай жүрген бір ерлікті осы моңғол жасағандай «жолың болсын!» деп сүйіне күбірледі.

Рудок өлкесінен қозғалған көш батысты бетке алып қозғала бастады. Солтүстік жағында көз ұшында бұлдырап ұзақтан ұзақ созылған көкпеңкөк көл жатыр. Алдарында аспанмен бой таласқан қарлы кезеңдер барған сайын жақындап келеді. Бұл араның ауа райы да өте құбылмалы болады екен. Түн болса қатты суытады. Кейде қар жауады. Ал күннің шығысымен әлгі қарлар еріп, сай-сала суға толады. Ашық күндері сай-сала, жықпыл-жықпылы ерекше ыстық, бүкіл таудың тасы өртеніп жатқандай от шашады. Ағаштары сирек, көбі қылша, жыңғыл, тораңғы тектес бұта-бүргенді жер екен. Биіктеген сайын азынаған суық жел соғады. Күнген-күнгейді қуалап жүргенмен де теріскейсіз кезеңдермен асу мүмкін емес. Теріскей беттер неше жылдық қат-қабат мұз.

Сырын білмейтін адамға қатер дегеніңіз аяқастынан екен. Кейде құз бастарынан бұрқ еткен шаң көрінеді. Бұл не деп аңырып тұрғанда сол шаң таудың бүкіл беткейін көшіргендей төмен сырғып қар мен мұзды қопарып, тастарды домалатқан алып көшкін жетіп келеді. Жер сырын білетін адамдар таулардың басына қарап жол жүреді. Шаң бұрқ ете түссе қашып үлгереді. Немесе кейінірек шегініп, әлгі көшкінді өткізеді де, екіншісі жеткенше өтіп үлгереді. Көштің алдында келе жатқан бірнеше жігітті осы көшкін жұтып кетті. Өзі түгіл аты да жоқ. Түк болмағандай шаңмен қатар араласа бұрқылдап барып басылады. Тау даланың бәрінде ыс болғанмен кейбір сайларда ерекше болады. Ондайды жергілікті аңшылар ғана біледі. Ал арып-ашып, қашып-пысып келе жатқан қазақ ауылы оны біліп үлгергенше талай адамынан айырылады.

Елісхан көш бойындағыларға таңғыт азаматы берген құрт пен Рудок қалашығынан алған у сарымсақты таратып келеді. Соны ауыздарына салып ыстан сақтана алады. Бірақ күштісі жолыққанда ол да ес қатпайды екен.

Тауға қарай өрмелеген талай адам сол ыстан домалап кетті. Кейбіреуі түпсіз терең шатқалға қарай бір-ақ құлайды. Күртік қар мен сірескен көк мұз көз шағылыстырып шыдатпайды. Асулардың биік кезеңіне ілінген сайын сірескен мұздардан өту де қиынның қиыны болды.

Алдыңғы рет Тибет үстіртіне асар биікте де осындай мұзды кезендер жолығып оның көбінен сырмақ, текемет, туырлық тектес киіздер төсеп өтіп еді. Бұл жолы да сөйтті. Солай болса да, жалама құздардың қатері тіпті де қиын сияқты.

Қайысбай балуан бастаған бір топ қарулы азамат көштерді бір-бірлеп өткізіп жатыр. Кенет үлкен үйлердің бірінің шаңырағын салған ақбас атан астындағы текеметімен қоса сырғанап, биік құздың басындағы бір тасқа тіреліп қалды.

Жұрт шуласып кетті. Атан түйенің үстінде жүктің арасына таңған екі бала бар екен. Шыр-шыр етеді. Оны ұғатын атан жоқ, тайғанақтағанына қарамай аяқтарын арбаң-арбаң еткізіп тепкіленіп жатыр. Енді бір қатты қозғалса болды тіреп тұрған тастан ажырайды да, түпсіз шыңырауға бір-ақ құлайды.

Жұрт қанша шуласқанымен атанға таяуға ешкімнің батылы бармады. Осы кезде Қайысбай добалдай сіңірлі қолдарын сермей созып:

– Арқан, арқан! – деп айқайлады.

Жігіттердің бірі оның қолына шумақталған өрме арқан берді. Арқаннан шалма жасап жатып Қайысбай:

– Маған көмектесетін кім бар? – деп тағы да айқайлады. Ешкім қозғала қоймаған соң Елісхан солай беттеп еді, оның жолын Қожақын бөгеді:

– Сен бармай-ақ қой, мен барайын!

– Жоқ, мен барамын!

– Бұл салғыласатын уақыт емес, кет былай! – Қожақынның үні әмірдей қатты естілді. Қайысбайдың қасына жетіп барды. Қайысбай оның бетіне ажырая бір қарап алды да:

– Мен атанды шалмалаймын. Шалма жақсы ілінсе шомның астына көлденеңінен түседі. Жақсы ілінбейтін болса мойнынан саламын. Мен астыма туырлық төсеп атанды бері тартқанда, оның қасына барып тағы бір арқан салу керек. Сол арқанның бір ұшын атанға байлап, екінші ұшын бізге әкелетін жігіт керек.

– Міне, мен тұрмын ғой.

– Жарайсың. Менің шалмам түскен соң сол арқанды ыспалап жүресің, өте абай бол. Етікті шеш, киіз байпақпен бар.

Қайысбай лақтырған шалма межелі жеріне дәл түсті. Атанның шомымен жапсырыла байлаған керегелердің астын белбеуше орады. Онан соң табанына салған туырлықты тірек етіп, шірене тартқанда құзға құлағалы тұрған түйе бері қисайды. Қолына құланның терісінен өрілген қайыс арқан алған Қожақын түйеге жақындап барады.

Кенет атан тағы да жанталаса тепкіленді. Ұстап бара жатқан арқаны қатты сілкінгенде Қожақын ұшып кете жаздады.

Ел тағы да шу ете түсті. Бұл жолы шулағаннан көрі «Аллалап» иманын үйіргендер көп болды. Қожақын арқанның ұшын атанның белінен асыра лақтырып, шабынан іліп ала бергенде шелегің түскір түйе жарықтық тағы бір бұлқынды. Соның арасынша:

– Ойбай, енді туырлық сырғып барады! – деген қорқынышты дауыстар көтерілді.

Жұрт Қайысбай аяғын тіреген туырлықтың аз-аздап төмен сырғанағанын байқап, естері шыға үрейленді.

Егер туырлық сырғанап кетсе төрт бірдей адам құздан ұшқалы тұр.

– Пышақ, пышақ! – деп айқайлаған Елісхан атылып барып туырлықтың үстін тізерлей басып пышақ шаншыды. Қасен бастаған төрт-бес жігіт те жалма-жан пышақтарын қатты қадап, туырлықтың шетін басты.

Бұл кезде арқанды байлап үлгерген Қожақын қайта бері келе жатыр еді. Алғашқы туырлықпен қатарластыра тағы да туырлық төсеген жігіттер екі арқанды қатарынан тартты. Атан түйені тартып шығарып алған жұрттың жүрегі орнына түсті. Қайысбайдың өзіне ғана лайықталып тігілетін етігінің нәлісі мұздың бетін ойып барып тіреліп қалған екен.

– Пай-пай! Қандай керемет күш. Неткен батылдық, Қайысбай палуан болмаса түйе де, бала да жоқ еді.

– Қожақынның жүректісін айтамын. Құз басында ұшқалы тұрған түйеге арқан байлағанын көргенді қойып, ойлаудың өзі қиын.

– Егер Елісхан туырлыққа пышақ шаншып үлгермегенде бәрі де жоқ еді.

– Алла жар болды. Алла көмектесті.

Жұрт осыларды айтысып, кезеңнің бір текшесіне келіп, алды-артын түгендеп, көштерін доғарысты.

Осы кезде шолғыншыға кеткен бір топ жігіт айқайлап жетті.

– Үндістанға келдік. Үндістан шекарасына ілініппіз. Елісхан мырзаны шақырып жатыр.

Ең биік кезеңнен зорға асып, енді ғана ес жиып отырған жұрт дүрлігісе тұрды орнынан:

– Иә, Алла, сәтінді сала көр.

– О, Жаратқан, көз жасымызды көрдің бе ақыры!

– Қырыла-қырыла ақыры бұл күнге де жеткеніміз бе! «Өлмеген құл алтын аяқтан су ішеді» деген, тәубе, тәубе!

Елісхан қуанған жоқ. Ләм-мим деместен көздерінен мөп-мөлдір тамшылар бұршақтай берді. Мына елдің жарыла қуанған шаттығын көріп толқып тұр ма, әлде артта қалған ел мен жерден біржолата алыстағанына іші-бауыры езіліп тұр ма, оны ешкім де айыра алмас еді.

Бұл 1941 жылдың тамыз айы болатын.

Бесінші тарау

ЖАТ БОСАҒА

Жер шолуға жіберілген Деле зәңгі бастаған топ шекара сызығына жетсе де өздерінің жүрген жерінің Үндістан жері екенін айыра алмайды. Бірақ шолғыншыларды сырттай аңдып отырған Үндістан тарапы оларды қоршап алады. Бағыну туралы бұйрық беріп қанша айқайласа да олардың тілін білмейтіндіктен не деп жатқандарын түсінбейді. Қытай жағындағы таңғыт армиясы басып қалған екен деп атысқа қол қояды. Қоршауды бұзып шығуға жанталасқан топтан Деле, Мамыш, Мақай, Қаратай, Сұлтан, Қақаш, Мұқай секілді сегіз адам оққа ұшады. Қабдолла, Смағұл деген жігіттер жараланып қалады да, Смағұл қолға түседі. Олар Смағұлды тергеп сұрағанмен ештеңе түсіндіре алмай дығыры құриды. Ақыры өне-бойын тінтеді. Киімінің ішкі жақ төсіне тіккен тұмар тауып алады. Тұмарды ашып қараса, арабша жазылған Құран жазулары шығады. Шекара әскерлерінің көзқарасы бірден өзгеріп, оларға мүсіркей қарайды.

Сөздерін ұқтыра алмаған соң ұйғыр аудармашы әкеліп, ақ ту көтеріп бұларды қайта шақырады. Бастықтарыңды шақырып келіңдер дегенді жеткізеді.

Үндістан жағы қазақтардың әрнеге үрке қарайтын секемшіл мінезі мен жапақтай беретін жалтақшылдығына қарап бір жағы таңданып, бір жағы жандары ашып, толық сөйлесе алмай отырғанда Елісхандар да келіп жетті. Топты жігіттің ортасында маңдайы жарқырап, досына да ,қасына да қаймықпай тік қарайтын сом тұлғалы жігітке бұлар да кішілік көрсетіп құрметпен қарады.

Киім киісі мен түр-тұлғасының, қару-жарағының өзгешелігін бірден байқаған Елісхан шынымен-ақ бұлардың үндістандықтар екеніне еш шүбәланған жоқ. Елісханның келгенін көрген өз азаматтарының да арқасы кеңіп, еңсесі көтеріліп қалды.

Оның күректей алақанының тегеурінді екенін байқаған шекара қарауылының басшысы өзін таныстыра бастады:

– Біздерді Межірсайып деп атайды. Үндістан елінің шекара қарауылымыз. Орталық басқармамыз Кашмир аймағында тұрады. Бізде шекара тәртібі қатаң болады. Шекара бұзушыларға әуелі ескерту жасаймыз. Ал ескертуді тыңдамаса амалсыз заң бойынша жұмыс атқаруға мәжбүр боламыз. Алдын ала елші жіберіп сөйлессеңіздер қан төгілмес еді. Ұғыспастықтан сегіз адамдарыңыз оққа ұшты. Үндістан әлемге әйгілі қайырымды ел, қаза болғандарды өзіміз жерлесеміз. Сіздерден ғафу өтінеміз.

Елісханның өңінде қорку, абыржу секілді алабөтендік жоқ. Сәл ғана жымыиысты әлпетпен тіл қатты:

– Біз – қазақ деген түркі ұлтымыз, дініміз – мұсылман. Қытай еліндегі зорекерлер күн көрсетпей, торғайдай тоздырған соң босқын күйге түсіп, елдеріңізден баспана сұрап келіп тұрмыз. Әсіресе, мұсылман халықтары деген соң арғы жағымыз Алтайдан, бергі жағымыз Баркөл, Құмыл деген жерден шығып төрт-бес мың шақырымнан артық жол жүріп көрмеген азапты көріп, қан кешіп жеттік. Біз біреуді тонаған, жазықсыз өлтірген, бұзақылық жасаған жандар емеспіз. Бас еркіндігімізді сақтау жолында азаттық аңсап күрескен жандармыз, басқалқа болуларыңызды сұранамыз.

Ұйғыр аудармашының сөзі арқылы бас шұлғысқан үндістандықтар алдарындағы жұқа елтірі тымақ киген, қызыл сары өңді, жіңішке түлкі мұртты азаматтың жай адам емес, дипломаттарша сөйлеп тұрғанын аңғарды.

Қарауыл басшысы басын изей түсіп:

– Сонша алыстан арып-ашып келгендеріңіз түрлеріңізден көрініп тұр. Қазір сіздер біздің шекарамыздың ішінде тұрсыздар, сол үшін де біздің заңға бойұсынуларыңыз керек. Қайта қашамыз деп пәлеге ұшырап жүрменіздер. Біржолата бағынатын болсаңыздар алдымен қару-жарақтарыңызды тапсырасыздар. Сосын жоғарғының бұйрығы бойынша орналастырамыз, – деді. «Құрал жинаймыз» десе әбден зәреп болған қазақтардың күбірлесе бастағанын байқаған Елісхан:

– Біздің мұнда келудегі мақсатымыздың өзі – сіздерге қарасты ел болу. Біздің қазақтарда бұтаға паналаған торғайдың да жаны аман қалады деген сөз бар. Сіздерді бұта деп емес, саясы мол бәйтеректей қалың мұсылман қауымы деп келіп отырмыз. Бізді алдаған жендеттер әр кезде алдымен құралымызды, онан соң көлігімізді алып, соңында өзімізге ауыз салған. Соған мына халық біраз алаңдайтын сияқты. Мұсылман басшы болған соң бауырмалдық пейіліңізді білдіріп аузыңыздан бір ауыз ант сөзін білдірсеңіз, тіпті жақсы болар еді, – деді.

Мұны естіген қарсысындағылар біріне-бірі қарап:

– Оларыңыз жөн. Біз мұсылмандықпен сіздерге уәде бере аламыз. Әйтсе де, бізден үлкен бастықтар да бар. Солардан бірер ауыз сөз естіп, нақтылы пікірлерін білгендеріңіз теріс болмас. Алаңдағандарыңызды түсінуге болады. Оқасы жоқ, – деп жымысты.

– Әрине, – деді Елісхан, – өте орынды. Біз де соны айта алмай тұр едік. Осыны айтқан ол өз тобындағыларға бұрылды. «Кімдер барады» деген мәселе сөз болғанда Қожақын баяғысынша Елісханды жібергісі келмеді. «Ел бастап жүрген жалғыз серкеміз ғой, асылдан қалған бір тұяқты аялай білейік» дейтін оның пікірін өзгелер де құба-құп көретін еді. Жұрт ақылдаса келе – Мардан, Сейітхан, Байдолла – үш адамды елшілікке аттандырды. Бұл үшеуін таңдаудың да себебі бар. Мардан – жәнтекейдің қазыбегі, оқыған-тоқығаны бар көзі ашық азамат. Байдолла – жәдік жағына өкіл. Сейітхан қытай, ұйғыр, араб тілдерін біледі. Ақындығы да бар, руы молқы. Үшеуі осында тұрған жұрттың мүддесі үшін әділдікті айта алатын ортақ адамдар деп шешкен еді.

Екі күннен кейін оралған елшілер өз көргендерін айтып келді.

Бұларды Кашмир аймағына қарасты сыртқы істер бөлімінің бастығы арнайы қабылдаған екен. Әуелі бұлар өз жөндерін таныстырыпты. Жұңхуа-Минго аталатын қытай елінен келе жатқандарын, Шың Шысай зұлымның қанішер, қараниеттілігін, жолда көп адамдарының өлгендігін, енді жайлы қоныс болса осында отырақтасу ойлары барлығын білдіріпті. Сонда оларды қабылдаушы бастық:

– Алыстан келген мұһажыр бауырларымыз екенсіздер. Алла қаласа, қанаттыға қақтырмаймыз, тұмсықтыға шоқыттырмаймыз. Біз тұрған қаланы Кашмир деп атайды. Оны үнді ұлтынан шыққан Қабдолла шайқы Махмұт деген мұсылман ұлығы басқарады. Сіздердің түрлеріңізден де иманды мұсылманның жылы жүзін көріп тұрғандаймын. Сіздерді қор қылмау жағын ойлаймыз. Қай жерге баруды өздеріңіз де ойласаңыздар. Қазірше Лех қаласы арқылы Кашмирге апару ойымыз бар. Барған жерлеріңіз жақпаса тағы басқа да аймаққа баруларыңызға рұқсат етеміз. Баратын жерлеріңіз – екі айлық жол. Үнді халқы сиырды адамзаттың анасы деп табынады. Жүрген жерлеріңізде аштан өліп бара жатсаңыздар да сиыр, сарлыққа тиісе көрмеңіздер. Оған қас қылған, жәбір жеткізген жанды жергілікті халық еш кешірмейді. Кешіру-кешірмеу былай тұрсын жанынан жұда болады. Осы жағына ерекше сақ болыңыздар, – дегендерді айтқан екен.

– Иә, Алла, оң жолыңа бастай көр, – деп шуласқан қазақ тобы құралдарын тапсырып, аты-жөндерін түгелімен тізімдікке алдырды. Жалпы, адам саны үш мың отыз тоғыз адам болды.

Өздерінің нақты санын сонда ғана есептескен қазақ тобындағы бір қария:

– Дүнгеннен үрке қашқанда жеті мыңнан астам адам едік. Бір мың адамымыз онда-мұнда тозып кетті дегеннің өзінде үш мыңдай адамымыз қырғынға ұшыраған екен ғой, – деп күңіренді.

Үндістан жағының әскери басшылары қазақтарды жинап алып:

– Сіздер бүгіннен бастап біздің елдің қарамағына өттіңіздер, сол үшін де біздің айтқанымызға көніп, айдағанымызға жүріп бағынышты боласыздар. Ең әуелі өздеріңізден басшы сайлаймыз. Біз сіздермен сол бастықтар арқылы жұмыс атқарып отырамыз, – деді.

Жұрттың көрсетуімен Елісхан «қазақ босқындар қоғамының» төрағасы, Құсман орынбасары болды. Ахметқали мүфти болды. Қамза, Сауытбай Сейітхан, Қожанабдолла, Сәдей, Қали, Рақадыл, Алпыс, Мардан, Қошуыт, Беги, Шақпақбай, Қабылбек, Дәуітбай, Құмар, Ыдырыш секілді он жеті адам мүшелікке тағайындалды.

Гималайдың күнгеіін бөктерлеген қазақ көші батыс терістікті бетке алып жылжып келеді. Олар шекаралы аймақтан алыстаған сайын Гималайдың аспанымен бой таласқан мұз шоқылары тіпті де айбаттанып көріне бастады. Өздерінің сол құзарлардан асып келгеніне де еш сенгісі келмейді. Сол аспан мен жердің арасын бөліп жатқан алып мұздық бұларды туған даласынан, өскен өлкесінен біржолата алыстату үшін арнайы тұрғызылған қамал сияқты. Бұлт жауып жатқан биіктерге қараған сайын көздеріне ып-ыстық жас толады. Алыстаған сайын өзектерінің өртеніп бара жатқанын білсе де жат өлкенің

жаңалығына тамсанып өздерін алдағысы келеді. Лех қаласының шетіне ілінгенде жол бойындағы тұрғылықты халықтардың бәрі бұларға таңырқаса қарайды.

– Көздері жіпсиген қытайларға ұқсайды.

– Жоқ, таңғыттар сияқты.

– Қайдағы таңғыт, бұл сол таңғыттармен соғысып қашып келе жатқан казактар емес пе.

– Казактарды орыстардың ішінде демеуші ме еді. Мұнда қайдан жүр?

– Түрлері қара шұнақ, көздері қысық, жапондарға ұқсайды екен.

– Бұлар адам етін жейді дейді ғой. Балаларыңа ие болыңдар. Өздері де арып-ашып келе жатыр екен. Тіске жұмсақ деп бас салып жүрмесін!

– Бәрі бекер, бұлар ұйғырлар сияқты мұсылмандар дейді. Патшалары зұлым болып, елі тозып келе жатқан бейшараларға көмек бергендерің жөн емес пе!

Қалалы жерлерден өткенде нан сатып тұрған адамдарды көргенде балалар көшті жүргізбей: «қарнымыз ашты» деп жылайды. Нанды ұмытқандарына да бір жылдан асыпты. Балалары мазалай берген соң үлкендердің де тәбеті тартып наубайларға бұрыла қалады. Нан сатушылардың көбі ұйғырлар екен. Ақшалары болмаған соң бір нанға бір қой беріп жатқандар да болды. Көш ұсақ саудаға үйірілгенде таңырқаған халық та жинала бастады. Сақалы белуарына түскен бір шал көштің алдынан шығып бірдемелерді айтып жатты. Нан сатып тұрған ұйғырлардың аударып жеткізуінше әлгі шал:

– Бұлар һүн бабамыздың жолымен асып келген өз бауырларымыз екен, – деп нанын тегін ұсынып тұр дейді.

– Бізден бұрын һүн деген біреу асып келген бе, жоқ мынауың құн аламын деп тұр ма. Не дейді? – деп бір шал самбырлай сұрап еді, қатарласа қалған Ахметқали молда:

– Һүн деп біздің қазақтан бұрынғы ата-бабаларымызды айтып тұр. Бұлар да өздерін сол һүнның ұрпағымыз дейтін көрінеді. Бізді туыс тартқаны ғой, – деді.

– Е, қайдан білейін. Һүн деген біреу дегенге құн аламыз деп дүңген мен таңғыттың біреуінің құнын сұрап тұр екен десем! – дейді шал. Жұрт өз тағдырларының не боларын білмесе де тірсектеп қуған жаудан құтылғанына сеніп бойларын кеңге салып келе жатыр еді, бір сәт көңілді күлкіге де ерік берді.

Лех қаласын басып өткен қазақ көші Кәргіл деген елді мекенге аз күн дамылдап еді: «Кашмир ханы Харисин Махаражан мұсылмандарды жек көреді екен, оның үстіне Тибет үкіметі қазақтарды қарақшы деп шағым беріпті» деген сыпсың сөз тарады. Өсектің жол бастаушы ұйғырлар жағынан айтылғанына қарап қазақтар шындыққа балады. Айтып-айтпай, көп өтпей-ақ елді Гималайдың күнгей қапталындағы Зұлжила асуы арқылы Мұзаффарабад қаласына апармақ болғаны мәлім болды.

«Қияметтің қыл көпірінен әлі өтіп болмаппыз» дескен қазақтар шоғыры тағдырдың тағы бір қиын сынынан сүрінбей өтуге қамдана бастады. Ұшар басы бұлттарға сұғынып жатқан биік құздың қабырғасындағы тау ешкінің тар

соқпағындай жалғыз аяқ шұбырынды ізбен жүру оңай болған жоқ. Сай тағанын тұман тұмшалап жатыр. Аспанды торлаған бұлттарды қолымен сырғандай аяқтарын санай басып баяу жылжып келеді. Кезеңге көтерілген сайын қарлы боран айдаһардай ысқырып, бүкіл көшті біржолата жұта салмақшы болып екілене соғады. Көштің алды етекке аман-есен ілінгенімен арт жақтағыларды көшкін басып, жұрт ұлар-шу болды. Қияметтің қыл көпіріндей қия беттен құлаған біраз адам мен мал еш тасқа соғылмай-ақ сай тағанына ұшып кетті. Бетпе-бет келетін жау емес, Гималайдың алып құзарындағы табиғаттың тосын соққысы «кәпірлерден аман-есен құтылды-ау» деп келе жатқан көшті тағы бір есеңгіретіп тастады.

Таудан түсіп етекке ілінген жұрт өздерін аспаннан түскендей сезінді. Жан-жағын қарағайлы тау қоршаған, сайында асау өзені арқыраған шағын қалашыққа тұмсық тіреді.

Осы көшпен келе жатқандардың көбі сонау Алтайдың асқаралы тауларында туып-есейгендер еді. Онда да алып шоқылар аспанмен бой таласып жататын. Бірақ дәл мынадай найзадай шаншылған құзар емес, жатағандау келетін еді. Белгісіз мекендеріне таңғала, тамсана қарағандардың көз алдына тағы да сол Алтайдың жап-жасыл қарағай жамылған жәннаттай таулары мен айғыр жал толқындары, өркештене ағып жататын мөп-мөлдір сулары елестеді. Көкіректерінде көміліп жатқан сағыныш қоламтасын қоздатып, ата-бабасының қасиетті мекендерін есіне алып, ет-бауыры езілермен болды.

Соның ішінде Ахметқалидың есіне Өр Алтайдан шапқылап келіп Жайсаң көліне келгенде жуаси, кілкіп ағатын Ертістің майда толқындары келді. Жан-жағын дәл мына таулардай жасыл қарағайлы шоқылар қоршап жататын Марқакөл, Күршім, Қатынқарағайды ойлағаны сол, жанарына шып-шып жас толды.

Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,

Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы... – деген Мәдидің әнін күбірлеп келе жатқанын сезген жоқ.

Мұзаффарабад – Үндістанның Пәкістан жақ шекарасына орналасқан шағын аймақ. Бір жағы тау, бір жағы өзен. Қазақтарды өзеннің тау жақ қапталына орналастырды да, көпірден өтіп қалаға кіруге тыйым салды. Елдің ерікті жүріп-тұруы да мүмкін емес, қалың әскер қамауға алып, бақылауда ұстайды.

Бір кездегі алты қанат, сегіз қанат ақордалардың бірде-біреуі көрінбейді. Таудың қия бетін тегістеп әркім өз баспанасын қалқайтумен әлек. Біреулер басын буған қараша үйлермен отырса, елдің көбі жұпыны шатырларда күнелтуде. Тіпті кейбіреуінде ол екеуі де жоқ. Ағаштардың бауырына күрке тігіп, қара лашықтарын қалқайтысып жатыр. Мұндайда отын тұтатудың өзі қиын. Шұбала көтерілген көгілжім түтіндердің өзі көзге сирек шалынады. Бұл жердің жаңбырлы маусымына тура келген бе, әлде жауын-шашынды жер ме, әйтеуір күндіз-түні сіркіреген ақ жауын бір толалар емес. Жас балалардың

тамаққа тоймай яки ауру-сырқауға ұшырап шырқырап жылаған үндері жиі естіліп, жүдеу тірлік жұрт еңсесін көтертпей қойды.

Ауылдың сыртындағы дөңге шығып, айналасына көңілсіз көз жіберген Елісхан қасына Ахметқали мен Халифаны шақырып алды.

– Ертеректе Баркөлде, – деп бастады әңгімесін Елісхан, – бір жолы бір өзеншеге келсем, жағалауы жыпырлаған қалың тышқан. Әке-ау, бұларға не болды деп қызықтап қарап тұрып едім. Әлгі тышқандар жағалаудан жылқының бір-бір қу тезегін құшақтап арт-артынан өзенге секірді. Алдыңғы екі аяғымен тезекті құшақтап, артқы аяғымен суды есіп, көбі-ақ аққанына қарамай арғы жағалауға жүзіп өтті. Сөйтсем, сол жылы үлкен қуаңшылық апат болды. Соны сезген мақұлықтар ауып бара жатқан екен. Көрдің бе, тышқан болса да өзінің өлмеуін ойлайды. Енді ойласам, Тәңірім сол тышқандарды бекер кезіктірмеген сияқты. Олардың күйі біздің басымызға да келді. Тағдыр басқа салған соң бәр-бәріне көнбеске амалымыз жоқ. Бірақ бір күн болса да қарап отыруға болмайды. Бұрын жаумен күрестік. Аллаға шүкір, өзімізге төнген зұлымдықтан қашып, толарсақтан қан кешіп жүріп мұсылман еліне де іліндік. Дегенмен, мұндағы жағдай да мәз емес көрінеді. Елінің көбі мұсылмандар болғанымен бұл елді ағылшындар билейді екен. Біз алғаш ат басын тіреген Кашмир аймағында қалсақ жөн болар еді. Неге екенін білмеймін, бұлар бізді сырттатып, мына тауды асырып тастады. Біз келген Мұзаффарабадта мұсылмандармен бірге кәпірлер де басымдау көрінеді. Қалай болса да біз өлмеу үшін күрес жасап келеміз. Тағы да солай болады. Ендігі күрес өмір сүру үшін болады. Өсіп келе жатқан балалардың мектеп, молда бетін көрмегеніне де бірталай жыл болды. Бұлай кете берсе ертеңгі ел тізгінін ұстайды-ау деген ұлдарымыздың көкірегі қараңғы болып қалады. Сол үшін де балаларымызды оқытуымыз керек. Оқуды екі бағытта ұстануымыз тиіс. Біріншіден, арабша үйренгендері жөн. Сонда мұсылмандығынан айырылмайды және де мұсылман халықтардың бәрімен ортақ тіл арқылы сөйлеседі. Екінші, өмір сүру ортасына бейімделу үшін жергілікті халықтың тілін білудің артықтығы болмас, – осыларды айтқан ол Ахметқалидың жүзінен күлімсірей қаштап, басын изеген мақұлдығын аңғарды, – Ахметқали аға, өзіңіз де арабшаны жақсы білесіз, – деді оның бетіне тігіле қарап, – енді өзіңіз көп мақтайтын мына Халифа шәкіртіңіздің өнерін көрейік. Балаларды оқитудың тізгін-шылбырын өз қолына алып, бір жағынан, ұстаздық етіп шәкірт тәрбиелесін, тағы бір жағынан, өзі де тіл үйренсін!

Ахметқалидың жанарынан күлкі ұшқындады, Елісханның жүзіне сүйіне қарап:

– Талайдан айтқым келсе де орайын таппай жүр едім. Тіпті елдің орныға алмай жатқанын көргенде айтуға бата алмағанмын. Енді жауабын сіз айттыңыз. Оқытпасақ уақыт оза береді. Тіл білмесе тірлік кешу қиын. Ақ тілегіңізге Алла жар болсын! – деді. Одан Халифаға бұрылып:

– Өзің де тілден қара жаяу емессің. Жас өседі, жарлы байиды. Бұрынғы шыққан құлақтан кейінгі шыққан мүйіз озады. Ендігі шәкірт тәрбиелеуді саған тапсырамыз. Елдің күйімен санаспа, бір бала болса да қара тани берсін. Аттың

жалында, түйенің қомында жүрміз демей аздап болса да оқи жүргені жөн, – дегенді айтты. Халифа қашанғы әдетімен басын шұлғи сөйлеп:

– Айтқандарыңыз өте орынды. Сіз арабша, орысша білесіз. Елісхан ағам қытайша, арабшаны ғана емес, моңғол мен таңғыттың тілін де үйреніп алған. Сіздер жетектесеңіздер, неге көнбеймін. Сіздерден үйренгенімді өзімнен кейінгілерге үйрету – менің борышым. Балаларды тәрбиелей жүріп өзім де үнді тілін үйренемін. Шамам келмей жатқан істерге өздеріңіз жол-жорық көрсетіп отырарсыздар, – деп кішілік ибамен иіле сөйледі.

Осы келісім бойынша жар жағасына үй тіккендей қыспақта отырған қазақ ауылының балалары Халифадан сабақ ала бастады. Бірде Елісхан, бірде Ахметқали шәкірттер арасына келіп, олардың аз да болса білім үйреніп жатқанын көргенде марқайып қайтатын еді.

Үндістан үкіметінің адамдары көшіп келушілерге ұн, күріш, шай, қант, май сияқты ішпек-жемектік нәрселер әкеліп беріп тұрды. Бірақ ет пен майға үйренген қазақтарға қара тамақ су татыды. Оның үстіне дамылсыз жауған жаңбыр әбден мезі қылды. Киер киім, көрпе-жастық – бәрі шылқылдаған су болып оны құрғатудың еш амалы болмады. Сыз бен суықтың әсерінен бала-шаға, үлкен-кішінің кетеуі кетіп, ауру-сырқау көбейді. Біреулер тісі-тісіне тимей селкілдеп сандырақтайды. Енді біреулердің бет-аузы, көзі-басы көлкілдей іседі де, өне-бойына жара қаптайды. Локсып құса береді. Енді біреулердің аузына жара шығып, тістері шіріп түсе бастады. Аяқ-қолдары топ болып, көлкілдеп ісініп жүре алмайтындар да аз болған жоқ. Күркілдеп жөтеліп, қан түкіріп екі бүктетіліп жатқандар да баршылық.

Кәрі-құртан, жас балалар алдымен өле бастады. Дәрігерлер келіп қарағанымен оның өнімі де аз болды. Тіпті кейбір адамдар жынданып кетті. Соғыста бала-шаға, туыс-туғанынан айырылған Бәтия деген жесір кемпір бар еді. Аппақ шашын жайып жіберіп, көрінген үйдің есігін ашып сенделіп жүр:

– Менің баламды көрдiңдер ме? Балам қайда, дүңгендер жеп қойған жоқ па? – деп тісі-тісіне тимей сақ-сақ етеді. Сыртта жүрген балаларды көрсе тұра қуады:

– Тоқта, тоқта деймін. Сен неге қашасың, құлыным, қозым менің, маңдайыңнан бір иіскейінші.

Өлгендерді көпiрден өткізіп қала жақтағы зираттыққа қоюға рұқсат етпегендіктен, ауыл іргесіндегі тау беткейіне жерлей бастаған еді. Әлгі кемпір енді бірде сол молалардың бірін тепкілеп:

– Менің шалым мұнда жатыр ма. Мені алып кетпей жатқан жерін қарашы. Тұр деймін, тұр. Оңбаған, жалғыз жатқанын қарашы. Маған неге орын бермейсің! – дейді де, тізерлей отыра қалып жұдырығымен жерді төмпештеп зар жылайды.

Бірде сол Бәтия Елісханға қарама-қарсы жолығып қалды. Екі көзі қып-қызыл, аппақ шаштары бобырап тұс-тұсына жайылған. Еттен арылған қу сүйектері тарамыстарына ғана ілініп, құр сүлдері қалған шүйкедей кемпір әзер қозғалады. Елісханды көргенде бас салардай тап беріп:

– Елісхан деген сен бе едің. Сен қытай мен дүңгеннің қанын ішті дейді ғой. Маған неге ішкізбейсің. Шешең бір аяқ қымыз болса маған беруші еді. Сен кәпірлердің қанын да қызғандың ба. Менің жерімді қайда жібердің? Қытайларға сатып кеткен жоқсың ба? Сол жерден бір уыс топырақ ала шықсаң болмай ма. Қызымды дүңгендер алып кетті ғой. Соны неге әкеп бермедің? Ендігі дүңгенге қатын болып кеткен шығар. Менің шалым опасыз болды ғой. Мені жалғыз тастап кетті. Ол ана дүниеде жалғыз қайтіп жүреді. Балаларының бәрін дүңген мен таңғыт бұлап кетті. Оған кім шай қайнатып береді, байқұс! Мені қасына шақырып алса болмағанда шайын қайнатып беріп, басын сүйеймін ғой. Соны да білмейді. Күйі кетіп жүдеп жүрген шығар. Сонда баратын көпір болса көрсетіп жіберші. Ана темір көпірді үнділер неге күзетіп тұр. Содан ары өтсе ұрмақ па, тозақ па. Менің балапандарым сол жақта жүрген жоқ па?!

Осыны айтқан кемпір Елісханды тастай салып, тәлтіректей басып көпірге қарай бет алды. Өлімсірей бүкшеңдеп, аяғын әзер сүйреп барады. Соғыстан құтылғанымен, сордан арылмаған халқының тағдырына қабырғасы қайысып қан жылап жүрген Елісхан кемпірдің сөзін естігенде іші-бауыры езіліп, өзегі от болып, көзіне келген жасты көрсетпеуге тырысып теріс айналды.

Қалтақ қағып көпірге жетіп барған оны күзетші әскер тосып еді, кемпірдің оны тыңдайтын түрі жоқ.

– Жаман үнділер қытай мен дүңгеннен қиынсың ба. Баламды неге бермейсіңдер. Тез жібер баламды! Әйтпесе Елісханға айтамын. Қазір-ақ келіп қандарынды ішеді. Қытай мен дүңгеннің қанын жалғыз өзі ішкен, – деп айқайлап жүр.

Бастапқыда жолын бөгеген әскерлер енді кемпірді қатты итеріп қалса керек. Қалтақ қағып жүрген бейшара қаңбақтай ұшты.

– Ойбай, қырды...

Елісхан амалсыз солай жүгірді. Көпірге жеткенде қарсысындағы әскер қаруын кезеп:

– Бәрін істеп жүрген осы. Жаңа ғана ана кемпірге бірдеңелер айтып жатқан, – деп бұған сұстана қарады.

Елісхан кемпірді тұрғызып жатып:

– Әкіреңдемей ақырын сөйлесеңдер де ұғамыз ғой! – дегенді сабырлы раймен жеткізді.

– Кет ары, кетіндер, көпірден аулақ! – деп әкіреңдеген анау мылтықтың дүмімен Елісханды итеріп қалды. Сол-ақ екен, ашу-ызадан жарыларман болып жүрген Елісхан оны тарпа бас салып, қашанғы әдетімен қолынан тастамайтын сегіз өрме, бұзау тіс дойыр қамшысымен тартып-тартып жіберді. Анау төбесінен сойылмен қойып қалғандай-ақ шөке түсіп отырып қалды.

Енді кемпірдің сақылдаған күлкісі естілді:

– Айтқанмын, бұларға айтқанмын. Үй, Құдай зауалыңды бергірлер. Айттым ғой, Елісхан сендерді өлтіреді деп!

Кемпір балаша мәз болып секіріп жүр.

Тұс-тұстан жүгірісе жеткен әскерлер айналаны қоршап алды. Елісханмен таныс әскербасы өзі келіп арашаға түсті.

– Елісхан мырза, ел бастап жүріп бұлайша балалық қылғаныңыз қалай?

– Қалайын мен емес, сендер айтындар. Елдің ауруға ұшырап қырылып жатқан түрі мынау. Не жарыған дәрігер жоқ. Не құтқарушы жоқ. Елді неге бөгейсіңдер. Басқа жаққа неге көшірмейсіңдер?! Тым құрыса, көпірден өтіп ине-жіп алуына да рұқсат етпейсіңдер!

– Ол біздің қолымыздан келмейді, Елісхан мырза! Мынау сендердің Қытайларың емес, Үнді жері!

Тістенген Елісхан: «солай ма, көрерміз онда!» деді де, өз жөніне кетті. Осы оқиғадан кейін мұздай қаруланған қалың әскер ауылды одан ары құрсаулай түсті.

Елісхан алғашқы келген күндері арабша білетін Махбұлрахман деген жергілікті мұсылман азаматымен танысып еді. Жұма сайын өзен жағалауындағы мешітте ұшырасып қалады. Анда-санда келіп-кетіп хал сұрап тұратын. Елісхан Ахметқали мен Халифаны қасына алып, сол кісі арқылы Кашмир үкіметіне хат жазды.

Сол хат қолына тисе керек, көп ұзамай ауылға Шейх Мұхаммед Абдуллаһ атты Кашмир мұсылмандарының басшысы келді. Ол елдің мұң-зарын тыңдап, ауыр халін көрген соң жанашырлықпен мұңайып:

– Қазір бүкіл дүниенің дүрбелеңі басылған жоқ. Екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті. Алдыңғы жылы Германияның әскери қосыны Польшаға басып кіріп, өткен жылы көктемде Дания, Норвегия, Франция секілді көптеген елдерді жаулап алды. Биылғы жылы жаздан бері қарай неміс армиясы Кеңес Одағына кең көлемді шабуыл қозғап, соғыс оты өршіп тұр. Бірнеше күннен бері қарай Жапония жақтың Американың теңіз армиясына шабуыл жасағаны туралы хабар тарайды. Біздің қазіргі иелеріміз – ағылшындар. Ел ішіндегі күрестер әлі аяқтаған жоқ. Осындай әртүрлі себептер салдарынан сіздерге қарайласа алмай жатқан жағдайымыз бар. Және де Кашмир аймағы өзін-өзі басқарады. Бұл өңірге билігі жүрмейді. Бірақ арыз-армандарыңызды қатысты органдарға апарып беремін. Қиын жағдайларыңызды газет, радио арқылы ел мұсылмандарының құлағына жеткіземіз, – дегенді айтты.

Жергілікті халық бұл кісіні Шейх Сахиб деп атайды екен. Енді біреулер Мұхаммед Хайдар Дулатидың ұрпағы екен десіп жүрді. Кім болса да мейірімділік танытты. Қазақ босқындарына ұн, күріш, май, қант секілді нәрселер таратып беріп, жүдеу жұрттың көңілін аулап қайтты. Бірақ әр күні адамдар өліп, елдің еңсесін жанши түсті. Мінән, Дөней молда, Қарақыз, Көніс секілді біраз кісілер арт-артынан о дүниелік болды.

Газеттерде жарияланған қазақ босқындарының ауыр тағдыры біраз мұсылмандарды елеңдете бастаса керек. Көп өтпей Шәукет Хаят деген азамат келіп Елісханға жолықты. Ол Елісханға былай деді:

– Қазір Үндістанда тайталасып тұрған екі партия бар. Бірі – үнділердің конгресс партиясы, екіншісі – мұсылмандардың мүсілімдік партиясы. Біздің басшымыз Мұхаммед Ғалижинақ осы мүсілімдік партияның жетекшісі. Өзі

келе алмаса да дұғай-дұғай сәлем айтты және де хал-жағдайларыңызды біліп қайт деп мені арнайы жіберіп отыр.

– Партия басшыларыңызға көптен-көп рахмет! – деді Елісхан, – мұсылман партиясының жетекшісі екені рас болса бізді алдымен мына зауалдан құтқарсын! Байтал түгілі, бас қайғы болған мына заманда, тойғаннан емес, тоңғаннан селкілдеп отырған біздің жанымыз бен арымыздан басқа сұрайтынымыз жоқ.

Шәукет Хаят Елісханның сөзін тыңдап болған соң:

– Әрине, ол кісі мені жай ғана жіберген жоқ. Машинамызда сіздерге деген арнайы сауғалары да бар. Десе де бір өтінішіміз болып тұр. Мүмкін болса біздің партияға мүшелікке кірсеңіздер, басшымыз тіпті де қуанар еді, – деп қиылды.

Елісхан ойланып қалды. «Сайда санымыз, құмда ізіміз жоқ босып жүріп партияға байланып қайтеміз. Біреуді жақтап сойылын соғамын деп екіншісін өкпелетсек оның да әлегі аз болмайды. Баяғыда Баркөлде отырғанда қытай мен сарттың қыспағында қалып, екі нардың арасына қысылған шыбынның күйін кешіп, қырғын тауып едік қой» дегендерді ойлады. Сөйте тұра, мұсылман басшыларының да көңілін жыққысы келген жоқ.

– Оныңыз жөн ғой. Қазірше еліміз партия дегенді түсіне бермейді. Оны ойлайтын да шамасы жоқ. Мұсылман болған соң мұсылман партиясын қолдамай қайда барамыз. Азырақ уақыт беріңіздер. Ес-ақылымызды жинап алайық, – деп екі ұштылау жауап берді.

Елісхан, Ахметқали бастаған кісілер арыз-армандарын жазып, Шәукет Хаяттың қолына да ұстатты.

Жауапты күте-күте Елісханның сабыр-тақаты әбден таусылды. Махбұлрахманды шақырып алып:

– Сірә, бұлардың қандай ойы бар. Адамдардың күн сайын өліп жатқанын көріп отырмыз. Күнде жылау, зар. Адам жерлеуден басқа жұмысымыз жоқ. Бүйте берсек қырылып тынатын шығармыз, – деп мұңайды.

– Меніңше, – деді Махбұлрахман, – бұлардан қазір шапағат жоқ. Қырылса қырыла берсін дей ме, үкімет басындағылардың бүйрегі бүлк етпейді. Әлде де күдер үзбендер, біреу болмаса біреу оң көзін салатын шығар. Айтпақшы, бүрсікүні осы өңірге Кашмирдің лауазымды ұлығы келеді. Соған жолығып, арыз-армандарыңды айтыңдар. Бірақ мүлдем құпия түрде, қабылдайтын сәтінде ғана кіруді ойлаңдар. Әйтпесе өз жолдарыңды өздерің кесіп аласыңдар.

Махбұлрахманның айтқанын медеу тұтқан Елісхан ол айтқан мекен-жайды әбден жаттап алды да, ертесі таң атпай қасына Ахметқали молда, немере інісі Өтейхан мен ұйғыр аудармашысы Ғұламжанды ертіп жасырын жолға шықты.

Башпахан аталатын ұлық айтылған уақытта келіп, бұларды да қабылдауына алды. Әбден ішқұста болып, жүрегіне запыран толған Елісхан тоқтамай сөйлеп кетті:

– Біз киер киім, ішер тамақтан тарығып Үндістан жеріне қайыр тілеп келген жоқпыз. Қытай үкіметінің қатыгез қарары, зымиян зұлымдығы мен қанды ауыз қарақшылығы онда өмір сүруімізге мүмкіндік бермеді. Біздің іздегеніміз

байлық емес, басымыздың еркіндігі, бауырымыздың бүтіндігі. Аллаға шүкір, қарайласпай жатқан жоқсыздар. Шамаларыңызша көмек көрсеттіңіздер. Бізден қайтпаса Алладан қайтсын. Бірақ Мұзаффарабадқа келгелі қырылып жатырмыз. Не қия баса алмаймыз. Керек-жарағымызды алу үшін базарға да кіре алмаймыз. Бізге бұлайша сенімсіздік танытатындай бұл елдің бүлдіргесіне тиіспедік, қылдай қиянат жасап көргеміз жоқ. Мейіріміңізді төгіп, көмек көрсете көріңіз, бізді Панжап өлкесіне қарай көшірсеңіздер екен!

Елісханның сөзін ұйғыр аудармашы арқылы тыңдаған ұлық басын шұлғи күліп қойды:

– Сабыр, сабыр етіңіздер. Мұсылман баласына сабырлық жарасады.

– Қашанға дейін сабыр сақтаймыз. Сол сабыр сақтайтын уақытымыздың шегі қашан екен, қашанға дейін күтеміз, болмаса соны айтып берсеңізші! – деді Елісхан ызаланып.

Бірақ ананың былқ етер түрі жоқ, баяғы әдетімен тағы да жымыып қойды:

– Сабыр деген нәрседе уақыт болмайды. Уақыт көрсете алмаймын.

Елісхан қатты ыза болғанда бүкіл қаны басына шапшып, өңі түтігіп кететін. Құлақ шекесіне дейін қызыл күреңденген ол орнынан атып тұрды:

– Онда бізді осы арада өлтіріп тынбақшы екен ғой. Жіберсең де, жібермесең де бір аптаның ішінде Панжапқа кетемін! – деді қалш-қалш етіп.

Аудармашы ұйғыр Елісханға қаймыға қарап:

– Үлкен кісіге бұлай айтуға болмайды ғой, – деп міңгірледі.

– Оны айтсам, мен айтып отырмын. Алса менің басымды алады, шүлдірлеген сарт, аузыңды неге аяп тұрсың, сөзімді аударып тез жеткіз! – деп ақырып, ұйғырдың қасына жетіп барды. Ғұламжан жұмған аузын аша алмай, көзін жыпылықтатып жаутаңдай қарады. Елісхан беліне қыстырған қамшысын жұлып алып, оны жондата осып-осып жіберді. Анау қайқаң етіп, қос қолымен басын қорғаштай бұғынды. Бүктей ұстаған қамшысын ұлықтың көзіне білеп, үнду тілінде қысқа-қысқа қайырып, шаңқ ете түсті:

– Бір аптада кетсем де кетем, кетпесем де кетем. Панжапқа кетем!

Отырғандар не болғанын аңғарып болғанша Елісхан есіктен шығып та үлгерді.

Құнысқан жауырыны удай ашып, басын көтере алмай бүріскен Ғұламжан бүкшеңдеген орнынан тұра алмай, Башпаханның бетіне жапақтай берді. Бәріне басын шұлғып, күле сөйлейтін ұлық бұл жолы күлуге де үлгермей сазарған күйі отырып қалды.

Сол күні кеште-ақ қазақ ауылын қалың әскер қоршап алды. Елісхан айналасындағы жігіттерін жиып алып:

– Қанды қасап Шың Шысайдан, қара жүрек Ма Буфаңнан құтылған Елісхан әкіреңдеген үрдудан қорқады дейсіңдер ме! Көшке дайындала беріңдер, кетеміз! – деп сеніммен айтты. Сосын Қинаят, Сатихан деген жігіттерге:

– Кашмир шекарасының сыртында Үндістан аумағынан Гари-хабиболлаға өтетін жасырын тау жолын байқап едім. Соны шолып келіңдер, – деп аттандырды.

Жолды көрген олар тез оралды. Елісхан таң атпастан бұрын қозғалып, Ахметқали, Сәдей, Мұқай, Қинаят – жиыны бес адам жасырын жолмен Гари-хабиболла аталатын шағын қалашыққа өтіп кетті. Махбұлрахман арқылы ондағы мұсылмандарға қормал Сіләмхан деген мейірімді жанның барлығын біліп, солай тартқан еді. Тұп-тура сол Сіләмханның алдына жетті. Елісханды ұзақ тыңдаған Сіләмхан көзіне жас алып:

– Қайран мұсылман бауырларым-ай. Ертерек білгенімде тезірек қимылдайтын едік қой. Әлде де кеш емес, – деп Елісханның көзінше телефон трубкасын көтерді.

– Делидегі ағылшын генерал Лорд Веволлға жалғап жатырмын, – деп, ар жағындағы кісімен ұзақ сөйлесті.

Елісхандардың ұғуынша, бұлардың мүшкіл халін баяндап, көмек сұрап жатқандай болды. Сөйлесіп болған соң телефон құлағын көңілдене қойып жатып:

– Алла Тағала көз жастарыңды көретін болды. Панжапқа өткізіп алу туралы өтініштеріңді мақұлдайтын болды, – деді.

Ахметқали мен Елісхан бірін-бірі құшақтап, онан соң Сіләмханның қолын қайта-қайта қысты.

– Бізден қайтпаса, Алладан қайтсын. Мүсәпір, міскіндердің көз жасын көретін сіздей мұсылмандар көп болса жер бетінде жетімдік болмас еді! – Елісхан бұл сөзді шын ықыласымен тебіреніп тұрып айтты.

Ағылшын билеушісі Лорд Веволл мырза Абботабад қаласының уәлиі ағылшындық азамат Сэр Фрейзерге арнайы тапсырма берген екен. Елісхандарды жылы қабылдаған Сэр Фрейзер өзінің орынбасарын жүзге жақын әскерімен, машиналарымен қазақтарды көшіріп әкелуге жұмсады.

Қалың әскердің қамауында үрейленіп отырған ауылға Сәдей бастаған жігіттер елді көшіріп алатын хабарды жеткізгенде тозақтан құтылардай толқыды. Өлілердің моласы мен тірілердің қосы қатарласа қалқиған қарғыс атқыр мекендерінен тез кетуге асықты.

– Қайран Елісхан-ай, – деп жылап тұр бір шал, – қытай мен дүңгеннен құтқарып бір қуандырып едің, енді мына тірі тозақтан тағы құтқардың-ау.

Көш алдымен Гари-хабиболла қалашығына жетіп алып, сонан соң машинамен көшу ұйғарылды. Ат пен түйе дерлікке жуық қырылып бірлі-жарымы ғана қалған еді. Көштің көбі өгіз арбамен жылжыды. Бұларды бірінші құшақ жая қарсы алған Сіләмхан болды. Жол шетіне жарылған халық қол соғып қошемет көрсетіп жатыр. Сіләмхан арнайы дастарқан дайындатып жұртты бір күн қонақ етті. Панжап үкіметінің өкілетті адамдары бұларды өткізіп алды. Ішінде Махмұтбек деген қырғыз азаматы бар екен.

Жұрт тамақтанып, дем алып майрағай да тайрағай болып жатқанда бұларды алып кетуге арнайы машиналар келді. Машинаны алыстан көрсе де дәл қасынан көрмеген бала-шаға бәрі жапырылып, қызықтап жүр. Ауылдың азғантай бөлігі ғана ат-түйемен көшетін болды да, қалғаны түгел машинаға жүк тиеді. Жүк дейтін жүк те жоқ. Көбі жау қолында қалған. Одан біразы

жаңбырлы өлкенің сыз дымымен-ақ шіріп біткен. Көрпе-жастық, ыдыс-аяғын арқалаған жүдеу жұрттың солғын тарта бастаған жанарларынан шуақ көрінді.

Қазақ көші Мансехра қаласына келіп кіргенде дабырасы Шыңғысхан тіріліп келгеннен бір кем болмады. Көшенің бәрі адам. Жолдың екі жағына жарылып, қолдарына шеңбер-шеңбер гүл ұстап, жақындаған қонақтардың бәрінің мойнына көгенше кигізіп жатыр. Дәл бір жақын туыстары алыс сапардан оралғандай:

– Мархаба, мархаба! – деп қуанышпен шуласады.

Қазақтар көштің алдынан айранын, қымызын алып шығатын еді. Мыналар әртүрлі жеміс, пысырылған тамақ, сусындар көтеріп шығыпты.

Жүрген жерінің бәрі тойға айналған босқын қазақтар өздерін жұмақтың төріне түскендей сезіне бастап еді. Десе де ауру-сырқау әлі де арылмай, көптің қуанышына көлеңке түсіретін азалы сағаттардан да аулақ бола алмады. Мұндайда мұсылмандар зыр жүгіріп қайтыс болған кісіні жуындырып-шайындырып өздері жерлейді. Ал, ауру-сырқау жандардың жанынан дәрігер үзілмейді. Сырқаты ауырларын ауруханаға жатқызады.

– Нағыз мұсылман деп осыларды айт. Ма Буфаңның өзі мұсылманмын дегенмен ісі кәпір ғой, – деп талай қария көзіне жас алды.

Умақ-шумақ шұбырған қазақ көші Абботтабад, Харипур қалаларынан өтіп Таксила деген жерді басып, Панжап өлкесінің Тәрнава ауылына ат басын тіреді. Үкімет жағының пайымынша, суы тұнық, ауасы таза, босқындарға лайық жер көрінеді.

Қазақтардың «жер ауысып, ішпек-жемек жақсарса жағдайымыз түзелер» деген үміті ақталмады. Шілде мен тамыздың от боп жанған қапырық ыстығы тынысты буып, қоюланған ауа жүректерін тұншықтыра қысады. Қырылдап-сырылдап деміккен үндер, әлдеқандай арманын айта алмай жалынышпен жәудіреген жанарлар жаныңа у құйғандай күйзелтеді. Ауру-сырқау, адам өлімі тоқтайтын емес. Үкімет жағы да жанталаса жәрдем жасап жатыр. Газет арқылы хабардар болған мұсылман өкілдері де арт-артынан келіп өз көмектерін көрсетіп жатты.

Шыжыған күннің ыстығы күндіз-түні тымырсық жалынға орап елдің есін алды. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған ел тағы да қамыға бастады.

Ағылшынның Үндістандағы бас өкілі Тәрнаваға келіпті деген хабар тарағанда өлім мен өмір арпалысына қайта түскен халықтың көкейінде үміт шоғы жылтырады. Аса үлкен сән-салтанатпен жүргеніне қарағанда ұлықтық шені де жоғары болса керек. Алды-артын жүзге жуық машина қоршап, қалың оққағарлары мен сақшылардың қорғауында жұрттың алдына шықты. Оны таныстырушы жиналған көпке:

– Ағылшын үкіметінің Үндістандағы бас өкілі Сэр Лорд Халифакс, – деп таныстырды. Мансап дәрежесіне қарай жергілікті халық оны «Вайсрай» деп атайды екен.

Сап-сары ала әскери шинель кигел аққұбаша өңді ағылшын ұлық делегей қалпағының күнқағарын көтеріп қойып, шешіле сөйлеп кетті. Оның сөзін ұйғыр аудармашылар тәржімалап тұрды.

– Құрметті бауырлар, алыстан азап көріп келген қонақтарымыз, сіздердің бүгінгі қиын жағдайларыңызды жақсы біліп отырмыз. Сол үшін де қолдан келген көмегімізді де аяғымыз келмейді. Десе де, ел мен жерге үйірлесе алмау себебінен қиналып жатқан боларсыздар. Бізді ешқашан жатырқаманыздар. Жер бетіндегі барлық ұлт – бір атаның баласы. Адамзаттың қайғы-мұңы, қуаныш-шаттығы бірдей. Біздер сіздер қуансаңыздар, қуанамыз. Сіздер мұнайсаңыздар мұңаямыз. Мемлекет – елдің иесі болса, халық отбасындағы бала-шағасы сияқты. Жұртты ұлтқа, дінге бөліп алаламаймыз, барлығыңызды тең көреміз. Сол үшін де менің сіздерге айтарым, ендігі отандарыңыз – осы жер. Осы елдің азаматтығына өтініш беріңіздер. Барлығыңызға баспана үшін үй салып берейік. Басқа да арман-тілектеріңіз болса айтып қалыңыздар, ет-құлағыммен естіп қалайын.

Жұрт Вайсрайдың сөзінен кейін дүркірей шапалақ соқты.

Қазақтар тобынан Елісхан алдыға шықты. Ағылшын ұлықтары бүкіл дүниені дүбірлеткен, қазақ көшінің бұйдасын ұстаушы – босқындар атаманына бар назарын аударып, оның әр қимылын бағып отыр. Газет беттерінде аңызға айналған тұлға ретінде көрсетіле бастаған осы жанның есіміне қанық болғанына да біраз болып еді. Арғы жағы Атилла, Спартак, бергі жағы орыс даласын шулатқан Пугачев секілді тұлғалардың қайсысымен қатар қоярын білмей талай әңгімеге арқау еткен болатын.

Олардың алдында Гималайдың аязды үскірігі жүзін қызыл күреңдете тотықтырған, кең иықты, еңсегей бойлы, жанары отты, жұқалап мұрт қойған қазақ азаматы жазық маңдайы жарқырап, дала барысынша жайлап басып келе жатты.

Елісханның сұсы ма, әлде ел тағдырының күрмеуі күрделі сәттері жұрттың еңсесін басып тұр ма, жиналғандар тым-тырыс күйге ауысты.

Елісханның үні ашық, саңқылдай шықты:

– Құрметті Вайсрай мырза, келген қадамыңыз құтты болсын. Алла ақ жолыңызға нұрын сепсін. Біз қазақ деген халықпыз. Мұзаффарабадқа келгенде «бұлар казактар» екен деп орыстардың казагымен шатастырып, үрке қарағандар да болған. Сол үшін де көшіміз көп күндер тосылып қалғанын кейін білдік. Қазақ ұлты ежелден еркіндікті сүйеді. Әсіресе, асқар тау, асау өзен секілді кең өлкелерде көшіп-қонып жүргенді жақсы көреді. Өскен, жасаған табиғатына қарай көңілдері анау асқар таулардың басындағы аппақ қар сияқты кіршіксіз, судай тұнық болады. Біреуге жамандық ойлау, жамандық істеу біздің қанымызда жоқ қасиет. Бірақ өзімізге жамандық істеушіні кешіре алмайтын асау мінезіміз тағы бар.

Үндістан еліне келгелі оң қабақ, жылы шырай танытып, басымыздан сипап, бауырларыңызға тартып жатырсыздар. Оған Алла разы болсын, біз кешкен қанды күндерді адамзат баласына бермесін. Жол бойында үш мыңға жуық адамымыз өліп еді, Алланың бұйрығы шығар. Міне, сіздердің елдеріңізде мыңдай адамымыз о дүниелік болды. Тағдырдың бұйрығынан қашпақ жоқ. Осындай бір қан кешкен күндерде туып, қан кешіп өту пешенемізге жазылған шығар. Бірақ біздің қазақ өткенге өкіне бергеннен гөрі алдағы күнге үмітпен

қарағанды жақсы көреді. Біз көре алмаған жақсы күндерді ұрпақтарымыз көрсе екен деп армандаймыз.

Тәрнауаға келгелі көңіліміз көтеріліп, сіздердің мейірлеріңіздің шуағына бөлене бастап едік. Соңымыздан қуған ажал тақымдағанын қоймады. Тіпті әр күні кеште үреймен ұйықтап, таңертең тірі екенімізді білгенде қуанатын қиын күнге тап болдық.

Бастапқыда туыс-туған, ел-жұрт бір жерде болсақ деп армандаушы едік. Дәл қазіргідей жағдайда бір төбеге жиналып отырудың еш пайдасы жоқ екені анық болды. Шындықты айтар болсақ, бір жерде отырып-ақ қырыла-қырыла тұқымымыз тұздай құрып кету қаупі төніп тұр. Сол үшін де сізге бірнеше тілек білдіргім келеді. Біріншіден – осы босқындарға қайда барып, қайда жүру туралы ерекше еркіндік беріліп, қолдарына соны айғақтайтын босқындық куәліктер берілсе, екіншіден – жол жүру, емделу жақтарынан тегін көмек көрсетілсе, үшіншіден – әртүрлі жеке кәсіптермен айналысуына жол ашық болып, алман-салық және басқа да құжаттар талап етпейтін болса. Төртіншіден – барған жерлерінде отырықтанып қаламын десе баспана, мектеп, медресемен қамтамасыз етілетін болса деген тілегіміз бар. Қазақ төрт санын қасиетті санайды, осы төрт тілегіміз қабыл болса ұрпағымыз тірі, ұлтымыз аман қалар еді.

Жым-жырт тыңдаған бүкіл қауымның шапалағы күндей дүркіреді.

Әсіресе, өздері де ойлап жете алмай жатқан армандарына ақ жол сілтегендей болған өз қауымы қатты тебіренді. Жұрттың шапалақ үні көпке дейін толастамады.

Вайсрай орнынан тұрып, Елісханның қолын қатты-қатты қысып:

– Бір тайпа елдің емес, тұтас бір елдің көсемі болатын аңғарлы азамат екенсің. Амал қанша, жұлдызың оңыңнан тумай, тағдыр тарғалаңына көп салған көрінеді. Кесірлі заманға кезігіп бағың жанбаған ғой. Елін жақсы көру – жақсы азаматтықтың белгісі. Жолың ашық болсын. Төрт тілегіңді де қабыл алдым, – деді ризашылықпен.

Тілектері қабыл болғанын білген жұрт тағы да толқып кетті. Масайраған дауыстар, қуанышты лебіздер, алғысқа толы тебіренулер естілді.

– Вайсрай мырзаға рахмет, Вайсрай мырза жасасын! – деген үндер көтерілді.

Ағылшын ұлығының бұйрығымен сол күннен бастап-ақ қазақтардың қолына босқындық куәліктері таратылды. Елісхан ортаға қойған ұсыныс-тілектердің бәрі де қабылданып, қайда жүріп-тұрамын дегендеріне еркіндік жасалып, кез келген жерде кәсіп істеп, жан бағуына болатын ерекше құқық берілді.

Аттың жалын төсеніш етіп келген ноқтасыз халық тағы бір жылқы жылын осындай бір алмағайып күндерімен аунатып жатты.

Бұл 1942 жылдың қыркүйек айының соңғы күндері болатын.

* * *

Ертесі ертемен тұрған Елісханның үйіне Құсман, Сауытбай бастаған бірнеше адам бас сұқты. Әуелгі сөзді Сауытбай алды:

– Қарағым Елісхан, еліңді жауға да бермей, дауға да бермей, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмаймын деп, осы күнге дейін әкелдің. Алланың әміріне шара жоқ. Адамдарымыз әлі қырылып жатыр. Бұл – Тәңірдің ісі. Сол еліңді тағы да құтқарып, қолымызға еркін өмір сүретін куәлік алып бердің. Ең алдымен өзіңе ел атынан рахмет айтып отырғаным ғой, – деп тоқтады қарт, неге екені белгісіз, көзіне жас алып.

Ендігі сөзді Құсман жалғады:

– Сонау Баркөлден Гансуге ауғанда да, Гансу мен Чинхайдан таңғыт жеріне ауғанда да өзіңнің соңыңнан ілесіп едік. Әлі ілесіп келеміз. Бұдан кейін де ілесе береміз. Бірақ мынау алқымымызға жабысқан ажал құрғырдың улы тырнағы жағамызға әлі жармасып келеді. Сол үшін де ел аман қалсын деп өзің тұс-тұсқа бытырап, жан сақтауға жол көрсеткен соң, амалсыз бөлінгелі отырмыз. Әкем Зайып өлгелі жатқанда: «Елісханнан айырылма, құстың қос қанатындай болыңдар» деп айтып кетіп еді. Қайтейін, мына заман басымыздан ноқтасын әлі алған жоқ. Артық-ауыс кеткен жерім болса кешіресің. Алла амандығын берсе, басымызды қайта қосамыз деп ойлаймыз. Соған өзіңнен рұқсат сұрап, Бопалға қарай көшсек деп ойлап отырмыз, – Құсманның жанарына да мөлдіреген жас тығылды. Бірақ төгуге арланғандай теріс айналды.

Мұның бәрі Елісханға да оңай болған жоқ. Талай таңды ұйқысыз атырып, іштей қан жыласа да, ақыры осы байламға келген. Кесімін өзі айтқысы келсе де, оны жеткізер сәттің қиындығын енді аңғарды. Әсіресе, Құсманның әке жайында айтқаны қатты толқытты. Зайып бір ауыл ғана емес, тұтас елге көрік болған көсем ойлы жан еді. Осының бәрін алдын-ала сезгендей өзі Таңғыт жотасында мәңгілікке қалып бара жатса да, елдің ендігі тағдырын екеуіне тапсырған болатын. Бірақ мұның бәріне езіле бергенмен сені аяйтын ешкім жоқ, сол үшін де бәріне төзуге тура келеді. Елісхан ауыр күрсінді. Сабырлы жүзін отырғандарға бұрып:

– Шын мұсылман қандай қасіретке жолықса да, оны иманының қаншалықты екенін байқау үшін жіберген Алланың сынағы деп біледі екен. Басымызға төнген ажал құрығы қаншама қорқынышты болғанымен, талай қиындық артымызда қалды. Жаныңды аламын деп, жалаңдаған Шың Шысайдан да, Ма Буфаңнан да, Моңғол мен Таңғыттан да аман құтылды. Сол секілді бұл күндер де артта қалады. Қиындық өтіп кетеді. Бірер жыл есімізді жиып алсақ, елімізді бытыратып алмай қайта бас қосамыз. Әсіресе ұл мен қызға абай болыңыздар. Жергілікті халықпен құдаласамын деп жүріп құрығынан құтылмай қалмаңыздар. Ерте ме, кеш пе бір өлімнің бары шын ғой. Одан бәрімізде қашып құтыла алмаймыз. Пенде болған соң кімде кемшілік болмайды. Бәрімізден де өткен кемдік бар шығар. Жат жерге әкеліп қаңғытып жіберді деп ойламаңыздар. Бұл – уақыттық қана шегініс. Алла амандығын берсе, басымызды қайта қосып бақытымызды іздейміз. Бұл ел де түбі бізге мекен болмайтын шығар. Бәрі бір Алланың қолында, менің де артық-кемім

болса кешіріммен қараңыздар. «Жаман айтпай, жақсы жоқ», олай-бұлай болып жатсақ, о дүниеде Пайғамбардың ақ туының астында жолығайық, жолдарыңыз болсын! – дегендерді айтты.

Отырғандардың көбі көздеріне жас алысып, орындарынан созыла тұрды. Елісханды кезек-кезек құшақтап қимай қоштасты. Әсіресе, Елісхан мен Құсманның құшағы әзер ажырады. Әкесінің екеуін дәл осылай қауыштырып, ақтық сапарға аттанғаны есіне түсті ме, әлде осы қоштасудан кейін бірін-бірі көре алмайтындай сезінді ме, Құсман көз жасына ие бола алмады.

Құсман, Сауытбай, Қамза, Қожан, Шақбақбай, Мүтәліп, Сүлеймен, Қабылбек бастаған төрт жүзден астам адам Бопалға қарай көшті.

Бірін-бірі қиыспаған ел тағы бір рет ұлар-шу болып жыласып алды. Алдыңғыларды аттандырып салған Қошуыт, Мардан, Аңғалбай, Рақадыл, Құмар, Кәріштай, Дәуітбай, Беги бастаған топ Елісханның үйіне қайта жиналды. Бұл жиналыс «қалғанымыз қайда барамыз» деген бас қосу екені айтпаса да түсінікті еді.

– Халқым деп қан жылап өткен Абай атамыз «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күңіреніпті деуші еді. Мен де ботасын жұтқа алдырған бозінгендей күй кешіп отырмын, – Елісхан отырғандарға жағалата көз жіберіп сөз бастады. – Осылай көшерде тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұңқырда боламыз деп анттасып едік. Тағдыр тірілер шығатын төбеден көрі, өлілер жататын шұңқырды көбейтті. Тұс-тұсқа көшіп жатқан түріміз мынау. Тарыдай шашылып, етек-жеңімізді қымтай алмай қаламыз ба дегенді ойласам жаным түршігіп, түн ұйқымнан шошып оянамын.

Айналасындағылар Елісханның қажыған қамырықты бет әлпетіне, шарасыздықтан жасаураған ойлы көздеріне аялай қарады. Қанша қиын сәттерде рухты түсіретін, елді мұңайтатын мұндай сөздер айтпаушы еді. Бұлайша үгілмейтін еді, майырылмайтын еді. Аз-ақ күнде қартайып қалғандай көз жиегіндегі әжімдері де жиілей бастапты. Арадағы аз үнсіздіктен кейін сөзін қайта жалғады.

– Жат жұрттың арасында жаутаңкөз болғандыкі ме, адамның ойына қай-қайдағы келеді екен. Алтайда Есімхан, Ырысхан, Оспандар төңкеріс бастап, қытайларды қырып жатыр дегенде қатты қуанып едім. Шіркін, қытай билігін аударып тастайтын құдіреттері болса біз де кері көшіп, соларға қосылсақ деп арт жағыма жалтақтаумен болдым. Енді ойласам, соның бәрі де алыста қалған сияқты. Десе де, «үмітсіз шайтан» деген ғой. Олардан, туған Отанымнан үмітімді әлі де үзе қойған жоқпын. Сол үшін де біз алға қарай көше бергеннен көрі арт жағымызға біртабан жақын, осы елдің батыс солтүстігіндегі Пешавар, Сват, Аббаттабад, Шатрал, Дир секілді таулы-сулы аймақтарды сағалағанымыз теріс болмас. Аталған жерлер арттағы елге біртабан жақын болып қалмастан Ауғанстанмен шекараласады. Арттағы елден қайыр болмаса, түптің түбінде Ауған арқылы Түрік еліне кетуді ойлағанымыз да жөн.

Отырғандар Елісханның бәрін тым терең, арыдан ойлайтын аңғарлы ойына қайран қалды. Ахметқали әдетінше оған мейірімін төге күлімдей қарап:

– Вайсрайдың алдында ел тағдырын шешпегеніңізде күніміз не болар еді. Мына тұрған қытай түгілі менің дәмем сонау Өскемен, Семей жерінен әлі үзіліп көрген жоқ. Сол туып-өскен ыстық ұямнан қашып бара жатқанда да «шіркін-ай, осы далаға қайта оралар күн болар ма екен» деп ішек-бауырым езіліп, өзегіме у құйылған болатын. Жақыннан бері радио құлағын бұрап, орыс жағының хабарын жиі тыңдап жүрмін. Өскен отанының өртке оранғанын ешкім де көргісі келмейді ғой. Алла өзі кешсін, күнәлі болсам да несін жасырайын. Радиодан немістердің орыс жеріне баса-көктеп кіріп бара жатқанын естіген сайын айызым қанып, арқам қозатын болып жүр. Орыстар жеңіліп, қызылдар үкіметі біржола құласа неміске де халық керек. Мүмкін қазақтардың басына да күн туар ма еді дегенді ойлай беремін. Онда мен де Отаныма оралар ма едім, қайтер едім. Сондықтан да Елісхан мырзаның көңіл-күйін жақсы түсініп отырмын. Біреу – ана жердің көйлегі көк екен деп, біреу – мына жердің тамағы тоқ екен деп тұс-тұсқа тартып жатқанда, Елісхан мырзаның біздің ғана емес, тұтас ұлттың болашағына алаңдап отырғанын аңдағандай болдым. Сол үшін де, Елеке, жас та болсаң бас болып келесің, тағы да соңыңнан ереміз. Өз басым не көрсем де сенімен бірге көремін, – деді.

Сөзге Қошуыт араласты:

– Мен де Елісханның сөзіне қосыламын. Әрі басымыз түгел отырғанда мен де айтарымды айтып қалайын деп отырмын. Ағайын арасының ұсақ сөзіне ілесіп, бір-біріміздің көңілімізді ауыртқан болсақ кешіріңіздер, – сөзі осы араға келгенде аз үнсіз қалған Қошуыт жөткірініп алып қайта сөйледі, – айтып айтпай ендігі жерде бәріміз бір жерге жиналып алсақ, жағдайымыз тағы да қиын болар. Сондықтан да осы отырғандарымыздың да бытырай қоныстануымызға тура келетін сияқты.

– Ол да жөн екен.

Отырғандардың үлкенінің бірі Айылбай еді. Қалғандардың жалтақтап отырғанын аңғарған ол:

– Елісхан жас та болса бас болып келеді. Баяғыда Баркөлден көшкенде де, Чиңхайдан көшкенде де ешкімге зорлық жасаған жоқ. Ылғи да: «өздеріңіз біліңіздер» деп келді. Бұл жолы да солай. Көшу-көшпеуді, қайда баруды әркім өзі таңдасын. Елісханның айтып отырғаны – ертеңнің қамы. Бүгін ажырасқанмен, ертең табысатын күнімізді ойлайық дегені ғой. Мен де Елісханмен бірге боламын, – дегенді айтты.

Осы отырғандардың көбі Елісхан бағыттаған аймақтарды көздеп қотарыла бастады. Қошуыт, Мардан бастаған бір топ Пешавар, Сват өңіріне көшсе, Елісхан бастаған Ахметқали, Беги, Сәдей қатарлы бір топ Дир аймағына қарай бет алатын болды.

Жұрт Тәрнавадан қозғалғалы отырғанда тағы бір қайғылы қаза жетті. Төсек тартып жатқанына бірнеше күн болған Елісханның әкесінің орнына әке, ағасының орнына аға, ел қормалы Қожақын ер дүниеден өтті. Жалғыз Қожақын ғана емес, Алтайбай, Сауырбай сияқты небір азаматтар көз жұмды. Бұл қайғы онсыз да мүжіліп, тұс-тұсқа бытырай бастаған елге қабырғасы қайысып жүрген Елісханды есеңгіретіп кетті.

Дирге көшетін күні ағасының басына Құран оқи барып ұзақ егілді. Көз жасы көл болып егіле жылап отыр. Ағыл-тегіл ыстық жас бетін жуа, көптен қырынбаған тікенек сақалдарының арасынан бірін-бірі қуалай, сырт киімінің омырауына домалап жатыр.

– Менің атам, сенің әкең Жамысбайдың сүйегі Баркөлде қалып еді. Ұлы әкелеріңіз Кәдірбек пен Ораздың сүйегі Алтайда жатыр деуші едіңіздер, одан арғы Мыңжасар мен Бектемірдің сүйегі Қазақстан жерінде қалғанын талай айтып едіңіздер ғой. Енді, міне, өзің сол далалардан мүлдем аулақта, жат жерде – үнді топырағында қалдың. Жер бетіне өлік шашып жүретіндей тағдырға не жазып едік. «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер, аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер». Әкем Әліптен айырылып қан жұтып қалғаным аз болғандай, інім Сетерханнан тірі айырылып едім. Қанатым да, құйрығым да сен болып, ұшсам да, қонсам да өзіңді медеу көруші едім ғой. Енді кімді «кіші аға» деймін. Енді кімге еркелеймін. Арт жағыңда маңырап қалған қос қозың – Томық пен Шәміктің де қызығын көре алмай кеттің-ау. Мен көз ашқалы рахатпен көсілген бір күніңді де көре алмадым ғой, өмірің ат үстінде өтіп, жаның жат жерде қиылды-ау.

Ахметқали молда екінші қайтара Құран оқығанда барып есін жиған Елісхан қанатының бір жағы сынып түскендей, бүгіліп қалған белін зорға көтерді.

* * *

Қожақын өмірден кеткелі Елісханның күрсінісі көбейе беретін болған. Дирге келгелі үйден ұзап шықпай, көбінесе балаларының қасында болды. Сонда да тыныш жата алмай, қол-аяқты жігіттерді олай-бұлай шаптырып ойға, қырға кеткен елдің хабарына да құлақ түріп отырды. Бірақ бәрінен жақсы хабардан көрі суық желдей сумаң қаққан қазалы хабарлар келетін болды. Талай қанды ұрыстарды бастан бірге кешірген Қошуыт, Мардан, Құмар, Ағзам, Илияз, Аңғалбай секілді адамдардың қазасы да бірінен кейін бірі жетіп жатты.

Елісханның ендігі алданышы – қос көбелегі ғана. Соларды ермек қылып, бала тілдерін қызықтап, өзін жұбататын болды.

- Райхан, сен кімсің?
- Алһамдуллила мұсылманмын. Затым – түрік, ұлтым – қазақ.
- Кімнің баласысың?
- Елісхан батырдың баласымын.
- Батырдың деуін қара, әкең батыр ма?
- Елдер айтады ғой. Әкең қытайдан қорықпайды, дүңгеннен қорықпайды, үндуден қорықпайды, батыр деп.
- Руың не?
- Руым – керей. Керей ішінде жәнтекей, оның ішінде тасбике.
- О, бәрекелді, міне, нағыз әкесінің баласы, ата-тегінің бәрін біледі. Сенің бауырыңның аты кім?

– Аминоллахан, – осыны айтқан Райхан орнынан тұра жүгіріп, Бәтиманың құшағында отырған алты айлық бауырын бетінен шопылдата сүйді. Сосын:

– Әке, менің ағам неге жоқ? – деп нәркес көздерін әкесіне қадады.

Баладан мұндай сұрақ күтпеген Елісхан қапелімде не айтарын білмей меңзең күйде отырып қалды.

– Ағаң-ағаң... – деп күбірлей берді.

Көз алдына сол баяғы қырғын елестеді. Қып-қызыл қанға бөккен қос сәбиі Өнерхан мен Әнуарханды алғашқы жары Зүбәйданың қанға толған құшағына орап қара жерге, қаншама қанды көбік жұтса да тоймайтын қатыгез жердің құшағына көміп тастаған. Сол қос сәбиі «әке, әкелеп» қанға шыланып жүгіріп келе жатқандай болып түсінен талай шошып оянған. Ал інілері Әлемхан мен Сетерхан кіші шешесі Шәрбанмен бірге жау қолында кеткеннен бері күні бүгінге дейін еш дерек жоқ. Әйтеуір Сетерхан түсіне жиі еніп мазалағанын қоймайды.

– Ағаң, ағаң... бар, алыста, алыста қалды, – деп белгісіз күбірледі Елісхан.

Ештеңеге бас имей, неге болса да қасқая қарсы қарап тұратын күйеуінің күйреуік болып бара жатқанына қатты қаймығып жүрген Зәйіп:

– Райхан, сенің ағаларың көп қой. Томық пен Шәмік ағаң бар, Әтейхан ағаң бар. Нағашы ағаң Кәрмен сені сағынып отырған шығар. Соларға барып келші, – деп сөзін басқаға бұрған болды.

Зәйіптің бауыры Кәрменнің үйі Елісханмен қанаттас еді. Әкесінің бетіне жалтақ-жалтақ қараған Райхан солай қарай жүгіріп кетті.

Зәйіптің есіне де қай-қайдағы оралды. Елісханның кіші шешесі Шәрбан Зәйіптің туған әпекесі еді. Әліп Шәріпханды асырап алған соң оған балдызы Зәйіпті айттырған болатын. Жазмыштан озмыш жоқ. Шәріпхан жау қолынан өлген соң, бір жағы нағашы жұрты, бір жағы әмеңгер жесірі ретінде үлкендер Елісханға қаратқан болатын. Содан бері қаншама қиын кезеңдерді бірге өткізіп келеді. Күйеуінің әрбір қабақ қағысынан тартып, бұған бәрі де қанық. Кейіннен Елісхан Бәтиманы кіші әйелдікке алса да, оған алабөтендік танытқан емес. Өзінің бірге туған сіңілісіндей сыйласып осы шаңырақтың ауыртпалығын бірге көтерді. Әсіресе, мынадай жат ел, жат жерде жүргенде еркек үшін үйдегі әйелдің жылы жүзі шуақ сыйлайтынын Зәйіп жақсы біледі. Сол үшін де екі әйел Елісханды алақандарында ұстауға тырысады. Әншейінде көп күле бермейтін Зәйіп азырақ езу тартқан болып:

– Мырзам, қай-қайдағыны ойлай беріп қайтесің. Дүние жалғанның түбіне кім жетеді дейсің, – деді.

– Жүрегің тас емес, еттен жаралған соң кей-кейде ойламасты ойлап кетеді екенсің.

– Кім ойламайды дейсің, біз де ойлаймыз. Айтқымыз келмейді. Сені аяймыз. Әпекем Шәрбан да ауық-ауық түсіме кіре береді. Қолын бұлғап шақырады «Ана Елісханға айтшы, жоғалған құлындарын тауып алсын» дейді. Саған айта беріп ойға салып қайтемін деймін. Соңғы күндері ылғи өлгендердің арасында жүремін. Жүйкемнің шаршағаны шығар деп өзімді-өзім жұбатамын. Сенің де құлақ етіңді жеп қайтемін деп айтпаймын.

Осыны айтқан Зәйіп шылауышының ұшымен көзін сүрткіштей берді.

Әншейінде бұлайша егіле бермейтін Зәйіптің көз жасын көрген Елісхан «осының бәрі өзімнің еркектік мінезден айырылып, жасықтық көрсеткенімнің кесірі» деп ойлады. Сөйтті де, кеңірдегіне кептелген запыранның қылғына жұтып, қатты-қатты сөйледі:

– Болды, болды, жаман ырым бастап қорсылдай бермеші. Не болған саған?!

Айтарын айтса да жарының мұңлы, жүдеу кескініне аялай қарады. Орнынан тұрып, сыртқа беттеді.

Көгілдір тауларға көз сүзіп, алыстан естіліп жатқан су сыңғырына құлақ түрді. Көкірегін кере дем алды. Ауылға қарай жаяу аяндап келе жатқан бірнеше бейсауат адамды көріп елеңдей қалды. «Бұлары кім, тағы кімнің қазасын жеткізер екен» деген шошымалы көңілмен тағатсыздана қарады.

Келген жігіттердің түсін шырамытқанымен, толық тани алмады. Аман-сәлемнен кейін:

– Жол болсын, жігіттер, қай жақтан келе жатырсыңдар? – деді.

– Елісхан аға-ау, бізді шынымен-ақ танымай отырсыз ба, біз сіздерден бөлініп қалған Кәрібай, Сағындық ауылының жігіттері емеспіз бе? – деді.

Елісхан сонда барып оларды қайта бас салды:

– Қарғаларым-ай, сендерді қырылып қалған елдің арасында қалды ма десек, тірі екенсіңдер ғой. Енді есіме түсті, біз Нақшадан көше жөнелгенде артымыздан таңғыттар қуып, алды-артымызды түгендей алмай қалып едік. Сонда біраз ауылдар қалып қойды деп естігенбіз, сол ауылдың жігіттері екенсіңдер ғой.

– Иә, иә, дәл солай, – деді өзін Дәуіт деп таныстырған жас жігіт, – қасымдағы бала жігіттің аты Касылиң, баяғыда Ма Жұңиың аталатын дүңген генералы қытайларға қарсы аттанғанда туған бала екен. Онда Ма Жұңиыңның Ка деген лақап атына сылиң деген әскери шенін қосып Касылиң атаған ғой. Бұл жігіттің шын есімі сол генералмен аттас Касылиң атанғанымен жұрт оны Кәсей деп атап кеткен.

Арт жақтағы елден келгендердің хабары төңіректе отырғандарға лезімге таралып, ауыл адамдары жинала бастады. Екеуін ортаға алған топ тұс-тұстан сұрақ жаудырып жатыр.

Әсілінде, Тибет жеріне келгенде Елісхан ауылынан бөлініп қалған көп көш болған екен. Соның бірі Түсіпақын, Мұсалардың ауылы болып, таңғыттардан қырғын тауып бей-берекет тозып кетіпті. Бір бөлімі олардың қолына түсіп ит көрмеген қорлықты көріпті. Соның бірі Сағындық, Кәрібай, Мұқай ауылдары екен. Елісхандарды қуып жетіп құрта алмай қалған таңғыттар ендігі өшін қалғандардан алғысы келгендей Нақшадан екі күндік бір жерге апарып, іске жарайтын барлық адамға сегіз ай бойы тезек тергізіпті. Одан Нақшаға қайта айдап апарып тағы да ауыр еңбекке салыпты. Ұрып-соғу, жәбір-жапа, аш-жалаңаштық жанына батқан қазақтар тұс-тұсқа қашыпты. Сөйтіп, Сағындық, Кәрібай бастаған бес-алты түгін Үндістанға тартыпты. Мұқай дарғы бастаған бірнеше түгін бұлардан бөлініп қалып, арттағы елге қарай қашқан екен.

Ұйғыр саудагерлердің жол көрсетуімен Үндістан жеріне аман-есен өткен бұлар табанынан тас тіліп, маңдайынан күн өтіп дегендей небір машақатпен

Кашмир жеріне ілініпті. Жергілікті халықтан алдыңғы көштің дерегін біліп Пешавар, Мардан өңіріне келген екен. Ондағы шақабай жігіттерінің жол көрсетуімен бір жағы жер шалып, бір жағы ел бастаған Елісханға аман-сәлем жасап ақыл сұрау үшін неше күндей жаяулап жүріп жеткен беті екен. Бұларды бастап келген үлкендердің айтуы бойынша туыстарына тартып, Бопалға кеткен елдің артынан бармақшы көрінеді.

Дәуіттің әңгімесін бар ықыласымен тыңдаған жұрт оларға енді сұрақтар қоя бастады.

– Чиңхай жерінде қалған қазақтармен байланыстарың болды ма, олардың күні не болыпты?

– Бізге ешкім арнайы хабар әкелмесе де аңшылар мен жортуылшылардың бір таудан бір тауға жортып, біреудікін біреуге қоспай жүретін жырындылықтары бар емес пе!? Тіпті біздің қазекендерден де таңғыттардың жеріне келіп қора-қора қойын қуып кеткендер аз болмаған көрінеді. Сөйтіп, арадағы ат тұяғы үзілмеген соң біздің жақтың хабары арттағы елге, олардың хабары бізге еміс-еміс жетіп жатады.

Естігендерімізді несін жасырайық, сұрасаңыздар білгенімізді айтып береміз ғой.

– Біздің артымыздан тағы да келгелі жатқандар жоқ па?

– Нақшада қамалып қалған біздің Үндістанға қашқалы отырғанымызды естіген Тұңғышбай, Ақын, Рақи молда бастаған бір топ та тибет жеріне келіпті деп естігеміз. Артынан таңғыт, алдынан шекарашылар шығып, қатты атысып, көбі қырылған көрінеді. Бір бөлім тірі қалғандар қайта артқа қашып кетіпті деп естідік. Біреулер Тұңғышбайды сол соғыста өлді дейді. Біреулер таңғыттар оны тірідей ұстап алып Шынжаңға қайтарғалы алып кетті дейді. Анық-қанығын жақсы білмейміз. Әйтеуір ауылының шекарадан өте алмай қырғынға ұшырағаны рас.

– Е-е, байқұстар-ай, Тұңғышбай да талай қанды қырғыннан аман келе жатқан көнекөздердің бірі еді. Оның да көзін құртты деші.

– Ма Буфаңның маңында қалған елдің жағдайы не болыпты?

– Ма Буфаң Қасым батырды, Нұрғали үкірдайды атып өлтіргенімен қоймай, Әйембет уаң мен Әлібайдың ауылы мен бала-шағасын да қырып салған екен. Қалған елді қолға ұстау үшін ілікке жарайтын балалардың бәрін оқу және жұмысқа деп сыпырып алыпты. Көлігінен бір, баласынан екі айырылған Солтаншәріп ауылы амалсыз дүнгендерді жағалап отырған көрінеді. Арттағы елге ие болған да сол кісі дейді. Қажырадағы қырғынды естіген боларсыздар, сол қырғында қолға түскен бес жүзге тарта қыз-келіншек пен ер баланың көбін де Солтаншәріп тәйжі қайтарып алыпты деп естідік.

– Е, Ма Буфаң жауыз түк таппағандай балаларға да ауыз салған екен ғой. Бір есептен Солтаншәріптің көше алмай қалғаны да жақсы болған екен. Қанша дегенмен аңғарлы адам ғой. Дүнгендермен қалай сөйлесуді біледі. Ол кісі болмаса қалғандары әркім өз басын аман алып қашқандай екен. Айтпақшы, жаңағы қыз-қатындар мен бала-шағаны айырып аламыз деп жауды қуған

өрімдей қалың жігіт Тәйжінұрдың ойында қырылып қалыпты деп естіп едік. Одан не білерің бар?

– Оны кейінгі жұрт «қырық жігіттің қырғыны» деп атап жүр. Анығында, жетпістей адам екен. Жол-жөнекей кері кеткені бар, қашып кеткені бар, соғысқа кіргенде елу жігіт болыпты. Отыз жетісі бір жолда қырылған екен. Он екі, он үш жігіт аман құтылыпты. Қатыран, Мәсекей, Еңсеген деген жігіттер жаралы болып, әйтеуір аман құтылыпты деседі. Ал қалай аман қалғанын білмейміз, Мәлік, Мәсей, Хамит, Жұмай, Жақып, Какарман, Шұнай, Қопан, Қауас, Құсман деген жігіттер де аман қалыпты деп естідік. Ішінде бірнешеуі жыңғылға шапанын жауып қойып қашып кетіпті десіп те жүр.

– Әй-и, қандай қан кешкен ерлік болған жерде опасыздық пен сатқындық та бірге жүреді екен ғой. Ондай опасыздардың басқаларды отқа тастап қашуға дәті қалай барды екен деші. Иә, иә, сөзіңді бөліп жібердім-ау, айта бер, айта ғой.

– Соның ішінде айтушылар Бурахан деген жігіттің батырлығын тамсана айтады. Дүнген армиясына ең жақын барып, талайын жамсатқан сол жігіт екен. Ақыры жараланып барып алдымен қолға түсіпті. Дүнгендер желкесіне мылтықты тіреп тұрып, жігіттеріңе «беріл, бағын!» деп айқайла деген көрінеді. Сонда ол бар дауысымен айғайлап: «Сендердің әскерлеріңді қынадай қырған Елісхан мен Мейірімханның інісі мен боламын. Арманым сендермен соғысып өлу еді, соған жеткендей көп әскеріңді мен қырдым, өлмей қалсам тағы қырамын. Жігіттер, өлімнен қорықпаңдар, атыңдар сұмырайларды!» депті дейді. Нақ қайсар жігіт екен. Жаулар қалғандарының көзінше кескілеп өлтіргенде де мыңқ етпеген күйі көз жұмған екен.

Манадан бері әңгімені үнсіз тындап отырған Елісхан Бураханның әңгімесін естігенде көзіне жас алды.

– Иманды болсын, әкемнің інісі Қожамбергеннің ұлы еді. Кішкене бала сияқты көрінетін. Көз алдымызда көлбеңдеп өсті емес пе. Өлсе де анасының сүтін ақтап өлген екен ғой, қарғам! – деп күйзеліспен күңіренді. Елісханның тұнжырап қалған жүдеу кескініне аяушылықпен қараған айналасындағылар үнсіз қалып еді, ендігі сөзді өзі қозғады:

– Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі деген. Марқұм болғандардың бәрі де – елі үшін құрбан болған шаһидтер. Олардың о дүниедегі орыны жәннат болмақ, – осыны айтқан ол кеудесін көтеріп жүзіне жұбаныш ұялатып: – Жә, өлгендерді айта бермей, бір уақ өлтіргендерді айтыңдаршы, Өр Алтайдағы Есімхан, Ырысхан, Оспан батырлар бастаған төңкерістен хабарларың бар ма? – деп Дәуіттің бетіне тесілді.

Бурахан жайындағы әңгімені айтарын айтса да сәл ыңғайсызданып қалған Дәуіт те мына сұрақтан кейін қайта серпілді:

– Алғашқы көтеріліп шыққан жылы Ырысханға у беріп өлтірілгенін естіген боларсыздар. Қалғанының көбін алдамалап қолға түсіріп, қытайлар қанды шеңгелін қайта салған көрінеді. Ендігі көтерілісті жұрт бағынғанда бағынбай Құбының құмына кіріп кеткен Оспан батыр бастаған екен. Өзі асқан әдісшіл, атқан оғы жерге түспейтін мерген дейді. Жауды шырғалап сай-салаға кіргізіп

алып, оп-оңай қыра салатын көрінеді. Бүкіл Алтай елі дүркіреп Оспанның қолына қосылып, қазір ұлы қосынға айналған екен.

– Шіркін-ай деші... – Елісхан жігіттің жүзіне жымия қарап Оспанның ерлігін өз көзімен көріп отырғандай сүйінді, – нағыз еркек екен ғой, арамыздың шалғай қалғанын қарашы. Әттең, бір-бірімізді ерте біліскен болсақ ол Алтайда, біз Баркөлде ұрыс салмас па едік. Дәл қазір арамызда қаншама таулар жатыр. Қанатым болса қазір-ақ ұшып жетер едім. Қазақтың маңдайына бір ұл туған екен ғой. Алла жолын жарық қылсын!

Осыдан кейінгі әңгіме де ұзаққа созылды. Жігіттердің жаяу жүріспен қалжырап келгеніне қарамай әңгімешілер әбден титықтатты.

Бірде көз алдына арттағы елдің аянышты тағдыры келсе, енді бірде атқа қонған Оспан сарбаздарының айбынды тұлғасы елестеп, Елісхан түнімен дөңбекшіп, таңға жақын эзер көз ілді. Қонақ жігіттермен бірге күн қызара орнынан тұрған ол Зәйіптің арса-арсасы шығып жүдеңкі тартқан қан-сөлсіз жүзін көріп, аңырып қалды. Алғашында кешегі салқындықтың әсері ме деп ойлап еді, барған сайын ыңқыл-сыңқылы көбейе берген соң іргелес ауылдан дәрігер шақыртты.

Жігіттер аттана салысымен дәрігерлер де келіп үлгерді. Таңертең сүйегіне қарысып орнынан эзер тұрған Зәйіп енді мүлдемге жатып қалды.

– Басым көтертпей тұр, – деп бүкіл денесі от болып жанып, селкілдей бастады. Дәрігерлердің берген дәрісі мен салған уколаның да септігі болмады. Қасына Райханды шақырып алып, маңдайынан бір иіскеді де, оны «Кәрмен ағанды ертіп келші» деп сыртқа қоя берді. Елісхан мен Бәтиманы қасына шақырып алып:

– Неше күннен бері денем салдырттап, басым көтертпей-ақ қойғаны. «Қорыққанға қос көрінеді» деп елемей қояйын десем де, іштей алаңдап едім. Ақыры оңалатын түрім жоқ. Оқыстан көзім жұмылып кетсе қос көбелекті аялап өсіріндер. Бәтима қарағым, сені сіңілімдей көріп едім. Өзіңнен тумаса да туғандай сана, тіпті ана ұлды бауырыңа салып, өз балаң етіп өсір. Менен туғанын білмей-ақ қойсын. Жалғыз тұяқ қой. Жетімдік көрмей өссін. Көрінгенге жаутаңдап жүрмесін. Мырзам, сен еркексің ғой. Белінді бекіт, болмашыға езілме. Тағдырдың ісі ғой. Атам мен апам шақырып жатқан сияқты. Солардың жанына барамын. Сендер аман болындар, – осыларды айтқан Зәйіптің үні қорылдай барып біржолата өшіп қалды.

Есіктен қатарынан жүгіріп кірген Кәрмен мен Райхан Елісхан мен Бәтиманың жанарындағы жасты көріп, шошып кетті. Бәтиманың еңірей жылаған ащы үні көтерілді. Райхан жүгірген бойы келіп шешесін бас салды:

– Шеше, шеше, сізге не болған. Шеше, шеше, көзіңізді ашыңызшы, сөйлеңізші. Нағашы ағанды ертіп кел деп едің ғой. Енді неге сөйлемейсің, шеше...

Қаншама қайрат танытқысы келсе де, Елісхан көзінен аққан жасқа ие бола алмады. Райханды анасының үстінен көтеріп алып:

– Балам, ол ұзаққа кетті. Қайтып кетті. Енді бізге тіл қатпайды! – деді кемсеңдеп.

– Шеше, шеше деймін, бізді тастап қайда кеттің. Басыңды неге көтермейсің!? – деп құлын да құлыны шыққан Райхан бәрібір тоқтай қойған жоқ.

Ертесі Зәйіпті жерлеп қайтып келгеннен кейін де нәр татпай сұлық жатып қалды. Кешкісін оның да қызуы өрлеп, сандырақтай бастады:

– Апа, апа, қараңғыдан қорқып тұрмын. Бері келші, қолымнан ұсташы, – деп ауық-ауық селкілдейді. Үй ішіндегілер оны шеше қазасына қан жылаудан болған қасіреттің соққысы деп ойлаған еді. Олай болмады. Келесі таңның жарығы жер бетіне төгіле бастағанда оның да тынысы тоқтап қалды.

Жылаудың көкесі енді басталды. Ащы зар, өксік шер, жүректі езерлік удай нала онсыз да қазалы отырған ауылға тағы бір қайғы бұлтын жаба салып, сүйектен өтерлік суық ызғарын бүрікті.

Қос бірдей қаза Елісханның жүрегін езгілеп, тұла-бойын түршіктіріп кетті. Өзегін өрлеп-құлдап жүгірген бір кесек шоқ ішін күйдіріп барады. Көкірек қуысын шыжғырып қып-қызыл жалын аузынан бұрқырағанмен, сырты мұздай суық.

Бүкіл ауылы қырылып, қанға белшесінен батқанда дәл осылай егіліп еді. Бірақ ол кезде жастықтың жалыны күшті болды ма, еңсесін тез көтеріп алған. Айналасында да «айналайын» дейтін қауымы да көп болған еді. Ертеңіне деген үміті мен жұбанышы да басым болатын. Бұл жолғы қайғы жарық жалғанды тым сүркей, суық сезіндіріп, қарашада қалған жалғыз жапырақтай қалтыратып жіберді. Кең дүниенің құшағы мүлдемге тарылып, темір томаға кигізгендей тынысын буып барады.

Сонда да тірі адамға тірлік керек. Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Бойына қайрат жиып белін тас қылып буып алды. Марқұмдарды ақтық сапарға аттандырып, соңғы жұмыстарын ыңғайлап болғаннан кейінгі бір күні үй қасындағы дөңге қарай аяңдады. Елісханның төбесін көрген Ахметқали молда да осылай ілбіп келеді. Елісханның ауылы қазалы болып жатқанда оның да қолындағы жалғыз ұлы Абдулхамит көз жұмған еді. Екі мұңлық бірін-бірі құшақтап, бір қауым үнсіз тұрды.

– Қайтеміз, көнеміз, Алланың жазған жазу, сызған сызығынан аспақ жоқ, Елісхан Ахметқалидың баяғы тіп-тік сындарлы тұлғасының мүлдемге шөгіп, еңкіш тартқан бүкір шалға айнала бастағанын көрді. Жақ сүйектері шодырайып, аққұба жүзін айғыз-айғыз әжім торлап, еріндері де жарылып кетіпті. Тарамыстанған арық етсіз саусақтарымен Елісханның қолын жібермеген күйі:

– Баяғыда айтып едім ғой. Шалдардың қарғысы тиді ме екен деп, ол кезде мені қарғағаны емес, қызылдарды қарғағаны ғой деп ойлап, өзімді-өзім жұбатып едім. Енді ойласам, соның бәрі айнымай келген сияқты. Шалдардың қарғысы маған тигенше, маған сол сөзді айтқызған қызылдарға неге тимеді екен деші. Басымнан сорым бір арылмай-ақ қойды. Бір ұлым жау қолында қалды. Өлі ме, тірі ме, бір Алла біледі. Бір ұлым, міне үнду топырағында қалды. Екі қызым орыс жерінде, қолымда жалғыз көбелегім Рапийқ қалды. Өзегімді қаншама мұң өртесе де Абдулхамитымды жалғыз тұяқ басарым деп

жұбанып жүруші ем. Енді одан да айырылдым. Алла Тағала құлынымды алғанша мені неге алмады екен. Ендігі тартпағаным кубас болып қалу еді, – деп кемсеңдеді.

Кеше ғана екі үйдің арасында көбелектей көлбеңдеп бірін-бірі қуып, жасырынбақ ойнап жүрген Райхан мен Абдулхамиттың бүгін қара топырақты жамылып үнсіз жатқанын ойлағанда Елісханның да өзегі от болды. Бұл жолы жылаған жоқ. Қайта Ахметқалиды бекіткісі келгендей оған жұмсақ зекіді:

– «Үмітсіз шайтан» деп өзіңіз көп айтушы едіңіз ғой. Кубас деп қайдағыны айтпаңыз. Шалғайда қалса да Алла берген екі қызыңыз бар, адасып қалған Ауғанбайыңыз да кебін киіп қалған жоқ, кебенекпен кетті. Қолыңызда Рапиығыңыз отыр. Солардың тілеуін тілеңіз! – деді.

Көзіне келген жасты қолының сыртымен сүртіп басын изеген Ахметқали:

– Рас, рас, күнәліміз ғой. Мүмкін сол күнәларымыздың тақсыретін тартып жатқан шығармыз. Күнәлі екенімізді біліп тұрып кейде Тәңірге тіл тигіземіз. Бұл біздің әлсіз пенделігіміз ғой. Пәруардигер, Жаратушым, бір өзің кешіре көр, – деп ауыр күрсінді.

Елісхан алыста мұнарлана көсіліп жатқан жасыл белдерге мұңая қарап баяу сөйлеп тұр.

– Адамның кіндік қаны тамған, кіндігінің ұшы көмілген жерімен сабақтасып, тамырласып жататын қасиеті болады екен. Сол жеріңнен, ата-бабаңның күл төккен қасиетті даласынан айырылған соң жермен жалғасып жатқан кіндігің үзіліп кеткендей тамырсыз қаңбаққа айналасың, жел қалай соқса солай домалап кете барасың. Басқасын айтпағанда, туған жер, өскен ортаңның суы да, ауасы да ем екен ғой. Оның әр тал шөбі мен әр уыс топырағының өзі дәрі. Ал біз бәрінен шалғай жүрміз. Қаншама дәрі-укол істеткеніне қарамай адамдарымыз әлі қырылып жатыр, мүбәда осы адамдардың бір тобын аэропланға отырғызып туған жерінің бір түп жусанын иіскетсе, бүкіл дертінен құлан-таза айығып, мүлдем сауығып кетер еді. Шіркін, туған даланың қасиетін айтсаңшы.

Елісханның бұлайша езілгенін көрмеген Ахметқали оның сағыныш зарына маталған қапырық көңілінің құлазып тұрғанын аңғарды. «Бұл бүкіл елге ие болғысы келеді, бүкіл қауымның азаттығы үшін арпалысып келеді. Жатса-тұрса өзін емес, өзгені, бәрімізді ойлайды. Ал біздер... Осы асыл туған бекзаттың қадіріне жете алдық па екен десеңші. Жоқ, әлде жаулары жағасынан алғанда бөрі болып етегінен алған ағайындары да аз болмаған шығармыз. Тіпті осында келгеннен кейін де бірлі-жарым тентектер мұның сөзін тыңдамай көршілердің қорасына қол салып, өзгенің алдында қара бет қыла жаздады емес пе. Соның бәрін ашумен, ызамен емес, ағайынның бірлігін, елдің ертеңгі тұтастығын ойлап ақылмен шешіп келеді. Ел ойламағанды ойлап, талай қысылтаяннан жол тауып шықты. Қазағым дегенде ішкен асын жерге қояды. Ар-намысқа келгенде арыстаннан да айбатты болып бәріне қарсы шауып келді. Енді, міне, бұл да жүдеп, қажып, күйзеліп тұр. Сол күйзелген жанына қайсымыз сүйеуші бола алдық. Қайран ер-ай, сенің де қанатың талып, қабырғаң қайысып отыр екен-ау».

Осыларды ойлаған Ахметқали Елісханның жүзіне туған інісіне қарағандай жылы мейірмен үнілді.

– Иә, айта берсең шер таусылмайды. Қайғы-шерін айтып тауысқан жан жоқ. Қайта сол қайғы-шер өзекті өрлеген жыланға айналып өзімізді құртады. «Болмас іске болаттан да берік бол» деген бар емес пе. Өзіңе керек болмасаң, да елге керексің. Мықты бол, інім!

– Ақа, сіз аға, мен іні болып араласқанымызға да біраз жылдың жүзі болды. Бір-біріміздің жамандығымызды көргеміз жоқ. Ең үлкен табысымыз бірімізді-біріміз толық таныдық. Аз ғұмырда сыйласа білдік. Сізге айтпаған сырымды кімге айтамын. Ерте ме, кеш пе, бір ажалдың бары хақ қой. Дегенмен де, оқыстан үзіліп кетсем, жаназамды өзіңіз оқыңыз.

Елісханнан мұндай сөз күтпеген Ахметқалидың көзінен жас ыршып кетті.

– Кәрі өле ме, жас өле ме, ол бір Алланың қолында ғой. Десе де, ахиретті ойлау – әр мұсылманның парызы. Ол айтқаның жөн ғой. Сенен бұрын мен кетіп қалсам ше. Алла ондайдың бетін ары қылсын. Екеумізге де ғұмыр берсін. Мүбәда солай болып бара жатса алдында өткен ағаттықтарым болса кешерсің. Артқы жұмыстарымды өзің ыңғайлап жалғыз көбелегіме көз-құлақ боларсың. Күндердің күнінде ел мен араласып хат-хабар алысатын күн туып жатса Қазақстанда қалып қойған қыздарым мен Қытайда адасып қалған ұлым есінде болсын.

– Қай-қайдағыны айтып кеттік-ау, аға, – Елісхан мұннан арылғысы келгендей серпіле сөйледі, – екеуміз де елге керекпіз. Бүгін бытырап кеткенмен осы елдің басын ертең қайта қосуымыз керек. Мына Үнді топырағы бізге мекен болмайды. Ары ойлап, бері ойлап өткен-кеткенді көп толғадым. Бізге Түркиядан артық мекен жоқ екен. Өттең, мойны қашықтау. Бұрын «Түркия мекен болмаса, Мекке-Мединеге дейін барамыз» деп ойлаушы едім. Енді ойласам оным әйтеуір Алла жолында деген тәтті қиял екен. Бәрібір жүрегімізде – Алла. Дінімізді, еркіндігімізді қорғау жолында күресіп келеміз ғой. Қазірше қаны бір түріктерден жақын туыс жоқ екен. Осында келгелі де оқыған-тоқыған үнді азаматтарымен шолақ тілмен көп шүйіркелестім. Бұл елдің өзі ағылшынның билеуінде отыр. Болашағы не болады. Тіпті мұсылмандар билік басына шыққан күнде де мұсылман-кәпір болып қырқысып тоқтамауы да мүмкін. Осы мұраттарды орындау үшін аман болғанымызға не жетсін. Қайсымыз тірі болсақ та елді Түркияға бастауды ұмытпайық. Арттағы елге қайтамыз ба, Оспанға қосылып кәпірлермен соғыс жүргіземіз бе деп ойлаушы едім. Ел бастайтын серкелердің бәрі де өліп бітті. Енді қатын-қалаш жас баланы қытайға қарай қайта сүйрегенше, жақсы ит өлімтігін көрсетпейді. Ауғанстан жағынан да тың тыңдап көріп едім, ол елде құтыртқыш шөп өседі дейді. Түбі түрік бауырларымызға жетіп жығылсақ олар бізді сыртқа теппес еді. Аға, сол үшін де өлмейікші... бола ма?

Елісханның шуақтана қараған жаз дидарын көріп Ахметқали да сергіп қалды. Жаңағы сөздеріне разы болды ма, әлде қиғысы келмей тұр ма, оны тағы бір мәрте тас қылып құшақтап, бетіне бетін тигізіп бір қауым үнсіз тұрды.

Олар дөңнен түскенде батыстағы биік шыңның шекесіне ілінген қып-қызыл күн соңғы шапағын шашып, ары қарай сырғанап бара жатты. Үшкілдене сүйірленіп, бұлтсыз аспанның көгілжім тұңғиығына сұғына ұшқан тырналар керуенінің соңғы қиқуы талықсып естілді.

Ертесі ертемен жұрт Зураханның мұңлы зарымен оянды. Ахметқалидың үйіне жүгірді. Түнімен қатты қиналып, таң ата көз жұмған екен.

Елісханның хабарлауымен көршілес мұсылмандар да келді. Елісхан Баруын аталатын мешіттің қасындағы зираттықты таңдап, Зәйіпті және Райхан мен Абдулхамитты осында жерлеп еді. Ахметқалиды да сонда апарды.

Кеше ғана тірі жүрген, талайдан бері тағдырлас, тамырлас болып қабырғасына сүйеу, жанына медеу болып келе жатқан аяулы жанынан айырылу Елісханды тағы да есеңгіретіп тастады. Құлазудың көкесі енді болды. Айналасынан аңыраған сүркейлі боранға ықтасын болатын қорғанының бәрі құлап, іргеден кірген сумақы ызғар, жаға мен жеңнен азынап, тұтас қойны-қонышын тіміскіледі. Қараша шатырдың астын дымқыл суық кеулеп, мүлдемге тондырды

Ахметқалидың өлімін өткерген соң өзінің бар туыстарын үйіне шақырып алды. Айылбай, Кәрмен, Күлпаран, Әтейхан, Томық, Сәдей, Захан, Мәрихан, Бәтима – бәрі-бәріне жағалата көз жіберіп, ауыр күрсінді.

– Сендерден несін жасырайын. Менің де денсаулығым сыр беріп жүр. Дәрігерге қаралайын деп отырмын. Десе де, ажал айтып келмейді. Бүгінгі бар адамның ертең жоқ болып жатқанын көздеріңмен көріп отырсындар. Кеше кеште ғана менімен шүйіркелесіп кеткен Ахметқали молда бүгін жоқ. Сондықтан да төрт қара көз толық отырғанда айтарымды айтып қалайын деп отырмын. Қорқып-абыржитын дәнеңе жоқ. Бәрі де Алланың ісі! – деді. Бәтима көзіне жас алып еді, – қайтесің, естеріңде болсын, жылағанмен өлген адам тірілмейді. Жылағаннан орнына келетін нәрсе болса, біздің жылағанымызға да он неше жыл болды. Көз жасы сарқылатын болса, жанарымыз баяғыда-ақ суалып қалар еді. Әрине, пенде болған соң жыламай тұра алмаймыз. Бірақ оның өлгендер үшін де, тірілер үшін де еш пайдасы жоқ, – деп жанарын жанарына қадады, – айтарымды осында айтып қалайын деп бастарыңды әдейі қосып отырмын. «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген рас екен. Егер қазақтың өз Отаны болса бұлайша тентіреп, жер бетінің жетімдеріне айналмас едік. Абылайдың заманындай ханымыз болса, қара ордамыз болса көрінгенге мазақ болмас едік.

Ел үшін қанша күресем де, арманыма жете алмадым. Дүние деген нәрсе осы арманымен қымбат шығар. Әйтпесе дүние-жалған бола ма. Бізді туған даламыздан, ұшқан ұямыздан айырған сұмдардың көзін жойып халқымды қара мекеніне қайта қондырсам деп көп ойлаушы едім. Жауыздықтың өрті орманымызды отқа орап, қайта айналып қонамыз ба деген алтын ұямызды күлге айналдырды. Қайтейін, қанатым қырқылды, қабырғам сөгілді, дәрменім құрып, әлім азайды. Енді сол бұрынғы ата-бабаларымызша: «біз көре алмаған жақсы күндерді ұрпақтарымыз көрсе екен» деген арманды арқалап, бұл пәниге қош айтып, басқалар кетіп жатқан үлкен ауылға кететін уақытым алыс емес

сияқты. Әрқашан дұшпандарыңның алдында еңселеріңді еш түсірмей, өздеріңді өр ұстандар. Жаның шығып бара жатса да жауыңның көзінен көзіңді тайдырмай, тік қарап өлуің керек. Мені де алған бетімнен қайтармаған осы рух еді.

Елді жаудың қолына тастамай, мұсылмандардың арасына, бейбіт елдің ортасына әкелгеніме қуанып едім, жабысқан қырсықтан арыла алмай-ақ қойдым. Егер бәріміздің басымыз бүтін, бауырымыз түгел болып тұрса ешкімнен кем-қор болмас едік. Бұл да болса Тәңірдің сынағы шығар. Енді осы сынаққа төзу үшін ұрпақтарыңды тұрғылықты елге сіңіріп жіберіп қазақтықтарыңнан айырылып қалып жүрмеңдер. Елдің басын қайта қосып, Түркияға кетуді ойлаңдар. Қанша дегенмен қаны жақын ғой. Сыртқа теппейді. Сендерді күйзелте беріп қайтейін, бәрі де Алланың қолында.

Мен ұясы бұзылып, әлсіз қанаттарын тынымсыз сабалаған бейбақ торғаймын. Өзім өлсем де жаным сол торғайға айналып, сендердің мандарыңда шырылдай ұшып жүреді, аялаңдар оны!

Артымда жалғыз тұяғым Әминоллахан қалып барады. Соған көзқұлақ болыңдар. Кәрмен, Күлпаран екеуің Бәтима мен жиендеріңе ие болыңдар. Әтейхан, сен де азаматсың, елге ие бол. Ауылыңды жетектей біл. Барлығыңды бір Аллаға тапсырдым. Тірлікте кім қателік-кемшіліксіз болмайды. Артық айтқан сөзім болса кешіріңдер. Бәрі де Аллаға аманат!

Үй толы адамның көбі-ақ жылады. Елісханның жай сөз емес, өсиет айтып отырғанын аңғарып, көздерінің сора-сорасы шығып, үнсіз шұлғи берді.

Елісхан жұртты жұбатпақшы болды ма, әлде өзінің тың екенін көрсетіп қалғысы келді ме, әйтеуір үлкен-кішіні жашық намазын оқуға шақырып, өзі имам болды.

– Аллаһу акбар, Аллаһу акбар...

Намаздың соңынан кейін де тасбих тартып, ұзақ күбірледі.

Ертесі ертемен тұрып, атына мініп, дәрігерге барып келіп еді, келе салып басын көтермеген күйі жатып қалды. Келесі таңда жұрт Елісханды оята алмады. Тағы да зарлана жылаған ащы шу, қамырықты өксік көтерілді. Дәл бір әкесін тосып жатқандай қолды-аяққа тұрмай шырылдай жылаған Әминоллахан да сол күні көз жұмды.

Бірі Өскеменде, бірі Баркөлде туған қос арысқа Пәкістанның Дир аймағының Жандуыл деген жерінен топырақ бұйырды. Елісханның сүйегі Баруын мешітінің жанындағы зираттықтағы Ахметқалидың қасына жерленді. Ұзынынан жалдана созылып қатарласып жатқан жас топырақтың астында қос мұңлық мәңгілік ұйқыға кетті.

Елісхан мен Әминоллаханды жерлеп келген жұрттың құлағына Бәтиманың жан дауысы шығып, шыбын жаны шырқырап, өзекті жарып шыққан зарлы үні естілді. Жұпыны қостардың арасында қайғының қара дауылы азынап, тірілердің сай-сүйегін сырқыратты.

Бұл күнде арт жақтан мініп келген көліктің бәрі қырылып қалса да Елісханның ауылында жалғыз ғана қара атан қалған болатын. Баяғыда Чиңхай жерінде отырғанда түйешісі Ожынайдың көрсетуімен көршілерінен қалап

алған Өр Алтайдың тумасы еді. Сол қара атанның өркештері жапырылып тостағандай көздері ғана жаутаң-жаутаң етеді. Иесінің мезгілсіз қазасынан сезіктенгендей мойнын алдыға созып, тұмсығын жерге тіреп сұлқ жатыр.

Қара атанның мойнына оралған Бәтима көз жасын көл қылды.

Алтайдан келген қара атан,

Өркешің неге майырылды.

Опасы жоқ сұм жалған,

Иеңнен сені айырды.

Көтере алмай қайғыңды,

Жатырсың шөгіп, нарым-ай.

Отыз бес жасқа келгенде,

Арманда кеткен жарым-ай...

Жануар ойсылқараның көз алдына да сонау Алтайда қалған бота күндері мен қормал енесі елестеді ме, әлде Секпілтай, Шаңқанның мөлдір суларының сыңғыры құлағына жетті ме, әлде Бәтиманың зары жүйке-тамырын босатып, талай от пен судан аман алып өткен иесінің мезгілсіз қазасын сезінді ме, хайуан да болса тұңғыық жанарынан кесек-кесек тамшылар домалады. Оны көрген Бәтима уанғаны сол, онан бетер егілді. Атанның мойын шудасына танауын тығып, туған даласының, аяулы жарының иісін іздеп зарлана жылады.

Бәтиманың қара атанмен көріскен жіңішке, еңіреп-егілген, өксік ата аһылаған, долдана үн салған даусына жыламаған жан жоқ. Оны тоқтатуға, жұбатуға ешкімнің батылы жететін емес. Бәрі де танауларын тартып, көздерінен домалаған тамшыларға ие бола алмай тұр.

– Сен мырзамның жүгін, мырзам елдің жүгін көтеріп бір-біріңе серік болып келіп едіңдер. Бір орданың, тұтас бір әулеттің шаңырақ артар атаны сен едің ғой. Болмаса сол шаңырақты сенің үстіңе сүйеп салатын ұлын да аман қоймағанын қарашы. Қанатсыз, құйрықсыз қу жалған-ай. Қара орданың жұртында қарайып екеуіміз ғана қалғанымыз ба. Қара жерге басыңды салып сен неге сұлқ жатырсың. Енді мені мына опасыз дүниеге жалғыз тастап, сен де кеткелі жатырсың ба. Құдай-ау, Құдай, не деген сорлы едім. Менің жаным осылардан артық емес еді ғой. Алдымен менің жанымды неге алмайсың? Алсаңшы, Құдай, алсаңшы мені...

Көп өтпей Бәтиманың да тілегі қабыл болды. Оның шыбын жаны да өздерінің аяулы жандарының артынан ұшып кете барды. Әлсіз қанаттарын тынымсыз сабалаған бір топ дала торғайы шырылдай самғап, көгілдір аспанның бауырына сіңіп бара жатты.

Алтайдан шыққан қаралы көштің ауыр жүгін талмай арқалап, Пәкістан топырағына жеткізген қара атан да шөккен орнынан тұрған жоқ.

СӨЗ СОҢЫ

Осыдан көп жыл өткеннен кейін Түркияның Стамбул қаласынан ұшаққа отырып Пәкістанның астанасы Исламабадқа келіп түскен қазақ жолаушы басқаға бұрылмастан Дир аймағының Жандуыл елді мекеніне тартты.

Бұл өлкеге ілінген сайын өткен күннің елестері көз алдынан күні кешегідей шұбырып өтіп жатты.

Әсіресе, немере ағасы, өзінің ғана ағасы емес, тәуелсіз жүрегінің әмірін орындап, бүкіл елді зұлымдықтан құтқарып, көш бастап келген көсем азамат Елісхан Әліпұлы көз алдына келген сайын қаңсырығы түтеп, сағынышты көңіл-күйі көлдей толқыды.

Жандуыл ауылына ілінгеннен кейін көз жасына ие бола алмады. Кешегі қара қостар қалқиған жұрттар, осында бақилық болған туыстары, ауылдастары – бәр-бәрі елес берді. Баруын аталатын мешіттің жанындағы зираттыққа жете бере буындары босап, тізелері бүгіліп кетті.

Қос арыс – Елісхан мен Ахметқали қатарласып жат өлкенің топырағын қымтана жамылып алып, үнсіз ғана томпайып жатыр. Жасыл шөптер жиектеген, күңсіген жылы топырақтан ағасының тер иісі аңқып тұрғандай кеңсірігі удай ашып барады.

– Ассалаумағалейкум, аяулы аға, ізіңіз болған ініңіз іздеп келіп тұр сіздерді. Тым жас, бар бақытты көре алмай қыршыннан қиылып кеттіңіз-ау. Сіз армандаған арманның бәрі орындалды, аға. Көзіңіз жұмылғанша «Түркия, Түркияға» деп кетіп едіңіз. Сіз бақилық болғаннан кейін араға он жыл салып, 1953 жылы басымыз қайта бірігіп, қанды көйлек аға-бауырларыңыз, біз – Құсман, Халифа, Сәдей, Сауытбай, Құланбай, Сейітхан – бәріміз арттан келген Қалибек, Қамза, Солтаншәріп, Құсайын, Дәлелхан ауылдарымен қатарымыз толықтанып түп қотарыла Түркияға көштік. Егер сіз бізге Вайстрайдан босқындық куәлік әперіп, жан бағуымызға жағдай жасамаған болсаңыз, тұқымымыз тұздай құрып кетер еді. Өзіңіз өлсеңіз де, арттағылардың өлмей өмір сүруіне жол көрсетіп кеттіңіз-ау. Айтпақшы, сіз бақилық болғаннан кейін Қайысбай балуан, Қасен батыр, Сейітхан Бортанқажы, Ақып, Мықи, Зейнелхан, Шәмши секілді біраз үй кері қайтып, көрмеген бейнетті көріп, Алтай-Баркөлге зорға жетіпті. Олардың ішінен Қасен батыр мен Сейітхан Бортанқажы Құсайын, Солтаншәріп бастаған кейінгі елді бастап Үндістан-Пәкістанға қайта оралды. Үндістан шекарасында тентіреп жүрген Рақи молда да сол елдің көшіне қосылып, ол кісіге топырақ Меккеден бұйырды.

Аға, сіз рас айтыпсыз. Түбі бір түрік бауырларымыз бізді жатырқаған жоқ. Басымыздан сипап, бауырына тартты. Бұтағын дауыл сындырып, жапырағын жауын тоздырған Түрік бәйтерегінің бір бұтағы деп білді. Қолдан келген көмектерін аямады. Сіз армандап жете алмаған бейбіт күндерге сіздің еліңіз жетті.

Аға, біз түрік бауырларымызды тауып алып, олар бізді тауып алып, қағанағымыз қарық, сағанағымыз сарық болып рахатты өмір өткізіп жатқанда қазақтың тәуелсіз ел болғандығы жайында қуанышты хабар жетті. Аға, «Отансыз адам ормансыз бұлбұл екен, Отанымыз жоқ болған соң осылай

тентіреп жүрміз ғой» деп егіліп, езіліп кетіп едіңіз. Енді біздің қазақ отанымыз бар. Тағдырдың тауқыметімен жер бетіне тарыдай шашылған күллі қазақ баласы енді өзінің аяулы атажұртына ағыла бастады. Өттең, осы бақыттың бірде-біреуі көзіңіз тіріде бұйырмады-ау. Міне, енді сіздің басыңызға келіп, одан әрі сол қазақ мемлекетіне, Қазақстанға кетіп барамын.

Алла Тағала Гималайдың жотасындағы мәңгілік мұздықтарда қатып жатқан қып-қызыл қанымыз бен көз жасымызды көрсе керек. Сіз армандаған жақсы күндердің бәрін енді ұрпақтарыңыз көріп жатыр.

Ұрпақтарыңыз демекші, аға, жалғыз тұяғыңыз Әминоллаханға да ие бола алмай, ол да артыңыздан кеткен еді. Бірақ барлық қазақ балалары – сіздің ұрпағыңыз, сізді ұмытпайды.

«Сетерхан тірі» деп айтып кеткен сөзіңіз құлағымның түбінде жаңғырығып, көңілімнен бір сәтте ұмытылған емес. 1969 жылы Тайваньдағы Гоминдаңның мемлекеттік құрылтайына Түркиядағы қазақ өкілдері де шақырылып, мен өз өтінішіммен жиыншыларға қосылып, бізді қанға бөктіріп кеткен Шың Шысай жауызды арнайы іздеп бардым. Қызылдардан жеңіліп, Гоминдаңшыл қара қытайлардың аз бөлігін бастап Тайвань аралына қашып барған Жаң Кайшы мен Шың Шысайды да халықтың қарғысы жібермеген екен. Олар да қызылдардың тепкісіне ұшырап, өзінің туған жер, өскен ортасынан айырылып, алақандай аралға тығылыпты. Ауру ма, кәрілік пе, мен көргенде Шың Шысай қураған ағаштай семіп қалған екен. Қырық жылдан кейін артынан іздеп келген қазақ азаматын көргенде жан алғыш жәбірейілді көргендей қатты састы. Сенер-сенбесін білмей, тіксіне қарады. Барлық жайды баяндай келіп: «Баяғыда Баркөлде қырғындаған қазақ ауылы есінде ме? Сонда бұлап әкеткен әйел мен екі баланы қайда жібердің?» – деп қадалдым. Жүрегіме қан толып, бас салып бауыздап тастар ма едім деп тісімді тісіме басып, өзімді зорға тежедім. Мүмкін қасында адамдары болмағанда әлдеқалай болар еді. Ол жанары жасаурап, ұзақ ойланды: «Есімде, Елісхан деген ағасы маған хат жазып, шешем мен бауырларымды тауып берсең, сенімен елдесемін» деп еді. Қанша іздеттірсемде әскерилердің ішінен таппағанбыз. Қосынға көмекші ретінде қосылғандар да көп болатын. Соның бірі алып кеткен шығар деп түйгенбіз», – деді үні дірілдей шығып. Алланың құдіреті ме, соны айтқан Шың Шысай да безгек тигендей қол-аяғы тоқтамай селкілдейтін шошымалы ауруға тап болыпты. Аузы сөзге келмей ұйқықашты дертімен: «қазақ! қазақтар келе жатыр» деп қалшылдай сандырақтап, көп ұзамай бейнетпен көз жұмған екен.

Ол кезде Түркияда Қытай елшілігінің болмауына байланысты арт жақта қалғандардың өлі-тірісінен еш хабарсыз едік. Кейін Стамбулда елшілік ашылды. Қытайдағы «мәдениет төңкерісі» аталатын қып-қызыл топан су талайды жалмап болып, сап басылғаннан кейін ғана ондағы қазақтар да ептеп шетелдерге шыға бастапты. Солардың хабарын аңдап жүріп, туған жерге қырық жылдан соң ғана қадам бастым. Ел сағынышы, жер сағынышы, өлген-жоғалған мұңлықтар тағдыры көз жасымызды көл қылды. Сіздің туған ініңіз, менің немере бауырым Сетерхан тірі екен. Оны құшақтап мен жылаймын. Мені құшақтап ол жылайды. Екеумізді бірдей құшақтап Күләнда әпекеміз мен

Қожамберген ағамыздың ұлы Манжархан, Қамысбай атамыздың ұлы Мұхат кезек-кезек жылап жатыр. Бізді айыруға батпай, бүкіл ел жылады. Көз жасымызды құрғатқан соң Сетерхан екеуміз бір-бірімізден айырылып қалатындай құшақтасып отырып өткен-кеткенді ақтардық.

Баркөлдегі қырғында тірі қолға түскен Шәрбан шешемізбен бірге кеткен екі баланың бірі өліп, Сетерханды Ма Жұңиың мен Шың Шысай соғысы кезінде қытайға сатылып кеткен бір дүңген асырап алған екен. Кейін оны есекке таңып, Дихуадан атты-қашарлы бір керуен болып Чиңхайға алып кетіпті. Онда барғаннан кейін әлгі дүңгеннен қашып шығып, тентіреп жүргенде тағы бір баласы жоқ дүңген қариясы асырап алыпты. Сол дүңген әкесі өз баласындай бағып-қағып, ержеткізіп, әйел алып беріпті.

Ішкі Қытайды алып болған Қытай қызыл армиясы Гансу-Чиңхайға қарай келе жатыр дегенді естіген дүңген қолы оған қарсы жасақ топтап, Сетерхан сол армияның құрамына әскерлікке алыныпты. Сөйтіп, 1949 жылы Гансу-Чиңхай жеріне кірген қызыл армияға қарсы дүңген қолы қатты қарсылық көрсеткен екен. Екі жақ қиян-кескі соғысып, қызыл қан сел болып ағыпты. Дүңген армиясы да ерекше қырғынға ұшырап, сол жердегі өзеннің беті өлген дүңгеннің аппақ кепешіне толыпты.

Аға, есіңізде шығар. Ертеде Адубай ағамыз: «түс көрдім, түсімде Ма Буфаң қазақтың тақиясын киіп алыпты, түбі бізге көрсеткен қырғыны мен қуғынын өзі көрер ме екен» депті деуші еді ғой. Сол түс айнымай келіпті. Қытай қызылдары дүңгендерді қырып салыпты. Әскері қырылған Ма Буфаң Жаң Кайшыға қашып барған екен, «армиясын қырып қашып келген генералдың керегі жоқ!» деп сырт айналыпты. Ақыры ағылшындардың көмегіне жүгініп, үш бірдей ұшақ жалдап, бала-шаға, туыс-туғанын алып Египетті паналапты. Елден бұлап алған алтын-күмісінің арқасында Сауд Арабиясындағы Гоминдаң елшілігінің қызметкерлігіне ілініпті. Өзімен бірге көптеген қорғаушы-қызметкерлерін де ала кеткен ғой. Солардың ішінде қырғынға ұшыраған өз ауылымыздың бір баласы бар екен. Кішкентай кезінен дүңгенге сіңіп кеткен оның қазақ екенін өзінен басқа ешкім білмесе керек. Сөйтсе, әлгі бала әкешесі мен ауылын қырып тастаған Ма Буфаңнан кек алудың орайын күтіп жүріпті. Сол мақсатпен Ма-ның қытай қуырмашын жақсы көретін әдетін ішіне түйіп, тағам жасау шеберлігін арнайы үйренген екен. Ақыр аяғында орда бұзар отызында Ма Буфаңның жеке аспаздығына қол жеткізіпті. Бала күнінде дүңгендердің қазақтардың басын допша домалатқаны есіне түсіп, орайлы бір сәтте Ма Буфаңның жағасына шап беріп жармасып, өзінің кім екенін айтып, оның басын кесіп алыпты. Әрі қолымен істеген ісін мойнымен көтеріп бұл оқиғаны жергілікті құқық қорғау органына өзі мәлімдеп, басынан кешкендерін түгел баяндап беріпті. Арабтық бір ханзаданың мейірімі түсіп, жазадан да аман құтылған екен. Өзі сол елде қалып, балалы-шағалы болыпты. Есімін Сайфолла деп өзгертіп, туған жерге де барып қайтыпты. Сөйтіп қазақтың қанын суша төккен Ма Буфаңның бізге істеген зұлматының бәрі өз басына келіп, бала-шаға, туыс-туғанымен жат жерде торғайдай тозды. Ақыры біздің Сайфолла есімді ұлымыздың қолынан өлді. Бұл 1975 жылы болған оқиға еді.

Ал қызылдар мен Ма Буфаңның соғысында қалың қырғынның ішінде тірі қалған Сетерхан ақ жейдесін ағашқа байлап биікке көтеріп: «Мен қазақ едім, тірі қалдырыңдар» деп қытайша айқайлаған екен. Оны бағынғандар қатарында тірі қалдырыпты.

Сетерхан өзі бағынған қызыл армия басшыларына ауылының қырғындалып, өзін дүңгендердің асырап алғандығын айтып беріпті. Жас жігіттің тауқыметті тағдырына жаны ашыған Қытай қызыл армиясы оны өз қосынына жауынгер етіп алыпты. Армияда бірқанша жыл болып, бүкіл қытай аумағы қызылдардың қолына өтіп, ел мен жер тынышталғанда Сетерхан өзінің әскери басшыларына барып, қазақ туыстарын іздегісі келетінін айтыпты. Дәл осы кезде Ланжу деген қаладан ұлттар институты ашылып жатыпты. Сол жерде қазақ студенттері бар дегенді естіп, бастығының рұқсатымен соларды іздеп барыпты. Ақынқожа, Ақынқаждар деген екі қазақ жігіт кезіге кетіпті. Сөйтсе, бұлар баяғыда Хан Жиңбау бастаған дүңгендер бізді кері айдаған Алтыншөке өңіріндегі Қолымты деген жерді мекендеп қалған қазақтардың балалары екен. Олар жас болғандықтан Сетерханға ештеңе айтып бере алмапты да: «Сен қазақша үйрен, біз сені қазақтар отырған жерге ертіп апарайық» десіпті. Сөйтіп ана тілін ұмытып қалған Сетерхан Чиңхайдың орталық қаласы Ланжудегі ұлттар институтына оқуға түсіпті.

Оқуын бітірген соң қазақтарды қара тартып Чиңхай өлкесінде жаңадан құрылып жатқан Хайши моңғол-қазақ автономиялы облысына бөлінуді сұранып, Ақынқожа, Ақынқаждарлардың ауылына барған екен.

Қазақтардың жайын облыстың басшылық қызметіне араласып жүрген шақабай Қам деген азамат жақсы біледі деген соң, сол кісіні тауыпты.

Қам оған: «Елісханның көшінен қалған қазақтар Чиңхайдың осы Қолымтысында және Мақай деген жерінде бар. Одан қалса, Гансудың Дұңхуаң деген жерінде Ақсай деген қазақ автономиялы ауданы құрылған. Күләнда әпкең сол Ақсайда болуы керек. Сонда хат жаз» деп жөн көрсетіпті. Сөйтіп, Сетерхан төрт жасында есінде қалған бұлдыр-салдыр елестер бойынша әкесінің «Әліп», шешесінің «Шәрбан» екенін, «Елісхан» деген ағасы, «Күләнда» деген әпкесі болғанын, өз есінде қалған басқа да әңгімелердің бәрін жазыпты. Өзінің суретін де бірге салып жіберген екен.

Хатты алған Ақсайдағылар ұлар-шу болыпты. Біреу жылап, біреу қуанып, Күләнда әпкесінен сүйінші сұрапты. Сонда Күләнда: «Егер ол менің бауырым екені шын болса сол жақ жауырынында бармақтай мең бар еді. Кішкене күнінде көтеріп жүргенімде талай көріп едім» деген екен. Қамысбай атамиздың баласы Мұхат тағат қыла алмай бірнеше жігітпен Ақсайдан Қолымтыға келіпті. Бауырын құшақтай көрісіп, киімін шешкізіп, арқасын ашқызса Күлэнданың айтқаны дәл шығыпты. Сөйтіп, Сетерханды Ақсайға алып барып, ел болып дүркіретіп той жасаған екен. Бүгінде ондағы тұратын қазақтардың тұрмыс күйі жаман емес көрінеді. 1960 жылдары «Мәдениет төңкерісі» аталатын солақай саясаттың дауылды кезеңі жүріліп, талай қырғыннан аман қалған Сабырбайдың Құсманы секілді біраз кісілер түрмеде

өліпті. Әйтеуір он неше жылға созылған сол қозғалыс аяқтаған соң ғана халықтың беті бері қараған екен.

Аға, өле-өлгенше екі сөзіңіздің бірінде «Сетерхан түсімнен бір шықпайды, ағалап шақырып тұрған сияқты болады» деуші едіңіз. Сізге білдірген Алланың аяны екен ғой. Сіз бақиға аттанғанда, кішкентай ұлыңыз Әминоллахан артыңыздан қоса кеткенде «Әліп атамыз ұрпақсыз қалатын болды-ау!» деп қан жылап қалып едік. Аға, енді Сетерхан бар, Сетерханның Қасен, Үсен, Қылышхан деген ұлдары; Мария, Айша, Зейнеп деген қыздары бар. Оның бәрі де сіздің ұрпағыңыз ғой. Ұрпағымыз, қазақ ұрпағы ешқашан құртылмақ емес.

Туған жерге жасаған сапарымда ат тізігінің Баркөлге тіреп, Әліп атамыз жатқан баяғы қырғын болған жерге де барып Құран оқыдым. Өздері жоқ болса да көздері қалған Қожамберген, Мейірімхан, Мәлік, Адубай, Жеңісхан ағаларымыздың үрім-бұтақ бала-шағалары, Ахметқалидың адасып қалған ұлы Ауғанбай – бәр-бәрі алдымнан шығып, сағыныш шөлімізді бастық. Сөйтіп, жер бетіне тарыдай шашылған ұл-қыздарымыз түгенделіп, сіз алаңдап кеткен кетігіңіз толып, кемтігіңіз жамалды. Халқыңыз үшін қан кешіп шаһид болсаңыз да, арт жақтағы еліңіз сіз жетпеген армандарға қол жеткізді.

Жер шарының бергі беті түгілі, арғы бетіндегі Америка Құрама Штаттарының өзі Алтайдан Анадолыға дейін жеті мың шақырымнан астам жол басқан біздің ұлы көш туралы, ұлы көштің ұлы көсемі өзіңіз туралы жазды. Қазақты әлемдегі ең қайсар, ең батыр халық деп таныды. Сіз қанмен жазған алтын шежіре қазақты күллі дүниеге мәшһүр етті. Сіздің ұрпақтарыңыз бүгінгі күнде Түркияда ғана емес, бүкіл Еуропада бақытты ғұмыр кешіп жатыр. Олар өздерінің өлмес рухын сақтаған, қазақ сынды қасиетті ұлтты ешкімге бас идірмеген өзіңіздей батыр бабаларымен мақтанады. Рухтанады, ұрпағының ұрпағына дейін сол өнегені жалғайды. Енді, міне, төңіректің төрт бұрышына тарыдай шашылған қазақтар Атамекен – Қазақстанға жинала бастады.

Аға, сізді сағындық. Сіз біз үшін, біздің кәпірлерге құл болмауымыз үшін соғысып, жер бетінде отыз бес жыл ғана ғұмыр кештіңіз. Оның он бес жылы ат үстінде қанды күреспен өтті. Кімде-кім Алла жолында ар-намысын қорғап шаһид болса, немесе жауларымен соғысып жеңіске жетсе, Алла Тағаланың аса үлкен сауабын алады деген ғой. Сіздің ерлігіңіз – шаһидтығыңыз. Сіздің ерлігіңіз – бізге сыйлаған жеңісіңіз. Осы рух тұрғанда жер бетіндегі қазақ деген ұлтты ешкім де құрта алмайды. Сізге Алланың рахматы, Пайғамбардың шапағаты жаусын! Жатқан жеріңіз жәннат, топырағыңыз торқа болсын. Сізді күллі әлемнің раббысы бір Алланың құзырына тапсырамыз. Өте рахымды, мейірімді Алла бәрімізге жар болсын!

Әтейхан бетін сипап орнынан тұрғанда, оның қасына бір топ мұсылман қариялары жиналды.

Аман-сәлемнен кейін:

– Бұл марқұмдар сіздің кіміңіз болады? – деп сұрады.

Әтейхан өз жайын айтып еді, топ ішіндегі сақалы кеудесін жапқан бір қария оны құшақтап, бетін бетіне тиістіріп, ерекше құрмет білдірді.

– Бұл кісілер марқұм болғанда мен жап-жас жігіт едім. Сонан бері мешіттің қарауылшысы болып, зираттыққа да шырақшылық істеп келемін. Осы өңірдің жергілікті тұрғындары бұл екі кісінің басына жиі келіп тәу етіп тұрады. Шет өлкеден ауып келген мұсылмандардың қасиетті адамдары жатыр деп біледі. Жұма сайын жиналып, дұға бағыштайды. Кейбіреулері ақтық байлап кетеді. Әр аптаның бейсенбіден жұмаға қараған түні марқұмдар жатқан мешіттің қабырғасы жап-жарық нұрға бөленеді. Бұлар – шынында да қасиетті адамдар. Сонан бері де қырық неше жыл өтті. Бұл араның халқы еш жамандық көрген жоқ. Алла Тағаланың осы кісілердің рухы арқылы бізге көрсеткен шапағаты болса керек, – деді.

Келген кісілер Әтейханның Елісханға іні, Ахметқалиға шәкірт екенін білгеннен кейін бе, әлде сонша алыстан марқұмдарға дұға оқи келген мұсылман жолаушысына жасаған құрметі ме, аяғын жерге тигізбей көтеріп әкетті. Бұл жердегі халықтар қазақтар алғаш көшіп келгенде ағылшындардың басқаруындағы біртұтас ел болғанмен, 1947 жылдан кейін Үндістан, Пәкістан айырым-айырым екі ел болып, өз тәуелсіздіктерін алған еді. Пәкістан мұсылмандарының бауырмалдығы сол баяғы кезіндегідей жылы сезілді.

Бірнеше күннен кейін Исламабадтан көтерілген күміс қанатты алып самұрық Әтейханды мойнына мінгізіп алып, қазақ даласына қарай ұшып бара жатты. Жаяу-жалпылы шұбырып, талай ардақты адамдары қалған Гималайдың асу бермес алып қанды шоқылары тасбақадай тарбиып төменде бұғып жатыр.

Таңғыттың сары жонындағы ұсақ көлдер аспаннан қарағанда қазақтардың шашылып қалған көз жасындай мөлдіреп, арт жағында қалып барады.

Күннің шуағына оранған ұшақ ішіндегі көңілді қазақ Алласына тәубе қылып күбірлеп келеді:

«Уа, күллі әлемнің жаратушысы Алла, өзіңе және өзіңнің ұлықтығыңа мадақ. Бір Алладан басқа Тәңір жоқ деп өзіңнің барлығыңа, Пайғамбарымыз Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уәсәлламның хақтығына, Құранның шындығына мойынсынған қазақ халқының басынан сорын арылтып, мәңгілік бақыт бергеніңе – тәуелсіз мемлекет еткеніңе мың тәубе. Елісхандай батырларымыз армандап көз жұмған еркіндік жалауымызды мәңгі-бақи желбірете көр. Қазалы күндеріміз, қаралы көшіміз қайта айналмасын. Қазақтың қаралы көшін тойдың керуеніне, нұрлы көшіне айналдыра көр. Бір өзіңе ғана құлшылық қыламыз. Бір өзінді ғана ұлықтаймыз. Сенен ғана медет тілейміз. Жар бола көр, Алла! Жарылқай көр, Алла! Аллаһу ақбар!

(Соңы)

«ҚАРАЛЫ КӨШ» КІТАБЫ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ

Қытайдағы қазақтар және олардың тағдырын сөз еткенде, өзім туып-өскен орта болғандықтан, тарихына қанықпын деп тоқ көңілмен марқайып жүруші

едім. Кейіннен, яғни 2006 жылдың желтоқсанында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы «Қытайдағы қазақтар» атты кітап жазуыма ұсыныс жасаған кезде барып, бұл тарихтың бір пұшпағында ғана жүргенімді білдім. Мен ғана емес, «менмін» деген тарихшыларымыз бара алмаған қатпары қалың талай дүниенің барын аңғардым.

Әсіресе, Кеңес Одағы және Қытай сынды ірі империялардың ұлттық және мемлекеттік мүддесінің тасасында қалған шерлі шежірелердің біразының шекесі көрінді. Соның ішінде аталған империялардың ата жауы болған, тарихта аты мәшһүр болғанмен барынша бүркемеленіп, бөлшектеніп, қараланып келген үшінші империяның іздерін кездестіре бастадым. Көшпелілер империясы һүн, сақ, үйсін заманынан бері келгенде Түрік қағанатына, одан оның орнынан от жағып орда тіккен Моңғол-Түрік империясына, кейін өздерін сол империяның мұрагерлері санаған Осман империясы, Алтын Орда хандығы, кешегі Мұстафа Кемал Ата түрік тіктеген Түрік елі, бүгінгі ТМД құрамындағы түркілер сияқты мүдделес, қандас елдердің алтын арқауының бір желіге көгенделіп жатқанын байқадым. Осы көшпелі тайпалар одағын құраған алып елдің қазіргі жұртында отырған, шығысы бүгінгі моңғол жерінен басталған, батысы қазақ, өзбек, қырғыз жеріне ұласып жатқан байтақ даланың кіндігі – қарашаңырақ Қазақстан болса, сол көне жұртты сақтаған байырғы иелері қазақтар екенін де тереңдей ұқтым.

Ендеше, ұлан-қайыр көшпенділер даласының көне соқпағына үніліп отырып, осы даланың төсінен еңдей өтіп, жер бетіндегі ең ұзын көштің керуенін жасаған баһадүрлерді еске алмау, оның ақиқатын іздемеу мүмкін емес қой. Орыс, Қытай сынды империялардың көзімен емес, таза қазақтың көзімен қарап оған сіңген ұлттық рухты бүгінгі ұрпаққа жеткізу, қарғыс атқыр Қызыл империяның халқымызды бостырған қатыгез тарихын айтпай өту қолымыздан келер ме еді? Әрине, аттап өтуге, айтпай кетуге арымыз көтермейді. Сөйтіп, қазақ көшінің қанды парақтарына қайта үнілдім.

Сенесіз бе? Гималай шоқысында елдігіміздің ірге тасын қалауға себепкер болған, әлем қағаны Шыңғысханның ізі жатыр. Жерұйық іздеп желмаямен кезген Асан қайғы атамыздың ізі жатыр. «Тарих-и Рашидиді» берген ұлы ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулатидың ізі жатыр. Басы Алтайға, денесі Тибетке жерленген Бөке батырдың ізі жатыр. Елісхан бастаған ерлердің ізі сол әлем жотасын еңдей өтіп, Үндістан-Пәкістанға алғаш рет жол салып, одан ары Түркияға, күллі Еуропаға ұласып жатыр. Жай ғана ұласқан жоқ. Жер бетінде өзге халықтарда салт атты, сабау қамшылы ерлердің көші көп болғанымен, бұлар қатын-бала, ауылымен ұлардай шулап, құрлық асып көшті. Жер атты домалақ шардың ең биік жотасын асып, ең ыстық құмдығы Такламаканды кесіп, ең ұзын қазақ көшінің тарихын қанды ізімен жазды. Қазақтың атын дүниеге жайып, бүгінгі Еуропа қазақтарын қалыптастырды. Және бір қызығы, өздерін көне көк түріктердің тұқымымыз деп білетін түркиялықтар Алтайдан барған қазақтарды: «Біздің көне жұртымызда қалып қойған байырғы туыстарымыз – өз түріктеріміз екен» деп жылы қабылдаған екен. Демек, Гималайды алғашқы асқандардың һұндар және олардың жұртындағы түркілер

екеніне шүбә жоқ. Олай болса, қазақтардың сол қандастықпен ежелгі түркілердің ізін басып, бүгінгі түріктерді іздеп тапқанын кездейсоқтық деуге бола ма? Оларға жол сілтеген тылсым құдірет не?! Әлемді шарлаған көк бөрі рухы бізді тағы бір қиырға жетелемей ме!

2007 жылдан бастап осы тақырыпқа қалам тартқандардың жазбаларын ақтара бастадым. Сол көштің куәгерлері Халифа Алтай, Дәлелхан Жаналтай, Хасан Оралтай кітаптарын аударып төңкердім. Оған да қанағат таппай, Шынжаң жағындағы жазылған дүниелерді іздедім. Сүлеймен Дәрібай, Сейітхан (Қарамолда) Бортан қажы, Мұхаметәлі Қалитұлы, Қапас Қошуұлы, Ермұхан Ібірәліұлы қисса-дастандарын оқыдым.

Алтын арқау Алтайдан Анадолыға жетеледі. 2008 жылы алтыншы маусымда ұшаққа мініп Түркияға бардым. Көштің көзі тірі куәгерлерін іздедім. Алдымнан шыққан Абдуқап Қара, Хасан Оралтай, Мариям Хакім, Мұстафа Көк іздеген соқпағымның сорабына салды. Дәлелхан Жаналтаймен сәлемдесудің де сәті түсті. Дегенмен де көнекөздердің көбі өлген, кеш қалғанымды сездім. Бірақ бәрібір жоғымды табамын деген сенімде едім. Нида қаласының Ұлықшыла ауданы Алтай ауылынан Елісханның немере інісі, алғашқы көштің тірі куәгерлерінің бірі Әтейхан (Қайсаұлы) Білгінді тауып әңгімелестім. Ол кісінің құлағы ауырлаған, айғайлап сөйлесуге тура келді. Солай болса да, көкірегі ояу қарт өткен тарихтың тамырын суырып, талай әңгіме айтты. Өзінің қартайғанын, тың күнінде Шынжаңға барғанда Саяхат Мейірімханұлының көп әңгімелесіп мол дерек алғанын, Шынжаңнан келіп талай қарттың әңгімесіне құлақ түрген Ғазез Мәлікұлының да құймақұлақтығы мен біраз нәрсе білетінін ескертті. Сөйтіп Түркияны бір айналып шығып, ат басын Шынжаңға бұруыма тура келді. Алматыға оралғанымда үйіме бір ғана қонып, ертесі Үрімжі қаласына аттандым.

2008 жылы маусымның ортасында ең әуелі осы тақырып төңірегінде қалам тартып, «Бөке батыр» атты роман жазған, қытайдағы көрнекті жазушы Шәміс Құмарұлын таптым. Ол кісінің ағалық ақыл, қаламгерлік қамқорлығымен Қаһар Сіләмжанұлы – бәріміз Моридан Баркөлге дейінгі аяғымыз жеткен жердің біразын шиырлап, көштің алғашқы басталуына себеп болған «Әліп шабылған» жерді көрдік. Жер болған шаһидтер қабіріне дұға оқып, өткен күндер елесіне көз жүгірттік. Шошан құмы, Күніректің жотасы, Ошақты, Бисан жайлауларына дейін кездік.

Баркөлде осы тақырып аясында қалам тартқан Саяхат Мейірімханұлы, Сағатхан Таңқайұлы сияқты қаламгерлермен кезіктім. Ғазез Мәлікұлын іздеп едім, ол кісі Қазақстанға көшіп кетіпті. Оқиғалар болған орындарды аралап, жер жағдайына қанығып, Алматыға оралдым. Ғазезді іздеп тауып, ол кісінің білетін деректерімен де қанықтым. Түркиядан көшіп келген Шәріп Найман, Құланбай Нәзір, Сауат қажы Зуқаұлы секілді сексен-тоқсандағы көне көздерге жолықтым. Елісхан қайтыс болғанда қасында болған балдызы Кәрменнің әйелі Күлпаран апаның Стамбулда екенін Алматыдағы ұлы Мұстафадан кеш білдім. Десе де, ештен кеш жақсы деп, ол кісімен телефон арқылы сөйлесіп, кейбір жұмбақтардың жауабын алдым. Ахметқалидың Нұрқатия деген әйелінен туған

Марғума деген қызының қызы Ханышайымды Алматыдан таптым. Олар фамилияларын нағашы аталарының есімімен «Ахметқалиева» деп атайды екен.

2009-2010 жылы Қытайға тағы да екі мәрте ат басын бұрып, Гансу өлкесінің Ақсай, Дұнхуаң өңіріне бардым. Кенжебек Зарқұмұлы сияқты азаматтар аз да болса өз деректерімен, жер жағдайымен таныстырды. Манжархан, Шәмши жазбаларын, Қабылқақ, Әпетай кітаптарын, Алтай, Баркөл, Ақсай шежірелерін көрдім. Күйтүнде Муса Бабақұмарұлымен кеңестім. Деректер теңденіп қайттым.

Осының бәрін жинай келіп, бұл оқиғалар төңірегіндегі халықаралық жағдай мен сол кездегі қытай қоғамы жөніндегі кітаптарды қайта парақтадым.

Сөйтіп, көш туралы алғашқы мағлұматқа ие болып, өзім білетін әңгімелерді деректермен, жазбалармен салыстырып, тағы бір мәрте сүзгіден өткіздім. Кейде бір шалдан естіген әңгімеге қанағаттанбай оны екінші шалдың әңгімесімен, бір кітаптағы деректі екінші кітаптағы деректермен салыстырып шықтым. Алайда нақтылы дереккөздері мен оқиға куәгерлерінің тым аздығы, қурай басқан көне жұрттан ел елесін іздеу – материал жинау-реттеу жағында аз қиындық әкелген жоқ. Осы барыста бір ғана адамның білгені бойынша немесе әр ру, жеке адам өзіне тартып жазған «шала» дүниелердің көп екеніне де көзім жетті. Қоржыным аса тоқ болмаса да, біраз материалдың жиналғаны анық болды.

Сол көштің алдыңғы легінен азуын айға білеген Елісхан Әліпұлының (1908-1943) арыстан тұлғасын көрдім. Көш туралы жоғарыда аталған біраз дүниелер жазылғанымен, дәл осы кісінің жеке өмірі мен көш бұйдасын шалғайға жетелеген көсемдігін бейнелейтін арнайы кітап жазылмапты. Бірақ осы тарихқа оралушылардың оны терістейтін немесе оған қарсы пікір білдіретін бірде-бірі жоқ екен. Жер бетінде небәрі 35 жыл ғана ғұмыр кешкен, әке-шеше, аға-іні, әйел-баласы жаудан қырылған, кіндігінен ұрпақ қалмаған, өз тағдырын халқына арнап, ең соңында өзі де шаһидтікпен көз жұмған оның қасиетті өмірі мен қайғылы тарихы кімді болса да бей-жай қалдырмас еді. Қазақта ғана емес, жер шарында сирек кезігетін ақиқи өмір мен алтын аңыздың кейіпкері Елісхан Әліпұлы жайынан сөз ашпау тағдырдың, тәңірдің әділетсіздігі болар еді. Алайда сол тарихтың ақтандақ бетін жазуды уақыт маған жүктеген екен. Тағдырдың осы ауыр жүкті арқалатқандығына қуандым, жүрексіндім, қиналдым. Тәуекелге бел будым. Әділетсіздік атаулының есесі екі дүниенің бірінен болмаса, бірінен қайтатынына сенім байладым.

1934-1935 жылдан басталған алғашқы көш жаудың қырғынына ұшырай отырып, 1941 жылы Үндістан жеріне жан сауғалап өтсе де, ауру тарап, адам өлімі тоқтамаған. Шекарадан санап өткізгенде 3039 адам болса 1951 жылға келгенде 1400 адам ғана қалған. Көш барысында ілгерінді-кейінді болып кем дегенде алты мыңдай адам қырылған екен. Көш басшысы Елісхан 1943 жылы Пәкістанда аурудан қайтыс болады. Демек, Елісхан және оның елінің басындағы қанды қырғын 1932 жылдан басталып, 1943 жылы өзі өлгенге дейін жалғасады. Қанша қаша көшсе де зұлымдық, ажал оны қуғанын қоймайды. Сондықтан да шығарманың атын «Қаралы көш» деп қоюды жөн көрдім. Ал

1951 жылғы Қалибек, Хамза, Солтаншәріп, Құсайын бастаған екінші көш осы көштің тарихи жалғасы болса да оның хикаясы бөлек еді.

Ендігі мәселе – қалай жазуда. Жалғыз Хаққа сиынып қолыма қалам алдым. Тарихи тақырыпты жазуда бірі шындық, бірі әдеби көркемдік ерекше есте ұсталуы керек қой. Одан қалса, осы заманның талаптары да естен шықпауы тиіс. Әуезовше көсіле шапқанмен, бүгінгі оқырманның «ежіктеудің» бәріне үңіле берерлік уақыты жоқ. Ал жастарша «тілсіз, қырсыз» кеткенмен желкеңде Абайдың аса таяғы, әдеби қауымның қырағы көзі тұр. Көркемдікке көбірек бой ұрып, шындық тасада қалса, оның да кінәсі ауыр. Оқырманды жалықтырып алмау үшін жасалатын жазушының «ішкі желісі» мен «күпия түйіншектері» тағы бар.

Адамзат қоғамында атадан балаға жалғасқан ақылиялық дәстүр болсын, діни наным-сенім мен ұлттық рух болсын, бәрінде ізгілікті арқау еткен жалғыз ғана сабақтастық бар. Соның көбі Құран Кәрімнен табылады. Мен де өзім таба алмаған кейбір сауалдың жауабын Алланың осы қасиетті кітабынан іздедім. Бүгінгі Еуропа қазақтарын аман алып келе жетқан ізгілік арқауы да осы исламдық идеядан келген еді. Мұны романның бастауы мен аяқтауы және шығарма бойында кезігетін діни түстер мен намаздардан, тұтас шығармаға арқау болған ортақ мұраттан байқауға болады. Екіншіден, құлдыққа бас ұрмаған, еркіндікке ұмтылған қайсар халық – қазақтардың өрлігі мен ерлігін ашу парызы бәрінен де маңызды еді. Ол қасиет көбінше Елісханның бойынан ізделді. Әрі Елісханның қолындағы қамшы сол ақсүйектіктің, тәкаппарлықтың, өктемдіктің бейнесі ретінде әр жерде көрініп қалады. Сосын жер аңсаған ақ інген, ең соңында көз жұмған қара атан, Сетерханның елесі, тағы басқа түстердің де өзіндік мәні бар. Ал жауыздық жайында жер бетінде жауыз адам болса да жауыз ұлт болмайды, оның да жақсы-жаманы бар деген адамзаттық ортақ идеяға жүгіндім. Жауының бәрін жауыз, досының бәрін батыр көрсететін жаттандылықтан да сақтанғым келді. Сол себепті кейбір жағымды кейіпкердің жағымсыз ісі мен жағымсыз кейіпкердің жағымды істері де бар.

Елісхан әңгімесінің соңғы бөлімдерінде онымен қатарласа алынатын Ахметқали да өмірде болған адам. Алайда екі кейіпкер – екі тағдыр болмыстан ойып алынған болса да жер бетіндегі қазақ баласының қасіретін ашып жатқан қос бұрым сияқты егіз көрінеді. Тіпті арнайы шығарма үшін орайластырғандай олардың өлімі, қатар жатуы, Елісханның інісі Сетерханның кейінгі тағдыры – бәрі де өмірдің өзегін жарып шыққан ащы да аянышты оқиғалар. Көз алдыңыздан қанды оқиғаға толы көркем фильм ақырын ғана сырғып өтіп жатқандай мұңлы күйге оранасыз. Жазып отырған сәттерімде жанарыма жас толып: «Осы кітапты тебіренбей оқыған адамның қазақтығына күмәнім бар» деп күбірлеген сәттерім де көп болды.

Тарихи шындықтарға көбірек бой ұруыма байланысты көркемдік бояулардың солғын тартатын тұстары да бар шығар. Ондай жерлер табылып жатса, ол әдеби қуаттың жетпегендігінен емес, «тарихи роман» атауына, шындыққа «аса бауырмалдық» танытудан болар. Кейбір бөлімдерде

«шеңберден шығып кеткен», «бейсауат тана-моншақтар» кезіксе, бұл да аңдаусыздықтан емес, қаламды «қасақана бұрмалаудың» жемісі.

«Кеңеспен пішкен тон келте болмайды» деген ғой. Шығармадағы оқиғаларға 70-80 жыл өткен. Сарқылып айттым, салиқалы жеткіздім, саф алтыннан құйма құйдым деуден аулақпын. Кейінгі басылымдарында ішінара өзгерістер енгізуге бар екенімді де жасырмаймын. Дүниеде Құран Кәрімнен басқа кітаптардың бәрінің де редакциялық өңдеулерге ұшырағанын ойлағанда шындық және әдебиет төңірегінде әділ төрелік айтушыларды тыңдаудан ұтпасақ ұтылмайтынымызды да мойындауымыз керек қой. Бұл менің жеке дүнием емес, қазақтың қанды тарихының бір парағы – халық қазынасы. Мен болсам тағдырдың қиюластыруымен, уақыттың үкімімен мойнымдағы тапсырманы адалдықпен орындаушы ғанамын. Халық өз қазынасына қосылған дүниенің түзейтін, күзейтін жерін көрсетіп жатса, оған неге қарсы боламын. Мен жазып отырған кейіпкерлердің өзі де – сондай әділеттіліктің құрбандары, елім-жерім деп еңіреп көз жұмған шаһидтер. Халық менің шығармам арқылы оларды таныса, ұрпағына рухын жалғап, батыр ұлдарын өзіне қайтарып алса, марқұмдардың да жаны жәннатта, рухы тыныш болар еді. Осы жағынан қарағанда, біз және оқырман бір ғана мүдде үшін жұмыс істейміз. Қаламгер әртүрлі болғанмен, тарих – біреу, әдебиет – біреу. Империялардың қанды бұғауына бас имей, Алтайдан Анадолыға жалғасып жатқан көш бойынан түркі тұтастығын, ұлт бостандығын, бабалардың ерлік рухын іздеген мақсатымыз – біреу. Ал тарихи романның осы мақсатты орындау жолындағы әдебиеттік «ен-таңбасын» бағалау – оқырманның еншісінде.

Кітап 2009 жылдың 19 желтоқсанында жазылып бітті. 2010 жылдың басында ішінара толықтырулар мен өзгертулер енгізіп, 30 наурызға дейін қайта бір қарап шықтым.

Аллаға тәубе, құлдық! Жаратушы жар болып, қаламым мұқалған жоқ.

Қалай болғанда да, бұл еңбек өзінің көркем шығармалығына қарамастан қазақ көшінің қанмен жазылған бір тарауы боп есептеледі.

Шығармамды жарнамалау үшін емес, оқырманмен ой бөлісіп, сырласу үшін «ішек-қарынымды» ақтарып отырмын.

Халқымнан аяйтын түгім жоқ деп білетін қалам иесінің «Қаралы көш» кітабының өмірге осылай келгенін айтқым келді.

Жәди Шәкенұлы

04. 04. 2010

Алматы

МАЗМҰНЫ

Бірінші тарау ҚЫРҒЫН	3
Екінші тарау ТАЙТАЛАС	51
Үшінші тарау СЕРГЕЛДЕҢ	145
Төртінші тарау ҚАНДЫ ЖОЛ	203
Бесінші тарау ЖАТ БОСАҒА	340
СӨЗ СОҢЫ	386
«ҚАРАЛЫ КӨШ» КІТАБЫ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ ..	394

Жәди ШӘКЕНҰЛЫ

ҚАРАЛЫ КӨШ

тарихи роман

«ТҰРАН» баспасының директоры Қазыбек Иса

Редакторы	Ибрагим Исаев
Көркемдеп, беттегендер	Армангүл Солтанмұратқызы Мадина Арғынова
Мұқабасын дайындаған	Дәулет Тынбай
Компьютерде терген	Жұпар Әнуарбекқызы
Корректорлары	Меруерт Ілиясова

Теруге 04.04.2010 берілді. Басуға 23.06.2010 қол қойылды.
Қалыбы 84x108 1/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman»
Есептік баспа табағы 25.5 Таралымы 2000 дана. Тапсырыс 895

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Жангелдин-Түрген көшесі, 30/26
«ҚазАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы
Тел.: (8-727) 397-41-62, 397-41-63
Эл. пошта: kaz_akparat@mail.ru